

МУХТАР ӘУЕЗОВ

894.342-3

Ә-82

18






ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»

1985

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

894.342-3

282

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ОН СЕГІЗІНШІ ТОМ



Зерттеулер, мақалалар

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»

1985

83.3 Каз + 83.3 Каз - 8 Абай

83.3 Каз
Ә 82

Редакциялық коллегия:

БАЗАРБАЕВ М., АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р.,
КАРАТАЕВ М., МҮСРЕПОВ Ф., НҮРПЕПІСОВ Ә.,
ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕРДІ ЖАЗЫП БАСПАҒА ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

ӘУЕЗОВА Л., МЫРЗАХМЕТОВ М., СЕРІКҚАЛИЕВ З.,
ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р., МҰХАМЕТҚАНОВ Н.

Жауапты шығарушы:


МЕКЕМГАС МЫРЗАХМЕТОВ

Әуезов Мұхтар.

- Ә 82 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы.— Т. 18. Зерттеулер, мақалалар. / Жауапты шығарушы М. Мырзахметов.—1985.—448 бет, 1 п. сурет, портр.— (Қазақ ССР Ғылым Академиясы М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты).

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының он сегізінші томына жазушының Абай туралы зерттеулері мен әр жылдары жазылған әдебиет пен көркемөнер жайындағы мақалалары еніп отыр.

Ә 4603010202—114
402(05)—85 1—85



© «Жазушы», 1985

ЗЕРТТЕУЛЕР

ОРЫС КЛАССИКТЕРІ МЕН АБАЙ

Батыс әдебиеті дегенде, алдымен айтатынымыз орыс әдебиеті. Өткен ғасырдағы қазақ ақындарының орыс әдебиетінен ары барып, француз, неміс, ағылшын, италия әдебиеті сияқтылармен танысқандары аз. Олардан шыққан ірі ақын, жазушымен қазақ ақындарының танысқандары болса, орыс әдебиеті арқылы танысты. Не орыс тіліне жасалған аудармаларын оқып, немесе солардың орыс ақындарына еткен әсерін орысша шығармалардан көріп қана танысты.

Сонымен қазақ әдебиетінің ауқымына мәдениетті батыстан келген әсерді алсақ, алдымен айрықша айтатынымыз орыс әдебиеті болды. Мәселе XIX ғасырдағы әсерлер жайында.

Өнерлі орыс ұлтының мәдениетін қазақтай бұратана отар елге таратып, орнатайын деген ниет-талап ол кездегі әкімшілік несі, үстем таптардың ойында да жоқ еді...

Ел өзінің ән-күйінде, үлкенді-кішілі жыр, әңгімесінде, айтыс-тартысында берік бағытын үнемі білдірумен келген. Қалың көпшіліктің осы бағыты, патшалық жағынан шыққан қараңғы, қаскөй саясаттарымен салыстырғанда барынша алға қарай ұмтылған, өнер-мәдениет іздеген, үлгілі тартыстың жолы еді...

Өнер-білім іздену, үлгілі елдің қалпына қарай талпыну — көптің мұраты еді. Замандағы құлдық пен қанаудың зардабынан сергу үшін, аз да болса соған қарсы құралдану үшін-ақ өнер-білімді ендігі жалғыз сүйеніш, арқа тірегі деп біліп еді.

Міне XIX ғасырдағы батыс әдебиетінің әсерін сөз

қылған уақытта, ең алдымен осындай жалпы қоғамдық, тарихи жайларды еске алу керек.

Әдебиеттегі белгілі дәуірлермен, сол дәуірдегі үстем сарындар, әрқашан сол қоғамның тұрмысындағы таптық-тарихы күй-жағдайдан туатыны даусыз. Олай болса XIX ғасырдағы батыс әдебиетінің біздің мәдениеттен көрінетін әсерлерді де осы жағдай тудырады. Қалың ел тұрмысының ендігі дамуы, ендігі бет алысы өзге өнер иесі болған елдің андысын аңдап, үлгісін тұтынуды талап етті.

Ел өрісінің осындай алға беттеген жол кезеңін сол елмен табысқан ақын, жазушы өзіне де жол, бағыт етеді. Біздің әдебиеттің XIX ғасырында осы аңғарға беттеген екі белгілі ақын бар. Олар — Абай мен Алтынсарин Ыбырай.

Олар — өз заманында прогресс жолында болып, көпке пайдалы еңбек еткен ақындар. XIX ғасырдың екінші жарымы, әсіресе мынау екі ақынның еңбек еткен жетпісінші, сексенінші жылдары және одан бергі жиырмамыншы ғасыр басына шейін созылған жылдар барлығы да, қазақ даласын саудалы базар, кеңселі қала баурап меңгере бастаған кездер еді.

Ресей көлемінде күш алып, қанатын жайып, өрлеп өсіп келе жатқан өндіріс капиталы ол кезде отар, базар іздеп жалақтайтын. Отар бір жағынан өндірістің шікі бұйымын арзан беруші қор, екінші жағынан сол өндіріс туындыларын қымбатқа алатын базар. Сондықтан ондай отарды жебей-жебей сауып, берерін де, бермесін де баса қимыл етіп, омыраулай беріп алатын күш керек еді. Сол күш орнына, өндіріс капиталы қазақ даласына, алдымен жалаңқия сауда капиталын агент қылып жұмсады. Екінші, сол өндірістің тап мақсатына үйлес келерлік тәртіп орнатып, өз дегенін бұлжытпай орындатып отыра алатын әкімшілік керек болды.

Мұндай әкімдер патшалық үкіметтің ел ішіндегі тірегі, көзі боларлық міндетті орындай, әлеумет майданына шықты. Ел ішінде әкім, сұлтан, төре, болыс, би дегендер көбейді.

Бұрын да титығы құрып келген ел енді жерден айрылып, малдан ажырап, алым-шығын, салық-қаржы, қымбат базар талауына бір ұшырады. Жұт, індет, пара-пәле сияқты кесірлерге тағы шырмалды.

Осындай күйлердің барлығының арты, көпшілік

қолының аса төмендеп, кедейленуіне себеп болады. Ашаршылық-жоқшылыққа қамалтады. Басқа түскен күйге наразылық үдемесе өшпейді. Бірақ бұрын әр кезде алысып көрсе де дегеніне жете алмаған ел енді жаңа шараларға ұмтылады. Онысы сол қала, сол базардың, сол өктемдік етіп тұрған әкімнің өз құралымен құралдану шарасы болады. Ашаршылықтан қала жағалау, батырақ болу, жұмысқа жалдану, кәсіп іздеу, өнер үйрену — барлығы да тұйыққа қамалған елдің жалғыз көздеген ниеті болады. Осы кезде мүмкіндік болса, қолынан келгенінше ел көпшілігі оқу-өнерді талап етеді. Бірақ кедей бұқараның қолына ол игілік тимеген.

Ел ішінің әкімдері сол елді сорлатушы, тыныштығынан айырушы бүлдіргіш әкім болады. Олар — әсіресе жемшіл-парақор, партияқор, зорлықшыл әкімдер, әрі жоғары ұлыққа жағынымпаз құлдар. Елдің өнерлі, мәдениетті болуын олар ойламақ түгіл, өздеріндегі қып елді де надан күйінде ұстауға тырысады. Қолына түспеген өнер-білім, елдің ансаған сусыны, жалғыз суаты есепті болады. Ел осы тілегін қиялында, көкірегінде сақтайды. Басына түскен хал менен жаңағыдай әкімшілікке ел наразы, жұрт күйзеу болып күңірене береді.

Сол күндегі әлеуметтік құрылыстың көпшілікті тұйыққа қамаған халіне наразы болушы ел жоқшылары көбейді. Ел ішінен шыққан ақыны, өнерпазының қайысы болса да, көргенде, сөз қылғанда ең алдымен ел көзіндегі жасты сөз қылады. Топас билік пен қара күшке сүйенген қанаушылыққа наразы болушы жалғыз елдің өзі, яки елдің өз жоқшылары ғана емес. Сол билеуші таптың өз ішінен шыққан бірен-саран білімді, либерал ағартушылар да пайда болады. Бұлар елді билеу жолы жаңа үлгіде, жаңа мазмұнда болу керек деген ұранмен сөз бастайды. Алғашқы бағыты сол болғандықтан бұрынғы әкімдердің, әкімшіліктің барлық лас-былық белгілерін аямай шенеп, мінеп сөйлейді. Осымен әкімшілік, шаруашылық, жалпы қоғамдық жайларға өзгеріс кіргіземіз деп талпынады.

Көпшілік бұқара күйіне де өзгеріс кірсін, ол кәсіп үйренсін, оқу-білім білсін, көпшілік сауатты, саңылаулы болсын деп, ұран тастайды. Осы тілекпен шыққан ағартушылар, халықтың сол кездегі жоғарыда айтылған мұң-мұқтажын ауызға алушы адамдар болып шығады. Бұлар — елді дұрыс меңгеру жағын үгіттеушілер. Тарих-

тың жаңа жағдайына үйлескен басшылықты көксейтін кәсіпке, білім-қаракетке үгіттеумен бірге өздеріне өнер табады.

Міне, өткен ғасырда, сондайлық үлгі-өнеге, оқу-білімге ден қойып, көпті артынан ертпек болған, алғаш оянған, мәдениетті ақындар Абай мен Алтынсарин болады. Бұлардың әрі өздері кәдірлеп, әрі жұртшылығына да нұсқаған қыбласы Европа мәдениеті — орыс халқының мәдениеті болады.

Әдебиет майданын алғанда, екеуі де орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиетінің мектебінен өткен, содан үлкен үлгі, ұстаздық көрген кісілер. Бұлар көрген әдебиет мектебінің басы Крылов, Пушкин, Лермонтовтардан басталса, бергі жағы Белинский болып және 60-жылдардағы халықшыл-бұқарашыл, сыншыл жазушылар Чернышевский, Добролюбов, Писарев, Некрасов, Салтыков-Щедриндер боп кетеді.

Бұл мектептен олардың нық ұстап шығатын үлгі, түсінігі ақындық, халыққа қызмет етудің үлкен жолы деген ұғым болады. Ақын шығармалары қоғамның тәрбиесіне, өсіп дамуына, дүние тануына жәрдем ететін еңбек деп таниды. Орыс әдебиетінің жаңағы ұлы қайраткерлері өз шығармалары арқылы тұс-тұсындағы зұлымдық, қараңғылық күштермен алысып өткенін көреді. Пушкин, Белинский, Чернышевский, Некрасов, Салтыковтардың сол замандағы жауыз тәртіпке қарсы алысқан қандай құралдарды қолданғанын көріп, біледі. Патшалық реакцияның үлкенді-кішілі таянышы — агенттері боп отырған ақсүйек ұлықтар, төре-чиновниктер, алпауыт қанаушылардың қоғамға залалды озбырлық өктемдігін, надандық, зұлымдығың сол ақын, жазушылардың қалайша сынап, жерлеп сөйлегенін көреді.

Олар жырлаған қоғам уайымы; қоғам күйін көре тұра өз бастарының шерлену, немесе қоғам дұшпандарын әлсірету үшін соларды сұмпайы-жауыз пішінде көрсету әдісі, не болмаса ел қанын сорып жүрген паразиттерді ащы қалжың, өткір мысқыл, мағыналы күлкімен ажуалау әдісі — барлығы да біздің жаңағы ақындарға үлгі, өнеге боп танылады. Сол әдіс өрнектерді өздері де (әсіресе Абай) барынша кең түрде, мол үлгіде қолдачуға кіріседі.

Абай шығармасында әлеуметшілдік сарынның жаңа ағымын, туып-өсуін ең алдымен әзірлеген жағдай — сол

кездегі көпшілік қоғам тұрмысының өз қалпы болады. Сол өз ортасының не күйі бар, неге мұқтаж екенін көппен бірге сезіп мұң еткен ақын, енді сондайлық әлеуметтік мазмұн сарынды сыртқа шығаратын жол, үлгі, өнеге іздейді. Осылайша іздену жолында жүргенде, өз қауымындай қоғамдардың ортасынан шығып елге сапалы еңбек етіп өткен ағартушы, мәдениетті, либерал, бұқарашыл ақындардың ізін, жолын көреді. Сонымен Пушкин, Лермонтов, Салтыковтың мектебіне үніледі. Өзгерек жағдайда, өзгеше құлдық, надандық, зұлымдық қорлығында жатқан өз жұртшылығына, аналардың сарынымен бұдан өзгеше өнегелі еңбек етпекке талпынады.

Міне, Абайды Европа мектебімен, орыс әдебиетінің классик дәуірлерімен жанастырып, қабыстыратын өткел осындай қоғамдық, тарихи өткелдер болады. Мазмұн сарыны, ішкі бағыт нәрі ел тұрмысының қоғам күйінің өзіндік, анайы топырағынан шыққан сарын нәрлер болады. Соны жарыққа шығаратын түр-үлгіні ғана орыс халқының асыл қазынасынан алады.

Орыс классиктерімен Абайдың жалғасы әр алуан. Батыс Европа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол ең әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Өзінің білім алып, дүние тануына солардың шығармаларын азық етеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Европаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Ол кездегі білім өнерлердің мол қорда, үлкен бесігі Батыс Европа екенін аңғарып, сол жақтың ақындары ғана емес, неше алуан философ, білімпаздарын да зерттейді. «Европаның есею тарихы», «Ескі шығыс мәдениетінің тарихы» сияқтыларды да сол Батыс Европа ғалымдары арқылы оқып біледі. Европа философиясын зерттеу ретінде Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Беріде Дарвинге де қызығады. Қпыр Шығыс тарихынан Буданың жайын да біледі.

Кейін кітапқа салынып уақиғалы шығармалар іздегенде, Батыс Европада орта ғасырда болған дін соты — инквизиция сотының зұлымдықтарын көрсететін романдарды көп тексереді. Европада әкімшілік құрған патша, король нәсілдерінің сарай тартысын білмек боп, Александр Дюма романдарын көп оқиды. Кейін — «Үш мушкетер», «Он жылдан соң», «Қороль қатын Марго» деген романдар Абайдың ауызша айтуы бойынша көп елге

жайылып, ертек боп кетеді. Осы ретте инквизиция заманының бір романы — «Қызыл сақал» да ертек боп кеткен.

Осылар сияқты тағы бір қызығып оқитын әңгімелері Африка, Америка, Австралияда, немесе басқа бір жабайылар аралында тіршілік еткен білімділер, жандар жайлы болатын. Мұндай әңгімелерде сол жергілікті жабайы деген елдерден шыққан ерлер, намысқорлар, дана адамдардың жайын сүйсіне оқитын болады. Абайдың өз мәжілісінде болып, өз әңгімелерін көп естіген кісілердің ішінде Америка мен Африканың зәңгілері (қара түсті адамның барлығын — Абай зәңгі деген бір атпен атайтын) жайындағы сөздерді естімегені жоқ деуге болады. Неше алуан күшті, қызық романдарды сол жайынан айтатын болған. Осындай Абай айтқан әңгімелердің бірі — «Медғат Қасым». Бұл Африкада Ніл дариясы бойындағы бір Қасым деген құлдың плантатор байдан кек алуын баян ететін әңгіме. Осыны Абайдың маслихаты бойынша қара сөзден әңгімелі өлең етіп шығарған Абайдың өз баласы Мағауния болады. Зәңгілер жайындағы Абай айтқан екінші қызық әңгіме «Зұлыс» болғандықтан, оны Ақылбай деген баласы өлең қып таратады. Ұсақ елдердің өз теңдік, бостандығы үшін алысқан қайратына мысал етіп патшалықпен алысқан Қавказдағы «Шамиль өмірін» де Мағаунияға өлең еткізеді¹.

Африкадағы ақ жұрт пен зәңгілердің алыс-тартысын көрсететін «Валентин Луви», «Аза жүрек», «Ягуар Медуленец» деген әңгімелер де Абайдың ертегі қып таратқан әңгімелері еді. Өз ортасына, шығыс ескілігінен қалған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Қырықтоты», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы сұлтан» сияқтыларды паш етіп таратумен бірге, жаңағыдай, Европа жазушыларының да көп-көп әңгіме, дастандарын жая жүрген болатын.

Бұл айтылғандардың барлығы Абайдың дәл өзінен қалған ақындық шығармаларға із қалдырмаса да, жалпы Абай меншіктенген қор, іргенің қандай болғандығын көрсетеді.

¹ Бұл — Мағауниядан қалған қызықты күшті поэманың бірі екен, бірақ қолжазба жайынан тасқа түсе алмай ерте кезде жоғалып кеткен.

Осылайша оқып тану ретінде Абай Қрыловтан бастап өз уақытына шейінгі орыс жазушы-ақындарының, сыншы-тарихшыларының — барлығының да еңбегімен танысқан.

Сексенінші жылдардың ішінде жазған «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде Абай жана даңктанып келе жатқан Толстойды текке атамайды. Арғы классиктер ғана емес, өз тұсында енді-енді дамып келе жатқан жазушыларды да оқып біліп жүргендігін сездіреді. Мінеки, Абайдың орыс әдебиеті арқылы барлап көрген өрістері осындай. Бұл — оқып біліп, танысып өткен мәдениетінің көлемі. Ал, осылардың ішінен енді Абайдың тесіле қарап, үніле бойлап, өзіне жоғарыда айтқандай, жақмы тұтқан сыбайлас білген ақын-жазушылар бар. Олары, әсіресе Лермонтов, Қрылов, Пушкин, Салтыков-тар болды. Бұларға да Абайдың ұштасып қатынасуы біркелкі емес, әр түрлі.

Абайдың көп көңіл бөліп, тырысып аударуларына қарағанда, ол Қрылов мысалдарын зор бағалаған. Бірақ сонымен қатар өзі дәл бұл үлгі, бұл жанрдың ақыны емес. Ол жалтартып, сипай қамшылап айту емес, Лермонтовша көзге шұқып, басқа ұра айтуды сүйетін ақын. Сондықтан мысалдар түрін бағалағанмен, оны көпке ұғымды, өтімді бір алуан көркем түр деп таныса да, өзіне үлгі етіп баурап алмайды.

Қрыловтың мысалдарын осылайша аударып, қоғамдық мін, кемшіліктерді тұспалмен ғана шенеп, ажуалап тоқтаған. Абай Пушкинге келгенде былайша жадағай күйді қанағат қылмайды. Пушкин мен Абай арасының жалғасы — мол салалы, тамыр-түбірлі болады.

Орыс классиктерінің ішінде Абайға үлгі беріп, үлкен ұстаздық еткен ақынның ең үлкені — Пушкин. Бірақ осы жайды сыртқы белгіден, аудармадан ғана іздеу керек емес. Оны зерттеп, үніле қарап барып қана түсінуге болады.

Мәселенің бұл жағын кейінге шегере тұрып, біз әуелі Абайдың Пушкиннің өзінен аударған — «Татьяна, Онегин хаттарына» келейік.

Абай бұл тұста Пушкиннің құр ғана аударушысы болмаған. «Евгений Онегин» сияқты өлеңмен жазылған романның барлығын аудармай, Абай өзіне таңдамалы, түйінді деген жерлерін ғана алады.

Пушкиннің үлкен шығармасын Абай өз тұсындағы

қазақ оқушысына өз елегінен өткізіп, өзінше қорытынды жасап, өзі ойлаған түрдегі бір үлгі етіп ұсынбақ болады.

Абай аударған «Евгений Онегин» — ол шығарманың өзі емес, Абайға керекті болған тұқылы ғана болып шығады. Бұның себебі Абайдың бұл шығармаға өзінше бір өзгеше мақсатпен келуінен туған. Татьяна мен Онегин арасындағы жай-күйді де аяқ кезінде өзгертіп жібереді. Татьянадан күдер үздіргеннен кейін Онегинді Пушкин мысқыл етіп қалдырса, Абай оны Пушкиннің бұл герой туралы ешбір мақсат қылмаған сөз, мінездерін береді. Онегінге «жарым, жақсы киім киіп» деген сөзді айтқызып барып өзін-өзі өлтіретін халге соқтырады. Абайша, Онегин мінезіндей мінезбен істің арты өлім болуға лайық.

Мінеки, кең көлемді романның сүйіспеншілік жыры ғана болып тарауы, екінші, ол сүйіспеншіліктің арты Пушкиннен өзгеше боп осылайша бітуі қалай?

Осымен қатар Татьяна, Онегин хатының өздерін аударуда да Абай не Крыловты, не Лермонтовты аударғандары сияқты дәлшілдік әдеттерін қолданбайды. Оның Онегині де, Татьянасы да Пушкиннің өзі айтқызып сөздерді оқта-текте ғана айтады. Бұлардың ой-сезімі де Абайша кейде қазақ жастарының айтуынша шығады. Пушкин өлеңінің сыртқы әр алуан түрлерінен, әр түрлі өлшеу ырғағынан Абай екі-ақ түрлі тұрақты белгі қып ұстайды. Оның бірі, өлең жолын жыр сияқты етіп 8 буынан құрау. Екіншісі, Пушкиннің өзінде өзге ұйқастармен қатар, көбірек кездесетін шалыс ұйқасты алу. Одан басқа жақтарында Абай өз бетімен еркіндеп, Пушкиннен ойқастап кетіп те отырады.

Осылай боп, Пушкин шығармасына өзінше қошқар мүйіздер салудың негізгі себебі — «Евгений Онегин» романына Абайдың жоғарыда айтылғандай өзгеше бір мақсатпен келгендігімен туып отыр. Бұл әңгімені сүйіспеншілік жыры етіп қазақ жасына ұсынғанда, Абай өз ойымен ұстаздық мақсатын көздейді.

Жар дегенде, әйел — дос дегенді бағалай алмай, қалың малдың сомасымен өлшейтін көңілі соқыр, ойы кең ортаға, мырза мен бек ортасына, Абай әйелдің сезімін терең толғауың Татьянаның нәзік, шебер тілі арқылы айтып жеткізбек болады. Оған Татьяна сол үшін керек. Опасыз, асқақ және өзі опық жегіш жігіт Онегин де соған ұқсаған мақсатпен керек болады.

Нәтижедегі қорытындысы осылардың мысалы арқылы өз ортасынан ой шығару, үлгі мысал көрсетіп үгіт айту. Әйелде «сендей адам, сендей орамды тілі өткір нәзік сезімі бар тең жаралған, тең праволы досың» демек, сол қасиетін бағалай, кәдірлей білсең, әйел досың қасыңда, бағалай білмесең жатыңда, деген қортындыны жасамақ. Мұндай ниетпен қарағанда, әрине Онегиннің уайым жемей, жаза шекпей кете баруы жол емес. Сондықтан Абай оның қолына пистолет ұсынып, өкімін айтады. Әбзелі өлім деген қортынды жасатпақ болады.

Міне, Пушкин мұрасынан Абайдың қолма-қол қатынасқан уақытта қалған бір бұйымы осындай.

Сонымен қатар ескерте кететін бір мәселе, Абай аудармасының жанағыдай ұшқарырақ боп шығуын, Абайдың Пушкинді шала түсінгендігінен, Пушкин шығармасына үстірт, селқос қарағандығынан деп тануға болмайды.

Жалпы өлеңдік жағынан, тіл кестесінің шеберлік, сезімшілдік, терең толғаулылық жағынан қарағанда, Онегин — Татьяна хаттары Абайда осал шыққан өлеңдер емес. Ол Абайдың бұл жырларды күшті ынтамен нықтап зер салып, тырыса жазғанын көрсетеді.

Және өзгеден бұрын, басқа ешбір аудармасына ән шығармаса да, дәл Татьяна — Онегин хаттарына арнап, әдейілеген әндер шығаруы, соны халық ортасына өзі таратып, паш (әуез) етуі Абайдың Пушкин атына және мына шығармаға аса зор баға беретіндігін көрсетеді.

Аударма жайлы сондай болса, енді Абайдың өз шығармаларынан байқалатын Пушкин әсері қандай?

Қорытылып, өзгеріп Абайдың туынды өз өнері боп шыққан шығармаларынан Пушкиннің қандайлық үлгі, өрнектерін байқауға болады?

Әрине, бұл арада Пушкиннің анау өлеңінен, Абайдың мынадай өлеңі туып, пайда боп тұр деп кесіп айтуға болмайды.

Бірақ сонда да кейде, тақырып бірлігі аз болса да, немесе тіпті Пушкинде жоқ кей тақырыпты алса да, сол жайларды дәл Пушкинше жалпы мәдениетті, үлкен сорапты ақынша шолып кететін кездері бар. Сондай кездерде Пушкинмен жанасып қап отыратыны болады. Ендігі қарастыратынымыз осындай шығармалары.

Бұл ретте тақырыбы ұқсас елдердің ішінен Абайдың ақынға арнаған өлеңін алдымен аламыз.

Адамның кейбір кездері —
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса,—

деп бастайды Абай.

Пока не требует поэта
К священной жертве Аполлон,
В заботах суетного света
Он малодушно погружен,—

деп шертеді Пушкин.

Осы екі өлеңнің не сөз, не тенеулерінде біріне-бірі ұқсас тұрған дәнене де жоқ. Ал тақырып, мазмұнын алсақ, олары ұқсайды, тіпті бір жерден шығады.

Екі ақынның өлеңі де «ақын мен ақындық шабыты» — (вдохновение) дегенге арналады.

Екі өлең де әуелі шабытсыз күйде жабайы көптің бірі боп, өмірін де, өзін де кір басқан адамды алады. Содан кейін осы адамның шабыты келіп, ақын боп толғанған уақытында қандайлық шарықтап, шарқұрып кететіндігін айтады.

Ақындық шабыттың өзін де, екі ақын жоғарыдан келген сый есепті түсінеді. Абай — «Тәңірінің берген өнері» деп өз ұғымына апарса, Пушкин — «Аполлон» деп, ескі грек тілінің поэзия, өнер құдайы — «Аполлонға» апарып тірейді.

Қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын ақын дегенді немесе ақындық дегенді жекеше тақырып етіп өлең жазған кісі жоқ.

Оның үстіне ақындық еңбегін мынадай мәдениетті түрде түсініп, басқаша білімді жұртша бағалайтын ақынның өзі де болған емес. Ақын сөзі ақын маңайындағы зұлымдық, жаманшылықпен алысушы, дұрыстықты үгіттеуші, жоқтаушы сөз деген терең идея, терең түсінік қазақ әдебиетінде тек Абайдан ғана басталады. Мұның түбі орыс классиктері айтқан: ақын еңбегі қоғамға пайдалы, қоғамды түзеп, бастаушы еңбек, — деген ұғымнан туады. Бұл өлеңді Абайдың қазақтың өлең түрімен жазбай, Пушкиннің шалыс ұйқасымен жазуында да мән бар. Мінеки, орыс классигі Пушкиннің мәдениетті ақын бола тұрып сөйлеген ұғым, наным, түсінік бағытының Абайға терең тамыр арқылы жасаған бір қатынасы осындай. Осы сияқты өлең Абайды да бұрынғы қазақы ақыннан

жоғары шарықтатып, әрі шалымды етіп, жаңа үлгі, жаңа сөз сырының ақыны етеді.

Осы сияқты тақырыбы ұқсас өлеңдердің алуаны Абайдағы жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдер. Әрине, бұл өлеңдер жаңағы сияқты Пушкиннің пәлендей өлеңімен қабыса кетеді деп айтуға болмайды. Қазақтың мал баққан шаруасын, көшпелі ауылын, өзгеше қоғамдық құрылысын көрсететін нағыз қолтумадай қазақша өлеңдерін Пушкинге апарып жанастырамыз деу зорлық қой, теріс қой деушілер де болады.

Бірақ шұғылдық жасамай, кеңінен терең ойлап көрейік. Осылайша қарағанда, Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінде жыл мезгілін айрықша тақырып қып алу тағы да жоқ болатын. Европа машығын алсақ, осы тақырыпқа арналған өлеңдер балалар оқитын мектеп хрестоматиясының барлығында болады. Орыс әдебиетінің көлемінде «қысқа», «күзге» арналған өлеңдер ең алдымен Пушкиндікі болатын.

Бірақ Абайдың «қысына» көз салып қарасақ, орыс ақындарының қысты суреттейтін теңеулері жоқ па?

Ең алдымен: «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» деп басталатын қыс Пушкиннің өзі де орыс елінің ескі фольклорынан келе жатқан, кейін Некрасов сипаттаған емес пе? Абайдың бұрын жұты қалың шаруа соры — ақ боран, алты ай қысты жалпы айтпаса, оны осындай шал пішінімен алғанымен сол шалды қазақ оқушысына таптырады. Ұғымды қып, өз тәні қып қорытып әкеп ұсынады: «Аяз бабай» мұның сипаттауынан «кәрі құдан» боп өз аулының кісісі болып кетеді.

Ол қорадағы арық-тұраққа, отардағы жылқыға құрығын сала келген ескі таныс, баяғы сары сүйек «құдан» боп, қазақ ұғымына ауыл үй қона қалады.

Бұл арадан Адайдың европалық үлгі-өрнекті өзінше біржолата өзгертіп, қайта тудырып, тіпті шеттен келгендігін білдірмейтіндей қып жаңадан беретіндігін көреміз.

Сонымен қатар жылдың төрт мезгілін сипаттауға әуелі табиғат көріністерін айтып, содан шаруаны айтып, содан жеке қоғамдық қатынастан белгі беріп және өзінің сол көріністерден алған ақындық сезім әсерін айтып жырлау, қалай айтсақ та мәдениетті поэзияның өзі екенін айқын танытады. Әрине «көктем», «жаз», «күз» жайындағы Абай өлеңдерін оқып отырғанда, қазақ оқушы-

сы нағыз көшпелі, бақташы қазақ аулының сурет белгілерінен басқа ешбір көлденеңнен келген бөгде бұйымды көрмейді.

Абай ол суреттерде таза қазақ аулының нағыз өз суреттерін ғана алады. Бірақ сонымен қатар осы мезгіл, көріністерді, осылайша көріп, осылайша сезіп, осындай үлгіде жырлап отырған ақынды, айрықша бір мәдениет, өзгеше бір үлгі өрнегі бар ақын емес деп кім айта алады.

Мәселе сыртқы сөз бен фактыларында емес. Шығармаларының ішкі күйінде. Ақынның дүниені қалайша, кімше көріп, кімше сезінуде. Сондай ақынның дүниетану (мироощущение) жағынан алсақ бұл өлеңдерде де Абайдың Пушкиндей орыс классиктерімен астас, өрістес келуін байқаймыз.

Тағы да айтатынымыз, бұл еліктеу емес, оған ешбір жағынан ұқсамайды. Құр еліктеу десек, еш нәрсе түсінбеген болар едік.

Абайдың терең толғаулы, дапа ақын екендігі сол Пушкиндей классиктер үлгісін сырт жағынан ғана алмай, біржолата өз тамыр топырағынан өскен, өзіндік мәдениетті үлгі өрнек есебінде бере білуінде.

Осы айтылған мысалдар сияқты жалпы үлгі өрнекті, басқа шығармалар турасында да Абайдың мықтап меңгеріп алғанын көреміз.

Бұның бір айқын белгілері Абайдың ғашықтық жайын жырлаған өлеңдерінен байқалады.

Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы — қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі — шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі — Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі өрнектері.

Осы үш сала Абайдың ғашықтық жайын айтқан жырларында ап-айқын көрінеді. Сондай — «Айттым сәлем, қалам қас», «Қиыстырып мақтайсыз», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» сияқты өлеңдері қазақ әдебиетінің бұрынғы үлгісінде жазылған жырлар. Ал «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдері тіл тенеу жағынан да, махаббат дегенді сезініп, ұғыну жағынан да, шығыс ақындарының үлгі сарынымен жазылған шығармалар.

Ғашықтық жырларының енді бір тобы — «Ауылдың

жаны терең сай», «Қызарып, сұрланып», «Білектей арқасында өрген бұрым» сияқтылар.

Дәл осы соңғы топтың тұсында Абай тағы да қазақы ақынша жырламай, өзгеше бір мәдениетті ақын үлгісімен жырлайды.

«Ауылдың жаны терең сайда» Абай түнгі ауылды, іті үріп, күзетшісі айтақтап, қотанында қойы жусап, ұйқыға бой ұрып тұрған қазақ аулын алады. Сол ауыл жанында жапырақты ағаш көлеңкесінің астынан екі жас табысады.

Сырт қарағанда бұл өлеңнің де қазақтан таза өз тумасы болмасқа шарасы жоқ. Бірақ «Айтым сәлем, қалам қас» қандай, бұл қандай? Аңада құда мен құданың танысуды іздеген сәлем хаты, құмарлықтың тілек хаты көрінсе, мынада ол құмарлық көріністерінің дәл өзі айтылмай қалады. Оған тұспал беріліп емеурін ғана жасалып, дәл құмарлықтың өз қалаттарын көрсетудің орнына көп нокаттар ғана қойылып кетеді. Екінші, бұл жырда махаббат, табиғат көркіне бөлініп суреттеледі.

Ауыл мен түн, жұлдыз бен жапырақ — барлығы да сол махаббатқа бесік, жөргек есепті ғана болып алынады.

Мінеки, бұрынғы машық бойынша ашық тілекті жалаңаш түрде айтып, оның нәтижесін натуралдық үлгіде айтудың орнына, енді махаббаттың дәл өз сағаты айтылмай, соны қоршап, саясына алып бөлеп тұрған табиғат көркі ғана айтылады да, арғы жайды оқушы өзі ұға берсін деп түйіп тастап кетеді. Бұл — ар жағы батыстан, бер жағы Пушкиннен (Онегин мен Татьянаның махаббат жайын сөйлесерде бақта кездескенін еске алыңыз) нәзік тұспалмен, ымбамен айтатын ғашықтық минуттарын суреттеудің бір үлгісі еді. Қоркем, сыршыл және нәзік тереңдігі бар, мәдениетті түрдегі жырлардың үлгісі еді. Абай қазақ жағдайы, қазақ табиғатының ортасына осындай сыпайы, нәзік, мәдениетті түрде жырланған махаббат көрінісін әкеп суреттейді. «Қызарып сұрланыпта» осындай аса сезімді майда жүректің терең түпкіріндегі құбылыс толқындарды, әлдеқандай бір лүпіл қаққан ырғақпен паш етеді.

Бұл сияқты шығармаларының тұсында да Абай, я Пушкин, я басқа бір орыс ақынының пәлендей бір өлең шығармаларынан қолма-қол бұйым белгі алған жоқ. Пәлендей орысша өлеңнің пәлендей жерінде мынау жа-

насып тұр деп ешкім айта алмайды. Бірақ сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, жалпы мәдениетті ақын болу түрінде Абайдың Пушкиндерден бұл тұста да үлгі, өрнек алып, соны өзінше жаңғыртып, өзгеше жағдайға жұмсап, өз тәні етіп шығарғандығы және соны өз оқушысына ұғымды, қонымды етіп шығара бергендігі даусыз.

Бұл мысалда ақындық жолындағы Абай мәдениетінің ірі, жоғары мәдениеті екенін дәлелдейді.

Осы айтылғандармен қатар Абайдың Пушкин үлгісін алғандағы бір ерекше белгісі, өз ұлтының көлемінен асып, сыртқы өзге елдер жайында сөз қозғауы, Пушкиндегі неше алуан елдер, ғасыр, тарихтар жайынан әңгімелі жырлар жазатын әдет Абайдың дәл өз басында көп болмағанмен бұл да жалғыз қазақ ауқымында қалмай, сол Пушкинше масштаб, өріс іздемейді. Пушкин жазған Кавказ, Қырым, Цыган, Испан сияқты жұрттың әңгіме, саналарын Абай өзі көп жаза қоймаса да, өзінің шәкірті болған ақын жастарға неше алуан әңгімелерді айта отырып, өлең еткізіп халыққа жаяды. «Дағыстан», «Зұлыс», «Шампль», «Медғат — Қасым» сияқтылар сол Абай іздеп тапқан масштабтың қазақ әдебиетіндегі жаңа мәдениетті өрістің белгілері еді.

Бұның ақындық жүзіндегі мысалдарын Абай ең алдымен өзі көрсетеді.

Бүкіл батыс, шығыс тарихтары бірдей әңгіме еткен «Ескендір» жайынан әңгімелі өлең жазады. Онан соң тағы да батыс, шығыс бірдей сөз қылған «бақ» пен «ерлік» деген тақырыпқа арнап «Масғұт» әңгімесін өлеңмен жазады. Кейін шыққан сөздерінде, «орыс, ноғай, қазақ, өзбек» жайында, осы айтылған ұлттардың барлығына әділ, тең сыншы боп қарауға тырысады. Қазақтың басшы тобында көп орын алған ұлт араздығы, ұлт өзімшілдігі деген сияқты ескі надандық нанымдарына шабуыл жасай сөйлейді.

Және бүкіл дүние елдерінің мәдениеті тарихын жалпы даму жолдарын алғанда «өзім шығыс елі едім, қала берсе мұсылман едім» деп ислам діні дәріптеген адамдардың шашпауын көтермейді.

Мәдениетті адам баласының жалпы тарихы бағаланған Сократ, Аристотель, Пушкин, Салтыков, Толстойларды алдымен аузына алады. Тар көлемді қазақшылықтан да, діншіл мұсылманшылықтан да атын аулақ арқандайды. Мұнысы да европаланған мәдениетті болған Абай-

дың үлгі-өрнегі. Нәр мен өрісті білімі бар батыстан іздегендігін көрсетеді.

Бұл тұста Абайдың жоғарыда айылғандай халық талабын терең ұғынып, көпшілік тілегінің бетімен тура көшкен ағартушы жаңашыл ақын екенін байқаймыз.

Осы сияқты бағыт, беталысының бір таянышы — орыс классигі Пушкиндей кең өріс, терең толғаулы дана жазушылардың үлгісіне бой ұруда жатыр. Солар заманы мен қоғамына қалай еңбек етіп, қалай ұстаздық көрсетсе, мен де ізденіп жол тауып, соларша еңбек етем деген талабында жатыр.

Бұл жағынан қарағанда Пушкиндер көп ауызға ала беретін ескі антик, ескі классик тарихы мен әдебиетіне Абайдың да оқта-текте соғып отыруы түсінікті мәселе.

Міне, Пушкин бастаған классик әдебиетінен сол Пушкиннің өзі мен өзгелер арқылы Абай алған жалпы эсер осылай болса, енді орыс әдебиетінің кейбір ағынына Абай тағы да қоян-қолтық байланыс жасайды. Ол — әсіресе Лермонтов.

Енді Абайдың сол Лермонтовпен жанасқан жайларын тексереміз.

Орыс классиктерінің ішінде Лермонтов Абайдың қатты сүйген ақынының бірі. Абайдың өз айтуынша, Лермонтов — «ерекіше ызаның ақыны», «махаббаты ашумен уланған» ақын. Ашуы — қоғам құрылысына наразылықтан, қоғам дертіне күйінгендіктен туған. Ол сол ашумен отырып, қоғамдық мін-мерезді жерлейді. Адамды ішкі ойына үңілтеді. Саналы адам, ойлы адам болуға баулиды. Осындайымен оқушыға ой түсіріп, толғап, ұялтпақ болады. Бұл ақын — өткір сөздің адамы. Бірақ кей кездерде сол сезімі мұңды наразылықпен түңілуге, жүдеулікке бейімдеген адам.

Саналы ой, ызаланған сезіммен қоғам дерті үшін қатты күңіреніп, қатты түңілген ақын.

Міне, осындай күйді Абай өз ішінен, өз басынан да көп табады. «Жұрт» мінезі (жұрт дегенде, Абай көбінесе атқамінер, партия басы топтарын еске алып сөйлейді), дос қылығы, ел уайымы, көңіл шері, бас мұңы, табиғат көркі сияқтының барлығы да Абайдан жаңағы Лермонтов сарынына ұқсаған жырлар туғызады.

Рас, бұл процесті Абай бірден бастамайды. Лермонтов үлгісімен қоғам уайымын, көңіл шерін, бас мұңын айта бастаудан бұрын Абайдың ақындық еңбегі екі

тарау жолдан өтіп келеді. Мұның біріншісі және ең зоры — Абайдың өз өрісінің даму жолы. Қоғамшыл, ұстаз ақын Абай өз айналасындағы қараңғылық, құнсыздықпен алысуда көп күңіреніп, көп шерленіп қажын келген болатын, бұл бір тарау. Екінші бір тарау — Абайдың Лермонтовты көп аударған еңбегінің тарауы.

Қазақ оқушысы Абай арқылы Лермонтовтың талай ірі, терең сырлы, көркем жырларымен танысты. Оның ішінде — «Қарасам кайғыртар жұрт», «Жалау», «Жартаc», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Босқа әуре боп», «Жолға шықтым» сияқты талай-талай терең сезім, үлкен көрік, ірі толғаудың жырлары бар Лермонтов арқылы Гетенің — «Қараңғы түнде тау қалғып» дегені, Байронның «Альбомға» дегені сияқты батыс ақындарының сезім, сарындары қоса аударылған жерлері де бар.

Абайдың осы Лермонтовтан аударған өлеңдері қазақ әдебиетінде, әлі күнге ешбір аударушының жете алмаған биік тұрғысында тұр. Қазақтың әдебиеті тілі пісіп толмаған кезінде майданға шығып, орыс әдебиетінің ең шебер нұсқасы Лермонтов жырын, өз күшіндей, өз толғауындай етіп жеткізу Абайдың ерекше шеберлігі үшін үлкен дәлел. Бұл аудармаларының тұсында Абай «Евгений Онегиндегі» машығын қолданбайды. Мүмкін болғанша Лермонтовтың жолдарын өз қалпында өз сөзімен, мағына толқынымен толық жеткізуге тырысады.

Сондай тырысу мен шеберлік арқасында қазақ оқушысы Лермонтов жырларының құрыш күшін де, бусанған тынысын да, күй сазын да толық сезінеді.

Кейде ырғақ, кейде ұйқас, кейде теңеу салыстыру дәл Лермонтовтың өзінше болмағанмен әрбір жолдың сезім күйін (настроениесін), лебі мен емеурінін асыл нұсқаның дәл өзіндей танытып отырады.

Осы Лермонтовтан жасалған Абай аудармасы арқылы қазақ өлеңіне бір ерекше жаңа, ерекше құрыш күшті, терең сырлы үлкен ағым кеп араласқандай болады. Лермонтов кішіреймей, әлсіремей, өзінің барлық ірі тұлғасымен тұтас ауысқандай болады. Бұдан қазаққа ұғымды етем, жеңілдетіп берем деп қазақы тон, тымақты кигізген жер жоқ. Орыс әдебиетінің мәдениеті, үлкен сыйлы ірі классигі өзінің барлық үлгілі, өрнекті сипатымен қазақшыланады.

Абай осы аудармалар арқылы өз оқушысын поэзия мәдениеті күшті болған үлкен мұрамен таныстырып,

жанастырады. Адам баласының жалпы қоры дерлік үлкен қазынаға жетектеп әкеледі.

Осындай етіп аударған Лермонтовтан, бертін келгенде, Абай өз шығармалары үшін де үлгі-өрнек алады. Өзінің мәдениетті, оқымысты ақын боп жырлаған сөздерінде жаңа сарынмен саз табады. Сонысының терең тамырлары Лермонтов лирикасымен туысып отыратыны бар.

Көленке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса,
Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуакка,—

деген сөздерді алсақ, табиғатты осылайша сезіну қазақы үлгі ме, европалық үлгі ме? Бұл арасын айыру қиын емес, әрине, стихия мен адам көңілінің шарпысуын көп жыр ету — Европа романтизмінің үлгісі. Оның ішінде, мұңды көңіл несі, жүдеу қабағы бар ақын Лермонтовқа да ұқсастығы бар боп шығады. Абай жырларының ішінде осындай көңіл шерін, бас мұңын шаққан сөздер, әсіресе өлім күйін айтатын — «Өлсем орным қара жер», «Жалғыздың дертін қозғайтын», «Алыстан сермеп» және өз басынан кешкен жеке бір фактыны сөз қылатын — «Сұм дүние тонап жатыр», немесе адамның адамдық қасиеті туралы айтқан толғауы «Өлсе өлер табиғат» сияқтының барлығынан да Абайдың европалық мектебі көрініп тұрады. Сонда табиғат лирикасы, көңіл лирикасы, қоғамдық мұңды күй, жалғыздық сарын сияқты жырларының көптен-көбі Лермонтов лирикасымен жақын түсіп отырады.

Тағы бір топ өленде Пушкин мен Лермонтов екеуінің де ізі білінетіні бар. Онысы, білімсіз, ой-санасыз өткізген жастық күндері үшін өкінген жаңа өленді, ән-күйді жаңаша бағалап, тыңдаушыға солардың ұстаздық мәнін түсіндірем деген жырларынан көрінеді.

Әрине, бұл жырлардың тұсында да, Лермонтовқа құр еліктеу, құр ұн қосу болады деп айтпаймыз. Айтуға дәлел де жоқ. Тегінде Абайдың Пушкин, Лермонтовқа ұқсастық, жақындығын айту, соны дәлелдеу, ұқсамайтындығын айтудан сонауғұрлым қиын. Осының өзінде Абайдың олармен жақындығы зерттеу арқылы ғана таңылатын жақындық екенін көрсетеді. Терең тамырдан барып қосылатын үлкен, қорытудан өткен, терендеп сін-

ген жақындық екенін көрсетеді. Мұнда ұшқарылық, механикалық әдет жоқ. Үлкен мектептен өткен нәрлі, іргелі үлгінің ғана ізі бар.

Абай ақындығын алғанда, осылайша боп ашылып отырған жайлар, оның құн бағасын кемітпейді, қайта арттыра түседі.

Осындағы айтылған қарым-қатынастар Абайдың еуропалық үлкен қорға қол артқанын көрсетеді. Адам баласының жалпысына бірдей болған классик әдебиетімен жақсылап, тереңдеп ұштаса білгенін көрсетеді. Өзінде Европа, өзі Европада боп, қарға тамырлы боп байланысқанын көреміз. Бұл белгі сүйсінерлік нағыз ірі белгі.

Пушкинді Пушкин еткен белгі, ерекшеліктің өзі де осындай болатын. Ол да өзінен арғы Батыс Европа мен ескі классик әдебиетінен үлкен үлгі алып, адам баласының ортақ мұраларына қол артып өскен ақын. Өзге жайларын қойып, оңай мәселелердің өзін алсақ та Пушкиннің атақты «Ескерткіш» деген өлеңі осы ретпен жазылған ескі Рим ақыны Горацийдың «Ескерткіш» атты өлеңіне бой ұрады. Екінші бір атақты өлең «Пайғамбар» болса, оның мазмұны, уақиғасы мұсылман жұртының айтқан ертегісінен туады және Пушкиннің барлық «Оңтүстік тақырыбына жазған поэмалары» ағылшын ақыны Байронның «Шығыс тақырыбындағы поэмаларымен» ұштасып жатады.

Олардың өзінің өсуі және олар арқылы бүкіл орыс елінің классик әдебиетінің өсуі осылайша жалпы батыс әдебиетінің өсу жолдарымен байланысты боп отырады.

Осылайша болу классик ақын-жазушылардың және барлық орыс әдебиетінің үлкен ерекшелігі болатын.

Осындай қатынас болмаса, жалғыз өз ұлтының тар көлемінде қалса, ол мәдениет, ол әдебиетінің тағдырымың жыл бойы бір қалпында тұрып қалған ескі қытай мәдениетінің тағдырындай болар еді.

Абайдың өз тұсында, орыстың классик әдебиетін мектеп тұтып бағалауы сол арқылы нәр, қазына табуы бүгінгі біздің социалистік интернационалдық, бүкіл дүниелік қорға тезірек ұмтылып, көңілдегідей меңгеріп алуымызға жәрдемші болады.

Қазақ әдебиетінде, Абайдан бұрынғы халді алып содан Абай шығармасына келгенде, бұрын сезіп, естіп көрмеген, бір жаңаша, өзгеше желдің ескенін сезесін, сол жел Абай арқылы батыстан, орыс классик әдебиеті-

нің мәдениетті қорынан есіп тұрған жел болады. Өзі қоғам тілегін қорытушы, әрі ұстаз, әрі басшы өнердің игі лебі болады. Міне, Абай бағалы болғанда осындай үлгілі, мәдениетті ақын болуымен бағалы.

Осымен қатар Абайды алашорда ақындарынан аулақ ететін, осындай алға беттеген, прогрессивтік ерекшеліктер бар. Соны ұмытпау керек. Орыс классиктерімен байланысын зерттеуде, бұдан былай есте тұтатын тағы бір нәрсе, оның байланысы жалғыз Крылов, Пушкин, Лермонтовпен бітпейді.

Орыс әдебиетінің барлық XIX ғасырдағы классик ақын-жазушысымен, сыншы-қоғамшылдармен жақсы таныс боп, үлкен мектебінен өткен Абай Лермонтовтардан бергі жазушылардан да үлгі, өрнек алған.

Осы ретте айрықша, қосымша зерттеуді керек ететін бір мәселе, Абайдың Салтыков-Щедринмен байланысы турасында.

Өз заманындағы патшалық бюрократизммен, чиновник алпауытымен, азған ымырашыл интеллигенттермен қалам арқылы қатты алысқан Салтыков Абайға аз әсер етпеген сияқты. Рас, Салтыков ақын емес, жазушы; оның пәлен шығармасы, Абайдың пәлен өлеңінің түр, нәріне үйлес келеді деп айту қиын.

Бірақ жалпы мысқыл-сатира, ащы сықақ жағын алсақ және сол құралдардың патша агенттері — жемқор ұлық, құнсыз чиновник, надан қанаушыларға қарсы жұмсалғанын ескерсек, онда Абайдағы: «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың», «Интернатта оқып жүр», «Қайтсе жеңіл болады» сияқты қоғамдық, мемлекеттік құрылысты сынай, шеней жазған өлеңнің барлығының астарында Салтыковпен үндестік бар екенін айыру қиын емес сияқты.

И. А. КРЫЛОВ

Бүгін ұлы орыс халқының атақты мысалшы ақыны Иван Андреевич Крыловтың өлгеніне жүз жыл. Бүкіл Совет Одағының халықтары бүгін Иван Андреевич Крыловты құрметпен еске алады. Дүние жүзіне аты мәлім ардақты жазушылар ішінде Крылов ең сүйікті, ұғымды, көпке жақын ақын болған. Оның жазған мысалдары

қай халыққа болса да, сол халықтың өзі тудырғандай әсерлі, жақын, қызықты болған. Крыловтың өмірі мен еңбегін біздің оқушы да жақсы білу керек.

Крылов 1769 жылы туған. Әкесі әкім емес, әкімнің қызметкері ғана болған адам. Баласы Иванның тоғызға жеткен кезінде ол қайтыс болады. Үй ішінде үлкен қиындық, жоқшылық орнайды. Шешесі шала сауатты еді. Жас бала Иван оқу тәрбиесін ала алмайды. Бір помещиктің балаларына жанасып, сол үйден үзіп-жұлып қана оқып жүреді.

Тегі дворян болғандықтан 12 жасынан бастап сол кездің заңы бойынша қызмет істейтін болады. Кеңсенің қағаз көшірушісі болып істейді. Айналада көргені ақсүйек-төре мен помещиктердің ызғары болып, балалықтың ауыр шағын сол ортаға құл еткен соң, әкім атаулыны жек көріп жиренумен өседі.

13 жасында шешесімен бірге Петербургке көшті. Бір жылдан соң ептеп жазуға айналысып, пьесалар, күлдіргі опералар, трагедия, комедиялар жаза бастады. 1787 жылдан бастап оның кейбір шығармалары, әсіресе мысалдары баспаға шыға бастады. Сөйтіп 20 жасқа жеткен соң өзінің жеке журналын шығаратын болды. Мұны көбінесе жалғыз өзі жазып толтырушы еді. Журналының аты «Аруақтар почтасы» («Почта духов») болады.

Жазған пьесаларында Крылов помещиктерді шенеді, ақсүйектер тобының азғындығын суреттеді. Театрлардың жағымпаз басшылары оның пьесаларын сахнаға қоймайды. Жас жігіт өткір мысқылдар жазып қарсы күресті. Не пұлы, не дәрежесі жоқ жалқы жігіт сол заманның күштілерімен алыса бастады.

Крылов Петербургте патшаның озбырлығына, помещиктердің құлдығына қарсы ұйымдасқан жас жазушылар үйірмелеріне қатысты. Мұнда атақты Радищев келіп үгіт жүргізетін. Радищев өзгелерден жасы үлкен, аса білімді, саналы адамның бірі еді. Сол жылдарда «Петербургтен Москваға саяхат» деген кітап жазып, патша саясатына қарсы шыққаны үшін ол Сібір айдалды. Бірақ Крыловтарға үлкен ұстаздық жасап кетті.

1789 жылы Францияда буржуазиялық революцияның басталуы Ресейде де көп әсер ете бастап еді. «Аруақтар почтасы» журналын Крылов осы кезде шығарып тұрды. Журналда патша үкіметін, оның үлкен төрелерін сына-

ды. Парақор сот, жағымпаз чиновник, қанаушы помещиктерді мысқылдады. Бұл журналды өкімет жапқызып тастағаннан кейін Крылов «Зритель» (Көруші) деген екінші журнал шығарады. Бұл журналда өзінің көп өлеңін, әңгімелерін жариялайды. Бір тамаша әңгімесі — «Қаип» деген еді. «Қаипта» шығыс елінің бір патшасын суреттеп, оның өз елінде жұрттың бәрін ауызға ұрып, үндетпей қойған өктемдігін ажуалайды. Бұл сыны ІІ Екатерина патшаның зорлығын суреттеу еді. Крыловтың замандастарының бәрі де Қаиптың кім екенін таныды, өз бастарынан кешіп тұрған озбырлық түнегін ұқты.

1792 жылдың май айында әйел патшаның бұйрығы бойынша «Зритель» журналының баспаханасына тіңту жасап, Крыловтың патшаға қарсы шығармаларын іздейді. Крылов пен Ключин деген жолдасы өкіметтің бұйрығы бойынша Петербургтен қуылып басқа жаққа жіберіледі. Патша өкіметіне жағымсыз адам Крылов әдебиеттен шетке қағылады.

Осыдан кейін Крылов көпке дейін өкімет көзіне көрінбей, шеттеп кетеді. Өршіл жазушыны өктем зорлық жеңгендей болады. Бұл жылдарда Крыловтың сыртқы тіршілігі ғана емес, ішкі ой-санасына да үлкен өзгеріс кіреді.

Ұзақ жылдар шет жүріп, 1805 жылы Крылов Петербургке қайтқанда, көп өзгеріп, басқа адам боп келді. Ол жазушылар арасына кірді. Бірақ сырт өмірінде, әдет-машығында саясат адамы емес, құр ғана жалқау, әншейін бір адам болып көрініп жүрді, өзін солай танытты.

Патша сарайына жақын адамдардың ішінен Крыловты сүйейтін адамдар шықты. Оның бірі Оленин деген суретші, әдебиетші еді. Сондай адамдар арқылы Крылов 1812 жылы көпшілік кітапханасына (Ресейдегі ең үлкен кітапхана) қызметке орналасты. Осы орында 29 жыл қызмет етті. Ендігі қалпында ешбір өзгеріс болған жоқ. Тек оқушыға даңқы жайылған жазушылық абыройы өсе берді. Оленин мұны патша сарайына таныс етіп, өкімет пенсиясын алып берді.

Крыловтың шын көңілі неден жиреніп, нені сүйетіндігі өзіне ғана аян еді. Онысы жазған еңбегінен көрініп тұрды. Мысалдарының көбінде Крылов заманынан сыртқары отырған жалпы ақылгөй ғана болған жоқ. Сол

заман жайында нелер өткір, нелер ащы мысқыл, ажуа жазып отырған. Көп мысалдары арнаулы саяси оқиғаларды мазақ етіп, нақтылы адамдарды түйреп отырады. Мысалдарында патша сарайына сүйікті талай чиновниктерді, нелер мықтыларды, жағымпаз жазушыларды орнынан тұрғысыз етеді. «Квартет» деген мысалында тіпті патшаның Мемлекеттік советін (Госуд-ный Совет) мазақ етеді.

«Мысық пен Жортынды» патшаның адмиралы Чичоговты түйрейді. «Көкек пен қораз» деген мысалында бірін-бірі өлердей мақтайтын көкек пен қоразды айта отырып, сол күндегі екі жағымпаз жазушы — Греч пен Булгаринді мазақ етеді. Бұлардың екеуі де талантсыз, жаман жазушы болса да, патшаға жағынып, тыңшылық етіп жүріп, үлкен орынға не болған.

Кейін I Николай патша декабристерді қуғындап, қырып-жойғанмен де Қрыловқа қысым көрсете алмайды. Қайта, 1836 жылы Қрылов патша сарайында қонақта отырып, «Уәзір» деген мысалын бастыруға патшаның өз аузынан рұқсат та алады. Ол мысалы патшаның министрлеріне арналған мысқыл еді. Бұрын мұны цензура саяси жағынан залалды деп бастырмай қойған болатын. Қрылов аз нәрсемен патшаны алдап, өзінің өткір өлеңін жарыққа шығаруға жол ашады.

Қрыловтың барлық шыншылдық, халықшылдық, жаңашылдық қасиеттері мысалдарынан айқын көрініп тұрады. Қрылов ол кездегі өкімет құрылысының жауы, помещиктер, чиновниктер билеген құлдықты тудырып отырған патшалықтың жауы еді. Помещиктер өкіметінің ешқандай да тәтті сөзіне ол алданбайды. Сондықтан оның барлық мысалдарында үнемі алданған, қараңғылыққа қамалған, еріктен айрылған қалың бұқараның үні шығып отырады.

Бұқара халықтың, ұлы орыс елінің отаншылдық қасиетін «Ит қораға кірген қасқыр» деген мысалында суреттейді. Бұл мысалы 1812 жылғы Наполеонның Ресейге жасаған шабуылына арналып жазылған. Қораға түскен қасқыры Наполеон.

«Бүркіт пен көртышқан» патша мен бұқараны мысал етеді. Патшаға уәзірінді тындама, халықтың үнін тында дейді. «Жапырақтар мен тамырларда» ақсүйектер мен шаруалардың күресі бейнеленеді. Тамырлар дегені еңбекші халық, ол қараңғыда еңбек етіп жатыр, құлдық

қарауында қайрат етіп жатыр деп, сол бұқараның жоқшысы болады.

«Халық кеңесі» деген мысалда арыстанның қасқырға қой баққызғанын айтады. Зорлықшыл, жемқор чиновникке облысты, өлкені билетіп қойған патшаны мысқыл етеді. «Қойлар мен қасқырлар» деген мысалында да сол чиновниктер мен халықты айтады.

Міне, мұның бәрі Крыловтың езілген халыққа дос болғанын, аксүйектер мен олардың үстемдігіне жау болғанын көрсетеді. Чиновник, әкім, сот атаулының пара жегіштігін, халықты қақсататын қорқау озбырлығын және кінәнің бәрін халыққа артатындығын: «Аңдар індеті» (Мор зверей) деген мысалында, «Түлкі мен суыр», «Піл — әскер басы» деген мысалдарында мысқыл еткен. Крылов барлық феодал-аксүйектер қожалығын — талауға, қаталдыққа, жауыздыққа сүйенген қожалық екенін көрсетеді.

Крыловтың тілі орыс халқының нағыз халықтық тілі. Халықтың тіл байлығын көркем етіп, шеберлеп берген — ақын тілі. Крылов анық, ашық етіп, баппен сөйлейді.

Ел тілінің мақал, мәтел өрнектерін қосып, шеберлеп жазады.

Ол кездерде Крыловты толық ұғынып, орнымен бағалаушылар аз болып еді. Крыловты Пушкин сол күнде де жете түсініп, зор бағалаған. «Орыс ақындарының ішіндегі нағыз халықтық ақын, барынша халық ақыны Крылов» деген.

Крылов мысалдарын қазақ тіліне аударып, біздің халықты оның мысалдарымен ең алғаш таныстырушы Абай еді. Ол Крылов шығармаларының қасиетін ерте танып, бұдан 60 жыл бұрын аударып бастаған. «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі», «Бүркіт пен қарға», «Шырлдауық шегіртке» сияқты мысалдарып аудару арқылы Абай Крыловты өз халқына танытты.

Крыловтың мысалдары қазаққа да соншалықты ұғымды, жақын, ұнамды мысалдар болып кетті. Өйткені Крылов мұрасы тек ұлы орыс халқы емес, бүкіл өнерлі адам баласына ортақ мұра. Ұлы орыс халқының барлық адам баласының өнер, әдебиет қорына қосқан асыл қазыналарының ішінде Крылов мысалдарының орыны өзгеше. Мұны шығыс елдерінің ішінде ерте ұғынып бағалаған ақынның бірі данышпан Абай.

Абайдан соң революцияның өзіне шейін де Крылов

қазақ тіліне көп аударылды. Абай үлгісімен аударған ақындар бірнеше. Олардың кейбірі аудармаларын топтап мысалдардың жеке жинағын да шығарған. Спаидияр Көбеев Қрыловтың 44 мысалын аударып, жинақ етіп шығарды.

Бекет Өтетілеуов, тағы бірнеше ақындар аударды. Сол аудармалар арқылы Қрыловтың мысалдар жасау үлгісін қолданған қазақ ақындары да болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев сияқты ақындар да кей кезде Қрыловтай мысалдап жазатын болды.

Абайдан бастап бұл күнге шейін қазақ халқы жақсы біліп, шын сүйіп отырған Қрылов шығармаларын қазақ мектептері де аса зор құрметтеп келеді. Біздің мектептерде, барлық әдебиет кітаптарында Қрылов мысалдары көп пайдаланылады. Совет мектебі тәрбиелеген қазақ балаларының шын сүйіп оқитын ардақты ақынының бірі Қрылов.

Бірақ сол Қрыловтың бар шығармасы қазақ тіліне түгелімен аударылған жоқ. Осы жылы Қрылов мысалдарының жаңадан толық жинағы шығады. Бұл жинақта бұрынғы олқылықтың бірталайы толықтырылып отыр.

Қрыловтың өліміне жүз жыл толуымен байланысты шығатын ол жинаққа мысалдардың көбін жаңадан аударып берген қазақ ақындары А. Тоқмағамбетов, Д. Еркінбеков, Н. Баймұхаметов, Қ. Сатыбалдин жолдастар. Бұлардың аудармалары бұрынғы ең ірі деген аудармалардың қайсысынан болса да олқы емес. Әсіресе, дәлдік жағынан Қрылов мысалдарының саясаттық, қоғамдық, идеялық мазмұн-мағыналарын толық түсініп, жеткізе айтып беру жағынан бағалы.

1944

АБАЙ ЕЛІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН МЕРЕКЕ

Тойға арналған тоқсан үй Шыңғыс тауының бөктеріне, Қарауыл суының бойына тігілгелі бірнеше күн болған.

Бұл үйлерді тіккен — ақынның өз атындағы «Абай» ауданы мен көршілес Шұбартау, Абыралы аудандарының көп колхоздары. Бұлар — той жасаушы, қонақ

күтушілер, қалған жұрт осы қалың колхоз елінің қадірлі қонағы болмақ.

Қалың колхоз елі желілеп биесін байлап, көгендеп, матап сойыс малын сайлап, үйлерін безендіріп, жиһаздап қала қонақтарын күтті. Сол қонақтар екі күн бойы 30—40 машинасы Семей жолымен күндіз-түн ағылып келе жатыр. Бұлар арасында, Абай мерекесіне Москва, Ленинградтан келген, Өзбекстан, Түркменстаннан келген Алматы тойында болған сый қонақтар бар.

Қона жатқан қонақтарға үйлер толып, аттылы, машиналы сауықшыларға өлке толған соң, августың 26 күні таңертең халық мерекесі басталды. Ең әуелі қазақтың жазушы-ақындары боп, шет қонақтар боп, облыс, аудан басшылары боп қалың колхоз елінің басын қосып, салтанатты мәжіліс ашты.

Мәжіліс-жиында Абайдың асыл еңбегі, ардақты аты тағы да неше алуан қадір-құрметпен аталып, ұлы ақын аруағына, бүгінгі бақытты нәсілдің алғысы айтылды. Мәжіліс ақырында, Шыңғыс тауының бауырында, осы Қарауыл суының бойларында туған Абай жырларына ескек өленмен тағзым етіп, қадірлеп баға беріп, ақын Нартай, ақын Нұрлыбек жұрт алдына шықты.

Бұл мәжіліс, той басы еді. Содан соң халықтың еркін шалқыған қызық сауығы, қалың дүрмек ойыны басталды. Аудандардан, облыс, орталықтан жиылған жас желеннің барлығы сәнді сұлу топтар боп, атты-жаяу сейіл құрып ән шырқады.

Бүткіл Қарауыл жазығында, қалың тау бөктерінде бүгін ерекше сәнмен ырғалып толқыған бір-ақ әндер бар. Ол белгілі, сүйікті Абай әндерінің өзі. Ол: «Айттым сәлем», «Көзімнің қарасы», «Алыстан сермеп», «Қор болды жаным» сияқты бұл өңірдегі қарт пен жастың бәрі біліп, бәрі айтатын сезімді сұлу жырлар. Осы әнімен, сәнді көркем тобымен теңселе басқан лек-лек жұрт бәйге төбеге жиналып жатты.

Бүгін құнан шабады. Қыз қуу, теңге алу, жамбы ату, жорға салдыру, жаяу жарыс — барлығы да осы бүгінгі, алғашқы күннің сауығы болмақ. Соны жаршылар жариялап болысымен, бәйге құнандар іріктеліп шықты... Кетіп бара жатқан үкілі сайгүлік жас жүйріктерді суретке басып және қашқан қыз, қуған жігітпен қатар жарысып, оларды да кино суретке түсіріп, жылпос жүйрік кішкене машина «виллис» бірге жүйткіп жүр.

Ұзақ ойын ақырында қалың жиын қатысқан көкпар тартысы басталды... Қас қарайғанша көкпаршыл жігіт, жақсы сайгүліктер сынға түсті!..

Қарауылдың кең жазығы жүздеген аттылардың анталай сынасып, дүркірей шапқан шабысынан, тасырлай басқан дабылынан жаңғырып қызулы бір сарын салып тұрғандай болды.

Келесі күн тойдың ең үлкен күні еді, Семей облысының тойға қатынасқан барлық аудандарынан келген көп бәйге аттың шабатын күні, балуан күресетін күн. Ел жиыны кешегіден де молайды. Барып қайтысы 70 шақырым жерге бәйгелерді ерте таңнан жөнелтіп, қалың күрес басталды.

Екі жақтың балуандары шешіне сыбанып, ортаға шығып, енді бас балуандар: Әшкен мен Дәулен ұлдары күресерменге жеткенде екі жақ боп отырған жұрттың барлығы орнынан ұшып тұрған алып денелі Қажымұқанды көрді.

Ол жиынның ішінен шығып, балуандарға қарап салмақпен басып кеп, бір топтың шетіне отырды. Бірақ, қарт балуанның жағасынан жармасып, мен күресем дерлік жас шыққан жоқ. Үндемей, тынып, аңырып тұрған жұртта бірде-біреудің Қажымұқанмен күресем деуін құп көрместей еді. Соны аңғарған, Абай аулының аудандық атқару комитетінің төрағасы Мыңжасарұлы жолдас бас балуанға арнаған түйе бастатқан тоғызын алып, Қажымұқанның алдына келіп: «Мынау бас бәйге сіздікі, жолыңызды күреспей аласыз» деп кеп, үлкен сыйларын тарту етті... Күрес біраз бөгелу де халыққа бұл көрініс жақсы әсер еткен еді...

Балуандар күресінен соң тағы да кешегі ойындар қайталай кеп, қырдан бәйге аттар қайтатын уақыт жетті. Сабырды тауысқан ұзақ күтулер соңында, бір жақта алыс сары қайқаннан бәйге аттардың алды шықты. Жалғыз кара боп өзге аттардың бәрінен кереғар келе жатқан бір ғана жалғыз баран еді. Өзге бәйгенің бәрінен анық екі шақырымдай алда қаңғып шығып келе жатқан тобылғы торының ұраны естілді. Шырылдаған бала — «Абайлап» ұран шақырып келеді екен. Бәйге торы «Абай» ауданының оқу бөлімі қосқан сайгүлік боп шықты.

Үшінші күн қонақтар аттанар сағат жеткенде барлық ақындар мен шет қонақтар бір үйге жиналды. Ол Абай-

дың өз тойына арнап әдейілеп Абай үйі деп көтерген 8 қанатты ақ үй болатын. Ішіндегі шилерінде кестелі оюмен жазылған Абайдың аты бар.

Осы үйге, Абай ақынға арналған, барлық Қазақстан ақындарының соңғы жырлары төгілді.

Халықтың ардақты ұлы Абайға арналған халық тойының соңы осы болды. Өлең сөзбен Абай тойына ескерткіш қалдырмақ боп, бар ақынды жыр айтуға бастағаны үшін, ат бастатқан тоғызды аға ақын Орымбай қарт алды.

Ақынның жұртшылық мерекесіне арналған той, әрі осындай анық халықтық той боп, әрі ерекше бір мәдениетті, салтанатты той боп өтті.

1945

КӨРГЕН, СЕЗГЕН ЖАЙЛАРДАН

Луданға бұл жолғы келісімде менің айрықша жазушылық бір міндетім бар еді. Ол — «Абай» атты романның екінші кітабына керек болатын қосымша материалдар, мағлұматтар жинап қайту, сонымен қолға алынған романның екінші кітабын 1943 жылдың аяғына дейін жазып бітіру еді. Бірақ бүгінгі ел-жұртымыз түгел білген, түгел қадірлеген Абай өлеңдерінің қай орындарда туғанын айқын білу шарт. Өзін білгенді өзге оқушыға жеткізу-білдіру шарт. Сондықтан роман геройы Абайдың қыстау еткен мекені, жаз жайлауы, күз күзеуі, өріс-қонысы аралаған сай-саласы — бәрі-бәрі де суреттелу керек. Кейде үміт, кейде өкініш, кейде кейіс, кейде қиял, талап тудырған табиғат бесігін білмек керек. Сол мақсатпен келіп ем.

Менімен бірге келген сыншы Есмағамбет Исмайылов, ақын-жазушы Бегалин Сапарғали, Мұхаметханов Қайым, Полоцкий жолдастардың да өзді-өзінің жазушылық арнаулы мақсаты бар.

Мен осы өлкенің өзінде туып өсем де, Шыңғыс тауының атырабын дәл осы жылғыдай армансыз аралаған емеспін.

Лудан басшыларының көрнекті көмегімен біз көлденең созылған Шыңғыс тауының бауыр, сыртып — Аягөз-

деп Саржалға дейін, Бақанас, Машаннан Семейге дейін жол жүріп, көп жерді көріп өттік.

Мұнда жер дүниені көру ғана емес, бүгінгі ұрпақтың барлығына қадірмен, дос боп танылған ардақты ақын Абайдың сөзін, мінезімен, өмір жолын еске алып ұзақ жырдай етіп, әңгіме шертіп отырған талай-талай колхозшыны, қарт пен жасты, саналы әйел мен ерді көрдік. Көп-көп әңгімелестік.

Ауданның басшы азаматтары, қарт аналары, оқушы балалары бізбен жасаған әңгімесінде ерекше бір жақсы жайды танытты.

Соғыс күнінің ауыр қиыншылықтары кезінде көп міндеттер жүктелсе де, бұл жұртшылық еңбектегі қажырымен, кеудедегі совет азаматының сенімімен аса ыстық көрінеді. Істеріне тілеулестік, достық көңілді нығайтады. Осындай сана-сезім барында аудан өсіп өркендейді, малдүниесі молаяды, өлке өзгеше гүлденеді. Осылай болмасқа шарасы жоқ деген сенім бітеді.

Бұрынғы Абай өмірінің, Абай еңбегінің әр кезең, әр сәтіне куә болған тау мен тас, өзен, өлке, бел-белестері, жаңа тарихымыз тудырған жаңа адамды, жаңа өмірді көргенде, дәл бүгінгі Шаған, Қарауыл, Тақыр, Мұқыр, Құндызды, Шет бөктерінен ақын Абайдың анық жақын көп туысын көргендей боласыз.

Шимандай қалың ел арасында отырып, Абай өз өмірінің анық зарын шерткенде: «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым, тап шыным» дейді ғой. Ол маңайындағы көп жайды көріп, уайым шегіп айтқан еді. Білім-өнерге, әділет-достыққа, жаңа шақырған жолына еретін жан таппағанын айтып күңіренетін.


Бүгін осы Шыңғыстың іші-тысында неше алуан еңбек етіп жатқан жанның бәрі — шерлі Абайдың сол күнде тапсам-ау деген елі, досы еді.

Бұрын рушылдық таластың, қиян-кескінің мекені болған Қарауыл бүгін өзінің орта ұл-қызынан жас интеллигентін тудырып, өсіріп отыр.

Бұрын матаудағы атаусыз мүлік, жесір-жебір атанған қыз-келіншек бүгін социалистік құрылыстың командирі болып отыр.

Бұрын өткен Абайдың бүгінгі біздің Абайымыз болатын себебі осы.

Рас, аудан тіршілігіне керекті істелетін істер, қойылатын талаптар әлі де толып жатыр. Оның бәрі қолдан



келетіні де даусыз. Ауданның барлық жұртшылығының Отан соғысы күндеріндегі еңбектерінің жемісті болуына тілектестігімізді білдіреміз.

1943

АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИІК НЫСАНАСЫ

Жүрегінің түбіне терең бойла
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына ақын арнап кеткен мұнды, сырлы бір сәлем, наз сәлем осы еді. Шөл ғасырлардың қу медиен, құла түзінен: болар заманға, жарқын заманға қарай жалғыз аяқ жол тартқан ақын болатын.

Сахараны басқан қара түн-түнекті қақ жарып, жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына бет нұсқап: «Таңың белден атады, күнің сонау жақтан шығады» деп кеткен ақын еді.

Рас, қытымыр заманы мен надан қауымға ол ақын жұмбақ болды. Жұмбақ па біз үшін сол ардақты ақын бұл күнде? Жоқ, жұмбақ емес. Ол уақытта заман бұлты бетін бүркеп тұрғанмен, айдың аты ай еді. Біз қазақ әдебиетінің жұмбағы емес, айқын жүзді айдай игі бір нұры дейміз Абайды. Соқтықпалы соқпақсыз дүлей мыңның қарсылығына жалғыз алысқан Абай да емес бүгінгі күн.

Моласындай бақсынын
Жалғыз қалдым — тап шыным!—

деп күңіреніп өтсе, бүгін халқы алып отан тапқанда, ақын асыл халқын тапты. Бір қазақ халқы емес: тілегіне тілегің, табысына табысын қосқан, жорығына жорығын қосқан, жеңісіне жеңісін қосқан қасиетті социалистік Отанның ұшан-теңіз халқын тапты. Абай бір қазақтың Абайы емес, Ленин туы астында жасаған Советтік Социалистік Ұлы Одақтың бәрі қадірлейтін Абайы болды.

«Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!». Кінә емес, қадір тұтады біздің дәурен, біздің ұрпақ. Мыңдар, мил-

лиондар жүрегі қадір тұтады. Айғағы оның дәл осы күндер. Қазақ әдебиетінің ұлы бір мереке, мейрамы болып отырған осы күн.

Алпысқа шығар жасында ұлы ақын қайтыс болды. Өлгеніне қырық жыл толды. Бірақ, біз үшін Абай өлген жан ба?

Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған?

демеп пе еді? Өлген жан емес. Ақын жолы халық жолымен, тарих жолымен қабыса табысқан шақта оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман-дәуірмен шегі жоқ. Біздің дәуірімізге әрі бұрынғы, әрі бүгінгі Абай болып, келешек заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры болып шырқау бармақ. Ол болашақ күндерге де Абай әрі бұрынғы, әрі ар жағындағы келешектің өлмес, өшпес тұрғыласы, күн шуағы айықпас күнгеи биігі болып тұрмақ.

Жай адамның өмір тірлігін біздің халық мүшелмен санайтын. Оның мүшелі он екі жыл еді. Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ. Алтайдан Алатауға аттап түсерлік ертегі тұлпарындай сайлардан, сахаралардан ғана аттап өтпей, замандардың да талайынан аспандап өте бермек. Өзінің қадір білмес ғасырынан бізге жеткенде Абай солай жетіп отырған жоқ па? Өміріндегі қамқайғысын халқының бағына бағыстаған барлық дана ақының өзіне-өзі жазған «тағдыры» сол.

Осындай ақынның бір мүшел қайырған жүз жылына тұтас келген біздің мереке нені еске алады? Кеннен шыққан асылды, алтынды, қоспасынан айырып қорытып алғандай, ақынды да заман ортасымен қоса алып, сол дәуірінен нығы асқан өмір арманын, еңбек қасиетін қорытып алады.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талантартысынан туған ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше өреп-өреп кезеңдерін бөліп атап көрмекпіз.

Бұл ерекше қалпында Абайдың ақындығы да, бас тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтың елеулі үлгілі жемісі де түгел танылады. Абайдың Абайлық

бітім кескінін, тарихтық тұлғасын танытқан ерекшеліктері бар.

Осындай қасиеттері Абайдың жас жігіт шағынан өлер кезіне шейін әр алуан болып айқындалып шығып отырады. Жекелеп санасақ жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі: «Әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы боламын» деген тартысында, «әкесінің баласы адамның дұшпаны, адам баласы — бауырың» деген ой Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын. Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі арқылы көптігінен түспейді, бөрілік табиғатынан деп білген. Абай жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу үшін қол үзген, сол үшін кеткен. Ол кетуі — үстем тап әкімдерімен кетісуі еді. Бұл бірінші үлкен ерекшелігі еді. Осыны ісінде де, өлең еңбегінде де арман етті.

Екінші ерекшелігі: жуан бел надан, содыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұңын тапты. Сол халықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер — өнерлі орыс халқынан іздеді. Ұлы орыс халқының ғасырлық қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос, көмек тапты. Сонымен бірінші ерекшелігіне екінші қасиет қосты. Абайды танудың, толықтырудың айнымас айқын жолы осы еді.

Үшінші ерекшелігі: қос қанаттан биікті меңзеген ақындығын, бұрынғы қазақ ақындарының ешқайсысы шығармаған әлеуметтік ұлы тартыс, тарихтық тартыс құралына айналдырды.

Төртінші ерекшелігі: өзі үшін, елі үшін ізденді, ізденді де тапты және бар тапқаны мен тудырғанын ұстаздыққа салды. Ақын болып өсер ақынды тәрбиеледі. Қазақтың жаңа әдебиетінің, классик әдебиетінің іргесін өзі қалап туғызып, сол әдебиетке басшы, халыққа қамқор, қайраткер болды.

Санай берсек Абай басынан, өмір, еңбек соқпағынан тағы талай ерекшеліктер аталар еді. Бірақ өмірбаянын тұрғы-тұрғы биігінен қарап, жинап түйемін дегенде, дәл осы аталған төрт күнге — анық Абайдың төрт тірек діңгегі сияқты.

Өмірінің, еңбегінің дәл ізімен болжасақ осы ерекшеліктері айқын-айқын танылады.

Құнанбайдың еркінен шығып, өз өмірін өз ақылы бойынша билегенде Абай ең алдымен орыс тілі, орыс мәдениетіне ұмтылды. Абай Россиядан айдалып келген орыс революционерлеріне кездеседі. Олар орыс халқының революцияшыл интеллигенциясының ішінен шыққан қадірлі, асыл жандар еді. Абайдың айдалып келген революцияшыл достары айдау жылдарының өзін үлкен үгітшілік-ағартушылық жолына арнады.

Осы арада Абайға қатты көмектесіп жүріп, Абайдың шығыс тарихына, халық қазынасына, жол-жорасына, әдет-салт, кәсібіне қанықты, білгір адамнан өздері де көп білім, дерек, нәр алды.

Абай болса осы кезеңнен соң ақындықтың кең өрісіне шыққан кезінде:

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аялдап,—

деп, тың жол бастады. Ескіге сын, надандық түнегіне үкім айтам деді. Орыс халқының ұлы шынышыл даналары Пушкиндер, Салтыков-Щедриндер қалай айтса, соларша қамыңды жеп, алдыңды меңзеп айтамын деді.

Сонда дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз.

Мұның біріншісі — қазақ халқының, есте жоқ ескі заманнан жнып, өсіріп келген өз даналығы халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы — араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы.

Үшінші үлкен өнер, мол азық алған зор саласы — орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Европа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді.

Абайдың ақындық бітіміндегі ең бір ірі жағы осы айтқан үш қазынаның қайсысына барса да құр ғана үйренуші, еліктеуші боп барған жоқ. Қайдан алсын, нені алсын — баршасын да өзінің ойлы, терең толғаулы ірі

ақындық ерекшелігі арқылы үнемі өз елегінен өткізіп, өз өнерімен мықтап қорытып, өзінің қайран жүрегінен шыққан бұйым-табысы етіп ала білді.

Енді осы айтылған үш салаға жеке-жеке тоқтап, оның кейбір өзгешеліктерін айталық.

Абайдың 80-жыл мен 90-жылдар арасындағы өлеңдерінің көпшілігі сол кездегі ауылдың ауылдағы қоғамның өзгеше қалып құрылысына арналған, өзінің тұсындағы қауымның тағдырын талдауға арналған. Осымен қатар өз халқының ой қазынасының барлығын да санап салалап шығады. Қоғам бірлігі, халқының тарихына жаңалық тілеген ақынның жаңа мұрат жолы, ақындық программасы да көрінеді. Міне осы алуандас шығармаларының барлығында Абайдың мол араласқаны қазақ халқының өз қазынасы болады.

Бірақ, дәл сол кездің өзінде де ақын халық шығармасында айтылмаған тың сөзді айтады. Дүниені өзінің жаңаша тануына орай жаңаша сезім, жаңа ой айтқанда Абай тіл сөздігі (лұғаты да), өлең көріктеу өрнегі де басқаша, өзінше шығады. Қазақтың елдігімен, тарихымен, бұрынғы қазынасымен жалғаса отырып, соны өсіріп, өрістетіп, Абай айтқан жаңалық әлденешеу. Бірақ, бар тарауындағы бір ерекшелік: соның бәрін жаңа дәуірге бастайын деген ағартушы ақын өзінен бұрынғы ақынның бәрінен басқаша айтуында.

Сондайлық басқаша, тың жаңалықты Абай шығыс әдебиетінің қорына қол артқан кезде де мол тауып отырады. Абай өзінің жас шағынан жақсы білген классик ақындары: Фирдоуси, Низами, Шейх Сағди, Хожа Хафиз, Науаи, Фзули, Бабурларды өмір бойы зор қадірлеп өткен. Ерте кезде оларға еліктеп жазған шығармалары да болған. Кейін Низами, Науаи жырлаған Ескендір жайын, Аристотель жайын батыс әңгімелерінен алып қосқан жаңа сарындармен көркейтіп, жыр-дастан етеді.

Абайдың айтуынан кең сахарға «Мың бір түн», «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы» сияқты үлкен асыл мұралардың халықтық аңыздары да мол тараған.

Араб, иран мәдениетінің тарихын тереңдеп зерттеген Абай — Рашидад-дин, Мұхамед Хайдар, Бабур, Абұлғазы Баһадүр хан сияқты арғы бергі тарихшылардың еңбегін жақсы білген. Мантық (логика) жалпы философия, ахлақ (мораль) философиясын да білген. Ертеден бергі

шығыс ғұламаларының көп еңбектерін бергі уақыттарда да үнемі зерттеп отырған. Тек ескі шығыс мәдениеті ғана емес, өз тұсындағы жақын шығыс мәдениетінің халқынан да ұдайы хабардар болған. Татардан шыққан алғаш ағартушы, жаңашыл ғалым Шихабуддин Маржанидің еңбектерінен бастап беріректе шыққан жалған жаңалық, діншіл саясат ғалымы исламшылдық, түрікшілдік (панисламизм, пантюркизм) үгіттерін де білген.

Мысырда Мұхаммет Ғабдуһу бастап, Жалалитдин Ауғани қостаған исламшылдық үгіті кейінгі кезде Россия мұсылмандарына да тарап еді. Ол сияқты батыс мәдениетінен бас тартқызып, жұртшылық тарихының ілгері басар қадамын кейін шегеретін кертартпа өсиетке ден қойған феодал — қажы-молда, пір-ишан қазақ даласында да мол еді. Ол ағымның өзіне тиісті газеттері, журналдары да болған. Мысалы «Тәржүмән» газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді.

Бірақ, өз халқының келешек табысын, болар тағдырын ұлы орыс халқының мәдениетімен жалғастырып өсіруді өмірлік еңбегінің биік нысанасы еткен Абай, жаңағы жалған жаңалыққа ермейді, елікпейді. Оны бүкіл шығыстың сол заманға шейін кенже қалуына себеп болған кесел-кедергінің бірі деп танып, онымен бірде-бір адым баспайды. Аулақ серпеді.

Қауым халқыға қызмет етудің жолы жалпы адам баласына тән кең еркін ойдың бетінде, орыс классиктерінің өз қоғамына, бүкіл адам баласына нұсқаған кең іргелі адамгершілік, азаттық үгіт өсиетінде деп біледі.

Абайдың сол діншілдікті, түршілдікті өз уақытында мансұқ етуінің дұрыс екендігін Ұлы Октябрь социалистік революция анықтап ашты. Байшыл реакцияшыл ұлтшылдықты өзіне тірек еткен бұл кертартпа ағымының залалды сырын Ленин бастаған ұлттар азаттығының революцияшыл күресі, жеңісі әшкереледі.

Абай шығыстың қорынан өзіне үлгі алғанда бұл жақтан алған жоқ. «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» сияқты терең мағыналы дастандарды жазғанда, «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты ақындық әсем сөздің қадірін айтқанда, шығыс классик поэзиясының тіл көріктілігін, жалпы ұзын ырғақ, саз-сарынды ала-отырды. Бірақ, олардың тұсында да ұлы ақын өзінің өзіндік өзгеше бітім бейнесін еліктеуге салынып, жеңілге сайып, өзгерткен жоқ. Дүниені, өмір мақсұтты тартыс

бағыты атаған бар ойы, бар ақындық шабыты өте терең шындықпен қабысып отырды. Сол себепті зат әлемін, адам құбылысын, қарым-қатынасын жырлағанда аспан, тағдыр әмірі деп толғамай, үнемі жер басқан адамның күнделік, тарихтың шындық болмысы етіп толғап тебіренді. Бұл Абайдың ұлы реалистік, өзіндік, Абайлық тұлғасынан туған ерекше қалып-қабілеті еді.

Ақын Абайдың орыс халқының ұлы мәдениетіне бой ұрып, өнеге, нәр алуы да әлдеқалай жалаң қабат жағдай емес, өмірлік, тұрақты негіз, нанымында шығыстан батысты артық көріп, тандап алумен қатар ақын өз бетімен оқып, ізденіп тереңдей отырып, орыс пен батыс әдебиетіне ұзақ жылдар бойына көп үңіледі. Пушкиннен бастап алпысыншы жылдар, сексенінші жылдардың жаналығына да әбден қанады. Тек ұлы ақындар емес Лев Толстой, Салтыков-Щедриндер тәрізді көркем қарасөз аталарын да жақсы біледі. Орысша аудармалар арқылы Байрон, Гетені де таниды. Ескі антик әдебиетімен де мол танысады. Айдалып келген достарының куәлігіне қарағанда Абай батыс философиясы мен Спенсер, Спиноза мен Дарвин еңбектерін де үнемі оқып, көп шұғылданған еді.

Орыс классиктерінің мұраларына Абайдың баруы әр сатыда әр алуандас. Мысалы Крыловты Абай ақын ашық түрде таза аударушы болып ұғынады да, тек әрбір мысалдардың ақырындағы үгітін өзінше, қазақ ұғымына, ойына жанастыра түйіп беріп отырады.

Лермонтовты Абай ерекше бір қызу жалынмен, өзі қоса қозып, үнемі қызығып сүйіп, сүйсініп отырып аударды. Ал, Пушкинге келсек Абайдың бұған беттеген ақындық қарым-қатынасы мүлде басқа, «Евгений Онегиннен» Абай жасаған үзінді аудармалар ғана емес. Ол Пушкиннің әсем романын шабытты ақын жырымен қайталап, жарыса әңгіме етіп беру болып шығады.

...Орыс мәдениетіне сол саңылаусыз қазақ сахарасынан шығып, жалғыз өзі жол тартып барып табысқан Абайдың қадір-қасиеті бұрынғыдан да артып биіктей түседі.

* * *

Абайдан қалған асыл мұраның идеялық, көркемдік сапасын шолып өткен қысқа сөз, жалпы тексеруде біз көбінесе ақындығын — поэзиясын айтамыз. Бірақ, Абай

мұрасы жалғыз ақындықта емес, көркем қарасөзде де, ән-күй өнерінде де бар.

Абайдың «Ғақлия» атанған қара сөзі барлық құрылыс қалпымен, шебер, шешен тілімен және өлендеріндегі ой толғауының көпшілігін тереңдеп, еселеп, өсіріп жеткізумен біздің әдебиеттегі тағы бір соны, қызықты жаңалықтың бірі болған. Мұнда да сыншыл, ойшыл Абай көрінеді. Орыс әдебиетіндегі Лев Толстойдың кейбір толғау үлгілеріндей, бірақ қазақ халқының өз тіршілігіндегі күнделік болмысынан туған аса бір алғыр, жүйрік, кейде шешен орамды мол бір әсер көрініп отырады.

Барынша тұтас ой ықыласымен ілгері, жарқын заманға ұмтылғандықтан, Абай өз халқының ой-санасы өсу тарихында анық прогресс жолын бастаушы болды. Өз заманының тарихтық, кертартпалық бөгетінің бәрінен аттап өтіп, елі-жұртын дүниелік мәдениетке жеткізем деушінің ең алдыңғы бірі болды. Сол талап тартысы арқылы, еңбек егісі арқылы, заман мешеулігін жеңіп, қазақтың еңбек елі мен орыс халқының ой құралдарын бір араға қосып, алдағы күндер үшін біріккен күрес қайраткері болды.

Сондықтан да Абайдың ардақты жырлары Ұлы Отан соғысында елі-жұртын қорғап жүрген қазақ жауынгерлері мен командирлерінің сенімді серігіндей болып, бар майданда ере жүрді. Олардың барлық ұлы одақ ұлттарының ұлдарымен жүрекке жүрек, білекке білек қосқан қаһармандық қимылында Абай ата дос болып құптап отырды. Сондай болып, өз халқының адал ұл, қыздарымен қатар жорықтың ауыр жылдарында бірге көшіп өткен Абай, біздің шын бақыт дәурен болған социалистік дәуірімізде бұрынғыдан да ардақты болып отыр.

Сондайлық өлмес, өшпес қасиеттерінің өзі-ақ ұлы Абайға қазақтың классик әдебиетінің атасы деген, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі деген атақты бергізе алады дейміз.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соктықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне ол шам-шырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

Иә, өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болды. Ал ол біз үшін жұмбақ па?

Біз Абайды қазір қараңғы жұмбақ ретінде емес, қазақ әдебиетінің шам-шырағы ретінде қабылдаймыз. Социалистік ұлы Отанның өзара ортақ идеяларымен, күресімен, жеңістерімен туысып кеткен халықтары Абайды қастерлеп еске алады.

Ақынның қайтыс болғанына елу жыл өтті. Бірақ біз үшін Абай өткен күннің ғана ақыны емес, халықтың алға қарай қажырлы ұмтылуында ақын онымен бірге болды — ал мұндай ақын өлмек емес, өйткені оның шығармаларына уақыт шек қоя алмайды.

Қазақ халқы бір кезде адамның өмірін мүшелмен санаған. Ал поэзияның аңыз болған қайнары Әбілхаяттан мәңгі суып татқан жыршы үшін мүшел ғасырлармен өлшенеді. Өзінің еңбегіні жете бағаламаған және аз түсінген замандастарын артқа тастап, Абай дәл бүгінгідей, біздің қасымызда тұр.

Халқының күресі мен азабын, тағдырын өз үлесіне алған ақынның есімін біздің әділетті совет халқы аса қастерлейді. Абайдың қайтыс болғанына елу жыл толғанын атап өте отырып, біз ақынның уақыт сынынан мүлдірмей өткен ұмытылмас, қымбатты және ұлы мұрасын еске аламыз.

Өзінің көптеген тұтастарының айтуына қарағанда Абай өлеңді өте ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Оның бұл кезеңде шығарғандарының көпшілігі бізге жеткен жоқ. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерінің кейбіреулері және бірқатары ұмытылған, болмаса жоғалып кеткен, шығармаларының аттары ғана сақталған. Мысалы, сү-

йікті қызы Тоғжанға арналған өлеңдерінің тек бастапқы жолдары ғана белгілі, жас Абайдың ақын қыз Қуандықпен айтысуының ауызша мазмұны ғана сақталған. Қазақстанда ол кезде жазу-сызу нашар дамыған болғандықтан бізде Абайдың жас кездегі өлеңдерін сақтаған, оның өмір тарихын баяндайтын, тұстастары жазған мемуарлар, хаттар, жазбалар жоқ. Үстем тап өкілдерінің ақынға деген қатынасының да салқыны бұған аз тиген жоқ. Егер халық поэзияны терең қастерлеп, ақын атын жоғары бағаласа, ру байлары: «Кұдайға шүкір, біздің рудан бір де ақын, бір де баксы шыққан жоқ» деп күпінетін. Поэзияға осындай көзқарастың әсерімен Абай өзінің көптеген өлеңдерін жас достарының атынан таратқан.

Ру таластарының қым-қуыт дау-жанжалына амалсыз араластырылған Абай әкесінің әділетсіздігімен, қаталдығымен келісе алмады және көп істерге, әкесінің ырықына көнбей, әділ үкім шығарып отырды. Абайдың халық арасынан шыққан адал, ақылгөй адамдармен дос болуы және жас кезінен бастап орыс мәдениетіне бой ұруы Құнанбайға ұнамады. Қатал, айлалы әке мен әділетті, қайсар баланың арасында елеулі тартыстар жиі-жиі болып тұрды.

Жырма сегіз жасқа келгенде Абай әкесімен біржола ажырасады. Ол енді тағдырын өзі белгілей алатын болады. Абай, ең алдымен, орыс тілін үйренуге қайтадан бет бұрады.

Оның жаңа достары, негізінен, кедей рулардан шыққан талантты жастар, ақындар, жыршылар және орыс интеллигенциясының таңдаулы өкілдері болады. Есейген, мәдениеті өскен Абай орыстың классикалық әдебиеті мен Шығыстың халық творчествосын оқи бастайды.

Отыз бес жасқа келгенде ғана Абай творчествоға қайта оралады. Бірақ бұл кезеңде де Абай өз өлеңдерін жас достарының атынан таратады. Тек 1886 жылы, қырық жастан асқан соң «Жаз» деген атақты өлеңін жазғаннан кейін ғана Абай шығармаларына өз атын қояды.

Отыз жастарға келгенде Абай феодалдық-рулық ортадан біржола түңіледі. Ол патша үкіметі тұтандырып отырған рулық тартыстың халық үшін өте ауырға соғатынын анық көреді.

Нағыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты. Өзінің өлеңдерінде ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз ашкерелейді және халықты өнер-білімге шақырады.

Абай орыстың жер ауып келген жетпісінші-сексенінші жылдардағы революционерлерімен танысады. Олар — революцияшыл интеллигенциясының өкілдері, Чернышевскийдің жолын қуушылар еді. Солардың бірі Е. П. Михаэлис — Щелгуновтың жақын досы, белсенді қызметтесі болған.

Михаэлис те, сондай-ақ Семейге кейінірек жер ауып келген оның пікірлестері де жас адамдар болатын. Абайдың олармен таныстығы кешікпей үлкен достыққа айналады. Орыс достары Абайдың өз бетімен білім алуына ерекше назар аударып, зор көмек көрсетеді. Олар Абайдан қазақ халқының тарихы, поэзиясы, әдет-ғұрпы және искусствосы жайында көп мәлімет алады, өздеріне бейтаныс өлкенің табиғи-географиялық, экономикалық жағдайларын, тұрмысын зерттейді. Мешеу қалған қиырдағы өлкеге орыс мәдениетін тұңғыш таратушылар да, халықтың өмірі мен тұрмысын өзгертудің, оны ағартудың жақтаушылары да солар болды. Біз Михаэлистің көптеген еңбектерін және Леонтьевтің «Обычное право у киргизов» деген көлемді зерттеуін білеміз. Орыстың демократиялық интеллигенциясының бұл өкілдері халықты ағартуды царизмге қарсы күрестің маңызды құралы деп санады. Абай сияқты адамдарды орыс әдебиеті классиктерінің және орыс мәдениетінің басқа да алдыңғы қатарлы өкілдерінің мұрасымен таныстыру — олар үшін, әрине, маңызды міндет болды.

Абайдың бұл достары орыстың ұлы жазушылары мен алдыңғы қатарлы саяси-әлеуметтік қайраткерлерінің еңбектері мен ойларында бейнеленген орыс халқы туралы шындықты қазақ өлкесінің қалың еңбекші бұқарасына жеткізуге тырысты. ХІХ ғасырдағы азаттық идеяларға толы орыстың классикалық әдебиетінің асқан гуманизмі мен терең революцияшылдығы, оның царизмге қарсы өшпенділігі, оның езілген бұқараны қорғап көтерген әшпес дауысы Сибирьде де, Қазақстанда да қоғамдық ойды өмірге оятты, тәрбиеледі.

Ал, Абай болса қазақ халқының ғасырлар бойғы қараңғылықтан құтылатын бірден-бір дұрыс жолы — орыс және қазақ мәдениетінің жақындасуында деп білді.

Ұлы ақын-ағартушы халықтардың туысқандығы мен достығы идеяларын жақтаушы болды. Өзінің өлеңдерінде ол қазақ халқына орыс халқын патша отаршыларынан айыра білуді көрсетуге тырысты.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жиреніп, жылмаңдықты демес бұрыс.
Жылпылдақтап айрылып, сенісе алмай
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.
Сенімі жоқ серменде сырды бұзды.
Анық таза көрмейміз — досымызды
Қылт етпеге кеңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.
Дос асықтың болмайды бөтендігі
Қосылған босаспайды жүрек жігі.

Орыс халқының рухани мәдениетінің нағыз бағалылықтарын тауып, таныған шақта Абайдың ой өрісі мейлінше кеңейеді. Абай Пушкин мен Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Щедрин мен Лев Толстойдың құштар ардақтаушысы болады. 1886 жылдан бастап ол Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударады.

Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге музыкант, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды. Ол бірқатар мелодиялар шығарды. Ақынның мелодиялары, негізінен, оның қазақ поэзиясына жаңалық енгізген өлеңдеріне («Сегіз аяқ», «Алты аяқ», т. б.) арналған еді. Ол өзінің «Евгений Онегиннен» жасаған үзінді аудармаларына да осындай мелодиялар шығарған. 1887—89 жылдарда Пушкин есімі және оның геройлары Онегин мен Татьянаның есімдері сол әндермен бірге бүкіл далаға кең таралды, қазақ халқы үшін қазақ ақындары мен қазақтың эпикалық поэмаларының геройларындай сүйікті, жақын болып кетті.

Сексенінші жылдардың аяқ кезінде ақын, ойшыл, музыкант Абай халық жақсы білетін әрі аса қадыр тұтатын кісі болады. Оған тіпті алыс жерлерден ақындар, музыканттар, жыршылар келеді. Даңқты Біржан, соқыр ақын Ажар, Қуандық, Сара және басқалар оның өлеңдерін бүкіл кең далаға таратады.

Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, Мағауния сияқты жас таланттар, ақындар, жыршылар Абайдың төңірегіне топталады. Олардың кейбіреулері Абайдан үлгі алып, өздігінен білімін көтереді, орыс әдебиетін оқып үйренеді, тарихи, романтикалық және салт поэмаларын жазады.

Абайдың маңына тек қазақтар ғана емес, шығыс халықтарының қуғынға ұшыраған (көбіне татар жастары), азат ойлы адамдары да келеді. Сибирьдегі ссылқадан өз еліне қашып бара жатқан кавказдықтар Абай аулында айлап жатып қонақ болады. Абайдың ауылы бірте-бірте Шығыстың прогресшіл ойдағы, алдыңғы қатарлы адамдары келетін орталыққа айналады.

Абайдың талантын бағалаушылардың саны жыл сайын молая береді. Тек Абайдың өз өлендерін ғана емес, сонымен бірге оның достарының да шығармаларын ел ішінде көшіріп алып, жаттап, әнге қосып айтады. Батыс және орыс жазушыларының Абай оқыған романдарының мазмұнын тыңдаушы — ертекшілер ауызша түрде бүкіл далаға таратады. Орыс халқының Ұлы Петр туралы ертегісі, Лермонтовтың поэмалары, Лессаждың «Хромой бес», тіпті Дюманың «Үш мушкетер», «Генрих Наварский» сияқты шығармалары (соңғыларын Абай орысша аудармасынан оқыған), шығыстың «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы» сияқты поэмалары далаға осылайша келген.

Абай өзінің балаларын орыс мектебінде оқытады. Әбдірахман деген баласы Петербургтағы Михайлов артиллерия училищесін бітірген. Ал Ақылбай, Мағауия сияқты балалары әкесінің жолын қуып, ақын болады. Ақылбай «Дағыстан» атты сюжеттік романтикалық поэма жазады. Мағауия шығармаларының ішіндегі ең тәуірі — Абайдың ақыл-кепесімен жазылған, құлдың қожасы плантатормен күресін суреттейтін «Медғат — Қасым» поэмасы (Поэманың оқиғасы Нилдің жағасында болған).

Абайдың және оның достарының ақындық, ағартушылық және әлеуметтік қызметі феодалдық ауылдың ескілігіне, рушыл даугерлерге, халықты қанаушыларға және соларға сүйенген царизмге қарсы бағытталады.

Абайдың еңбектері, оның әлеуметтік қызметі және үстем тапқа өшпенділігі, царизмнің сенімді жалдаптары дала феодалдарының ызасын келтірді. Олар білімді, қайсар ақын ту еткен идеяларға және ақынның өзіне қарсы лас, зұлымдық тартыс жүргізді. Абайдың бұл жаулары чиновниктермен, билеуші таптын интеллигенциясымен бірлесе отырып қимылдады.

Абай царизм үшін қауіпті адам қатарына, Далалық өлкенің генерал-губернаторына дейін жетеді. Шындық-

тың батыл жаршысы, әлеуметтік тәртіптің әшкерелеушісі болған ақынды приставтар, урядниктер, болыстар үнемі аңдуға алады.

Бірақ ақынның жаулары халықтың Абайға деген сүйіспеншілігінен қаймықты, сондықтан да олар ақынға қарсы ашық қимыл жасай алмады. Олар тартыстың не бір опасыз түрлерін пайдаланды. Ру басыларының бірі, Абайдың қас жауы — Оразбай өз маңына даланың Абайға қарсы азулыларының барлығын топтайды. Олар ақынның достарын қудалады, ал Абайдың үстінен губернаторға, уезд бастықтарына, патша соттарына айыптау арыздар, домалақ хаттар жолдады, ақынның өз басын «ақ патшаның жауы», «бүлікшіл», «әкелер мен ата-балалардың әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын бұзушы» деп кіналады. Осындай арыздардың салдарынан бірде Абайдың аулына Семей қаласы полицмейстрінің өзі жанына жандармдар отрядын ертіп келіп, тінту жасайды. Ал, 1897 жылы билеушілердің көрінеу-көзге демеуімен феодалдар Абайға қарсы опасыз қастандық жасайды.

Семейдің губернаторы да Абайға талай рет кәрін тікті. Бірақ ақынның өз халқы арасындағы беделінен қаймығып, ол Абайды жер ауып келген достарынан айырумен, олардың тығыз байланысын үзумен ғана шектелді.

Бірақ Абайды халықтан бөліп алуға болмайтын еді. Тіпті алыстағы уездерден көптеген адамдар Абайды іздеп келіп, ақыл-кеңес сұрайтын. Ру арасындағы үлкен-үлкен дау-тартыстарда ел ең әділ би Абайдың үкіміне, соның төрелігіне құлақ асатын. Мысалы, Көктұма, Қарамола, Балқыбек съездерінде Абай әділетті үкім айтып, қалың халық бұқарасының мүддесін қорғайды.

Абайдың әлеуметтік қызметі мен ақындық шығармалары дала жастарының арасында, әсіресе, белгілі болды. Көптеген жиындарда, ойын-тойда, қыз ұзатып, келін түсіргенде жыршылар мен ақындар Абай өлеңін айтатын. Абайдың өз аулының қыздары ұзатылғанда өздерінің жасауларының ішінде Абайдың өлеңдері мен поэмаларының, нақыл сөздерінің қолжазба жинақтарын ала кететін болған. Мысалы, Әсия, Уәсила, Рахила сияқты және басқа да қыздардың сондай қолжазба жинақтары осы күнге дейін сақталған.

Даланың атқамінерлері мен байлары Абайдың даңқы халық арасына кең тарағанын көре алмай, ақынды және оның достарын қуғынға ұшыратқанын жоғарыда айттық. Олар Абайдың жақындарын, тіпті туған ағасы Тәкежапды да ақынға қарсы жауықтырады өсек-аяң, өтірік-жаламен достарын Абайдан алыстатады, сөйтіп ақын жүрегін терең жаралайды.

Өшпенділік пен қастандықтың осындай түнек ауырлығында жүрген Абайға орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық, халықтық-демократиялық ой-пікірінің таңдаулы дәстүрлерінде тәрбиеленген, өз ісінің болашақ мұрагері, талантты баласы Әбдірахманның өлімі аса ауыр қайғы болып тиеді. Петербургте оқып жүрген кезінде-ақ туберкулезге шалдыққан Әбдірахман Верный қаласында дала артиллериясының поручигі болып, аз уақыт қана қызмет істейді. Ол 1895 жылы, 27 жасында қайтыс болады. Оның өліміне арнап Абай көптеген әсерлі өлеңдер шығарады. Бұл өлеңдерде ол өзінің баласынан ғана емес, сонымен бірге үміткер досынан, мұрагерінен айрылған әкенің, халық бақыты үшін күрескердің қайғысын білдіреді.

Топас, дөрекі жауларының қуғынына ұшыраған, ауыр тартыс қалжыратқан Абай ауыр өлімнің қайғысынан серпіліп болмай-ақ, тағдыр оны тағы да қатты соққылайды; Абайдың екінші баласы, талантты ақын Мағауия қайтыс болады.

Осындай бақытсыздық қатты жаншып, еңсесі түскен Абай өзінің қайғы-қасіретінен бой жаза алмайды, Мағауия өлгеннен кейін қырық күн өткен соң, алпыс жасқа қарағанда, өзінің туған даласында ақын қайтыс болады.

Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының бауырындағы өзінің Жидебай деген қыстағының жанына қойылады.

Абайдың өлеңдер мен поэмалардан, аудармалар мен факлиялардан тұратын әдеби мұрасы соңғы жолы үлкен-үлкен екі том болып басылды. Ақынның көп жылдар бойындағы ойлары мен толғаныстарының, ізгі жаны тебіренуінің аса бір қымбатты нәтижесіндей бұл еңбектері енді, тарихи тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты болып көрініп отыр. Туған халқының өткендегі ауызша, жазбаша ескерткіштерде сақталған ақындық мұрасына терең бойлаған Абай сол мөлдір бұлақтан құнарлы нәр

алып, өз поэзиясын молықтыра білді. Қазақ халқына ол кезде жете таныс бола қоймаған тәжік, азербайжан, өзбек сияқты шығыс халықтарының классикалық поэзиясы да Абай поэзиясына прогресшіл ықпал жасады. Бірақ қазақ мәдениетінің келешекте өркендеуінің кепілі, оның тарихи дамуы жолында сенімді жолбасшысы болған орыс мәдениетіне (ол арқылы бүкіл европалық мәдениетке), ең алдымен, оған дейін қазақ халқына мүлде белгісіз орыстың ұлы классиктері қалдырған мұраға Абайдың үміт артуы орасан маңызы бар факты еді. Ерекше дарынды, кемел ойлы Абай, жаңа мәдениетті ақыл сарабынан өткізе, өз бойына сіңіре білді. Осындай асыл қазынаны қабылдаудан суретші Абайдың өзіндік айқын ерекшелігі өсіп, көркейе берді.

Абай, қазақ халқы әлі мейгеріп жетпеген мәдениеттерге бойұрғанда, жаңа көркемдік суреттеу құралдарымен ғана молыққан жоқ, рухани дүниесін жаңа идеялармен де байытты. Өзінің идеялық және творчестволық байлығының асылына келгенде, Пушкин сияқты, Абай да қалың жұртқа ортақ, сонымен бірге анық ұлттық, халықтық ақын.

Абайдың сексенінші жылдардағы өлеңдерінің көпшілігі қазақ қоғамының тағдырына арналды. Сонымен қатар, ақын халқының бүкіл рухани қатынасын терең көркемдік-сыншылдықпен қайта қарап, өзінің ақындық жаңа программасын ұсынды.

Бұл шығармаларында Абай қалың бұқараға жақын келеді. Алайда оның поэзиясының халық творчествосынан зор айырмасы барын дәл осы тұста айқын көреміз. Абай бірде-бір өлең жолында халық творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой бітімін қаз қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін тереңдетіп, жаңа ой, сезімдермен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді. Ең алдымен, бұл шығармалардан ақынның ескілік әдет, билеуші феодалдардың азғындық мінездері, қараңғылық, дау-жанжал жайлаған еңбекші бұқара мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүрген сол кездегі қазақ ауылының қоғамдық қалпына бітіспес көзқарасы айқын көрінеді. Абайдың көптеген өлеңдерінде («Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Күлембайға», «Көжекбайға»,

тағы басқалар) надандық, дәуекестік, парақорлық, арам-тамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани бишаралығы өлтіре сыналады. Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұңғыш рет соншама моральдық тереңдікпен айтылады.

Шығыс әйелдерінің халық поэмалары мен тұрмыс-салт жырларында суреттелетін қайғылы, бақытсыз халі Абай творчествосында жаңа мағынаға ие болады. Өз поэзиясында Абай әйелдің жан-жүйесін көрсетеді, ал бұл жөнінде бұрынғы поэмалар мен жырларда аз айтылатын да, әйелдің қасіретті тағдырына сырттай ғана баса көңіл бөлінетін. Абай сүйген адамын өзі қалаған әйелдің махаббаты қаншалықты жан тебірен-терлік, кіршіксіз таза, терең болатынын, оның қиыншы-лықпен қолы жеткен бақыты үшін күресте қажырлы, берік екенін көрсетеді. Абай қазақ әйелін, ананы семьяның тірегі ретінде жырлайды, оның жанқиярлы-ғын, даналығын, шын көңілмен берілген достыққа беріктігін, оның адал, тамаша жанының тұтастығын мадақтайды. Қалыңмалға, көп қатын алушылыққа, әйелді күндікте ұстаушылыққа жан-тәнімен қарсы шыға отырып, ақын өлеңдерінде әйелдің қоғамда тең праволы болуы үшін күреседі.

Абай бұрынғы ауылдың ғасырлар бойғы ескілікте-рін, енжарлық пен жалқаулықты қатты түйреумен бір-ге, ақылы бар, бойында күші бар адамға қажетті қасиет ретінде еңбекті сүюшілікті жырлайды.

Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзиясының канондарын бұзды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңдеріндегі өзінің ақындық программасында Бұқар жырау, Шортанбай, Дулаттар-ды қатал сынап, олардың поэзиясын «құрау-жамау» деп атайды. Абай оларды жас ұрпаққа рухани азық бер-мей, халықтың қоғамды қайта құру күресіне зиянын тигізгені үшін өткен, құлдық заманды жырлап, дәріпте-гені үшін айыптайды. Абай жаңа поэзияның биік мақ-саты, міндеті — халыққа қызмет ету, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру деп біледі. Халықтың еңбек етіп, өз правосы үшін күресуі ғана дала кедейіне тәуелсіздік

әпереді, білімге, аянбай оқуға ұмтылу ғана жас ұрпақтың қолын жақсы өмірге жеткізеді.

Оқуға шақыруды Абай жалаң уағызбен айтпады. Абайдың бүкіл поэзиясы, оның жаңа лебізді, орамды өлеңінің, өмірлік қуатқа толы образдарының күші қазақ қоғамын ескірген идеялар мен сезімдер шеңберінен шығарды, ауыл еңбекшілерінің ортасынан шыққан адамдардың басын қатырған мұсылман медреселерінің схоластикасы мен балдыр-батпақтарын аяусыз шенеді.

Абай Шығыс поэзиясына, Таяу Шығыстың бұрынғы және сол тұстағы мәдениетіне келгенде де өзіндік бетін сақтай білді. Ол түп-нұсқа арқылы (ішінара шағатай тіліндегі аудармасы арқылы) араб-иранның бүкіл батырлық-діни эпосын, Шығыстың Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Фзули сияқты классиктерін білді. Жас шағында ол қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін тұңғыш рет енгізіп және сол классиктердің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб-парсы сөздерін енгізіп, әлгі ақындарға өзі де еліктеген еді. Кейін, халық творчествосынан искусствоның анағұрлым өмірлік берік негіздерін тауып, Абай шығыс әдебиетінен халық шығармалары — «Мың бір түнді», парсы мен түріктің халық ертегілерін, халық эпосын жоғары бағалады. Ол әңгімелеген «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы» поэмалары ел арасына кең таралды.

Таяу Шығыс мәдениетін, тарихын зерттей жүріп, Абай Табари, Рабгузи, Рашид әд-дин, Бабур, Абулғазы-Баһадур хан және басқаларының еңбектерімен танысты, сондай-ақ шығыстың діни ғалымдарының пайымдауындағы логика мен мұсылман правосы негіздерін де білді. Абай Таяу Шығыстың ежелгі мәдениеті ғана емес, сонымен бірге өз заманындағы мәдениетімен де жақсы таныс болатын. Ол татардың тұңғыш ағартушыларының да еңбектерін білетін.

Жаңа туып келе жатқан ең бір кертартпа діни-саяси ағым панисламизм мен пантуркизмге Абай сол жылдардың өзінде-ақ дұрыс баға бере білген еді, бұл ағымды қазақ молдалары, қожалары, дала феодалдары жанын сала қолдайтын. Бұл бағытқа қарсы. Абай өз халқы мәдени прогреске орыс халқының ұлы мәдениетінен үйрену арқылы жететінін насихаттап, өзі де соны жүзеге асырды — бұл ретте ол өмірінің ақырына дейін дәйекті, табанды болды. Ол панисламизм пен пантур-

кызмді шығыс халықтарының ғасырлар бойғы окшаулығы мен мешеулігін тапжылтпай, нығайта түсетін топас фанатизм деп есептеді.

Ұлтының және діни нанымдарының өзгешелігіне қарамастан барлық халықтардың бейбіт, тату тұруына негізделген ағарту үшін нағыз жалынды күрескер Абайдың көзқарастары мейлінше кең, әрі батыл, еркін болды: Әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық мәселелерін езілген бұқараның тұрғысынан қараған ойлы, дана художник Абай — қазіргі күнде өзінің «ғажайып» жамылғысынан айрылып, халықаралық империализмге жалданған, буржуазияшыл-кертартпалық ұлтшылдық мәнін әшкере еткен панисламистік және пантуркистік идеялардың залалды әсерін сол кездің өзінде-ақ алдын-ала көре білді.

Өзінің творчествосында Абай осы жалған «Шығыстың оянумен» бірге бір қадам да басқан жоқ. Абайдың ақындық мұрасына, әсіресе махаббат жайындағы өлеңдерінде, лирикалық толғануларында, «Масфұт» атты философиялық-моралистік поэмасында Шығыс классиктерінің әсері шүбәсіз екенін көреміз. Бірақ ол Шығыс поэзиясы классиктерінің кезінде болашаққа бет бұрған, дамып, жаңа бір нәрсеге айналуға мүмкіндігі бар табыстарына ғана мұрагерлік етті. Абай шығармаларындағы идеялық-көркемдік мазмұнның реализмі, сезім шынайылығы, өмірді терең бойлап сезіну, адам қатынастары мен дүниені нақтылы түрде қабылдау — дәстүрлі шығыс поэзиясының жаңа өмір мен жаңа ұмтылуларды бойына сыйғыза алмай, әлдеқашан тозған сипаттарына мүлдем қарама-қарсы, өзгеше.

Тіпті, Абайдың өз діни нанымдары мен ішкі сенімдерін бейнелейтін өлеңдері де мұсылман дінінің кітаби догмаларынан мүлдем басқа. Айқын сыншыл ойды жақтаған Абай, көбіне исламның ресми түрде уағыздалған догмаларын тікелей жоққа шығарып отырады. Ол үшін дін — тек адамның жеке басының моральдық жетілуінің құралы ғана. Молдалар мен фанатиктерге, ислам мен схоластиканы таратушыларға, құраншыларға арналған өлеңдерінде ақын оларды «мал құмар көңілі бек соқыр, бүркіттен кем бе жем жесі?» деп аяусыз ажуа етеді.

Алайда Абайдың үнемі дәйекті бола бермегенін атап өткен жөн. Молдалар мен ишандардың діни фанатизмін,

екіжүзділігін, пайдакүнемділігін сынай отырып, Абай бірсыпыра өлеңдерінде, әсіресе, «Қара сөздерінде» дінді жақтады. Дидактикалық өлеңдеріндегі насихатының бірқатарын Абай ислам заңдарымен дәлелдеді. Ол діннің негіздерінің өзін мақұлдамайтын саналы, дәйекті философиялық материализм дәрежесіне көтеріле алмады.

Оның көзқарасындағы осындай әлсіздіктің бір себебі сол — феодалдардың халық бұқарасын адам айтқысыз қанап отырғанын әшкерелей, жек көре тұра, Абай сол қанаудың таптық сипатын әбден түсініп жетпеді. Оның бүкіл өмірі өткен кішкене өнердің көшпелі тұрмыс жағдайы мәдени-экономикалық факторлардың тарихи маңызын жете бағалауға мүмкіндік бермеді. Бұл мәселелерге орыстың ұлы революцияшыл-демократтары сияқты ықылас қоюшылықты және экономикалық укладты өзгерту күресін түсінушілікті оның творчествосынан таба алмаймыз. Оның ағартушылық сипаты басым еді де, келешекке деген үмітін қазақ халқының сол замандағы оқу-білімге тезірек жуықтауына, гуманистік идеяларды кең тарату идеяларына артты, ол мұның қайнар көзі орыс мәдениетінде деп білді.

Абай өздігінен білім алудың ұзақ жолын өтті. Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан бастаған ол алпысыншы, жетпісінші жылдар әдебиетімен де танысты, тек ақындарды ғана құрметтемей, Лев Толстой, Салтыков-Щедрин сияқты ұлы прозаиктерді де түсінді. Орысша аудармалар арқылы Абай Гете мен Байронды, Батыс Еуропаның басқа да классиктерін білді. Орысша аудармалар арқылы ол ежелгі замандардағы әдебиетпен де танысты. Ақынның достарының айтуы бойынша Абай Батыс философиясымен де қызықсынған көрінеді (мысалы, Спиноза мен Спенсерді оқығаны, Дарвин жайын сұрастырғаны мәлім). Алайда оның философиядан алған білімі белгілі бір жүйеге түспеген еді. Маркс және оның ғылымы туралы ол білмеген болса керек.

Абайдың орыс классиктеріне творчестволық жолмен келуі ақын қызметінің әрбір жаңа кезеңінде жаңаша болып отырады. Крыловты аударғанда, Абай оның мысал моралін қазақ ұғымы мен түсінігіне сәйкестендіре, кейде өзгертіп, өзгеше бір нақыл сөз түріне келтірді. Бірақ «Қанжар», «Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз», «Теректің сыйы», «Жалау», «Де-

мон» үзінділерін алсақ, Лермонтовтан аударылған өлеңдерінің ішінде өзінің дәлдігі мен шеберлігі жағынан күн бүгінге дейін бұлардан асқан аударма жоқ.

Абайдың Пушкинге көзқарасында бүтіндей бір өзгешелік бар. «Евгений Онегин» үзінділері аудармадан гөрі, Пушкин романын шабыттана әңгімелеуге ұқсайды. Бұл ретте Абай Шығыс поэзиясында ертеден қалыптасқан «нәзира» үлгісін қолданып, өзінен бұрынғы ақындардың тақырыбы мен сюжетін жаңаша баяндайды. Мысалы, біз «Ләйлі мен Мәжнүн», «Фархад пен Шырын» және «Александр Македонский» (Ескендір) туралы поэмалардың сюжеттерін ертедегі тәжік, азербайжан, өзбек классигі Навоига ұқсап, Александр (Ескендір) мен Аристотельді осы қайталау планында жырлайды. Ұлы мұраны еркін ақындық баяндаудың осы мәнерін Абай «Евгений Онегинге» де қолданған. Татьяна мен Онегин образдарының биік поэтикалығына, шынайылығына ғажап қалған Абай олардың тарихын баяндайды, олардың ұлы қастерлі сүйіспеншілігінің бағалылығын баса көрсетеді және оны қазақ жастарының ұғымына жақындатады. Абай версиясында «Евгений Онегин» эпистолярлық роман түріне не болған.

Татьяна мен Онегиннің сүйіспеншілік хаттарына мелодиялар шығарып, оларды ақындардың репертуарына енгізген, сөйтіп бұл есімдердің ел арасында кеңінен белгілі болғаны соншалық — дала жастарының сүйіспеншілік хаттары солардың сөздерінен басталып отырған.

Қазақ әдебиетінің өркендеуі үшін Абайдың аудармашылық жұмысының зор маңызы болды, бірақ оның орыс әдебиетімен байланысы мұнымен ғана тамамдалмайды. Бұл мәдениет пен көркемдік дәстүрлердің аса күшті ықпалын Абайдың өз творчествосынан іздеу керек. Мысалы, Пушкинді Абай басқа орыс классиктерінен гөрі сиректеу аударған. Солай бола тұрса да, оның орыс ақынымен байланысы өз творчевствосында әрі терең, әрі айқын көрінді. Оның лирикалық ойға шомуларында, табиғат суретін реалистікпен беруінде, махаббат иесі әйелдің жүрегін терең түсінуінде, әлеуметтік сарындардың адамгершілік үнінде Пушкиннің көптеген сипат белгілері бар.

Пушкиннің және дүние жүзінің ақындық мәдениетімен іштей терең байланысу ғана Абайдың жылдың төрт

мезгілі туралы өлеңдерін, лирикалық өлеңдері мен ақындық толғаныстарын, ақын қызметі жайындағы өлеңдерін, Александр Македонский мен Аристотель туралы поэманы жазуына мүмкіндік берді.

Ақынға арналған өлеңінде Абай ақынды қоршаған ұятсыз-арсыз, енжар ортаға оның тәуелсіздігін, шыншылдығын, ер тұлғасын, шабытты ойының шиыршық атып шарқұруын қарама-қарсы қояды. Абай өзінің поэзиялық көзқарастарында Пушкинмен осылайша туысып жатады. Абай көркем проза жазбаған, бірақ болыстарды, чиновниктерді, билерді, атқамінерлерді өлтіре сынап, мысқылдаған сатиралық өлеңдерінде ол Салтыков-Щедринге көркемдік жағынан да, саяси жағынан да жақын.

Шәкірттерге арнаған бір өлеңінде Абай Салтыков-Щедринді халыққа зорлық-зомбылық көрсетушілердің дәлме-дәл суреттерін берген жазушы ретінде атайды.

Өкінішке қарай Абайдың Герценді, Белинскийді, Чернышевскийді және Добролюбовты қаншалықты білгендігі және қалай қабылдағаны туралы мәселе осы уақытқа дейін өте аз зерттелген. Тек жоғарыда аталған революцияшыл-демократтардың жолын қушылар Абайдың жақын достары болғаны және оның өз халқының азат, өнер-білімді болуын мақсат еткен арманына ортақтасқаны ғана белгілі. Бұл проблемамен тек Қазақстанның ғалымдары ғана шұғылданып қоймауы керек, өйткені, орыстың демократиялық интеллигенциясының күресі ұлт аймақтарында, патша колониясының ұлттық ақындарының ой-пікіріне қалай әсер еткенін түсіну үшін мұның үлкен мәні бар. Қрыловты, Пушкин мен Лермонтовты аударғанда Абай алдына тек көркемдік қана мақсат қойды ма? Бұл алпысыншы жылдағылар программасының шінара жүзеге асуы, Чернышевскийдің халық бұқарасын тарихи жемісті, нағыз азат етуші білімдермен ағарту туралы ойларының жүзеге асуы емес пе?

Біз заманымызда ұлы ақын мұрасы қалай меңгерілуде, Абай өмірі мен творчествосын зерттей отырып, советтік ғылым өзінің алдына қандай проблемалар қояды деген мәселеге тоқтап өту қажет.

Қай халықтың болса да дүниежүзілік мәдениетке берген озат нәрсесінің бәріне үлкен ықыласпен қарайтын біздің советтік әдебиеттану ғылымымыздың соңна-

листік мәні Абайдың ақындық мұрасын жан-жақты зерттеу, оның творчествосын, өзін Қазақстан мен Совет одағында ғана емес, сонымен бірге шетелдерге де кең насихаттау фактісінен айқын көрінеді.

1909 жылы Кәкітай Ысқаков Абайдың таңдамалы шығармаларын тұңғыш рет басып шығарады. Бұл кітапқа ақын өлеңдерінің үштен екісі ғана енді және онда ғылыми түсініктер берілмеді. Кәкітай жазған шағын алғысөзде Абайдың өмірбаяны жәйлі қысқа мәлімет және оның творчествосы мен көзқарасы туралы тым жалпылама ғана пікір болды. Бұдан кейін ақын шығармаларының Ташкент пен Қазандағы екі баспасы Кәкітай баспасын қайталады. Октябрьге дейін Абайды зерттеудің нәтижесі осындай болды.

Ал қазір ше?

Абай жайында жазылған еңбектердің библиографиялық көрсеткішінің өзінде-ақ қалың кітап боларлық жұмыстардың аттары аталады; мұнда стиль мен тілдің проблемаларын Абай творчествосының идеялық мазмұны, оның өмірбаяны туралы проблемаларды, көптеген басқа мәселелерді қозғайтын ғылыми еңбектер де, мақалалар да бар.

Алайда, бұл көрсеткіш те Абай жайындағы еңбектерді, әсіресе соңғы жылдарда қазақ, орыс жазушылары мен ғалымдары, тарихшылар, педагогтер, журналистер жазған мақалаларды толық қамти алмайды.

Абай есімі оқу программаларына енгізілген, оған оқулықтан орын берілген, шығармаларының бірқатар нұсқалары хрестоматияларға кіргізілген.

Ол туралы пьеса, кинофильмдер жасалды. Осындай ортақ зор еңбектің арқасында Абай бүкіл совет халқына тіпті жақын болып алды. Ол туралы Москваның, басқа қалалардың көптеген оқушылар конференцияларында айтылады, мектеп оқушылары жазбаша шығарма жазады. Қазақстан ғана емес, Москвада, Ленинградта, Бакуде және басқа қалаларда студенттер диплом жұмыстарын жазады, оның творчествосының әр саласынан диссертациялар жазылуда.

Бұл салада көп істер істелді. Сондықтан да ақынның мұрасын, оның өмірі мен дәуірін онан әрі зерттеудің проблемаларын еске түсірудің маңызы зор. Бұл проблемалардың ішінен ең алдымен ақынның өмірбаянын терең зерттеу проблемасын айтуға болады.

Абай өмірбаянын «биографизмнің» тар шеңберінен шығару керек. Оның творчестволық және өмірлік жолын реформадан кейінгі дәуір шындығының нақтылы жағдайлары белгіледі. Бұл жағдай жазушының жаңа типің туғызды. Алтынсарин де, Абай да осындай жазушылар болды, олар өздері туып өскен феодалдық ортадан қол үзіп, феодализмнің кертартпа негіздеріне қарсы шаруалар наразылығын білдірушілерге айналды.

Абай творчасының халықтығын зерттеу — айрықша маңызды міндеттердің бірі. Өткендегі еңбектерде бұл проблеманы дұрыс шешуге қазақ әдебиеті «бірыңғай ағынмен» дамыды деген аса қате түсінік кедергі жасады. «Бірыңғай ағын теориясы» рухында жазылған зерттеулерде Абай өзінің тағдыры мен творчасын байланыстырған ортадан — қазақтың реформадан кейінгі дәуірдегі шаруалардан оқшау алынды.

Мақалалардың көпшілігінде Абайдың халықтығы ақынның қайдағы бір мұрат-мақсатқа ұмтылуы ретінде көрсетілді, ол мұрат-мақсаттың өзі нақты тарихи сипаттарсыз, қайшылықтарсыз көрсетілді, асылына келгенде, марксизмнің «еңбекшілер бұқарасының тарихын, халықтар тарихын» ескеру керек деген қағидасы еленілмеді.

Жазушы өз дәуірімен байланысты, оның халықтығы — тарихи әрі дамып отыратын категория. Лениннің Чернышевскийге, Герцен мен Толстойға, Горькийге берген бағасында бұл мейлінше терең әрі тамаша ашылған.

Абайдың тікелей халықтығы — халықты езушілерді қаналушы бұқараның тұрғысынан әшкерелеуінде. Бұл ретте ол халықтың ауыз әдебиетіндегі нақыл сөздерді, мәтелдерді, тілдегі метафораларды, халық юморының тәсілдері мен құралдарын пайдаланады. Ол ауыл кедейін, бағырағын, қазақ әйелін, қарапайым адамдардың бейбіт еңбегін жақтайды, надан әкелердің содырлы мінез-құлықтарының кесірі тиетін жас ұрпақты жақтайды. Бұл — тікелей халықтық белгілер. Шығармаларын өз халқының тілінде жаза отырып, ақын халық ойы мен арманын неғұрлым өткір, терең, нәзік түрде жеткізу үшін бұл тілді байытып, дамытады. Абай халық жыршылары айта алмаған, бірақ халық бұқарасының санасында жүрген ойларды айтты.

Осыдан келіп Абай халықтығының екінші бір сапасы басталады. Халықтың саналы түрде түсініп болмаған, стихиялы тілектерін, саналы түрде айтып, бұл үшін өз бойына жинаған нәрді пайдаланып, сол кездегі орыс мәдениетінің шыңына құлаш ұра, ақын жалпы мәдениеттік, жалпы тарихтық маңызы бар бүкіл ұлттық қазына жасайды. Оның творчествосында көрінген Белинскийдің, Чернышевскийдің эстетикалық принциптері, оның өлмес өшпес лирикалық туындылары, Пушкинді, Лермонтовты, Крыловты аударушы және насихаттаушы ретіндегі ағартушылық қызметі, адамгершілік қасиеті жоғары адамның маңызы мен ұлылығы туралы поэмалары айрықша бағалы қазына. Бұл шығармаларда Абай халық тағдыры, халықты езушіліктен құтқару амалдары туралы тікелей айтпайды, бірақ та Абай мұрасының бұл саласы да терең халықтық болып табылады.

Бүкіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы ақындық мәдениетінің маңызды элементтерін қамтыған Абай шығармалары қазақ әдебиетін, оның бүкіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеулік қалпынан шығарып, жоғары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: ол өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап, халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді.

Абай реформадан кейінгі дәуірдегі қазақ шаруаларының әлеуметтік тарихи тәжірибесін дұрыс бейнелеп, түйіндеп көрсетті. Бұл жәйт оның творчествосын «еңбекші бұқара тарихының», озат қоғамдық ой тарихының фактісі етті.

Зерттеушілер Абай творчествосы мен орыс әдебиетінің байланысы туралы аса маңызды бір проблема жөнінде аса көп жұмыс жүргізуге тиіс. Біздегі жұмыстардың бәріне ортақ кемшілік — бұл мәселенің тар көлемде қойылуында. Зерттеушілердің назары ең алдымен Абайдың Крыловтан, Пушкин мен Лермонтовтан аударған аудармаларына ауды: Абайдың Белинскийге, Герценге, Чернышевскийге, Некрасовқа, Салтыков-Щедринге қатынас жайындағы мәселе күні бүгінге дейін қаралған да емес.

Бұлардың үстіне, Абайдың орыс әдебиетіне қатынасы жайындағы мәселе Абайдың бүкіл орыс мәдениеті мен философиясына, эстетикасы мен публицистикасына қатынасы жайындағы мәселеден бөлек қаралып жүр.

Бірсыпыра еңбектерде Абайдың орыс мәдениетіне келген жолы туралы мәселе оның достарымен тікелей байланыс жасауы шеңберінде ғана айтылады, мұның өзінде, әлгі дос дегендері — 80—90-жылдардың халықшылдары дәріптеледі де, олардың Абайға еткен әсері асыра бағаланады.

Ақыр аяғында, Абай творчествосының орыс әдебиетіне қатынасы, әдетте, идеялық жағынан анықталады да, Абайдың орыс әдебиетімен байланыс жасауы арқасында туған жаңа көркемдік форма мен жанр мәселесі ауызға да алынбай қалады.

Біздің алдымызда қандай міндеттер тұр?

Методологиялық маңызды міндеттің біріншісі — Абайдың орыс әдебиетіне қатынасы жайындағы мәселе даму үстінде зерттелуі керек. Абай жиырма жыл бойы орыс әдебиетінің таңдаулы дәстүрлерін творчестволық жолмен қабылдап отырды. Бұл дәстүрді игеруде оның өз жолы бар. Татьяна мен Онегин туралы назира жасаудан, Пушкин мен Лермонтовтан аударудан Абай Некрасов пен Салтыков-Щедринді зерттеп үйренуге келді. Біз осынау жолдың кезеңдерін, бірінен-бірінің сапалық ерекшелігін, араларындағы байланыс-жалғастарын анықтауға міндеттіміз, біз мұның бәрін әр дәуірдің сипатын белгілеген саяси оқиғалармен, соның ішінде орыс және қазақ халықтарының қарым-қатынасымен тығыз байланыстырып зерттеуіміз керек.

Абайдың орыс әдебиетіне қатынасы, оның творчествосынан айқын көрінеді, әдебиетті қоғамдық сапаның өзге түрлерінен бөліп алмай, орыстың демократияшыл озат мәдениетінен Абай алған бүкіл байлықты сырдаң тартқызбай, бұл қатынасты барлық шын, объективті байланыстармен зерттеу қажет.

Абай творчествосының шығысқа қатынасы жайындағы проблемамен де тереңірек, сын көзімен қараңқырай шұғылданду керек, мұның өзі — өте аз зерттелген мәселелердің бірі. Бұрынғы зерттеулерде Абайдың иран әдебиетімен байланысы деп айтып жүргеніміз, шынында, тәжік, өзбек, азербайжан классиктерімен байланысы, былайша айтқанда, бүкіл совет елі таныған жазушылармен — Советтік Шығыс әдебиетінің қарт классиктерімен байланысы еді.

Абайдың Науаиға, Низамиға, Фзулиге қатынасын және оның Қожа-Ахмет Яссауидің «Хикматы» сияқты

мистикалық әдебиетке қатынасын қадағалай отырып айыру қажет. Алғашқылары Абайды өздерінің биік шеберлігімен, гуманистік ойларымен, шінара, эстетикалық көзқарастарымен тартты: Шортаңбай, Мұрат, Әубәкір сияқты, өзінен бұрын болған немесе өзімен тұстас кертартпа, консервативтік ақындардай емес, Абай бүкіл жердегі өмірді, оның ішінде қоғамдық өмірді қайта құру жолындағы күресті жоққа шығарған суфизмге мейлінше қарсы.

Абайдың Шығысқа қатынасы ақын творчествосының әр кезеңінде әрқилы болғанын есте ұстау қажет. Егер жас кезінде (1860—1865) жай еліктеуден бастаса, есейіп ержеткен шағында (1886—1904) Науан мен Низамиға сырттай еліктемей, олардың дәстүрлерін творчестволық жолмен, сын көзімен қабылдады. Бұл ретте «Ескендір» поэмасында Низамидағы Қызыр пайғамбардың орнына Аристотель образын енгізгені, Ескендірді қандықол басқыншы етіп көрсеткенін айтсақ та жеткілікті.

Бұрын араб аңыздарының шартты түрде ғана белгіленген геройлары болған Таризель, Нестан, Дареджан, Автандилдің образдарында өзінің көзқарасын және өз кезіндегі грузин қоғамының этикалық нормаларын білдірген Шота Руставели сияқты, Абай да Шығыс классикасының сюжеттері мен образдарын пайдалана отырып, белгілі дәрежеде, Масғұт образы арқылы сол тұстағы әрі өзі ортақ болған ойлар мен толғауларды бейнеледі.

Онан соң Абайдың Шығыс классиктеріне қатынасын зерттегенде, бұл байланыстың ұтымды жақтары мен қатар (форманы жетілдіру мүмкіншілігі, Абайға тән адамгершілік қасиеттің кеңірек ашылуы) классикалық Шығыс әдебиетінің: орта ғасырлық жағдайлардың әдеби стильді тежеуі, діни сарындар, фантастикалық сенуден шыққан құр қиял, бірқатар көркемдік форманың енжарлығы сияқты теріс жақтарын да естен шығармау керек.

Абайдың ислам дініне қатынасын зерттегенде, бір жағынан, оның көзқарасы мен творчествосында феодалдық идеологиялық қалдықтары бар екендігін ескерсек, екінші жағынан, Абай жақтаған шаруалардың идеологиясында діни ескі ұғымға сенушілік бар екенін де ұмытпау керек. Абайдың көзқарасындағы діни элементтер, сөз жоқ, оның творчествосының әлсіз жағы болды, өйткені Абайдың 90-жылдардағы, осы ғасырдың бас

кезіндегі революцияшыл жұмысшы қозғалысымен байланысы болмады, ол діни элементтер ақын, ойшыл Абайдың негізгі бағытына қайшы келді.

Біздің зерттеулерімізде Абайды төңіректеген ақындар творчествосының әлеуметтік сипаты ұзақ уақыт бойы даралап ашылмай келді...

Абай мұрасы зерттеушілердің алдында тұрған маңызды тақырып — қазақтың демократиялық әдебиетінің бұдан былайғы дамуындағы Абай дәстүрін тексеру. Бұл саладағы басты міндет — ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократияшыл ақындары Дөнентаевтың, Торайғыровтың Абай дәстүрін қалай жалғастырып әкеткенін анықтау, әсіресе бұл ақындардың орыс мәдениеті мен әдебиетіне көзқарастарындағы сабақтас жайларды анықтау болып табылады. Жаңа тарихи жағдайда, ең бір ұлы революцияны дайындау дәуірінде олардың Абай нәр алған орыстың революцияшыл демократтарының озат идеясын, орыс классиктерінің реализмін қандай дәрежеде қабылдап, онан әрі қалай дамытқанын айқындау қажет. Олар Абай ізімен жүргенде өз дәуірінің озат идеяларымен қаншалықты рухтана білгенін, сол дәуірді толық көрсету үшін қандайлық жаңа әдеби формалар тапқанын ашу керек.

Ақырында, қазақ совет әдебиетіндегі Абай дәстүрлерінің проблемасын жан-жақты көтерудің, қазақ совет әдебиетінің таңдаулы шығармалары негізделіп жазылған социалистік реализм әдісі мен Абай реализмі арасындағы ішкі байланысты анықтаудың терең мәні бар. Абайдан біздің ақындарымыз бен жазушыларымыз қабылдаған демократиялық элементтерді айқындаумен бірге Абайдың көркемдік формаларына, оның ақындық тіліне қазақ совет әдебиетінің қандай қатынасы бар екендігіне айрықша назар аудару керек.

Абайдың шығармаларындағы саяси-әлеуметтік идеялар соларды туғызған экономикалық базиспен бірге құрыды. Бірақ Абайдың сол шығармалары мен көркем образдары онда суреттелген дәуірмен бірге өліп қалған жоқ. Олардың әсер етушілік қуаты — өз тұсындағы халық өмірін Абайдың мейлінше кемелденген көркем формада бейнелеуінде. Абайдың нақтылы саяси-әлеуметтік, этикалық, эстетикалық идеяларын совет жазушыларының творчествосынан іздеп жатудың қажеті жоқ, бұл жеміссіз жұмыс. Бірақ совет жазушылары социалистік

қоғамның талап-тілектеріне жауап бере отырып, Абайға тән дәстүрді — Отанды, өнер-білімді сүю, өктемділікті жеккөру дәстүрін дамытады. Социалистік рухани мәдениеттің негізінде Абайдың таңдаулы мұраттары гүлдене түсті, қазіргі дәуірге ылайық ой-сезімге айналды.

Қорыта келе айтарымыз, Абайдың өмірі мен творчествосын зерттеу проблемасы неғұрлым кең, принципиалды, жан-жақты талқыланса, оның мұрасын зерттеу нәтижелері солғұрлым жемісті, елеулі бола бермек.

Поэзияда, музыкада қоғамдық-азаттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының тарихында тау шынарындай биік тұр. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің игі әсерімен молықтырды.

Абай өз халқының және Таяу Шығыстың қоғамдық ойының Октябрьге дейінгі тарихындағы ең прогресшіл қозғалысты басқарды. Қазақ халқының тұңғыш ағартушы қайраткерлерінің бірі болған ол қазақ қоғамының орыстың озық мәдениетіне жақындасуына бөгет жасаған кедергілерді дәйекті түрде күйретіп отырды, сөйтіп, кертартпалық құрылысқа қарсы сәулелі болашақ үшін ортақ күресте орыс және қазақ халықтарының қосылуына жәрдемін тигізді. Абай есімі бізге сондықтан да қымбат. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ұлы Одақтың барлық халықтарымен туысқандық ынтымағын өзінің күресімен, жеңісімен нығайта түскен. Отанымызды қорғаған қазақ жауынгерлері мен офицерлерінің арасында ақын өлеңінің дәл бүгінгідей, соны үнмен естілгені де осыдан. Барлық рухани қазыналарды жауынгерлік сынға салған жылдардан өз Отанының таңдаулы ұл-қыздарымен бірге өтіп, Абай біздің социалистік бақытты бүгінгімізге бұрынғыдап да жақын, бұрынғыдан да қымбат бола түсті.

Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы — Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы міне осында.

1954

АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде, 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскембай, үшінші атасы Ырғызбай. Бұлардың барлығы да ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары: Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы — Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты мықты биі Кеңгірбай осы Жігітектің баласы. Қайдостан — Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болмаған. Қайта момын, жасық адам болғандықтан оны «Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» дейтін мақал бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде, бір жағынан тапқыр шешендік, бір жағынан бақсы құшнаштық сияқты сәуегейлік те болған. Ол жөнінде өзіне аян беретін «жасырын күшінің» атын «Қара бура» дейді екен.

Бертінде сол Айпараның ұрпағынан тараған Айдостың сәуегейлікке салынғаны болса, «көріпкелім бар», «Айпара шешемнің қара бурасы бар» деп жүріскен.

Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз — төрт бала-сына берген аналық сын сөзі. Сонда:

Шынжыр балақ шұбар төс — Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торыайғыр — Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес — Топайым,
Сірә да оңбас Торғайым,—

Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық артық боп озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Ол жайды — Тобықтының сол күндегі берік, жүйрік, табан шөңгел биі Кеңгірбай өзге барлық жас желеңнің ішінен Ырғызбайды артық санайды. Өз қасына алады. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Дау-дамайға, бітім-билікке де жүргізеді. Ол кез — көп бидің парашыл кезі. «Сыбаға» деп, «жол» деп бадырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнінде көп сөз еретін. Соның мысалы байы өлген қаралы бір қатынның айтқан дауы-

сынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе ала алмай отырған әйел:

Мойны-басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға.
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған қара атан,
Тігілгей еді қараңа...—

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі — жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жиында күреске түсетін ірі балуан болған. Уақытында қазақтың көп ру елінің арасына зор лақап боп жайылған бір күресі бар. Ол қазақ, қоқан халықтары жиналған бір аста «Қоңыраулы балуан» деген түйе балуанды жыққан.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олары: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Бұлардың нағашысы керей Ер Жәнібек екен. Сол кісі Ырғызбайдікіне бір келгенде жас бала Мырзатай қатты ауырып жатады. Шешесі бұл баласын өзгелерінен артық, ыстық көреді екен. Қысылған баланың жаны қала ма деген далбасалықпен сол ауру баладан садаға ғып екінші баласы Өскембайды айналдырмақ болады. Сонда Ер Жәнібек «біздің тұқымның бір шағым оты болса мына балаңда ғой, тимесенші» деп, Өскембайды садаға қылдырмай ара түсіпті. «Отындық ағаштан оқтық мүсін туған жігіт» дейтін сөзін осындай тұста айтса керек. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң, інісінің орнына осы баласын ұстайды. Бертін келіп, өзі қартая бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Өскембай туысы аздығын айтып «Төрт сояу атанып ем ғой, батанды Ерекеңе берсейші» деген, Ерекең Кеңгірбайдың Ералы деген баласы еді. Кеңгірбай «мен өз баламды өзім көрмей жүрмін бе» деп, сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би еткен. Ол Кеңгірбай маңайындағы өзге ағайын-туысқан, іні-баласының бәрінен пысық, епті болыпты.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде ең алдымен, Кеңгірбайдың көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойып қашандау ұстауға тырысқан. Ру басылар ортасында сақталып келген сөздің біріңде: «Ісің адал болса,

Өскембайға бар, арам болса Ералыға бар» деген сөз бар. Бұ да билердегі сатымсақтық, жемқорлық дағдыны көрсетеді. Содан мезі болған, жиренген ел өз сынын әр тұста қатты айтып отырған:

Қайырсыз болған жазынан —
Қайырлы болған қыс артық,
Көрінбеген алтыннан —
Пайдасы тиген мыс артық.
Пара жеген билерден —
Қасқыр алған ит артық,—

деген сөздер би атаулының қайсысына болса да сын, та-
разы тәрізді еді. Парашыл әкім кім болса да, ел сыны
беті-жүзіне қарамай қатты айтылатын. Би ғана емес,
халықты меңгерген қай төреге де соны ашып айтатын.
Сол Кеңгірбай тұсында найманды билеген мықты төре
Бопыға айтылған бір сын сөзде:

Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген.
Қара сөзге қыбладан сскен желдей
Алдынан тоқтылы қой дау бітпеген,—

дейді. Парашыл, жегіштік елдің дау-шарына бітім тап-
тырмай көпке кесір болған соң осындай ащы мысқыл
да, қатты қатал сын да көп туып, ел аузында күнде
айтылып жүре берген. Сондықтан Өскембай бұл жағы-
нан тыйымды, әділ болады.

Бірақ осындай болумен қатар елді күшпен, зілмен
аламын деп, кейде оқыс, қатал мінезді көп қолданған.

Мысалы, бір уақыт алдына жүгініске келіп отырған
Мәмбетей деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алған
сияқты ісі жаңағы айтқанға дәлел.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай
ер жетіп, атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Құ-
нанбайдың шешесі Зере кісі ренжітпейтін жұмсақ мінез-
ді әйел болған.

1850 жылы, 72 жасында Өскембай өледі. Зере байы-
нан кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, 90-ға жетіп
өледі. Мұның ақын болатын немересі Абайдың бала, боз-
бала күнінде аулының бәрі Зерені «Кәрі әже» дейді
екен. Кәріліктен құлағы есітпейтін болады. Балаларына
дұға оқытып үшкірте береді. Сонда өз қолындағы
немересі Абай кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп
үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алған тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген.

Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша: батырлық, жорықшылық сияқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде ер, мықты, найзагер болып та саналған.

Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінсзді қатты адам болған. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шешесіне, жанашыр жақынға да бір қалыпта болған сияқты.

Ел билеп іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Сібір даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша өкірікке бөлініп, «өкіріктік приказ» билейтін болған. Өкіріктің бастығы аға сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі үкімет чиновнигі болады (елдің көбі мұны майыр дейді). Үшінші мүшесі кіші сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға сұлтап болады.

Бұрыннан өз орталарынан біресудің болуына көп тілеулес болып жүрген ру жуандары Құнанбайдың аға сұлтан болуын, Бөкейханның нәсілі Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, «Құнанбай басының қасиетінен» деп кеткен.

Құнанбай бертіп келгенде аз уақыт Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болады. Сол аға сұлтан болған уақытта, өз еліне старшиналыққа өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Ел мұны адамшылық, ақыл-мінез жағының қайсысына болса да басшы болып, ел меңгеруге жарайтын кісі деп білмеген.

Майбасар қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөкей болып, Құнанбайға өкпелі болады. Бірақ бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай, әрі сырт елдерге атакты, әрі үкіметке салмақты болып ап Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып жыға берген. Сонымен алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жеті адамын Сібір айдатады. Ол кез патшалық ұлығына қазақ сахарасының жаңа-жаңа бой ұсынып келе жатқан кезі болады. Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын.

Қудая, елді сақта сотталғаннан,
Теңселіп екі қолын бос салғаннан,—

дейтін кез...

Құнанбайдың бұл айдатуы өз әмірін зорлықпен танытпақ болған қаталдығынан еді. Ол сол кезде Тобықты ішінде талай руды жерінен көшіріп, өз руына, немесе өзіне жақын, серік руларға шұрайлы жер әперіп жүрген. Бөкенші Борсақты жерінен көшіру, Жуантаяқты, Қара батырды көшіріп жерін алу, Көкшені көшірмек болу, бәрі де сол үлкен, көрнеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітекпен үлкен араздығы да осы жөнінен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Сонымен барып елді қарсыластырмай, қор қып, жасытып жіберем деп жер аударған соң кейінгі көп заманға, көп буынға шейін ұмытпастық кек жаулық қалады. Кейін өсіп, іске араласатын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен осындай зор пәле қайшылық, зорлық тұрған-ды. Абайдың одан жиреніп, қарсы боп өспесіне шара жоқ еді.

Бір Құнанбай емес, осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аударып, жазалатып жүреді.

Құнанбайдың өзін де Жігітектер бір шақта жеңермен боп меңдетіп барып, қуғын қағазды молайтып Омбы қаласына шейін тергеуге апартып, әреңге қалған.

Ел ішінен кісі сотталудың алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді. Оның алды барымта, төбелес, шабуыл және толып жатқан сияз, тартыс-жұлыс болады.

Бейбіт елдің арасын атшабар, стражник сияқты беймаза шолақ әкім кернейді. «Қара қозы жеп, қара елтірі қайқая кніп» дейтін сотқарлар молаяды. Сияз деген бір ауыр салмақ тағы бар. Ол орнаған жер, тын бір обырдың орнағанындай. Ел жуандары бір руға ызғарын өткізем дегенде сол рудың үстіне сияз құрады. Жылдың ауыр кезінде құрып әсіресе күйін кетіреді. Осындай сияздың бірін Құнанбай Көкше руының ішінде өткізбек болған екен, мезгіл қыс, ел қысаң күйде тұрған шақ. Сонда Көкшеден Бектас деген кісі Құнанбайға кеп:

— Е-е, Құнанбай, жарқырап жаз шықпаушы ма еді? Қүркіреп күн шықпаушы ма еді? Қыстың айы алтау еді, енді сенімен жетеу болды ма?— депті.

Құнанбай тұсында Тобықты ішінде бұнымен тең түсетін бастас адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп сияқты кісілер болған. Бұның көбімен

Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жауласқан кісілері де осы топтың ішінде.

Әрине Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол — өз дәуірінің, феодалдық өз тобының бел баласы. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар. Мысалы, Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Осының бір мысалына Сүйіндіктің бір сөзі куәлік етеді. Сүйіндік ауылы бір жылы жау түсіріп, сол жаудан олжаға бір жақсы қара ат алады. Қара аттың соғыста шекесіне сойыл тиіп, басы жарық боп түскен екен. Сонда да Құнанбай қызығып Сүйіндіктен сауғаға сол атты сұрата жібереді. Бірақ осының алдында Жуантаяқ руынан Бостан дегеннің ауылы Сүйіндіктің бір айғыр үйір қысырағын апарып сойып алған. Сүйіндік Құнанбайға шаққанда, ол Бостаннан бір айғыр алған екен, соның салдарынан Сүйіндіктің дауын аяқтатпай жүреді. Жаңағы қара атты енді Сүйіндік Құнанбайға бергелі жөнелтіп жатып:

Айыбында қара аттың басы жарық,
Өзім семіз болғанмен көңлім арық,
Бостанның қорасына қонар едім,
Құнанбай қор қылмаса айғыр алып,—

деп бір ауыз өлең айтқан. Заманынан қалған бұндай сөздер анық, шындық, айғақ. Осымен қатар көпшілік есінде қалған аңызға қарағанда, бұрынғы уақыттармен салыстыруға Құнанбай тұсында «ұрыдан ылаушы, шабаршыдан ел тыныш болған» деседі.

Жалпы өз бағытында жақсылықты ишет қылған анық игілікті істерін алсақ, Құнанбай жайында ол жөнінде де ел әңгімесі көпті айтады.

Құнанбай — оқуды, білімді зор бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, еліне, қоғамына білім таратып ұстаздық ететін шет ел адамдарын қатты күткен. Бұның қолына кеп, қазақпен туысып, анық қазақ боп кеткен әлденеше ұлттың адамдары бар. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысхак тұқымы, Түркістаннан келген Бердіғожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазақпай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бәшібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, Тобықты ішіне оқу-білім таратқан жандар.

Бір жағынан елге үлгі етіп, екіншіден өз тәрбиелерін жетіктіру үшін, дәл өзінен туған бірнеше баласын шет

қалаларға жіберіп оқытқан. Айғыздан туған Халиолла деген баласы Петербурда оқып офицер шенін алып шығып елге келгенде тек құрт аурудан өледі. Абайды Семей қаласының ең зор медресесінде оқытады. Қолындағы басқа бар баласы да оқымысты болған. Әрине Құнанбай тұсында баласын орысша оқытқан, әсіресе офицерлік, төрелікке арнап оқытқан қазақ феодалдарының бәрі де текке құр білім үшін ғана оқытқан жоқ. Шен ал, ұлық бол, менің тұқымымның таптық, саясаттық үстемдігін нық сақтайтын бол деп оқытқан. Құнанбайдың орысша оқытуында да осы сыр анық бар еді.

Көп ел ортасына Құнанбайдың өз тұсындағы өзінше үлгілі ісі боп аталып, таралған бір әрекеті — мұсылмандық әсерін күшейтетін, дін тарату болады. Бұл ретте шарифат жолын ел көкейіне сіңірем деп қатал, о жар мінездер жасағаны, ерсі діндар фанатиктік істер еткені де аз емес. Соның бірі шарифат үкімі деп, Қодар деген шалды келінімен жаманаты шықты деп, мойындарынан қосақтап түйеге асып өлтірткені. Насыбай атқан кісінің танауын тілгені де бар.

Дін жолын бекем ұстауды үлгі етем деп аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін 70 жас шамасында әмір-биліктен әдейі тоқталып, ада боп шығып, Мекеге барады. Сонда Мекеге барғанда қазақ адамдары түсіп жүрсін деп өспет етіп, өз нұлына «Тәкния» деген үй салдырып кетеді. Өз уақытында Орта жүз қазақтарының ішінен шойын жол жоқ заманда қияндағы Мекеге барушының ең алды осы Құнанбай болса керек. Бертін келе Мекеге барушы қазақ әр рудан көбейген уақытта әрбір барушы Мекеден Құнанбай атына қанық боп қайтатын болған. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағы ерекше даңқты етуге себеп болған.

Құнанбай мінезінің бірбеткей, берік, ұстамдылығын оның өмірінің соңғы жылдары әсіресе айқын көрсетеді. Ұзақ өмірінде талай алыс-жұлысты басынан атқарып кеп, ақыры Мекеге барып қайтады да, өз-өзіне серт беріп «дүние сөзіне енді араласпаймын» деп шымылдық түсіріп, елден аулақ отырып алады. Сол күйде дау шарға шынымен бірде-бір араласпай, жеті жыл анық тыйылып отырып барып, қайтыс болады.

Заманында хатқа жазып қалдырған адамдар болмағандықтан Құнанбайдың көп тапқыр сөз, терең ойлары

сақталып қалмаған. Бірақ анық Құнанбайдың өзі айтты деген сөздер сонда да жоқ емес. «Арымнан — жаным садаға, жанымнан малым садаға», «жарлы кісі жаманар, жамалар да қуанар», «Адамның не нәрсе қасиеті болса, сол нәрседен міні де туады». «Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі: құлақпен естіген өтірік, көзбен көрген шын» деген сияқты сөздері Құнанбайдың өз ортасына үлгі айтам деген адам екенін таптырады...

Абай әкесі Құнанбайдың 41 жасында туған. Ақынның өз шешесі Ұлжан. Құнанбай көп қатынды болған. Үлкен қатыны қыздай алған — Құңке. Бұдан туған баласы Құдайберді. Екінші әйелі — Ұлжан, ол Құнанбайдың інісі Құтты Мұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі — Айғыз. Одан Халнолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халнолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасындағы жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ер жеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеден қойылған атпен «Телқара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бертіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңымен данқы шыққан белгілі мысқылшыл; тапқыш күлдіргілер болған. Бұл әдет — Бертіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Көрші ел Шаншардың кулары дегенде қатты ығысатын. Ас, жәрмеңке сияқты қалың жпындарда бір жерде тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе көп елдің кісілері: «Ойбай, Шаншар келе жатыр. Қылжақ етеді» деп өрттен қашқандай дүркірей қашады екен. Бұл әдет Шаншардың мысқыл, мазаққа ұста болып, тауып айтқыш, өткір тілділігінен туған нәрсе. Қан-

дай жанның болса да мінін таппай қоймайды, мінін тауып алса түңдігін ұшырғандай қылып соқтығады. Сөз шабуылымен кімнің де болса есін шығарып, есеңгіретіп кетеді.

Осы Шаншардың бұрынғы-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты «қуы» Тонтай болған. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бастан-ақ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думаны, ұдайы қызық күлдіргісі. Бүгінгі Европа, Американың Чарли Чаплині сияқты болған. Осы Тонтайдың інісінен туған әйел бала Ұлжан болады.

Ұлжан сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай балалық шағын сөз қылғанда өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші реңжіңкірейді екен. Анау күндестікті көп сыртқа шығарып, білдірмесе де Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зәрін татып тағы да неше алуан ауыр қайшылықты көріп өскендігін де сездіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылдығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмап сақталады. Мысалы, Ұлжан да өлерінде қалжың айтқан: Ауылдың үлкенінің біреуі кеп ауырып жатқан Ұлжанның жәйін сұрап, «өлем деп жатырмысың, қалай көрінесі», — дегенде: «Ой шіркін, мен бұрын өліп көріппін бе, қалай екенің қайдан білсейін», — депті.

Ұлжан қолында Шектібай деген бауыры көп жүрген. Шаншардан келін, жнеңдерінің ауылында қонақ боп, ойын салып жүретін сауыққой, сықақшыл, күлдіргі адам болған. Сол Ұлжан ұлғайып келген кезде, бір күні өзі бірге туған апасы Ұлжанды «әже» депті. Ұлжан ашуланып «қағынып кеткенбісің?» дегенде, Шектібай: «Е, жұрттың бәрі жер күңіретіп әже, әже деп жүргенде жалғыз мен жаңа тілім шыққан баладай апа, апа деп отырайын ба?» депті. Сонда Ұлжан:

— Қыз болса мені іздеп келер ме еді, бүйтіп сөйлер ме еді, сатып алсаң да еркек бол! — депті.

Осындай кесек қалжың, ажуаға Ұлжан көп көңтерлі, көп созымды, тапқыр болған. Қнын жәйді, қысталанды күлкі сөзге айналдыру — қалың қазақтың, әсіресе Шаншардың ата мінезі,

Тонтай өлерінде маңайына жнылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: «жазыла, жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас»,— деп айтты деген сөз, екiнiң бiрi бiлетiн мәтел сөз болып кеткен.

Осындай тапқырлық және бiреудiң мiшiн ащы тiлмен қатты түйрегiштік, нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген. Шынға келгенде: Абайдан қалған сөздiң iшiнде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды жанды, өткiр сезiмдi былай қойғанда, қалған сарынның iшiнде салқып ақылмен сөйлегiштік көп пе, жоқ шанышпа тiлдi, соқтықпалы, ащы мысқыл, улы күлкiге бой ұрғандық көп пе? Бiздiң ұғымымызша соңғы түрi көп сияқты.

Құнанбай жанның бәрiне салқын болған қалпында, өзiнiң балаларына да зiлдi болған. Сол зiлiн жас шағында Абай да көп көредi, басынан көп кешедi. Ал Ұлжан мiнездi адам болғандықтан орайы келгенде, өзiнiң бала, бауыр, қайын сияқтыларына мысқыл өзiлдi айта бередi екен, қалжыңмен жауаптасуды Абайға бала күнiнен өзi де еккен сияқты. Осының бiр мысалы бар: Абайды сүндетке 8—9-ға iлiнiп, ересек болып қалғанда отырғызса керек. Сонда Абай қашып жылап «күдай бүйткенше қызғып жаратпаған екенсiң!»— дептi. Ұлжан соған: «Баламау, қыз болсаң бала таппас па ең, содан қнын боп па?»— дейдi. Абай: «Ә, онысы тағы бар ма едi!» деп уапады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның жолынан бөлек өзiне ғана хас, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелiк: Абайдың бала күнiнен бастап, соңғы өлер шағына шейiн өзгеше шарттардың iшiнде өткен ерекше өмiрiнен туған. Сондықтан ендi қолға түскен азын-аулақ мағлұматтар бойынша Абайдың өз басының өмiрiне келейiк.

Абай жоғарыда айтылғандай екi шешенiң тел баласы болып жүрген, кiшкене кезiнде сырт мiнез жағынан аңқау, нанғыш және теңтек бала болса керек. Бiрақ сол кiшкене күнiнде өзге балалардан ерекше жерi, үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегi сияқты әңгiмелерiн күлай тындайды. Жай өмiрде пысық, ширақ емес аңқау болғандықтан өз шешесiнiң аулындағы үлкендерi: Құнанбайдың бұл баласынан да Күккепiң қолындағы Ысқақтан көбiрек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнiнен тықылдаған пысық, ширақ болса керек.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабдулжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып Ахмет-Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттерінің жапында медреселері болған. Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрнше, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда: түркіше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады.

Оқытушының бар бейіл бергені дін діндегі сияқты болған арабша, одан қала берді парсыша.

Абай осы медреседе үш жыл оқиды. Өзімен бірге оқыған үлкен-кіші балалардың барлығынан сопағұрлым зейінді, ұғымтал, және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін, екінші ретте кітапқа қарамай өзі жатқа айтып шыға алатындай зерек болған. Сонымен дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан сопағұрлым оңай болған. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптардың оқуға жұмсап, көп тімтіруге салынады. Өз бетімен оқытып кітаптары араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай бала кезіндегі құлай бергіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған. Оқуға кірген соң-ақ балалық дегенді көп білмей, тез есейіп, ілім құған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бола бастаған. Араб, парсы, түрік ақындарының ішінде өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай бәйіттерін ұзыннан-ұзақ жаттап жүреді.

Сол бала күнінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың 30 жасында туған баласы. Тұраштың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді «пәлен кітаптың пәлен бетінде» деп жаңылмай жатқа айтып отырушы еді дейді.

Осы сияқты белгілерге қарағанда Абайдың медреседегі оқуы көбінесе «Мұхтасар» сияқты дін кітаптары болмай, дені әдебиет мұралары болу керек. Ерте күннен әнгімелі, өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт ақындық өнерін қадірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің тынысы ауыр тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген жас шәкірттің шын сүйетін жандары — Науан, Сағди, Хожа-Хафиз, Фзули сияқты ақындар болған.

Бұлардың сөздерін Абай бері келіп ұлғайған уақытына шейін тастамаған. Әрқашан оқып, әрқашан сүйсініп еске алып отырған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде жаз болып елге қайтқанда қаладан ала қайтатын кітаптары тағы сол ақындар еңбектері. Үй ішіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Өзі оқымаса да балаларын оқытып жүрген Құнанбай бір баласы Халиолланы орысша оқытып, Абайды мұсылманша оқытып жүргенде, соңғы баласына сопы Аллаяр сияқты ақындарды көп оқытып, өзі де тыңдай жүреді. Сол кезде «Абайдан Ысқақ артық болады»,— дегендерге: «не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтесіңдер ғой»,— дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Ескіше оқыту тәртібі шынымен «пнемен құдық қазғандай» өнімсіз оқу болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп жаңа дүниенің шетін ашқан сияқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті, Абай араб, парсы тілін сол үш жыл ішінде жақсы біліп шыққан. Мұның белгісі сол заманнан қалған бірін-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, парсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, парсы тілдерімен Фзули, Бабуриша айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науан, Сағди, Фирдоуси,
Хожа-Хафиз бу хәммәси
Мәдәт бер нә шағри, фәрияд!—

деп, өзі қадірлеген ескі ақындарының әруағына сыйынумен бастайды.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де, осы ақындардан алған үлгі өсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса әлгі ретпен кітапшалап жазады.

Әлиф деп ай юзінә ғибрат еттім,
Би балаң дәртінә нисбат еттім...—

деп «әліп», «би» мен жазған өлеңі, одан соң «юзи раушан, көзі гауһар, лағілдек бет үші әхмәр...»— деген өлеңдері жас шағында қиялына қатты әсер етіп, тіл кестесінде өздерінің үлгісіне тартып алған жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Абайдың жас күнінен бізге жеткен өлеңдері жоққа тән типті аз ғана. Сондықтан бұл туралы өмірбаянының ішінде ұзақ сөйлеуге орын аздау. Абайдың пағыз ақындық белгісін беріп, өнімді өлең жазға бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кезде Абай арабшыламақ, парсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школға» түсіп орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады.

Жасы 13-ке толғанда ерте есейіп, ақыл сезімі ашыла бастаған, өткір зейінді ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу-тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Қырдан гөрі тәуірірек үлгі беретін қалада болғанда, ақын болатын баланың алған жалғыз ғана нәрлі азығы: Шығыс ақындарын тану, солардың сөздерін ынтасы ауып, сүйіп, көксеу болады.

Осындай дүшше есігін енді ғана ашқалы жаңа ғана саңылау көріп келе жатқан уақытта, Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі.

13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай ел билеу жұмысына өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды.

Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысында өзіне серік болатын ірі баланың

Абайдан қолайлысы болмағандығы. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық балаларына қатал, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себеп, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас ру басылардың қажартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алады. Қатал мінез, зорлық үстем мінездерімен жау. Көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізеді. Қарсысына шыққан ру басыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз аналардың көбінің есінеп кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан: сыртқа да, ішке де әмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай зорлықшыл, озбыр, сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, «пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны» деген атпен, шамасы келгенінше емін-еркін пайдаланған, көп елдің мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей берудің үстіне тіпті Құнанбайдың дос болып жүрген ру басыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар Құнанбайдың өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретіндегі өшпендік жөнімен, Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан сапайды. Осының бір мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында ойнап жүргенде, анадай жерде келе жатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар әкесімен араз. Бірақ Абай алдарынан көлденең шығады да, қол қусырын тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алғанда, Байсал жақтырмай: «Антұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың?»— депті. Бөжей тоқтап, баладан: «Бізді көрсең сәлем бер деген әкеңнің үйретіндісі ме, жоқ өзің бердің бе?»— деп сұрайды. «Үйретінді емес, танып әдейі сәлем берейін, батаңызды алайын дедім»,— дейді. Байсал сонда тағы да: «Жетпегірдің баласына тағы не бата берушек?»— деп жүре бермек болады. Бірақ Бөжей жүрмей бата берді дейді. Батасында «жалғыз-ақ әкесінің мінезін бермесін» дегенді баса айтқаны Абайдың есінде қалыпты.

Осы бала оқуды тастап әкесіне көмекке келеді. 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кенеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап ептеп бастауына керек.

Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып-келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу, олқы түспеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы, және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас күннен-ақ Абай өмірі әлденеше қиы-жикы, шырға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін, ерекше халдарға ұшыраған.

Өзінің дене қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық сияқты өнерінің барлығын еріксіз осы жолға салған.

Ел кісісімен араласқанда сөз керек, тапқыштық керек, кезеңді жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің тұсында өзгелер не сөйлейді, не істейді? Бұрынғы билер не айтып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тәсілде? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірісе бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Сонымен, балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, тақпақ, ескі бпліктеріне елдің маңдай кісілермен қатар түсетіндей білім алады. Бұл уақыттарда қазақтың ескі ақындары, кемел шешендері, жорықшыл батырлары, ерлері болсын, барлығының жайындағы әңгімелер. Абайға таныс дүше болып қалған. Абай халық қазынасына ынталанады. Халықтың қоғамдық пікіріндегі қайшылықтарды да содан білетін болды. Арызшы мұңдыларды, зорлық көргендерді көп тындады. Солардан ұқты. Құнанбай үстемдігіне қарсы әділдік ой ойлауды да сол халықтан үйрене бастайды. Құнанбайға кө-

мекші Абай болмай, өзі үшін көп нәр алып өсіп келе жатқан Абай болады.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі бір зор тәрбиеші ұстаз — қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналарын танып, соны ерте қамту, жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі азық-білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен, ділмәр, ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы, өлең жөйін баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулат, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен есітіп, танып жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады. Әрине осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс, жарыс сияқты өзге де пеше алуан сап қазынаны, әжеден, анадан, қонақ, жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұны сияқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайдың негізгі іргесін қатал, суық билер ортасында қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын көріп, қиянаттарын танып, қатты сынап, өсуге себеп болады.

Бір айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру, «жақсы» деген шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сияқты болған. Жас жігіт сол білімді орнымен керегіне жаратып, келістіріп көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен боп көріне бастайды. Басында балалығының арқасында ел сөзіне қорғана кіріскен Абай аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып адымын ұлғайта береді. Бірнеше рет жол жүріп, көзі қанған соң елдің «пәлен жақсы, түген жақсы» дегендерінің, айла мен еп болмаса, өзге жалпы білімге, ақылшаламға өзінен соншалық артық емес екенін сезеді. Абайдың өзінен үлкен кісілерден өзін кем санамауына себеп болатын тағы бір нәрсе: мұның оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сияқты, оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін өзгере көрген. Надан кісілердің ортасына келіп өлшескенде, өзінің оқуы дардай көрінген.

Бұған халық ескілігі, қазақ фольклорының мол байлығы қосылған соң, Абай аз заманның ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Абай бұл кездерде үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жәй сөз түрінде айтпай кейде өлеңмен айтып жіберетіні де болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын тексерген еңбек жоқ. Бірақ қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін таңу қиын емес. Сол байлық — Абайда бала, жігіт күшінен құралып өсіп келген байлық. Және шешендік өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құралғанда — ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, «ол кезде Абай ақын емес еді» деу қате болады. Абай сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Ол, бір жағынан жүйрік шешен, әсем ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қара сөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Екінші жағынан әрбір іске, тартысқа арнап, қадап айтқан өлең, жарыс, өлеңді суырып салма айтыс. Бұны Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ Абай онда өзін «ақынмын» деп саппамаған. Өлеңді де, дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жәй ойып, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арнаған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмтылып қалған. Есте қалғанының бізде жиылғаны: «Әліп би» мен жазылған тілек хат. Сонан соң, «Сап-сап, көңлім» деген өлең еді. Ол Сүйіндік қызы Тоғжанға айтылған өлең екен. Бозбалалық шағында Абайдың қатты ынтық болған әйелінің бірі осы қыз. Мұның аулына көктемде бір жолы барып түнеп қалғанда, өз аулымен екі арадағы өзен тасып кетіп, қайда барарын білмей қатты сасады. Қыздың аулы мен өзеннің бұл жағасында отырған елдің бәрі ол күнде Құнанбаймен қатты жауласып тұрған кезі болады. Көзге көріпсе, кем қойса сабалуды анық. Сөйтіп сасқалақтағанда Сүйіндік аулының қызметшісі Ербол деген жігіт Абайды бір байталға мінгізіп, өзі өгіз мініп, тасып жатқан өзеннен өткізіп салады. Осы Ерболмен Абай кейін қатты достасып кетеді.

Абай — жас жігіт кезінен бері ұлғайып келген уақы-

тына шейін, өз басынан махабаттың көп романдарын кешірген адам. Сонда әсіресе жақсы көрген әйелдері тоғай бойындағы Нұреке дегеннің қызы болады. Онымен Семейде Тінібай үйінде кездесіп бір ай бойы барлық өзге істерін ұмытып, жүріп алған уақыттары болған. Сыбан ішінде сондайлық жақсы көріскен әйелі — Сабырбай ақынның қызы Қуандық. Бұл өзі де ақын қыз болған. Абай Аягөзге бір топ кісімен бара жатып, сол қыздың аулына қонады. Абайдың қасында Сүйіндік баласы Асылбек бар екен. Ол — Қуандықтың жездесі. Сол арқылы қалжыңдасып отырып, ақыры Қуандық пен Абай айтысып кетеді. Бұлардың айтысын Сабырбай үй сыртында тыңдап тұрады.

Ақын Абай ол кездегі қазақтың барлық басқа ақындарының үлгісімен ауызша айтатын, соған машықтанған ақын болады. Тегінде, ақын емес кісі, бұрын ақын аты бар жүйріктермен өлеңмен айтыспайды. Ал Абайдың жаңағы ісі, оның бір жер емес, талай жерде, жеңіл айтыстың қатарында ақындық айтыстың ілесе жүргенін сездіреді. Абай жазушы ақын болған кезінде, бертін уақытта талай ұсақ өлеңін осылайша қолма-қол суырып сала айтатын. «Көкпайға», «Қыздарға», «Қара қатынға», «Масақпайға» деген сияқты толып жатқан эпиграмма, әзіл өлеңдері жазушы Абай емес, фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже сияқты ақын боп жүрген бір кездерін, әсіресе, жастық кездерін ашық танытады.

Жаңағы айтылған әйелдер сияқты Абайдың жас күнінде қатты қадырлес болған әйелінің бірі — Мұрын Тананың қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін Сыбан ішіндегі Быжы деген өзбекке тиіп тұрғанда, Абай әдейілеп барып амаңдасып қайтып жүрген.

Мінеки, жігіттік шағында осындай көп жастық салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай ел келесіне ат салысып, шешендікпен алғыр, жүйрік, билікке де ұста болады.

Сонымен ақыл ойға, білгіш сезгіштікке келгенде ерте ер жеткен жас жігіт сол уақытта-ақ өз ортасынан нығы асып оза бастағанын сезгендей болады. Озу, ойы толып өсуінен білінеді. Өсуі заманын сынаудан, заманының әмір несі мықтыларын, жуандарын, әкесі бастаған үстем таптарын сынаудан білінеді. Мәденнет, өнер білімде кенжелеп, артта қалған ел-жұрты бар. Қыс жұты, жаз індетімен аралас ел шаруасының құтын шашқан барымта ша-

буыл, бақ таластан әлек лаң әкеліп, қалың ел ортасына пәле қып тастап, сол арқылы момын, еңбекші, есесіз көпті жеп жүрген, қанап-тонап сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері надан, өздері ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей қараңғы топ. Олар бастаған ел көшінің барар беті қараңғы, екі талай тығырық. Енді жаңғырып өзгертін заман керек, сол заманға қарай халық мұңын өз мұңы етіп адал азаматтық жолымен бастайтын қайраткер керек. Міне, Абай өскенде, ортасынан асқанда, осы сияқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып, танып барып өседі. Әке мен сол әкедей бар жуандардан торығып бөлек жол іздеу қажет деп өседі. Әуелде барлық ақыл ойын мынау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік-құнсыздығын ашуға жұмсайды. Жалпы ақылмен болжайтын ой-пікірге келгенде, олардың айтып тоқтаған жерінің ар жағынан жаңа өріс, тың жол табамын деп талаптанған.

Олардың «таптым, білдім, шештім» дегеніне сынмен қарап, «жеттім» дегенін қанағат қылмай өз ойын асырып түсіруге тырысады. Осы әдет Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінезі бола бастайды. Бұның дұрыстығын дәлелдеу үшін, ел есінде қалған екі-үш мысалды айтайық: Абай ол күндегі «жақсы» дегенде ескі бектік, паңдық, қара күш болмаса, пағыз адамгершілік, шыны талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды. Және, әсіресе, бұлардан елдің күйзелуі күшті екенін, халықтың сыншылары айтқан сөздерден әбден танып біледі. Ел мұңынан, жұрт жадаулығынан соны таниды. Өз әкесі бір алуан озбыр күш несі болса, соның қарсысындағы жуандар да ешбір жағынан әбзел әулие емес екенін біледі. Зорлық, пара, бәлеқорлық оларда да сықып жатады. Жалғыз-ақ баларақ шағында бұның әкесі өзін бұған танытқанда «сол елдің телісі, тентегімен алысамын» деп өз жағын дұрыс қып сипаттап еді.

Енді Абай бертін кеп танығанда сол әкесінің достары мен өзіне ең алдымен сын жасайды. Оларды әуелі өздерінің «күштіміз» деген жағынан — жүйрік, шешендік, озғындық жағына жеңіп, тонамақ боп соқтығады.

Өз қайратына сенімді көзбен қарап өз ойына өзі не бола бастаған соң-ақ, ел ішінде кез келген шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетпесе ырза болмайтын болады.

Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұм-

сауымен барып, сөйлескендердің барлығына да осы мінезді істей бастаған.

Абайдың жас кезінде Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас дос кісісі Қаратай болған. Көп елдің сынынша — шешен, жүйрік атанған кісі. Сол Қаратай бір күні Абайдың өз құрбы жас жігіттермен жиналып отырған үстіне келіп, жастардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Сонда Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: «Сіздің заманыңызда көрші елдің арасында бір қол кісі болып, жиналып алып түн қатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әні алып кетті, міні алып кетті», деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма?»— дегенде, Қаратай дау айтып келіп: «Менің заманым пайғамбарға жақын»,— депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Рахым жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған»,— депті.

Осы сөзді Қаратай Құнанбайға келіп айтқан соң, әкесі Абай келгенде әдеттегі қаттылық, суықтығына салып, көп сөз айтып ұрсыпты. Абай үндемей тыңдап алып сыртқа шығады. Сонда Қаратай келіп: «Бала, қалай, қайсымыз жақсы екенбіз?» дегенде, Абай: «Бәсе, қайсымыз жақсы екенбіз? Біздің тобымыздың ортамызға жалғыз өзің келіп ойдағыңның бәрін айтқанда, құп тыңдағаннан басқамыз жоқ еді. Сендердің ортаңа келсек қыруар жанды жалғыз шалың ауызға ұрып сөйлетпейді»,— депті. Осы қағысудың тұсында әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді атыстырып, шабыстырған, бұрынғы пәле басы «басшы» болмыстарды сынаған, жақтырмаған сарыны бар. Қалың ел мұңына, ел тілегіне өзі жақын болуға талпынып «сол ел тілегіне бейім болсаң жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзін билеп қалыптаған заманың да жақсы емес» деген саналы жаңа жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап өз уақытыңдағы өзінің ар жағындағы үлкен жүйрік дегеннің әрқайсысында да ұрышып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап алып отырады.

Жанағы сияқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса — Құнанбай тұрғылыс адам. Өз ортасының шешен жүйрік деген адамының маңдай бірі. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжілісте отырғанда (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек), үйдегі балаларының атын атап, Сәдуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен! Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» — депті.

Осыдан Мұса Абайдың тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, бірталай кісінің мәжілісінде Абай кіршіме¹ ішіп отырғанда Мұса үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжіліске кіруге шақырғанда, ол: «Жоқ бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың «кіршімә» деген сөзінен болса керек. Сондықтан кіріспегенді мақұл көремін», — депті. Бұл сөзге Абай: «Менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, парсының «гәршама» «шамаға қарай» деген сөзінен болуға қисынды. Екінші, әрбір нәрсенің «ісіміне» қарай жисмин² ала ма, жисміне қарай ісмін ала ма?» «Алма» деген, жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба?» — депті.

Осы сияқты жұрттың тапқыр деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсынбайтын ізденгіш, өр мінезді Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып бір нәрсе айтқысы келіп киліге беріпті. Сонда Құнанбай: «Тек отыр!» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып жиышан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. «Маған біткен саған да біткен екен. Алдыма кісі түсірмеймін деуші едім. Шіркін Қаратай-ай, Бөжеймен де сол араз ғын еді, сені осыған баулыған да сол ғой», — депті. Абай көп көзінше әкесімен таласқан кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай:

«Кезі келгенде айтпақ болып жүрген сөзім бәр еді, соны айтайын:

¹ Кіршіме деген сөздің тегі орыстың корчма дегенінен шыққан. Ескі орыс тілінде ішкілік орны, кабак деген мағынада.

² Ж и с м и н — заты деген сөз.

Ең әуелі — сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірлі болмайды.

Екіншісі: көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес! Үшінші мінің -- орысшылсың», — депті. Осыған Абай: «Қолыңда құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңды, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін», — дейді. Екінші сөзге: «Қазақ ескі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт!» десе өргізіп, «шәйт!» десе жусататын заман болған. Одаи бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк!» деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны, ақ қар, көк мұзда, қар төсеніп мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана не боп, басшы бола алады». Орысшылсың дегенге:

...Егер өнер-білімді үйренуден қашсақ ол надандық болар, жақсылық болмас. Мен — өнер-білімі үшін — орысшылмын», — депті. Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше, өзгеше зор програмын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұның ойлаған, халыққа адал еңбек етем. Сонымен халық көпшілігімен қабыса «табысам» деген тілек тағылады. Осы сөздің артынап, ал өзі тұстас ру басының жаңағы әкелерге ұқсаған, солар ортасына ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзін: «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана, жақсы адам боламын» деп есептейді. Бұл жөнінде ол өз алдында осындай ишетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан еді. Сол ортадан үнемі етек бастыны, үнемі қара күштің қарсылығын көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойұсынбайды, ірге бермейді.

Қыр артылмас болған сон мінсе қыркын.
Бас-басына би болған өңкей қырым.
Мініки, бұзған жоқ па елдің сиқын.

Қай жеріңнен көңілге қуат қылдың...—

деп кейін айтатын ызалы, мұнды өлендерінің түп-тамыры осы жаңағы айтылған жайда жатады. Сондайды ойлап ол ортаны менсінбей алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сияқты мінездің белгісін қаракесек Алшынбайға да көрсетіпті. Абай Алшынбай аулының күйеуі болады. Үлкен әйелі Ділдә — сол Алшынбайдың немере қызы. Ділдәні алғаннан кейін Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Қайтарда қайыны әдет бойынша қалаған-сұрағаны бар ма деседі.

Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, «батамды алсын» дейді.

Абай: «Ондай батасын сатқап шал өзімде де бар» деп, Алшынбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы ру басыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сияқты. Ол көпшілігіп менсінбейді, місе қылмайды.

Абай жаңағыдай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты іші ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат-партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының ру басылары ортасына әдейілеп егіп тұратын әрскеттік айласынан болатын. Неғұрлым тартыс күшті болса, солғұрлым даладың ісі, ру басылар арқылы қалаға кеп сарқатын. Әмір несі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысатын.

Патша үкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын аға сұлған, беріде болыс, би, елу басы, старшын деген ортаның өзі де өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: «Болыс болдым мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген сияқты көптен-көп өлендеріне көз салып, ойлап қарасақ сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет машықтарын анық танытады. Патшалықтың паракор ұлық-жандарал, ояз, начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмаштарына табынған жаңағы атқамінерлер — қоғамдық тірлікті лайлаған неше алуан мін мен дертке толы еді.

Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген Тобықты ішіндегі қалып емес. Қазақ сахарасының барлығын басқан бір тұманды түнектей қалың дерт еді. Ол патшаның отаршылдық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші бай жуан-

нан шыққан болыс, би елу басылар еді. Олар үшін рушылдықты, ескі түрдегі тәртіпті сақтап, сол арқылы еңбек елін қанау, саяси түрде құлдану қажет еді. Қазақ сияқты Ресейдегі көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық ескішілдік халықты нық сақтап отырды. Бұл өлкелерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде жоқ еді. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мыңғытпай сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшындық, билік үшін ел жуандары қырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл тек саясаттың ғана тәсілі емес, сол күндегі Ресей буржуазиясының пайдасы үшін де керек еді. Ленин XIX ғасырдың соңғы 25 жылының ішінде Ресей буржуазиясы Россияның шығыстағы отарларына неліктен ынтығып ұмтылып жүрген себебін айта кеп: «Ол жақта сауданың «талау табысы» әлі де бірнеше жүз процент пайда кіргізуші еді»,— дейді.

Осындай неше алуан қанау, талау ауыртпалық боп орнағанда, қалың момыш еңбек елінің басына орнайтын. Болыс сайлауының лаңына басқа патшалықтың алым салығы, парақор жемір болыс, бидің қара шығыны — барлығы және де байға, барға мол түспей, түңлік басы деп жоқ-жітікке, жарлы-жалшыға түсетін.

Жалаңқая жат мінез жау алады
Бермей жүрсен мен сені жек көрем деп.
Жүз қараға екі жүз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Абай сөздері сол жаңағы халықты жан-жақтан тұттай тонап жатқан алғыр обырлар мінезінен туған еді.

Кертартпа ескі қалыптар қалдықтарының сақталуы «қанау мен деспотизмға (шексіз әмір зорлығына) ерекше кең, еркін жағдай жасайды» деп Энгельс айтқан сөз, сол күндегі қазақ тіршілігіндегі шындыққа өте дәл еді. Ру басылар, болыс, билер бір жағынан патшалықтың заңындағы өздеріне пайдалы жақтарын өз үстемдігін күшейту, нығайту үшін берік ұстанып, сол арқылы мал, сома байлығы ғана емес, басқа да көп жем айыратын. Жақсы қыстау, ен жайлау, мол су сияқтыларды өз басына, өз атасына қаратып, талай момыш көпшіліктің жерін алып, жермен бірге күн көргішін, еркін алып жүретін қу пысық, сұм-сұрқия көп еді.

Амалдап карағайды талға жалғап,
Өркім жүр алар жердің ебін кармап...—

деген сөздер осындай содыр сойқандылардың істерінен туатын.

Бұл халдер бар қазақ жерінде болғанда, сол кездегі Ресейдегі капитализмнің өсу салдарынан және Қазақстанды капиталистік қатынасқа тарту салдарынан пайда болатын. Осы уақытта сахарада натуралдық шаруаның іргесі әлсіреп келе жатты. Соның бәрі кеп қазақ қауымында қоғамдық жіктердің неше алуан қайшылықтармен айқындап шыға бастауына себеп болды. Енді патшалықтан, Ресейден шыққан қанаушы мен қазақ ішіндегі бай, болыстан шыққан қанаушының бәрі бір топ екенін айыратын күн жақындап кеп еді. Сонымен қатар орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқара мен қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры бір екенін ұғатын, танитын заман да тақап қалып еді. Осыны алдымен өздері аңғару, сонан соң халықтарға аңғарту әр елден шыққан халық қамқоры болған адал азамат борышы болатын мезгіл туып еді.

Міне, Абайды әкелер жолынан, ел жуаны бәрінің мінезінен, ісінен жирентіп, оларды қарсы алушы, әшкере-леуші етіп шығаратын тарихи терең себеп осында болатын. Абайдың алдындағы Шоқан, Алтынсарин халқы үшін жаңа, тың жол іздеуге беттеген себеп те осы еді. Кейін Абайды да алысқа құлаш сермететін тарихи қоғамдық басшы ойлар осыдан туған. Бірақ жас Абай әуелі осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын тұтатып қайшылық ерсіліктерді көрумен, солармен алысумен жүрді. Алысқанда ел сорына себеп боп жүрген болыс, би, партия басы күмен, сұммен алысты. Олар болса патшалық тәртібі бар жағдайын неше алуан сұмдық, залым азғындық түрінде пайдаланумен жүрді. Көбінесе елді бір алдап, арбап ұлықтың да олақтығы болса оны да зорайлата аярлықпен пайдаланды. Әсіресе патша ұлықтарының өзімен жемтіктес болғандары, солардың қазақ ішіндегі ерекшелік, қиын шытырман жағдайларды жете білмейтінімен пайдаланатын. Ең әуелі патшалық заңоны, сот, әкімшілік қазақ ішінде, атқамінер ортасының айлатәсілі, салт-індетінен түк білмейтін. Бұлар қойындарына құрық түсірмейтін қашаған снықты боп, олақ заңонды олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы көп атқамінерге машық болған бір мінез өтірік арыз бола-

тын. Өштескен адамнан, ең алдымен ауылда, қара күшпен қолмен есе алуға тырысатын, ол болмаса жауын мықтап жоймақ болса ұлыққа шабады. Онда, «кісі өлтірді», «ауыл шапты», «жер өртеді», «патшаны жамандады» деген сияқты неше алуан жалалар ойлап табу сол үшін сот алдында жап беру, өтірік куәлар салу — жиі кездесетін іс болатын. Немесе бір жағынан жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып артынан қыр жөнімен табысып, татуласып алып, сол жауып қайта барып сот алдында, жаңадан қиялап өздері ақтау, бұрынғы айтқанын қайтару сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері парақор, өздері қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр басқыш, пригобор бергіш, би, старшын елу басылары да сансыз көп болатын. Ұлықпенен жемтіктес болып парламен «ақты» қара, «қараны» ақ дегізе алатын айлакер де мол еді. Сөйтіп ол күндердің арыз тартыстарын тексергенде кім кінәлі, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қиын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіз ақтап күйетін қалдар да аса көп еді. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Ел жуандарының тартысы, олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнетімен бітуші еді. Абай ел ісіне араласқанда, өз әкесімен, әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсіздікті, қиянатты таныды. Жуандар, Құнапбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбыр қиянатшылар ортасы екенін таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді, Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрыса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолына ел жуаны жау еді. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысатын болды.

Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы үйез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым пішінінде болады.

Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң, аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп ша-

ғымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ішкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жазаламақ болған ұлық 1872—73 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп, Семей қаласынан 3—4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден тергеу болса да Абай бірде-біріне жығылмай ағарып, аман шығады. Біздің қолымызда Абайдың осы жолы тергелген істері қандай-қандай екені туралы дәл дерек жоқ. Бірақ кейін Абайдың өмірбаянын толықтырып түгел тексеремін деген кісі осы жұмыстарды түгел қарастырып танысу өте қажет болады.

Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтылармен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-зақун дегендерді білдіру керек. Әрине осымен қатар орыс тілін білу, дүниені басқаша, жаңаша тану Абайға жаңа міндет сияқтанады.

Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады. Ұлықпен қалай арбасуға болады? Осының бәрі Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса бәрін таныған, баураған Абай өзінің ойшыл, жүйрік сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей ілгері қарай дамуды, жаңа азық нәр табуды талап етеді. Алыс үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың тілін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Сонымен алғаш рет орыстың тілін іздеп, оқу-білімін барынша құмартып көңіл бөлуді осы кезден бастайды. Бұл уақытқа шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену жаңағы істің тұсында сол 27—28 жасынан басталады. Бірақ алғашқы жылдардағы оқуы үнемі салынып іздеген іс емес. Қалада болған уақытта оқта-текте қарастырады.

1872—73 жылдың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмайды. Құр тергеуге ілдіргені болмаса, жаулары да жеңе алмаған. Бұрын дос тұтып жүрген елі әлі де болса мұның қасында қалған.

Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын әкесінің нұсқауымен жүргізбейді. Өз жанынап жаңалықтар тауып, өзі сүйген жолдарын қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған, бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен өз күшімен қол қимылын жұмсау да аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады.

Абай 29 жасқа толғанында, ұлыққа жақпай, қол қимыл жасамай, тек өзінің елге достық әділетшіл мінезінен халыққа жағады. Қарсысындағы ру басыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып, жеңіп шығады.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз бағына ақындық іс екен, жол екен, уақыт бөліп, еңбек қылатын кең өріс екен деп білмеген.

Тегінде Абайдың жас шағында айтқан ірі өлеңдері өте көп болмау керек, ұсақ жағы көп. Оны да қағазға жазбай, орайы келген жерлерде қалжың сөз ретінде ауызша айта салып, артынан өзі де ескермей ұмытылып қала берген.

Сөйтсе де, қолға түскен біреп-саранының айтылған себептерін қарасақ: көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл мазақ аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең қылған кісінің көзіне қалжыңдап, күліп айтқан сөз сияқты. Абайдың ерте баста айта бастаған өлеңі осы тәрізденеді.

Екінші түрлі өлеңдері — қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат өлеңдер, ол жайын жоғарыда айттық.

Одан соң жігіт күнінде Сүйіндіктің қызына құмар болып, «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деген бір өлеңі болса керек. Бірақ ол өлеңін түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкімен қалжың қылып айтатын өлеңді Абай бала күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл, кішкене Абай болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын қалжың өлеңнің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда, әр жерде, кейде ұзактау болса, кейде бірер ауыз ғана қалжың өлеңдер айта жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта бір деген басшы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе де, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған, адамгершілік тұтқасы Абай болады. Дос атаулы да Абай басына үйіріледі. Ел ортасының дау-шарын, билік сьезін түгелім өзі атқарып, өзі басқарады.

Осылайша сырт жағынан қарағанда біраз тыныштық сияктанған халмен тіршілік еткен кезінде Абай өзге әмірші биден өзінің өзгешелік негізін таныта бастайды. Бұрынғы атқамінердің парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әлсіздік мінездерінің бәрінен аулақ. Барынша әділ, әсіресе момын бұқараға дос, зорлықшыл пәлекорға қас, шыншыл болуға тырысады. Өз заманына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар енді ілім-білім өрісін табуға беттейді.

Жасы 30 дап асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін есіне түсіріп, орыстың тілін мықтап оқиды. Қалада жатып едәуір тіл білген соң, енді көп нәрлі кітап оқуға кіріседі.

Содап біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Кітапты тәртіппен, ертеден оқымаса да, пәлен жақсы, түген жақсы дегендердің сөздеріне, бірі артынан біріне ауысып, құмарлана қадалып оқи береді. Әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп қармана бастайды.

Осымен 35—36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербурдан айдалып келген төңкерісшіл халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас. Петербур университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады.

Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, тату адамдардың қалына жетеді.

Михаэлис осы барғаннан Семей облысынан қайта алмай 40 жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семей-

дің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы уақыттардың барлығында, алғашқы рет таныс болып алған соң Абаймен ұдайы кездесіп, немесе хатпен хабарласып тұрған. Бертін келе Абайдың аулына қонаққа да барады. Аздап соң Михаэлис арқылы Абай 80-жылдары айдалған басқа халықшылдармен де танысқан. Соның ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор — Долгополов сияқтылар болған. Гросс айдалып келген соң, қазақтың ескі жобасы бойынша айтылатын билік-кесім сияқты, ескі әдет заңдарын жнып қарастыруға салынған. Сонымен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып 3—4 айдай Абайдың аулында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың аулына Долгополов та келіп қонақ болып жатып жүреді. Сол 80-жылдарда айдалып келген тағы бір білгір адам Леонтьев те Абайдың досы болады.

Абайдың қазақтан басқа өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз бұл аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып, каторгіге айдалып, Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Шамильдің баласы, Таштемірдің баласы деген адамдардың Абай қолына келіп, ат мініп, пұл алып кетіп жүргендері болған. Таштемірдің баласын бір жыл бойы қонақ етіп, күтіп аттандырған деседі. Қазан татарынан шығып солдаттықтап қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Қішкене молда деген кісілер елде Абайдың туысқаны сияқты боп қазақтан қатын алып, біржола қазақ боп тұрып қалғаны да бар. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, ауылына бірнеше рет тінту шығартқан. Ал Долгополовтар шыққанда жасырын полиция арқылы қырда астыртын паздор жасатып қойғаны да бар. Бұл жай — соңғы жылдар Семей архивынан табылған «Долгополов ісі» деген істен әбден анық, айқын. Абай өзіне білім берер, жаңалық айтар дос іздеген уақытта чиновник төреден іздемей, бертін келе ылғи жаңағыдай адамдарды дос тұтады. Соларды кәдірлейді. Солар арқылы өз мағлұматын зорайтып, осылар ұсынған кітаптарды оқиды. Бұл жай Абайдың өздігінен оқып өсу жағында өзгеше жақсы жағдай болады. Керекті, дұрыс өнімді бағытпен барып, Европа мәдениетінің ең қымбат қазыналарына қол артуына себепші болады.

Осындай өзгеше достардың барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен әсер еткен кісі — Михаэлис. Оның істеген еңбегі көп болғандықтан, Абай

кейінгі уақыттарда «дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис» деп алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), әр тарау жолдардан мағлұматты болған мәдениетті адам, Абайға қандай кітапты оқу туралы шынымен үлкен ұстаз есебінде бағыт берген.

Бұрын қолына түскеннің бәріп талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сын, пәлсафа, табиғат ғылымдары, әлеуметшілік жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқитын болған.

Осы бетпен орыстың белгілі ақын, жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писарев; Еуропа ақындарынан: Гете, Байрон; пәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерден: Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин; тарихшыларынан: Дрепер сияқты талайларды оқыған.

Алғашқы кезде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болу керек. Қөп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады.

Әдебиет тұсында жалғыз орыс жазушыларымен тоқтамай, Еуропаның көпке жайылған романшыларын да оқыған.

Әрі-беріден соң сол кітаптарды өзі оқуымен қанағат қылмай маңайындағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет қыла бастайды. Сол 35—40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастағанымен қатар, екінші баласы Әбдірахманды Семей қаласындағы үйездік школга оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп, ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң үшінші баласы Мағауяны да, әйел баласы Күлбоданды да әкеліп орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының үйез, жандарал, содиялар сияқты құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлдем басқаша адамдарды тапты.

Олар патшалық өкіметінің Сібірге, Қазақстанға жер аударған көп төңкерісшілері болатын. Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сияқты қалаға, орыс халқының атақты жазушысы Ф. М. Досто-

евский бастаған талай төңкерісшілер келген. Бұлардың ішінде Буташевич-Петрашевскийдің өзі, Дуров сияқты ірі адамдар болған. Төңкерісшіл демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері болып еді. Абаймен жақындасып, достасқан Михаэлис, Долгополовтар осы соңғы топтан шыққан адамдар болатын. Ұлы орыс халқының осылар сияқты адал, халықшыл ұлдарының бәрінің жүрегі патшалыққа деген өштік пен жиреніш аса күшті еді. Каторгада, айдауда, еріксіз солдаттықта жүрген күндерінің бәрінде де олар орыстың қалың бұқарасы қара шаруасының құлдық қорлық халын патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге де үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді. Чернышевский болса, Ресей патшалығы сияқты дүние жүзіндегі барлық қанауға, құлдық, зорлыққа қаны қас болғандықтан, поляк халқының патшаға қарсы алысуына тілеулес болғанындай, Америка халқының азаттық күресіне көп көңіл бөлген, ондағы негрлердің көтерілісі болса екен деп те тілеген адам еді. Өз айпаласындағы дос серігінің көбін патшалық пен қиян-кескі тартысқа, қолма-қол алысқа әзірлеп тәрбиелеген.

Патшалықты құлатып, көзін жоюды өздерінің төңкерістік арманы, жолы етіп алған, сол үшін, ел отаны үшін өз бастарын, өз күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді. Соның бәрінің анық ұғынған, анық байлаған бір жолы патшалықпен алысқанда Ресейдегі езілген, бұратана халықтар мен орыс халқын бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Ол төңкерісшілер қазақ даласын қараңғылықта ұстаған, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан. Сондықтан орыс халқының шын адал ұлы, өкілі болған, патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Достоевский, Чернышевскийлермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры саналы ұлдарының, азаматының бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы төңкерісшіл демократтардың саяси үлкен жолының бірі болды. Абайға жолығып онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Ресейде даңқы шыққан кісілер болмаса да, Абай сияқты кісілерге ала келген ой-пікірле-

рімен, ұлы бағыттарымен аса зор тарихи істерді бастаған, ардақты өкілдер еді. Орыс халқының шын елдік жүрегін танытатын, қазақ сахарасы үшін игілік әкелген өкілдер. Бұлармен Абай достығында осындайлық тарихи терең мағыналар болатын. Ендеше сол күнде осылар ниетіне ниет қосып, еңбегіне еңбек жалғап, орыс халқының мәдениетіне өз елі, өз жырымен, әлеуметтік еңбегімен, ұсталық тәрбиесімен бастаған Абай бір қазақ халқы үшін емес, бүтін Ресейдегі халықшыл, төңкерісшіл демократтық қозғалыста да зор еңбек еткен адам болуға беттеген Михаэлистер достығы бір Абай емес, сол арқылы бүкіл қазақ сахарасына арналған достық боп ұлғайды. Сондықтан да Абай оларды бір тапқан соң қайта қол үзбейді. Солар арқылы өзін-өзі кең тәрбиелеп, білім арттырып, қоғамда тарихтық жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Ұлықтардан білімді, ой-санасы сонауғұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімді кісілердің мәжілістерінде болып, өзі де ғылым зерттей бастайды. Абайға жаңа жарық дүниенің шеті енді анық, кең ашылғандай болады. Сонымен, 1884—85 жылдары жасы қырыққа таман ілінгенде Абай дүниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Әр нәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін, ел кісілерінен сонауғұрлым қырағы озғын кісі болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейін Абай елге де «жақсы» дегеннің бәрінен білімі, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды. Көптің ұғынып жүрген құр сәл «жақсысы» емес, Абай ең алдымен білгіш, кемел, шешен, жүйрік болып санала бастайды.

Енді өз еліндегі «шешенмін, жүйрікпін» дегендермен кейде келісіп, кейде келіспей жүрсе де, сырт елдердің сөз ұғарлық тәуір деген кісілері Абайдың атағын көп есітіп, әңгіме мәжілісіне құмар бола бастайды. Бұлардың ішінде өз уақытындағы әр алуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойұсынып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай тегінде білім алып, өзге бұрынғы ескі үлгідегі ру басыдан басқаша болғанда, сол ортаның өзін де өзгертіп түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді. Мәдениетке не болсын деп тырысады. Осындай бағытын ұғар-ау деген адамдарды өз елінен де, басқа елден де тапқысы келеді. Өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша Абай жақын болып, кейбірімен сыйлас, тамыр, дос болады. Жалғыз Семей үйезі емес Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының жақсы деген адамдарымен де жақындық таба бастайды. Абайдың атағы мен дәрежесі Тобықты емес, сап Тобықтыдай елдерге жетеді. Бұрынғы шешендік, зеректік сыншылдықтың үстіне европаша жақсы сенімді құрал тауып алған соң, Абаймен қай елдің мақтаған «жүйріктері», атақты шешендері болса да тіресіп сөйлесіп пікір таластыруға жарамайтын болып қалады. Қай-қайсысы болса да, сыртқы даңқы зор болғаннан Абайға келіп кездескенде дүниені болжар білімі, шалымы жоқ болғандықтан, Абайдың қасында білгіштің қасындағы нанданның халінде қалып отырады.

Сонымен, Семей қаласында болсын, басқа дуандарда болсын бірнеше үйез елдердің болыс, билері бас қосқан үлкен съездерде Абай өзімен толық тең түсіп, толық мәжілісте болатын қазақ кісісін көре алмаған.

Бір Тобықты емес өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да өзінің сонауғұрлым озып кеткендігін сезген. Осыны сезіп ұғынуының арты, қазақ еліне әмір жүргізуші жуанның барлық жай-күйіне бұрынғыдан да өткір, қатты сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіс, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сияқты теріс мінсздердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін көреді. Сол терістіктерді түзетін қатал тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық санасы бар-ау деген кісілерге өсиет, ақыл айтып ұтаз бола бастайды.

Сонымен 40 жасқа толған Абай енді өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы болады.

Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі және қосымша себеп болады. Сонымен қатар ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойланған ойы, жаңа бағыт түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша «отыздың ішінен бастап Европа оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта, бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгеріп, күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс болып кетті» дейді. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның

артынан соның ағымына ақыл-оймен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен, Будданың жәйін оқып шыққанның артынан: «Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау»¹ деген сөзі, не болмаса өмір бойы Лермонтовты сүйіп: «Бұл — махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу»,— деген сияқты сөздері бұның шығыс, батыс өнерін аса зор бағалай бастағанын көрсетеді.

Осы сияқты өзгерген сапа, жаңарған ұғым, бағыт бойынша Абай енді өзі мінеген партия тартысынан айғып, аршылып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзін билетпейді.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ,—

дейді.

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме?—

дейді. Ақыл айтады, сөгеді. Көшпен бірге өз міншн де теріп, өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ыркына көнбей, қайта өзінің билігіне бұны еріксіз көндіріп ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың ойы мен ісі екіге бөлінеді.

40 жастан асқан соңғы Абай бізге бір Абай емес, екі Абай болып кетеді. Біреуі — бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абай да, екіншісі — күндегі өмірдің талқысы мен шырмауынан шыға алмаған, содан азап шегіп, қиналған Абай.

Абайдың ішінде осындай екі тарау жол шығады. Бір жүрек екіге бөлініп, жыртылып айрылады. Заманынан ақыл сезімі артып, озған жалғыздың трагедиясы (қайғысы) туады. Сол қайғысы сыртқа шығатын бір жол болу керек. Абайдың ендігі ұғынуы бойынша сыртқы өмірі жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Ойына жнылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәріп сырт көзге

¹ Абай бұл жерде көне Үнді философиясы туралы айтып отыр. (Ред.)

көрсетіп, іштегі өкінішке тыныс, ем етерлік нәрсе, ақындық болады. Өлең болады. Сонымен 1884—86 жылдардан бері қарай Абайдың нағыз өнімді ақындығы басталады.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

Енді бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадырлы мағынасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол — надандық, зорлық, жуандық, пәлекорлық сияқты атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріскен еңбегі. Абайды кейінгі буынға, және сол кездегі қалың елге, көпшілікке, саналы жастарға нағыз қадырлы Абай етіп көрсететін еңбегі. Ақындықты, сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық надандықпен кектене алысады. Мін атаулыны көзге шұқып, басқа себеп айтады.

«О, тәңірайшыл» кер есек,
Қулық-сұмдық, не өсек
Болмаған соң бір есеп,
Мейлі қамқа, мейлі боз!—

деген сияқты сөздері надан меніреулікке өшіге соқтыққанын, аянбай ұмтылғанын көрсетеді.

1884—86 жылдардан бастап Абай осындай өлеңге кіріседі. Бұлайша кірісуіне іштей себеп болған нәрселердің барлығын мәлімдедік.

Бірақ осы жылдарда жаңағы айтылған жәймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ-мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбаймын деу орынсыз еркелік, орайсыз тентектік жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген билет сияқты болады.

Сондай себептер жпылып келіп және ру басылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстарымен сол ел жуандарының екі арасынан зор, тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, өз жағы да

еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағып Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл, арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, арызбен шағып айтса, ылғи пәле басы ғып Абайды айтады. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды.

Ең алдымен бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Күнту сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішінде Абайдың «Күн ашықта мойныңда, күн жауғанда қойныңда» дейтін құнсыз бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады.

Кісілік, әкімдік болса да оны таласып алатын да солар. Жаманшылық бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәледен бас сауғалап қашатын да солар. Өз мінездерімен Абай басына пәле әкеп тастайтын да солар. Мысалы Шыңғысқа сол кезде болыс боп тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Ел кісілерін жазықсыз сабағыш болады. Болыстың қатыны кез келген қостың семізін сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді.

Құнанбай тұсында елге зорлықты көп етіп, байып, жуандап алған сотқар, бұзар Ырғызбай тобы және әсіресе Құнанбайдың әмір несі болған бала-інілері жалпы халыққа қорлығын өткізгенде Абайды есепке алмайды. Оның қарсылығын, ашу-наразылығын елең қылмайды. Қайта Абайдың өз басына бар жауынан бетер қастық еткен, қызғаныш, жаманшылық ойлаған талай адамдары болады. Кейін Абай басына келетін талай дертті ауыртпалықтар да пәле басы боп жүретіннің ішінде солардың көбі жүреді. Абайға сыртымен дос болған болып жүріп, Оразбай, Жиреншелер де сол қиянатты оның басына көп істейді.

Мына тұста сол Оразбай, Жиренше, Күнту, Абыралы дегендер бірігіп астыртын баталасып ап болыс боп жүрген Құнанбай баласын орнынан түсіріп, өз орталарынан Күнтуды болыс сайлайды. Сондағы мақсұт-мұраттары халықтың көптің мұратына маңайласпай, тек өздері әкім болу, билеп-төстеу болады.

Бірақ олардың ендігі ісі бұл ғана емес, қолдарына болыстықты алып ап, алдымен Абайды мұқату, соны жазалау, қор ету болады. Олар болыстыққа өз басы таласпақ түгіл жұмысы да болмай, үйінде ел үшін еңбек етіп

отырған Абайдың адамшылығын күндейді. Халық сүйетін адамшылық атағын, абыройын күндейді. Ел мұңына ниет жолы қабысқан Абай алыспастан үйде отырып, Оразбайлардай партияқор атқамінерлерді жеңіп отырған сияқты, осыны Абайға кешпейді. Құнанбайдың елді шулатқан зорлықшыл балалары түспейді, өйткені олармен өздері бір бітімдес. Олармен табысулары да оп-оңай. Қоғамда үлкен ақтық беті бар, шындық үшін алысатын Абайды қуып, өздерінің үстемдігін нығайту қажет болады.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстапармын деп жүрген ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп қалады да, Абай амалсыздан тартыс, жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған ел Құнанбай балаларынан есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін теру керек. Одан соң олардың ұғынуынша қарсы жағы қайта алыспай, кек алмай қоймайды. Сондықтан оны әлсіретіп біржолата мегдетіп алу керек. Қырда түгел шыға алмасақ, ұлыққа шағып, соның күшімен жаныштау керек. Олай болса үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, қылмысты кісі қылып көрсету керек.

Мұның бәрі тынымсыз алыс, жоқтаусыз партия тартыс болмай қоймайды. Сонымен Абайдың ендігі алысы, бас қорғаудың алысы болады. Енді ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де алысу керек болады.

Осымен 1884—85—86 жылдар түгелімен алыспен өтеді. Бірақ 80-жылдардан кейін Абай бір кісі емес, екі кісі болып бөлінеді дедік. Қайтадан еріксіз алысқа кірсе де, жаңағы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 84—85 жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жылы Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп үңіле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16—17 өлең шығарады. Абайдың осы күнге шейінгі баспаларында «халық туралы» деп жүрген торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда. —

деген сияқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей! Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған, зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да өз атымен жазбай, ылғи «Көкпай айтқан өлең» деп жүргізеді. Сондықтан, зарланып жатқан Көкпайды аяп, кейде:

Сорлы Көкпай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Жыламай қайтіп тұрады,
Мынау азған қу заман,
Қалыбында тұрмайды,
Біреу малды ұрлайды.
Біреу басты қорлайды,
...Болмаған соң
Жылауына зорлайды!—

дейді. 82 жылдардан бастап, осы 85—86 жылдарда Абай, Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды.

Бірақ жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне ойлағандай-ақ топырлап түсе бастайды.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, ру басылары осы жолғы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйін алып, Оразбай Шыңғыс болысына бөлініп шығып, Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде болыс боп отырған Құнанбай балалары мөр, приговор бермей өз ауқымынан шығармайтын. «Түбі», жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе, құрығымыз үнемі жете бермейді деп, аңдысқан кісіні өз қасынан шығармай қоятын көп болыс, көп мықты жуанның есебі, саясаты болатын. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бірер мықтыларды апалардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындайда бір нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол астына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген Жігітек, Бөкенші руларын алып, көршілес Мұқыр болысына

шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін мұны түсіретін мезгіл болғанда, Құнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды жайлап жүріп, өзі болыстықтан түсісімен Мұқырға шығып кетеді. Бұл Құнту болыс болудың ең соңғы уақиғасы.

Бірақ бұған жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзарлары үшін Абайды жазалауға кіріседі.

Осындай қызу тартыс үстінде «Құнанбай баласынан болыстық кетті» деген дақпырт, ұлық айдатқан Жігітек адамдарына да жетеді. Сонымен Бөжей заманынан бері қарайғы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Құнтудың болыстығына сеніп «қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді» деп бір сеніп, екінші енді орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сияқты әр алуан түрде құралып келген уақиғалар алыстың түйінін шшелендіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде, 1885 жылы Қармола деген жәрменкеде ол күндегі әдет бойынша бірнеше дуан бас қосатын «Шербешнай» дейтін (төтенше) сыяз болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұрқырасып келіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай сыязға жиналған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қармолаға келетін жандаралдан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: «Партияшыл, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?»— дейді. Абай: «Мен» депті. «Неге партия қыласың?» дегенде: «Жалғыз мен емес, дүнне түгел партия. Жаңды-жансыз мақұлықтың барлығы да алыс-жұлыспей тіршілік етеді. Тіршілік — күрес. Сіздің өзіңіз де партия қыласыз»,— дейді.

— Сені болыстар неге көп жамандайды?— дегенде:

— Олар көп, мен жалғызбын. Көп жуан әрқашан тентек, бұзық. Бұзық көппен алысқан жалғыз жаманат-

ты болмай тұрмайды. Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе?— депті.

Абай өзге ұлықтарға істейтін мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалынған дегенді Абай еш уақытта білген емес. Оны өз тұсындағы дұшпандары да айта алмайды екен. Қай ұлықпен ұлса да тең сөйлеседі. Елдің тыныштық деген тілегін жеткізе айтады. Және әсіресе ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сияқты дау-шар атаулының бәрін де қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын Абай барлық басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағынасыз құр алыс, бос пәледен құтқарады. Бұл өзінің де іздейтіні. Сондықтан ұлық атаулы бұның ақылына өзі келіп, өз әлсіздігін біліп келіп, амалсыздан қоңсы қонатын. Жаңағы жандаралша Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан жаңағыдай мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде еріксіз құралынан айрылып қалады. Мына жандарал да Қарамола сыясында соны істейді. Абайды сөйлесіп, танып алған соң еріксіз келіп, сол сыязға төбе би ғып өзі ұсынатын болады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің еш нәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі құштар боп, өзге ру басыларға кеп: «сыязды жақсы өткіздіңдер. Ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіңдер. Сыязды жақсы-өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайландар»,— дейді.

Ел жуандарын осы жеңуі, Абайдың партняшылдық тартысынан емес, өзінің өзгелерден артық білім-туралығынан, бас қасиетінен туған. Болмаса осы сыяз алдында Тобықтының Қунту, Оразбайларына үн қосқан жуан содырлар бір Тобықты емес, көп жерден Абайға өшігеді. Семей, Кереку, Өскемен, Зайсан жағынан келген би-болыстың көбі сөз біріктіріп, өзі сыншы, өзі турашыл, өзі өжет, жүйрік Абайға қызғаныш ойласады. Үстінен арыз беріп, жер аудартпақ болғандардың басы Семей үйезі Аршалы болысынан Рақыш Төтіс баласы болады. Үш-төрт үйездің 30—40 биінің үнін бір жерге қосуға тырысады. Абай жәрмеңкеге келместен бұрып істеліп жатқан қам-қарекет осы еді. Сонда бастығы Керекуден келген шет үйездер адамының көпшілігі мынандай Абайға қастасқан, серт, батаға кірмейміз дейді. Біздің То-

бықтымен де, әсіресе Абаймен де өш-қасымыз жоқ дейді. Абайды елден ерекше өнер қасиеті үшін бағалаушы халық сол тұстың өзінде де көбейіп қалғанына осы дәлел еді. Оның үстіне жаңағы Рақыш бастадым деген Уақ, Керейдің өзінің ішінен оның ниетін қатты кіналаған. Абайға достықтан басқа қастық етпейміз деп, көрінеу дос ниетке белсеніп шыққан Уақтың Әлімқан сияқты кісілері болады.

Сол жәрмеңкеге келіп Рақышты жерлеп, оған дем берген Өскемен билерін де ұялтып, Абайға қастық істейтіннің бәрін тойтарып тастайды.

Сондықтан сыяз басталмастан бұрын-ақ жаңағы Рақыштар өздері Абай алдына келіп, оң шыраймен табыспақ болады.

Абай сондағы Рақыштай мансапқор, күншіл, шағымқой, арам адамдардың қалың ортасында отырып, солардың өздерін көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. «Биік мәнсап, биік жартас, оның басына екпіндеп ұшып қыран да шығады, ерінбей еңбектеп жылан да шығады»,— деген.

Сыяз ел-елді ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларын шешетін, түйін түйнектерін жазатын сыяз. Бұнда қай жолмен, қандай кесіктер айтылу керек? Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып, орамды, әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай бірнеше күн жатқа жазып ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба да болады. Біздің қолымызға осы Қарамола сыязы мен кейінірек болатын Семей, Жетісу екі облысы бас қосқан Көктума сыязындай ұлы дүбір сыяздың хатқа түскен ережелері тимеді. Көктума сыязында да төбе биге, халықтың ұйғаруымен әділ би деп Абайды сайлаған.

Абаймен бірге Қарамолада болған Мүсірәлі ақсақалдың куәлігі бойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі статьясы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырғанын жаңа жолға ұқсайды. Сол күннің жағдайында шамасы келгенінше әр жанға әделет іздеген Абай ұрлық, қылмыс пен әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады.

1. Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде ағайыны төлейді

екен. Абай енді ағайыны емес, ат майын беруші, сүйеуші төлейтін болсын дейді.

2. Бұрын байы өлген жесір қатынды алатын әмеңгері жоқ болса байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады дейді екен. Абай бұл әделет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен көп алғашқы қалыңмал орайын төлеген. Енді екі сатылмақ зорлық. Алатын әмеңгері болмаса еркі өзінде, ол азат деген.

Осы екі баптың әсіресе алғашқысы ұрар жерін тауып соққан ереже. Ұрыға ат майын берушінің көбі азғын жуаннан, құнсыз қорқау байдан, ел ішіндегі арылмас пәле басы, бықсық шонжардан шығатын. Абай мына ережеде көп ұры еместі ұры етіп жіберетін сондай індет түбін тауып ұрып отыр.

Осыны ереже қып бекітеді де, Абай өзі төбе би боп орындатады. Бұндай жайлар да талай жерден Абай басына өшігетін сотқар, бұзарларды көбейтіп жүрген.

Сонымен қатар қалың елдің шын әділдікті іздейтін көп момыны, көп бұқарасы Абайдай әділ таразының билігін іздегіш те болады. Кейінгі Абай өмірінде талай да-талай алыс елдің, нелер қиын сүрі дауларымен, бұны іздеп келетінін осыдан. Осы жәйдің өзі де Абай даңқын асырып, көп ортаның би жуанын Абай басына өшіктіріп, қас ете берген.

Ал Қарамола сыязы Абайдың қатты әсерімен, сол белгілеген бетпен өтеді. Бұл тұста Абаймен бірге Қарамолаға келе жатып, жолда түс көрдім деп Абайға бар түсін өлеңмен айтып, өзі өлеңмен жоритын кәрі ақын Бәйкөкшенің айтқаны түгел, дәл келіп шығады.

Бірақ сыяз осылай өтсе де, Құнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұстасқан жуандар тартыстан да, арыз шағымнан да тыйылмаған.

Абайды жер аудартуға жақындайды.

Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының «корпісі» генерал-губернаторы келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпіс бұл істерді көрген соң, Абайды жер аударуды бекітпекші болады. Бірақ сол уақытта мұның қасында корпістің кеңсесін басқаратын Лосовский деген чиновник бар екен. Бұл бұрын Семей үйезінде істеген. Абайды жақсы білетін адам еді. Сол Абайды корпіске жолықтырып бетпе-бет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жәй арызшы түрінде емес, жаңағы жандаралмен сөйлес-

кендей, оқымысты кісіше еркін, тең сөйлесе керек; дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: «Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің»,— депті.

Осы әңгіменің артынап бұрынғы жер аударылу деген сөз қалады. Аздан соң Құнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бірақ Семейде болып жатқан бұл түрдегі өзгерісті ел білмейді. Абай айдалатын болыпты деген дақпыртқа нанған қарсы жағы осы кезде Абайдың Тәңірберді деген ағасының бір қос жылқысын —800 жылқыны тиіп алады. Алумен тұрмай топты жылқыны талап әкетіп, көбін қырып салады. Дәл осы уақытта Құнту болыстықтан түсіп қалады. Пәле басы атқамінерлердің берекесі кетіп, қаты сасады.

Айдаудан қайтқан Базаралы, тегі осы кезде кеп киліксе керек. Тәңірбердінің мыңға тарта жылқысын тиіп алған бетте, бата қимылдайтын әсіресе Жігітек болады. Шабуылға жігітін мол жіберген ел де сол. Оразбай, Құнту сияқтылардың өз бастары бұл уақыттан сырт қалады. Жігітек жылқыны алған бетінде пышақ үстінен үлесіп әкетіп, бүгіл Қарауыл өзенін өрлей, құлдай отырған ел жағалай сояды. Бұл іс, ол уақытта да естімеген ірі іс болып шығады. Құнту мен Оразбайдың өзі де қатты қорқады. Болыстық тағы қолдарынан кетіп қалған. Ендігі тартысқа басшылық ету былай тұрсын, өздері бас сауғалай бастайды. Құнту Мұқыр болысына осы орайда шығады да, Оразбай Құнанбай балаларымен татулық іздеп, бұрынғы кетіп қалған болысынан шығып, Шыңғысқа қайта кеп кіреді. Құнту құдасы болғандықтан, сол ұшырап кетеді деп араға дәнекер болмаққа қайта келеді. Құнанбай балалары бұны жуасып келген күйінде, қайта алуын алады. Бірақ Оразбайдың өз басына тимегенмен Жігітекті оқшаулап шығарып ап, қатты кек қуады. Алынған жылқыны Жігітек сойып, қырып, жеп қойған еді. Енді соның әр жылқысына екі бестіден төлеу кестіріп, қолма-қол тіздіріп алады. Тәңірбердінің шығынынан кірісі асып түседі. Бірақ соған орай Жігітек тегіс кедей боп, тұралап тұрып қалады. Сол жылдар көшуге жарамай, қыстау-қыстау басында оңарылып жатақ боп отырып қалған ауылдары көп болады. Сонымен Құнту болыс болғанның арты сол ру басылардың айдап салған көпшілігіне тағы бір ауыртпалық боп

бітеді. Аман қалғанда пәлеге бастық болған ру басылардың ұпайы түгел боп, көпшілік ерін арқалап қалады.

Сол көп керістің ішінде найза басы боп жүрсе де, дәл өз басына олжа, пайда таппайтын Жігітектің бірі — Базаралы. Қунту болыс болғанда айдаудан қашып кеп Тәкежан жылқысын алғызушы өзі болғанмен, Базаралы тек қиыншылықтың бар салмақ, ауыртпалығын ғана арқалап қалады.

Кезі келген соң айта кету керек, Базаралы Абаймен тұстас шыққан Жігітек адамының ішіндегі өзгеше бір ірі адамы еді. Бұның өмір жолы Абай өмірімен көп кездестің болғандықтан және Базаралы өз дәуірінде, алуаны көптен бөлек, ерекше болғандықтан, біраз қосымша деректерді айта кету қажет.

Құнанбай тұсынан, Тобықты ішінен сырт елге аттары мәлім болған адамдар бірнешеу ғана. Ол Құнанбайдың өзі дедік. Сонан соңғы Құнанбай тұстасы Бөжей. Келер буында сыртқа аты шыққан адам Абай болса, осыдан кейінгі бір білікті, даңқты адам сол Базаралы болады.

Бұның жасы Абайдан аз үлкенірек болған. Әкесі Қаумен шағын дәулетті орта қатарлы кісі болады да, Балағаз, Базаралы, Оралбай деген балалары өрттей отты, алғыр жігіттер боп өседі.

Абайдың жігіт шағында Базаралының інісі Оралбай басынан кешкен бір жастық уақиғасы Тобықтыға қатты лаң салған. Оралбай Бөкенші ішіндегі Сүгір деген байдың Көрімбала деген қызына асық болып, алып қашады. Қыздың беріп отырған жері Қаракесек Қарқаралы қазағы. Алынған қалыңмал бар. Ел бүлініп, пәле ұлғая бастайды. Бірақ Балағаз, Базаралы одан жасқанбай екі жастың еркіндік махаббатын өздерінің найзасымен, ерлігімен қорғап жүреді. Бөкенші жағы тек қапысып тауып, Базаралылар жоқ кезде қызды ұрлап әкетеді. Оның алдында Жігітек, Бөкенші кезек шабуылдасып, Көрімбаланың орайына Бөкенші бір Жігітектің үйінде тек отырған қатынып зорлықпен алып қашқан. Жігітек соған орай ғып, Бөкенші Шалғымбай дегеннің қатынын алып қашады. Екі жақ жасасып ұрысып найзаға адам шаншылып, қан шығарысып та қалысады. Базаралы осыған да қарамай, інісін сүйген қызды өлісе жүріп қорғамақ еді, тек ұрлап әкету қолын байлаған. Көрімбаланы Бөкенші зорлықпен қайнына, Қаракесекке жібергенде Оралбай қуа барады. Тағы алып кетпек боп

іздеп барады. Сонда пәледен қажыған Көрімбала тоқтамақ болып, Оралбайды да жақсы шыраймен тоқтатпақ болып, бір мінез істейді. Сойған қойдың еті піскенде, қазаннан тілді алып, бір шетін өзі тістеп тұрып, ата-енесінің көзінше Оралбайға:

— Ақсақ кемпір еткен соңғы сәлем осы болсын, күн өтті, дәрмен жоқ. Енді кел, Оралбай, мынау тілді менің аузымнан өзің ал да, ырза бол!— дейді. Оралбай Көрімбаланың айтқанын орындап тоқырайды. Екеуінің айырылуы осы екен. Міне, осы уақиға тұсында ел ырқына көнбей, батырлық, батылдыққа бекініп шығатын Базаралы, Балағаз кейін де көп жөнде оқшау болады. Найза ұстаған батыр, сері Базаралы әрі сұлу, әрі тілді шешен, ірі жігіт боп өседі. Ағайыны, маңайы бұны арқа тұтады. Өзі тұрғылас Жігітек жігіттері әр пәлеге Базаралыны бас қыла бергісі келеді. Құнанбай мен Базаралының бірнеше қағысқан, қиғаш желіскен де жәйі бар-ды.

Оның үстіне, Жігітек жігіттерінің ұрлығы үшін және Құнанбаймен ежелгі араздығы үшін көп адамы айдалғанда, Құнанбай жағы Базаралыны да іле кеткісі келеді.

Алғашқы айдалған топтың ішінде Базаралы болмағанмен, кейін Балағаздар Найманның Құдайсүйгір деген жуан ауылының жылқысын алып, соның салдарынан тағы біраз кісіні қаттап, соттап айдайды.

Осы орайда Базаралы Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаныммен жақын болып жүріп, сол сыры жарияға шығып, Ырғызбай жағы намыс қуып, Базаралыны да жаза-ламақ болады.

Өз басы «ұры да емес, ұры емес те емес» десіп жүретін Базаралыны жігіттік өзге қасиет, қабілеті үшін Абай жақсы көрген. Бірақ Нұрғаныммен болған жаманаты оның жауын көбейтеді де, бір кезеңде Абай да қатты араз болады.

Базаралы әр сылтаумен келіп, айдалатын болады. Қыстың күнінде елден гүйеге мінгізіп әкетіп барады екен, сонда Абай қоштаса кеп күй-жәйін сұрағанда: «Жазды күні қол шатырдай немеге мінгізген менен не жәй сұрайсың»,— дейді екен...

Қасында айдауға бірге кетіп бара жатқан қорқақ бір жолдасы туралы тағы қалжың айтып:

— Әлшейінде қыбланамадай көзі ойнақшып тұрушы еді, жапы шықпай келеді десеңші әйтеуір! — дейді.

Күнту болыс болғанда айдаудан қашып елге келеді.

Сонда алдынан талай жастар қуанып шығып, қалада да, елде де үлкен дос пейілмен қарсы алады.

Әріп, Қөкпай сияқты ақындар Базаралының келісіне арнап ірі өлеңдер айтады.

Абай да кеп амандасады. «Орысша білдің бе, Базеке?»— деп сұрайды. Сонда азап сапарына кетерде қалжың айтып кеткен Базаралы әлі де бұлжымаған, өзгермеген әзілқой мінезбен Абайға іле қалжың айтады:

— «Е, шырағым-ай, өзімнің көк мұлығым болмаса, тәуір-ақ тіл білетін жерге жібердіңдер ғой»,— дейді.

Бұрынғы дағды серілікпен малы аздығына қарамай, біреудің әдемі қара көк атына қызығып, бір қысырақты түгел беріп сатып алады. Атының көркіне қызыққан біреулер қалжындап, барлап:

— Базеке, мынау атыңды өзін кетерде тасқа байлап кеткенбісің, неткен жақсы, қайдан алдың!— дегенде:

— Е, бір қысырақты астына мініп жүрмеген кісі жігіт пе?— дейді.

Осы моттық, омырау, тәуекелшілдік Тәкежан жылқысын алғанда да Базаралыны найза басы етіп шығарады.

Кейін Құнту түсіп, ұлық атаулы Жігітек ішін тентек деп, қалада тығыз тергеу болмаққа айналғанда, Абай оншалық қатты жамандауға барғызбай, қазақтың өз билерінің алдында, ара ағайын алдында, келісім айтқызып, тоқтаспақ болады. Көлденең би боп, Тобықты емес, Тоғай бойының Уақ Бураның адамдары төрелік айтатын болады...

87-жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Оспан бслыс болады.

1884 жылдан соң елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай жаңағы уақиғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді бар іс пен сөзді іні, балаға тастап, өзі шамасы келсе аулақ болуға тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Сондықтан Оспанның екі жақтағы болыстарға өкпелеп шығып кеткен ағайындармен татуласуын сұрайды. Пәле азайып, ел басына, өз басына тыныштық, толас болар ма екен дейді.

Ел жұмысын Оспан алған соң, Абай өзі бір беткей ілім іздеу жолына, ақындыққа бой ұрады. 80-жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен ақын кітабын еш уақытта да тастамаған еді. Сонымен бірге 86-жылдан кейін, 89-жылға жеткенше көп өлеңдер жазады.

Мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағыналы өмірін бастап көреді. Тағы да кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болды. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша өз ортасының, өзі көрген кемшілік міндерін, қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар. Одап соң Пушкиннің Онегинін аудара береді.

Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген, сөз ұғатын, таланты жастардың бәрі — шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына, дос жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды.

Енді сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен өзі қиял қылған өнер-білімге, жаңа саналы адамгершілікке қарай жетектеп-баулығысы келеді. Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. Ескі үлгіде қалма, өзгерген заманның жаңа түрлі басшысы болуға әзірлен дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет мәжілістерінен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай бастайды. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жаңағы жастардың сезім-тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашынның қолында ұстайды. Мұқа Абай аулына кеңшілік жәй емес, қысылшаң хал үстінде, пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге асық болып, соны әмеңгеріне тигізбей алып қашады да, Абай аулына барады. Бұл кеткен соң жуан ағайынны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады. Тағы сол кезде Әсет деген ақынды да сақтайды. Әсет әрі ақын, әрі үлкен әнші адам. Бұл күнде көпке мәлім «Әсет» деген әннің шығарушысы сол. Ақындық, айтыс өлеңдері-

неп де көп сөздері ел есінде нық сақталып қалған ірі өнерпаз кісінің бірі. Бұл Абайдың өлеңдерін қатты кәдірлен жаттап алып, кейін Орта жүз, Ұлы жүздің көп еліне мол таратады. Осы Әсет сияқты әнші ақынның ең бір ірі адамы Біржан сал да Абаймен жүз көрісіп, үлкен дос болған. Ол Абайдың жасырақ кезінде Тобықты ішіне келіп (атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сапары болу керек) көп уақыт кәдірлі қонақ боп жатып, Көкшетау, Атбасардан бергі жерде болған қазақ өнерпаздарының көп қазынасымен Абайды кең таныстырып кетеді. Абай өзі де көп ән үйреніп, көп ақынның сөзіне қанып қалады. Әйелі Әйгерімге Біржанның әндерін үйреттіреді. Бұл сияқты кездесулер Абайды өз заманындағы қазақ сахрасындағы халық өнерімен мол таныстырып, нық байланыстырып отырған. 90-жылдарда өлең өнеріне тереңдеп кіріскен Абай бір өзінің көрген, сезгенін жырлайтын ақын емес, бүтін қазақ даласындағы, бүтін қазақ халқындағы алға бастар қауымның мұң арманын, ой-сезімін жырлаушы Абай болады. Осындай үлкен арналы ақындық жолына берілген соң 91-жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағыналы өткізген жылдары болды. 90—91-жылдарда да көп өлең жазады. Сол уақыттарда жас жігіт болып әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген. Тұраш: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болады. Бар талапкер жастар болып сөзін тындап медреседегі шәкірттерше: ақнқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік» дейді.

«Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдермен бірге және де көп өлеңдеріне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда бізге: малқұмар, мансапқұмар адам, адам емес деп. ұғындырушы еді. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты: сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болушы еді. Ондай сөзге түсіп отырғанда шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып, не ел арасындағы партияның жайын айтып сөзіп бөлсе, кейіп, я ашуланып қалушы еді. Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса аза бойы қаза тұрып, жеркенген кісідей болып мазасы кетіп, «есептерің бар болса аулаққа барып есептеңдер» деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді»,— дейді.

Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөздері. Сондай өмір, осындай мағыналы, үлгілі жол Абайдың барлық кейінгі өмірінде, айнымай ұстансам деген жолы болады.

Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 89-жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсұт, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 90-жылға дейін тыныштық болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып арасына жүріп көреді. Бірақ екеуі де тыйылмай, жауласып кетеді. Осы жаулық тоқтамайтын болып ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып Тобықтыға жетіп, Тобықтының ланы басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастайды. Ол араздықтың түбі тағы да Абайға кеп мықты соғады. Оның себебі Оразбай тобының әуелден өші Абай. Өштік түбі күндестік, қызғаныштан, өзімшіл бақталас, бәскеден шыққан. Олар Абаймен бір қатарда атқа мінеді де, Абайдың өздерінен артқанын көтере алмай үнемі іштен күйіп жүреді. Көп елдің, көп момынның сенетіні, қадірлейтіні Абай болғаны да бұларға удай тиеді.

Әділ, көреген, шыншыл, алыс-жақынға бірдей даңқты және өзі білімді, онан соң халық ақылын, өсиетін, өлеңін көкसेген Абай оларға тең жау емес. Үнемі Тобықтының өз ішінде де, әсіресе, Оразбайларды білмейтін, білгісі де келмейтін шет ел ортасында да Абай бұлардан асып түсіп отырады. Абаймен сол тұстағы барлық Арғын, Найман, Керей, Уақ таныстықты, жақындықты, достықты іздейді. Кезіге қалса ұстаздығына ынтығады. Өсиет, мәжіліс, өлең үлгісіне жабысады. Ол ғана емес талай күндік жерден, талай жылғы қиын түйін дау-шары болса, таза адамшылық жолымен ақиқат айтатын дананы іздесе, бәрінің шұбырып кеп табатыны Абай болады. Бұл жәйдің барлығы үйде отырып, алыспай отырып жеңіп отырған, тартыспай отырып елді алып отырған Абайды жаңағы дүлей топқа әл жетпес ұлы күш ете береді. Сол күш халық ортасына өсиет сөзі жайылып ірілеген сайын Оразбайлар өзінің қыңыр қиястық, қаскөй надандығымен Абайға өшіге береді.

Абайдың қайғысы онымен алысатын топтың ерекше надан соқырлығы болған.

Өйткені Абай өле-өлгенше сол өмір бойы бірге жасып өткен Оразбай, Жиренше, Күнту, Абыралы сияқты адамдар, халық жастарына, халықтың саналыларына Абайды Абай етіп, қымбат, қимас, қадірмен дос етіп жатқан ақындық еңбегін білген де емес. Олардың бірде-бірі Абайдың өлеңін оқытып, ақындық асыл қазынасын біліп, болжап көрген емес. Оразбай, Жиренше екеуінің де жасы Абайдан үлкеп еді. Екеуі де бері келіп, Абайдан кейін өледі. Бірақ жәй жиын, талас үстінде Абай сөйлеген сөз болмаса, Абайдың бірде-бір өлеңін жадына алып, ұққан, кәдірлеген кісілер емес.

Ал кісілік жөнінің өзін алғанда да Абай ер жетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам қып шығарған кісілері ең алдымен осы Жиренше, Оразбай, Ерболдар болатын. Дәл Жиренше басына еткен сан жақсылығының бірі — көп сайлаудың бірінде «тентек ояз», «қара ояз» деп атанған бір сотқар ояз Жиреншеге дүре салмақ болғанда Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп, сабатпай, ананың арын, намысын қорғап шыққан. Арғын, Найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет жас шағында Көкшеге болыс болса Абайдың сенімді, белді би қып ерткен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді.

Ол екеуі Абайдың ығында жүріп, елеусіз қалдан белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, елденіп күшейген күндерінде Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жауығардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше байып, лық толып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Оразбай бертінде жылқы санын үш мыңға да жеткізген. Ал Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес. Қайта өмірінде талай рет «шағын дәулет, шолақ дәулет» дейтін күйлерге жақын қалып жүрген. Мынау екеуі өздері байып әлденіп алған соң, Абайға қарсы жаулықты тобыған бұрын бастайды. Ең алғаш араз болған сылтау себебі де өзгеше. Бір жылы Тобықты, Найман шекарасында Абайлар жүргенде Найманның екі руы — Сыбан мен Мұрын арасында қатты қырқысқан дау туады. Жесір дауы.

Абай тегі, әйел басына азаттық әперуде талай дауға кіріп, өз заманының қатал қалпын өзгертіп, азаттық үшін алысам деп сан рет қатты пәлеге ұшырап, өз басы

арандап жүрген. Мынау жолда да соның бір кезі болады.

Мұрын қызы күйеуін тең көрмей, өзінің сүйгеніне кетеді. Сыбан қызды қайтарып алмақ. Пәле ұлғайып, ел шабысарман болған соң, екі жағының сөзі Абай алдына келгенде, Абай бітім-тоқтау айтындар деп өз атынан Жиренше мен Оразбайды жібереді. Мұрын қызына азаттық әперіңдер деп арнап тапсырады. Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатарман болғанда Сыбанның біреуі «жол осы ма еді, Кеңгірбай аруағы, қайдасың!» деп ұрандап, әруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай Кеңгірбай жолын бұзғысы келмей, Абайға келгенде, ол «Кеңгірбайдан әйел әділдік көрген жоқ. Әйел үшін ол қара қабан» атапқап деп, өз айтқанын істетеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал Оразбай мен Жиренше: «Абай асқан екен. Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай «қабан» деп тілін тигізді, енді бұдан біз кеттік, жауластық» деп өзді-өзі серттесіп алады. Жолшыбай елге қайтқанда екеуі жарыс салып Абайдан озып, бөлініп кетеді. Абай бұлардың бетін аңғарып, «білдім» дегенде, «білсең сол» десіп тағы жарысып кетіпті.

Осыдан кейін екеуі жар құлағы жастыққа тимей «Қалың Найман алдында Абай тілін Кеңгірбайға тигізді» деп, өздері құсаған бай-жуанның басын құрай бастайды.

Байғұлақ, Күнту бар, жиыны он алты атқамінер боп, Абайға қарсы шықпақ боп серт байласады. Бұл серттері Жиренше қыстауының үстінде, «Ши» деген жерде Кеңгірбайдың бейітінің қасында жасалады. Кеңгірбайдың аруағын атасып, бейітіне бет берісіп тұрып баталасады. Жауламақ, жықпақтары — Абай. Оның еткен «жаманшылығы» әлгі. Міне, Күнту болыс болудың алды осы еді. Содан бері Оспан болыс болған шақта да тыйылмай жүрген күндестік, қызғаншақ араздықтың түбі үнемі Абайға сарықпай тұрмайтын.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болады. Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер сиязын өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан өз қолымен ұстап алып, қорлық көрсін деп өзі мінген арбасының артына таңып алып елге әкеледі. Бұрын қорлыққа бойұсынбаймын, көнбеймін деп тіресіп жүрген Оразбайға мынау істеген іс, «құлақ естіп, көз көрмеген» кекті жаза болады. Бірақ Оспанның осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Ор-

нына кандидаты Арапты қоймай, сол кездегі долыңжы би (бұл болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын бірінші би) Шөже деген інісін болыс қояды. Осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұспандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы кеп ошарылады. Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан, үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда 1891 жылы қайтыс болады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі еді. 92-жылғы өлендерінің көбінде Абай Оспан өлімімен уланып, дерттенген жәйін көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең айтады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азабы мен елдің әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толы тыныштық өмір бұзылады. Барлық ішкі қуат сезімінен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді.

Бірақ қалайда болса кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өснет көкसेп, мәжілісін іздеген жастарға медресе есігі уақытша жабылғандай болады.

Өлендері де бұрынғы сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде жазыла жүреді.

Осы жылдарда Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. 91-жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде әлденеше жұмыстардың тұсында бола келіп, 97-жылға шейін созылады.

Бұл әредікте шет елде болған тартыс — Тобықты мен Уақтың тартысы. Ол пәленің басы да Оразбай болады.

Оспан өліп, ел ішіндегі үлкенді-кішілі істерге өзі бас боп жүрген Оразбай енді Абайды түрткілеп, қоздырып, бір пәлеге тартуға құмартады.

Осы орайда Абаймен Уақтың бір ірі адамы Нұрке деген кісінің екі арасын шпеленістіретін бір кез келеді. Бұрын Абай мен Нұрке аса тату, дос еді. Нұрке — Көкен болысының қазағы. Жері мен елі Семей қаласына жақын. Өзі малды, өзі адамшылық абыройы зор, қала мен қырға бірдей беделді адам болатын. Сол Нұркенін бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауния аламын деп әуелде бір қысырақтың үйіріп қарғыбауға жібереді. Артынап Мағауния қызбен көрісе келе ұпатпай, алғысы келмей сырт беріп жүреді. Қыздың көңілін тұрақтатқан құ-

далық та жоқ, азаттық та жоқ, жіпсіз байлау болады. Соны ауырлаған қыз Айтқазы деген адамға өздігінен сөз салып, тием дейді. Айтқазы Ертістің ішкі жағындағы Белағаш деген болыстың ең жақсы адамы. Өзінің түбі Көкше (Тобықты) Абаймен қатты дос, шешен, алғыр адам болған. Бұның да жасы Мағауия құрбы, жасынан озғын шыққан адам еді. Нұрке қызына Айтқазы қызығады да, алып қашып алады. Осы жөнінде Айтқазының өзі де, Оразбай сияқты ел пәлесін тілеушілер де Абай бүлінер, сойқан басталар, Абай мен Айтқазы, Нүркелер қиянқескі жауласатын болар деп байлайды.

Бірақ Абай түк намыс та етпейді, сөз де айтпайды. Аз күн ішінде Айтқазыға «саспа» деп басу айтып, тыныштандырып, Нүркемен де қабақ шайыспай, бұрынғы достық күйінде қалады. Қыз сүйгеніне тиі, ерік алды. Әйел еркіне зорлық болмасын деп ізге түсіп, жол айтып жүрген Абай өз басына келгенде сол жолынан тайған жоқ.

Осыған айызы қанбай, бармағын шайнап қалған Оразбай өз бетімен пәле бастайды.

Көкен үстінде. Жалпақ деген жерде болған бір ояз елдің сыязына Тобықты шонжарларын ертіп кеп, Нүркеден Абай үшін жесір даулайды. Даулайтыны жаңағы бітіп тынған Нүрке қызының басы. Сылтауы: Абай көнгенмен, Тобықтының әруағы көнбейді. Ол намыс етпесе, біз намыс етеміз деп, Тобықты билерін шүйлеп алып, Нүркені сыязға шақыртады. Абай мен Нүрке бұл сыязда жоқ. Нүрке Абайдың өзі дауламаса, өзгеге берер жауабым жоқ деп бармайды. Оразбай билерге салмақ салып, Нүркенің сыртынан ақы мен айып кескізеді.

Осыдан Тобықты жуандарымен ұстасқан Нүрке жер дауына кіріседі. Тобықтының Бұғылы Шыңғыс деген болыстарымен Уақтың Көкен болысының шекарасы бөлінбеген еді. Нүрке қаладан жер өлшеуші шығартып, Оразбайдың болысы Бұғылының жерінен және бірнеше Олжай жуандарының жерінен жер кескізіп алады.

Тобықты қуып арыз береді. Соның аяғы Аркат сыязы деген екінші сыяз болады. Онда Нүркеге бар Тобықты жабылмақ еді, бірақ Нүрке оязға дегенін істетіп, Тобықты жуандарының ұрлық-зорлығын айтып, өздерін ығыртады. Ұлық кәрінен қашқан Оразбайлар сыяз басына жолай алмайды. Тобықты еседен айырылып, ұлық кәріні түйеді, көрші елдерге істейтін талайдағы зорлық

енді Тобықты жуандарын опық жегізіп састыра бастайды.

Өз дәрмендері кеткен соң барлығы Абайға жабысады. Елдіктеп кетеміз, ара түс дейді. Абай амалсыз кірісіп Нұркеге хат жазып, кісі жібереді. Нұрке Абайдың тілін сыйлайды. 91-жыл қайта қозған араздық пен 98-жыл арасындағы біралуан хал осы еді.

Осы екі арада, Абай өмірінде болған үлкен өзгерістер, 96-жылы Оспанның үйіндегі (бұл Құнанбайдың үлкен үйі) Еркежан деген келінін алады. Оспан өлгенде артында қалың дәулетпен үш қатыны қалған. Бірақ ешбіреуінен бала жоқ. Оспанның үш қатынын Тәңірберді, Абай, Ысқақ сияқты үш ағасы алып, ауылдары мен мал-мүліктерін де, келіндері отырған орындарға қарай бөлісіп алады. Көп сыбаға үлкен келінмен Абайға тиісті болады. Бірақ бұл уақиғаның үстінде де көп әңгіме болған. Абайдың Еркежанға үйлену ойында жоқ еді. Еркежан өзі де Ырғызбайдың үлкен үйінде отырған мінезді, байыпты, тоқтамды адам еді. Ол Оспанның артын күтіп, байға тимей отырып қалам деген. Абай соны мақұл көрген. Оспан тірісінде өз баласы болмаған соң Абайдың Ақылбай деген үлкен баласынан туған немересі Әубәкірді асырап алған еді. Еркежан қолында қазірде сол бала болады да, үлкен үйдің иесі боп тұратын болады. Осы халды Тәкежан (Абайдың үлкен ағасы) қош көрмейді. Үлкен үй Абай қолында боп қалады деп қызғаныш етеді. Еркежанды әйелдікке өзі алам дейді. Тимеген соң өзінің баласы Әзімбайға тиі дейді. Жесір қатынның тыныштығын бұзып, мезі қылған соң Еркежан «Абайдың өзі алсын, тисем соған тиім» дейді. Бұл күнде Оспан үйіне Әубәкір жас болған соң мал басқа ие болуға кіргізіп берген Кәкітай дейтін Ысқақтың баласы бар еді. Ол — 12 жасынан Абай тәрбиесінде өскен, Абайдың өзінен туған баласындай боп кеткен аса таза және өздігінен Абайша оқып, көп білім тапқан ерекше қадырлы жас еді. Сол Кәкітай бар, Оспанның басқа жақын дос-жарлары бар — барлығы Еркежанның басына Тәкежан тыныштық бермейтін болған соң, Абайға «өзің ал» дейді. Абай сонда да алмауға байлайды.

Енді өзі ала алмаған Тәкежан, Еркежанға жаңа шарт қояды. Тыныш қоямын, тек қолыңнан Абайдың немересін Әубәкірді кетір дейді. Ол — Оспан мен Еркежанның бесікте бауырына салған, туғандай баласы еді. Еркежан

осы соңғы салмаққа шыдамай, Абайға сәлем айтып: «не мені алып үлкен үйіне тыныштық тапқызсын, немесе ренжімеймін, рұқсат етсін, Әубәкірді алып төркініме көшемін»,— дейді. Осыдан кейін Оспан өлгеніне 5 жыл толғанда, 1896 жылы Абай Еркежанды алады. Еркежанмен қоса Оспанның, Құнанбайдың үйіндегі мол байлықтың бәрін Абай өзі түгел баспайды. Оспанның өзге екі қатынын алған екі туысқаны Тәкежан, Ысқаққа көп қылып мал мен қыстау, қоныс енші бөліп береді.

Бірақ Еркежанды өзі ала алмай қалып қызғаныштан арылмаған және Абай алғанның бәрін көпсінген Тәкежан осыдан кейін Абайға іштей қыжыл, қарсылық сақтап қалады. Абайдың абыройып қызғанған Оразбайлармен оның да демі бірігіп кетеді. Жанаса жүріп Оразбайлармен құда болады. Сол іштегі кірненің бәрі тез-ақ барып белгі береді. 97-жылдың пәлесінде Абайдың Еркежанды алғанын Тәкежанның кешпегені білінеді.

Еркежанды Абай өле-өлгенше жақсы көрумен кеткен. Мұны алған соң, өзге екі әйелінен әсіресе, соңғы кезде көңілі қалған Әйгерімнен алыстап кетеді. Ділдә ерте қартайып, балаларының анасы болған қалпында жәй ғана сыйлас досы боп қалады. Ендігі әйелі өзге екеуі емес, жалғыз Еркежан болғанға ұқсайды. Қыс болса олардың қыстаулары да Еркежан қыстауынан (Жидебайдан) алыс болады. Абай үнемі осы Оспан үйінде, үлкен ауылда орнығып тұрып қалады.

Абайдың үлкен әйелі Алшынбай аулының қызы Ділдә. Екіншісі — тоқал алған Әйгерім. Алғашқы әйелінен: Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия деген балалары, Күлбадан деген қызы болған. Екінші әйелі — Әйгерімнен туған балалары: Турағұл (Тұран), Мекәйіл, Ізкәйіл және кіші қызы Кенже.

Абай Еркежанды алмай тұрғанда, көбінесе Ділдәнің аулында болып, кіші әйелінің балаларын сол ауылда өз қасына алып жүріп Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Әйгерімнің қыстауы Аралтөбеде, ол Еркежан қыстауынан 70 шақырым жерде болады. Өзі Оспан ауылына орнаған соң, балаларының көбіп қысы-жазы өзімен бірге ұстаған. Өз қолында болмаған баласы оқудағы Әбдірахман ғана.

Ол Семейде үйездік школды бітірген соң, Түменнің «реальное училищесіне» барып, соны бітіреді. Содан кейін Петербурға барып, Семейде үйез болған Лосовский-

дің маслихаты бойынша «Михайловскі-Артиллерийский школга» түскен. Басында Абай «Технологический институтка» түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп, түсе алмайтып болған соң, жаңағы Лосовский айтқан мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Әбдірахман Абайдың қатты сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласының бірі болған.

Бұл жаңағы мектепті бітірумен де қанағат қылмай, енді «Әскерлік артиллерия академиясына» түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың ғинуарында қызмет етіп тұрған жері Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған.

Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жұбанышы еді. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек бастыны көріп» жүргенде Абайдың аңсап тілеп, көп күткені сол баласының келешегі еді. Көп үшін өнімді еңбек істеп, мағыналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да қатты толқынып келген көп зарды шығарады. Әбіштің (Әбдірахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспанның өліміне айтқаннан да зарлы, шерлі сөздер болады. Бұл өлім де осы кездегі барлық басқа өлеңдеріне қайғы мен өкініштің, қалың арманның уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болатын. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде қалыптанып толған сыншы ақылдың, бұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне жанына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жиналған соң, бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді өз жүрегінің тынысы сияқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өз қиялына дәл келетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударады. Өзі шығаратын өлеңдерімен қатар, аудармалар, ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады. Кезі келгенде

айта кету керек. Абайдан қалған аудармалар тегіс бірдей емес. Кейбірін, мысалы Крылов мысалдарының көп жерін, немесе Лермонтов өлеңдерінің бірқатарын ақын дәл аударады. Сонымен қатар, сол Крылов, Лермонтовтың және әсіресе Пушкиннің «Евгений Онегинін» әдейі бір кең толғаумен өзінше еркін жырлап жеткізеді. Бұнысы аударма ғана емес, Европа Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойында тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сыршылдық, эстетикалық сыр шығарып қосыла күңіреніп қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойлары, өзгерте жырлауы әдейі істелетін өзіндік тұлғаларға жақын боп шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің бәрін бұдан бұлай құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынына жазылған шығармалар деп тану керек.

Осындай болып қалыптанған ақындық күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған арнасы еді.

Әредікте қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт болса, 89—90-жылдағыдай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық етеді.

Бұл уақытта жалғыз өзі өсиетін айтпай, шығыс пен батыстағы өзі таныс болған бұрынғы-соңғы данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдардың көбін де өз тілі, өз аудармасы, редакциясымен әсем әңгіме ғып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде, өз уақытына жаңа болған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы сұлтан» сияқтылардан басқа Европаның да талай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың «Үш мушкетері», «Он жылдан соңы», «Қороль қатын Маргосы», Пушкин әңгімелері және Батыс Европада орта ғасырда инквизиция сотының заманын суреттейтін «Қызыл сақал» деген роман, онан соң Америка, Африкада жабайылар ортасында күн кешкен «жаһанкездер» жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі — ол өзін «шығыс адамы едім», «мұсылман едім» деп дін тұсауына бағын-

дырмаған. Жастарға үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сияқты, ауызша өсиетте де Сократ, Хәкім, Аристотель сияқтыларды көп айтады. Ұлттық тар көлемде де қалмайды. Сондықтан өзінің тәрбиесінде болған жас ақындарға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде, құлашты тіпті кең жаяды. Көкпай сияқтыларға қазақ тарихының ескілігін баяндайтын тақырыптар берсе, Мағаунияға патшалықпен алысқан Шампльдің жәйін поэма еткізеді. Және сол Мағаунияға «Медғат — Қасым» деген поэмада Африкадағы плантатор мен намыскер ер құлдың алысқанын дастан еткізеді. Ақылбайға Қавказдағы «Дағыстан» жайынан, Африкадағы «Зұлыстар» жайынан поэма жазғызады. Міне, жастардың ұстазы болған Абай ең алдымен осындай көркем тәрбиеші, аға ақын боп зор қызмет етеді. Бірақ жаңағы атқамінерлер пәлесі тағы да ырық бермейді.

Оразбаймен ұстасқан жаулық 91-жылдан бастап 1897 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауния сияқты балалары, Кәкітай сияқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі-билігі болсын, үлкен шербешнай сыяздар мен болыстық сыяздары болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін баяндаған уақытта, көбінесе партия басы, жуан бұзықтармен тартысқанын айттық. Соның өзінде де Абайдың ел ішінде ең үлкен, ең дана, әділ басшы болғанын еске алу керек.

Қарамолада бірнеше елдің бас қосқан сыязына төбе би болған сияқты, Көктумадағы Жетісу мен Семей болысының бас қосқан шербешнай сыязында Абай тағы төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне және көлденеңге айтатын шебер, әділ билігіне талай рет көзі жеткен атқамінерлер, іштей жау болып жүрсе де, сырттай еш уақытта қарсылық көрсете алмаған. Өйткені бұны ақыласатын қалың момын ел тілейді. Есемізді әделетпен әпереді деп тілейді. Өз беттерінде ру араларының дау-шарын шеше алмайтын ұлық та, бұл сияқты «сахара» заңына жетік адамға еріксіз жол беретін.

Сол шербешнайларда ақыласатын елдердің, қашанғы істерін, қаңдайлық жол-жобамен қарау керек, соған

жалпы ереже жасалады. Осы ережелер халық ортасына салынып, тексеріліп өткен соң, қаулы боп бекіледі де, ақылы жұмысты тергейтін «третей билер» түгелімен сол ережені қолданады.

Абай жаңағы ереже атаулының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен Көкту-ма сызында Абай жазған ереже 92 (бап) статья еді дедеді. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей жалпы әкімшілік жұмысын еш уақытта жөнге сала алмай қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын.

Осы тұста айтылған ерекшелігінен басқа Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өзге ру басылардың парашыл, бұра тартқыш билігінен басқаша болған. Дәл өз басы, өз алдына келген билікке шамасынша әділ болуға тырысқан.

«Басшылық ұстаздық, ел түзеуші» тез болу жайында ұдайы айтатын тазалықты, Абай осы тұста өзі толық орындауға тырысқан.

Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, Абайға келіп билік айтқызуға әрқашан жау жағы ынтық болады екен. Өзгені қойып Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек ішінің ру басылары да үлкен даудың тұсында алдымен сол Абайға баруға өзі ұмтылады. Тіпті дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болса да соны істейді. Ырғызбайдың зорлықшылдарын ең алды аямай жазалайтын Абайдың өзі болады.

Мінеки, осындаймен 97-жылдарға шейін Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе, әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үміті болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, «тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас па екен» дегендей. Мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын, 80-жылдардан бастау керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады.

Болды да партия,
Ел іші жарылды.

Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды,—

дейді.

Бірақ 97-жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес, Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай тағы үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай неғылса да, бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Үндемей отырайын десе тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, ерік алдына қоймай майданға алып шығады.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын жаудың басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен жауы баратын болған соң ықтиярсыз Абай да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 97-жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып өткізген өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты болып, бір үлкен уақиға туады.

Бұл уақиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы үйез келер кезде, берісі Тобықты, арысы барлық Семей үйезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы оған қарсы ниетте жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, қайраты қатал боп, көпті қорқытып, дәуірі Тобықты ішінде басымдап келе жатқан.

Осы кезде Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың әрекет шығады. Ол Бәзілдің қызы Қадидшаның дауы. Бәзіл Тобықты Жуантаяқ ішіндегі бай жуанның бірі. Құнапбай тұстас кісі. Бұның Байғұлақ деген баласы Оспан, Оразбай аралығында «тең тартта» жүретін, елеулі атқамінердің бірі. Соның қарындасы Қадидшаны айттырып отырған жері Оразбайдың туысы Есболат екен.

Қыз атастырған жігітіне ырза болмай, Абыралыдан келген жолаушы Қаракесек Олжабай деген жігітке асық болады. Екеуі көңіл қосып, қашуға әзірленіп жүрген түні Сақ-Тоғалақ руының бес жігіті аңду салып, ұстап алады.

Байғұлақ, Оразбайлар қыз бен жігіттің екі аяғына бір кісен салып, өз қолдарымен жаза кесіп, Олжабайды өлтірмек болады. Жаны қысылған жастар көмек тілеп Абайға тіл-хат жібереді.

Абай сол арада бұл жандардың ауыр халына ара түсіп тез бұйырып Олжабай мен Қадришаны өз ауылына алдыртады. Сонда Қадриша Абай алдына жақындап, есіктен кіре бергенде жастық арызын өлеңмен айтады:

Шығады бүркіт алған қыр басына,
Алаштың болдым жолдас мырзасына,
Бір кісен жеке тимей аяғыма,
Олжабай, ортақ болдың бір басыма.

Олжеке, тартынасын неге жүрмей,
Бағана қалсаң еді маған ермей,
Бір жұмыс неде болса істеген соң,
Қарада жан қала ма қаңға кірмей.

Алдына келіп тұрмын, Абай аға,
Бар шығар сізде-дағы мендей бала.
Айдады кісен салып аяғыма,
Ісіне күдіреттің бар ма шара?!—

дейді.

Абай Жуантаяқ пен Есболаттың қарсылығына қарамай, Сақ-Тоғалақтың андушы жігіттерін де айыпты етіп Олжабай, Қадришаға азаттық әпереді. Екеуін қосып Абыралыға аман-есен жөнелтеді.

Мұқыр сайлауының дәл алдында болған осы билік Абайға қыз төркіні Жуантаяқты, қыздың қайны Есболатты, айып тартқан Сақ-Тоғалақты да өкпелі, араз етеді.

Оразбай тобына жалған намыс жоқтаған қалың шоғыртың руларды қосады. Ол Оразбайды бұрынғыдай да қоздыра түседі. Алыстағы Мұқыр сайлауына омыраулап, араласып, асыға қимылдап, пәле шақырып жүреді.

Сонымен, сайлау жақындаған соң Мұқыр болысындағы Абайдың тілеулестері: «Сайлауға өзің жүрмесең болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға пәле жаудырады»,— деп, Абайды еркіне қоймай алып барады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген болады. Шынында көп алысқан Оразбай бұл болыстың ішінде дендеп тұрады. Қарсы жағында бұрынғы барлық Қоңыр-Көкшеден жалғыз азғана ру Көкше қалады. Одан басқа Мырза-Жөкең деген ел және бұрын Шыңғыстан Құнанбай балаларынан қашып осында шыққан Жігітек, Бөкенші болысының барлығы да Оразбай ниетінде болады. Осы сайлауға шейін Мұқырдың болысы боп келген Әбен де Оразбай досы. Ол мықты, оғар, берік адам еді. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және

тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайдың өзіне қаратып, астыртын тілеулес қып алған адамдары болатын. Соның бірі — Абайдың ағасы Тәңірберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай сыртына шығармай, Абайға білдірмей, іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Мұқырға ояз келіп сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанады. Ол жолшыбай Тәңірбердінің ауылына қонып отырып: «Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады», — дейді.

Абай бұның алдында үйде тыныш отырып ақындық, ұстаздық еңбек етіп жатқанда Оразбай, Жиреншелер және Жігітек Бөкеншіден Бейсембі, Күнтулар, Жөкеңнен Әбендер тыным алмай пәле қоздырып жүреді. Осы топтың анық бүлік, жанжал басы екеніне солардың сыр мінезін жақсы білетін Асылбектің дәл сол орайда айтқан бір сөзі айғақ. Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулармен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам болған. Абайға өз басы дос, үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күні Жиренше кеп амандасқанда:

— Аманбысың, байғызым! — дейді де, — тастың арасында тек жатып түбін ойлап жатырсың ғой! — дейді. Асылбек соған орай:

— Аманбысың, бәбісегім! Бәбісек көкекше әр қидың түбіне барып, бір «пыс!» деп исі Олжайды түртіп тұрғызып жүрсің ғой! — деп мысқылдайды. Тағы бір орайда Жиренше мінезін жақтырмай әжуалап:

— Қосаяқ қой бұл. Күні бойы тек жатып кеш батқан апақ-сапақта екі аяқтап шаңдатып жортады! — дейді. Бұл айтқаны Жиреншелердей тынымсыздардың елді пәлеге айдап, сол Мұқыр сайлауындай тартысқа әзірлеп жүрген сұмдықтарын танытады. Олар бір жатқан бейбіт елді бөріктіріп «жау жетті» деп жүріп, екіншіден өз араларын да нықтап, шүйлей береді. Сол күндерде Оразбай өз алдына әлденеше тәсіл-айланың, қастық, жаулықтың жолын атап, белгілеп аң «осының байлауын енді» жер табанға берейік дейді скен. «Жер табан» деп ат қойғаны сол кездегі Жігітектің қайсар, қыңыр биі Бейсембі. Өздері тұртпек салып жүрсе де, араздық туын Жігітекке ұстатпақ. Соларды найза басы етіп, алдына салып алмақ. Сол үшін Жігітектің «Жер табан» таймас, қайсар Бейсембісі топтың байлауын өз аузымен бекітсін дейді.

Мұқыр сайлауында болатын уақиғаның бұ да бір астар жағы, әзірлігі еді.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады. Оразбайға Әбен: «Елді алатынбыз. Бірақ Абай келді. Енді тағы алып кетеді»,— дейді. Оразбай сонда Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жылып тұрғанын көреді. Өзінің жаулық ниеті іске асатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен қол қимылын істеп жіберуді тапсырады. Әбен мен Жігітектерге тапсырады.

Айтқанындай Абай келген жерде Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі бұның үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Көкпайды да сабайды. Ол оязға барады. Ояздар мылтық атып барып, арашалап алады. Арашалаушылар келгенше, Абайдың үстіне жығылып, оған тиетін таяқты өз үстіне соқтырған бірнеше кісі бопты. Соның бірі — Кәкітай.

Бұл уақиға ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, өз еліне қашып кеткен Оразбайды ұстап ап, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әр түрлі ірі жаулықтың жолдарын айтысады.

Бірақ Абай оның ешбірін де қостамайды. Қол қимылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл осы күні Оразбайдың Тәңірберді ауылына тілдесуге жіберген жансызы сезіліп қалады. Абай осыны білген жерде: «Менің жауым баурымда отыр ғой, бүйткен елде қайтып тұрам, кетем»,— деп, атына мініп, қасына жолдас болған бір жігітті ала күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа: «Бұл елде тұрмаймып, жоғаламын»,— дейді. Бірақ, қуғыншылар шылбырына оралып, жетелеп қайта әкеледі.

Барлық осы уақиғаның терең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл жанжал Абайға ескішіл, қараңғы надап феодалдардың өштігін көрсетеді. Олар үшін Абайдың білімі, әр өлеңі де, жаңа жарық дүниені іздеуі де жат жаңалық боп көрініп еді. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда, өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді.

Осы уақиға үстінде сол ру басылар ортасынан іштей шіріп бастағанын Абай жалғыз Тәңірберді мінезі емес, көп жерден көреді. Өзімен-өзі боп ойланып басылған соң, бір түрлі жуасып, шөгіп қалады.

Осы жай туралы елдің айтатыны:

«Мұқыр уақиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, бала-бауырлары жиналып, біз де пәлен-түлен етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ» дескенде, Абай:—«Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды. Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ деген сөз дұрыс емес. Мен бұл бітімсіздікті қостамаймын!— деп, елді тоқтатты»— дейді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кетіп, таршылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске ол есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету 97-жылда да қолынан келуші еді.

Бірақ өзі көрген өмірдің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан, сонауғұрлым бөтен көзбен қарап, Абай жаңағы оқиғаны Құнанбай тұқымының бүліктігіне жаза санап, іштей әдейі тоқтаған сияқты. 80-жылдардан бастап екі кісі болып бөлінген Абайдың сыртқа көрсетіп жүрген тонын осымен өртегісі келеді.

98-жылғы өзі айтқан өлендерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел. Оразбайлар мінезіндеі қастық жаулықтан тыйылғанына тағы сол кездің бірнеше уақиғасы куә. Абайды Оразбайлардың сабағанын естігенде Тобықтының өз іші емес алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, намысы қозып ызаға мінеді. Абай үшін ең алдымен Керей, Найман жоқшы боп шығады. Керейден Бегеш деген кісі Абайға елші боп кеп: «Ерге жара түйін деген. Үрімді мылтық өзі атып, өзі түзеледі. Біз Керей, Найман елміз, қасыңдамыз. Ағайыныңа не қыл дейсің?» дейді.

Абай сонда да жаулықты қостамайтынын айтып:

«Ел жамайтын ер туса ерік бермейтін ез емеспін», деп билікті өздеріне береді. Содан кейін Найманнан Серікпай, Керейден Бегеш болып, Оразбайлар мен Әбенге, Жігітектерге билік кесіп айтады. Абайға қол көтергендері үшін 100 түйе айып кеседі. Соны кесіп бұйырып отырып, барлық жұртқа паш қып айтқандары: «Бұл екі адам құны. Үйткені Абай жалғыз Тобықтының Абайы емес. Орта жүзге ортақ жақсымыз. Біз Арғын, Найман, Керей, Уақ Абайдың құнын мол қып жоқтамай қоя алмаймыз. Басқа жүзбен бас қосқанда Абайдай адамын құнсыз жіберген деген сүйегімізден кетпес таңба, билігіміз осы»,— деген де мойынұсындырған. Абай өзі бұл билік, бұл сөздің маңында да болған жоқ. Ал егер күшпен, елмен Оразбайларды жазалаймын десе, жаңағы қа-

дың қазақ Абайдың жасағынан табылатыны даусыз еді.

Оразбай жөнінде тағы осындай бір іс 98-жылдың жазында да болған. Тоғалақ руынан шыққан Ержігіттің Бейсембайы деген жас жігіт бір жолы Оразбай айтқан бір бұйрықты орындамайды. Соған ашуы келген Оразбай кәр қылып, қорламақ болып, көр қаздырып, Бейсембайды тірідей көмдіреді де өлімші қып жазалап, зорға босатады.

Сол ісіне ызасы келген көп Тобықты бірігіп алып, Бейсембайдың намысын жоқтап, аттанып барып Оразбайдың ауылын тал түсте шауып, желісін кескілеп, үш мың жылқысын тиіп алады. Елдің осы ашуында Абай кегі де жоқ емес еді. Абай тілесе, бұл жолы да Оразбай қайтын тұра алмастай соққы көрер еді. Бірақ Абай басы онда да жаулық қумайды. Одан соң сол тұстағы барлық басқа ісімен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді.

Одан соң 99-жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және сол жолғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек жерқоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Бұл оқиға болғанда ел әңгімесі бойынша Жігітек:

«Ашулы арыстанның алдына қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ Абай сол араз ағайынның бар адамдарын шақырып алып: «Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген. Енді бұрынғы араздық кекті тастайық» деп, Жігітекпен де шын татуласты» дейді

97-жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, кек аламыз деген жақындарын тоқтатып, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі Абай бұл жұмысты ұлыққа да шақпаған. Заң-зақұн арқылы кек алуды да іздемеген. Және 98—99-жылдың қысынан кейін Семейге біржолата бармайтын болған.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылмағына, өмірден суышып қажы бастағаны да себеп болған. «Алды — үміт, арты — өкініш» өмірден енді шын түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аштығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?—

дейді.

Бірақ Абайдың өз басы осы күйде болғанмен 97-жыл уақиғасының арты Тобықты ішінде із-тозсыз өшіп қалды, партия — пәле, алыс, жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Ру басы атқамінер атаулыға ол әуе мен су сияқты тыныс болып қорек ететін талшығы! Сондықтан Абайдың өз бала, інілері де Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Енді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Күштерін ел келесін алуға салады. Абай мен Оразбайдың жас кездеріндегі әдіс-тартыс қайта қолданылады. Ел келесін алу деген Тобықтының өз ішінде тілеулес, достарды қай жағы көп алады, соның тартысы. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған іні-баласы барды осы шербешнайларға салады. Сол аталған топтың барлығын да екі жағы бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады. Бұл тартыс-таластардың тұсында жандарал, ояз кеңселері де, әсіресе жасырын тыңшы патша кеңселері де тек отырып қалмайды. Тегінде орыс халқының ішінен шығып патшалыққа қарсы алысқан төңкерісшіл топтармен іштей де байланыс жасаған Абайға патшалықтың ресми орындары, қараңғы, кертартпа ұлықтары көптеп қадала қарап жүргендер 86-жылы Абай аулына айдаудағы Долгополов барып, қадырлы қонақ боп жатқан жаздың өзінде де Семей жандаралы қаланың тыңшы кеңсесі полицмейстері артқан Абай аулына астыртын жансыз арқылы бақылау жасатқан. Кейін жылдан жыл өткен сайын қазақ сахрасына өлең-өсиет, үгіті тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне қадыры артып бара жатқан Абай патшалықтың болыс ұлықтарын шенеп, жерлеуші Абай жәйлі кісі, жақын кісі боп саналмайтын. Сондықтан оның ортасындағы әсерін әлсіретіп, қанатын қырқатын дүлей күш қазақтың өз ішінен табылып, оны жандарал кеңселері әлдеқашан құптап қостаушы болуға әзір жүретіп. Оразбайларды астыртын дем беріп отыратын өздерінің де ішкі саясаты бар еді. Олардап Абайды жамандап түскен арыз болса ерекше ықыласпен тыңдап, сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Соның бірін сылтау-себеп етіп 1903 жылы қырдағы Абай аулына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кеңсесінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандармдармен кеп, қатты

тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ-даңқы мен қадырынан жасқанып, батыл әрекет істей алмай кетеді. Сол жолы Абайды астыртын көрсетіп отырған тағы да бүлік, бұзық ру басылар, сатымсақ болыстар еді. Абайдың барлық өмірінің бойында халқына еткен қасиетті еңбегіне өш болған қараңғы, кертартпа қанаушы топ Абайдың «ел мінезі» деп ру басылар мінезін алып, торығып, зарлап жырлауы осы халдардан туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы әсіресе сол 97-жылдарда және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады. Абай енді жылдан-жыл өткен сайын түңіліп, шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске алып отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын «Өлсем орным қара жерді» жазады.

98-жылы осы өлең жазылған соң ғана, өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін «жиналсын» деген. Бізге бұл жұмыс қаншалық ғажап көрінсе де, осы 98-жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отырмаған. Әрқашан кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір ойлармен қозғалып отырғанда, қолына бір табақ қағаз бен қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екен.

Соны қасында отырған балалары, інілері, я жай адамдар болса да қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірден-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сияқты болғандықтан, қазірде біздің қолымызға Абайдың өз қолымен жазылған қолжазбасының бірде-бірі жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттерінің қалтасында, қойны-қонышында жүріп жоғалып біткен. Осы ретіне қарағанда: «Абай бергі кездің өзінде жазған талай өлеңі ешкімге мәлімсіз болып бір-жолата жарық дүние көрмей, шығысымен жоқ болып кетпеді ме екен» деген де күдік туады.

Өйткені жасынан біткен әдет бойынша Абай біреудің оғаш мінезін көргенде, ылғи қалжың-мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын-туысқандарын мысқыл етіп, солардың мінді мінезін күлкі қып айтады. Кейде қалжың қылып жазып, өз қолдарына да береді. Сол кісілердің

көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің көзін жоғалтуға тырысқан. Онан соң кейбіреулер Абайдың өзінен жалынып-жалпайып сұрап алып та, көзінше жыртып тастайтын болған.

Мысалы, Көкпайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Онан соң тағы бір алуан өлеңдерінде жақын туысқан, жақын туыстарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары — ана кісілер өкпелер деп жасырын жоғалтып жібергені де бар сияқты. Осындай өлеңдердің тұрасында еске алатын бір нәрсе. Абай кісі мініп айтып өлең шығарғыш болғанда, сол құралды еш уақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған. Өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи жақыннан шыққан атқамінерлер болады. Сондықтан бұлардың Абай сөзін жоқ қылып жіберуі өзгеден сонауғұрлым оңай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қара сөздері көбірек, түгелірек сақталған сияқты.

90-жылдардан бастап ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң Абай өлеңді аз жазса да, қара сөзбен айтатын өсиетті көп жазатын болған. Осы жинақта оқушының алдына ұсынылып отырған «Ғақлия» деген өсиеттері сол 90-жыл мен 98-жылдардың арасында жазылған. 91-жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдерін сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып өлең қылып кеткені де бар.

Қалай да болса Абай соңғы 10—15 жыл ішінде осы сияқты бір жаңа түрді тауып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт бөледі. Бұл кездерде Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары, қара сөздер шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған.

Қайта берірек келгенде ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып көшіріп алып жүргенде, ең алдымен қара сөзді тілейтін. Үйде отырып оқығанда да өлеңін қойып, ылғи ғана қара сөзін оқып, соған көп ынтығатын.

Тегі, қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, соларда шашылмай, аман сақталып қалған сияқты. Бұл ретте, Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына, мезгілімен тізіп жазылып елге тарап отыруына көп еңбек еткен молдалар бар. Ол Кішкене молда, Самарбай,

сонан соң әсіресе Мүрсейіт. Баспаға шыққанша жыл бойы әлденеше рет Абай жинағын көшіріп отырып Мүрсейіт бір кітапты бір қойға сатушы еді.

Өз өлеңдерін 98-жылға шейін жиғысы келмегені Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздерді өз сөзі болса да, толық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен жалғыз Марабай мен Шөжені ғана «нағыз ақын» дейді екен. Бірақ Абай! Махамбет, Мұраттарды ести алмаған сияқты.

Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру аз екен. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңнің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар. Басқа жалпы өлеңдері туралы: «Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді» деген. Өлең сөзге келгенде азға місе қылмай, қатты сынайтын Абай өз сөздерін сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез істеген. Тегінде, Абайдың өсиеті, үгіттері, білімді, мағыналы кеңестері мұның майына өз тұсындағы талапты жастардың талайын жинаған дедік.

Сол жас шәкірт ақынның бәрі де қысқа өлең, өспет өлең айту Абайдың жолы, дағдысы болғандықтан, өздеріне Абайдан алған үлгіге қосып тың бір түр іздеген сияқты. Сондықтан көпшілігі ұзақ, әңгімелі өлең жазады. Ақылбай — «Дағыстан», «Зұлыс», «Жәррах» деген поэмаларды; Мағауия — «Медғат — Қасым», «Шампль», «Еңлік — Кебек» поэмаларын жазады. Және Мағауия, Турағұл, Кәкітай сияқты жастардың Әбдірахман науқасына, өліміне арнап жазған ұсақ өлеңдері де көп. Бұлары мұңды-шер өлеңдері, нағыз сезім лирикасы.

Қазақ әдебиеті сол күнде баспа жүзінде шығып отырарлық жайға жетсе, Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар түгелімен Абайдың ізін баса шыққан күрделі әдебиет ағымын көрсеткен болар еді.

Абай бұл жастардың өлең жазуын өте жақсы қабылдаған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де, жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Қөкпай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын нек сары ала қыз,

Кәрілікті жамандап өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз...—

дейді. ...Алғашқы жолдағы «Әзрет Әлі айдаһарды» Көк-пайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқан. «Алтын нек сары ала қызды» Сыбан Әріп деген ақынның «Зияда» деген киссасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

«Ақтамақ, алтын нек мойындары,
Ұжмақ, жұпар ісі қойындары,
Бағдат Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары,—

деген. Сұлу қызды сипаттаймын деп: «негі алтын, көзі гауһар» деп, түсіне қарамай, асыл тастарды санай береді. Соған айтқан.

Абайдың сын сөздері ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып, кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып, «Біржан-Сарапың» айтысына Абайды жамандау сияқты көп сөздер қосқан деседі.

Қалайда болса осы айтылған мысалдар ақын боламын деген жастардың сөзіне, Абайдың қатты сынмен қарап, үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға ол сөздерді жеткізетін жалғыз жазу ғана емес, қайта көбінесе домбырашы әнші жігіт болады. Осы жағынан қарағанда Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары, хат білетін арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба, баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса — барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері, Абай әндері болады.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді осымен қатар одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орыны бар, композиторлық еңбегін де атау керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-

күйін жете-білген, барынша сүйген. Елдің ән-күйін елтіп сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жаксы ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй,—

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі халды ойлап, толғанып кеп:

Есіткендей болады,
Құлағым ескі сыбырды,
Ескі ойға көңлім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды,—

деген жолдары бұның өз еңбектерінің терең тамырлары, сол қазақтың өткен өнер мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сияқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу, мағыналы жырларын арнайды. Ол музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар Абай музыканың өзіне композитор болып та ат салысady. Абайдан қалған 16—17 ән бар. Бұларының көбі өзі жазған жаңа уәзін, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, «Сегіз аяқ», «Сен мені нетесің», «Қор болды жаным» сияқты 6, 7, 8 жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін, қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі осы сияқты өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік әні қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау әндер арқылы аса түсінікті, әсерлі және өте даңқты етіп жібереді. 90-жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары қазақ сахрасында халықтың өзі тудырған жырларындағы адамдар атындай, белгілі аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақындық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы қорын пайдалана отырып «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп өзінше жаңа мазмұн, жаңа түрлі өлеңдер жазып бастараны сияқты, әнде де бұрынғы әннен гөрі өзгерек түрлерін шығарады. Бұрынғы әнді өзі бұрынғы әдебиеттен сонағұрлым артық бағалағанмен де, ендігі өз әнін,

жақсы жазған болса да, жаңаша үлгімен айтпақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйге ұқсаған, қоңыр, баяу әндер. Және әсіресе не бәйіт, не орыс пен Европаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінен мүлдем басқаша әндер болады. Бұл да өзінше жаңа жол табам деп нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы боп саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, әйтсеуір жиыны 1886 жыл мен 97-жылдар арасында шықты десе-ді. Өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де шығады.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек:

Абай 99-жылы өленді едәуір жазады да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 80-жылдары сияқты, өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4—5, әйтпесе екі-үш өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысына, Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көргені — Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт аурудан төсек тартып жатып қалады.

Мағауия әке ұғымынша да, және өз ортасының көпшілігінің бағалауынша да Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне, ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, каладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап, тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып Европа тәрбиесін алған адамдай ақыл мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияктанып қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді.

Ел жұмысына кіріссе әкесінің міндетін өз мойнына алған. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903—1904 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, жазғытұрым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да, өмірден қажыпталып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санап бастаған еді. Өз ойынша, ажарсыз, мағынасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналып еді. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса

да отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, еш нәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын емшіге көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен Мағаунияның өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 июньде 1904 жылы 60 жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда, Еркежан қыстауының жапына қойылады.

* * *

Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтырып жазу жұмысы әлі жетер өрісіне жетіп аяқтаған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы баспада беріліп отырған өмірбаяны да бұрынғы жазылған сөздерден молайып, ұлғая түсті. Енді бұнан былай ел аузынан жиылатын естегілері, жалпы әңгімелер де жамала беруге тиісті. Сонымен қатар ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне әсіресе салып өтетін бір жәй: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы.

Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының: Михаэлис, Долгополов, Гросстардың не хат, не күнделік, не мақала сияқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жинай алмадық. Тек бір табылған аз сөз Америка жазушысы Кеннанның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек.

Анығында Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері барлығының архивтерінде Абай жөнінен көп жаңалық табуға болар еді. Орыс достарының өзара хаттары, естегілері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен нелер қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек еді.

Осымен бірге тағы бір ескертетін нәрсе, бұл күнге шейін Абайдың өмірбаянын жазғанда барлық әңгіме-дерек Тобықтының ішінен және әсіресе Абайға анық жақын болған туыстан, достан алынып келген. Тек осы соңғы жылда ғана көршілес Керей, Уақ, Найман елдерінің азды-көпті әңгімелері енді ғана кіріп отыр. Бұдан былай сол сыбайлас елдердің Абайды өз көзімен көріп, әңгіме-

лескен адамдарынан қалған ертегі, аңыз емес, нақтылы деректері, жаңалықтары болса соларды көп қосу қажет.

Бұның бәрінің үстіне, әлі де Абайдың өзі туып-өскен елдің ішінен Абайдың үлкенді-кішілі істері, сөздері, мінез-машықтары туралы айтылатын қосымша әңгіме, естегілер теріліп жазылып, тізіле беру керек. Осындай «неше саладан сарқылып келерлік жаңалықтар әлі де бар, мол» деп сенгендіктен біз әлі ақынның өмірбаяны үстей береді, өсе береді дейміз. Кейіндеп барып көп жағынан әлі де толығыады дейміз.

Абайдың жайынан соңғы жылдарда қосылған өмірбаянының осы соңғы түріне кірген ірі деректерден басқа, бірталай ұсақ, бірақ аса қажет, елеулі әңгімелер бар. Олар Абайды әр жағынан мінездейтін бағалы деректер. Осы жолғы өмірбаянып, соның біразын айтумен аяқтаймыз.

Бұл әңгімелердің көбі 1935 жылдан бері қарай әсіресе соңғы жылдарда Абай ауданындағы, немесе жалпы Семей облысындағы колхозшы еркек-әйелдердің аузынан жазып алынған.

Бұнда Абайдың жас жігіт кезінің әңгімелерінен бастап, өлер шағына шейінгі жайлары араласа жүреді. Әңгімелер ақын Абай, әзілқой, мысқылшыл Абай жайын айтады. Өнер мен өнерпазды, аңшылықты, ас пен тойды, ат қосуды сүйетін Абайды суреттейді. Және аса бір бағалы естегілер кедей көршіге, жалпы еңбек иесі бұқараға берік дос болған Абайды танытады. Балаға, келін, жасқа тәлім айтып, ұстаздық, ағалық етіп отырған ақынды кейіптейді.

Сондай әңгімелердің бір алуаны Абайдың қалжыңды қадірлегенін көрсетеді. Қалжың, әзілді Абай өлеңмен де, қара сөзбен де айтып, айтысып отырады екен. Абай «Қоңыр Қөкшеге» жас жігіт кезінде бір рет болыс болады. Сонда бір күні Байкөкше ақын Абай отырған үйге кіре бергенде, Абай қарсы алдынан өлең бастап:

Тақыр жерге қабындап шөп бітеді,
Кей адамға мал мен бас көп бітеді...—

дей салып, «ал осының аяғын отырғанша айтып жіберші» дегенде Бәйкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді,—

деп қалжыңдаған.

Өлең қалжың Абайда аса көп болған. Ұлы сөзде өрелгі жоқ болса, зіл де жоқ. Жалпы айтыстың еркіндігі бойынша «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, екшесе берген. Абайдың Ақылбай деген баласынан туған немере қызының күйеуі кеп жатады. Сол кезде күйеуді ертіп келген құда шал отырғанда Абай өлең бастап:

Есіктің алды тастақ та,
Тастақтың алды баспақ га...

дей бергенде, жанағы құда шал:

Атасы басқа жау жеңге
Күйеу қасына тастап та?..—

деп ойын-сауық өлеңінің ізіне салып жіберген.

Кейде әзіл өленді қара сөздей қолма-қол айтып салып, сол арада қайта есіне алмай қалдырып кете берген. Осындай бір қалжыңды. Ағыбай туралы айтады. Біреу кеп, «Ағыбай тағы да алдап сырт беріп кетті» дегенде:

Адам деп есеп қылма Ағыбайды,
Анттан қорқып құдайды танымайды.
Сабын жаққан терідей жылп-жылп етіп,
Шіркін-ай, бір орыннан табылмайды!—

дейді.

Кейде Абай оқыс бір сұраумен ел кісілерін сынайды. Керей Шақантайдың Төлтай, Ошыбай деген кісілері келгенде Абай: «Қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?» деп сұрайды. Соған Ошыбай: «Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан тәтті бар дейсіз бе» деп бастағанда, Төлтай құрдасы: «Өй, ит, оттама! Қатты дегені жоқшылық, тәтті дегені жан емес пе?» депті. Абай күліп: «Жарайсың, Төлеуім! Құдай ақымақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен»,— дейді.

Қалжыңды Абай билік үстінде де қолданып, мылжың даугерді мысқыл әжуа етеді екен. Мамай Қарабас руынан шыққан Тоқа деген кісі өзінің бір туысынан құнан даулап Абайға келеді. Екі жағы бір-бір рет айтқаннан кейін Абай жауапкерге: «Мына Тоқаның құнанын бер!» дейді. Тоқа дауқұмар мұндай тез билікке айызы қанбай: «Абай, сөзімді екіндіге шейін тыңдашы» дейді. Абай қозғалмай, үндемей тыңдап-тыңдап алып енді жауапкерге: «сен енді құнанды берме!» дейді. Тоқа: «Е, бұның не?» дегенде: «Сен құнанды бағана алып ең, өзін дауға саттын» деп мылжыңдық, дауқестікті жазалайды.

Тағы бір эзіл үкімді баласы Мағаунияға айтқан. Көжекпай, Тезекпай деген ағайынды екі адамның жер дауы болады. Көжекпай бай, Тезекпай кедей. Көжекпай жағынан Мағауния алып мінген бұрыл ат болады екен. Соған сеніп Көжекпай Тезекпайға зорлық етеді. Тезекпай Абайға келеді. Сол тұста Абай Мағаунияға «буырыл аттың алдына сен, артына мен мініппін. Тезекпайдың есесі қайтып тиеді?» деп баласын ұялтып, Тезекпайға Көжекпайды жығып беріпті.

Абайдың ел ішінде өзіне тартып, дос тұтып, серік етіп жүретіндері неше алуан өнерпаздар болған. Кавказ адамы, айдаудан қашқан бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Сонда Абай ою-нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып, үлгі таратады.

Өнер иесінің ішінде құсбегі, аңшы, мерген, ат бапшылы болса — бәрі Абайдың сыйлас адамдары болады. Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бәшей мерген, өз інісі Шәке сияқты кісілерді ертіп «Салбурынга» бүркіт пен түлкі аулауға көп шығып жүрген.

Ал ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап қонақ еткеніндей, бертінде Мұқаны, Әсетті, Әлмағамбетті сақтап және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне қатты зер салдырған. Өз әйелі Әйгерімнің әншілігін өсірмек боп Біржаннан жаз бойы ән үйретеді. Кейін Тәкежанның Мақұлбай деген баласы өлгенде Әйгерімге жоқтау өлеңді өзі шығарып беріп, жаздай жақсы әуенмен жоқтау айтқызады.

Белгілі әнші-күйші емес, жәй орташа айтушыларға да халық жырларын, немесе өз тұсындағы ақындар жазған дастандарды жырлатып отырады...

Топай Бейсембай деген ақынға «Қозы Көрпешті» Жаңақ үлгісімен жырла деп тапсырады. Бірақ бар өлеңін бір қалыпта әуенмен айту жол емес деп, Қарабай, Қодар, Тазша, Сақау қатын, Баян, Қозы барлығына кей жердегі өзді-өз сөздерін, өз әуенімен айтқызатын болады.

Халықтың қайрат-өнер спортын да Абай қатты қызықтаған. Өз тұсында болған ірі астардың барлығына Абай барып отырады. Бәйгесіне ат қосып, күресіне балуан түсіріп үнемі өз қызығы етіп тамашалайды. Абайдың жолдасы, серігі боп кеткен Құдабай, Нұрмағамбет сияқты түйе балуандар болған. Өз тұсындағы Бозамбай асы, Торыайғыр асы, Мұрын Бұланның асы деген сияқты

толып жатқан талай асқа, нелер жүйрік бәйгелерді апарып қызықтап қосып жүрген.

Кедей құла, Айдапкелдің Ақтабаны, Ақбас ат деген сияқты талай ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп сатып алып, біреуден базналықпен сұрап алып, сол арада өзінен сұрап келген сыйлас адамдарына бере салып, ырзалай жүрген. Бәйге ат, қыран құс, алғыр ит сияқты көп қызығы болатын асылдардың, бір-ақ кісінің қолында болмай әркімнің, әр ортаның қызықтауында жүргенін мақұл көреді.

Осындай естегілер қатарында Абайдың ауылына малшы, жалшы, қоңсы-көрші болған әйел-еркектің, жас-кәрінің әңгімелері де аса бір қымбатты дерек боп отыр.

Еңбек сүйген адамды Абай зор бағалаған. Өз аулына көрші, малшы болған, сондай еңбекшіл адамның талайын Абай байытып шығаруға тырысады. Оспан үйіне малшы боп, артынан Абайдың қарамағында болған Жетібай, Көтібай деген екі кедейді 600 қой, 100 қаралы ауқатты ауыл етеді.

Абай аулынан Бәйсүгір, Дарқан, жаңағы Жетібайлар сияқты талай жандар малданып, әлденіп көшкен. Кейбір пысық, мықты жігіттер кедейліктен ұрлыққа салынып кеткенде, ұрлығыңды қой деп серт уәде алып, «енді саған ерген кедейлік итті мен көрейін» деп, алдына аз жылда мал салып, тоқ, ауқатты үй етіп жіберген. Тіпті бұрынғы жау Жігітек ішінен де сондай еткен жақсы көрген адамдары болған.

Кейін барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы боп қалған Қорамжан сондай адам еді. Мұсабек деген Жігітек ұрысының адам болуына да көп көмек еткен. Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы боп жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет бауыр жақыны, дос-інісі боп кетеді.

Осы Қорамжан, Қатпалардың Абай қолына жаңа көшіп кеп кедей боп жүрген кезінде, бұрын көп байып алған Жетібай Қатпаны боқтап, қорлайды. Абай Жетібайдың кедейліктен шығып ап, енді кешегі өзіндей кедейді ренжіткеніне қатты ашуланып, бір-ақ күннің ішінде қасынан көшіріп жібереді.

Бірақ көшіргенмен алты жүз қой, жүз қарасы бар Жетібайларға жер беріп, қыстау беріп көшіреді.

Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп өзінің Жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде 15 бие

байлаған желісі бар, көп мал иесі боп көшеді. Осындай бұрын ұры болғанның талайын Абай кісі етеді. Әрине кісі болғысы келгенің, негізі бұзық емесін танып, соны кісі етеді. Болмаса жалпы ұры дегенге Абай аса қатал, қаты болған. Сондықтан да бір ұрының өлеңінде:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Керей менен Матайды торытқаным-ай,
Қазы менен қартаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай,—

дейтін сөз бар. Тегінде Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған. Мынау орайда болған емес, бұнда: Абайдың айтқанын істейтін біреу болыс болғандағыны айту керек.

Ұрлық, сотқарлықтың себебі боп, көп уақытта, көп жігіттің басында кедейлік ызғары жүргенін Абай жақсы біледі. Кедейліктің ауыр дерттері ұры емес, момын көпшіліктің бәрін де езіп жүргенін терең түсініп, Абай өлең өсиетінде сол қазақ кедейінің жайын көп толғайды. Ырысты еңбек жайын сол кедейге, құтқарушы, көмекші есебінде көп үгіттеп, көп ұсынады. Адал еңбек иесі адамнан артық ол сахарада Абай сүйген адам болмаған. Сол аңғарда өлеңдерінде, қара сөз толғауларында кедейдің үнемі жақтаушысы болған.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы,—

дегенде Абай еңбегі кедейге үлкен жақын дос, қамқор боп кеп, оның еңбегін қанайтын бай «қара қына» шейін сатып беретін, құлқыны жаман арсыз қанаушы етіп жерлейді.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей,—

деген сияқты толып жатқан өлеңдері халық ішінде Абайдың ең жақыны еңбек адамы, еңбек қауымы екенін көрсетеді. Бір күнгі мәжілісте кедей баласын мінеген тоқ мырзалардың сөзін естіп отырып: «Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген дейді. Аз ішсе негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе көні кеуіп қалған дейді, аз ішсе шілде-сінде шық қормеген дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?»— деген.

Кедейдің момыны, адалы көмек тілеп келген кезде Абай жәрдем етпей қалған емес. Баласы мінің жүрген

атты алып беру, өзі жеккелі отырған семіз атты Құлайғыр деген шалға бере салу сияқты істері толып жатады.

Осы тәрізді естегілердің соңында Абайдың күндегі тіршілікте балаға, келінге, үй ішіне істейтін достық, ата-лық кішіпейілдік мінез әдеттерінің кейбірін айтуға болады. Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді, үлкендер емес мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында, ауылында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, әп салғызу, малшы көршілерге де ертеқиссалар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау, аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып, Абайдың досы Баймағамбеттей ертеқисшалар ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан.

Сондайлық тәрбие, үлгі, өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсила, Әсия, Рахила сияқты оқымысты тәлімді қыздар (Абайға немере қыздар) өсіп, ұзатылар уақыттарында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп, Абайдың өлең жинағын әкететін болған.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен ата-ананы мінеп отырған. «Балаға ақылың бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан, бала үлгі ала-алмайды. О да, ашуланады»,—дейді.

Келін, күйеу туралы да Абай көзқарасы жұрттан басқа, кендік, еркін, теңдік қалпында ұстауға тырысады. Өз қолында соңғы жылдарда болып, Абайды өзі күткен Қәмәлия (Қәмәш) деген келініне алғаш түскен күннен бастап бетін ашып жүруді шарт етеді. Бар жайдан ұялмай сөйлесіп отыруды тілейді. Сол келініне Абай өзі өтерден бұрын, ауырмай тұрып «мен биыл өледі екем, түсімнен ұқтым» деп ішкі сырын ең алдымен айтады.

Елдің бұрынғы әдетінде келінді ұялтқандай, күйеуді де именту болатын. Абай бұған әсіресе қарсы болған. Өз

аулына келген күйеуі еркін ерке болады. Бір уақыт Тәкежанның бір келіні, сол Тәкежан ауылынан қыз ала келген бір күйеуді ұрыпты дегенде Абай соны ерсі көріп, кісі жіберіп: «Қаражанға (бұл Тәкежанның әйелі) айт, күйеуі қыз алып, қызық көрем деп келеді, Құнанбай аулында таяқ жеп, қорлық көрем деп келген жоқ. Ұрғызбасын, келінін тыйсын»— деп бұйырады.

Осындай жас атаулының бәріне көнтерілі, кең, досжар аға, көбіне мәжілісі ортақ аға болғандықтан, Абай маңынан елдің талапкер, өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын ауылын, үйін қоршап Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген.

Сол себепті шет елдің бір үлкен адамдары Абайға келгенде жаңағы жастар тағы да Абай қасынан шықпай отырғанда:

— Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ — күнде ортаңда, қолыңда, бәріне неше алуан ұстаздық, үлгі, өнер үйретіп отырған Абай. Жылында Абайды бір-ақ көретін бізді айтсаңшы?— дейді.

Шынында, малшы-көршіден бастап, солардың баласынан, жасынан бастап айналасындағы барлық естияр жанның, үлкенді-кішілі қауымының, жұртының бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына, тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай ақын Абайдың өнегелі сирсипатын танытушы еді.

1944

АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚҰНАНБАЕВ (1845—1904)

Өмірі мен творчествосы

1

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай 1845 жылы Семей облысындағы Шыңғыс тауларында, көшпелі Тобықты руында туды.

Абайдың әкесі — өкімі зор, қатал мінезді, ел билеген Құнанбай — Ресей патшалығына жаңада ғана бағынған Тобықты руының аға сұлтаны болған.

Абайдың балалық шағы Құнанбайдың төрт әйел алуына байланысты туған үй ішіндегі қырық ру керістің қиын жағдайларында өтті. Феодалдық семьяның осындай кең өріс алған ауыр жағдайы, оның жиіркенішті салты тек күндес әйелдердің ғана басына, мінез-құлқына, салт-санасына, адамгершілік тағдырына ауыр қасірет болып орнаған жоқ, сонымен қатар оның шарпуы балаларға да тиді; әдетте олар да шешелері сияқты, бір-бірімен бақас болып, өзара жауласып та жүрді. Бірақ, Абайдың бағына оның туған шешесі Ұлжан асқан ақылды адам болған. Оның табиғатына біткен адамгершілігі, парасаттылығы, баласына деген шексіз аналық мейірбандығы Абайға мұндай семьяның ортасында өте сирек кездесетін жағдай тудырып, үлкен сүйеніш болды. Ұлжан барлық балаларының ішінде Абайды айрықша жақсы көріп, барлық бала бір төбе, жалғыз Абай бір төбе деп қарады. Ол Абайдың әкесі қойған Ибраһим деген атын өзгертіп, «Абайым» деп еркелетті. Сөйтіп, оның аты бүкіл өмірі бойына Абай атанып кете барды.

Құнанбайдан іргесін бөлек салып, өмірін онаша жерде үнсіз өткізген Абай мен анасына ұлы шешесі Зере арқа сүйер рухани тірек болды. Өзінің ұзақ өмірінің ішінде басында билігі жоқ әйелдің теңсіздік қасіретінің бәрін өзі де басынан кешірген, көпті көріп көне болған, жұмсақ мінезді, ақыл дариясы қарт ана бұл немересіне айрықша сүйіспеншілікпен қарап, одан зор үміт күтті. Бұл екі ананың Абайға деген қамқорлығы, айтқан ақылдары, оны әлпештеп еркелетуі Абайға рахымсыз әкенің қатал мінездерінен, оның сасық салтынан анағұрлым өзгеше әсер етті де, жаңа ғана бас жарған жас гүлдің қандайын болса да солдыратын әкенің тұсындағы тіршішіліктің қатал жағдайында Абайдың сәби жанына зор демеу болды.

Ауылдағы жалдамалы молдадан оқытып, хат танытқаннан кейін, Құнанбай сегіз жасар Абайды Семей қаласына жіберіп, Ахмет-Риза имамның медресесінен оқытады.

Осы медреседе оқыған үш жылдың ішінде өте дарынды, зпрек жас бала көп нәрселерді үйренеді. Ол кезде дін мектебінен тәрбие алушы жасы асқан адамдардың да күні мен түні бірдей құранның түсініксіз сөздерін тек босқа жаттаумен, бес уақыт азаптанып намаз оқумен өтетін, ал кейде, нешелер күндер бойына текке өзегін

талдырып ораза ұстаумен, миға пайда бермейтін құрғақ шарифат қағидаларын тыңдап, бас ауыртумен өтетін. Араб құдайшылдарының қараңғы халықты дін шыр-мауында ұстауды көздеген ислам діні турасындағы жалған ғылымсымағының түсініксіз дәріптерін жеңе отырып, Абай өзінің ой саласын кеңейте түседі. Осы уақыттың өзінде-ақ оның барлық ойы поэзияға ауа бастайды. Мұндай ой Абайда бұдан бұрын да туған еді. Ол бұған дейін туған аулында жүргенінде ескі заманның еш уақытта ескірмеген, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен толып жатқан шығармаларын жүрегінде берік сақтаған хикая етіп айтып отыратын әжесі Зереден сан рет естіген болатын; өзінің туған даласының ақындары мен әншілерінің толып жатқан бай шығармаларының бәрін — түрлі хикая-әңгімелерді, ертектерді, батырлар жырларын, тарихи өлеңдерді аулында жүргенінде талай рет зейін сала тыңдап, жаттап алған болатын. Ал медресеге түскеннен кейін, Абай енді араб-иран және түрік ақындарының шығармаларын құмарлана оқи бастайды. Абай өзін қоршаған, құдайды дәріптеуді ғана білетін, соқыр сезімді халфелер мен хазреттердің улы шырмауын жарып шығып, өзіне құлазыған меңіреу даланың ортасындағы жан күйінің саяхаты сияқты болып көрінген шығыс елдерінің атақты классиктерінің шығармаларына, халықтық және классикалық әдебиетке бар зейінімен көңіл бөліп, оны үйренуге талаптанады. Шығыс халықтарының тілдерін үйренумен қатар, оның орыс тіліне де, орыс мәдениетіне де көңілі ауады. Медресенің қатал тәртібін көріне бұзып, медреседегі оқумен қатар ол өз бетімен ба-рып орыс мектебінен де оқиды.

Мектепте болған жылдарының ішінде Абай өзіне түсінікті ақындардың шығармаларын оқып, танысып қана қоймайды, сонымен қатар ол өзі өлең жаза бастайды. Абайдың ертерек кезде жазылып, осы уақытқа дейін сақталып келген өлеңдерінің ішінде Шығыс елдерінің кітап болып басылған классикалық поэзиясының әсерімен жазылған лирикалық өлеңдердің үзінділері, ғашықтық өлеңдер мен арнаулар кездеседі. Осылармен қатар халық поэзиясының стилімен (түрімен), сол замандағы суырып-салма ақындардың творчестволық рухында жазылған, кезі келген жерде жазыла салған қысқа өлеңдер де кездеседі.

Терең ақылды жас бала, зейінді оқушы және жаңа талапты жас ақын Абай өзінің болашағы үшін сол мересіде оқытылатын жартымсыз «ғылым» жағдайының өзінде де өте маңызды және пайдалы көп нәрселердің бетін ашып, зерттеп білген болар еді. Бірақ қатал әке бұған ерік бермей, баласының бұдан кейінгі бағыты мүлде басқа жаққа аударып жіберді.

Ел ішіндегі белді бектердің бір-бірімен үздіксіз күресі, қиян-кескі рулар тартыстары және бұлардың бәріне Құнанбайдың үнемі араласуы онымен баққа таласқан алыс-жақын елдердің ішінде Құнанбайдың қарсы жауын көбейте түсті. Сондықтан да Құнанбай өзінің әрбір баласын әрбір туысқан жақынын осы күреске қатынасуға әзірлеуге тиіс болды. Міне осыған байланысты, Құнанбай қаладағы Абайды оқуынан айырып, ауылға қайтып алып келеді. Оны ру басының әкімшілік қызметіне әзірлеу мақсатымен, ел арасындағы толып жатқан дау-жанжал істерді қарап шешуге бірте-бірте үйрете бастайды.

Табиғатына біткен зейінді, талапты жас Абай ел ішіндегі бірімен-бірі ұштасып жатқан керіс-тартыстың, шексіз айла-сұмдықтың қалың ортасына кіреді. Айла-сұмдықтың нелер нәзік түрлеріне тәсілденіп алғандардың және ру жігін қоздырып, ру мен ру арасындағы күрес тудырушылардың ортасында жүріп, Абай тапқырлықпен сөз сөйлеудің, сөз салыстырудың нелер әдістерін үйренеді, қызыл тілдің шешені болады. Дау-жанжалдар патша өкіметінің соттарында шешілмей, қазақтың ғасырлар бойы қолданылып келген билік айту жолымен шешілетіндігінен, Абай қазақ халқының өткен дәуірдегі және өз тұсындағы ауыз мәдениетінің өте бай мұраларын пайдалануға мәжбүр болады. Абай жастайынан-ақ сөз тапқыш, өткір сөзді, қызыл тілді шешен деген орынды атаққа ие болды; ол сөз нақышын келістіріп, мақал-тақпақтап сөйлейтін шешендер сөзін жақсы білетін және оны зор бағалайтын болды, ақындық көркем сөздің бүкіл маңызының бәрін жоғары бағалауды үйреніп алды.

Абай әкесін төңіректенген адамдардың ғана арасында болмай, сонымен қатар әкесінің наразы болуына қарамастан, көбінесе халық арасынан шыққан талантты адамдарға жанасып, халық өлеңдерін, түрлі хикая-дастандарды, өткен ғасырлардың ауыз жүзінде ұрпақтан ұрпаққа жеткен ертеқ-жырларының шексіз мол мұраларын жадына тоқып, есінде сақтай берді. Әкесі Құнанбай

және оның жақын туыстары тек өздерінің ата-бабаларының — ру басыларының ғана не істегендерін естерінде сақтаған болса, Абай өзінен бұрынғы дәуірде өмір сүрген жазба ақындар мен жай ақындардың, өлең сөзбен жарысып, халық алдында бірін-бірі жеңу үшін айтысқа түскен ақындардың барлығын дерлік жақсы білетін еді.

Шығыс халықтарының (араб, иран, шағатай) кітап жүзінде шыққан поэзияларын ертеден-ақ көңіл бөлгендігінен, Абай алғаш рет соларға еліктеп өлең жазуға кіріскен еді. Ал енді қазақтың халық поэзиясының дәстүрлерін қолдануы, оның жаңа өлеңдеріне өте жақсы түр беріп, өзіне дербес орын ала бастады. Бұл өлеңдерде сол күндердің өзінде-ақ ақындық өперінің тамыры халыққа барып тірелетін болашақ ақынның тұрақты тұлғасы көріне бастады.

Абаймен замандас көп адамдардың Абай өте ерте, жнирма жасынан бастап өлең жазуға кірісті, ол өлеңдері айтыс, сәлем жолдау түрлерінде жазылған еді деп ыспаттаса да, оның сол кездегі өлеңдері біздің заманымызға толығына келіп жеткен жоқ. Біз Абайдың жас шағында жазған азғана өлеңдерімен қатар оның ұмытылған, жоғалған кейбір жеке шығармалары бар дегенді ғана білеміз. Мәселен, Абайдың ғашық болған қызы Тоғжанға арнаған өлеңдерінің бастапқы жолдары ғана бізге мәлім. Ал, жас Абайдың Қуандық дейтін ақын қызбен айтысы ауыздан-ауызға тарағанның арқасында ғана сақталып қалды. Қазақстанда сол кезде жазба әдебиетінің нашар өркендеуі Абайдың жас кезінде шығарған өлеңдерін сақтап қаларлық және оның өмірбаянын айқын сипаттап берерлік Абай тұсындағы адамдардың хаттары, мемуарлары (көзі көрген, естіген жағдайларды жинақтап жазу), жазу дәптерлері, тағы сондайлардың сақталып қалмауына себепші болды. Бұлай болуына сонымен қатар сол замандағы бектер-байлар арасында орын алған ақынға деген көзқарастың да әсері тимей қалған жоқ. Сол кездегі халық бұқарасы ақындық шығармаларды шексіз құрметтеп, ақынның есімін жоғары бағалаған болса, күшті рулы байлар өзін-өзі мақтап: «Құдайға шүкір, біздің тұқымнан бақсы да, ақын да шыққан жоқ», — деп балаларды кекетіп, масаттанатын. Тіпті Абайдың туған аулында оның ертерек кездегі ақындық қызметі жөніндегі әңгімелердің де не қағазда, не ауыз жүзінде сақталып қалмауына бекзадалардың

акын жұмысына осындай жексұрын көзқарастары айқын дәлелдейді. Абайдың өзі де, ақылға осындай көзқарастың салдарынан, сол кездегі өлеңдеріне өз атын қоймай, өзімен тұстас құрбыларының атынан шығарып жүрген.

Ру арасындағы қыркыс-жанжал істерге әкесінің әмірі бойынша зорлықпен қатыстырылған Абай ұзақ уақытқа дейін әкесіне іштеп тынып қарсы болып жүрді. Ол әкесінің әділетсіздік істеріне, қаталдығына наразы болды, көп жағдайларда Құнанбайдың мүддесі мен мақсатына қайшы келіп, көптеген істерді әділдікпен, ешкімнің бет-ажарына қарамай, тура шешіп жүрді. Баласының жаңа бет алысы — оның өзіне дос, ақылшы адамдарды халық арасындағы данышпан және адал адамдардан іздегені де, оның көп жылдардан бері орыс мәдениетіне көбірек көңіл бөле бастағаны, — осының бәрі Құнанбайға ұнамады, ол мұны жек көрді. Өкім күшті әке мен жамандыққа бас имейтін, адамдықты жақтайтын шыншыл баланың екі арасында кейде бірінен-бірі мүлдем айрылысып кетерліктей елеулі керіс-тартыстар, бір-бірімен кіркілжісу барған сайын үдей түсті.

Ақырында Абай жиырма сегіз жасқа толғанда әке мен бала бір-бірінен айрылысып кетті.

Абай енді алдағы өмірін өз ақылымен, өз дегені бойынша бір нысанаға тірей алатын болды.

Ол ең алдымен жас кезінде амалсыздан тастап кеткен орыс тілін қайтадан оқуға кірісті. Оның жаңа достары — ақындар, суырып-салма акын-әншілер, талантты қазақ жастары, олардың көбінесе ұсақ тұқымнан шыққандары, сол кездердегі орыс интеллигенциясының Семейде кездестірген алдыңғы қатарлы өкілдері болды. Сөйтіп, өмірінің 35 жасында Абай қайтадан өлең жазуға кіріседі. Бірақ бұл кездегі өлеңдерін де ол әлі де болса өзінің жақын жас досы Қөкпай Жапатаевтың атынан шығарады. Он-жиырма жылдың ішінде ой-өрісі кеңіп, мәдениеті өсе бастаған Абай халық әдебиетінің, шығыс ақындарының ең жақсы мұраларын, әсіресе орыстың классикалық әдебиетін оқып үйренеді. Сөйтіп, тек 1886 жылы, жасы қырыққа жеткенде ғана, ол «Жаз» деген өте көркем өлеңін жазып, осыдан кейін тұңғыш рет өзінің шығармаларына өз атын ашық қоя бастады.

Міне, осы уақыттан бастап, оның қалған өмірінің жиырма жылы терең мағыналы, ұшқыр, қиялды акын-

дық творчествосының қанатты кең жайып, еркін гүлдене бастаған кезеңіне айналды.

Міне осы кезден бастап, ру-бектік ортаның іріп-шіріген жиіркенішті кейпінің, салт-санасының бәрінен түңілген Абай өзінің барлық пәрменімен осындай ортадан іргесін аулақ салуға тырысады. Жас кезінде ру басылары қоздырған ру жіктерінің керіс-тартыстарына, дау-жанжалдарына амалсыздан араласқан Абай енді мұндай ру жіктері күрестерінің халыққа өте зиянды екенін, оның масқара ауыртпалықтарын айқын көреді, «таласып-бөлісіп ал да, әкімдік ет» деген саясатты қолданған патша үкіметінің мұндай ру жіктерін жорта қоздырып, халықты бір-бірімен арандатып отырған шын мәнін түсіне бастайды. Би-болыстар, ақсақалдар оның көз алдында патша үкіметінің отаршылдық саясатының қолшоқпарына айналады. Абай өз халқының осындай халге түскеніне іштен палып, басында еркі жоқ, қараңғы, езілген халық бұқарасының тағдырына қатты күйінеді. Сондықтан да ақынның ер жетіп есейген кезіндегі өлеңдерінде артта қалған халықтың осындай халге ұшырағанын жырлаған терең қайғының үні естіледі.

Ақиқатты жырлаған ақын және өз халқының адал ұлы Абай халықтың басына түскен бұғаудан қалай құтылатын жолын іздейді. Абай өзінің есейген шағында жазған ақындық шығармаларында халықтың сана-сезімін оятуға тырысады, өзінің турашыл, мысқылшыл өткір тілді өлеңдерінде ру-бектік, ақсақалдық ғұрыптың әділетсіздіктерін, ел ішіндегі патша өкіметі әкімдерінің қылықтарын жұртшылық алдында ашықтан-ашық сөгіп, аяусыз масқаралайды, бұқара халықты өнер-білімге шақырады, тек өнер-білім, ағарту ісі арқылы ғана мына ауыр азаптан, әділетсіз тұрмыстан құтылуға болады деп көрсетеді.

Абай сонымен қатар өздігінен оқып, білімін толықтыру ісімен де терең шұғылданады, орыс классиктерінің шығармалары оның ең жақын серігіне айналып, қолынан түспейтін болады.

Абай жетпісінші, сексенінші жылдарда Ресейден жер ауып келген орыс революционерлерімен ойда жоқ жерде кездесіп, солармен танысады. Бұл адамдар Чернышевскийдің, Добролюбовтың шығармаларын оқып, солардан тәрбие алған орыстың революцияшыл интеллигенциясының таңдаулы өкілдері болатын. Олардың ішінде

Е. П. Михаэлис дейтін адам орыстың белгілі революционер публицисі Шелгуновтың ең жақын серігі, белсенді қызметкері болған, оның үстіне Шелгуновтың әйелі оның апасы болғандықтан, ол Шелгуновтың жақын туысқапы да еді. Михаэлис сияқты, одан кейінірек Семейге жер ауып келген Нифонт Долгополов пен Гросс Северин де Сібірге өте жас кездерінде келді, өйткені олар Петербург пен Харьков университеттерінде оқып жүрген студент кездерінде тұтқынға алынып, жер аударылған. Міне осы адамдармен Абайдың байланысы күшейіп, ол байланысы үлкен достыққа айналады. Олар жаз уақытында Абай аулына келіп, қонақта болады, қыс кезінде онымен үнемі хат жазысып, байланыс жасап тұрады. Абайдың орыс достары оның өздігінен оқуына шын көңілдерінен сүйсініп жәрдемдеседі, оған керекті кітаптарды іріктеп алып, сұраған мәселелеріне жауап беріп тұрады.

Айта кету керек, Абайдың бұл достарының әрқайсысы Ресейде сол кезде орын алған түрлі бағыттағы қоғамдық-революциялық ағымдарда жүрген адамдар бола тұрса да, олар өздерінің қоғамдық-ағарту қызметтерінде бір жолда, бірыңғай тілекте болды. Патша үкіметінің жер аудару саясатының ауыр жағдайына душар болып, әрқайсысы әр қыспақта жүрген, өмірінің көп жылдарын Ресейдің артта қалған аймақтары Сібір мен Қазақстанда өткізген бұл адамдар өздері жүрген жерлерінде халық бұқарасын айуандықпен қанаушылықты көріп, патша үкіметінің әкімдері мен жергілікті бек-билердің рахымсыз озбырлықтарын көріп, кейде өздерінің ішкі саясат жөніндегі бір-бірімен ала ауыздығын ұмытып та жүрді.

Дәл осы кезде Шелгуновтың жолын қуған шәкірті Михаэлистің де, халықшыл революционер Нифонт Долгополов пен поляк революционері Гросс Севериннің де көздеген мақсаты мен міндеті бір жерге келіп түйісті.

Бұлар Сібірде жер ауып жүрген кездерінде жеке бастарының білімін толықтырып, ой-өрістерін кеңейтумен қатар, өздері тұрған өлкенің тарихын, әдет-ғұрпын, тұрмысын, географиялық жаратылыс жағдайларын зерттей отырып, қоғамдық-публицистика, ғылыми-зерттеу қызметтерінде өздері де үздіксіз өсіп, алға баса берді. Олар артта қалған аймаққа бірте-бірте білімнің, мәдениеттің дәнін сеуіп, Сібір халықтарын оқыту-ағарту,

олардың тұрмысын, салт-санасын, тарихын қайта құру мақсатын бар жігерімен жақтайтын адамдар бола бастады. Қазіргі уақытта біздің қолымызда білімнің түрлі тарауларын қамтып жазған Михаэлистің көптеген еңбектері бар. Біздің қолымызда Гросс Севериннің «Қырғыздардың * әдеттегі правосы» деген зор көлемді зерттеу еңбегі де бар. Ал украин халқынан шыққан, тарих зерттеуші дәрігер Нифонт Долгополов қазақтың қайдан шыққанын анықтау мәселелерімен шұғылданған.

Абайдың өздігінен білім алуға ұмтылған талабына көп жәрдем көрсете отырып, бұл адамдар өздерінің тікелей зерттеген тараулары жөнінде қазақ халқына жақын көптеген халықтардың тарихын, әдеттегі правосын, поэзиясы мен көркем өнерін, экономикасы мен әлеуметтік тұрмыс салтын өте көп және терең білетін Абайдан да өздеріне көп мәліметтер алып отырды.

Міне сондықтан да, жоғарыда айтылған Абай достарының бәрі де орыс халқы туралы шындықты, сол кездегі Ресейдің ұлы орыс классиктері мен өте көрнекті саяси-қоғамдық қайраткерлерінің шығармаларында айқын сипатталған өмір шындығын патша үкіметінің кертартпа чиновниктерінің-отаршыларының қудалауынан аман алып өтіп, Сібір мен Қазақ даласындағы халықтардың қалың бұқарасына жеткізуге тырысқаны өзінен-өзі түсінікті, табиғи іс. Орыстың XIX ғасырдағы классикалық әдебиетінің әділеттікті жақтаған, патша үкіметінің саяси саясатын әшкерелеп, оған қарсы шыққан терең мағыналы идеялары, деревняның езілген еңбекші бұқарасына ара түсіп, наразылық білдірген орыс халқының азаттықты көкसेген талабы — осының бәрі тұтасынан алғанда, Сібір мен Қазақ өлкесінде жаңада ғана ояна бастаған қоғамдық сезімнің өрістеуіне үлкен дем беріп, қуат болды. Абай достары, сол кезде бүкіл Ресей көлеміндегі революцияшыл демократтық қозғалыстың көрнекті және шешуші қайраткері ретінде әлі де атағы шықпаған адамдар болғанымен, орыстың алдыңғы қатарлы мәдениетінің асыл мұраларын мәдениеттен мешеу қалған шет аймаққа жеткізуде зор тарихи міндет атқарды. Олардың артта қалған елдерге осындай шындықты жеткізіп, халықтың сана-сезімін оятуда көздеген қызмет-

¹ Қазақтардың дегені.

терінде Пушкиннің, Лермонтовтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, тағы басқаларының есімдері мен шығармалары өте зор қоғамдық-саяси роль атқарды. Қазақ халқының Абай сияқты ақынын бұл айтылған адамдармен және олардың шығармаларымен таныстыру, Абайға және Сібір халықтарының арасынан шыққан Абай сияқты қайраткерлерге орыс мәдениетінің ұлы асыл мұраларын қадірлеп, олардан үлгі алуды үйрету, орыс классиктерінің халықтары ғасырлар бойғы құлдық пен соқыр-надандықтан азат етуді көксеген жалпы қоғамдық идеялары бұлардың да көздеген мақсаттарына өте жақын екенін аңғартып, айқын көрсету — Абайдың жер ауып келген достарының тіпті революцияшыл белсенді, батыл программасында жүзеге асырған шын мәнісінде ұлы, игілікті іс еді. Олар Абайдың орыс халқы мәдениетінің тарихында болған нелер асулармен танысуына жәрдемдеседі, барлық ынта-жігерлерін салып көмектеседі.

Осының арқасында Абайдың дүние тануы, ой-өрісін бұрынғыдан да кеңейтіп, ол көп мәселелерді іздене бастайды. Әсіресе орыс халқының рухани мәдениетінің бай қазынасымен жете танысқан кезде Абайдың дүниеге көзқарасы әлдеқайда өрістей түседі. Абай Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Щедриннің, Лев Толстойдың шығармаларын қадірлеп, сүйсініп оқитын болады. Міне нақ осы кезден — өмірінде ұмытылмайтын 1886 жылдың жазынан бастап, яғни Абай өзінің ақындық қабілетін толық түсініп жеткеннен кейін, ол Крыловтың, Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын аударуға кіріседі, олардың шығармаларын тұңғыш рет өз халқына өте түсінікті, ұғымды етіп аударды.

Абай тек ақын ғана емес, сонымен қатар композитор да болды. Қазақтың халық әндері мен күйлерін жақсы біліп, аса жоғары бағалаған Абай өз жанынан да бірталай әндер шығарады, әсіресе қазақ поэзиясына бұрып болмаған жаңа түрлерін енгізген (сегіз жолды, алты жолды және басқалары) өлендеріне арнап жаңа әндер шығарды. Абай «Евгений Онегин» поэмасынан аударған үзінді өлендерге де жаңа әндер шығарып берді. Сөйтіп, 1887 жылдың өзінде-ақ Пушкиннің өз есімі де, оның кейіпкерлері Онегин мен Татьянаның есімдері де Абай аударған осы өлең, Абай жазған осы ән арқылы бүкіл қазақ даласына жайылып, қазақтың ертеке-жырларын-

дағы ақындары мен батырларының есімдерімен бірдей қазақ халқына өте жақын, туысқан адамдарының есіміндей болып кетті.

Дәл осы жылдардың ішінде әрі ақын, әрі кеменгер ақыл несі, әрі композитор Абайдың есімі де халық арасына кең жайылған, халық шексіз сүйіп қадірлейтін есімдердің бірі бола бастайды. Оған туған елінің әр түкпірінен ақындар, әнші-күйшілер келеді. Атақты Біржан сал, Әсет ақын, соқыр әйел Ажар ақын, Шортапбай, Кемпірбай сияқты есейген ақындар Абайдың өлеңдері мен әндерін жаттап алып, ел арасында үнемі айтып жүреді. Абайдың өзі тұстас замандастары Жүсіпбек-Шайқы-Исләм, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нармамбет ақындар, әйелдерден шыққан Қуандық пен Сара ақын және басқалары Абай өлеңдерін шарықтатып, бүкіл ұлан-байтақ елге жаяды.

Абайдың төңірегіне орын хат таптың, білімді шәкірттері Қөкпай, Мұқа, Ақылбай, Кәкітай, өзінің кіші ұлы Мағауия сияқты жас ақындар топталады. Бұлардың бәрі де, Абайдан үлгі алып, өздігінен оқып, білімдерін толықтырады, орыс әдебиетін оқиды, өздерінің ақын ұстазы айтып берген тақырыптарда — тарихи, романтикалық, салт-сана, тұрмыс мәселелеріне арнап өлеңдер жазады.

Абай атағы барлық жерде де әйгілі бола бастайды. Сондықтан оған тек қазақтар ғана емес, Шығыстың басқа да көптеген либералды адамдары, көбінесе татар жастары әдейі іздеп келеді. Мұнда әсіресе өкімет орындарының қуғын көрсетуі себепті туған қалаларын амалсыздан тастап кеткен адамдар немесе патша үкіметі жазалап қаңғыртып жіберген Кавказ бен Қырымның адамдары көбірек келеді. Мәселен, Сібірге жер аударылған жерінен қашып шығып, қазақ даласы арқылы туған еліне бара жатқан кавказдықтар Абайдың аулында айлап жатқан кездері болды. Сөйтіп, Абай ауылы сол кездегі прогресшіл тілекті, либералды бағыттағы, алдыңғы қатарлы адамдардың орталығына айнала бастады.

Міне, осының бәрі, сонымен қатар Абайдың жер ауып келген революционерлермен ұзақ уақытқа созылған мызғымас берік достығы және олардың Абайға жиі-жиі келіп тұруы өлкелік өкімет орындарын қобалжытып, тым қауіптендіре бастайды. Абай патша үкіметі үшін өте қауіпті адам деген астыртын хабарлар Семейдегі

соғыс губернаторының, тіпті бүкіл Дала уәлаятының* генерал-губернаторының да құлағына жетіп жатады. Осыдан бастап Абайдың ауылын, онда не болып жатқанын бақылап тұру үшін астыртын тыңшы қойылады. Абай қазақ даласында асқан беделді адам, сонымен қатар шындықты батыл жақтаушы, ел басқару ісіндегі озбыр қылықтарды тайынбай әшкерелеуші қауіпті адам болғандықтан, патша үкіметінің ел ішіне қойған приставтары, әскер басылары, би-болыстар Абайға сезіктене қарап, оның әрбір басқан ізін үнемі аңдып, бақылап отырады.

Ал мәдениетке ұмтылған Абай шәкірттерінің, Абайдың жолып қуып, ақынның талантын қадірлейтіндердің қатары жылдан-жылға көбейе түседі. Ақынның ықпалы қала ішіне де кеңінен тарайды. Абайдың өзі шығарған өлеңдерін ғана емес, оның шәкірттері шығарған өлеңдерді бүкіл жұртшылық аузынан тастамай айтып, бірінен бір көшіріп жазып алады, жаттап алып, әнге салады. Абай ең алдымен өзі оқып, жаттап, кейін өзінің тыңдаушыларына айтып берген батыс пен орыс жазушыларының романдары ауызша хикая ретінде қазақ даласына жайылады. Атақты француз жазушысы Дюманың «Үш мушкетер», «Генрих Наварский» деген шығармалары, орыс халқының Ұлы Петр туралы ертеқ-жыры арғы замандағы жойқын қырғынды, талап-тонауды суреттеген романдар қазақ даласына осындай жолмен тараған. Жазушы Лесаждың «Ақсақ француз» деген әңгімесі «Ақсақ шайтан» болып ауызша жатқа айтылып жүрді. Абайдың ауызша айтып бергені бойынша, Американың кең байтақ жазық даласына тұңғыш барып қоныс салған адамдар туралы ұзақ әңгімелер, сол сияқты Лермонтов поэмаларының сюжеттері, «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы» және сондай шығыс халықтарының көптеген поэмалары да ауызша айтылып, халық арасына кең тарады. Еуропа мәдениетін үйренген, білімі бар, Абай жағында жүрген бірқатар адамдар да Абайдан үлгі алып, осындай шығармалардың таралуына зор сепкер болды.

Ақын өз балаларын орыс мектептерінде оқытты. Қызы Күлбәданды, ұлдары Әбдірахман мен Мағауияны

* Бұрынғы кезде Қазақстан жерін «Степной край» — «Дала өлкесі» деп атаған.

жастарынан қалаға алып барып, орыс мектептеріне орналастырды. Кейіннен Әбдірахман өте жақсы оқып, мол білім алып, Петербургтегі Михайловскі-Артиллерия мектебін бітіріп шықты, ал қызы мен Мағауния тек ден саулықтарының нашарлығынан ғана оқи алмай, ауылға қайтып келді. Бірақ, Мағауния үйіне қайтып келгеннен кейінгі жерде әкесінің жолын қууға еркін берілген өте тыңғылықты, пысық шәкірттерінің бірі болады.

Мағауния мен Абайдың ең үлкен баласы Ақылбай Абай жолын қуғандардың ішіндегі нағыз талантты жас ақындар болды. Мағауния бірнеше поэма жазды. Солардың ішінде Абайдың ақылы бойынша жазған: Ніл дариясы жағалауындағы плантацияда жұмыс істейтін құлдың плантация иесіне қарсы күресі туралы «Медғат — Қасым» деген поэмасы мен Кавказ халқының көтерілісіне басшылық еткен атақты халық көсемінің патша үкіметіне қарсы күресін көрсететін «Шамиль» поэмасы өте жақсы поэмалар деп есептеледі. Ақылбай «Дағыстан», «Зұлыс» деген романтикалық поэмалар қалдырып кетті. Бұлардың да тақырыбы мен идеясы Абай айтып берген болатын.

Абай мектебінен шыққан Көкпай, Бейсембай сияқты ақындар да қазақтың өткен дәуірдегі тұрмысынан алып, — «Абылай», «Қозы Көрпеш» сияқты тарихи поэмалар жазды.

Осы шығармалардың бәрі халық арасына қолжазба күйінде, ал көбінесе халық ақындары арқылы тарайды, олар бұл шығармаларды түгелінен жаттап алып, ауылдан ауылға, елден елге таратты. Орыстың атақты ақындары Пушкиннің, Лермонтовтың шығармалары да, сол сияқты жер жүзілік поэзияның бай қазынасына асыл мұра болып қосылған Байронның, Гетенің және басқаларының қазақ тіліне аударылған жеке өлеңдері де қазақ даласына осылай таралып, қазақ халқының тума өлеңдеріндей болып кетіпті.

Абай және оның шәкірттері өз шығармаларында өмірдің барлық саласын қамтыды. Көркемөнер, халық ағарту, тәлім-тәрбие, қоғам құрылысы, тағы басқа салаларды түгел қамтыған шығармаларының бәрін Абай да, оның баулып өсірген шәкірттері де сол кездегі қазақ аулының артта қалған феодалдық-ақсақалдық ескі саясық салтына қарсы жұмсады; осы ескі шіріген салтты беттеріне ұстап, ел арасында ру жігін қоздырған ру ба-

сыларды, болыс-билерді, атқамінер қуларды, еңбекші халықты жегідей жеп, үліктей зорып қанаған бай-манаптарды, ал осылар арқылы патша үкіметінің бүкіл әкімшілік тәртібін батыл мінеп, өткір сөзімен, ащы тілімен аяусыз қатты түйреді.

Алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне арқа сүйей отырып, Абай өзінің бүкіл творчестволық еңбегінде елді зілдей басқан ескі салт-санаға, озбырлық, айла-сұмдық әрекеттердің бәріне қарсы шықты, өктем күшті, әділетсіздікті тітіркене жек көрді, шындықты, әділеттілікті жақтады. Сондықтан да патша үкіметінің жалдамалы төбеттері — би-болыс, ақсақал-старшын, атқамінер қулар да Абайдан аза бойлары тік тұрып, сны мейлінше жек көрді. Олар ескілікке бойұсыбаған ақыл-ойдың кеменгері, жарқын дүние, сәулетті өмірдің жаршысы болған ақынды үнемі қудалап, нелер пәле-жаланың бәрінің соның үстіне үйді. Абайдың бұл жаулары патша үкіметінің чиновник-әкімдерімен, толып жатқан тілмаштарымен, сол кездегі қаланың сатылғыш ұсақ интеллигенцияның өкілдерімен ауыз жаласып, тығыз байланыста болатын.

Бірақ, бұқара халықтың мұңын жырлаған Абайды бүкіл халық жақтайтынын білетін қара ниетті зұлымдар Абайға ашықтан-ашық қарсы шығудан тайыпатын. Сондықтан да олар Абайға қарсы астыртын күреседі. Абайдың ежелгі қас жауларының бірі — ел билеген Оразбай ой мен қырдағы, қала мен даладағы Абайға өш адамдардың бәрін жинап алып, өзінің төңірегіне топтайды. Олар Абайдың шәкірттерін, Абайдың көзқарасын жақтаушыларды қудалай бастайды, Абайдың өзіне нелер өсек-жаланы жауып, оны ел алдында масқаралауға тырысады. Ең ақырында, 1897 жылы опасыз сұмдар Абайдың тура өміріне қастық жасайды. Бұл жауыздар болысбилердің, ру басы старшындардың атынан Абайды жамандап, қаладағы губернаторға, үйез бастықтарына, патша үкіметінің соттарына толып жатқан арыздар жаудырады, Абайды «ақ патшаға қарсы адам», «ел ішіне іріткі салушы», «ата-бабамыздан бері қарай келе жатқан әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды бұзушы» адам деп көрсетеді. Абай үкіметке қауіпті адам деген осындай астыртын хабарлар бойынша Абайдың аулына бір күні күтпеген жерден Семей полициясының адамдары сау ете түседі, тінту жүргізеді. Екінші бір ретте Семей қаласы-

ның полиция бастығының өзі де қасына бір топ жандарм отрядын ертіп, Абайдың аулына келеді; ол Абайдың өз үйімен ғана тынбай, бүкіл ауылды тінтіп, астан-кестенін шығарады.

Семей губернаторының өзі талай рет Абайды басқа жаққа жер аудармақ болды. Бірақ, атағы бүкіл елге жайылған, ел алдында кәдірі артқан Абайды басқа жаққа жіберуге оның батылы бармайды, Абай кетсе бүкіл ел наразы болатынынан сескенеді. Сондықтан ол Абайға тимей, оның қаладағы достары Долгополов пен Михаэлисті Семейден басқа алыс жаққа айдап жібереді. Осыдан кейін Абайдың бұлармен тығыз байланысы үзіледі. Абайдың достары мен Абай шығармаларын оқыған алыстағы елдердің адамдары жазған хаттардың қандайын болса да өкімет орындары үнемі бақылап, кейде Абайға жібермей де қоятын болды.

Алайда, патша өкіметінің жергілікті әкімдері Абайға қарсы қандай шаралар қолданса да, Абай аты бұрынғысынша шарықтап, ел аузында аңыз болды, оның асыл шығармалары халықтың сүйіп оқытып рухани жан азығы болды, Абайдың еңбектерін қалың ел зор мәртебе тұтып, жоғары бағалады.

Ел басқарған болыс-билердің, ру басы ақсақал-старшындардың, патша әкімдерінің, тағы сондай толып жатқан арамзалардың барлық айла-сұмдықтарын батыл әшкерелеп, оларға ашықтан-ашық қарсы шыққан Абай әділдік-теңдікті көксеген бұқара халықтың ең жақын ақылгөйі, қамқоршысы болды. Сондықтан да қалтарыссыз сөз сөйлеп, әділдікпен іс шешкен данышпан Абайдан ақыл сұрау үшін, даулы ісіне әділ билік алу үшін оған өз аулының, өз руының адамдары ғана келмейтін, тіпті ат арытын алыс жерден — Қарқаралы мен Керекуден, Өскемен мен Зайсаннан да әдейі іздеп келетін.

Бір ел, бір болыстың ішінде ғана емес, облыс пен облыс арасында болған өте ірі дау-жанжал, тіпті өкімет орындарының әкімдері де шеше алмай аяқсыз қалдырған барымта, жер дауы, кісі өлімі, құн төлету сияқты үлкен істерді де талай рет Абайдың алдына келіп, әділ шешіліп қайтатын.

Абай заманында төтенше съезд дейтін болған. Оған бүкіл ел жиналып, көп адам қатынасатын. Ондай съездерде екі үйез елдің арасындағы даулы істер қаралатын.

Мұндай істерде халық бұқарасын күйзеліске ұшыратқан бай-манаптар, алаяқ-қулар да айыпталып, жауапқа тартылатын. Осындай дау-жанжалдан шешуге арнап сайланған адам болмаса да, Абайдың кейде мұндай даулы істерді шешуіне тура келіп жүрді. Абай мәселені шешкенше ел арасын ажыратпай, ел бірлігін сақтауға тырысатын, әлділерден әлсіздерге теңдік әперетін, халыққа қиянат етушілерді енді қайтып басын көтермейтіндей ететін. Абай тұсында болған адамдардың айтуынша, Абайдан қандай ғана даулы істі тура, әділ шешетіндігі сондай тіпті онымен жауласып, араздасып жүрген ру басылары да даулы істерімен Абайдың алдына билікке келетін болған. Шынында мұндай адамдардың ішінде бір кезде Абайды жамаптап, патша әкімдеріне астыртын арыз бергендер де болған, бірақ олар өз бастарына түскен даулы істерді Абайдай әділ шешетін адам таппай, Абайдың алдына келуге, оның ұлылығына, даналығына, әділеттігіне басын иіп, мойынұсынған.

Абайдың дана шығармаларымен қатар, оның жұртшылық-қоғам тұрмысындағы әділдік істері, терең ақыл, өнегелі өсиеті ақынның беделін, даңқын бұрыпғыдап да арттыра түседі. Абайдың ісін де, шығармасын да әсіресе ел жастары қатты құрметтейді. Түрлі жанын-тойларда, ораза-айттарда, ас беріс ұлы думандарда нелер ақын-өнершілер Абайдың өлеңдерін айтып, Абайдың өндерін шырқайды. Жас жігіттер гашық болған қыздарына Абай өлеңдерімен хат жазады. Абайға жақын ауылдардың ұзатылған қыздары Абай өлеңдерін, қиссаларын, өсиет сөздерін, жинақтап жазған қолжазбаларын жасауына қосып ала кетеді. Мәселен, Әсия, Уәсила, Рахила және басқа қыздардың сол кездегі жинақтары осы уақытқа дейін сақталып келеді.

Бірақ, жақсылықты ұнатпайтын, ескішіл, күншіл алаяқ, жауыз сұмдар ел көзінде күн сайын кәдірі, атағы артқан Абайды күндеп, оған қарсы күресін тоқтатпайды. Абайға түрлі өсек тағып, қаралап, оның қайнаған жігерін құм қылады, еркін еңбек еткізбейді.

Бұл сұмдар Абайдың дәл жүрегіне пышақ салмағанымен, оның асыл жанын ұлатарлық, зұлымдық қиянаттар істейді. Абайдың жақын туыстарын бездіріп, оның немерелерін, тіпті Абайдың бір туысқан ағасы қаныпезер Тәкежанды да Абаймен араздастырып, қарсы қояды. Абайдың шәкірттерін қорқытып, жала жауып Абайдан

бөліп әкетеді, Абайдың достарын бірін-біріне ашықтан-ашық айдап салып, қуғынға ұшыратады.

Осындай жан-жағын қара ниет қастық, қара түнек зұлымдық тұманы басқан қиын жағдайға душар болып, дүние пәленің бәріне қарсы жалғыз күресуге шама жетпей, дағдарып, дертке толған жүрегі қамыға бастаған Абайға еш уақытта орны толмас ауыр қазалар тап болып, жаралы жанын онан да бетер ұлата түседі. Әсіресе жоғары білімді, аса талапты ұлы, орнымды басады деп зор үміт күткен баласы Әбдірахман қайтыс болып, Абайдың басына түскен қайғыны үдете түседі. Әділеттік үшін, шындық үшін, өз халқының бақытты өмірі үшін жан-жағын қоршаған жауыздықпен, қаскүнем-бақастықпен жалғыз арпалысып, жалғыз күрескен Абайға сұм дүниенің соңғы соққысы тиеді: ең сүйікті ұлы, талантты шәкірті, ақын баласы Мағауия көкірек ауруынан қайтыс болады...

Бұл өлім Абайдың қарт қиялын мүлдем күйретеді. Мағауия өлгеннен кейін еш пендемен тілдеспей, өз ойымен өзі болып, барлық қайғысын ішке жинайды. Арала қырық-ақ күн өткеннен кейін улы ой, ащы қасірет бойын жеңген ұлы ақын, алпыс жасында, өзінің туып-өскен жерінде бұл дүниеден мәңгілікке сапар шегеді.

Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының Жидебғай алқабындағы ақынның өз қыстауының жанына қойылған.

2

Абайдың шығармалары, оның өлеңдері, поэмалары, аудармалары, ғақлия (нақыл) сөздері соңғы жылдарда басылған жинақтарында үлкен екі кітап болып шықты. Абайдың көп жылдар бойына дамылсыз еңбек етіп, алдағы күнге сәулелі үмітпен қарап жазған кең өрісті, терең мағыналы, алуан салалы, баға жетпес асыл шығармалары қазақ әдебиетінің бүкіл тарихында теңдесі жоқ алтын мұра болып табылады. Абай өзіне дейінгі ауыз әдебиеттің асыл шұрайларын жасаған халық ақындарының шығармаларын ақындық мәдениетінің жоғарғы сатысына көтерді, оны дүниежүзілік классиктердің шығармаларымен тығыз ұштастыра отырып, қазақ халқының рухани мәдениетінің биік шыңына айналдырды.

Ұлттық және бүкіл адамзаттық мәдениеттің үш түрлі

мол арна данышпан ақынның творчестволық ісіне рухани азық болды.

Абайдың бүкіл ой-қиялына, әлеуметтік, ақындық ісіне дем беріп, шапағатты нәр алған арнаның бірі — халықтың өзі жасаған, ауыздан-ауызға тараған, баспа жүзінде сақталып келген қазақтың бағы замандағы халық мәдениетінің бай мұрасы. Абай өзінің ақындық творчествосында өз халқының осындай асыл қазынасын толық пайдаланды, оған жаңа түр енгізіп, жаңа бағыт беріп, осының арқасында өз поэзиясын байытып, дамыта түсті.

Абайдың ақындығына рухани дем беріп, азық болған екінші арна — шығыс мәдениетінің тамаша мұрасы, араб-иран және түрік халықтарының классикалық поэзиясы. Абай заманындағы қазақ әдебиетінің даму дәрежесі тұрғысынан қарағанда, шығыс әдебиетінің асыл мұраларын пайдалану зор жаңалық болды, өйткені шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті тек XIX ғасырда ғана бір-бірімен тығыз ұштаса бастаған болатын. Сондықтан да қазақ халқына онша тапыс болмай келген шығыс әдебиетін кеңінен пайдалана отырып, онымен өзінің ақындық шығармаларын байыту Абай үшін зор жаңалық, прогресшіл іс болды.

Үшінші арна — орыс мәдениеті, Европа мәдениеті. Қазақ халқы бұл мәдениетті Абайға дейін мүлде білмейтін. Сондықтан да данышпан Абайдың орыс халқының асқан гуманист классиктерінің, ал олар арқылы Европа классиктерінің шексіз бай асыл мұраларын кеңінен пайдалануы және өз халқын бұл мәдениетпен ана тілінде таныстыруды аса зор маңызды жаңалық болды. Осының арқасында Абай өз халқының ұлт мәдениетінің алдағы уақытта еркін гүлденіп, дами беруіне берік негіз қалады, оның болашағына тура жол салып берді.

Мәдениеттің бұл айтылған үш саласын өзінің творчестволық ісіне пайдаланғанда, Абай оларға тек еліктеп қана қойған жоқ немесе кесек шығарманы ұсақтап, көшіріп алған жоқ. Ол өзінің сүйегіне біткен қасиеті, дарындылығы, даналығы, тілге бай, көркем сөзге шеберлігі арқасында өткен дәуірдің әрбір шығармасына сын көзімен қарап, ең жақсыларын ғана іріктеп алды, өзінің идеялық-көркем шығармаларын, поэзиясын осылармен байыта отырып, оған жаңа түр, жаңа мазмұн берді.

Жоғарыда мәдениеттің осындай түрлерімен танысуы Абайға рухани азық болды, оның ой-өрісін кеңейтті, дүниеге көзқарасын өзгертті, ақындық өнеріне жаңа жол ашты дедік. Шынында да, Пушкин өз тұсында бағы заманның, орта ғасырдың, өз заманындағы Батыс Еуропаның мәдениет мұраларымен танысқанда өзіне қандай әсер алған болса, өз халқының көне замандағы мәдениетімен, Шығыстың, орыстың және Еуропаның мәдениет мұраларымен танысқан Абай да сондай әсер алды деуге болады. Өз халқын шексіз сүйген Абайға орыстың, батыстың, шығыстың саналы жақсы адамдығының бәрі бірдей жақын бауыр болды.

Енді сол үш түрлі мәдениет мұралары Абайдың ақындық творчествосына қандай әсер еткенін байқап көрелік. Өзінің дарындылығы арқасында көркем сөздің шыңына жеткен шебері Абайдың шығармаларында мәдениеттің бұл үш түрі бірдей кездесіп, бір-бірімен тығыз ұштасып, араласып отырады. Бұл Абай сияқты кесек ақындардың творчествосында кездесіп отыратын табиғи нәрсе.

Абайдың сексенінші жылдарда жазған өлеңдерінің көпшілігі қазақ елінің сол кездегі салт-санасы мен тұрмыс күйінің ерекшелігіне, өз заманындағы қоғам құрылысына арналған. Сонымен қатар бұл өлеңдерде өз халқының рухани байлықтарының бәрі көркем сөзбен терең зерттеліп, сыннан өткізілген. Өз халқының қоғам құрылысы мен бүкіл тарихын қайта жасауды көкसेген Абай сонымен қатар ақындық өнерінің жаңа түрін жасады. Осы айтылған шығармаларын Абай халық творчествосының мұраларымен тығыз ұштастырды.

Бірақ, Абай шығармалары халық творчествосынан мүлде өзгеше. Абай өлеңдерінің қай-қайсысында болса да халық шығармаларының сөзі, өлең құрылысы ешбір кездеспейді, демек, Абай ескі шығармалардың сөзін, тіл байлықтарын ескі салт бойынша сол күйінде өз өлеңіне қосып, жапсыра салмайды. Керісінше, халықтың ауыз әдебиетіндегі сөздіктерді, атауларды, олардың өлеңді көркемдей суреттеп жазу әдістерін Абай өз заманының, жаңа дүниенің ерекшелігіне қарап өзгертіп отырған, оған жаңа түр, жаңа мән тереңдете түсіп, дүниеге жаңа көзқарас тудырған. Ол халық поэзиясының қоғам тіршілік әсерін күшейтіп, оны жоғары сатыға көтерді. Абай өлеңдерінің әрқайсысы жаңалықты, жаңа идеяны көксе-

ген. Ол өлеңдерінде, ең алдымен, сол кездегі қазақ елінің қоғам құрылысын, ескішіл шіріген салт-сананы, әдет-ғұрыпты, надандықты қатты сынайды, бай-манаптардың, ақсақал-бектердің, атқамінер қулардың озбырлықтарын, бақсы-балгер, қожа-молдалардың айла-сұмдықтарын аяусыз түйрейді, бұқара халықтың теңсіздігін, ауыр қасіретін жырлайды. Мәселен, ол «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қалың елім, қазағым, қайрап жұртым», «Күлембайға», «Көжекбайға» деген өлеңдерінде надандықты, дау-жанжалдықты, парақорлықты, арам тамақ арсыздықты, қанаушылықты қатты сөгеді, халықтың білімсіз артта қалғандығына қынжылып, қайғырады. Абай өз өлеңдерінде қазақ әдебиетінде тұңғыш рет семья мәселесін, ата-ана борышын, жас ұрпақты тәрбиелеу және ең бастысы — әйел мәселесін жаңаша қойып, бұл мәселелерді бәрінен де жоғары санады.

Халық поэмаларында, үй тұрмысы өлеңдерінде жырланған қазақ әйелінің теңсіздігі, мал орнына сатылып, күн ретінде жүргендігі Абай шығармаларында да үлкен орын алды, бірақ ол әйелдің теңсіздігін құр жырлап қана қойған жоқ, қайта ол бұл мәселеге жаңа мән беріп, оны жалпы адамгершілік мәселесінің дәрежесіне көтерді. Ол қазақ әйелдері мен қыздарының ішкі жүрек сырларын ашты: әйелдердің бас бостандығын, еркіндігін, махаббатын, ерлермен бірдей теңдік алуын жырлады. Ал ескі өлең-жырларда мәселенің бұл жақтары тұңғыш қалып, әйелдердің тек бақытсыздығы, қорлықта жүргені ғана айтылатын. Абай өлеңдерінде өз теңін өзі тауып, өз сүйгеніне өзі тиген әйелдің арманы жоқ бақытты екені, оның сүйген жарына махаббаты, семьяға деген сүйіспеншілігі кіршіксіз таза болатыны, әйелдердің осындай шын бақытқа жету жолындағы күресі жырланады. Абай жақсы тату семьяның тірегі әйел екенін, ана болған әйелдің қандай жақиярлық іске бас байлауға әзір екенін жырлайды. Қызды қалың малға сату, көп әйел алу, әйелді күндікте ұстау адамгершілікке жатпайтын нағыз айуандық қылық екенін айтып, әйелдердің қоғам тіршілігінде тең праволы болатын жолдарын өлеңдерінде үнемі көрсетіп отырады.

Еріншек, жалқау, шаруаға қыры, талапсыз әдеттердің бәрін де Абай мойлінше жек көріп, өзінің өткір тілімен мысқылдап қатты сынады. Абай өз шығармаларында пайдалы еңбек етуге, еңбекті сүюге шақырды, еңбек

адамның тіршілік арқауы екенін, тек адал, өнімді еңбек қана қоғамды дұрыс жолға жеткізетінін айтып жырлада. Ол өзіне дейінгі ақын-жыраулардың еңбек жөнінде тек жалпылама айтып келгенін көрсетіп, өз шығармаларында оларға қарсы шығады. Ақын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңдерінде өз заманындағы Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат ақындарды қатты сынайды, олардың шығармалары — «жамау-жасқау өлеңдер», өйткені олар ғасырлар бойы келе жатқан надандыққа, қараңғылыққа қарсы батыл күреспейді, қайта сол ескілікті қайталап, дәріптейді дейді. Олар болашақ ұрпаққа рухани азық болатын жаңа жол көрсетпейді, қоғам құрылысын өзгерту жолында белсенді күрес ашудан тайып шығады деп сынайды. Халыққа қызмет ету, оны жаңа санада тәрбиелеу, жаңа дүниеге бастау, қоғамды қайта құру — жаңа поэзияның ең жоғарғы мақсаты, оның тарихи орны міне осы дейді Абай. Тек еңбек қана, адамгершілік правосы үшін күрес қана қазақ кедейлеріне теңдік әпереді, олар сонда ғана байлардан тәуелсіз бола алады. Тек қараңғылықтан серпіліп, өнер-білімге ұмтылғанда ғана, оқып білім алғанда ғана замана жастары, талапты жас жеткіншектер еркін өмірге, шат тұрмысқа жетеді. Абай міне осыған шақырып жар салады. Ол тек шақырып қана қойған жоқ. Ақын Абай өзінің даналығы, болашақты болжағыштығы арқасында қараңғы қазақ аулының өнерлі, білімді, мәдениетті ел болуының айқын жолдарын көрсетіп берді. Еуропаның, бүкіл адам баласының жетілген бай мәдениетін кең пайдалана отырып, жаңа қоғам құруды, оны дамыту жолдарын нұсқады. Ол сонымен қатар ислам дінінің түк пайдасы жоқ зиянды екенін, «медреселерде» оқығандардың халыққа, қоғамға түк пайда келтірмейтінін, қайта қараңғы елдің надандылығын онан сайын ұлғайтатынын, халық санасын дін уымен тұншықтыратынын әшкереледі. Адамның өмір тұлғасы — ескі шіріген әдет-ғұрыптың, салт-сананың құлы болуда, соқыр сенімде емес, ол саналы қайрат-жігерде, адалдықта, пайдалы еңбекте, бүкіл қоғам мүддесін қарабасының мүддесінен жоғары санауда. Абай өлеңдерінде, міне, осыны айтады.

Творчестволық шығармаларында Абай адамның табиғатқа көзқарасы, еңбек етуі, тұрмысты жақсарту үшін күрес мәселелеріне де терең мән береді, адамның дүние-

де тіршілік етіп, өмір сүруі осыларға байланысты деп үйретеді.

Абайдың өз тұсындағы элеуметтік қарым-қатынастың, салт-сананың барлық негіздерін терең зерттеп, ақиқатына жеткеннен кейін осыған арнап шығарған көп өлеңдері бар. Абай творчествосында өмірдің қамтылмай қалған жағы жоқ. Адамның ой-мақсаты, арман-талабы, қиян-қайғысы ақыл-ойдың иесі, данышпан Абайдың көркем сөзбен жазылған өлеңдерінде үнемі айқын көрініп отырады. Бірақ Абай бұл мәселелерді өзінше түсініп, өз жанынан мүлде жаңа идеялар айтып, ескілік біткеннің бәрін бұзып-жарып, жаңа дүниеге апаратын соны жолдар нұсқайды. Сондықтан да ол өз заманында теңдесі болмаған данышпан ақын.

Абай творчествосының өзіне дейінгі ақын-жазушылардан зор айырмашылығы сол, ол халықты мәдениетке, білімге шақырғанда әсіресе орыс мәдениетінен, бүкіл алдыңғы қатарлы адам баласы мәдениетінен үлгі алып үйренуге шақырды. Абай өз халқының прогрестік жолмен өсіп-дамуына алдыңғы қатарлы халықтардың салт-санасы, тіл өзгешеліктері, дін басқалығы ешбір кедергі бола алмайды деп түсінді. Мәдениеті өсіп жетілген халықтардың бәрінен де үлгі алып, сол мәдениеттен оқып, үйрену керек! Міне өз халқын осындай білімді ету, мәдениетті ету сияқты ұлы тарихи мақсатты алдына қойған Абай ескілік біткеннің бәріне қарсы аяусыз күрес жариялайды, дәурені өткен, іріп-шіріген ескі салт-сананы, әдет-ғұрыпты өткір тілімен мысқылдап сөгеді. Соқыр сезімді, ескілікті мақтайтын би-болыстарды, ру басы ақсақалдарды, дүмше молдаларды, бақсы-балгерлерді, талапсыз шенқұмар жастарды, еріншек-жалқауларды, жатып ішер арам тамақтарды қатты сынап, мысқылдады. Абайдай еркін жырлап, шындықты, замана жайын тура көрсеткен, көркем сөздің дәрежесі жоғары көтеріп, оны ескілік біткеннің бәріне қарсы күреске құрал еткен ешбір ақын болған жоқ.

Абай Шығыс елдерінің поэзиясымен, Таяудағы Шығыстың өткендегі мен өз тұсындағы мәдениетімен жете танысқан ақын.

Абай жас кезінің өзінде-ақ Шығыс әдебиетіне зор көңіл бөлген. Ол араб, иран тілдерінде шыққан батырлар жырының, діни кітаптардың бәрің қолжазбасынан (кей-

біреулерін шағатай тілінде жазылған аудармасынан) оқып танысқан. Ол Шығыстың атақты классиктері — Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Фзули, Бабур шығармаларын оқыған. Жас кезінде ол осы ақындарға еліктеп, өлең жаза бастады, тұңғыш рет «ғаруз» түрімен жазуды қолданып, өлеңдеріне араб, иран тілдерінен көптеген сөздер енгізді. Бертін келе ол халық творчествосының өмірге ең керекті, тұрақты жақтарын пайдалану мақсатын көздеп, Шығыс әдебиетінің ішінде әсіресе «Мың бір түн» қиссасын, иран, түрік халықтарының әңгіме-жырларын сүйіп оқытып болды. Ол «Шаһнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көроғлы» поэмаларын жаттап алып, ел арасына таратты.

Абай араб-мұсылман мәдениетін кең зерттей отырып, Табари, Рабгузи, Рашид ад-дин, Бабур, Абулғазы Баһадур хан және басқалары сияқты шығыс ғалымдарының тарихи еңбектерімен де танысты, мұсылман дінінің барлық шариғат негіздерін біліп алды. Абай Шығыс елдерінің бағы замандағы тарихымен ғана танысып қойған жоқ, ол сопымен қатар Таяудағы Шығыс өз тұсындағы мәдениетін де өте жақсы білді. Татардың тұңғыш просветитель-ғалымы Шихабеддин Марджанидің еңбектері де оған жақсы таныс еді. Абай сол кезде туа бастаған панисламшыл, пантүрікшіл жалған діни-саясат ағымының ықпалы қалай күшейе бастағанын сезіп, біліп отырды.

Египет жазушысы Мухаммед Габдуху, Жалаледдин Афганский таратқан панисламизм ағымының идеясы бірте-бірте өршіп, бұл ағым Ресейдегі мұсылмандар арасына да жайылды. Алланың құлы болу, айға табыну, халфелерге бағыну сияқты жалған саясат ұстаған бұл ағымды қазақ елінің қажы-молдалары, феодал-бектері де жақтады. Бұл ағымды жақтаушылардың газеттері, журналдары да болды. Соның бірі — әйгілі пантүрікшіл Исмаил Гаспринскийдің басшылығымен Бахшасарайында шығатын «Таржиман» газеті Абай заманының өзінде-ақ қазақ даласына көп тарады. Бірақ Абай бұл ағымның ауанына түскен жоқ, оның алдауыш саясатына ермей, қайта оған қарсы шықты, қараңғылық үстін басқан халықты онан сайын тұншықтырып, نادандықта ұстайтынын әшкереледі. Орыс халқының ұлы мәдениетінен үлгі алып, соған арқа сүйегенде ғана халықтың салт-санасын, қоғамдық тұрмысын қайта құруға болатынын бір-

ден сезген Абай өмірінің ақырына дейін осы жолынан ешбір таймады.

Ислам дінін дәріптеген ағымнан үзілді-кесілді бас тартқан Абай өзінің ой-өрісінің аса кеңдігін, ешкімге, еш нәрсеге бойұсынбайтын тәуелсіз жан екенін, ұстаған жолына берік, әрбір қадамын батыл басатын адам екенін көрсетті, өйткені ол адамгершілікті, адалдықты жырлаған, бүкіл езілген адам баласының бостандық алып, ерікті өмір сүруі үшін халыққа, отанға адал қызмет етуді даттаған орыс пен Европа әдебиетінің классиктерінің асыл шығармаларын оқып тәрбиеленген, жоғары саналы мәдениет қайраткері болды.

Осындай сезімде дүние таныған Абай ислам дінінің жалғандығын, реакцияшылдығын дұрыс сезе білді, оның зиянды екенін қырағылықпен көрді.

Данышпан ақынның бұл көрегендігін қоғам тіршілігінің бұған кейінгі даму жолдары айқын ыспаттады. Елімізде болған Ұлы Октябрь революциясы, Маркстің-Лениннің ғылымы Абайдың алған бағыты, ұстаған жолы дұрыс екенін көрсетіп берді, бұл ғылым-исламшылдық, түрікшілдік ағымның және буржуазиялық-реакцияшыл ұлтшылдықтың барлық түрінің көз бояушы бет пердесін жұлып тастап, олардың халыққа қарсы ағым екенін әшкереледі.

Абай өзінің ақындық творчествосында шығыс мәдениетінің бұл «жаңалығына» сүйенген жоқ. Оның артына қалдырып кеткен ақындық мұраларында шығыстың бағы замандағы классиктік поэзиясына еліктегені, солардың жақсы дәстүрлерін қолданғаны байқалады. Оның ғашықтыққа жазған өлеңдерінде («Көзімнің қарасы»), лирикалы толғауларында («Аманту оқымаған кісі бар ма»), пәлсафалық-моральдық поэмаларында («Масғұт») шығыс классиктерінің ықпалы бар екені көрінеді. Бірақ бұл сырт үйлестігі ғана. Ал шығарманың ішкі идеялық-көркемдік мазмұны, ой-қиялының ақиқаттығы, өмірді терең бойлап сезу, қоғам тіршілігі мен адамдардың қарым-қатынасын нақты дәлме-дәл айтып беру Абай шығармаларында мүлде басқаша, өте шебер суреттеледі, бұл жағына келгенде оның шығармалары шығыс классиктерінен мүлде тәуелсіз деуге болады.

Дін жөнінде жазған өлеңдерінде де ақын соқыр сезімге берілмейді. Абай дін мәселесінде рационалист. Ол

құдайды барша халық таныды деп танымайды, өз ақылына, өз мнына салып тануды көздейді, кейде ислам шариғаттарына тікелей қарсы шығады. Қожа, молда, сопыларға, ислам дінінің шариғатын дәріптеушілерге, құранды бетке ұстап, қараңғы халықты арбаушыларға арналған өлеңдерінде Абай олардың қара ниет пиғылдарын, арам құлқыны үшін құдайшыл бола қалып жұртты алдайтынын әшкерелеп, қатты жерледі, тіпті оларды «өлімтікке таласқан аш құзғындай аранын кең ашқан» қан сорғыш жалмауыздар деп атаудан да тайынбады.

Сөйтіп, Абай өзінің творчествосында араб мұсылмандарының мәдениетімен де араласқан, бірақ ол бұл мәдениетті әбден сұрыптап, жеке пайдалы жақтарын ғана алған, оның өзін де тек сол күйінде ала салмай, өзінің дүниеге көзқарасы негізінде қайта өңдеген.

Абай Европа әдебиетіне де терең зер салып, көп оқыған. Шығыс елдерінен гөрі батыс елдерінің мәдениеті әлдеқайда жоғары санап, орыс мәдениетін және сол арқылы батыс мәдениетін зерттеу-үйрену жолында ол ұзақ уақыт өздігінен оқып, білімін арттырды. Пушкиннен, Лермонтовтан, Крыловтан бастап, ол алпысыншы, сексенінші жылдардың әдебиетіне дейін оқып танысты. Соның өзінде де оның сүйіп оқитыны тек ақындар шығармалары ғана болған жоқ, сонымен қатар орыс халқының ұлы жазушылары (прозаиктері) Лев Толстойдың, Салтыков-Щедриннің шығармаларын да оқыды. Абай орыс тіліне аударылған шығармалар арқылы Гетені, Байронды және басқа көптеген батыс классиктерін білді, батыс елдердің бағы замандағы әдебиеттерімен де жете танысты. Абайдың жер ауып келген достары Леонтьев және басқаларының айтуына қарағанда, Абай батыс пәлсафасын, Спенсердің, Спинозаның ғылыми шығармаларын үнемі оқыған, сонымен қатар Дарвиннің ғылымына да зор көңіл бөлген.

Орыс классиктерінің шығармаларын Абай әр уақытта әр түрлі пайдаланған. Мәселен, Крылов шығармаларын аударғанда оның мысалдарының дидактикалық жақтарын (ақыл айту, суреттеу жақтары) өзгерте отырып, өз халқының тұрмысына бейімдеп қайта өңдеген, қазақ халқына түсіңікті етіп аударған. Ол әсіресе Лермонтовтың өлеңдерін өте сүйсініп, зор ұқыптылықпен аудар-

ған. Лермонтовтың «Қанжар», «Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз», «Теректің сыйы», «Желкен» деген өлеңдері, «Демон» поэмасынан алған үзінділері орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне асқан шеберлікпен, қазақ халқының тума өлеңдері құсап өте тамаша аударылған. Ал Абайдың Пушкинге көзқарасы мүлде басқаша болды. Оның «Евгений Онегин» поэмасынан аударған үзінділері шынында аударма ғана деуге сыймайды, ол Пушкиннің бүкіл романын түгел баяндап шыққандай зор хикая деуге болады. Татьяна мен Онегиннің арасындағы жүрек сырының кіршіксіз тазалығына, бір-біріне шексіз ғашықтығына таң қалған Абай олардың бүкіл өмірін баяндайды; екі адамның арасындағы мұндай ғашықтық сезімінің кімге болса да зор әсері бар екенін түсініп, оны қазақ жастарына өнеге етеді. Мұның өзінде Абай шығыс поэзиясының бағы заманнан келе жатқан өлең жазу дәстүрін («Назира») қолданып, езінің ұлы ұстазының бұл тамаша шығармасының бүкіл сюжетін (мазмұнын) өз сөзімен, өз тілімен қайта жазып шығады. Ал араб-үнді, иран-түрік елдерінің ақындары «Ләйлі — Мәжнүн», «Фарһад және Шірін» қиссаларының сюжеттерін, «Ескендір-наме» поэмасын өз тілдерінде өлең деп жырлап, ғасырдан ғасырға жеткізгені мәлім. Абайдың өзі де азербайжан классигі Низами мен өзбек классигі Науандан кейін солардың үлгісі бойынша Александр (Ескендір мен Аристотель жөнінде поэма жазды. Өткен дәуірдің ұлы мұраларын тек аудармай, қайта жырлау салтын Абай осы «Евгений Онегин» поэмасына да қолланды. Бірақ ол орыс қызы Татьянаның образын ешбір өзгертпей, романның бітетін жерін сюжет жағынан Онегиннің мінезі жөнінен өзгерткен. Пушкиннің бүкіл романы Абай аудармасында қыз бен жігіттің арасындағы үлкен хат сияқты болып шықты. Абай ақындығымен қатар ән-күй жазатын композитор да болды. Сондықтан да ол Татьяна мен Онегиннің хаттарына ән жазып, екі асыл ғашықтың тамаша өлеңдері Абай әнімен бірге бүкіл елге тарады, халықтың тума өлеңі мен әні болып кетті. Татьяна мен Онегиннің бір-біріне жазған ғашықтық хаттарын, өлеңдерін бүкіл ел жастары жаттап алып, тіпті өздерінің сүйген ғашықтарына осы өлеңмен хат жазатын болды.

Пушкин, Лермонтов шығармаларымен қатар, Абай Лермонтовтың аудармаларын пайдалана отырып, Бай-

рон мен Гетенің де бірқатар жеке өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Абайдың осы айтылған аудармаларының бәрі қазақ әдебиетінің дамуына зор әсер етумен қатар, ақынның Европа әдебиетімен тікелей байланысы болғандығын да көрсетеді. Орыстың тілге бай ақындық әдебиетін жақсы пайдалана білгендігінің арқасында Абай қазақ поэзиясына жаңа түр енгізіп (Абай қазақша өлең жазудың өзіне дейін болмаған жаңа II түрін енгізді), оны жаңа тақырыптармен, жаңа әлеуметтік мазмұнмен байытты, мұның өзі қазақ поэзиясының сапалылығын әлдеқайда арттыра түсті. Абай орыстың басқа классиктерінен гөрі Пушкин шығармаларын өте аз аударған. Бірақ солай бола тұрса да, оның лирикалық толғауы, табиғатты тамылжытып жырлауы, әйел жүрегін, әйел махаббатын терең түсініп, өте көркем суреттеуі, әлеуметтік маңызы зор кесек мәселелерді өлеңмен жазуы Пушкинге көп жақын, ұқсас келеді. Бүкіл дүние жүзі әдебиетінің барша классиктері адамгершілік қасиеті, ой-өрісі, ақындық даналығы жағынан бір-біріне қандай ұқсас, қандай жақын болған болса, Абай да Пушкинге сондай жақын. Қазақ әдебиетінің атасы, өнегелі классигі Абайға батыс классиктері де жақын еді, өйткені олардың дүниежүзілік әдебиетте қалдырған тамаша бай мұралары оған рухани азық болды. Бүкіл адам баласының ғасырлар бойғы рухани мәдениетінің асқар шыңы болып, атағы әлемге жайылған асқан зор таланттар, әдебиет классиктері бір-біріне ежелден жақын болатын, бір-бірімен рухани дос болатын.

Абайдың дүние жүзі мәдениетімен осындай терең танысып, тығыз байланысты болуы оның жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдер жазуына, тереңнен толғап, бойды алған лирикалық шығармалар жасауына, ақынның қоғам өміріндегі орнын көрсетуіне, Александр Македонский мен Аристотель туралы үлкен поэма жазуына мүмкіндік берді.

Жылдың төрт мезгіліне арнаған өлеңдерінде ақын қазақ даласының жаратқандығын, көшпелі қазақ аулының тұрмыс салтын суреттейді, өзінің ақындық шеберлігі арқасында ол табиғат сипатына, ел тұмысының жайына терең сыр, зор мән береді, жаңа пікірлер айтып суреттейді.

Ақынға арпаған өлеңдерінде Абай ақын сөзі асыл сөз, оны ұсақ кәсіп етуге болмайды, ақын әрі сыншы, әрі тәрбиеші, ол шындықты жырлаушы, өз ісінде ешкімге мойынұсынбайтын еркін жыршы деп көрсетті. Міне бұл жағынан алғанда да Абай творчествосы Пушкин творчествосына өте жақын екенін көреміз. Сол сияқты Абай мен Салтыков-Щедрин де тақырып жағынан бір-біріне өте жақын. Абай көркем проза (қара сөзбен) жазбаған адам. Алайда, патшалы Ресейдің қоғам құрылысын, ондағы топас, зорлықшыл, әктем әкімдердің мінез-құлықтарын, құлық-сұмдықтарын батыл әшкерелеген Салтыков-Щедрин сияқты, Абай да қазақ халқын ауыр қасыретке ұшыратқан, арбап-алдаған, қараңғылықта ұстаған би-болыстарды, патша әкімдерін, атқамінер қуларды, ру басы ақсақалдарды зілді мысқыл өлеңдерімен батыл мінеп, қатты сөкті, өткір қаламының ұшымен түйреді. Міне бұған қарағанда Абай шығармаларының көркемдік және саяси мазмұны жағынан Салтыков-Щедринмен бір сапқа қосылады, бір тілекті, бір мақсатты болып шығады. Өзінің шығармаларын тыңдаушы шәкірттерімен бір әңгімесінде Абай Салтыков-Щедринді мақтап, ол халыққа зорлық көрсеткен әкімдердің кейпін дұрыс көрсетіп берген жазушы еді дейді. Бұл оның тек орны келгенде айта салған сөзі ғана емес, ол өзінің барлық шығармаларында да өз заманындағы қоғам құрылысына, патша үкіметінің әкімшілік саясатына қарсы шықты. Сондықтан да оның патша үкіметіне наразылық білдіріп, қарсы болған орыс классиктерін жақтауы, олардың ісін мақұлдап қостауы тегін емес...

Абайдың Европа әдебиетімен араласып, терең танысуы оның творчестволық ой-өрісін едәуір кеңейтті. Осының нәтижесінде де ол Александр Македонский мен Аристотель жөнінде жеке поэма жазып, ол еңбегі соңғы ұрпаққа асыл мұра болып қалды. Ол өзінің жай әңгімелерінде («Ғақлия») ол бағы заманның асқан білімпазы Сократты үнемі аузынан тастамайтын.

Абай бізге тек поэзиясын (өлеңдерін) ғана қалдырып кеткен жоқ. Ақынның пәлсафалық-сын, салт-сана, мінез-құлық мәселелері жөніндегі «Ғақлия» әңгімелерінде көптеген нақыл сөздері бар. Оның бұл терең мағыналы, көрегендікпен айтылған нақыл сөздері ел арасына кен

тарап, халықтың көркем әдебиет тіліне берік сіңісіп алады.

Осы жинаққа Абайдың көп әңгіме «Ғақлия» сөздері кіргізіліп отыр. Оның қара сөзбен нақылдай айтылған бұл әңгімелерінің түр, мазмұн жағынан қандай жанрға жататынын кесіп айту өте қиын. Ақынның бұл әңгімелерінде пәлсафалық-мораль, қоғамдық-публицистикалық, мысқыл-сын мәселелері бірдей кездеседі. Шебер қиыстырып, мейлінше тапқырлықпен айтылған бұл нақыл сөздерде кейде күнбе-күнгі тіршілік жайы, кейде кекті мысқыл немесе жабырқап-қайғыру сарындары естіледі. Абайдың бұл сөздері аз айтып, көп мағына беретін өткір тілді, өнегелі өсиет болып табылады.

Ақынның шығармалары қолжазба түрінде тұңғыш рет жарыққа шығып, ел арасына тарай бастаған кезде, оның нақыл қара сөздері де өлеңдерімен бірге жеке кітап болып басылып шығып жүрді. Оны әсіресе жасы үлкен адамдар зор ынтамен оқып, жаттап алып, ол сөздердің терең мазмұнын, өнегелі өсиетін жете түсінуге құштар болатын. Өзінің нақыл сөздерін осы қатарлы адамдар оқитынына көзі жеткен Абай бұл «Ғақлия» сөздерін көбінесе осындай адамдардың сана-сезіміне бейімдеп жазады. Мұндай жағдайда ол өмір шындығы мынадай, ислам шариятының діни көз бояушылығы мынадай деп, екеуін қатар көрсетеді. Сондықтан да Абай әр уақытта ислам дінінің жалған өсиеттеріне рационалдық пәлсафа шындығын қарсы қояды.

Ақыл-ойдың кемеңгері әрі ақын Абай өте талантты, әрі композитор да болды. Өлең мен әнге арнап жазған көп өлеңдерімен қатар жиырма шақты ән-күй ойлап шығарды.

Абай поэзияда қандай жаңашыл, тапқыр болса, ән-күйде де сондай жаңашыл болды. Ол ән-күйді жаңа мазмұнда, тың әдіспен байытып, әннің өзіне дейінгі халық күйлерінен мүлде басқаша мәдениетті түрлерін жасады. Кемеңгер ақын бұл жағынан да өзінің творчестволық талантының күшті екенін, рухани мәдениеттің кең салалы дарқаны екенін көрсетті.

Әділетті жақтаған, өнер-білімге жетілген, өз халқының мәдениетін дамыту үшін бар пәрменімен күрескен, қараңғы халықты сүліктей сорған арамзалардың, кертартпа ақсақалдардың, би-болыстардың, феодал-бектердің ортасында жалғыздық қасыретін шеккен Абай тек

өз халқының тарихында ғана емес, сонымен бірге бүкіл Таяудағы Шығыстың тарихында да өз заманының асқан дана, ұлы қайраткері болды.

Абай алдағы «жұмаққа» жету үшін бүкіл Таяудағы Шығыстың дінге сыйынған панисламшылары мен пантүрікшілері сияқты ислам жолына түспей, бүкіл Шығысты баса отырып, Батысқа қарай қол созды, өз тұсындағы кертартпа заманның қара түнегін қас жара, елден дара жалғыз өзі жалғыз аяқ сүрлеумен алға ұмтылды. Осы ұлы іздену сапарында ол жарық дүниеге, бақытқа жетті. Оның жалғыз аяқ сүрлеуі адастырмай тура бастап, халықтың еш уақытта өшпейтін даңғыл жолына барып қосылды, зор талапты ақынды орыс халқының асқан кемеңгері Александр Сергеевич Пушкиннің кейінгі ұрпаққа қалдырған асқар Алатаудай зор ескерткішіне апарып жеткізді.

Кемеңгер ақынның сонау княда мұнартақан зәулім тамаша шапағатты ескерткішіне Шығыстан тұңғыш рет барып жеткендердің бірі осы Абай болуға тиіс.

Қазақтың халық шығармалары мен орыстың классикалық поэзиясын тығыз ұштастырып жырлаған Абай және оның ғасырлар бойы өшпейтін баға жетпес шығармалары, біздің ойлауымызша, өткен дәуірдің үздік шыққан тамаша бір саңдағы сияқты. Абайдың өзі де, оның шығармалары да жапан-түзге жалғыз шығып, жапырағын кең жайған бәйтерекке ұқсап, өз халқының тарихына ерекше орын алды. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің асыл мұраларының бәрін алып, оны орыс халқының есейген, алдыңғы қатарлы мәдениетімен байытты.

Абай орыс халқының рухани мәдениетінің бай мұраларын барлық жағынан толық пайдалана отырып, өз халқының мәдениеті тарихында тұңғыш рет нағыз прогресшіл қозғалысты бастап берді. Өз халқының тарихында тұңғыш рет жарыққа шыққан оқыған қайраткерлердің бірі болған Абай жаңа қоғамның алдыңғы қатарлы мәдениеттен неғұрлым тез үйреніп, өнеге алуына кедергі жасаған өз заманындағы тарихи бөгеттердің бәрін еркін бұзып, талқандады. Сөйтіп, ол орыс халқы мен қазақ халқының жарық нұрлы болашақ үшін, сол кездегі қоғамның әр түкпірге тығылып, мәдениеттен мешеу қалғанына қарсы жүргізген күресіндегі рухани қаруларының бір-бірімен қосылуына себепші болды. Міне сондық-

тан да, Абай есімі жұрттың бәріне өте қымбатты есім болып отыр, ал оның тамаша жалынды өлеңдері социалистік отанның қаһарман қорғаушылары — қазақ жауынгерлері мен қазақ командирлеріне рухани күш болды, олар қан майданда жауға қарсы ерлік күресімен, ұлы жеңісімен, төгілген қанымен Ұлы Одақтың барлық халықтары арасындағы туысқандық достықты бұрынғыдан да бетер нығайта түсті. Абай өз халқының асыл қазынасының бәрін орыс халқының дана адамдары жасап кеткен ұлы мұраларымен жақындастырып, тығыз байланыстыруға шақырды, осы жолда күресті. Оның кейінгі ұрпақты осындай күреске шақырған жалынды сөздері қазіргі совет отаншылдарының, Абайды ұлы мәртебе тұтып құрметтейтіп қазіргі ұрпақтың қайтпас қажырлы күшін тасытып, жүрегіне ыстық леп қосты. Өзі арман етіп, зор үмітпен күткен ерікті отанының сүйікті ұл-қыздарымен бірге Абай да рухани күш-қуаттың, қайрат-жігердің бәрі қатал сынға түскен ауыр жылдардан сүрінбей өтіп, оның ұлы есімі қазіргі бақытты социалистік заманымызға бұрынғысынан да қымбат, бұрынғысынан да жақын болып отыр деп айта аламыз.

Ал мұның өзі қазақтың жаңа мәдениетінің негізін қалаған, қазақ халқының классикалық поэзиясының жарық жұлдызы болған Абайдың өшпес даңқың мәңгі арттыра бермек.

1945

II

ХАЛЫҚТЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ ЖЫРЫ

Өз халқының ғасырлық даналығын сақтаған ұлы ақын қайтыс болды. Осы жанның туысы мен қазасының екі арасын алсақ бір емес, әлденеше ғасыр өткендей сезіледі. Аз ру Шапыраштының Қоқан хандығынан шабуыл көріп жүрген, кезбе күндерінде туған атсыз, атақсыз бала — Жамбыл екен. Өмірінің соңғы шағында сол кісі адам жетер бақ пен абыройдың ең биік шыңына жетіп

социалистік ұлы отанның бар халықтары, бар буындары сүйіп қадірлеген күйге жетіпті. Қарт ақынның ұзақ өміріндегі барлық даналығы мен мәңгілік қасиеттері, оның туған халқының көп ғасырлық тағдырындағы жақсылық пен даналықтың айғағы. Ертегідей баяғыда өткен бала шағының өзіне көз салсақ та ақын өнерінің тамырын, төркінін тануға болады. Берідегі ерекше сүйікті сипатын да тануға болады. Жас бөбек күнінде мұның бесігінің үстінде, жау шабуылынан жүрегі сескеніп, баласы үшін зарланып, анасы Ұлдан күңіреніпті. Ел қайғысын қыл қобыздың зар сарынына қосып, туған нағашысы Қанадан шерленіпті. Көпті қанап, жұртты жылатқан бас бұзар, сотқар бек пен байды ызамен әшкерелеп ақын ұстаз Сүйінбай жырлапты. Шабуыл зорлық салдарынан, туған жерін тастап босқан ел, ата-қоныс мекеніне қоштасып зар төгіпті. Осы сарындарды естумен қатар, болашақ ақын құлдық қанаудан құтылсақ-ау деген сұлу арман сазын да естіп өсіпті. Ол сазда өзгеше бір жақсы күнді көксеу, өзгеше бір жақсылық мекенін көксеу арманы бар еді. Осының бәрін естіп, бойға сіңіре жүріп, халықтың сезімтал ұлы ержете береді. Қойынан бұрын ойы өсіп, ерте ер жетеді.

Өлең айтуды 13 жасынан бастап, сексен бес жыл бойында жырлағанда ақын екі үлкен сезімді, әсіресе нық сақтап өседі. Ол көп заман бойында пісіп өскен екі жеміс — ақындық еңбегінің екі ұрығы сияқты.

Мұның біреуі ащы ұрық. Ол ауыр ащы шындықтың, тұл замандардың айнасы болған жырлары. Ол жауыздық, зорлық, қараңғылық дүниесіне қарсы арналған жиреніш жырлары. Екінші ұрық — сөнбес махаббат, тозбас үміт, асыл жарқын келешекке арналған жырлары. Бұл өзінен өмір тудыратын ұрық. Жүз жасаған еменнің ұрығындай, халықтың бақытқа, игілікке талпынған талабы мен қайратының ұрығы.

Ол екі ұрық екі бөлек дүниедей. Бірі қатал болмыс, бірі осыдан біраз заман бұрын қиялдағы сағынышты дүние еді. Екі қиыр шеттей бірі жастық, бірі кәріліктей, бірі көктемнің әсем таңындай, бірі күздің ұзақ, лайсан қараңғы түніндей еді. Сүйікті ұрық өмір ұрығы Прометейдің отындай боп, халықтың ақынына үміт, қайрат қызуып берді. Ал үмітшіл халық өзінің азамат ақынына келер тірілік, болар тарихтың жақсы күндері үшін жеміс беруді тапсырды. Ол жеміс бар халықтардың жыр,

аңызына, ерлік дастанында тірлік еткен, өлмес мұраларда тірлік еткен мәңгілік жақсы тілек жемісі еді.

Біздің Жәкеңнің тірлік қуаты да сонда болатын. Алып ақын ертегінің ерлеріндей боп кәрілікті жеңгенде, жас ақын боп жаңғырғанда сол халық қуатын, халық отын бойында сақтағандықтан жеңіп еді.

Сондықтан да Ұлы Октябрьден кейін жаны жасарып, жалынды жырмен азаттық күнін, адам бақытын қуана жырлайтын болды.

Жәкеңнің ақындық шабытының ұлы себепшілері халықтар көсемі Ленин болды. Ақын ол басшыға үлкен орынды жолмен барды. Барлық халықтардың бағын сую, ардақтау жолымен барды. Ел қамқоры болатын, данышпан ана алып ұл туса екен дегенді халықтар мен халық ақыны көп заманнан, көп ғасырдан күтетін. Ленин Жәкеңнің де сол көп арманмен күткен ынтық ұлдары еді.

Советтік дәуірдегі халықтар достығының жалынды жыршысы Жамбыл ұлы отаншыл ақын еді. Сондықтан отан соғысы уақытында ол өзінің ашулы, жиреніш жырын өз отанының жауыз дұшпаны боп шыққан неміс фашистеріне қарсы жұмсады. Аталық жүрек сезімін, адалдық бауырмал жырларын жалынды сәлем етіп Ленин қаласын қорғаушы ұл-қыздарына жолдады. Қажырлы ерлік жырларын айтып, Жамбыл Москваны қорғасты. Табанды қайрат, қайсарлықты айтып Сталинградтың соғысына қатынасты. Осындай өз отанына махаббат беріктік жырын айтып, жауына жиренішпен лағнат жырын айтып жүрген кезінде Жамбыл өзінің ұзақ еңбек тірлігінің жүзінші көктемін кешіп жүр еді.

Халық поэзиясының алыбы болып, жаңғырған жастықтың мол сұлу жырларын төкпең Жамбылдың өз өмірі де талай әсем сөз, әдемі аңыз болуға татиды. Ол жыр атасы боп талай социалистік дастанның бас геройы бола алады. Бақытты шаттық заманда жастығын қайта тапқан жыр атасы герой болады. Жүз жылдық жастығының шағында көңілі тірлікке, өлмеске кеткен ғасырлық халық жырының өзі болады.

ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСТАҒЫ ӨНЕРІ

(Жамбылдың жүз жылдық мерекесінде жасалған баяндама)

Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен. Жамбыл ақындығын түсіну үшін, оның ауызша айтқыш, айтысқыштығын талдап ұғыну қажет. «А» десе «мә» дейтін шапшаң айтқыш, «суырып-салма» ақын болған жаратылысын зерттеп, бойлап ұғыну керек. Халық бұл алуандас ақындарға «суырып-салма» ақын деп атақ берген. Қынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнерді айтқаны. Біз бұны ақпа ақын, төкпе ақын десек жарайды. Айтысқа шеберлік жалпы ақындық өнерінің, тіпті барлық әдебиет өнерінің өзгеше бір биік сатысы. Ал, ақындық өзі не? Егер ол өзгеше көрегендік, сезімталдық және сол көрген мен сезгенді сырлап, күйлеп айта білгіштік болса, жаңағы ақпа ақын сол көрегендік, сезгіштікті шымыраған шарқына жеткізеді.

Шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға меңзес. Тұрпыдан томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт.

Бұл қасиет ақынға оңай орнамайды. Аса бір ерен шыққан, жалын атқан дарынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне бейім болған күнде де, ұзақ сонар сын кешіп, сан сайыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып жетеді. Бірақ, жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді, зымырай береді. Дерт жеңбесе, жыл-жылдар жеңбейді. Ол әсерді де кемітпейді. Тегінде дене қартайады, ақындық қартаймайды: Осы айтылған сыпаттар Жамбыл басында түгел бар еді.

Алып ақынның жүз жыл өмірі, жүз жыл бойында; суарылған сайын шыныға түскен шар болаттың бабындай, шымырлап толысып, түрлене түскен ақпа ақын өнерінің, өзгеше бір өсу өмірі болатын.

Біздің баяндамамыздың тақырыбы Жамбылдың айтыс шебері, ақпа ақын болған өнері жөнінде. Бәрімізге де мәлім, Жамбыл айтысқа жас бала күнінен кірісіп, мөлшері 70 жасына шейін, белсене түсіп жүрген. Ал, бірақ соңғы отыз жыл ішінде, ескі мерзім бойынша, кей

замандастарымен оқта-текте әзіл ретінде аз қағысын өтiскен болмаса, шынайы үлкен айтысқа ақындардың өздерiнше айтсақ, «сүре» айтысқа араласпайды. Аға ақын Жамбылды кейiнгi буын ақындары ол сайысқа салмай, сыйлай, сақтай жүредi. Бiрақ ақынның ақпа-төкпе көрiктi, кемел жыры соңғы отыз жыл iшiнде бұрынғысынан дами түседi. Социалистiк отанның асқар жыршысы болған дәуiрiнде тiптi құлаш ұрып, шарықтап, дамиды. Жә, олай болғанда, кейiн Жамбылдың әлемге даңқын шығарған ұлы жырларына бұрынғы айтыс ақыны болған өнерiнiң жалғасы, қатысы бар ма? деген сұрақ туады.

«Өнердiң өзiн бағалағанның шын болса, төркiнiң, тегiн алдымен таны» десе болады.

Сөйтiп, бұрын айтысқа түсiп ақпа-төкпе жыр туғызып жүрген Жамбыл, бертiн келiп Советтiк дәуiрдi әсем жырлаған Жамбылдың алдыңғы сатысын, әзiрлiк дәуiрiн танытады деймiз. Рас, бұл әзiрлiк дәуiр, ұзақ дәуiр болған. Бiрақ сол ұзақ дәуiрде ақын неше саты мектептен, неше дүркiй дайындықтан шынығып өтедi. Сонда айтыстың, кейiнгi жырларына ақындық түр, нәр беретiн екi жағы бар едi. Бiр жағы — жақсылықты (яғни ақынның өзi жақсы деп сүйген, сүйсiнгенiн) шаттана шалқып, көрiктеп, айшықтай жырлайтын жағы. Екiншi жағы — ақынның жек көргенiн, жиренгенiн құнарсыз бiлiп, аластағанын жерлей, кiнәләй, ажуалап, масқаралай жырлайтын жағы болатын. Бұл сөздiң алғашқысының мысалын Жамбыл Құлмамбетпен айтысқанда былай түйiп тастайлы.

Берекелi елдi айтам,
Ел тұтқасы ердi айтам.
Басымнан сөз асырман!—

дейдi. Екiншi түрлi жырды 1913 жылы, «Өстепке» деген өлеңде болыстарға айтқан:

Ұлық көрсен ұйлығып,
Желдi күнгi қамыстай,
Жапырылып нiлдiң...
...Шұлғымаймын сендерше,
Керегi жоқ сыйыңның,
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңiме-ақ сыйыңдым!—

деген соншалық еңсесi биiк, арлы сыншы, ашулы сөзiнен байқауға болады. Әрине Жамбыл бұл сапалы санаға

бұрынғы күннің өзінде де бірден жеткен жоқ. Халық ақыны Жамбыл ел өнерінің бөлеуінде, алтын бесігінде өскен. Әсіресе ел бұлағының қайнар бір көзінен, мөлдір бір тасқынынан туған. Осы орайда Жамбылдың алдындағы ақындарын, тұстас, тұрғылас ақындарын еске ала кету шарт. Алдыңғыдан Жамбылға ең жақын ақын Сүйінбай болса, ол туралы Жамбыл:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл күйындай,—

деген. Бірақ Жәкен бір Сүйінбайдан ғана оқып қоймаған. Қазақта бұл өңірде сол тұста атақты, дәулескер ақыннан: Мәйкөт ақын, Жалайыр Қабан ақын, Бақтыбай ақын, Құланаяқ Құлмамбеттер бар. Сүйінбай бастаған осы үш-төрт-бес ақынның және кейін Жамбылдың да, бәрінің де қырғыздың халық поэзиясымен көп жақындығы бар болатын. Ал, қырғызда бұл тұста атақты манасшы дастаншы, даңғыл жомақшы мен жыршыдан Балық, Тыныбектер, Қалығұл, Қатаған, Арыстанбек, Найманбайлар бар. Және Жамбыл тұрғылас Қалмырза, Шойке, Сағымбай, Қара Ыршы (Жақшылық) сияқты нелер ірі, ақпа-төкпе ақындар бар-ды. Сүйінбай, Жамбыл осылардың арғы-бергісінің бәрін жақсы біліп, көбімен қатар жырласып жүрген. Бұлар халық өнер дәстүрінен үлгі алғанда қазақ, қырғыздың қатар қазынасынан бірдей үйреніп өскен. Жапсарлас екі туысқан ел арасында өскендіктен екі енегс тел төлдей, екі бірдей халық анаға — тел ақындар болады. Ал қазақтағы Жамбылдың өзі тұстас ақынның осы Жетісуда, әсіресе, Үйсін ішінде болғандарын алсақ та талай саңлақтар шығады. Дулатта Жамбылдан жасы үлкенірек Сарбас, Албанда — Құлмамбет, Қалабай, дәл тұстасы — Ыстыдан шыққан Қуандық, Қораластан шыққан — Қожантай, Жалайыр — Досмағамбет, Тілеуқабылдан — Әмір ақындар бар. Осының бәрі де атақты жыршылар болған. Бұл саналған екінші буын бір топтан басқа Жамбылдың, өз елі Шапраштыдан шыққан, оның ішінде бергі атасы Екейден шыққан ақын саны, әсіресе мол болады.

Екейде елу ақын, сексен бақсы,
Айқымда алпыс ақын, тоқсан бақсы...—

дейтін Шыбыл шал айтқан әзіл өлең бар. Немесе бертін келе тағы қосқан:

Екейде елу бақсы, сексен ақын
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын,
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қакқандай кешке жақын,

дейтін шақпа, ажуа сөздер ақын мен ақындықтың молдығының куәсі. Сүйінбайдан бері қарай созылған, Жамбыл айналасына келгенде, әсіресе, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлең бар. Сол көп ақынның ішінде толып жатқан қыз-келіншек ақындар өзі бір алуан. Ал, әйел ақынның бар қазақтағы меншікті жанры айтыс болатын. Ол да жасынан бері қарай Жамбыл қаржасып өскен ортаның айтысы мол болғанын аңғартады. Ертеде Сүйінбаймен ұлаңғайыр айтысқа түскен Күнбала, Жамбылмен айтысатын Айкүміс, Сайқал қыз, Бөлектің қызы -- бәрі да айтыста сан ақыннан, сан топта озып, жүлде алып жүрген ақын әйелдер. Өз маңайындағы көп ақын ішінде Жамбылдың қызыға кәдірлейтін ақындары Қисыбай мен өз құрдасы Тілеміс сияқтылар да болған.

Біз әлі Жәкеңнің ақындық өмірін, әсіресе ақындық ерекшелік сыр-сымбатын жете білгеміз жоқ. Аз білеміз. Өйткені, революциядан бұрынғы ұзақ өмірінің мол ақындық мұралары бізге жетпей, көбінше жиыла алмай отыр. Осы жөнінде соңғы жылдар ішінде Жамбылдың ескі өлеңдерін көп жазып алып, бағалы еңбек сіңірген әдеби хатшысы Ғали Ормановтан басқа тағы бір зор еңбек еткен кісі жазушы-ақын және Қазақ академиясының ғылыми қызметкері Сапарғали Бегалин. Біз жаңағы келтірген мысалдардың көбін, дәл деректің бәрін қазір сол Сапарғали Бегалин жиған материалдардан алып отырмыз. Бегалин, жаңағы біз санап өткен, Жамбылдың алды-артындағы ақындардың көпшілігі, айтыс ақыны болумен қатар, ірі дастаншы, төкпе ақындар болғанын да айтады. Жамбылда да осындай екі жақты, екі алуан қасиет толық болған. Бұ да кейін социализм дәуірінің ірі қайраткерлері туралы әсем дастандар толғайтын Жамбылдың, бір алуан ақынның әзірлігіндей.

Ал, жалпы айтысты алсақ бүгінде Совет Одағында

үш елде толық сақталғанын көреміз. Ол — қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдері. Қазақ ішінде әсіресе бұрынғы ұлы жүз аталған бөлімінде және Сыр бойының елдерінде нағыз көп айтылған, көпшілік айтатын фольклор түрі көп, толық сақталған. Жамбылдың өзі жүрген ел ортасын аңғарсақ, онда жүздегі Жамбылдан бері қарай, бар буынның ақындары бар. Ең соңы жңырмаға жаңа жеткен, қыз-жігіттің арасынан шығып отырған, айтысқа жүйрік жастар бүгінге шейін әр колхоз, әр ауданнан табылады. Қырғыз, қарақалпақта да айтыс үлгісі осы күйде. Бірақ осы айтқандарға қарап жалпы айтыс өнері ерте күннен де тек осы үш елдің ғана өнері еді десек, адасамыз. Анығында бұл түр дүние жүзі әдебиетінің әр дәуірінде, әр алуан елдерде болып өткен. Әсіресе қазақта «суырып-салма» акын, ақпа акын дейтін шапшаң айтқыш ақындар орта ғасырда шығыс, батыстың көп елдерінде, орыс халқының ескілігінде де болғанын көреміз. «Импровизатор» дейтін атауымыздың өзі де солардан қалған. Осылардың арасынан айтыстың дәл өзін ұстанған — арабта мұғаллақаттауды тудырушылар бір алуан. Ал, батыста келттің фильдері, терістік Франциядағы — труверлер, орталық Европадағы мейстерзингерлер, орыста кейде скоморохтар, Скандинавия елдерінде болған эддаларды жырлайтын скальдылар — көбінше айтысқа жүйрік ақындар екенін, орыстың атақты ғалымы академик А. Н. Веселовский баяндайды. Дәл осы топтың қатарында мейстерзингерлер, кей дәуірлерде, шеркеу ішінде дін тақырыбына арнап талай айтыстар жасаған. Бұнысы Шөже мен Кемпірбай айтысында бізде де айқын көрінеді. Әуелі әлемнің, адамның, жаратылыстың жұмбақ-сұрақ етісіп кеп, артынан Шөже «уаттури уэззәйтунн» деген аяттың мағынасын шеш деп Кемпірбайға сын қояды да, Кемпірбайды соны шеше алмағандықтан жеңеді.

Қазақтың айтыс ақыны мен дастаншы жырау ақындарының арасындағы айырмасы аз болатын. Өйткені үлкен жырау айтысқа да жүйрік келеді. Найман ішіне келіп бір күнде он жеті ақынмен айтысқан Жанақ сол жолдың өзінде «Қозы Көрпеш — Баянды» жаңадан, тыңпан жырлап шыққаны көпке мәлім. Ал айтыстың Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл сияқты ірі ақындары, екінші жағынан, ірі дастаншы ақындар болғаны да мәлім. Сөйтіп, ақпа ақындар өнері шын талантты жыршының тұсында,

сол дәуірдегі неше алуан көрікті өрнектер туғыза алатынын көреміз. Жалпы алғанда, ақпа ақындар дүниелік ең ірі эпосты туғызушылар болады. Жәкеңдер өнерінің бір қанаты сол сыпатты болатын. Дүние жүзі әдебиетінде көне гректің өздеріндей, немесе Европадағы труверлер, филльдер, мейстерзингерлердей елінің эпосын да, айтысын да туғызған. Сондықтан да одақ елдерінің ішінен шыққан, ең алғаш өз көзі көрген ақпа ақын Сүлеймен Стальскийді тыңдаған жерде А. М. Горький: «Біздің заманымыздың Гомері осы» деген. Сондағы Гомер деп атандырғанының ішіне Жамбыл толық қосылатынында дау жоқ.

Міні, сол Гомерлердің бір тобының еңбегінен Илиада, Роланд жыры, Эдда, Калевала, «Алпамыстар», Кольцо Нибилунгов, Илья Муромец, Скандинавия елдерінің сағалары туса, орыс халқының тарихи жыры, асыл қазынасы «Игорь полкы туралы сөз» де туған. Тағы бірлері сол дастандарды ауызша жырлап таратып, халыққа тәрбие-тәлім беретін өнер таратқан. Көркем қазынаны сақтап, сақтатып, буыннан буынға өнеге қалдырып отырған. Жә, сол неше ғасыр, неше халықтардың неше алуан боп аталған ақындары ауызша жырлағанда непі жырлаған? Ең алдымен олар ер қайратын, ел азаматын қадыр тұтып жырлаған. Ел ауыртпалығын, ерлік қаспегіні, қызық бақыт елесін, арыдағы арманын, заманына айтқан сын назын, паразылығын жырлаған. Жарыса жырлаған. Бірінен-бірі асу үшін өнер шеберлеп, ауызша жырдың көркемдігін асыруға тырысқан. Білімге жүйріктік, тапқырлық, жүйеге жүйріктік, сөзге байлық, үлгілі білістік, өлең шеберлігі — бәрі де жарыстарының өрісі болған. Міні, сондай көп ақын, бірақ атсыз ақындардың ертелі-соңды өткен ата, бала, немере буындары дүниеге, тарихқа ұлы жырлар қалдырған. Біздің Жамбыл да солардың алдыңғы қатарындағы бір буын, бір тұрғы ерекше ақын еді. Бұ да өзінің «Өтегені», «Саурық», «Сұраншысы», өзі айтқан «Көроғлысы», «Манасы», «Шорасымен» атсыз ақын болып кеткен болар еді. Бұған ат берген қартайған шағы, сол шағында оны жетістірген заманы — социализм заманы. Екінші бір ырысы — бұның халқында сол ауызша ақын өнері соңғы заманға шейін өшкен жоқ еді, дәстүрі жойылмаған, тозбаған еді. Әсіресе Ұлы жүзде солай еді. Жамбылды сол халқы, сол ортасы кішкентай бала күнінен тәрбие-

леді. Тегінде айтыстың ауыр түрімен қатар оңай түрі де бар, ол «қайым» айтыс. Бұл айтысты жаңа үйрене бастағандарға, жастарға арналатын түрі. Ол бастауыш түр болса, содан әрі ауыр түрі шығады. Ақын Нұрпейіс картпен айтыс жөнінде сөйлескен әңгімелерінде Есмағамбет бұрынғы ақындар ұғымынша «түре айтыс», «сүре айтыс» деген оңай, қиын екі түрлі айтыс барын баяндайды. Жамбыл да сол қайым айтыстан, яки Нұрпейіс айтқан түре айтыстан бастап, сүре айтысқа шейін өсті.

Сонда, бірақ Жамбылдың тобынан өзгеше даралық бір сипаты бар. Социализм дәуірінің ақыны болатын Жамбылдың ішкі сыры, нәрі сонда. Осыны ұғыну үшін Жамбылдың айтыстарын еске алу керек.

Ол Құлмамбетті немен жеңеді, Сарбасты неден жеңеді. Досмағамбетті немен тоқыратады, аяқталмай қалған, Шашубаймен айтыста немен күшті?

Құлмамбет Жамбылға соқтыққанда:

Болғанда жол ағадан, тон жағадан,
Арлан бөрі соғады тау сағадан,—

деп, қара борандатып кеп, Албанның көптігі мен байлығын айтады. Жамбыл соған орай өзінің халық мұңшысы екенін танытып:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап шалықпай жөніңе қайт,—

деп бір тойтарыс береді де, өзінің арманы не екенін танытады.

Берекелі елді айтам.
Ел тұтқасы ерді айтам,
Басымнан сөз асырман,—

дейді. Осыдан кейін Жамбыл халыққа қадырлы асыл азаматы боп, заманының зор адамдары боп батырлардан шыққан саналы ерлер — Сұраншы, Саурықты жырт етеді. Бірақ Құлмамбет бұған тоқтамай, тағы да байлығын айтып кеп, оның үстіне Саурық пен Сұраншының өлімі арқылы Жамбылды табалағысы келеді:

Секендеген серкенің ажалы деп,
Саурық пенен Сұраншың жаудан өлген,—

дейді.

Айтыста жеңу мен жеңілу өлең таппағыннан тумайды, жүйеге, жолға жеңілуден болады. Құлмамбет жанағы сөзімен өз әкімін өзі айтып, сағағынан ілінеді, қазасына жетеді. Оның қазасы мен үкімін Жамбыл айтқанда, былайша тойтарып түйеді:

Батыр Саурық Сұраншы жаудан өлген,
Халқы үшін шәйіт болып жанын берген,
Елді қорғап өлгеннің арманы не,
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Қожалық қып кетті ме Мақсұт аған
Ағайынмен ұрысып даудан өлген.
Шапырашты Дулаттың бәрі куә,
Шытыр жеген өгіздей аунап өлген.
Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,
Төрт бұрышын төңіректің жалмап өлген,—

деп, Құлмамбеттің қанатын осылайша жүйеге жығып, қырқады. Сарбаспен айтысында Жамбыл екінші бір зор сапаға ауысады. Онда Жамбыл үш кезең жауап айтып, Домалақ, Сұраншы, Саурық үшеуі туралы үш тамаша дастан жырлап шығады. Ұзақ жауабын түйе келгенде:

Көп Дулаттың баласы,
Рас сенен аз едім.
Аз да болса батыр ем,
Топты жерге барғанда,
Саулап тұрған сөз едім.
Жаулы жерге барғанда,
Атамын деп оқталған,
Көк берен болат кез едім,—

деп, елдіктің ішінде елдік барын айтады. Сапалы елдік, қор боп кешкен көптік пен барлықтан, намысты, қасиетті болған аздықты артық дегізеді. Бұл ақынды да Жамбыл жеңгенде арманы зор, алысты көретін қасиетті адамгершілікпен, зор халықшылдық қасиетпен женеді. Бұны да жүйеге жеңеді. Және сонымен қатар білімге де жеңеді. Ақындық сынының бір қанаты білімділік. Бұл жерде Жамбыл сол сапасымен де озып, ағалап шығады. Ол көп алдыңғы ірі ақындардың сүре айтыстардағы ірі дәстүрі еді. Сол өнерін Досмағамбетпен айтысқанда Жамбыл және де ағыл-тегіл төге көрсетеді.

Пірім бар жыр нөсерін аспанға атқан,
Сұңқардай саңқылдаған ер Сүйінбай,—

деп бір кетіп, өзге де өзінен бұрын өткен ірі ақындардың аттарын атап кеп, солардың ішіндегі өнерпаздарын санайды.

Ілгері Шөже, Балта заманда өткен,
Асекең, Бұқар жырау арманда өткен,
Солардың әруағы маған қонып,
Ел мұңын жырмен төгіп нәсерлеткем!—

деп өзінің ел мүддесінің, елдік мұратының жолындағы ерекше саналы ақын екенін танытады. Досмағамбет молда ақын еді. Оның сол молдалығын Жамбыл халықты қанағыштық, құлқыны жамандыққа сайып, мазақ етіп, жерлеп кетеді.

Молда емесің, сиқырсын,
Зікір айтып зарлаған,
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаған.
Шарғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған,
Кедей өлсе үйіне,
Күіреніп бармаған.
Аттана шауып бай өлсе,
Қирағаттап құранды,
Күні-түні сарнаған,—

деп, құнарсыз молдалыққа жалғасқан, нәрсіз ақындық сныр жорғалықты қабат түйреп, төңкеріп кетеді.

Міне осы айтыстарының бәрінде де, Жамбылдың айтқыш ақындығынан басқа, азаматтық сапасы да бөлек жатады, өзге татымсызды мақтағыш, ол арман етпейтін ақындардан нығы асып, өктем шығып отырады.

Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманың екінші жағы, өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төре-тілмашқа, болыс-биге ызалы, кекесінді болу. Құлмамбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағамбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландай сәудегерін Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрлы көрмейтіні сол.

Осындай, алысты арман еткен, өзгеше келешекті көксеген Жамбыл Октябрьге жетті. Лениннің ұлы тұлғасын алыстан таныды. Өзінің шығармаларында көне ақындық арманында аты белгісіз болып жүрген алыптарын, ұлы адам алыптарын көрді, көрді де жаңа туғандай жайнап қуанды.

Кейінгі Жамбыл айтатын көп өлеңнің болашақ сипаты айтыста жатады дедік. Ең әуелгі сипаты осы баяндаманың ең басында айтылған көрегендік пен сезгіштік. Жамбылда тез жер тану бар, дүниені қырағы алғыр көзбен лезде шолу бар. Социализм дүниесін де тарих тұрғысынан, өз өмірінің жүз жылдық тәжірибесінен, ой-қиялының даналық тұрғысынан қарап, Жамбыл тез сезініп, тез таныды. Содан ары, бұрын ер азаматтың асылып қуана жырлап, танымдыны, ардақтыны аспандатып шалқып жырлап, Құлмамбеттерді басатын, айтыстағы асқақ ырғағына басты. Өзіне қанық, анық, даңғыл түрді алды да, соған жаңа мазмұн, социалистік мазмұн, халықтық мазмұн қосты.

Тарихтардан, буындардан ұлы шындықты іздеген, халық арманының жыршысы ұлы шындықтың өзіне жеткенде, өзге ақындардан соны бұрын таныды. Шын шатықпен жырлады: Бұл алысы емес, жүрегіне жақыны еді, жатырқайтын, тосаңсितын бөтені емес, өзек жарған өзі еді. Жүрегінде осындай ұлына сақтаған асыл сөз, кезегін күтіп, кесек гауһардай көптен ұялап, орнап жатыр еді. Сол жырлар, соны жырлар гауһары аталды, ширатыла шалқып енді шықты. Енді Өтегенді, Сұраншы, Көроғлыны бейнелеп жырлап жүрген асқақ әсем жыр бұрынғысынан да жайнай шығып, шарқ ұрды, шығанға шықты.

Кейін Ұлы Отан соғысы уақытында ел өлкесін қатер жаудан қорғап жатқан ер халқына, герой ұлдарына төкпе жырларын ескенде, Жамбыл тағы да сол өзінің шыншыл жүрегінен, халық жүрегінің соғуы мен толқуын тауып, әсем саз созды. Бұнда Жамбыл төкпе ақын, сүре айтыстың төкпе ақыны еді.

Осы соңғы дәуірдегі жырларының екінші саласы жауға арналған ащы зәрлі, ызалы мысқылды, жиреніш жыры болса, ол да бұрынғы айтыстан өз төркінін табады. «Шытыр жеген өгіздей аунап өлген» дейтін. Максұт тұрасындағы ызалы күлкі, кездейсоқ емес-ті. Жақсыны көксеумен қатар, жамандықты, зұлымдык, сорақылықты көргіш, сезгіш ақын, бұрын оларды үнемі әшкерелеп, жазалап жүрген. Бұнда Жамбыл түре айтыстың ақпа ақыны. Көреген, сезімтал, от ауызды айтқыш ақын. Ашуына, сынына кезіккен кісі ажалына кезіккендей болатын. Сол мінді көргіш, көргенін қолма-қол әшкере-

легіш, жерлегіш, сөзі шоқтай күйдіріп түсетін Жамбыл бұрын талай Мәңкедей болыстарды масқаралаған-ды.

Жаңғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді,
Екі арадан ептеп жерінде,
Көздерін қысып келеді.

Исадай паракор жеміт тілмаштарды да сау тастамаған.

Болысқа жолдас болды пәсір деген,
Жігітке жарамайды кесір деген,
Екейді қаңғып келіп, Шыбыл жейді,
Құдайдың уақыты шығар жесін деген,—

деп әшкерелейді.

Тағы бір кезекте, Меке жолында қасына еріп барған Тәйті өлгенде соның пұлын жеп қойған Шыбылдан шыққан Сауырбай қажыға:

Мекеге біреу барса, Шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң шығындарсын.
Кебінің өлгендердің жнып алып,
Барғанда қияметке шарылдарсын,—

деп әшекерелеген болатын. Сондағы турашыл, зілді, ашулы ызғарын Жамбыл кейінгі дәуірдегі халық жауына, ел, отан дұшпанына, немесе күндегі тірлік, күндегі құрылыс, болмыстағы үлкенді, кішілі зиянкеске, не тоғышар жарым естерге оп-оңай жұмсайды. Бұл жөнінде қалт еткен мінді, қылп еткізбей бас салып, сара тіліп, сорлатып шығаратын айтқыштық, қазақтың Жамбыл алуандас ақындарында аса көп болған. Дәл Жамбылдың замандас, үзеңгілес ақындарының өзінің ішінде де осылай айтатын, талай ақты-бозды сан жүйрік айтқыштары көп болған-ды. Жамбыл олардың көбімен үнемі қағысумен, қаржасумен өскен.

Жамбыл ақпа-төкпе ақын еді. Төкпелік ұзақ сүре үлкен толғауда шығып кетеді. Онысы бұрын бірде Өтегендей, Сұраншыдай үлкен эпос туғызып отырса, бірде дәл келелі сүре айтыстың өзінің үстінде Құлмамбет, Сарбасқа, Сұраншы тарихын поэма еткізгендей ұзақ сүре өңгіменің жыр желісін тапқызып кетеді. Кейде ескі труверлер үлгісінде — Домалақ дастанындай, тамаша көркем (Сарбаспен айтысында) аңыз поэманы толғап

кетеді. Кейде сол сүре айтыста Досмағамбетке айтқандай дін үгітшілеріне қарсы күлдіргі мысқыл әңгіме тізіп, соған төкпелеп кетеді. Сүре айтыста бұл кезекте Жамбыл Европада болған «Фабль» үлгісін туғызып өтеді. Шашубаймен айтысында Байбұлан туралы мысқыл әжуаның төбедең түскен жәйдай жәйратқыш бір отын атады. Бұндағы Жамбыл гротеск, шарж, мысқылдың неше атасын тапқандай. Қадалған жерінен қаң алмайды, жан алады. Мазағына ілінгеннің басына қарай қаптағанда, қатты соққан күйындай, үзігін, туырлығын желпілдете түңлік ұшыра соқтығып, ыршытып түсіреді. Оқтай өтімді күлкі табады. Бұл ретте әр теңеуінің өзі, жай ақынның жайшылықта күн толғанса таппайтын, аузына түспейтін дөп теңеулер болады. Сондай ызалы сайқы мазақта, ажуада, мысқыл, қалжында Жамбыл тапқырлығы елден ерек. Жамбыл «Өлең не күлдірмесе, не жылатпаса — өлең емес, нәрсіз сөз, зәрсіз оқ есепті» дейтін. Сол сипатының бәрі Жамбылдың өзінде бар еді. Жамбыл суретші болса шарждың, пьеса жазушысы болса комедияның, гротесктің барып тұрған шебері болар еді.

Жамбылды білген кісінің бәрі байқаған бір ерекше өнері кешегі, бергі күнге шейін өле-өлгенше Жамбыл ақындығының бір зор айқын сипаты болып, үнемі ере келді. Ол шапшаң айтып тастайтын, тез көретін, ақпа ақындығына қосымша өзгеше бір өткір әзіл айтқыштық еді. Соңғы кезге шейін қасындағы жақын адамдарына, үй іші, үстел айналасында, от басында отырып айтып тастайтын әзіл-қалжындарының өзі де Жамбылдың үлкен ақындығын танытады. Ақпа ақын кейде өлеңмен, кейде жай сөзбен не өзі туралы, не өзі тәуір көрген ақындары туралы мысқыл айтатын.

Өзінің қартайғанын өзі қалжың етіп:

Сақалым темір күрек борға малған
Селеудей шашым селдір зорға қалған,
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Көрілік немді қойды қорламаған,—

дейді. Осындай әзілді іні ақындарына да жиі айтады. Жәкеңнің жаратылысын тану үшін ол сөздер кейінгіге аса керек, қымбат бұйымдар болғандықтан, кейбір ақын інілеріне, жақын жандарына Жамбыл айтқан мысқыл қалжындарын еске алайық.

Мысалы Өмірзаққа бір күні Жәкен: «Тасқа жусаған тау текенің сақалындай, немене сақалың шошандап кеткен»,— дейді. Тағы бір кезекте «Басын ұнға тыққан қара мысық сияқты бопсың»,— дейді. Қененге шашы ағара бастағанда: «Басың немене тұз түйген келсаптың басындай боз ала боп кеткен»,— дейді. Есдәулет ақынға: «Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркіті құсап, қопайып қайдан келдің?»— дейді. Орынбайға: «Бұрын да дауысты емес едің, тап тауқұдырет сияқты болыпсың ғой»,— дейді. Әрі ақын, әрі балуан Мақыш, демін аузынан алады, зор денелі кісі, соған: «Көкпек жеген түйе сияқты демін аузынан алған неме»,— дейді. Жартыбай ақын туралы: «Суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық»,— деп бір айтса, тағы бір кезекте: «Асыранды жапалақ сияқты»,— дейді. «Кейде жау жапырақ сияқты қалтырап тұрады»,— дейді. Шыныбай деген жігітке: «Қисық өскен картошка сияқты»,— дейді. Өз баласы Аққұлыға: «Іңірде ұшқан қара қоңызға ұқсап дарылдаған неме!»— дейді. Ағайыны Әбіл деген жігітке жылмаң мінезі үшін: «Судағы май қоңызға ұқсап жылпылдаған жігіт»,— дейді.

Міні осы алуандас мысқыл қалжындарды Жамбыл інілеріне, тіпті келіндеріне шейін де түгел айтып отырған. Бұларының бәрінің өзгеше ерекшелігі құр күлдіргілігінде емес, құр ғана шапшаң байқағыш, көргіш, лезде айтқыш ақпалығында емес. Соның бәрін көрсете, таныта отыра осы қалжындарының өзі де, бізге ерен шебер ақынды танытады. Ақындық теңеу тілімен сөйлейді, ұғым тілімен сөйлеуді екінің бірі біледі, бірақ оны келістіріп айтқан күнде де ақындық демейміз, шешендік дейміз. Тек шын ақындық қана көңілге қона кететін теңеу, бейнелеумен сөйлейді. Айтқанының, ұқсатқанының дәлдігінен, қашып құтыла алмайсың, жалтара алмайсың, тап басады. Ол ақындық үлкен жырда бір танылса, бір-ақ ауыз өлеңмен де солай танылады. Біз көріп жүрген ақындарымыздың ішінде дәл осы жөнде Жамбылдың теңдесі жоқ болатын. Түре айтыста балта сабы жерден «ұрып таста» дегендей дүрсе қоя беретін тапқыр кәрі тарлан елден ерек шығатын. Кейде білімді үнем созарлықпен, азаматтық зор саналы арманмен озып отырса, кейде, кейбір қарсыласын лезде мінін тауып, осылайша тобыққа ұрып, талмау жерден бір-ақ қағып, түсірін кетіп тарта беретін.

Жамбыл ақындығының бұл қасиеті де, теңеп айтқыштық сипатымен, ақынның кейінгі ұлы жырларына ерекше зор көркемдік қосқан. Естен кетпестей әсем айшық бітіріп отырған. Айтыста кейде мысқыл ажуаға келгенде, аузына шапшаң оралатын тапқыр теңеулер, бергі, ескек, терең жырларында ұлы адамның кеменгер дана бейнесін сүйсіне жырлағанда да, иелер көрікті теңеулер туғызады. Тенеулері ұзақ толғап кеткен жырының өзінде де тауды, теңізді, күнді, айды, барша әлемді лезде кездіріп шығады. Ешбір ақын айтып көрмегендей сөз маржандарын, маржандары емес, меруерттерін тез тізеді. Осында, әрі ауызша шапшаң айтып, әрі ұзақ төкпе жыр қып ең жауапты тақырыпты оңай айтып отырған Жамбылды көреміз. Ерекше шабытымен, дарыны бар алып ақын, бұрынғы ақпа ақыннан, айтыс ақындығынан ала келген, төселген шеберлігін көсілте сермен отыр.

Міні айтыс өнерінің ақты-бозды жүйірігі, ұлы одақтың кәрі, жасы, бар буынын, бар оқушы, тыңдаушысын ұйытқан ұлы өнерінің желісіп, солайша арыдан тартып келген-ді. Үлгісімен мектебі алыстан, халықтан, халықтық қалың қазынадап. Сол шыныққан шеберлігіне сай шабыт пен нәрді, мазмұн, маңызды — ұлы дәуірі — социализм дәуірінен алады. Халық даналығы, шынайы халық бағы орнаған шақта, осылайша шарықтап, әлемге әйгіленгенде осылайша әйгіленген болатын.

1946

ЕРТЕГІЛЕР

Қай елдің ауызша әдебиет шығармаларын алсақ та, барлығында ертегі халықтық шығармалардың мол саласы екенін көреміз. Сол барлық елдер фольклорында «ертегі» деген атау әрі саны мол, әрі алуаны көп шығармалардың тобына арналған жиішекті атау болады. Жалпы барлық ертегілерге ортақ ерекшелік: бұлар қара сөзбен айтылатын оқиғалы, көркем әңгіме. Ғажайып хал, княл әңгімелер түрінде, немесе орасан оқиғалы қызғылықты әңгімелер ретінде құрылған ертегінің бәрі де негізінде шаруа кәсіппен, қоғамдық құрылыс тартыстармен, тарихпен байланысты боп келеді. Осы аталған қыз-

ғылықты әңгіменің бәр-бәрі де ертегінің түрлеріне қосылады.

Сондай көп алуандас тақырыптардан құрылатын ертегілік қор — советтік фольклористика ғылымының түгел шолып, зерттейтін бұйымдары. Орыстың ұлы революционер-демократтары айтқан, халық шығармалары жөніндегі пікірлерді еске алсақ, Белинский сол шығармалардан халықтық көзқарасты айыра білу керек, халық шығармасы «Халық жанының айнасы» — деген. Сонымен қатар Белинский халық шығармасынан тарихтық жайды аңдау керек екендігін, халық поэзиясында қоғамдық тартыстың сәулесі барлығын, онан соң, көркем әдебиетті туғызушы және сақтаушы да халықтың өзі екенін айтқан болатын.

Добролюбов та ертегілер жайын сөз қылғанда ең алдымен, сол ертегілердің халық ортасында сақталу, айтылу жағдайларын сипаттау керек, дейді. Сонымен қатар, ертегіге халықтың өзінің бейілі қандай екенін ашуды шарт етеді. Добролюбов: «Ертегі — бізге ең алдымен халықты мінездейтін материал есебінде қажет» деген.

Қазақ ертегілерінің жеке түрлерін тексеруден бұрын бұл уақытқа шейін сол қазақ ертегісін зерттеуде істелген еңбектер жайын қысқаша шолып өту қажет. Жалпы алғанда қазақ ертегілері, негізінде орыс оқымыстыларының еңбегімен жиналып зерттеле бастайды. Бұл жай, әсіресе, өткен ғасырдағы және XX ғасыр басындағы революциядан бұрынғы жайларды еске алсақ, әсіресе айқын көрінеді.

Қазақ ертегісін зерттеу жұмысының басы сол ертегілерді жинап жариялаудан басталады. Бұл жөнде бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін қазақ айтушылардың аузынан қазақша жазып алып, жинап бастырған. Ал тағы бір топ зерттеушілер қазақ ертегілерін орысшаға аударып, орыс тілінде жариялайды. Алғашқы түрде еңбек еткендер — В. В. Радлов, И. Н. Березин, А. А. Диваев сияқты кісілер. Екінші түрде орыс тілінде қазақ ертегілерін, аңыздарын мол жариялаған адамдар — Алекторов, Г. Н. Потанин, А. А. Диваев және басқа бірнеше жинаушылар бар. Орыс тіліне аударып, қазақ ертегілерін, аңыздарын көп таратқан бірталай баспа орындары да бар: «Акмолинские обл. Ведомости», «Оренбургский листок», «Особое добавление к областным Ведомостям», «Киргизская степная газета», «Тургайская

газета», «Туркестанские Ведомости», «Астраханский вестник», «Русские Ведомости», «Тургайские обл. Ведомости», «Оренбургский губ. Ведомости», «Волжский вестник», «Этнографические материалы (Средняя Азия)» дегендер сияқты орыс тілінде шығатын көп кезекті баспасөз беттерінде, орыс оқымыстылары мен қазақ зерттеушілерінің жинаған көп ертеқ, аңыздары басылған. Ертегілердің өз үлгілерін жариялаумен қатар Шоқан, Радлов, Потанин, Алекторов сияқты адамдардың сол қазақ ертегілері туралы айтқан азын-аулақ үзінді пікірлері де бар. Мысалы, Шоқан қазақ ертегілерінің көпшілігінде Афанасьев жариялаған орыс ертегісіне ұқсас әңгімелер көп екенін айтады. Бұл пікірді Алекторов та қостайды. Ол қазақ ертегілерінің көбінде солтүстік елдер ертегісімен және кейбір Шығыс елдерінің ертегілерімен ұқсастық бар екенін айтады ¹.

Радлов XIX ғасырдың бойында бұның алдында Шоқан Уәлиханов дұрыс байқап қатты наразылықпен айтқан бір жайды дұрыс дәлелдеп сөйлейді. Ш. Уәлиханов татар молдаларының қазақ ортасынан діншілдік, фанатиктік исламшыл аңыз, қиссаларды көп жинағанын қатал сынаған еді.

Радлов өзі жиған, қазақ ортасына жайылған ислам дінімен жалғас тарап жүрген ертегілік аңыздарды бастырып жариялайды және солардың ішінде «Кітап өлең» деген бөлімде қазақтың халықтық шығармаларына араласа тарай бастаған «Жұм-Жұма» сияқты әңгімелерді XIX ғасырдың соңғы дәуірлеріндегі жасанды жаңалықтар есебінде сынайды.

Жалпы революциядан бұрын қазақ ертегілерін жинап жариялаушылар арасында ғылымдық жолмен еңбек етіп зерттеуші — сол академик В. В. Радлов болған. Оның жазып алған ертегілері (кейбір жерлерде Радловтың қазақша сөйлесуге жатық болмағандығынан жаңылыс түскенімен) ертеқшінің өз тілін бар ерекшелігімен, өте дәл береді. Бұған кездескен ертегішілер өзгеше айтқыр, тілі бай, анық өнерлі ертегішілердің өзі тәрізді. Олардың айтуында ертегінің дағдылы бастамалары, аяқтауы, ертегінің өзіне лайық тілі, әрбір орынды жерлерде қолданылатын мерзімді ертегілік сөйлемдер және айшықты, орамды сөз құрамдары ұдайы кездесіп отырады. Қысқасы,

¹ Алекторов. «Астраханский вестник», 1893, № 1253. 1281.

ертегінің әрбір айтушыға байланысты жекешелік түр, тіл жаңалықтары да және осы алуандас халық ауыз әдебиетінің көркемдік түр, стиль өзгешелігі де, бұл айтушылардың айтуынан және Радловтың ғылымдық, ұқыптылықпен дәл түсіріп жазып алуынан аса айқын байқалады.

Осылайша өзі естіп, өзі көрген, жазып алған тіл деректеріне қарап Радлов қазақ халқының тіл өнері жөнінде тұтас пікір айтады. «Өзге туыстас елдерінен қазақтың ерекшелігі — сөз орамына шебер және тамаша шешен» деген. Бірақ өзге қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жазғанда қолданған әдеті бойынша өткен ғасырдағы буржуазиялық фольклористиканың дағдысына түсіп, Радлов өзіне ертегі айтып берген адамдардың аттарын, жөндерін жазбайды. Олар жайын елемей, атамай өтеді.

Бұл тұста Радлов, халықтық ауызша шығарма, атсыз ақындар, айтушылар таратып жүретін көптік шығарма деген түсінікті буржуазиялық фольклористиканың үстірт теріс түсінігін қолдайды. Халық ауыз әдебиеті коллективтік түрде туып сақталумен қатар жеке халық өнерпаздарының қатынасуы мен творчестволық араласуы сияқты туып, дамытынын аңдамаған. Ал Г. Н. Потанин қазақтың ертегі мен аңыздарын жинап, орыс тіліне аударып бастыруда Радловтан басқаша әрекет етеді¹. Ол көбінесе өзіне белгілі ертегі, аңыз-әңгімелерді айтып берген адамдардың аттарын, тұрған болыстарын, ауылдарын атап отырады.

XIX ғасырдың 90-шы жылдарында және XX ғасырдың бас кездерінде қазақ ертегілерін жоғарыда аталған — орысша кезекті баспасөз беттерінде жариялаушы Алекторов сияқты оқымыстылардың көпшілігі де өздеріне ертегі айтып берген адамдардың аты-жөнін, тұрған жайын атап отырады.

Қазақ ертегісінің, өзге халықтық ауыз әдебиет үлгілеріндей ең мол жайылып, ретті түрде жазылып, топталып зерттелуі және жариялану кезі Ұлы Октябрь революциясынан кейін ерекше үдеп дами түсті. Бұл жөнде қазақ ертегілерінің аса көп түрлері арнаулы экспедициялар еңбегімен көп жылдар бойында Қазақстанның көп-көп өлкелерінен жазылып жиналумен келеді. Қазақстан Ғылым академиясының Тіл мен Әдебиет институты талабымен

¹ Г. Н. Потанин. Приложение к жур. «Живая старина» 1916 г.

жиналған ертегілердің саны қазір әлденеше жүзден асты. Социалистік мәдениет дәуірінде қазақ халқының өзге барлық одақтағы туыскан елдердің қазыналарындай қымбатты бұйымдары, ауыз әдебиет үлгілері, ұлы орыс халқының тілінде жиі жарияланып келеді. Москвадағы баспа орындарының еңбегі бойынша қазақ ертегілерінің бір тобы қазақ әдебиетінің антологиясы ішінде жарияланды. Тағы бір топ қазақ ертегілері орыс тілінде жеке-ше кітап боп Москвада¹ және Алматыда² жарияланды.

Қазақ ертегілерінің орыс тіліне аударылған мол бір тобы 1952 жылы Москвада профессор Сидельников³ басқаруымен және де басылып шықты. Қазақ тілінде мектеп оқу құралдарының барлығында да, көп жылдардан бері халық ертегілерінің әр алуан үлгілері жарияланып, зерттеліп оқылып келеді. Бірақ осы соңғы жаймен байланысты, айрықша атап өтетін елеулі кемшілік, орасан қателіктер болғанын да әдейілеп атап айту қажет.

Қазақ ертегілерін зерттеуде, жинап, топтап жариялауда үш түрлі ерекше қателіктер болған. Ең әуелі ертегілердің анық халықтық үлгілерінің өзін ғана іріктеп, талдап алып тексеру ісі ретке қойылмаған. Сондықтан халық ертегісінің қатарына халықтық санаға жат хандық-феодалдық салт-сананы, кейде, байшыл-ұлтшылдық сананы дәріптейтін және де халыққа қас ниетте болған хан тұқымдарын дәріптейтін ертегілер халық ертегісі қатарында талғаусыз, немесе буржуазиялық-ұлтшылдық ниетпен әдейілеп басылып жариялана берген. Екінші бір өрескел кемшілік — қазақ ертегілері қазақ халқының жалпы тарихынан бөлініп алынып, өз бетінде бір бөлек дүниедей жалпы қоғам тарихынан оқшауланып тексерілетін. Мәдениет — халықтың тарихымен бірге жасап, бірге өзгеріп отыратыны жөнінде айтқан ғылымдық ойлары бұл жөнінде ескерілмеген. Қазақ халқының жалпы тарихымен және әр дәуірлердегі тарихтық қоғамдық өзгерістермен байланыстыра тексермегендіктен, ертегілер тек жанр түрінде ғана топталып, жіктеліп, қоғам тарихынан тысқары, заманы жоқ беймезгіл бір туындылар есебінде, шалағай тексерілетін болған.

Бұл жөнде марксизм-ленинизм классиктерінің ғылым-

¹ «Қазахские народные сказки», Детгиз, 1951 г.

² «Қазахские сказки», Алма-ата, 1940 г.

³ «Қазахские народные сказки», Москва, 1952 г.

дық негізгі көзқарасы, фольклор әр дәуірде өзгеріп отыратын тап тартысының айнасы, айғағы дейтін ең өнімді жемісті ойлары тексерілмеген.

Үшінші зор қателік: ертегілер жөнінде Лениннің «Әрбір ұлт мәдениетінде екі мәдениет бар» деген қағидасы ескерілмеуі себепті халықтық ертегілердің негізгі үлкен өзгешелігі еленбеген. Ертегіні зерттеуде Энгельстің, Лениннің, Горькийдің айтқан басшылық пікірлері бойынша халық ертегісінің анық қоғамдық, саясаттық мәнін ашу қажет және әрбір нақтылы тарихтық-ұлттық жағдайдағы тарихтық ролін айқындап ашу қажет еді. Ертегіні зерттейтін ғылымның жүйелік негізі марксизм-ленинизм класиктерінің халық шығармасы, халық көркемөнері турасындағы ғылымнан туады. Ертегілер жөнінде В. И. Лениннің даңғыл пікірі бойынша: «ертегіні қоғамдық-саяси тұрғыдан қарап, халықтың арманы мен мүддесі тұрғысында зерттеу, жазу керек». Және де халықтық «ертегілер» халықтық шығарма Ленин пікірі бойынша: «Біздің уақытымызда халықтың психологиясын зерттеу үшін керек, қажет бұйымдар» деп бағаланады.

Осы айтылғанға сәйкес қазақ ертегісін дұрыс зерттеудің ғылымдық-жүйелік, идеялық-тарихтық бағыты айқындалады. Ленин айтқан мақсатпен зерттеу жүргізгенде халық ертегісінің мазмұнынан танылатын өзгеше қасиеттерін айрықша атап өту керек. Сонда ертегі әр заманның айғағы болғандықтан, онда білім берерлік, халықтық, өнерлік қасиеттер бар екенін алдын ала есте тұту шарт. «Сөз өнерінің басы фольклорда» деген Горькийдің айтқанын еске алсақ, ертегіде білімге жалғас өнер де, көркемдік те егіз сыңар болатынып аңғарамыз. Сонымен қатар, әсіресе, халық ертегісін зерттеудегі ең зор мақсат сол ертегілердің негізгі идеялық мазмұнын саралап, айқындап ашуда. Бұл жөнде ең алдымен, халық ертегісі, халықтың қанаушыларына қарсы, сол халықтың таптық жиренішін қалай көрсететінін ашу шарт. Халық санасындағы отаншылдық сезімді халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті оптимизмді және өз қуатының жеңгір қасиетіне сенгіштікті көрсететін барлық ерекшеліктерін айрықша бағалау қажет.

Марксизм-ленинизм негізіне құралған советтік фольклористиканың ең алдымен зерттейтін жайы — сол жаңағы сапалған салаларға арналады.

Халық шығармасы жөніндегі ғылымның методология-

сын дамытуда зор еңбек еткен А. М. Горькийдің ертегіге жапастыра айтқан біраз ойларын және де еске алу қажет. Бұл жөнінде Горькийдің аса маңызды пікірінің бірі — халық ертегісінің негізі еңбекке сүйенетіндігін ашадy. Әрекет, қимыл, тартыс үстіндегі адамның еңбегін қадірлеу халық ертегісінің ең зор қасиеті екенін айтып, Горький ғылымдық ойды тың соныға бастай түседі. Горький «поэзия, тілден туған көркем шығарма еңбек екінін қоздыра түседі»¹ деген. Осы еңбек жайын ертегілер ішінде, әсіресе, айқындап таныту үшін Горький және бір күрделі ой тартады. «Тек осы өз еңбегін поэзияға айналдыру сияқты бақытты өнер ғана баяғының жұпыны адамының екінші бір өрлей түскен өнерін өсіріп, болашағын болжауды да үйретті деп ойлауға болады. Бұл болжаудың аты — фантазия (киял) болатын».

Горький ертегі фольклорының қасиеттерін зор бағалау жолында адам бейнесінің сол ертегілерде әсіресе мол тұлғалы, келісті, кескінді болып қалыптасатынын айрықша атап өтеді. «Кейіпкерлердің ең терең, ең айқын және көркемдігі жағынан әбден жетілген түрлері — типтері фольклорда, еңбекші халықтың ауыз әдебиетінде жасалған. Геркулес Прометей, Микула Селянникович, Святогор сияқты толық бейнелерді онан кейін доктор Фауст, Василиса Премудрая және ісі оңына келе беретін аңқау Иван сияқты толық бейнелерді және де докторды, попты, полицейді, шайтанды, тіпті өлімді женетін Петрушка сияқты көркем бейнелерді жасауға халықтың ақыл-ойы, үлгі-тәжірибесі, сана-сезімі бірдей тегіс қатынасқан. Бұлай келуі фольклорды туғызушының болмысты жасауға, өмірді жаңғырту күресіне тікелей қатысы болғандықтан деп білу керек».

Міне қазақ ертегілерін зерттеуде негіз етіп алатын ғылымдық, идеялық бағыт осы аталған жайлардан құрала-тынын атап өтеміз. Осындай негізгі мәселелермен жалғыз Горькийдің: ертегіде және барлық басқа халықтық фольклорда еңбектің орны өзгеше екенін танытқаны қазақтың халық ертегілерін зерттеуде негізгі арқау есепті болу шарт еді. Горький: «Фольклор деген сөзбен халықтың еңбек тәжірибесінен туып дамыған барлық білімнің жиынын атаймыз. Ол білімдер, ұзақ ғасырлар бойында жасаған: малшылардың, аңшылардың, дихан-

¹ А. М. Горький. О литературе, 1937 г.

шылар мен ұсталардың, құмырашылардың, омарташылардың, балықшылардың, балташылардың және басқа талай бағзы замандардан бергі мәдениет негізін салушылардың еңбектерінен туған білімдер»,— дейді.

Міне қазақтың да халық ертегілерін зерттеп тексергенде ең алдымен еңбек иесі болған халықтың еңбек адамы турасында тудырған ертегілерін зерттеуді советтік фольклористика ғылымының ең қадірлі міндеті деп ғылымдық тексеру жасау қажет. Онан соң осы ертегілерді бір ғана дәуірдің туындысы есебінде түсінген бұрынғы теріс әдісті жойып, оның орнына қазақ ертегілерін өзге ауыз әдебиет үлгілеріндей, белгілі қоғамдық-тарихтық дәуірлерге бөліп, соларға байланыстырып, жалғастыра отырып тексеру қажет.

Осы ғылымдық бағыт бойынша біз қазақ халық ертегілерін де тарихтық үш үлкен дәуірге бөліп талдаймыз. Бұның бірінші дәуірі — есте жоқ ескі замандардан басталып, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейін созылған, Қазақстандағы феодализм дәуірімен байланысты ертегілер болады. Екінші топ ертегілер — 60-шы жылдардағы Россияда және сол Россияның бөлімі — Қазақстанда болған реформалардан соңғы тарихи дәуірдің шаруашылық-қоғамдық, тарихтық ерекшеліктерімен байланысты болған ертегілер тобы.

Үшінші топ социализм дәуірінің ертегілері есебінде топталып тексерілетін болады. Қазіргі ең алдымен зерттеліп талданатын бірінші дәуір — феодализм дәуірінің ертегілерін жалпы советтік фольклористика ғылымы қолданған методология бойынша, шартты түрде, үш салаға бөліп зерттеу жүргіземіз. Олар феодализм дәуіріндей: қиял-ғажайып ертегілері, хайуанат жайындағы ертегілер және салт ертегілері болады.

Қиял-ғажайып ертегілері

Бұл топқа қосылатын ертегілер көбінше көне замандар айғағы, барлық ертегілер тобының ішінде аса ескі заман ұғым-нанымдарын, тұрмыс-болмыстың ең көне түрлерін көрсететін әңгімелер. Бірақ туысында ерте замандар туындылары болғанымен, әрине, бергі кейінгі замандарда айтылу, қолданылу арқылы сол кейінгі соңғы замандар әсерлерін жұрнақ жұғындарында әңгімелік құрылысына, идеялық мазмұнына, тіл, түр ерекшелі-

гіне, соңғы үстемелер, қоспалар есебінде ілестіре жүрген ертегілер болады.

Бұл алуандас ертегілердің ең көне арғы түбі халықтың мифтік ұғым-нанымдарымен байланысты түрде туған. Дүниенің жаратылыс сыры; адам тұрмысымен, ертеде иланған көп құдайлары, қас ие, дос нелері жөнінде неше алуан бұлдыр-долбар сырлы қиял-ғажайып ұғым-нанымдар жасап алып, ерте күндегі халық соны дін және білім есебінде тұтынған. Табиғатты нақтылы, деректі білім ұғыммен баурап танып алғанша адам, ең болмаса қиялмен танып меңгеріп, табиғатқа өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Бұл турада К. Маркс айтуынша: «Әрбір мифология табиғат күштерін қиял бойынша жеңіп, бағындырып, дегеніне жүргізеді, сол қиял арқылы баурайды. Олай болса, сол табиғат күштерін анық шынымен жеңіп алған заманда ол мифология жоғалады»,— деген.

Қазақ халқының да жаңағыдай табиғат пен адамның шарпысу шартында туған қиялдық, мифтік түсініктері — сол ертегі, аңыз әңгімелер түрінде туып тараған. Ол ертегіге заманның білімімен жалғас ең алдымен қоғамдық тартысы да, күштісінен көпшілігінің көретін қиянат, зұлымдық-зорлығы да және халықтың әділет, арман туралы ұғым-нанымы да түгел жиіпалған. Сол күндегі адамның шама-шарқына қарай құралған, өзінше асыл қазынасы болған. Жаңағы аталған қиял тудырған көркем ұғым-нанымдардың өзінің де негізінде затты, тіршілікті, нақтылы болмыстың белгілі елесі, сәулесі болатынын және де есте тұту керек. Сол қиял-ғажайып ертегілерінің өзіндегі қиялын да А. М. Горький деректі затты болмыстан туған деп бағалайды.

Бұлай болғанда қиял-ғажайып ертегілеріндегі сол қиял тудырған образдардың өзі арқылы да халықтың еңбек пенен табиғат күштерін творчестволық түрде жеңбек болған қиялы көрінеді, арманы танылады деп ұғыну керек. Бұл жөнінде, адам баласының кейінгі дәуірлерде техника жөнінде тапқан сол техникалық прогрестің бірталайып, ертегінің қиял бейнелері, алдын ала болжап өтіп, бұлдыр түсте аңғартқандай болады.

Аяғына тас байлап жүгіріп, безінген киіктердің алдын орайтын желаяқ адам да осы тектен туған. Ер Төстікке серік болатын көреген батыр, естігіш батыр, таусоғар — бәрі де адамның сол бір ұлы армандарын білдіреді. Сыры жат табиғаттың, жер мен аспанның көзге

көрініп тұрған белгілі қабатынан өтіп: «ішін шарласам, сырын ақтарсам, бермесін алсам» деген ізденгіш, өршіл ойын танытады. Сондайлық алға бастар асыл тілекті жалпы адамзаттың тілегін іздетіп, ерді кездіріп отырған құр еріккеннің ермегі емес. Кейін адам қауымын нақтылы білімге, өнер табысқа, Горький атаған техникалық прогреске жеткізген ізденгіш ойдың түртініп, тімтініп жүрген ерте шағы сол қиял-ғажайып ертегілерінде туған. Ертегі осындай қазынаны сақтаған. Және сол талапқа беттеген ерлерді қатты мадақтаған. «Жүрген аяққа жөргем ілінеді» деп, сол сүйген жандарды қайтыс сапарда неғұрлым табысын мол етіп қайтарады. Жер астына түскен ер бірде алтын, гауһар күреп қайтса, тағы бірде ғажайып асыл ару құшып, мәңгі «мұрат-қасыл» етіп қайтады. Қиял ертегісі адамзат туралы, адам қуаты туралы қасиетті ой ойлаған шынайы үмітшіл әңгіме. Сондықтан ол өзінің еліне «іздесең — табасың, алыссаң — аласың» деумен қатар, жабайы жайын табиғатқа шұлғи берме дейді.

Табынып бағынып жүрсең де, дүниенің көп күшімен алысып-арпалыс дейді. «Жалынған бас қорғау емес, жағаласқан бас қорғау» дегенді жұмбақ табиғаттан қорқа жүріп-ақ адамзат ерте аңғарған.

Осындай совет фольклористикасының ғылымдық тірек ететін негізді көзқарастарын ескере отырып қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде қазақ халқы айтатын көне түрлерін айтсақ, бұлардың ең ескілері — аңшы-мергендер жайындағы ғажайып-қиял ертегері болу керек. Бұлар: «Еділ — Жайық»¹ («Құламерген»²), «Жерден шыққан Желім батыр»³, («Аламан мен Жоламан»⁴), «Күн астында Күнекей»⁵ сияқты ертегертер.

Мергендер жайындағы ертегілермен ілес-қаралас ербатырлар жайындағы ертегілер жүреді. Осы мерген мен ертегі ерлерінің жайындағы қиял ертегертері бір қазақ емес, сонымен туыстас, көршілес түрік тілдес елдердің ертегертерінде де бар. Онан соң көп заманғы көршілік қатынас себебінен орыс халқының ертегертері мен монғол ертегертерімен де көп ұқсастық байқатады. Қазір жиылып жарияланған бурят, ойрат, якут, қырғыз, қарақал-

1 «Еділ — Жайық», ауызша айтқан.

2 ТӘИ архивінен.

3—5 Содан.

пак, түркмен, азербайжан, татар, башқұрт, өзбек, қазақ ертегілерінің бәрі де көп жақтарынан өзара ұқсас болудың үстіне барлығы да, әсіресе жоғарыдағы айтылған ұзақ уақыттық аралас, айластық себебінен, орыс халқының қиял-ғажайып ертегілеріне де көп ұқсастық көрсетеді. Бұндай ұқсастық себебі тек қана көпшіліктен емес, кейде бірінен бірі алыс, шалғай замандарда, жырақ жайларда мекен еткен халықтар фольклорында да кездеседі. Затшылдық дүние тану жүйесіне сүйене отырып, осындай ұқсастыққа Плеханов дұрыс шешу айтқан. Шаруашылық және содан туатын қоғамдық құрылыс қалыптары бір сатыда болған елдердің дүние тануы, салт-саналық ұғым-нанымы да ұқсас еді. Сондайлық түп себептері ұқсас болу арқылы бұндай елдер тудырған ауыз әдебиет үлгілері де жер не тіл, тарих жақындығына қарамай-ақ ұқсас бола береді, деген Плеханов.

Әрине, қиял-ғажайып ертегілерінде біз атаған «мерген, ер, батырларымыз» — бәрі-дағы эпоста, батыр жырларында аталған батырлардан әрірек заманда туған тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары. Алыс заман айғақтары болады. Оның айқын белгісі сол қиял-ғажайып ертегілеріне араласатын қиял тудырған неше алуан жан иелерінің қалпынан көрінеді. Қазақ айтатын қиял ертегісінде адамзаттан мерген араласса, немесе ғажайып жар — «ай десе аузы, күн десе көзі бар», әлдеқандай «Күн астында Күнекей сұлу», «Ай астында Айбарша», не «Алтын шашты қыз» араласса, солармен қатар әлденеше жат сырлы кейіпкерлер де адамға қас, не дос күйде көп көрінеді. Бұлар қатарында жалмауыз кемпір, жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жалмауыз, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, мыстан кемпір, жезтырнақ және неше алуан алыптар араласады.

Қиял тудырған жануар затынан: «Айдаһар, жетібасты жылан, қарақұлақ қорқау қасқыр, алып қара құс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік» сияқтылар қатынасады. Бұлардың бір тобы ертегінің еріне дос болып, бір тобы ұдайы қас күш есебінде әрекет етеді. Жалғыз көзді жалмауыз, жетібасты жалмауыз, мыстан кемпір, айдаһар, жезтырнақ сияқтылар — үнемі айнымас жаулар.

Алып қара құс, тұлпар ат және неше алуан тоқпак, кездік, қазан, жүзік, айна, дастарқан, қырық құлаш семсер сияқты заттар ердің көмегіне, керегіне әрекет етеді.

Осылай екі жар болып бөлінген ғажайып жан иелері мен зат бұйымдар арасында кейде дос, кейде қас болып кездесетін бір алуан қиял кейіпкерлер бар. Олар: алыптар, таусоғар, көлжұтар, желаяқ, саққұлақ сияқты бір топ жандар және осылардай екіұдай әрекет атқара жүретін жылан патшасы, басы алтын киік, жады кемпір, жұмбақ жар сияқтылар болады.

Ертегіде кездесетін жоғарыда айтылған адамға қас күштер турасында, оларды тудырушы себеп жайында Горький шешу айтады. «Көне ертегілердің геройлары сорақы, сұмырайлар, «Жалғыз көзді Лихо», «Өлмес Қашей», «Жалмауыз кемпір» сияқтылар болады. Бұлардың бәрі де табиғатқа құдіреті жүретін ерекше күш иелері және өздері адамға өзгеше қас-ызалы. Осыларды кім тудырған, бұлар қалайша араласқан және бұлар кімді қорқытады, ол арасын айыру қиын, бірақ, мөлшермен болжағанда жасырын білімнің қуатын билеуші осы сұмырайлар оқиғаларға араласқанда әдейі қорқыту, шошыту үшін араласатын сияқты» — дейді.

Қиял ертегісінің тарихтан бұрынғы замандарынан келе жатқан қазақ ертегісінде айқын көрінетін бір тобы — дүниенің өзін біреу емес, бірнешеу етіп айтатындары. Жоғарыда аталған «мергендер» мен «ерлер» ескі ертектің көбінде жердің үсті ғана емес, салт ертегілерде кездеспейтін тың дүниелер болады. Ол бірде жердің үсті, кейде жеті қабат жер асты, бір кезек алып қара құс ап кететін аспан үсті. Ол арадан жер тоқымдай немесе тебен иненің жасуындай болып көрінеді. Кейде «Күн астында Күн-сұлу», «Ай астында Айсұлулардың», «Айбаршаның» адамзат баспас, бармас мекені болып келеді. Бұл мекендер көбінесе от дариясының ар жағы, әлдеқандай «Барса келмес», сиқыр аралға айналып кетеді. Болмаса адамзатқа жұмбақ жай — жалмауыз мекені, немесе су асты болады. Сол дүниелерден барып шығатын мерген мен ер не арманына, не бақ дәулетіне жетеді.

Сондай жайларға басқан ертегі адамның жайын байқасақ айқын көрінетін бір ерекшелік сол жұпыны адамның қуатына өзгеше сену бар. Мол, жарқын наным бар екенін аңғарамыз. Бұл адам — еңбек, қайрат, қажырлы, қимыл-әрекет адамы. Сондықтан әр түрлі ғажайып достарынан көмек алып, нелер «Барса келместерге» жетіп, қолдан келместі келтіріп жүргенде бұл адам тек әзірді ғана алмайды. Көмектер үстіне өзі де ер, қажырлы, есті

және бұл да өз тарапынан көмекке, керекке жарағын жан болады.

Осындай адамның жолын болдырып, нелер сұмдық қорқынышты қуаты бар қас дұшпанды жеңгізген қиял — халық қиялы тегін емес. Ол «Еңбек түбі жеңбек» дегендей ой түйгізеді. Еңбек несі жазықсыз, адал қайрат несі, адамды қай заманда болсын халықтың қанаушы топтары сүймеген. Бұл жөнде Горькийдің тағы бір фольклорға байланыстыра нақтылап айтқан пікірі бар. «Еңбекші халықтың ой өмірінің әміршісі болғандардың толып жатқан қылмысты қаскөйліктерінің бірі, сол халықтардың барлығына ортақ ұстазы — еңбекті қорлап, былғаған еді», — дейді.

Ал халықтың қиял-ғажайып ертегісіне келсек, жаңағы Горький айтқан, халыққа жау ортаның дегеніне қарсы алысып, қарысқан еңбек несін көреміз. Және соны жақтап, құптап отырған ел санасын аңдаймыз. Анығында ертегі ішіндегі күшті мен тістіге, кәрлі мен зәрліге сиқыр, тылсым, жатбауыр-жау ортаға адамзат баласы басып көрмеген бытқыл киынға кім барады? Жапа-жалғыз және көптің бірі, жұпыны ғана адам барады. Оның күші өзгеше ерекшелігінде емес, тек қана еңбекке, әрекетке, тартысқа барымен берілген тәуекелінде, өзіне сенуінде. Осы адам мерген бе, ер ме, бәрібір өзі және халық адамы болады. Адамзат өкілі болумен бірге ол анық бейнетқор халықтың нағыз өзінің қалың ортасынан шыққан жан. Ол көп ертегілерде не әлсіз бала жігіт, не кедейдің жалғыз, немесе момын ата-ананың жан деген жалғыз, немесе әділетсіздік, зорлық-сұмдықтан әсіресе хан сарайы, уәзірдей әкімдер ортасынан азап шеккен, саза тартқан көп момын айыпсыздың бірі.

Кей шақтарда бұл герой көп жұрттан оңаша, оқшау күйде жапан түзде тек өзінің әділ, адал еңбегімен күнін кешкен тәуекелшіл мерген, ер өнерпаз болып келеді. Ертегіде міне осы адамның аты жақсылық, осының жолы жақсы адамзат жолы болып шығады. Бұған достық еткеннің бәрінің жиын аты да жақсылық. Ал бұған қарсы әрекет етуші күштің де бәрінің жиын аты жаманшылық, зұлымдық. Ол да көп пішінді, мол мүсінді. Жақсылықтың айқын, жарқын бейнесі қаншалық бадырайып тұрса, мына жаманшылық, қастық та соншалық жансебіл, жыртқыш жүзімен балғын-батпан болып жиынды бейне, үйінді жауыздық болып келеді.

Ертегі, әсіресе қиял-ғажайып ертегісі осындай екі алуан қарама-қарсы күштің алысуын тақырып етеді. Жақсылықтың жеңуін арман қып, сол идеяны ғана баян етеді. Осылайша баяндаумен тыңдаушысын тәрбиелейді, баулиды. Қас дүниені алғашда тек адамнан тыс ортаны ғана ертегі геройына қарсы қоймайды. Қиял-ғажайып ертегісінің тілі мен қазақ ертегісі кейде адамға дүниенің ішінде сол адамның ішінен шығып, өзіне жау болған ерекше жауыздық қалып көрсетеді. Бұл тұста Горькийдің жоғарыда, жасырын қуат несі болған күштердің адам ортасынан шығып, көпшілікті қорқытып, шошытып отырып бағындырып ұстағысы келген жайды шешкен пікірін еске алу керек.

Қиял ертегісінің үлгі, өнегесі бойынша жаңағы айтылғандай қауымға қас қара күшті де баттитып, жиренішті, өрескел етіп ірі бейнеде суреттейді. Сонда қазақ ертегісі суреттейтін «жалмауыз» бейнесі ерекше қызық, өзінше, Горький айтқандай, реалдық болмыстан туған терең сырлы боп көрінеді.

«Еділ — Жайық» ертегісінде батыр барып тұтқынға түсетін, тосып тұрған ажалдай кезігетін жалмауыз қандай өзгеше! Оның қалың дәулеті бар. Дәулет болғанда бұл қоралы қой несі бай, өзі бір өлкеге жан баласын бастырмай, жалғыз баурап, жалмап жатқан бір обыр. Баққан қойынан ішіп-жеп қызық көрмейді, тек қана көзі тоймай, көбейтіп өсіре бермек. Және сол малымен өзі де бірге өріп, бірге жусайтын, қойымен бірге қуыс тасты аңша мекен ететін үлкен бір дүлей болып шығады. Сөйтіп тұрып өзінің жейтіні — адам еті. Әсіресе жеріне, шегіне басқан адамзаттан аяп қалар қастығы жоқ. Осы кім? Малқорда, құлқыны бұзық, сараң зорлықшы Қарыбай, Шығайбай, Қарабайлардың ертегілердегі анық арғы түбі, тегі емес пе? Адам қауымында зиянды өзімшілдікке басқан, еңбек елін қанаушы топтан шыққан жауыз, жыртқыш жандарға ертегі тілімен, шебер бейнелеу жолымен жасалған сын — жиреніш сын осы емес пе?

Толып жатқан мыстан кемпір, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, жезтырнақтар да осы сияқты ұлғайтып суреттелген, жауыздық бейнесі. Адамның өз ортасында бар қанаушылық, қаскөйліктей озбырлық тұлғасы болады. Тек бұл соңғылар көбінше жалмауыздай көрінеу жау емес. Сырты момын, іші зәр монтаны аяр бейнелі келеді. Бұлар да шындық, болмыс міндерінен туған. Соны ертегі

тілімен өсіріп өсірелеп, өрескел жиренішті етіп көрсеткен халық қиялының шеберлігін танимыз.

Халықтық қиял ертегілерінің енді адамға дос күштерін аңғарып қарасақ, онда да көп мағына, көп сыр бар. Жанды-жансыз, жақсы заттың бәрі де адамзаттың алыстан келе жатқан арманын танытады. Ертегінің ерін қиын қиянға апаратын алып қара құс, өзі ұшатын кілем, тұлпар ат — бәрі де қиял пырағы. Жерде жүрген жүрісі өндімеген, өзінің талап тілегі таудай адамзат «аспанда ұшар ма едім» деген арманды ертеден ойлаған, үзбей ұзақ ойлаған. «Жалпылдап ұшқан жапалақ пен қадірсіз қарға шыққан көк күмбезге мен де сондай биік самғасам, сондай шапшаң жүйткісем» деген арман қиялы әкеп «Алты айлықты алты аттайтын» тұлпарға, алып қара құсқа сайған.

Кейінірек заманда мұны батырлар жырында, қаһармандық дастандарда Тайбурылдар, Тарландар, Қаракасқа аттар деп үзбей қиялдайды.

Қиял ертегісі адамға тәлім айтқанда, қияға құлаш сермер адам бол, дейді. Суырдай ін аузындағы жайылысынды ғана танып, інде өлме дейді. Қиял-ғажайып ертегіде халық өкілі — герой аса қатерлі жаумен алысады. Ал жау күштер аса қаскөй ерен қуатты болып отырады. Бойына біткен келбеті адам шамасынан сонауғұрлым артық болу үстіне, олардың ажал жеңбейтін, оңайлықпен өлмейтін жансебілділігі басқаша келеді. Кейбір жалмауыз алыптардың жаны өз кеудесінде болмайды, не судағы балықтың ішінде, немесе кең даланы кезген киіктің ішінде, көкала үйрек пішінде болады. Бір жан емес, он жаны, қырық жаны болатындары да бар: «Ер Төстік»¹, «Күнекей сұлу»², «Елгезер батыр»³.

Осындай жаумен алысардан бұрын ертегінің ері әуелі жауының жаны жүрген қиуасыз қиындағы жәндікті бағады. Жаны не жұмыртқа, не балапандар түрінде, әлдеқандай үйрек түрінде болып табылып, қолға түскен соң да жаудың оңайлықпен өлмейтіні болады. Ол көп алысып барып қана қаза табады.

Аярлыққа салынған жәдігөй жау бұдан да қатерлі. Ол кейде мүләйім пішінде боп, сынықсып, кішік болып

¹ ТӘИ архивінен.

² Сидельников; «Қазақские народные сказки».

³ «Ильгезер батыр», «Астраханский вестник», 1897 г. № 2543.

келеді. Не қойынға кірген жар болып, немесе жарымжан өлмелі кем-кетік болып келіп, кейде ұйқыда қапыда ба-сады. Тағы бір кезекте алданған әйел, азғырылған қа-рындас арқылы, елеусіз жан күйер жақындар арқылы қиянат ойлайды. Немесе ердің жауына болысып, аса қа-терлі қастан зат болып шығады. Тылсым сиқыр несі сол болады. Адамды жадысымен буып, тас қып тастайтын, болмаса ит қып, есек қып құбылтып қор ғып жіберетін болады.

Бұлар мұсылманша жаду дұғасын оқыған сиқыршы-лардан шығады. Мұндай жау ашық, айқын келмей, түс бояп құбылып келгендіктен және андаусыз, жақыннан шыққандықтан ең қауіпті қас болады. Ертегі ері көретін анық қорлық, кешетін бейнет шағы осындай дұспанға кез-десумен басталады. Кейде бұндай ертегілер неше алуан ғажайып құбылыстар туғызып, ертегілік алмасулар жа-сайды (ертегі трансформациясы)— ертегі геройы мен жауының кезектеп құбылулары кейде құс болу, кейде ұсақ хайуан — мысық, тышқан боп кету, кейде тары тә-різді өсімдік боп кету, осылайша эралуан ауыса құбылу қиял-ғажайып ертегісінің жаңағыдай жәдігөйлікпен бай-ланыс-халдерінен туады. «Қанай — Жанай»¹, «Жалма-уыз кемпір»², «Қарғабай»³.

Тағы бір ескеретін елеулі жай: бұл алуандас ертегі-лердің бірталайы орыс халқының қиял-ғажайып ертегі-лерімен де ұқсас келеді.

Мысалы: Жәдігөй жаудың жанын іздеу «Ер Төстік-те» Шойынқұлақ туралы болса, орыс ертегісінде — «Өл-мес Кашейдің» жанын тауып ап, Иван царевич алыса-ды. «Үш қыз» деген қазақ ертегісінің түбегейлі әңгімесі Пушкиннің «Сказка о царе Салтане» деген ертегісіне ұқ-сайды. Әсіресе оның халықтық варианттарына жақын ке-леді. «Үш ағайынды жігіт» деген қазақ ертегісінің басы, әсіресе орыстың «Сивка-Бурка» деген қиял-ғажайып ер-тегісімен өте ұқсас екенін профессор Сидельников дұрыс көрсеткен. «Оренбургский листоктің» 1892 жылы 45 са-нына «Қарғабай» деген ертегі орыстың «Морской царь», «Василиса Премудрая» ертегісіне ұқсатып айтылған.

¹ «Қанай — Жанай» — Березин жинағы.

² «Жалмауыз кемпір» — Акмолинские обл. Ведомости, 1888, 43.

³ «Қарғабай» — Оренбургский листок, 1892, 45.

Қазақ ертегілерінде кейде Солтүстік елдерінің ертегілік әсері байқалып, «Баба яга» сияқты заттар араласады. Тіл қататын хайуандар қатынасып жүреді¹, деп Алекторов орыс ертегісі мен қазақ ертегісінің ұқсастық жайын дәл айтады. Ертегілерді әңгімелеу жөнінде қазақ халқының тіл орамында келісті байлығы бар, шешен тіл дей отырып, академик Радлов: «Сөздік жағынан қазақ тілі, әрине, солтүстіктегі орыс көршілерінің әсерімен де байн түскен»²,— дейді.

Жоғарыдағы аталған заттар ғана емес, орыс ертегісінде кездесетін «Таусоғар» (Горокат). «Көлжұтар» (Опивало), неше алуан мешкейлер (объедало), «Желаяк» (Ветрогон) сияқтылар қазақ ертегілерінде аумаған ұқсас қалпында кездесіп отырады. Қазақ ертегісінде «Жалмауыз кемпір»— Баба яга болып кеп көрінуден басқа және қазақ ертегісіндегі «Жалғыз көзді жалмауыз», орыс ертегісінде «Лицо одноглазие» болып аталады. Әрине осы тұста аталған, орыс ертегісіне қазақ ертегісінің ұқсастығы сонау көне замандар кезінде туған жок. Шамасы XVIII ғасыр ортасынан, соңынан бастап: Россия мен Қазақстанның шаруашылық-саясаттық, мәдениеттік қарым-қатынастары дами түскен сайын көбейе түскен ұқсастық болады.

Қиял-ғажайып ертегілері жөнінде тағы бір айтатын өзгеше ерекшелік — бұлардың бірталайы мысқыл сатира түрінде туған әңгімелер болады. Негізінде қанаушы тапқа халық қарсылығын көрсетуші ертегілердің бәрінде көркем бейне арқылы тап тартысы айқын сезіліп отырады.

Сол ретте қиял-ғажайып ертегілерінде де өзге барлық ертегілер түріндей, сатиралық ертегілер өзгеше орын алады. Қанаушыл, зорлықшыл, қаскөй күштерге қарсы арналған халықтың ащы мысқыл, аямас ажуасы бұл жөнінде де үлкен қызықтық үлгілер тудырады. Қиял ертегілерінде бұл топтар қиянатшыл хандарға қарсы, уәзірлерге қарсы, әр алуан обыр байларға қарсы, зорлықшыл, содыр және өздері көп жуан, зорлықшыл айғайларға қарсы туған сатиралық қиял-ғажайып ертегіле-

¹ Алекторов — «Астраханский вестник», 1893, № 1253, 1281, 1288.

² В. В. Радлов — «Образцы народной литературы» предислов.

рі. «Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек»¹, «Қаңбақ шал»², «Үш ағайынды жігіт»³ «Хасен»⁴, «Айлакер шал»⁵ сияқты ертегілер.

Қиял ертегілері жайындағы сөзді аяқтай келе тағы бір атай кететін нәрсе, олардың тіл кестесі, сөздік құрамдары, жалпы әңгімелену ерекшелігі туралы. Бұл ертегілердің айтылу әдетінде өзінше басталу, өзгеше аяқтаулар болады. Әңгімелеу үстінде белгілі бір кезеңдерде арнаулы кейіпкерлер оқиғаға араласқанда айнымай айтылып отыратын сөз айшықтары, оқшау сөйлемдері бар. Ертегі басталарда: «Есте жоқ ескі заманда», «Баяғы өткен заманда», «Ертек, ертек ерте екен, ешкі жүні бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен!» деген сияқты желдірмелі жаяулатқан өлеңсымақпен басталатыны да бар. Бітер кезде: «Барша мұрат басына жетіп, сақалы сирағына жетіп, бір жан өтіпті» деген сияқты аяқтаулар болады.

Әңгіме ортасында құбыжық пішінді жат жандар: «Абалақтай анам-ай қайдан келдің, балам-ай!» деп оқиғаға кіріседі. «Адамзат исі шығады»,— деп сөйлей бастайды. Қызды айтса: «Ай мен күндей, әмбеге бірдей»,— деп келеді. Оқшау мекенді айтса: «Ай далада ақ отау», «Жұлындай жерден жіптіктей түтін шығады» дейді. Жер бітімінің қиынын айтса: «Тескен тау» дейді, «Жер ортасы — Көктөбе»,— дейді.

Қиял-ғажайып ертегілер бұл сияқты тіл, сөздік айшықтарды әсіресе мол көрсетеді. Тек ертегіні жазып алушылардың ұқыптылығы мен жауаптылығы, ғылымдық нақтылығы жеткілікті болған кездерде ғана бұл алуандас ертектердің тіл мен түрдегі көп ерекшеліктерін айрықша бағалай тануға болады. Ертелі-соңғы қазақ ескілігін жинаушы адамдар арасында бұл жөнде В. В. Радловтай ерекше ынталы, ұқыптылық көрсеткен оқымысты жоқ деуге болады. Ол жазып алған «Хап Шентей» деген бір ғана хиял-ғажайып ертегісінде төмендегідей ертегілік айшықты тіл, түр нақыстары бар екенін көреміз. Мысалы: «Таусылмас азық алды, тозбас киім киді», «Атса мылтық өтпесін, шапса қылыш өтпесін», «Қабырғанда

¹ ТӘИ архивінен.

² Сонда.

³ «Үш ағайынды жігіт»— «Оренбургский листок», 1894, 94.

⁴ «Хасен»— «Астраханский вестник», 1894, 15, 10.

⁵ «Айлакер шал»— «Волжский вестник» 1895 г. 219.

қаяу жоқ, омыртқанда буын жоқ», «Мандайым тасқа тиіп, табаным жерге тиіп», «Ұшқан құстың қанаты күйеді, жүрген аң тұяғы күйеді», «Қара құлақ атың астында, ақ шамайдың үстінде», «Заманды күндер болғанда», «Дөң жерді ой қылды, ой жерді дөң қылды», «Маңысқақ жирен астында, солқылдақ қызыл найза қолында», «Қара құсқа қоң етін кесіп береді», немесе «Еркелі айдар» деген ертегіде: «Қотыр тай ұстағанда құнан, жүгендегенде дөнен, ерттеп мінгенде бесті ат болады». «Тар құрсақта жатысқан, таласып емшек еміскен» деген сияқты ертегілі әңгіменің көркін, сырын айшықты шешен сөзбен толықтыра түсетін тіл, түр өзгешеліктері болады.

Осындай толып жатқан айрықша сөйлем сөздік өрнектер де өзге ертекттер қатарынан бөлекше боп қалыптанатын қиял-ғажайып ертегілерінің ерекшелік бейнесін танытады.

Хайуанат жайындағы ертегілер

Хайуанат жайындағы ертегілер — барлық елдердің ауыз әдебиет қорындағы сияқты, қазақ халқының ауыз әдебиет қорында да ескі ертегілер түрінің бірі. Тарихтан бұрынғы дәуірлер мен Қазақстанда феодализмнің ең алғаш орнау стадиясынан бастап, ХІХ ғасыр орталарына дейін созылатын феодализм дәуірі осы ертегілерде көп елес береді. Бұл алуандас ертегінің де ұзақ ғасырлар бойындағы қоғамдық тарихтық халдері экономикалық жайларды, еңбек иесі болған халықтың таптық арман, мүддесін әр алуан түрде көрсетіп отыратыны мәлім. Сондайлық мән, мағына бұл үлгілерде де аса мол, терең және өзгеше қымбат қазынадай деп тану керек.

Хайуанат жайындағы ертегілер жөнінде Ленин айтқан өзгеше ғылымдық зор мәнді пікірлер бар. Добролюбов та хайуанат жайындағы ертегілерге айрықша мән беріп, көп көңіл бөледі. Бұл ертегілер еңбек елінің жуан, содыр, айлалы, зорлықшыл әкімдеріне неше алуан қанаушыларына қарсы арналған сын мен ызалы қарсылық ойы мол екенін ол адамдар ашып айтысқан. Әсіресе тап тартысының бітімсіз қайшылықтары қиын шетін түйіндер көрсетілетіні аталған. Және сатираның ең бір өтімді, көпшілік көңіліне қонымды, шебер, келісті құрылыстары осы хайуанаттар жайындағы ертегілерде тамаша тапқырлықпен көрсетілгені айтылады.

Хайуанаттар көне ертегілерін аңдасак, кейбіреулерінде өте көне заманды, жанды, жаңсыз табиғат турасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған төтемдік түсінікті аңғартады.

Бұл жөнде мифтік, діндік және ұғым-нанымдар көп ертегілердің тууына түпкі себеп болғанын есте тұту қажет. Сол ретте қазақ халқында кейбір аң, құс, хайуанат жөнінде өте ескі замандарда сол жәндіктерді ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған ескілікті, шалағай, бұдыр ұғым-наным, жартылай діндік төтемдік түсінік бар екенін көреміз. Бұндай жәндіктерді дағдылы тіршіліктегі қалпынан, болмысынан шындық бейнесінен өзгертіп, ауыстырып әңгімелейді. Оны жат сырлы өзгеше сипатты етіп таңдана суреттейді: «Қасқыр мен жігіт»,¹ «Сырттан»², «Көгершін ертегісі»³, «Байғыз»⁴.

Ғажайып күшіне, құдіретіне қатты сенгендіктен иланып, табынғандық та болады. Осының салдарынан талай елдердің ескі ерте тірлігінде әр түрлі жыртқыш аң, немерсе үй хайуандарының кейбіреулерін киелі, құдіретті деп қастерлеу болған. Ие, кие, қуаты бар деген хайуанат ішінде: арыстан, аю, қасқыр, жылқы сияқтылар болғаны бар. Кейбір ескі діндер бұл нанымды діндік шарт, парыз етіп көтергені де көп.

Қазақ халқының да ертегі ескілігі мен көне дініне қарасак, сол жаңағы нанымдарға көп орын берілгені байқалады. Осы текті ертегілер қазақтағы хайуанат жайындағы ертегілер ішіндегі ең ескі ертегісі болу керек. Мұнда мифтік, төтемдік (белгілі аң, хайуанды киелі санап, қастерлеу) нанымдары бар. Сондай аңның бірі — қазақ ертегісінде қасқыр болады. Бізге мәлім қазақ ертегісінің ішінде қасқыр екі түрлі әңгімеленеді. Бір түрінде, ең ескі түрінде, қасқыр ертегі ішінде әрі қасқыр, әрі адам жынысына киелі дос болып әңгімеленеді. Екінші түрінде қасқыр өзінің дағдылы қасқырлық, қастан мінезімен суреттеледі.

Алғашқы түрдегі әңгіменің мысалы — «Ақ қасқыр»

¹ «Қасқыр мен жігіт» — ТӘИ архивінен.

² «Сырттан» — сонда.

³ «Көгершін ертегісі» — сонда.

⁴ «Байғыз» — сонда.

ертегісі. Мұнда жас жігіт жат үңгірдің ішінде ақ қасқырға, қаншық қасқырға үйленеді. Қасқыр күйеуіне қырық күнге шейін шыда, не көрсең де, көнбіс бол дейді. Қырық күнге шейін ол қасқыр кейпінде болады да, артынан әсем сұлу адамзат қалпына түседі. Елден асқан ақылды, асыл жар болып шығады. Сынына шыдаған ерін бақ-дәулетке жеткізеді.

Қасқыр, тағы бір ескі ертегіде адамзатын құбылып алдайтын қас күш болып суреттеледі.

«Күйеу қасқыр» деген ертегіде жас, жақсы қызды қасқыр күйеу болып алады. Басында қызды айттыра келгенде қара жорға ат мініп, қара құлын жарғақ киіп, қара түлкі тымағы бар, әлемде жоқ сұлу сымбатты жалғыз жігіт болып, айттырып алып кетеді. Оңаша шыққан соң, аунап түсіп, көкжал қасқыр болып шығады. Бұл ертегі қазақ әйелінің халін аса аянышты қайғылы күйде суреттеумен қатар, тағы да қасқырды адамға қатал, ерекше күш несі дұшпан қып сипаттайды. Қиелі, сиқырлы жау етіп ұлғайтып көрсетеді.

Әсіресе бұл жай бұрынғы қазақ әйелінің патриархалдық үй ішіндегі халімен байланысты бір жайды еске түсіреді. Ол — үй ішінде қазақ әйелі күйеуге тию кезеңінен қатты үркіп, уайыммен жасқанатын. Өйткені қалыңмалға сатылған, ата-ананың бұйыруымен өзі білмес елге, ерге алғаш бара жатқан қыздың бәріне алдыңғы өмір тас қараңғы, қорқынышты, күдікті жұмбақ болатын. Әйел халінің осындай күйін Поль Лафарг өте дұрыс, терең күйде бейнелейді. Көп елдерде «...әйелді ерінің артынан еруге зорлап, күшпен көндіретін. Үйлену зорлықпен аралас болатын», — дейді ол. Және де осы жайдың сырын аша келіп Лафарг: «Күйеуге тиюден қорқу патриархалдық үй ішіндегі өмірден туған ең алғашқы қатты қорқыныштан, қауіптен тарайтын», — дейді.

«Сырттандар» деген ертегіде қасқырдың, иттің, жігіттің сырттаны, аттын тұлпары алысқа араласады. Бұл ертегіде қасқыр пақтылы айқын, қастан күш, адамға өш, зұлымдылықтың жиынтық бейнесі болып кейінтеледі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы туысымен, соны жемекке бола жасайды. Баламен бірге оның жау тағдыры, қазасы қоса туғап болады. Сол жігітпен бірге оның дос серігі болып, ажалына арашашы болып, құлын-тұлпар да қоса туады. Кейін жігітке жәрдемші болып, ит сырттаны араласады. Сол ат, ит достығы арқылы қасқыр сырттаны

жеңіліп, жігіт аман қалады да үлкен сыннан жеңіп өтіп, үлкен шыңға шығады.

Хайуанаттар жайындағы ертегілерді неше алуан қасқырлар жайындағы ертегілерден бастадық. Өйткені бұл алуандас ертегілерінің саны да көп, орны да зор. Бірақ, хайуанат турасындағы қазақ ертегілері тек қасқыр жайындағы әңгімелер емес. Және қасқырдың өзін де тек, осы жоғарыда айтылған түрде ғана әңгімелейді.

XIX ғасырдың орта кездеріне шейін созылған ұзақ дәуірлер бойында хайуанаттар жайындағы ертегілерде көп құбылыс, өзгерістер, жаңғыру, даму кезеңдер болғанын аңдаймыз. Бұл ертегілердің сондай жайларында тарихтық әр алуан дәуірлердің өзгеріс құбылыстары айнаға түскендей әсер етіп, елес беріп отырады.

Әсіресе фольклорды зерттеуде бұл күнге шейін өте аз ескерілген көркем тіл, көркем стилін халықтық-поэзиялық шығармалардың ерекшеліктерін талдау проблемасымен байланыстыра ұғыну қажет.

Осы тұрғылардан қарағанда, хайуанаттар жайындағы ертегінің де совет фольклористикасы ашатын ең мәңгі ғылымдық-тарихтық зор мәселесі: осы алуандас халық ауыз әдебиетінің идеялық мазмұнын ашуда. Хайуанаттар жайындағы ертегілердің сол өзгешеліктері көп кезде ірі сатира түрінде келетінін еске алып, қазақтағы бұл алуандас ертегідегі сатиралық элементтерді айқындап ашу қажет. Көркемдік, шеберлік ерекшеліктерін алғанда қазақтың да хайуанат жайындағы ертегілерінің бейнелегіш образдары тамаша келеді. Оқиға тартыстың сұрыпталып, сығымдалған жинақтылығы және дөп тигіш мәнділігі айрықша талдауды қажет етеді. Көркемдік қасиеттерін, поэтикасын талдауда бұл ертегілердегі жәндіктерді сөйлестіру — диалог формасы ерекше шебер келтірілетінін еске түту қажет.

Бұндағы шеберлік қасиетін бір алуан — бейнелеу (олицетворение). Сол тәрізді көркемдік әдістер арқылы көбінше неше алуан айуандар, жыртқыш аңдар, қанқорлар арқылы хандардың, билердің, байлардың, ілгері-соңғы әкімдердің жайлары, таптық-қоғамдық тұлғалары көрінеді. Солардың қанағаштық сырлары ашылатынын әшкерелеу шарт. Осыған байланысты қазақтың хайуанат жайындағы ертегілері қоғамдық сатира екендігін, сол арқылы тап тартысының астары, тамыры тереңдеп ашыла отырғанын, көп уақытта юморлық, мысқыл, ажуаның,

өтімді, күлдіргі тілдің тамаша шебер үлгілерін танытатынын есте тұту шарт.

Бұл ертегілер де — ескі заманнан келе жатқан ең көне түрдің бірі. Адамның өзінен өзге, жанды-жансыз дүниенің ішінде, ерте күннен ең көп араласатын ортасы осы жан-жануар, неше алуан дос-қас хайуанат ортасы. Ол сан алуан, сан сырлы, санап бітіргісіз жұмбағы көп, ерекшелігі, ерсілігі көп ең дүние. Есте жоқ ескі заманнан бері қарай адам сол жануар хайуанат дүниесімен әр күйде айласу арқылы олардың алуан-алуан жаратылысы, мерзім-машығы, тілек-тәсілі өзгешеліктері туралы көп нәрсені білген, таныған. Тіс, тырнақты жыртқыштың қалың сауыр мықтысы, қанаты, қырағы ұшқышы, су асты, жер астының жайыны мен долысы, қаскөйі мен момыны жеміті мен жемі, ұлысы мен кішісі, әлдісі мен айласызы — бәрі де ертедегі адамды сансыз көп қиялға, ойға тәсіл-тәжірибеге, алыс-айлаға салындырған.

Бұл дүниенің бәрінен адам қорқатын, жеңілетін бірін керегіне, көмегіне жаратып, ішіп-жеміше жаратып, пайдаланып салмақ болатын. Мысалы, барлық ұзақ тарихи тіршілігін үй хайуанымен, мал атаулымен нық байланыстырған елдің бірі — қазақ халқы және қазақпеп туысқан талай ескілі-жаңалы елдер. Жаңағы ұзақ айластық арқасында бұл елдер өздері істес болған жан-жануарлардың бәрін тек біліп қана қойған жоқ, олар жайында толып жатқан аңыз-әңгіме, арман-қиял нелер сұлу, саналы жыр, ертегілер де тудырған.

Жақыннан таныған қол мүлкі, малының жаратылыс, мерзім машығын білуден басқа, олардың сыртқары жайын — жабайы хайуанаттар туралы да сансыз көп тәжірибе, түсінік, білім жайлы талай көркем әңгімелер тудырған. Жанды заттар дүниесін өзіне де күш, қас күштерге бөліп, тірлік үшін жасалатын алыс-тартыстың пеше алуан құбылыс халдерін әңгіме еткен.

Жап-жануар мінезінен адам қоғамында болатын таптық қанаушылық, қомағайлық қорқаулық, аярлық, долылық, кекшілдік, сотқарлық сияқты көп-көп күйлердің елесін көрген. Хайуанат тірлігі мен мінез тартыстарымен адам тірлігі, адам мінез тартысы арасында ерекше ұқсастық барып тауып таныған. Сол мінездерді ұлғайтып, адам санасындай санаға, есепке, ақыл-тәсілге жеткізіп, тіл орамға келтіріп әңгімелейтін болған.

Хайуанат жайындағы әңгіме аңыздардың бір алуа-

ны осындай болса, мұның екі түрі бар еді. Бірінде хайуан мінез-құлықтарын дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа, бейне, тұспал, мысқыл есебінде қолданылған. Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиреністі етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп алу болған.

Қазақ ертегілерінде мысалы әр алуан арыстан, аю, жолбарыс, қасқырлар бейнесінде қазақтың хан, бай, уәзір, саудагер сияқты көпке залалы, тойымы, тиымы жоқ жуан қанқор содырлары әңгіме етіледі. («Түлкінің алдағаны», «Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан, бөдене»)¹. Сонда жаңағы аталған әр алуан жыртқыш аңдар арқылы қанаушы ортаның әр тұлғалы содырларына әр бөлек мінездер беріледі. Бұл алуандас ертегілердің жалғыз қазақта ғана емес, қазақпен аралас көп елдерде бар екені мәлім. Сол ретте, әсіресе, қазақ ертегісіне аса мол әсер еткен орыс халқының хайуанаттар жайындағы ертегілері екенін аңғару қиын емес.

Мысалы, бір ғана аңды алғанда, оның ақылсыздау, қорқақтау және қопал, орашолақ мінезді болып келетін жайы орыс ертегісінде қандай болса, қазақ ертегісінде де және чуқот, эскимос, коряк сияқты елдер ертегілерінде де солайша қалыптанатынын аңғарамыз. («Аю, түлкі, қойшы»)².

Бұл жайлардың барлығы, Ш. Уәлиханов айтқанындай, қазақ сияқты Россия көлеміндегі елдердің барлығының ертегілеріне ерте кездерден бері қарай-ақ орыс халқының хайуанаттар ертегілерінің көп әсері болғанын көрсетеді.

Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші бір түрі бар. Олар хайуанды анық хайуан етіп суреттейді. Оның жанды-жансыз дүние арасындағы өз қалпы, кейпімен жүрген шындығын, болмысын адам өз түсінігі арқылы анықтап, айқындап, жетілте көрсетеді. Бұл соңғы түрде де әсерлеп ұлғайту қосылатын кездер бар. Бірақ дәл бір түрдегі ұлғайту, адамға айна қып көрсету емес, мысқыл емес. Хайуанаттардың ерекше сырына, жұмбақ бітім жайына, өзгеше өмір тәсіліне, жат сырына таңдану болады.

¹ В. Сидельников — «Казахские народные сказки».

² ТЭИ архивінен.

Біз тексеретін бір топ ертегілерде өзге хайуандар ішінде тағы да қасқыр кездеседі. Бірақ, оларда қасқыр өзге елдердің ертегісіндей анық қасқырдың өз бейнесіне жақын суреттеледі. Ондағы аңның бәрі де ескі үнді жұртының, ескі орыс ертегісінің ішінде суреттелген аңдарша адам қауымындағы өрескел, қорқау мінездеріне мысал, аллегория ретінде бейнеленген болады. Арнаулы бір келенсіз бітім, тұлғаның қалпында кейіптеледі. Бұл алуандас мол ертегінің көптен көбі мысқыл ажуаның өзін де еңбек тартыс тәжірибесінен алады. Айналадағы жанды-жансыз дүниеге адамның іс-әрекеті, еңбек тартыс арқылы қатынасуы адам қауымы мен табиғат арасындағы мысқыл егерлік ұқсастықты байқатады.

Көп ел ертегілеріндей, қазақта да талай ертегілерде бірнеше аң-хайуан бірге жүреді.

Мысалы, қасқыр мен түлкі, қасқыр, аю және түлкі, кейде қасқыр, түлкі, арыстан, түйе аралас жүреді: «Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе»¹, «Түйе, қасқыр, жолбарыс»². Бұларды ертегінің әдісінше біріктіретін әңгімелік себеп, мотив — оқыстан кезігу болады. Әрбір аң айнымас мінез несі болады. Арыстан — әр зорлықтың, асқақ күштің несі; қасқыр — тойымсыз қомағайлық, жеміттік мінез несі; түлкі — пәле басы және жаурыны жерге тимес, аяр алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос болып жүреді. Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрін мазақ етіп, алдап соғып жүреді. Бұл және әр кезде хайуанаттар жайындағы әңгімелердің күлдіргісі болып араласады. Оған сөйлеген аңның бәрі «түлкі-түкім» деп, айласынан еріксіз именіп, жағына сөйлейді. Өзінше, біралуан келенсіз, ақылсыз қара күштің несі болып аю жүреді. Орыс халқының ертегісіндей, қазақ ертегісінде аю күлкі, маскара болып қалғыш, өрескел бітімде болады.

Момын, жазықсыздан, кең тазалықтан осы хайуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар. Қазақтың бұл алуандас ертегерінде («Түлкі, аю, қойшы») ³ көбінше қойшы араласа жүреді. Ол кейде түлкіні өзіне серік етіп, аюдай алып күштерді, айласыз, қара күшті тәсілмен ұрып жүреді. Түлкі мен адам алдасып айлақестік салыс-

¹ ТӘИ архивінен.

² Қиргизская стенная газета, 1896 г. 43.

³ ТӘИ архивінен.

тыратыны да осы қойшы, түлкі, аю әңгімесінде болады. Көптің есесін жеп жүрген түлкі адамнан алданып, өзі жер қабады.

Қазақ ертегісінде түлкіні алдап жеңетін жалғыз адам емес, кейде елеусіз кішкентай мақұлық та болады. «Арыстан, қасқыр, түлкі, түйе, бөдене»¹ деген ертегіде: бөденеден басқаның бәрін жеңіп жүрген түлкіні бөдене алдап кетеді. Бөденені түлкі аузына тістеп тұрып, балаларыңды шақыр дегенде, бөдене «маңғыт» деп өзің шақырсаң, балапандарым келеді дейді. Түлкі «маңғыт» деп аузын ашып қалғанда, бөдене «аузыңа саңғыт» деп ұшып жөнеліп, түлкіні мазақ етіп кетеді.

Хайуанат жайындағы осы алуандас ертегілердің көбі балаларға арналған күлкі, жеңіл әңгіме болып та кетеді. Ол «Құйыршық»², «Қотыр торғай»³, «Мақта қыз бен мысық»⁴, «Шудалы торғай»⁵, «Күшік пен мысық»⁶ сияқты көптеген ертегілер. Құйыршық ғажайып түрде ешкінің құйыршығынан біткен кішкентай бала болады. Ол қасқырды, жолаушыларды, үй иесін — бәрін алдап соғады. Ажалдан қалып әке-шешесіне келеді. Бұл алуандас ертегілер орыста да бар. «Бармақтай бала» деген ертегі кішкене балаға: «Өз қайратыңа сен, қорғаншақ, жасқаншақ болма, батыл бол, тірлік үшін алысуды үйрен» дегендей үгіттерді танытады. Түйеден адамды оқшау ету, жатырқату емес, батыл табыстыру қиялы, санасы бар ертегілер. Хайуанат жайында балалар үшін айтылатын қазақ ертегісінің бір алуаны — «Күшік пен мысық», «Қотыр торғай» сияқты кішкене жануарлар жайындағы ертегілер. Ақылсыз күшік, айлакер мысық балаға әр жәндікті, әр кейіпті танытумен бірге күлкілі, көңілді, баланың өз мінезіндей ойнақы күйде әңгімеленеді.

«Қотыр торғай» ертегісінде әңгімелік құрылыс жағынан қызық айтылатын, ерекше түр бар. «Қотыр торғай» жағымпаз, қотырын ауыртқан шеңгелге ашуланып, ешкіге шағады. Ол тілін алмаған соң, қасқырға шағады, одан жылқышыға, оны байға, байды кемпір шешесіне, шешені желге шағады. Соған қайтадан жаңағылар бірін бірі

¹ ТӘИ архивінен.

² Сонда.

³ Сонда.

⁴ Сонда.

⁵ Березини материалынан.

⁶ ТӘИ архивінен.

куып, ақыры ешкі кеп шеңгелді жейді. Қотыр торғайдың кегі қайтады. Дәл осы алуандас ертегі орыста да бар. «Ешкі мен жаңғақ» деген ертегі аумаған «Қотыр торғай». Ешкі жаңғақ жеуге кетеді: «Теке ешкіні қайырып кел деп қасқырды жұмсайды, ол тілін алмаған соң адамды, одан әрі аюды жұмсайды. Ақыры әңгіме қайтадан құлдылап, ертегі кейіпкерлері бірін бірі қуып кетіп, ең аяғында ешкі жаңғақты алып, текесіне қайтады».

Мұндай құрылысы бар ертегілерді, тізбекті (коммулятивный) ертегі дейді.

Қазақтың хайуанат жайындағы ертегісінің тағы бір мол тобы үй хайуандары болады. Айнымас берік, есті дос иттен басқа, тұлпар—серік аттан басқа, «Боз інген»¹ сияқты түйе жайындағы әңгіме ботасы өлген інгеннің зар, шерін айтады. «Тепен көкте»² нелерін байытқан бәйге ат өзгеше әңгімеленеді. Малды білген, опы сүйген қазақ халқы үй хайуандары жөнінде оларды мінезді, есті, мұңды, зарлы етіп, жаны ашып, дос тұтып әңгімелейді.

Әлі түгел жиылып, жіктеліп болмаса да, қазақ халқының хайуанат жайындағы ертегілері осында саналған түрлерінің өзіне қарағанда да, мол қор екенін танытып тұр.

Әңгімелену ретіндегі тіл кестесіне қарағанда бұл ертегілер қиял-ғажайып ертегілерінен басқаша келеді. Бұнда хайуанаттарды бір бірімен тілдестіру, әңгімелестіру көп. Әсіресе көп сөйлейтін түлкі, байғыз, қасқыр сияқтылар. Бұлардың өз мінездеріне лайық бір алуан тіл, сөз беріледі. Ертектің шебер не олақ айтушы екені бұл түрлі ертекте өте айқын көрініп тұрады. Шешен айтушының әңгімесінде түлкілер мәтелдеп, мақалдап та сөйлейді. «Түлкі мен маймыл» ертегісінде түлкі маймылды «патша қылам» деп алдап, қақпанға түсіреді, балықты өзі жейді, маймылға «тепкілесек кетпейтін темір бақ қонды» деп ажуалайды, «екі бақ бар — бірі басқа, бірі аяққа қонады» деп мазағын, аярлығын сопшалық шешен, терең мағыналы сөзбен жеткізеді. Өзге ұсақ жәндіктерден, құстан шыққан сүйікті заттарды да жаңағыдай шешен, білгір, ділмар етіп сөйлету — қазақ халқының хайуанаттар жөніндегі ертегілерінің үлкен бір ерекшелігі. Түр байлығымен қатар әңгімелеген тіл байлығы, бұл топтағы

¹ Ауызша әңгімеден.

² ТӘИ архивінен.

ертегілердің стильдік, көркемдік өзгеше қалпын танытады. Осы ретте қазақтың хайуанат жайындағы ертегілерінің ішінде үй хайуандары турасындағы ертегілердің орны зор екенін есте тұту керек. Олар жайындағы ертегілерде еңбек, тартыс үстінде адамға қанат — серік болатын малдың жайы өзгеше бағаланады. Сонымен қатар әр түлік малға қазақ халқының еңбек тәжірибесі ретімен жақсы таып белгіленген мінез әрекеттері қонымды келеді. Малға еңбек адамының халықтың сенімі, достығы, сүйеніші аса көркем әңгімеленді. Сол жөнінде және де қазақ халқының тілін байытуға үй хайуанатымен байланысты туған көп-көп атаулар, ұғымдар, ақындық, образдық, стильдік теңеу сөздер аса мол екенін көреміз.

Салт ертегілері

Жалпы ертегілер тобында салт ертегілерінің орны өзгеше. Бұлардың арасында феодализм дәуірінің ең ескі болмысынан туған немесе одан арғы тарихтан бұрыпғы дәуірлердің елесін беретін ертегілер бар. Және сонымен қатар кешегі бергі заман болмысынан, шындығынан туған нақтылы тарихи дәуірлермен нық байланысты көп ертегілер де анық, айқын аңғарылады. Осы ертегі түрінің тартыс, қоғамдық мазмұны, идеясы қазақ еңбек елінің таптыс, тағдырының шындығымен байланысқан күйде өткен ғасырдың 60 жылдарында басталатын, реформадан соңғы дәуірдің ертегілерінде ұштасып, жалғасады.

Салт ертегілерінің қазақ ауыз әдебиетіндегі ірі өзгешелігі, ерекше қасиеті — бұлардың ең зор, ең мол мазмұны, еңбек халқының тірлік жағдайынан, ауыр халінен туған. Сол себепті бұл ертегілерде қанаушыларға қарсы арналған еңбек халқының ызасы, таптық жиреніші аса өткір түрде қалыптанады.

Орыс халқының салт ертегілерінде патшаға, баринге (мырзаға), саудагерге (купецке), попқа қарсы ертегілер мол болғанындай, немесе буряттар сияқты қазақ халқының шаруашылық-қоғамдық жағдайларымен жағдайы ұқсас ұсақ елдердің салт ертегісінде жауыз хандар, шамандар, ламалар жайындағы өткір сынға, жиренішке, сықақ-ажуаға толы ертегілер мол болғанындай қазақта да осы салт ертегілерінің зор өзгешелігі — сол өзіндегі қанаушылар ортасына аяусыз сын, соққы беруінде. Қазақ ертегілерінде де ханға қарсы, уәзірге қарсы, байға

қарсы, комағай саудагерлерге қарсы, бақсы-балгер, күшынаштарға, сиқыршы-молдаларға қарсы туған салт ертегілері, сатиралық ажуа, мысқыл, күлкі әңгімелері көп екенін көреміз. Бұл ертегілерде ұзақ заманның тарихтық-дәуірлік ерекшеліктерін көрсете отыратын жағдайлармен қатар, әр уақытта қанаушы таптар адамдарынан халық адамының ақылы, адамшылығы әлдеқайда зор, жоғары қасиетті боп келеді.

Салт ертегілерде көбінше күлкі, ажуа, сайқымазақ, сатира тап тартысының құралы есебінде қолданылады. Көп салт ертегілерінде еңбекші шаруаның алдыңғы қатарлы топтарының салт-санасы көрінеді. Бұл ертегілердің осындай тарихтық-қоғамдық өзгеше бағалы мән-мазмұнын ескеруге біз Энгельстің халық кітаптары турасында айтқан келелі пікірін еске аламыз.

«Халық кітаптарының міндеті күні бойы ауыр жұмыс істеп, арып-талып қайтқан шаруаның көңілін көтеру, ойын ояту, ауыр азабын ұмыттыру, оған өзінің тастақ даласын исі жұпар аңқыған гүл бақшасы етіп көрсету болады. Халық кітаптарының міндеті қол өнерші ұстаның іс дүкенін, жапаланып жүрген ұста шәкіртінің лашық үйін жұмақ етіп, олардың жұпыны әйелдерін таң-тамаша сұлу етіп, патша қызындай етіп көрсету болады. Сондай-ақ халық кітаптарының міндеті... олардың сана-сезімін, ықылас жігерін, отанға деген махаббатын ояту, оларға өздерінің күш-қуатын, правосын, бостандығын аңғарту болады.

Сондықтан, егерде халық кітаптарына, тегі, олар меілінше көркем, өткір тілді болу керек деген талап қойылса, біз осымен қатар халық кітаптары заман тілегіне жауап берерліктей де болу керек деген талап қояр едік», — дейді Энгельс.

Салт ертегілері — қазақ ертегісінің ең мол түрі. Топталып аталған атынан-ақ бұл ертегілердің тегі, мәні мәлім болғандай. Қиял ертегілері мен хайуанат жайындағы ертегілерден бұл топ мүлде бөлекше, ерекше келеді. Салт ертегіге халық өзінің дүние тануындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы, бас тірліктегі барлық мұң-мүддесін, тартыс-таласын жиып түйген. Бұл тектес ертегілердің ескісі де көп, бертінде туған жаңасы да мол. Әрине бұдан да айрықша еске алатын бір жай бар. Ол салт ертегісінің арасына халық шығарған үлгілерден басқа, жат саналы бөтен, тап, жау ортаның патриархалдық феодал-

дық салт-санамен тудырған, таратқан ертегілері де болады. Бұрын-соңды қазақ ертегілерін жинап таратушылар арасында әдейі сондай үлгілерді дәріптей түсіп, молырақ үгіттеген жат саналы байшыл-ұлтшыл зерттеушілер болғаны да бар. Сондықтан енді біз ашық халықтық сананы танытатын, еңбек адамының қиялы мен еңбек тәжірибесімен ұғым-нанымын білдіретін ертегілерін талдап бағалаймыз.

Бұл ертегілердің бір түрлері көнелік есебінен ескі ұғым-нанимдарды және партирхалдық ортаның халық санасына еткен кертартпалық әсерін көрсетеді. Бұрынғы қиял ертегілеріне шектес, ұқсас келе отырып бұндай ертегілердің тағы бір түрлері бертінде шыққандықтан күндегі өмір, тартысқа өте жақын, аса шебер шыншыл реалистік әңгімелер болады. Осы алуандас ертегілер құр ертегі ғана емес, ауызша айтылған шебер көркем шығарма болып халық романы, халық повесі, әңгімесі, новелласы болып та кетеді. Және осы сияқты ертегілерде қоғамдық тартыс, тап қайшылығы, қанау, зорлық, соған қарсы еңбек елінің сыны, наразылығы, алыс, тартысы, ұзақ арманы — бәрі де айқын көрінеді. Тегі барлық ертегілер де қоғам тірлігі, халық мүддесі, зорлық-озбырлық үлкен сыр болып бөлініп отыратыны мәлім болса, мына түрдегі ертегілерде сол жайлар аса айқын шығып андыздап тұрады. Ончуков жиған орыс ертегілерін оқып шығып, В. И. Ленин ертегілерді: «Қоғамдық, саясаттық тұрғыдан ұғыну керек, осы материалдарға сүйене отырып, халықтың арман мен мүддесі туралы тамаша зерттеу жазуға болады» десе, сол ұлы пікірдің шындығын осы топтағы қазақ ертегілері де анық, айқын дәлелдейді.

Фольклор қай елде, қай заманда болса да шаруашылық құрылыстың болмысынан және тап тартысының шындығынан туған. Сол тартыстың құралы болудан арылмайды. Тек қана кейбір фольклор түрінде осы шындық, сол болмыс тартыс түйіні теңеу үлгісімен, бейнелеумен көрсетіліп, үстірт қараған көзге айқын көрінбей тұратыны болады. Грек эпосы туралы жазған сөзінде Маркс, орыс ертегісі турасында айтқан пікірінде Ленин — осы көмескі көрінетін болмыс шындығын, таптық сырды тереңдеп ашу, бойлап ұғыну қажет екенін айтады.

Ал сол ертегінің тап тартысының ертегісі екенін, әсіресе нақтылып айыру жолында ауыз әдебиетінің бұл түрі-

нен ең алдымен типтік белгіні ерекше алу керек. Типтік дегеніміз көркем шығармалардың ішінде белгілі ортаға айрықша тән болған тенденцияны, қасиетті, өзгін тенденцияны айрықша бағалауда. Сонда типтік дегеніміз — саны көп немесе статистикалық орташа мөлшер емес, ол алдымен қоғамның өсу перспективасымен, өмірлік, тарихтық бағалы сипатымен ерекше болған деп таңылуы керек.

Салт ертегісін тудырып, таратушы қоғамды, ортаны алсақ, мысалы орыстың еңбекші шаруаларына арнап айтқан пікірлерінде В. И. Ленин ол ортаға ерекше тән тенденция — демократиялық тенденция дейді. В. И. Ленин шаруалар жөнінен жазған сөзінде: «Бұның орасан мол көпшілігінің халі соншалық ауыр. Алпауыттардың жер қожалығы, бұларға көрсететін қысымы соншалық күшті, ал шаруашылық жайлары соншалық сорақы күйде нашар, теңсіздік сондай масқаралық халде зор, сондықтан бұл ортада демократиялық көңіл мен талаптар тұрғанда, аңдап болмастай стихиялық, амалсыздық қалпы да туады».

Және де Ленин: «Примитивтік крестьян демократиясында ғасырлар бойындағы крепостной құлдықтың, чиновниктік озбырлықтың, талаудың, шеркеу аярлығының, алдамшы бұзықтығының бәрі жыпылып тудырған таудай ыза, жиреніш те бар», — дейді.

Қазақтың да еңбекші халқын алғанда салт ертегілерінде барлық ызалы сынды: хандарға, байларға сол таудай ыза мен жиреніш түрінде қалыптағанын көреміз.

Әрине осы айтылғандармен қатар қазақтың салт ертегілерінде, халықтық ертегі болған күйдің өзінде де таптық сананың өсу шамасы, тарихтық жағынан жеткілікті болмағандықтан және тар көлемді болғандықтан, оның үстіне көпшілік санасына қанаушылардың салт-саналық ызғары, тізесі, зорлығы әсер ететіндіктен кей кездерде анық көрінетін қайшылық та болады. Сондықтан кейбір салт ертегілерінде өзінің теріс мінезін өкініп, қайта түзеліп кететін зорлықшыл хандар кездеседі. Тағы бір-талай ертегілерде «жақсы хан» болды-мыс дегендей жайлар байқалады.

Бұл күйді талдап ұғынуда екі ерекшелік бар екенін есте тұту қажет. Ең әуелі еңбек елі өз ортасынан шыққан еңбек иесі боп, өнер тапқан өжет адамды хан етіп әңгіме аяқтағыш келеді. Бұндағы таптық, қоғамдық бір сыр: бейнет елінің, көпшіліктің жайын, күйін білетін, арманын

ұғатын адам әкім болса, жақсы болар еді деген түсінік, наным да байқалады. Сондай адамын халық хан қояды. Ал хандықты, ескілікті тар көлемді түсінік бойынша, хандықтың өзі де адам басына келетін бакыт, жақсылықтың ең зоры деп түсінген. Жоғарыда айтылған таптық сана-ның жетіліп өспегендігінің нәтижесі де білінеді.

Осы айтылған жайлардың барлығы қазақтағы салт ертегілерінің мәнін, сырын шешуге, бұрын қазақ ертегісін зерттеу жөнінде қолданылып жүрген идеялық қателіктерден, құрғақ тамашалағыш буржуазиялық-ұлтшылдық және әр алуан «бірыңғай ағым» (единный поток) түсінігінен тазарған, анық марксизм-ленинизм негізіне сүйенген тексеру қажет екендігін аңғартады. Ғылымның міндеті, зерттеушінің борышы, еңбек елі шығарған халықтық шығармадан сол халықтың таптық мүддесін тануда. Қоғам тарихының ертелі-соңды күндеріндегі шындығын айқындап, жүйелеп таратып беруде.

Салт ертегілері қазақта ұшан-теңіз болса да, әлі тегіс жиналған жоқ, ерекше зерттелген де емес. Бірақ, бүгін туып отырған көркем прозаның (роман, әңгіменін) мол іргесі, кең қоры осы түрде екенін даусыз дәлелдейтін ауызша айтылған салт романы (халық романы), тарихи ұзақ әңгіме (повесть), тарихтық хроника ең алғашқы қысқа әңгіме (новелла), қызық құрылысты өткір әңгіме, өсиет әңгіме, күлкі әңгіме, геройлық аңыз, шебер өмірбаяндық әңгімелері, жорық-жортуыл әңгімелері сияқты — құбылысы көп, қиын түйінді, шытырман оқиғалы (приключенческий) әңгімелер — бәрі де осы топтан табылады.

Мұндай алуан түрі, көркі көп халық қорына қарағанда, жазба әдебиеттен бұрын-ақ көркем қарасөз туғызушы атсыз әңгімешілер еңбегімен, қалың халық даналығымен бірге қазақта аса шебер жанрлар (түрлер, үлгі, өрнектері) туып өсіп қалғанын көреміз.

Көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сатысыз көп қор құйған болса, бүгінгі көркем прозаға да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр. Бұл жай қазақтың салт ертегілерін тексерумен көркем прозасын талдап ұғынуда — ғылымдық үлкен түйінді, проблемалы мәселе есебінде зерттеліп, тексерілу қажет. Әсіресе, осы жайларды тақырып таңдаудан, әңгіме желісін таратудан, адамды бейнелеуден және өте-мөте әңгімелеу тілінің, сөз кесте-

сінің ұқсастық, текстестік жағынан қарап зерттеу, талдау шарт.

Салт ертегілер қазақ фольклорында сап жағынан аса көп болумен қатар, бірнеше айқын түрлерге де бөлінеді. Соның алдымен көзге түсетін түрі тұрмыс-салт ертегері.

Жалпы ертегі ішінде салт ертегілер көп болса, соның өз тобындағы ең молы — тұрмыс-салт ертегілері. Бұл ертегінің көптігіне орай тақырыбы да мол. Оның ішіндегі бастыларын санасақ: пайдалы өсиет, ақылды жігіт, ақылды қыз, қиянатшыл жар, өгей шеше қастығы, хан қиянаты, әке мен бала, ағалар мен інілер арасы, тағдыр мен бақ, ұрылар мен аярлар әңгімесі сияқты неше алуан болып шығады. Бұлардың жалпы тобынан туатын идея, қоғамдық салт-сана: үстемдік пен теңсіздікті, зорлық пен қарсылықты, байлық пен кедейлікті, бақ пен сорды, жақсылық пен жамандықты, ақыл мен ақымақтықты қарсы қою түрінде болады. Осы қатарда үй іші тұрмыстың адалдық пен қиянаты, беріктік пен алдасуы да көп ертегінің идеясын ашып отырады.

Жоғарыда айтылған тақырыптар ретімен қарасақ пайдалы өсиет жайындағы салт ертегілері өз алдына бір мол әңгімелер болады. «Білгір адам»¹, «Қарттың ұлына өсиеті»², «Үш ауыз сөз»³, «Үш өсиет»⁴, «Өнеге»⁵, «Алпысқа келгеннен ақыл сұра»⁶, «Үш кеңес»⁷ деген ертегілердің барлығы, осы бір тақырыптың көп түрлі әңгімесі, кең қайталамасы есепті.

Салт ертегісінің бұл түрінде адам жайы ғана қалыпты адам болып кездеседі. Ертегі ері мұнда батыр да, бағылан да емес, көптің бірі және айласыз, әлсіз жалқы адам болады.

Көбінше өмір тартысына, талқысына бұрын түспеген, көргені мен тоқығаны аз жас болады. Сондықтан бұл адам көптің бірі, тірлікте, қоғамда күнде кездесетін жас буынның өкілі. Ендеше ертегі осындай жасөспірімге серік етіп, өзіндей жасты әңгіме етіп, нақыл, ақыл береді. Тірлік үшін алысудың тәсілін, құралын бермек болады.

¹ ТӘИ архивінен.

² Сонда.

³ Сонда.

⁴ Сонда.

⁵ Сонда.

⁶ Сонда.

⁷ ТӘИ архивінен.

Міне бұл түрлі ертегіден туатын тәрбиелік, ұстаздық мағына осындай — өмір құралы жазылмаған кітап нәріндей болып келеді.

Тұрмыс-салт ертегілерінің тағы бір көп қайталайтын тақырыбы — ақылды жігіт, ақылды асыл қыз жайындағы ертегілер. Бұл ертегілердің ескі түрі қиял ертегілерінің әсерін көрген, сондағы ертегілік қиын жол, қыспақ хал сияқтының бірталайын ішіне ала жүреді. Қыз ақылды, жігіт жақсы болып қиядан табысатын бір нұсқалары болса, сонымен қатар кей ертегіде қыз ақылды дана, бірақ жігіт олақ болып кездесіп, арадағы ақылды дос жігіт, не дос қыз көмек етіп «мұрат хасыл» болады. Осы алуандас ертегінің бір үлгісі «Жалайдар хан мен Сағат»¹. Мұнда ақылды сұлу хан қызы жігітке ғашық, іздеп табуын тосады, аңсайды. Жігіт өзі жете алмастай, сонда ақылды досы Сағат жәрдемші болады. Жол ауыр, өткелсіз қиын. «Тозбас тон, азбас ат» керек ететін жол деп, ертегінің өз тілінде баян етіледі. Бейнетпен жетеді. Бірақ жігіт ғашығына жолығар түнде ұйықтап қала береді. Қыз белгілер қалдырып отырады. Ақыры Сағат көмегі, ақылымен қыз жігітке қосылады.

Осы түрде әңгімеленген ертегінің бәрінде жұмбақ, өрекет көп келеді. Қыз үнсіз, бірақ зат қалдырып, ылғи жігітін сынап, із тастап отырады. Ақылды қыз әңгімесі тағы бір осындай ескі ертектен хан қызы болып, бірақ әкесінің қатал кәріне ұшырап жазаға бұйырылып, сол жаза түрінде қайыршы жігітке беріледі. «Жақсы әйел»² деген ертегі де солай келген. Ерік, ықтияр жоқ, күндік күйдегі әйел халі өзгедей емес, хан қызының басында да бар. Қиянатшыл, қатал қаскөй хан жұрт қызына қысым көрсетумен тұрмай, өз қызына да сор тудырады. Бірақ ертегінің ақылды қызы қайратты да, мінезді де. Ол көп жерде, шын қаспәтімен хан қызы емес, халық қызы болып кетеді. Сондықтан қайыршы күйеуін, не кем-кетік, не ақылсыз қор болып жүрген «жаман» деген атқа ілінген күйеуін алам етіп жақсы етіп, биік баққа жеткізіп отырады.

Ақылды жігіт әңгімесі де осы ақылды қыз сияқты сан түрлі, көп алуанды болып кетеді. Соның бірі — «Қарт пен

¹ ТӘИ архивінен.

² ТӘИ архивінен.

тапқыр жігіт»¹ деген ертегідегі жас. Ол бірге жол жүріп келе жатып, қасындағы қартқа екі-үш түрлі жұмбақ, қиғаш сөз тастайды. Сонда «арқаласайық» дегені, әңгіме айтысайық дегені екен.

Өлген адамның жаназасына кезігіп, «өлмеген екен» дейді, пісіп тұрған егінді «желінген екен» дейді — бәрінде де ақылды, терең мағына бар болып шығады. Жұмбақты үйге келгенде шалдың қызына да тастайды. Бірақ, қыз бәрін шешіп, ұғынып, дана жігітке жар болып қосылады.

Ақылды жігіттің бір алуаны әділ шебер кісі болып, елге, жұртқа даңқы жеткен «Аяз би» сияқты болады. Мұнда, елдік абыройды алған жақсы жігіт, көбінше елеусіз көптен шыққан, қалың ел ортасынан келген жалғыз жігіт болады. Ол жігіт елге жаққан, қиынның ебін, қиюсыздың бабын тапқан ақылды болғандықтан, хан сарайын да өз дерегіне мойындатып, үлкен күш несі болып кетеді. Қарадан шығарып, «Бақпен асқан патшадан, мнымен асқан қара артық» деген халық әңгімесі ондайды хан қоятыны да бар. Халық, бұқара көпшілік хан мен әміршінің ақылсызынан, қиянатшылығынан зығыр жеген кезінде ең болмаса осындай үлгілі ертегісі, әңгіме-қиялы арқылы дауласа күресіп, өз мүддесін айтады.

Бұл жөнде Добролюбовтың орыс ертегісі жайында айтқан елеулі үлкен ойының бірін еске алу қажет. «Өзге ертегілердің көпшілігінде қулық пен айлакерліктің, зорлықшыл күштің басым екендігін байқауға болады: бұл өте табиғи хал, ақыл санасы өсу жолында зорлықшыл күштен көп бөгет көретін адамдар арасында болады. Сол зорлық себебінен, тура жолмен алысудан тайқып, қулық, айлакерлік жолына амалсыз ауысады», — дейді.

Қазақтың айлакер, ақылды, алғыр және күлдіргі мазақшыл тазшалар жөніндегі ертегілері және әсіресе, «Алдар Көсе» жайындағы ертегілері Добролюбовтың осы айтқан пікіріне анық айғақ бола алады. Халық ортасында туып тұрған, хандарға қарсы ертегілер айла-лы ақылдының қара күшті, жауыз зорлықты жеңіп қана қоймай, масқаралаған, мазақтап кетіп отырғанын да таңытады.

¹ Сонда.

Сондай кездерде тұрмыс-салт ертегісі қырсықты ханды жеңген жанның бәрін көп дәріптейді. «Кесір хан мен тазша»¹ деген ертегіде осындай қырсықты хан — қыз болады. Басын үш рет сөзбен көтерткен кісіге тимек, көтерте алмағанның басын алады. Салт ертегісінде көп кездесетін осындай сертті жазаларға, қатал сынға шыдап барып, жүлде алып келетін әрдайым, тағы да халық өкілі болады. Мынау ертегіде сол талапкер — тазша болады. Ол хан сертін әдейі айтылған княс даумен мысқыл етіп жояды да, женеді. Қызды, ханды ақылы мен тәуекелінің жүлдесі етіп көнбесіне көндіріп отырып алады.

Осы алуандас тағы да өмір шындығынан туатын салт ертегісінің бірталайы — қиянатшыл өгей шеше жайындағы ертегілер. Бұл тақырып тегінде жалғыз қазақ емес, көп ел ертегісінде бар. Өгей шешенің қыз балаға сор тұғызатын қастығын, әсіресе орыс халқының қиял ертегілері де, салт ертегілері де көп әңгімедейді.

Ал «Бақа»² деген ертегі — тағдырға иландырам деген ертегілерге қарсы, әдейі әзіл, мысқыл есебінде туған әңгіме.

Онда Бақа деген шал «көріп кел» де, сәуегей де емес. Бірақ еріксіз балгер, болжаушы болады. Өзі тілемей, ешбір дайын болмай сол міндетті атқаратын болады. Жай жазықсыз таза адам. Өзінің мынадай өрескел халінен барды беріп құтылуға ынтық. Қашпақ та болады, бірақ құтылар шара жоқ, балгерлік етпесе қауіп төніп, тосып тұрады. Бұның халі әрі уайым, әрі күлкі. Сонда болымсыз, ойда жоқ себептер Бақаның сандырақ сөзін — ем сөз қып шығарады. Бақаның кәдірі артады. Тағы қысылып, тағы сәтпен, айтқаны келеді. Үшінші қысталаң сында мұның Бақа деген атының өзі шалдың бағы болып шығып, сол құтқарады. Сөйтіп бақ деген нәрсе арзан, оңай жолмен Бақа шалға ойда жоқтан өзі келіп оралады. «Жалғыз балгер»³ мен «Ойда жоқ»⁴ деген сияқты ертегілер дәл осындай.

Бұл әңгімелердің түп мағынасы бар, тағдыр деген үгіт, өсиеттерге қарсы елдің сыншы, мысқылшыл, тол-

¹ ТӘИ архивінен.

² ТӘИ архивінен.

³ ТӘИ архивінен.

⁴ Сонда.

ғаулы ойы тудырған бір алуан күлкі, ажуа, сыншы әңгімесі, тапқыр әңгімесі болады.

Тұрмыс-салт ертегілерінің тақырып түрлері бұл саналғандармен бітпейді, көп те, кем де келеді. Бірақ, осында тексерілген ертегілер арқылы ашылған ерекшеліктер, қоғамдық, сыншылдық сырлар, таптық идеялар, композициялық ерекшеліктер бәрі де тұрмыс-салт ертегісінің байырғы, туынды түрлеріндегі ескілі-жаңалы жалпы бітімді аңғартуға жарайды.

Салт ертегілері қатарындағы алуаны бөлек бір топ — күлдіргі ертегілер. Бұл ертегілер бала мен үлкенге бірдей ортақ, тапқыр күлкіге, қызықты жеңіл түйіндерге құрылған әңгімелер болады. Алдымен бұндай ертегілердің оқиға ортасында жүретін бас геройының өзі ерекше. Оның бар іс-мінезінен бұрын аты-қалпы, кескін-ұсқыны да күлкі, оқыс келеді. «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ»¹, «Ұр тоқпақ»², «Қаңбақ шал»³, «Байбай шал»⁴, «Айлалы тазша»⁵, «Қу тазша»⁶, «Тазшаның қырық өтірірігі»⁷, «Қу бала»⁸, «Екі еріншек»⁹ деген сияқты болып, ертегінің аты мен адамынан да әңгіменің ойнақы, күлдіргі, жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады.

Бұл қатарда қазақ халқы айтатын күлдіргі әңгімелер ішінде алдымен аталатын «Алдаркөсе» болуға керек еді. Бірақ ол жайындағы әңгімелер ілгеріде айрықша тексеріледі.

Жаңағы алғашқы саналған күлдіргі ертектің өзіне оралсақ, ең алдымен олар жайында байқалатын бір өзгешелік, көбіне ортақ бір сипат осы. Күлкі оқыстан туған, келте қайырылған тар жердің тәсілі, ұйқы-тұйқысы тәрізді болады. Оқиғалы тартысы күлкі болғандай, ойда жоқ күлкі хал көп қимыл әрекеттер туғыза келіп, бірінің үстіне бірі қат-қабаттап үйіле, жұмарлана түссе, сонда күлкі әңгіме жетісе түсіп, күлкісі, қызығы үдей береді.

Сондай, мазмұнға сай құрылыс жағынан қарағанда «Тазшаның қырық ауыз өтірігі» анық күлдіргі ертегілердің ең шебер үлгісі деп атауға татиды. Мұндай күлкіге бейім біткен ерекше жайлардан тыс, бір ауыз сөз жоқ. Өтірікшіге қыз бермек болған хан сертінің өзі бір әсерленген, дағдыдан тыс хал. Содан басталған тазша өтірігі: «Мен анамның құрсағында жатқанда, тұмаған ту

1—9 — бәрі ТӘИ архивінен.

атамның жылқысын бақтым»,— деп кетеді. Мұндағы өтіріктің себебі: ертегінің әдейілеп, нақтылап алған күлкілік мақсатынан туған. Өзі ылғи ғана болмас, иланбас суреттерге құрылу керек. Және өтірік құр татымсыз емес, аса қызық тапқырлық бар, әдейіленген жасанды көркем шығарма болу шарт. Тазша соны түгел ақтап, адақтап шығады. Ең аяғында хан әдейі қиын тосқауыл жасап, оқыс сұрақтар береді. Тазша өзге әңгімесін бұрын ойлап келді, енді мұның шын өнерлі өтірікші екенін сынау үшін осы арада, тұтқиылда қысып көру керек. Сондықтан хан: «Бәйтерегің қысқа шығар»,— дегенде, тазша шұғыл сұраққа іле жауап беріп: «Болса болар, түбінен таңертең ұшқан күйкентай басына кешке жетіп қонушы еді»,— дейді. «Күн қысқа шығар»,— дегенде: «Болса болар, таңертең қашқан марал кешке бұзаулаушы еді»,— деп тағы да үдеп кетеді. Және осы оқыс сұрақтарға берген жауаптары бұрынғы айтып келе жатқан бастан бергі өтіріктерінен өзгеріп, ауысып кетпейді. Дәл солардың үлгі, бітіміндей «үйлесімді» болып бітеді.

Бұл күлдіргі әңгіменің бір ерекше қасиеті — өзі жан несінің бәріне мәлім, бәріне ұғымды көріністерді, жанды, жансыз табиғат көріністерін алады. Солардың болмас, көнбес, қиғаш суретін тыңдаушының көз алдына өз басының ісімен, қатынасымен байланыстыра айтқанда еріксіз, өрескел, күлкі күйлер туады. Ұғымдылығы мен күлкілігі тек қазақ тіршілігінің ерекшелігінен ғана туған емес, әрі қазақ, әрі бар адам баласына түгел жетерлік мөлдір айқындығында.

Күлдіргі әңгіме, тегінде, анық шебер құрылса, осындайлық көпке мәлім, көпке қанық жайдан алыну керек. Ол үшін күлкілік хал барлық жұрт білетін көптің көз алдындағы табиғат ішінен алынатыны — халық күлкісінің бір ерекшелігі, даналығы.

Қазақтағы күлдіргі ертегінің осы алуандас бір мысалы, «Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ». Онда да адам өрескел кескінде болғанмен, тағдыры табиғат көрінісімен байланыстыра алынған. Бұты шидей, басы қуық қағанақтай, тамағы қылдай кісілер әңгіменің басынан-ақ оқшау тұрпатымен көпке күлкі болып тұрады. Олардың өрескел кейпіне қарай ісі мен өлімі де күлкі, оқыс болады.

Әңгіме өте қысқа, сол қысқалығы да мазмұнынан туған соншалық түсінікті, заңды тұр. Атына затын сай кел-

тіретін күлдіргі ертегінің бір тарауы қайшы халге, контрастка құрылады. «Қаңбақ шал», «Байбай шал», «Шал сияз» сияқты ертегілерде шалдың қарттық себебіндегі әлсіздігі алынса, сонымен қатар тапқыр, айлакер, қулығы алынады. Әрі әлсіз, әрі өзі ақылды, сол ақылдылығымен мықты болған қайшылық күйі, бұл алуандас әңгімені де өткір күлкі етіп шығарады.

Қаңбақтай қураған шалға алып дәумен шайқасуға тура келеді. Қаңбақтай шал дәуден күш асырған болып, жердің шегін теуіп шығарады. Түлкіні алдайды. Үш дәу бірігіп көп алыспақ болғанда «жоғарғы дәудің басын ас, төменгі дәудің төсін ас, ортаншы дәудің өзін ас» деп айламен үркітіп, қу болып саналады. Қаңбақ шал қысылған шағында, айла мен өтірікті еппен құрал етеді. Мұндайлық өтірікке құрылған әңгіменің сөз кестесі де соған бейім, сай келеді.

Күлдіргі ертегілердің ендігі бір алуаны «Ұр тоқпақ» сияқты жансыз, елеусіз заттардың ойда жоқ, қырған-қызық өрескел әрекетіне құрылады. Бұған «піс қазан», «бас ноқат», «шырт ноқат» деген сияқты ойда жоқ оқыс күлкі туғызатын заттар халдері мен істері де қосымша мысал болады. Күлдіргі ертегінің бұл түрінде адам ықтияры, асыл қайраты көп іс өндірмейді. Адам не күлкі, не күшті күйге ауысса, жаңағы тілсіз заттарға ертегі бітірген ерекше қуат, сыр арқылы ауысады. Сол заттар істейтін оқыс істер болмаса, бұл ертегілердегі жеке адамның, үй ішінің — қоғамның тіршілігінен әңгімеленетін хал-жайдың бәрі салттағы, күнделікті шындық, болмыстың өзінен алынған болады.

Қазақ ертегісінде көп күлдіргі әңгіменің ортасында жүретін әдейі айлалы, тапқыр етіп кеїіптелетін бір жан, тазша болады. «Айлалы тазша», «Қу тазша», тағы әлденеше тазша боп әңгімеленетін күлдіргі ертегілерде мағына да мүлде мол болады.

Тазшаның сол «тазша» дегеннен басқа аты да жоқ. Өзі кедей, жалғыз, бұған ешкімнің жәрдемі, жақсылығы болыспайды. Бірақ нелер қиын халден, қысталаңнан аман шығып жүреді. Өзі ақылы, қайраты, тынымсыз әрекеті, тапқыр сезгіштігі арқылы аман шығады. Және бір айқын сыры тазша ылғи ханмен, патшамен, уәзір, жендетпен тартыса жүреді.

Қазақтың салт ертегісіндегі тазшалар орыс ертегісіндегі батрақ малай, солдат жайындағы әңгімелерге аса

жақын келеді. Сонымен қатар қырғыз, бурят, якут сияқты елдер ертегілеріндегі айлакер кедейлер, малшылар жайындағы әңгімелерге қатты ұқсас болады. Бұл ертегілердің бәрінде де еңбекші малшылар арасынан шыққан халық өкілі айлакер, ажуаға жүйрік малшы, тазша халық юморының, мысқылының тамаша үлгілерін талапты түрде танытады. Қорқау, зорлықшы, қанқор хан, уәзірді әшкерелеумен қатар обыр, жеміт байларды да масқаралаумен болады.

Солардың бәрін ақыл-айламен, алдаумен жеңеді. Бұлармен тартысу жөнінде өтірік айтса, теріс істесе, қулығын жалғанға жұмсаса, айып емес. Өйткені, ол ортаға сондай әрекет істемесе болмайды дегендей болып, халық әңгімесі тазшаға ойдағысын істетеді. «Айталы тазшаның» ханнан қысылып, байды алдап, жасауылды алдауы, оларды өзі «күтқарып» алғаны, ханға болысатын бақсы кемпірді өлтіріп, оның жаласынан және құлан-таза құтылып, ақыры мақтан алуы сол айланы өзі алдампаз ортаға қарсы құрал етіп жұмсағанын көрсетеді.

Кейде тазша қулығымен мысқыл еткенде ұрыдан ұрлық, аярдан аярлық асырып, түбінде барып, тағы екі ханды алдап масқара етеді.

Жалпы тазша әңгімелерінде тапқырлық мысқыл, ажуа бар болса да және сол айла-тәсілі халық сүймейтін қанаушы ортаға қарсы жұмсаса да, кейде тазшаның өзі халыққа да ерсі теріс көрінетін бұзақы қылмыс істеп жіберетіні де болады. Бұл осы алуандас халық әңгімесіне үстем таптық, жат ортаның қосқан жамауы болуға тиіс.

Алдаркөсе

Алдаркөсе жайындағы қазақ айтатын аңыз ертегілер де көпке мәлім, көп қызықтаған, алыс заманнан келе жатқан әңгімелер.

Алдаркөсе жайындағы аңыз жалғыз қазақта емес, сыбайлас, туыстас қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен елдерінде де бар. Онда да Алдар бір пішінді күлдіргі алдағыш, мазақшы болып көрінеді.

Бұларға қосымша Алдар жөнінде қазақ айтатын күлдіргі аңыздың үлкені — «Шық бермес Шығайбайды алдау». Ол қоғамдық мәні зор әңгіме болғандықтан барлық Алдар күлкісінің халықтық мазмұн-мүддесін танытады. Осылайша Орта Азия елдерінің көпшілігінде айтылатын

Алдаркөсе аңыз ертегілері ескі замандағы қоғамдық мінез, қатынастарды мазақ ететін, көпке қызықты, мысқыл күлкі болып шығады. Әрбір әңгіме ажуа түрінде айтылады.

Кейбір қоғамдық жай күйлерді, сорақы мінез-құлықтарды көп шақта халық аңызы күлкісіз, салқын жүзбен, жиренумен, ашумен айтатын болса, сонымен қатар көп жерде осы Алдаркөсе әңгімелері сияқты сынағыш, шанышпа, мазақ еткіш сөздермен айтатыны бар.

Халық өте сүйген өнерінің бір түрі осындай күлкі әңгімелер. Бұлардың шеберлік, өткірлік, тапқырлық күйлеріне қарап, сол әңгімелерді шығарған ортаның талантын, өнерпаздығын тануға, бағалауға болады. Алдаркөсе әңгімесімен қатар, осындай тапқырлық, жүйріктік, шапшандыққа құрылған күлкі мысал әңгімелер өте көп. Соның барлығын ел іші әр заманда да, жаппай әңгіме қылатын, көпшілік ортасында ешуақытта ескірмей, көп-көп заман бойында ұмытылмайтын, жойылмайтын әңгіме болып келген.

Алдаркөсе әңгімесін жеке-дара, өз басына келсек, ең алдымен, мұның әуелгі туған заманын дәлелдеп айтуға болмайды. Пәлен ғасырда, пәлендей қоғам ішінде туды деп, бір дәуірді бойлап айту қиын.

Алдаркөсенің өз туысы, өмірбаяны туралы да ешбір мөлшер, дерек жоқ. Өйткені революцияға дейінгі тапқа бөлінген рушылдық-феодалдық қоғамды алсақ, соның қай дәуірі, қай кезі болсын, барлығына да Алдаркөсе әңгімелері, оқиға тақырыптар қона кетеді. Алдаркөсе әңгімелерінің шындығын сол заманның қайсысынан да болса табамыз.

Ел қиялы Алдаркөсенің басына сансыз көп, шексіз кең оқиға, әңгімелердің бәрін жамай, құрай берген. Алдаркөсенің аты сондықтан да жеке-дара ат емес, мысал сөз түрінде жаппай ат болып кеткен.

Алдаркөсе әңгімелерінің бір зор ерекшелігі осы. Мұның алғашқы, ерте кезде шыққан бір топ әңгімесін сүйіп, көп қолданып кеткен ел бері келген сайын, сол алғашқыға тың әңгімелер қоса берген. Сонымен қатар, жалпы ауызда жүретін әңгімелердің қалпы бойынша, бұның ең алғашқы әңгімелерінен ұмытылып, жоғалып қалғандары да болған. Бүгінгі бізге жеткен әңгімелер де ел аузындағы қыдырып жүріп келген әңгіменің бәрі емес. Бұл бергі айтушының құлағына тиген үзінділер ғана.

Алдаркөсе әңгімелерінің негізгі тақырып, мазмұнын алсақ, бұл — көпшілік бұқара, қалың еңбекші ел санасынан туған шығармалар. Сол көпшіліктің бір уақыт сараң, жеміт, сасық байға арналған таптық, қоғамдық, мысқылын білдіріп: Алдардың Шық бермес Шығайбайды алдап, мазақ еткенін көрсетеді. Алдар жайындағы өте өткір, күлдіргі, шебер әңгіменің бірі осы. Мұнда көпшілік бұқара дүннеқоңыз, шірік, арам қорды байдың сұм құлқынын өлтіре мазақ етеді. Тағы бірауық, ой-санасы ашық, сыншы көпшілік Алдаркөсе арқылы діннің қараңғы нанымдарына да шабуыл жасайды. Алдардың шайтанды алдауы да — өте мағыналы әңгіме. Дүниенің жаралуы турасындағы фанатик молдалардың ертегілерінің бәріне елдің сау ақылы иланбай күлкі етіп, ажуа қылғаны көрініп тұр. Және шайтанды жан несінің ең қуы етіп, адам ақылын оның қасында әлсіз етіп бір қараңғы бұлдырға таза ақылды тұсап берем деген талаптың бәріне де көпшілік түсінігі қарсы. Сондықтан Алдаркөсе шайтанды өзінің өткір, тапқыр ақылы бойынша, өз мінездерін өздеріне істеп алып та, шалып та жығады.

Осымен қатар, өткір, алғыр, шапшаң ақылды бағалайтын ел неше алуан аңқаулық, аңғырттықты да мазақ етеді. Қомағай, ел жегіш, тегіннен пұл жинағыш саудагерді бір кезде аңқау етіп көрсетіп, оның өгіздерін Алдарға алғызады. Немесе баксы, балгер, дю, пері деген сияқтыны шығарып ел ақылын тұсап, надандық, қараңғылық қалпын молайтқан наныммен алысып, мыстан кемпірді қор етеді. Жұртты алдаймын дегендердің өзін алдап, жер ғып кетеді. Алдар әңгімелерінің тағы бір өткір мысқыл ажуаны, мықты мазақты қоғамдық, халықтық тұрғыдан танытатын тобы Алаша ханды масқара күлкі еткен аңыздан байқалады. Бұл әңгіме біреу ғана емес, біріне бірі жалғаса беретін бір топ күлкі, мысқыл оқиғалар болып келеді.

Сол қатарда жеміт айлакер, алдампаз саудагерді Алдарға мазақ еткізу де осындайлық таптық, халықтық санадан туған.

Сонымен қатар, әрине, Алдар әңгімесіндегі көпті мәз қылған, халыққа жаққан, ауызда жүрген әңгімені бұқараға жау тап та пайдаланғысы келген. Сондықтан, бұқараның оларға қарсы арнаған құралын үстем таптың бұған қарсы қайта құрал еткісі келген талабы да болады. Сондаймен Алдар әңгімесінің кей жерін өзгертіп, мы-

салы, өгізінен айрылушыны саудагер бай емес етіп көрсететіні бар. Осы сияқты аңқаулықты, бос нанғыштықты қалжың ететін ел сынып, қазақтың кедейіне, «Таз қойшыға» арналған ажуа есебінде бұрып жіберген жерлері де бар.

Бірақ мұндағы, Алдар әңгімесінің негізіне, бағытына, қоғамдық мазмұнына қарағанда, әдейі бұрып айтқан жамау сияқташып тұрады.

Оны ауызша әдебиеттің барлығына еріксіз кіре жүретін, бөтен тап қоспасы деп түсіну керек. Ал, одан басқа мазмұн мағынасын алған Алдаркөсе әңгімелері — нағыз сыншы, шебер күлкіге ұста қалың бұқара туындысы болады.

Алдаркөсе күлкісінің түр, құрылысындағы өзгешеліктеріне қарасақ, ең әуелі күлкі, қызық өрескел жай, адамның атында түр. Су жұқпас Көседен шыққан мысқылшы, нысаналы, туысы бөлек, тұлғасы басқа адам болып келеді. Алдар деген аты да әйгілі. Ол жасырынбай шынын жарыққа салып, «мен мазақ етем, мен ажуалаймын» деп тұрған ашық жағы. Қайда қу мен сұм, қайда құнсыз топас келеңсіздер болса, соның бәрің де жығам, жеңем деп ізденіп шығады.

Халық әңгімесі бұған кездестірген бөгет қарсылықты да ойда жоқ қиыннан, қиысыздан құрайды.

Алдарға сараңның бермесін алғызады. Алдампаздың ең зоры — шайтанның өзі ұттырады. Елді, жұртты жебеі сауып, алдап жүрген саудагерді тонатады. Сыр, сиқыры бар, «көріп кел» бақсыны мазақ еткізеді. Соның бәрінің қатарында кәрі күшті, кегі қатал, ажалдай болып тұрған хан сарайын масқара еткізеді. Осының баршасы да қиыннан туған, бөгетті жеңген тартыс күлкісі. Оңайдан туған арзан күлкі емес, аса мазмұнды күлкі.

Алдар әңгімелерінде күлкі мысқыл қоғам құрылысының, қоғам тартысының құралы болғандықтан осылай. Және бұл құрал, бұл күлкі — өлмес елдің өшпес күші. Сондықтан, ол үнемі жаңғырып, өсіп көбейіп отырады. Сол себепті де қазақ аңызы Алдарды өлді деп айтпайды. Алдар аты — күлкі аты, күлкіге өлім жоқ. Ендеше сол күлкі өшпейтіндей Алдар да өлмес жап бейнесінде әңгімеленуі шарт. Қазақ аңызында Алдардың туысы айтылмаса өлімінің де айтылмайтын мәні осыдан.

Асанқайғы

Алуаны бөлек, ерекше бір аңыз ертегінің адамы Асанқайғы. Бұл тарихта болған адам. Бірақ, тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп өтіп еді. Ол жайының ешқайсынан дәл дерек жоқ. Тарихта болған адамдар ішінде өмір сорабы, іс еңбегі халықтың нағыз ертегісі болып, тек сол қалыпта ғана ой-жадында сақталған адамның бірі — осы Асанқайғы.

Асанқайғы өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиет арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білік-дерек береді.

Фольклор көлемінде біз Асан бейнесінің айналасына халық жиған аңыз-ертегіні тексереміз. Мұндағы Асан — ақын Асан, көркем сөз шығарушы Асан ғана емес, өзі халық шығарған көркем әңгіменің геройы болып кеткен Асан. Бірақ осы қалпында да Асан туралы екі түрлі, біріне бірі қайшы, қарсы екі алуан аңыз әңгімелер бар. Соның алғашқы мол тобынан халықтық сана көріңсе, екінші саны азырақ түрлерінде өте кертартпа, реакцияшыл хан-феодалдар санасы танылады. Сөйтіп, бұл бейне айналасында ауыз әдебиетте екі түрлі таптық тартыс идеялар бар екенін көреміз. Тексеруге алғанда халықтық үлгілерді аламыз да, жат саналы аңыздардың таптық сырын әшкерелейміз.

Енді сол халықтық аңызға оралсақ, онда Асан халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген адам болады. Асанның өмірі мен еңбегіндегі, өлең-өсиетіндегі нәрлі, сырлы қасиеттерін алып, соны халық ұлғайтып, өсіріп, даңқ етіп әкеткен. Мұндай шығармаларда Асан бейнесі, халықтың қиялы мен өнері туғызған өзі бір әдебиеттік бейне.

Асан жайындағы аңыз ертегілері ерте күннен бастап, бергі замандарға шейін халықтың үнемі қоспа қосып, түрлеп, өсіріп келген шығармалары болады. Әсіресе осы күнгі қазақ мекен етіп отырған жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайындағы «Асан айтты» деген сынсарап, барлау, болжау сөздердің көпшілігі сол жерлерде бергіңде келіп қоныстанған елдердің өз жерінің сырын, жайын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң, Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары болады. Асан жайындағы халық аңызы әр дәуір, әр

буын тұсында түлеп өсіп отырды дегеннің мәнісі, дәлелі осы.

Асан жайындағы аңыз ертегінің ең мағыналы көріктісі, халық үшін қызықтысы — оны малға мекен, елге ырыс жер іздеуден бұрын желмаяға мініп, қазақ жайлап отырған орын, өрістің бәрін шарлап, тыным таппай шарқ ұрып кезетіндігі жайында. Көрген қоныс, мекеннің біріне қанағат қылмайды. Арманды бір жер барын сезеді. Оның аты — қиял мекенінің аты болмақ — «Жерұйық» деп ат қояды. Сонда жетсе ғана, соны мекен етсе ғана, халқы бақытты болмақ. Игілікті ырыс атаулының жанды көрінісі, белгісі болып «қой үстіне боз торғай жұмыртқаламақ». Мұнда малға, шаруаға да береке бар, адамға да бақ-мереке, тату-тыныштық, шат-шадыман тірлік бар. Міне, осындай жерді өзі үшін емес, елі, жұрты үшін іздеген Асан — ел қамқоры.

Ол мұны іздеуді өздігінен таппайды. Елдің сол күнгі шаруашылық, қоғамдық тірлігіндегі болмысына, күй кескініне қарап, қанағат етпей, торығып барып іздейді. Шаруашылық болмысына да, қоғамдық құрылысына да риза емес. Және қалың ел қандай риза емес болса, бұл да соншалық, сондықтан риза емес.

Осы риза еместік жаңа дүние, жаңаша бір бөгде, өзгеше болашақты, бақ қиялды тілетеді. Тілеп, аңсап іздеуге талпынтады.

Сол қиял мекеннің аты бірде «Жерұйық» аталса, кейде «Жиделі байсын» делінеді. Бұл орынның екеуін де Асан өз тірлігінде таппайды. Өйткені, ол мекен өзі келмейді, оны халық өзі қалың бейнетпен таппақ керек. Ер еңбегін кешіп, өз талабымен, ұзақ қысталаң сыннан соң жетпекке керек.

Ер, жар төсегінен түңіліп, мал төлден тынылып, шексіз ұзақ сапарға жылдар бойы әзірленіп, төзу керек. Сондай қиын қымбат кешуден өтіп барып қана, ел сол еңбегі үшін, үнемі жидесі таусылмайтын жағалай жасыл дәулет, бақ мекеніне жетпек.

Мұндай қиял мекенін бір қазақ емес, өз ертегілерінде ел тудырған. «Суы — сүт, жағасы — балқаймақ» өзен — мекенді орыс аңызы да көп айтқан.

Бірақ, Асанның елі сияқты барлық ел ол қиял мекеніне сол аңыздарда жетпей қала береді.

Міне, халықтық көркем аңыздың бір геройы Асан жайындағы әңгімелердің осындай мән-жөні бар.

Ал, осымен қатар, Асанқайғы жайындағы әңгіменің екінші, халыққа жат, бөтен саналы бір түрлері тағы бар дедік.

Ол аңыздағы Асан — халық мүддесімен қабысатын Асан емес, хан сарайының ақылды сыншысы, санашылы болған Асан. Бұл Жәнібек ханға ақыл айтады. Құладыңға қу ілдіргенің жаман ырым, қала салғаның — жаман қылық деп сынап-шенейді. Мұндағы Асан кертартпа феодалдық заңның санашылы болып шығады. Хан мен халық арасындағы қайшылықты айтқанда ол хан жағының таптық мүддесін жақтап, жоқтап сөйлейді.

Онан соң бір үш ауыз толғауда «мұнап соң қилы-қилы заман болар» деген сөзінде және де хан үстемдігінің жоқшысы болады.

Саны ап-аз болғанмен, Асанның «Жәнібекке айтты» деген сөзі және кейін Бұқар шешетін, «Асан айтыпты мыс» деген қысқа толғау — екеуі де халық сүйген Асаннап басқа бөлек, жат саналы адамды танытады.

Бұл — үстем тап санасының анық халықтық аңызға қосқан қосымшасы. Халық ортасына аса даңқты, абройлы болған адам атына хан мен билер ортасы өз үгітін, таптық санасын, мүддесін қосып әңгімелеп, Асанның тұлғасын өз жағына бұрып айтады.

Осымен ауызша аңызда біріне бірі қайшы екі алуан әңгіме бар екенін көреміз. Сонда негізгі, күрделі, көркем әңгіме халықтікі. Ол қайғылы Асан жайындағы әңгіме. Екінші Асан қайғылы емес, ол өз үстемдігін жүргізіп тұрған адам болса қайғылы болу жол емес, алдыңғы образға қарсы, қайшы, контраст образ болады. Мұны осылайша айырып талдап түсіну қажет.

Жириенше

Ескі фольклор ішінде Алдаркөсе мен Асанқайғы әңгімелеріне ұқсайтын шығармалардың бірі Жириенше әңгімелері. Мұның да дәлді қай заманда туғаны мәлім емес. Бұнда да Алдаркөсе сияқты алғашқы шыққан түріне кейіннен қосылған қоспа, жамау көп.

Жириенше әңгімесі де халық аузында көп айтылатын, көпшілікке өте мәлім әңгіме. Жириеншенің аты да Алдардың аты сияқты жаппай атау болып кеткен. Алдарға мұны ұқсататын тағы бір ерекшелігі — бұның жайы да

қарасөзбен айтылатын қысқа-қысқа жеке әңгіме болып құрылады.

Жиренше әңгімелерінің Алдардан бөлек бір ерекшелігі: бұған бұқара ортасынан шыққан әңгімелерден басқа, үстем тап санасынан ауысқан жамаулар көбірек.

Жалпы алғанда, Жиренше әңгімесінің көпшілігі де бұқара санасынан туған, мұндағы негізгі әңгімелердің мазмұны сол бұқараның шешендік, шапшаңдық, тапқырлықты қоғамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көрінеді.

Сонда, көп жерлерде кедей, әлсіз Жиренше, үстем таптың өкілі болған ханнан зорлық, қорлық көрмеу үшін алысады.

Ал ел әңгімесі Жиреншені бір арам, зорлықшы ханның қасына жолдас етіп береді. Хан мұның әйеліне қызығып, көзін жоймақ болып, басына қастық етумен болады. Жай адамның қолынан келмейтін істермен сынап, үнемі оның аяғы тайғанын аңдып отырады. Жиренше сол хан зорлығының бәрінен өзінің ақылы, айласы, шеберлігі арқылы зорға құтылып жүреді.

Ел әңгімесі тапқыр, жүйрік Жиреншені ешбір ханға да, хан сияқты бөтенге де жеңгізбей қояды. Жалғыз-ақ оны жеңетін — әйелі Қарашаш болады. Әңгіме Жиреншеге Қарашашты әдейі көңілдегідей мінсіз, жақсы жар етіп қосады. Сол себепті, Қарашаш «бай еді», «хан еді» деп бөтенге қызықпайды. Ақылы, қасиеті артық Жиреншеге берік дос болып қалады. Кедейлігін де елемейді. Қарашашты аламын деген хан талабынан Жиренше өмір бойы құтыла алмай қойғанда өз басын өзі құтқарып, Жиреншенің қасында қалу жолын да Қарашаштың өзі табады. Қарашашты ханға аудармай, ұдайы Жиреншенің басына берік етіп, қасында қалдыру — елдің Жиреншені сүйгендігін білдіреді. Жиренше әңгімесінің негізгі тақырыптары, мазмұны осындай.

Қорқыт

Қорқыт жайындағы аңыз ертегісінің бірнеше түрі бар. Соның барлығында Қорқыт өзіне тән бір кейіпте бір зор мүдденің соңында болады. Ол арман-мүддесі, өлімге қарсы алысу, өлмеске бір шара іздеу. Қазақтағы аңыз ертегінің Қорқыт турасындағы негізгі тақырыбы осы.

Бірақ, Қорқыт жайындағы әңгіме, аңыз тек қазақша

ғана емес, өзге, қазақпен тектес елдердің көбінде бар. Қазіргі күнге шейін өз фольклорында Қорқыт атын сақтап келген: қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, азербайжан елдері.

Азербайжан, түрікмен, башқұрттар, оның жайында «Дәдә Қорқыт» пен мол әңгімелер айтады. «Қитаби дәдәм Қорқуд» деген атпен түрікмендер, азербайжандар ұзақ-ұзақ дастандар, нақыл әңгімелер жинағын тізген. Бұл елдер өздерінің оныншы, он бірінші ғасырлардағы фольклор, әдебиет ескілігін осы Қорқыттан да бастайды.

Қорқытты түрікмен, өзбек «Қорқыт ата» деп әңгімелейді. Қарақалпақ, қазақ, қырғызда тек Қорқыт атымен жүреді. Ескі рулар аңызында суреттелген Дәдә Қорқыт, қазақ аңызындағы Қорқыттан басқа бейнеде.

«Қитаби дәдәм Қорқуд» бойынша Қорқыт үлкен бір қарт, қария, ақылгөй дана кісі болып, әр кезде жыр толғаумен үгіт-өсиет айтып отырады. Ол кітаптағы Қорқыт араласатын үлкен оқиғалы бір әңгіме «Бамсы Бәйректе» Орта Азия елдерінің батыр жыры — «Алмапысқа» ұсаған мол сюжет бар. Қорқыт сол әңгіменің көп жерінде араласып отырады. Балаға ат қоюда, оған қалыңдық айттыруда, жүріп әрекет етіп, ақыл парасатымен көп жәрдем етеді. Әр кезде бұның айтқан болжауы дәл келіп отырады. Көп іспен мінездер жөнінде терең, кемел толғау, сындар айтып қояды. Сол айтылған толғаулары көбінесе өлең, жыр, көркем жыр болып, ел жадында қалып отырған. Өлең толғауларына қарағанда Қорқыт қазақтың батырлар жырларында көп кездесіп отыратын Сыпыра жырау сияқты. Толғауды сол сыншы жырау айтатын кездерде айтып отырады, дегені де сондай болып келіп, айтқан ақылында ақау болмайды. Тек Сыпыра жыраудан айырмасы бұл мінсіз дұрыс адам, жөні дұрыс, оң кейіпкердің жәрдемшісі болып жүреді. Және үнемі хан қасында отырған Сыпыра жыраудай хан сарайының ғана ақылшысы емес, баласыз атаға, панасыз жасқа да аталық жәрдем, жақсылық етіп жүретін көмекші қария болады. Бұл соңғы кескін бітім, кейде қазақ аңызындағы Асанқайғыға ұқсаңқыран отырады.

Міне, Қорқытты дастан етіп сақтаған елдердің бір тобында оның бейнесі, оның жайындағы әңгіме өрісі осылай келеді.

Ал, қазақтағы аңыз ертегілер бұл Қорқыттан басқа бейнені суреттейді. Бұндағы ең зор ерекшелігі, Қорқыт

сөз атасы емес, күй атасы, жер үстіндегі адам баласы білген ән-күйдің өз атасы болады. Және бір зор, айқын тұрған ерекшелігі, өлімге қарсы алысуы. Бұл мұсылманшылық ұғымында құдай бұйрығына, тағдырға қарсы шыққан күпірлік есепті болғандықтан, шығыстағы көп әңгіме Қорқытты тек ақылгөй, дана қарт қып әкетсе де, қазақ әңгіме-аңызы оның қасиет-ерекшелігін, сол тағдырмен алысушы болуына саяды.

Қорқыт адамның тірлігі шақты болғанына наразы. Өлім деген обыр барына наразы. Өлімнен құтылам деп шарқ ұрады, шартарапты кезеді. Бірақ, қай тарапқа барса да, алдынан азнап тұрған көр шығады. «Кімнің көрі» деп сұраса: «бұл Қорқыттың көрі»,— деген жауап алады, дейді.

Осы әңгіменің өзін де халықтың жеңіл ғана, үстірт қана емес, мұндағы «көр» дегені дәл көрдің өзі емес, әрбір тозбақ, өлмектің бейнесі, елесі деп білу керек. Шартараптың бәрінде Қорқыт көрдің өзін көрмейді, жүгірген аң өлексесін, ұшқан құс жемтігін, құлаған ағаш, қураған шөп қалдығын көреді. Оларда да бір шақта өмір, тірлік болған, енді сол өмір бітіп, жоқтық жұтып бара жатқан халдерін көргенде, осы жайларды «көрге» санайды. Бұлар осылай өлді, сен де солай өлмексің, бітпексің деген елесті береді, ойды ойлатады.

Қорқыт — әр заттың өлімінен өзінің ажалы мен көрін көргендей болады. «Қайда барса Қорқыттың көрі» дегеннің халық аузындағы мағынасы осы. Философиялық, поэзиялық зор мағына.

Өзі тынымсыз ойшыл, өзі өнерлі, дана Қорқыт содан кейін қалың оймен қатты толғанып жүріп, өзгеше бір өнер табады. Су үстіне кілем жайып, ағын сумен бірге өмір ағышындай жылжып ағып отырып, өзі жасаған бірінші қобызбен, жер үстіндегі ең тұңғыш күй аспабымен «күй» атты сәнді сыр шертеді. Қазақ аңызы бойынша жер жиһан күй дегенді естімеген шақта, адам баласы ән-күй білмей тұрған шақта осы өнерді бірінші аспаптың қылына оралтып шығарған Қорқыт еді дейді. Сондықтан Қорқыт жер үстіндегі күй атасы болды дейді.

Су үстінде Қорқыт ағып келе жатып, өлімге қарсы мәңгі өмірді мадақтайтын күйді тартқанда, хайуанат, ұшқан құс, жүгірген аң — қысқасы, барлық тірлік несі жап-жануар өзен жағасына анталап кеп тыңдасады. Құптап тыңдайды. Жағадағы тау-тас та сол тірлік күйін

жаңғыра күніреніп тындайды. Аңыз осылайша баяндап, Қорқытты құптаушы, қостаушы, қадірлеуші жан-жануар қаншалық көп болғанын білдіреді. Қорқыт атының өлмей, өшпей сақталуына адам нәсілі өзі кепіл дегендей болады.

Қорқыт осындай өнер туғызып, артына, адам нәсіліне соншалық асыл мұра тастап кеткендіктен өлмеді. Өлімге қарсы амал тапқан жан болды. Өйткені, бұл аңыздың өмірлік, философиялық шын терең мағынасы — өзі өлсе де артына өлместік мұра қалдырған адам, өлмеген адам деп саналуға тиіс дейді.

Міне, Қорқыт жайындағы негізгі аңыз ертегінің мазмұны осылай. Екінші бір алуан аңыз ертегіде қазақ әңгімесі Қорқытты әзірейілге кездестіреді. Әзірейіл мұның жанын салып алатын сандық істеп әкелген. Қорқыт әзірейілмен жауаптасып тұрып сандықтың ішіне әзірейілдің өзін алдап салады да, сандықты бекітіп, суға ағызып жібереді.

Әзірейіл көпке шейін судағы сандықтан шыға алмайды. Сол кезде көп уақыт ешкім өлмей, жанның бәрі аман жүретін біраз дәурен болады. Бірақ, судағы сандықты бір балықшы шал аумен ұстап алып, аузын ашқанда, әзірейіл ішінен шығып, сол арада жаңағы шалдың өз жанын алыпты дейді. Бұл бір үлкен мысқыл, сыншы әңгіме.

Мұнда да аңыз етуші халықтың тілеуі мен достығы жақсы бейілі дін жағында емес, Қорқыт жағында екендігі көрінеді. Қорқыт өзі бұл әңгімеде, ойнақы, мысқылшыл, әзіл-айлашыл жан болып көрінеді. Жас, ойыншы, айлакер болып сезіледі. Жалпы қазақ әңгімесі Қорқытты қарт қып суреттейді. Алғашқы әңгімелердегі және мына әңгімедегі Қорқыт жалынды жас кескінінде болғандай. Бұлай болса, осы қазақ айтатын әңгімелер, жалпы Қорқыт жайындағы барлық әңгіме, аңыздардың ішінде қарт Қорқыт емес, жас Қорқытты айтқан ерекше бір бөлімдері болу керек. Өмірді сүюді соншалық оттай, жанды күйде суреттеу арқылы халық Қорқытты өмір, тірлік үшін алысушының ең зоры еткен. Сол себепті, кейін шаманизм нанымы бойынша ауруды бағып, өліммен алысқан бақсы атаулының барлығы Қорқыт күйін тартып, алысатын болған. Ол күй өмір тірлікті қорғау, арашалау күйі болғандықтан, бар бақсының сиыну күйі болды.

Дүние жүзінің фольклорында, әсіресе ескі мифтік, діндік ертегі аңыздарында осы Қорқыт сияқты өмір

үшін, өлімге қарсы алысқан бірнеше ұлы бейнелер бар. Бұлардың бәрі, түбін ойлағанда құдай бұйрығымен, ажалмен ғана алысушы емес, сол алыс арқылы құдайдың өзімен де алысқандар деп саналады. Соның бірі грек мифінде — Прометей, осетин аңызында — Амран, үнді аңызында — Сидхарта болған болса, қазақ ескілігінде — Қорқыт болады. Қорқыт жайындағы халық түсінігі осылай болса, оның бейнесін үстем таптың кертартпа санашылдары басқаша етіп ұғындырғаны да бар. Өзінің үстемдік дәурені өтіп, құлап, күйреп бара жатқан кей топтар «қайда барсаң Қорқыттың көрі» деген нақыл шығарып, Қорқытты айықпас пессимизм айғағы етуге тырысқан. Осыны қазақтан шыққан ұлтшыл алашордашыл, контрреволюция әрекетіндегі кей ақындардың әдейі мадақтап, бұрып, бұзып әңгімелегені де бар-ды. Бірақ, халық ұғынған Қорқыт пессимист емес, өмір үшін қатты алысушының бірі. Және сол көп алысушылардың ішінде дегеніне жеткен, өлместің амалып, шарасын тапқан жанның бірі Қорқыт деп саналады. Салт ертегілерінің тіліне қарап, халық поэзиясының жазба әдебиет тілінен басқаша келетін өзгешеліктерін, ерекше қазымалық қасиеттерін зерттеу қажет. Ал салт ертегілерінің және сонымен қатар жалпы қазақ ертегілері түр-стиль өзгешелігін, татымды қасиеттер жағынан бағалай отырумен қатар олардың көркемдік құрылысындағы бір қалыпты қайталағыш, жылжымас тұрақтылық тәрізді олқылық жайын да атап өту керек. Ауыз әдебиетінің көпшілігіне ортақ бұл өзгешелік жөнінде Чернышевский айтқан түйінді бір пікірді еске аламыз. Чернышевский: «Халық поэзиясы айтам деген жайын өзгеше көркемдікпен айтады. Оның кемшілігі мүлдем басқа түрлі, бұнысы бір қалыпты, аумас күйінде. Сонысы орасан сұрқылт күйге (монотонность) айналып отырады. Патриархалдық өмірдің мазмұны жылжымас халде, ол өмірдің түрлері де қатып тұрғандай, жылжымастық өзгерісі аз түр. Халық поэзиясында да дәл осындай күй бар», — дейді.

Бұл пікір ұзақ ғасырларға созылған қазақ халқының шаруашылық-қоғамдық, тіршілігіндегі патриархалдық-феодалдық болмыстың жылжымас, аумас мешеулігін таныды. Сол халдың қазақ ертегілерінің де кей түрлеріне, стилдік өзгешелігіне әсер еткендігін айрықша тануды көмек етеді.

Біз осымен қазақ халқының ертегі тобын шолып өттік. Қорыта айтқанда ертегінің қай түрін алсақ та, ол еріккеннің ермегі емес, зор қоғамдық, тарихтық сыры, мәні бар әңгімелер екенін көреміз.

Фольклордың барлық түрінде, ертелі-соңды өткен қоғамдық дәуірлердегі таптық тартыстың шындығы көрінеді десек, ертегіде соның неше алуан күйдегі құбылыстарын танымыз.

Кейде, ертегі геройына қарсы алысушы айдаһар, жалмауыз, жезтырнақ кейпінде болса, онда да халық, сұмырай жауыздық түрінде өз тұсындағы қоғамдық қиянат, озбырлық, жауыздық тұлғасын бейнелеген. Бертінде салт ертегілердегі қиянатшыл хан, уәзірлер кескінінде де сол қоғамдық, таптық тартыс сыр ашылады. Не жеке бір адам, немесе жеке бір үй өмірінің, жалғыз — жалқы халық ұлының жауыздықпен күресуі арқылы да, сол жалпы қоғамдық-таптық мүдде, тартыс-талап көрінеді. Барлық басқа жұрт ертегілерінің сырындай, қазақ ертегінде де осындай терең тарихтық мән бар екенін айрықша ұғыну шарт.

Реформадан соңғы қазақ ертегілері. 60-шы жылдарда болған реформадан бастап Ұлы Октябрь революциясына шейінгі дәуірдің ертегілері...

Қазақ тарихының ендігі экономикалық қоғамдық-тарихтық өзгерістері, сан-салалы жаңалықтары тексерілетін дәуірдің ертегілері де өзінің үлкен әсерін тигізді. Бұл дәуірдің ең зор жаңалығы қазақ халқының және барлық Қазақстан өлкесінің экономикалық-мәдениеттік тіршілігі Россияның экономикалық-мәдениеттік, қоғамдық болмысына қосылуында. Ал Россиядағы 60-шы жылдардың басынан басталған жаңа тарихтық, қоғамдық-экономикалық дәуір, капитализмнің дамып өсу кезеңі болады. Сол Россиядағы үдей өсе бастаған капитализмнің арнаулы әсері қазақ мекендеген өлкелердің бәріне де көп салалармен ықпалын жүргізе бастайды. Қазақстан сияқты патшалық Россияның отар өлкесі болған аудандардың өзінің де Россиядағы капитализмнің үдей түсуіне сеп-себебі бола жүреді.

Бұл жөнінде Ленин айтқан: «Оңтүстік және Түстік-Шығыс еуропалық Россия, Кавказ, Орта Азия, Сібір орыс капитализмінің отарына айналып, оның тереңдеп

те, кеңейіп, қатты өсуіне себепші болады»— деген пікір сол жаңағы атаған тарихтық экономикалық жағдайларды анықтайды. Ендігі қазақ ертегілерінің барлық түрлеріне де сол тұрмыс-болмысқа кірген жаңалықтардың неше алуан ықпалы, әсері араласады.

Бұл әсерді жаңағы аталған дәуірде айтылатын ескі заманнан келе жатқан қиял-ғажайып ертегілерінің өздеріне қосылған үстеме жаңалық, жаңғырудан да байқауға болады. Көп ұғым-нанымдарда жаңа дәуір белгісі басым болғандықтан қиял-ғажайып ертегілерінің өздерінде де қоғамдық сарындар, сана, мүдделер молая түседі. Бұл қазақ ауылындағы таптық жіктің айқындалуына, тап тартысының ендігі тірлікте шиеленісе түсуіне байланысты жаңалық болады.

Хайуанат жайындағы ертегілердің орыс және көршілес өзге елдер әсерімен жаңғырып, байып өзгере түскенін көреміз. Осы дәуірде және де хайуанат жайындағы ертегілердің көпшілігі орыс ертегілерінің үлгісімен балалар ертегісінің қалпына айналады, ауысады.

Ал салт ертегілеріне келсем, онда қоғамдық мінді әшкерелеу тенденциялары бұрынғыдан да басымдап, үдей түседі. Сырт көзге қаншалық қиюсыз халдерді, жағдайларды баян етсе де, ендігі салт ертегісінде ертегілік геройлардың мінездері, тартысқа түсетін ортасы көбінше шындаққа жақын болып белгіленеді. Соның барлығымен салт ертегісінің идеялық, тәрбиелік, көркемдік бағасы арта түседі. Әсіресе бұл дәуірдегі салт ертегілерінде бұрынғыдан да үдей түскен сатиралық мысқыл, ажуа, үлгі тақырыптарының мол екенін байқаймыз.

Бұл алуандас ертегілердің тағы бір өзгешелігі, қоғамдық шындықты кейіптеу, баяндауында реалистік әдістер басымдайды. Осы аталған күйлермен қатар халық мұнын жоқтаушылар жөніндегі және халықтың қоғамдық арман, мүддесі жөніндегі ертегі, аңыз әңгімелер үдейді. Дәуірдің тарихтық үлкен жаңалығы есебінде бұл шақта Қазақстан өлкесінде де алғашқы өндіріс орындары орнай бастаған. Енді қазақтың еңбекші көпшілігінің арасынан алғашқы буын жұмысшылар шығып, молая берді. Сол жұмысшылар ортасының ауыз әдебиет, үлгі, өрнектері де бұл дәуірдегі қазақ фольклорының бұрынғы ғасырларда болып көрмеген жаңалық белгілері есебінде туып тарай бастайды. Бұл ортада ең алдымен алдыңғы дәуірлерде айтылып жүрген қиял-ғажайып, немесе салт

ертегілерінің де қайта жаңғыруы, жаңаланып айтылуы өзінше басқаша болады. Әсіресе осы ортада мысқыл, ажуа, сатира өрнектері көбейе бастайды. Солардың үстіне дәл осы жұмысшылар ортасының өздеріне ғана тән болған ерекшеліктердің, өмірлік шындық жағдайлардың нәтижесінде айрықша жұмысшылар ертегілері, аңыздары, нақылдары (сказы) туып тарайды.

Жоғарыда саналған өзгешеліктердің барлығы сияқты, бұл соңғы айтылған, XIX ғасырдың екінші жарымынан бері қарайғы ертегілерде байқалатын жаңалықтардың баршасы да тап тартысының елесі есебінде туады. Ендігі ертегінің көбі сол күндегі қоғамдық қалыпқа сын есебінде шығады. Сол себепті анық шындық жағдай барынша анық қарым-қатынастар сол сын, мысқыл, ажуа ретінде қалыптанады. Осы қатарда, ендігі дәуірде молырақ әсерін тарата бастаған дін-үгіт өсиеттеріне қарсы әңгімелер молаяды.

Сөйтіп, саналған жалпы ерекшелік жайлардың барлығы да реформадан соңғы қазақ шаруасының, қазақ еңбекші жұмысшыларының таптық салт-санасынан туып тарайтынын байқаймыз. Біз жоғарыда бұл дәуірдің ең үлкен анықтауыш ерекшелігі Россиядағы капитализмнің қазақ шаруашылығына, қоғамдық-тарихтық болмысына ықпалы тарай бастаудан туады деп едік. Сол жайдың шындығын пықтай түсу үшін енді біраз нақтылы шаруашылық — тарихтық жаңалықтар жайын атап өтейік.

Россия капитализмінің ауқымына Қазақстан шаруашылығы қосылу нәтижесінде ең әуелі сауда қарым-қатынасы күшейді. Орынбор, Сібір аймақтарында үлкен айырбас сауда орындары күш ала бастады. Жан-жақтан созылған саудалы керуендер Орынбор, Троицк, Қызылжар сияқты қалаларға ағылады. 60-жылдардың басында орыстың, Қытайдың және Орта Азия халықтарының пұлзаттары бір Тайынша базарының өзіне жайылғанда жылдық айналма сомасын 5 миллионға жеткізген.

Бірінші фронт аталған Қазалы сияқты қалаға орыс саудагерлерінің лавкелері қатарласа, жарыса ашылады. Жергілікті Қазақстандық базарлардың көпшілігі Россиядағы Ірбіт, Макаржы (Нижний) сияқты үлкен жәрменкелермен ұдайы жалғас болады. Қазақстан өлкелерінен айырбас сауда ретінде сатылып алынған мал 5—10 мыңдаған отарлар болып Қызылжар, Түмен арқылы Қазан, Макаржы және Москваға да айдалатын болады.

Орта Азия хандықтары Россияға қосылғанша орыс саудагерлері Бұхара сияқты хандықтардың саудагерлерімен талас, жарыс сауда (конкуренция) ретінде әрекет ететін болады. Кейін Қоқан хандығы құлап, оның өлке-лері Россияға қосылған соң орыс саудагерлері Сырдың бойын өрлеп, Түркстан, Шымкент, Сайрам, Ташкент сияқты қалалардан да барып шығады. Ал Терістік-Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстанда бұл шақтарда Қарамола, Қоянды, Ақмола, Атбасар, Ойыл жәрмеңкелері, Торғай облысының жәрмеңкелері қатты өседі.

Осы жағдайлардың кезінде Солтүстік Қазақстанда да, Оңтүстікте де қазақ халқының өз арасынан шыққан саудагерлер молая береді. Ақмешіт, Қызылжар, Семей сияқты қалалардан шыққан саудагерлер бір жағы Троицк, Орынбор, Ірбіт жәрмеңкелеріне барса және екінші жағынан Ташкент, Бұхара, Хиуаға немесе Қытай шегі Цәуешек, Құлжаға дейін сауда жүргізетін болды. Ал Россиядағы қазақ ортасына келіп сол Қазан, Орынбор, Нижний, Троицк, Қызылжар, Омск, Уфа, Семей сияқты қалалардан шыққан татар саудагерлері молаяды.

Орыс ірі саудагерлерінің жалдама доверенный, приказчиктері болып көп қатар делдалы қазақ арасына мол шығады. Қазақ шаруасының аяқты малы ғана емес, ет, майы, тері-терсегі, жүп-жұрқа, қыл-қыбыры, басқан киіз, елтірісі-сеңсеңі — барлығы да сауда айырбас-араласына қатысады. Бұның үстіне осы кездерде ат-көлік, түйелі керуен сияқты көліктерін сол сауда керектеріне жалдамаға жүргізу де жиілейді. Товарлық қатынас күшеюмен бірге, мал шаруашылығының, аңшылықтың, балық кәсібінің, қолөнер бұйымдарының өнімі өсе бастайды. Және де сол Россиямен экономикалық байланыстар күшею, молаю нәтижесінде әр алуан қолөнер кәсібі үдей береді. Әрине, осы айтылған халдермен қатар, жергілікті еңбек елінің көпшілігіне жер тарлығы, жаңадан күшейген үстем тап зорлығы басымдай түседі. Бай мен бек, болыс, би сияқты реформадан соңғы жағдайларда өз керектеріне мол пайдаланушы топтар, үстем тап қанаушылары күшейеді. Халық сыбағасы болған жердің шұрайлысын осылар алады. Сол соңғы топтар патшалық чиновниктерімен, саудагерлерімен қосылып, қазақтың қалың бұқарасын неше алуан жолмен қысып, қанай бастайды...

Осы айтылған тарихтық терең шындықтарға сәйкес қазақтың еңбекші көпшілігінің арасында келейшілік нә-

тижесінде жатақ молаяды және орыс крестьяндарының шаруашылық мәдениетінен өнеге алып, отырықшылықты салт ету басталады. Орал, Тобыл және Сырдария, Жем-Ырғыз, Торғай, Тоқырауын сияқты өзендер бойларында үлкен іскерлікпен жасалған тоғандар, арықтар пайда болады. Экономикалық байланыстардың өнімі Россияға ауысумен қатар, қазақ шаруасының да киіз үйіне орыс фабрикалары шығарған пұл-мата, ыдыс-аяқ, қару-сайман, әр алуан аспап-бұйымдары мол келе бастайды. Ендігі қазақ қолданатын киім-бұйымның баршасы Россиялық товардан, саудалы қатынастан келеді.

Қазақ ауылында бұл кездерде салттың өзгерісімен қатар, аса тереңдеген күйде, қоғамдық өзгерістер мол көрініс береді. Үстем таптың өзінің арасында да қалың көпшілікке ықпалын жүргізу ретінде тайталас-бәсеке басымдайды. Бұрынғы хан тұқымы сұлтан дейтіндер, аталы жуан шонжарлар өздерінің бұрынғы Россияға қосылмай тұрғандағы хандық, билік, әмір-құдіретіне айрыла бастайды. Олардың орнына енді малды байлар, айналы пысық саудагерлер ықпалы асқындай түседі. Бұл кездерде Россиядан келген жаңалықтың тағы бір зор жақсылығы есебінде өткен ғасырдың орта кезінен бастап орысша-қазақша мектептер ашылады.

Және де бұрын қазақ ортасына дегенін жүргізіп келген мұсылман дін басыларының (ишан-пірлердің, бірадарлардың) ықпалы да кей жағынан, Россия мәдениетінің тарай түсу нәтижесінен азая бастайды. Бұл ортадан Россия мәдениетіне қазақ халқының көпшілігін жуытпағысы келген, реакциялық әрекет үгіттер мол тарайды. Бұлардың ұранына, жоғарыда Россия саудагерлерімен саудалы бәсекеге (конкуренцияға) түскен Бұхара, Хиуа, Қоқан саудагерлерінің Россияға қарсылығы жалғасады. Әрі фанатиктік ислам уағаз-өснетін қазақ ортасына көп таратушы, әрі өздері сауда бәсекесінде қазақ даласын өз ықпалында ұстауға тырысатын татардың, қазақтың фанатик, дішшіл сауда-буржуазиясы да көп кезде. Россияның жаңалықтарына қарсы үгіттер жүргізеді. Бұлардың бәрінің әрекеттері, жоғарыда аталған қазақ ортасындағы бұрынғы хан-сұлтандар, би-шонжарлар сияқты ерте күндегі қанаушылардың бүгінгі наразылығымен табысады.

Осылайша қазақ даласында реформадан соңғы дәуірде біріне-бірі қайшы, қарсы ағымдар, салт-саналар бо-

лады. Реакцияшыл консервативтік үгіт таратушы казак шонжарлары, татар, бұхәр хазірет, ишандары осы реформадан соңғы дәуірде казак ертегі әңгімелеріне де өздерінің діншіл-фанатиктік, реакциялық ықпалын таратуға тырысады. Бірақ, казак елдігінің ырысына қарай Россиямен қосылу нәтижесінде казак халқына келетін зор тарихтық прогрестік жаңалықтарды жақтаушы ұлы қайраткерлер орыс халқының ішінен де, казак халқының өзінен де шыға бастайды. Осы аталған дәуірлерде казактың ұлы демократ-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар майданға шығады.

Қазак еңбекші жұртшылығының ендігі «айтқан мүддесі мен арманын» аңғартатын ауыз әдебиет үлгілеріне Шоқашың түсініктері, онан соң, әсіресе Ыбырай мен Абай шығармаларының арманы, санасы, тарихтық мәдениеттік озғын талаптары және де әсер етпей қалған жоқ.

Бұл ретте Шоқанның ислам іргесінен тараған діншілдік схоластикалық үгіт-өрнектердің барлығына аса айқын санамен қарсы болғанын білеміз. «Діндар казактар Мекеге бара бастады, ал біздің ақындарымыз халық жырларының орнына өлеңге салып ап, мұсылмандықтың діншілдік ертегілерін жырлайды. Жалпы Европа мәдениетіне жеткенде казак халқы да орыстардың Византиялық дәуірден өтіп жеткеніндей, татарлық дәуірден өтпей болмайтындай сор тап болыпты» дей келіп, содан тағы арғы сөзінде «өзі ұғымпаз және жас казак ендігі татарлық білімінен тек қана ақыл мен сезімді тұсайтын құрғана өлі схоластикадан басқа не жақсылық күтеді» деген болатын.

Бір жағынан осылай фанатиктік, қараңғы схоластик удан басқа түк жаңалық әкелмейтін діншіл исламшыл үгіттерді жиреніп әшкерелеумен қатар. Шоқан орыс халқының мәдениетіне және жалпы орыс елдігінің тарихына өз халқының барлық тарихын, тағдырын, тартысын туыстыра қоспақшы болады. Бұл жөнінде оның төмендегі пікірі де дәуір үшін аталған зор бағалы шындық болатын. «Біз орыс халқымен тарихымызбен де, қанымызбен де туыспыз. Шекспир қойғандай «болуға ма, болмасқа ма» дейтұғын байлаулы сұрақ қойылғанда, біздің ойымызша, бүгінгіден көп бейім, көп қамқорлық ететін миллиондаған елдің тағдыры бар. Бұлар өздерінің күдіксіз үмігін азаматтық дұрыс жолмен өсуге арнаған адамзат. Олар өздерін орыстармен бір туысқан отандаспыз

дейді және Россияның қоластына өз еркімен қосылған болатын».

Шоқанның бұл айтқан жайлары қазақтың қалың еңбекші жұртшылығының сол кездегі шаруашылық, қоғамдық, тарихтық даму арманынан туған барынша зор мүддесін баяндайды. Біз атаған, жаңғырған ауыз әдебиет ертегілер үлгісінде анық халықтық бағытты білдіретін шығармалар, негізінде, осындай әлеуметтік сырмен, шындықпен байланысты болады. Сол жолда қазақтың ертегілік, халықтық ұғым-нанымдарына, фольклор қазынасына жоғарыда аталған діншіл, исламшыл үгітшілердің кертартпа күштері әкеп жамаған қоспалары да болған.

Олардың араб шығысының дін тарихымен байланысты, қазақ халқына жат, әралуан мистикалық ертегі әңгімелері болатын. Бірақ оларды таратушы үгітшілер қазақтың Шоқан айтқандай, алымпаз, салт-санасына қонбайтын, дарымайтын қараңғылық үгіті болғандықтан, біз тексеретін дәуірдегі сондай дін ертегілерінің бірталайын өлең түріне аударып таратқан. Осындай үгіт-үлгісінің бір алуанына, айлакер талабына көңіл тоқтатып, В. В. Радлов қызық бір байлау айтқан. «Бір ғана жұм-жұма өлеңі қазақ сахрасын айқұш-ұйқыш кезіп жүрген жүз молданың әрекетінен артық іс етіп, исламшылдықты нығайтып жүр».

Жаңағы айтылған біріне-бірі қайшы тарихтық, үгіттік жайлардың бір алуан жағымсыз көрінісін орыс халқының үлкен оқымыстысы Радловтың да дұрыс аңғарғанын көреміз.

Қиял-ғажайып ертегілері

Жоғарыдағы кіріспе тексеруде біз дәуірдің, қиял-ғажайып ертегілердің жаңа дәуір әсерімен жаңғырып, жаңғыртылып әңгімеленетінін айтып едік. Бұл жөнінде М. Горькийдің әр заманда, әр орғада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: «Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп қосымша жасап, қолдануының ролі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен»¹.

¹ А. М. Горький. Предисловие к сказкам «Тысяча и одна ночь»

Бұлай болса, реформадан соңғы дәуірдегі ертегілердің мол бір тобы алдыңғы дәуірлерде айтылып келген қиял-ғажайып ертегілері болса, енді соларға жаңа заман ұғым-наным өзгешеліктері қосыла отырады. Сонымен қатар, жаңа дәуірдің қоспасы есебіне тыңнан туған қиял-ғажайып ертегілері де пайда болады.

Бұрынғы ертегінің өзгерістерін алғанда, мысалы, әйел халіне феодализм дәуірінен гөрі өзгерген халықтық көзқарастар туады. Бұған байланысты өгей шешенің, көп әйел алудың балалар өміріне қырсық, сор болатын жайлары әңгімеленеді. Мысалы, «Өгей шеше қастығы»¹, «Кісі етіше жерік қатын»², «Аталықтың шеше кегін алғаны»³ деген сияқты ертегілер қара шаруа, еңбек елінің бұрынғы феодадық-патриархалдық дәуірде орнаған әйел күйінің сорақылығына, үй іші тірліктің жабайылық, масқаралық қалпына қатты сынмен қарай бастаған түсінігін аңғартады.

Сонымен қатар әйел халінің қалың малға, неше алуан қорлық, теңсіздікке бағынышты болған халіне де жаңа заман, сын өкілі жиілеп көріне бастайды. Күйеуі қасқыр болып шығатын «Дудар қыз»⁴ әңгімесі, «Ағасы мен қарындасы»⁵ деген сияқты әңгімелер сол әйел халіндегі неше алуан теңсіздік жағдайынан туатын қайғылы оқиғаларды еңбек елінің сын көзімен баяндайды.

Тағы бір топ әңгімелер, ертегілер — хандарға және олардың ұғым-наным, салт-санасына қарсы сын ретінде туған әңгімелер болады. «Ұядағы хан баласы»⁶, «Қыдыр, бақ, ақыл»⁷, «Уәзір қызы»⁸ деген әңгімелер хан, сұлтандар ортасындағы озбырлық, қанқорлық қалыптарын көрсетумен қатар, сол өзімшіл үстем ортаның адам баласына сенбестік, жатбауырлығын да әшкерелейді. Өмірлік «ақыл», «бақыт» деген жайларға қияс — теріс көзқарастарын да танытады.

Бұндай әңгімелерде де хандар ортасын, салт-санасын

¹ ТӘИ архивінен.

² Березин материалынан.

³ Астраханский вестник, 1893 г., № 1302.

⁴ В. В. Р а д л о в. «Образцы», часть III.

⁵ Тургайская газета, 1893 г., № 24.

⁶ Г. Н. П о т а н и н. Приложение к журналу «Живая старина» 1916 года.

⁷ ТӘИ архивінен.

⁸ Г. Н. П о т а н и н. Приложение к журналу «Живая старина» 1916 года.

еңбек халқының қатты сынмен әшкерелей әңгімелейтінін көреміз. Әрине, халықтың өзі шығарып дамытып келе жатқан өз шығармаларымен аралас сол халық арасына үстем таптың неше алуан топтары сыншыларды тудырып қосқан. Ханшыл, төрешіл, байшыл, діншіл, құдайшыл, молдашыл ертегілердің де түрлері көп. Бірақ олар халық санасына жат болғандықтан, халық ауыз әдебиеті қатарынан шығарылады да зерттелмейді. Жоғарыда аталған анық халықтық ертегілер арасында бұл дәуірде айтылатын қиял-ғажайып ертегілер тобына, біртіндеп, мол қосымшалар көршілес шығыс елдерінің ертегілік қорынан келіп қосылады. Бұл ретте татар, башқұрттар айтатын өзбек, түркмен, қарақалпақ, қырғыз сияқты тілі жақын және көп замандағы көрші елдер арасында тараған көп қиял-ғажайып ертегілері қазақ арасына тарай бастайды. Осы топтың молы: «Мың бір түн» ертегілері, «Тотының тоқсан тарауы», «Бақтажар» атты мол әңгімелер болады.

Сол аталған қалың топты көп ертегілердің бәрі де бір жағынан ислам дінін тұтынған шығыстық елдер арасына арапша жазу, хат, кітап арқылы тарағанмен, бұл ертегілердің бәрі де туысында, әңгімелеуінде халықтық ертегілер болады. Бұл жөнде «Мың бір түн» ертегісі туралы Горький пікірін еске алу қажет. «Шаһризата» ертегілері халықтық ауызша шығармалардың тамаша ескерткіштерінің арасындағы ең ұлысы екенін көреміз. Бұл ертегілер ғажайып шеберлікпен, еңбек халқының «тәтті қиял сиқырына» беріле білгендігін, сөзбен еркін ойнай білгендігін, және шығыс елдері араб, фарсы, индустардың гүл атқан қиялының құйындай қуатын танытады. Бұл сөз кестесі, өте көне заманда туып, сан түсті жібек жіптерін барлық жер үстіне жайды да, сөз кілемінің сұлулығымен қаптай түсті¹.

Қазақ халқы айтатын қиял-ғажайып ертегілердің санын молайтқан бұл айтылған ертегілер тобына да, халық өз творчестволық еңбегін қоса отырған. Ең алдымен сол ертегілердің бар оқиғасын қазақ ертекшісі халықтың өз тілінде әңгімелейді. Бұл жайдың бір өзінде ғана көп тың еңбек бар екені даусыз. Өйткені оқиғалар, адамдар, әралуан іс мінездер, құбылыс, тартыс халдер жайын баян-

¹ А. М. Горький. Предисловие к сказкам «Тысяча и одна ночь».

дауға қазақ халқының өз сөздігі, тіл кестесі, сөз көркі, сөйлем орамы үнемі араласып отырады. Тағы бір елеулі нәрсе, бұл кезде қазақ тіршілігіне жоғары кіріспеде айтқандай базар, жәрмеңкелер саудалы қатынастар, неше алуан керуен кешулер, қым-қуыт араласулар мол жаңалық болып қосылғандықтан, сол «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы» сияқты ертегілердің көп-көп жайларын халық ертектісі өз заманының болмысымен байланыстыра әңгімелейтін болады.

Бұл жөнде ертегінің осылайша мазмұны, түрімен көп өзгеріп айтылуы қиял-ғажайып ертегілер үлгісінде дамыған мәдениеттік жай-жағдайды мәлім етеді. Өзінің баспасөзі, кітабы, мектебі болған шақтарында қазақ халқы барлық ертегілік өнері мен жалпы мәдениеттік даму жолына халықтық үлестер қосып отырған. Бұл жөнде Горькийдің айтқан бір елеулі ойды еске аламыз: «Ертегілердің мәдениеттік әсері жөніндегі дәлелдердің әлі талайы табылады деп ойлаймын. Мәдениет тарихшылары және көркем тарихшылары әзірше ертегінің мәдениетті әсері жөнінде, оның молдығы мен қуаты жөнінде әлі аз және көмескі сөйлейді»¹.

Қиял-ғажайып ертегілерінің тобына тағы осы дәуірде қосылатын бір алуан әңгімелер, ертектер, аңыздар қазіргі советтік шығыс елдерінің ерте замандағы классик ақындары қалдырған ұлы мұралардың ауызша қайталамасы боп та келеді. Бұл ретте парсы, тәжік елінің классигі Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасынан» ертегі боп тараған «Рүстем батыр» әңгімесін айтуға болады. Және сол Фирдоуси бастаған классик ақындар әңгіме еткен: «Жүсіп — Зылиха» жайындағы немесе бергі әзербайжан, өзбек ақындары әңгіме, жыр еткен «Ләйлі — Мәжнүн», «Фархад — Шырын», «Ескендір», «Бахрам-Гүр мен Фитна» жайлары әңгіме, аңыз болады. Басқа да осылар тәрізді күрделі, қызықты геройлық, не гашықтық тақырыптардан туған әңгімелердің ауызша үлгілері қазақ ортасында әңгімелене бастағанын көреміз.

Бұлардың ішінде кейбіреулері қазақтың бұрыннан айтылып келе жатқан халықтық әңгімелерінің оқиғаларына қызық түрде қабысып араласады. Кейбіреулері

¹ А. М. Горький. Предисловие к сказкам «Тысяча и одна ночь».

сол шығыстық классик ақындардың өздерінің өмірін аңыз еткен қазақ әңгімесіне айналады. Мысалы, «Сұлтан — Хұсайын және оның уәзірі Мир Әлішер» жайындағы әңгіме «Патша қыз бен құл»¹ деген атпен айтылады. Бұл ертегі бір жағынан қазақтың қол тума ертегісі «Аяз би» жайына жақын келеді. Сонда: «Шөп жаманы, құс жаманы, адам жаманы кім?» деген сұрақтарды шешуші қара құл болып шығады.

Фират шахы Хұсайын Байқара мен оның уәзірі ұлы ақын Мир Әлішер Науан қазақтың ауыз әңгімесіне осылайша, өзгеше жағдайда қатысады. Ал Ескендір жайындағы осы дәуірде жайылған аңыз, әңгімелердің қазақ ортасында көп болғаны және мәлім. Бұлардың да негізгі түрлері Низами, Науан тәрізді эзербайжан, өзбек классиктерінің ұлы мұраларынан туып тараған қазақ ортасындағы халықтық варианттар болады. Ол әңгімелердің бәрі хан, сұлтандарға жаңа дәуірдегі халықтың сыншы көзқарасымен байланысты әңгімеленеді.

Сол қатарда, мысалы, Ескендір жайында оның «Қос мүйізі» турасындағы әңгіме мол тарайды. «Шырын қыз» ертегісінде патша зорлығы үлкен, қатал сынмен әңгімеленеді. Ал «Бахрам-Гүр мен Фитна қыз» жайындағы Низами поэмасының оқиғасы қазақ арасында көпке жайылған мақал-мәтелдер де туғызып әңгімеленеді. «Қуланнның қасынуына, мергеннің басуы» дейтін мәтел Бахрам Гүр патшаның Фитна қызға өлім жазасын бұйырған, қатал қастық әмірінен туған боп әңгімеленеді.

Жазықсыз, теңдіксіз қыздың өзіндегі ақыл, жігері арқылы қылышынан қан тамған шығыстық тиран, қанішер патшаны жеңіп шыққаны баяндалады. Көршілес шығыс елдерінен қазақ ортасына келіп тараған қиялғажайып ертегілер қатарына тағы да осы дәуірдегі қоғамдық ұғым-нанымдарға, салт-саналық тарихтық тың түсініктерге сай бір әңгіме сараң бай турасында болады. Дүниедегі ең сараң адам есебінде масқара түрде әшкереленіп, әңгімеленетін «Қарынбай» деген бай жайындағы ертегі бар. Бұл байдың сараңдығы адамзатты қинау, қорлау түршіктірудің, жирентудің үстіне жанды қансыз табиғатты да ерекше жирентіп, түршіктірген болады. Сондай сорақы мінез-құлықтарынан «Қарынбайдай» сараң байды, барлық малымен, мүлік-мүкәммәлі-

¹ Тургайская газета, 1904 г., № 18.

мен, бастығын өзі етіп бір-ақ күнде қара жер жұтып қояды. Осындай құрдым бай жайындағы, жалпы байларға қарсы өткір, мысқыл, ажуа, әңгіме, аңыз қазақ халқының ортасында, әсіресе, еңбекші жұрт арасында, ең даңқты аңыз болып тарайды.

Сараң байды айтса, сынаса, «Шық бермес Шығайбай», «Қарабай», «Қарынбай» деп еске алғанда, бұл байдың аты халықты жиренткен лақап аттың бірі боп кетеді.

Міне, көршілес шығыс елдерінің ертегілерінен қазақ ортасына жайылып тарап, өз варианттарын тудырған бағалы, халықтық шығармалар қиял-ғажайып ертегілер тобында осылайша келеді. Ал бұл жайларды атаумен қатар, жоғарыда кіріспеде айтылған хал бойынша, қазақ даласына исламшыл-діншіл, фашистик, кертартпа үгітшілерінің ел санасын улатып таратпақ болған, діндік, мистикалық, таптық жат саналық ертегі-аңыздары да болады. Ол әңгімелерде дін таратушы Сүлеймен сияқты пайғамбарлар мадақталады. «Қызыр пайғамбар», «Мұхамбет пайғамбар» немесе соның шадиярлары, әулие болмыстары туралы аңыз, әңгімелер айтылады.

Осы қатарда шығыстың әр алуан тақтарында тирандық, деспоттық әмір-күдірет жүргізген: шахтар, халифалар, сұлтандар, хандар мақталып әңгімеленетін болады. Атымтай сияқты байды «мырза» деп дәріптеген әңгімелер де араласады. Бірақ бұл топ ертегілер қаншалық көп болып, діншілдер аузымен әңгімеленсе де, қазақтың еңбекші халқының санасына сіңбейді. Халық әңгімесі болып дарымайды да, тарамайды.

Қайта осы алуандас ертегілерді және неше алуан нанандық өзге нанымды дәріптейтін «қызыр» атымен байланысты «бақ» дегендерді қиялдайтын әңгіме, аңыздарының баршасын да халық ертегілері мысқыл, мазақ етеді. Мысалға: «Қу бас»¹, «Ұядағы хан баласы»², «Ескендірдің мүйізі»³, «Қызыр»⁴, «Қыдыр, бақ, ақыл»⁵, «Атымтай»⁶ деген сияқты ертегілерді еске алуға болады.

Бұл аталған топтардан өзге осы дәуірде қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінің қатарына орыс халқының қиял-ғажайып ертегілері де әр үлгілерін, әр алуан ва-

¹ Г. Н. Потанин. «Живая старина», приложение, 1916 г.

²⁻⁴ Сонда.

⁵⁻⁶ ТЭИ архивінен.

рианттарын тарата бастағанын байқаймыз. «Жалмауыз кемпір», «Таусоғар», «Көл жұтар» сияқты алыптар, ғажайып тұлпар аттар жөніндегі және айдаһарлар турасындағы ертегілердің ендігі айтылу варианттарына орыс ертегілерінен, Афанасьев жиган, Ершов шығарған ертегілерден, Пушкин, Жуковский шығармаларындағы ертегілік тақырыптардан көп ауысқан әңгімелер болады. Бұған қазақтан шыққан Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ағартушылардың әсері, еңбегі мол араласады. Сонымен қатар „Орыс қазақ“ мектептері көп ашылып, қазақ жастарының көп буындары ХІХ ғасырдың екінші жарымы мен ХХ ғасыр бойында орысша оқып, орыс мәдениетіне араласа бастауы да себепші болады. Осы тұрғыдан қарағанда кейбір шығыс ертегілерінің мысалы: «Мың бір түн», «Тотының тоқсан тарауы» сияқты ертегілердің өзінің де көп жайлары, үлгілері, ең алдымен, қазақ ортасына жайылудан бұрын орыс тіліне аударылып, басылып тұрады. Сол әрекет мол болғандықтан тіпті жаңағы шығыстық ертегілер қазақ ортасына орыс тілінен көп жайылып таралуы да мүмкін. Бұл да реформадан соңғы дәуірдегі қазақ ортасында айтылатын ертегілердің молаю, тарау жолдарын зерттеуде аса ізерлеп, терең тексеретін жайдың бірі.

Қиял-ғажайып әңгімелері турасында соңғы айтатын бір жай, бұл дәуірдегі қазақ ертегілерінің қиял-ғажайып персонаждары бұрынғы шақтардан сонауғұрлым молая түседі. Шығыс, орыс қиял-ғажайып ертегілерінің қазақ арасына көп жайылған үлгілері ішінде ендігі ертегілерде бұрын болмаған дню, пері, жын, өзі ұшатын кілем, кісе көрінбес тақия (шапка-невидимка), ғажайып сырлы айна, жайылып, жиылған дастархан (скатерть-самоубранка) сияқты жанды, жансыз заттар персонаждар көп араласады. Бұл да жоғарыда айтылған қазақ қиял-ғажайып ертегісін реформадан соңғы дәуірде жаңғыртып, молықтыра түскен жайларды анықтай түседі.

Хайуанат жайындағы ертегілер

Реформадан соңғы дәуірде, хайуанат жайындағы ертегілер, бұрынғы өткен дәуір ертегілерінде өз тұсынан арнаулы жаңалықтарын қосады. Бұл жаңалықтар екі алуан. Біреуі — қиял-ғажайып ертегілері жайында айтылғандай: бұрын әңгімеленіп келген ертегілерге жаңа

заманның шаруашылық-қоғамдық, саясаттық жаңалықтары арқылы қосылған үстеме жаңғырулар. Екінші алуаны — тыңнан қосылған осы екінші дәуір тудырған ертегілер болады.

Бірінші үлгідегі ертегілер, бұрынғы өз мазмұндарында болған қоғамдық, таптық тартыс жайларын, ендігі шнеленісе түскен тап тартысы жағдайында және де тереңдеп өткірлей береді, хайуанат жайларын мысал етіп отырып байлар, төрелер, әр алуан әкімдер, ишан-пір, хажы, молда, қожа және саудагер сияқты қалың елді қанаушы топтарды өткір мазақ, сықақ етіп, мысалдаған сатира түрлерін күшейтеді. Бұл жөнінде орыс әдебиеті мен фольклорының әсері де аса зор болады.

Қазақтың демократ-ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және басқа ақындардың еңбегі арқылы қазақ тілінде И. А. Крыловтың мысалдары аударылады. Бұл мысалдар аударылып, тарау жағына келгенде, орыс халқына тез ұғылып таралғанындай қазақ ортасына да аса даңқты болып тез жайылады. Халықтың өз аузында көп айтылып жүрген бейнелеу түріндегі, сатиралық халық әңгімелері енді орыс ертегілері мен Крылов мысалдарының есебінен өте зор мәні бар қоғамдық саясаттық және мәдениеттік-идеялық тартыс құралына айналады.

Крылов мысалдарының үлгісінде және орыс халқының хайуанат жайындағы ертегілерінің үлгісінде халықтың ауызша шебер тілді, өткір саяси мазмұнды, сыпшылық сарындағы қысқа қазақ әңгімелері туып тарайды. Осымен қатар, бұл дәуірдегі хайуанат жайындағы әңгімелерге түгел жайылатын бір ерекшелік: енді халықтың бұл үлгілері, ауыз әдебиет өрнектері түгелімен ауызша шығарылған халықтық балалар әдебиетіне айнала бастайды.

Қазақтың өзіндік, халықтық туындылармен қатар, ендігі дәуірде күнделік араласы күшейіп, нығайған орыс халқының хайуанат жайындағы ертегілері де көп ауысқанын көреміз.

Балалар әдебиетінің қатарына айқын, даусыз қосылатын хайуанат жайындағы екінші дәуір ертегілері: «Түлкі мен қоян»¹, «Кедей шал»², «Түлкінің арыстанды

¹ «Астраханский вестник», 1893 г., № 1302.

² «Оренбургский листок», 1894 г., № 41.

өлтiргенi»¹, «Кiм неден күштi»², «Күшiк пен мысык»³, «Қоянның ернi»⁴ деген сияқты ертегiлер. Бұлардың көбiнде орыс ертегiлерiнiң анық, айқын әсерi бар. Мысалы, «Түлкi мен қоян» деген ертегiде түлкiнiң қоянды алдап, оның құйрығын алып қойып, бәрмей кеткенi айтылады. Ол орыстың мектеп балаларына арналған оқу құрал, хрестоматияларында көп кездесетiн түлкiнiң сансайқал, алдампаз аяр, айлалы iстерiнiң бiрi. Ал «Кедей шал» әңгiмесiнде балықшы шал Хан-Шабак дейтiн балық патшасын ауға түсiрiп алады. Балықты тiлегi бойынша босатып жiбередi. Кейiн ол күдiреттi балықтың қаснетiмен үлкен бай болып, бар мұратына жетедi. Бұл ертегiде анық, айқын А. С. Пушкиннiң «Балықшы мен балық туралы» ертегiсiнiң әсерi бадырайып көрiнiп тұр. Және «Василиса Прекрасная» сияқты халықтық көп ертегiлерде күдiретi күштi шортан балық араласып, адамға жақсылық ететiн жайлар, жаңағы қазақтың «Кедей шал» әңгiмесiне өте дәл келедi.

Басқа балалар мiнезiне дәл келетiн «Күшiк пен мысык», «Қоянның ернi» деген әңгiмелер де балалар үшiн әрi күлдiргi, әрi нақыл өсиет танытатын әңгiмелер болады. Бұлар алуандас орыс ертегiлерi және де сансыз мол екенiн бiлемiз.

Хайуанат жайындағы ертегiлердiң қоғамдық зорлық-озбырлықты, қанау мен қиянатты, жауыз қаскөйлiктi шенеп, сынап көрсететiн үлгiлерi де осы дәуiрде молая түстi деймiз. Бұның мысалы, «Тышқан мен жылан»⁵, «Көгершiн ертегiсi»⁶, «Үш жiгiт»⁷, «Түйе неге артына қарайды»⁸, «Қасқырдың қойдан қорыққаны»⁹, «Түлкiнiң арыстанды жойғаны»¹⁰ деген тәрiздi ертегiлер. Сол ертегiлердiң бiр алуанында жауыздық арты жаза болып бiтедi. Ендi бiр алуанында тапқырлық, әдiл билiк сияқты мiнездердi халықтың қадiрлегенi көрiнедi. Бұлардан өзге бiр алуан ертегiлерде аңқау, момын түйе сияқты хай-

1 Этнографические материалы. Средняя Азия, 1911 г. I.

2 ТЭИ архивiнен.

3 Сонда.

4 В. Сидельников. «Казахские народные сказки».

5 ТЭИ архивiнен.

6 Сонда.

7 В. В. Радлов. «Образцы», ч. III.

8 В. Сидельников. «Казахские народные сказки».

9 Сонда.

10 Этнографические материалы. Средняя Азия, 1911 г., № 1.

уандар арқылы, адамның өз басында болатын момын аңқаулық әзіл етіледі.

Арыстандай тісті, тырнақты, қанішер қомағайдың ен зорлықшысы бола тұрып, өз серігі айлалы, аярдан — түлкіден қаза тапқаны мысал етіліп, жуан шонжарлар арасындағы өзара қиянаттар, қаскөйліктер қатты әшке-реленеді. Бұл аталғандардан бөлек, екінші дәуірдегі хайуанат жайындағы ертегілердің мол бір түрі бақташылықты кәсіп еткен, үй хайуанымен ұдайы істес, сыр мінез болған қазақ халқы айтатын тың әңгімелер. Бұның мысалына, «Тепең көк»¹, «Бәйге құла»², «Тұлпар»³, «Сәй-гүлік»⁴ сияқты ертегілерді атауға болады. Осы топта көбінше аттар жайы айтылғанмен, қой, түйе, ешкі сияқты мал түліктері жөнінде де қазақ ертегілері мол екенін білеміз. «Шұбар ат»⁵ деген ертегі қазақ халқының бар малының ішінде аса қадірлеп сүйген, қанат серігі ат екенін айтады. Сол турадағы қызықты әңгімелердің көптен-көбі, әсіресе жүйрік ат жайында болатынын байқаймыз.

Хайуанат жайындағы енді бір алуан ертегілер адамның өмірі турасында ой-өсиет берерлік әңгімелер болады. «Жауыздық неден»⁶ деген ертегіде қарға, көгіршін, жылан және бұғы төртеуі жауыздықтың себебін өздерінше, әр алуан түрде — аштықтан, махаббаттан, ызадан, қорқыныштан деп шешеді. Төрелік айтқан адам; барлық жауыздық денеден, тойымсыз нәпсіден деп байлаулы ақыл айтады. Бұндай өсиет ертегілердің, аңыздардың арасында халықтық ұғымға шалғай, қайта оған қарсы арналған ерсі мүддесі бар ертегілер де бар.

Ол әңгімелер жат ортаның, қанаушы үстем таптардың халықтық шығармаға өз салт-санасын егіп таратпақ болған талаптарын танытады. Мысалы, «Кедей мен қасқыр»⁷, «Байғыз»⁸, «Сүлеймен пайғамбар»⁹ сияқтылар да дін ұстаздары хайуандарға да ықпалын жүргізеді. Оларды көреген білгір етіп, әсірелеп әңгімелерде кедейдің кедейлігі — оның жамандығынан деп әңгімелеу, адам басына келген ауыртпалықты — тағдырдың аумас,

¹ ТӘИ архивінен.

²⁻⁴ В. Сидельников. «Казахские народные сказки».

⁵ В. Сидельников. «Казахские народные сказки».

⁶ Киргизская степная газета. 1895 г., № 2.

⁷⁻⁸ ТӘИ архивінен.

⁹ «Астраханский вестник», 1893 г., № 1308.

өзгерілмес жазуынан деп шешу болады. Немесе әйел жынысына феодалдық-патриархалдық және діндік әділетсіз көзқарастарды баян ететін «Байғыз» сияқты әңгімелер де — сол үстем тап санасының халыққа жат мүдделерінен туған ертегілер.

Бұларды жоғарыда аталған анық халықтық қаспегі бар ертегілер тобынан айыра түсіну керек. Анық халықтық ұғымға сай келетін ертегілер тобынан, ғылымдық сын арқылы кертартпалық мазмұн санасын ашып, әшкерелеп бөліп тастау қажет.

Салт ертегілері

XIX ғасырдың екінші жарымы мен XX ғасыр басындағы салт ертегілерінің өзгерістері мен жаңалықтары қиял-ғажайып және хайуанат жайындағы ертегілерден де елеулі, айқын, кесек түрде болады. Алдыңғы ертегілер түрінде болғандай, бұрынғы замандарда айтылып келген ескі салт ертегілерінің бұл дәуірде жаңғырып, замандық үстемелер қосылып айтылуы, әрине, бұл түрде де басым. Бірақ соның үстіне ендігі салт ертегілеріне тыңнап қосылатын тақырыптар, идеялар, әңгіме үлгілері, түрлері өзгеше күрделі жаңалық болып келеді.

Бұлай болудың себебі, осы дәуірдің ертегілері жөнінде жазылған кіріспеді айтылған тарихтық жаңаша күрделі өзгерістермен байланысты. Қазақ сахрасында тап тартысының сол жоғарыда аталған қалыптарда шелекіне түсуі, таптық салт-сананың, мүдделердің еңбекші қалың шаруа халқына енді бұрынғы замандардан әлдеқайда айқын түсінікті болғандығын айрықша еске алу қажет. Сондықтан еңбекші халықтың салт-санасына таптық талабының айғағы болған салт ертегілері қазір өзгеше үгіттік, тартыстық роль атқарады.

Сол үшін де бұл ертегілердің арасында байға қарсы, дін басы ишан-пір, молда-кожаға қарсы, саудагерлерге қарсы, бұрынғы хандар орнына келген сұлтан-төре әкім-ұлықтарға қарсы шыншыл және сыны күшті сатиралық әңгімелер өзгеше орын алады. Бұл дәуірдің онан соңғы бір үлкен тарихтық, қоғамдық, таптық жаңалығы: енді қазақ халқының арасынан жұмысшы табы екшеле бастайды. Кең Қазақстан өлкелерінде XIX ғасырдың екінші жарымында және XX ғасыр басында ашылып жатқан кен ошақтары, өндіріс орындары, некен-саяқ заводтар,

қалалы жердің өндірістері — барлығы да қазақтан шыққан жұмысшы табының өсіп, қалыптасып молая түсуіне себеп болады. Ұлы орыс халқының реформадан соңғы дәуірдегі салт ертегілерін тексергенде фабрика, завод жұмысшыларының фольклоры ерекше үлкен орын алады. Әлі ол дәрежеде болмағанымен, қазақ жұмысшысының арасында да халықтық ауызша әдебиет үлгі-өрнектері сақталуын, өзгеріп жаңғыруларын, жаңадан туып, түрленіп өсу процестерін аса зор ықласпен ізерлеп, бағалап, талдау қажет.

Қазақ фольклорын революциядан бұрын зерттеушілер, жинаушылар да бұл жайды ескермеген болатын. Ал бертінде, совет дәуірінде ауыз әдебиет үлгілерін зерттеушілердің бәрі де соңғы уақытқа шейін жаңағы аталған жайға көңіл бөлмей келген. Ол — Қазақстандағы советтік фольклористика ғылымы өсу жолындағы үлкен олқылықтың бірі. Ғылымдық, зерттеушілік ойдың жетіспеген шалағайлығынан туған және ауыз әдебиетінің бар дәуірдегі барлық үлгілеріне буржуазиялық объективтік тұрғыдан қарап, бірыңғай ағымға салынудан болған ғылымдық қателік еді.

Осы аталғандармен қатар, Ленин айтқан «Әр ұлтың мәдениетінде екі мәдениет бар» дегендей айқын, зор шындықты түсініп, қолданып отырып зерттеу жұмысы қазақ ауыз әдебиеті турасында ойдағыдай болмағандықтан туған-ды.

Енді бұдан былайғы зерттеулерде реформада соңғы Ұлы Октябрь революциясына шейінгі заманның ауыз әдебиетін тексеруде бір ғана салт ертегілері жөнінде емес, барлық осы дәуірдегі ауызша әдебиет мұраларының бәрін жинап, зерттеу жолында да сол қазақ жұмысшыларының арасында сақталған, айтылған, туған асыл жұрнақ атаулының барлығын да фольклордың бар жанры көлемінде, өзгеше ұқыптылықпен жинап, зерттеу қажет болады. Ал салт ертегілерін реформадан соңғы дәуірде әсіресе мол тұтынып, сақтап өсірген қазақтың еңбекші шаруаларының қоғамдық ортасын алсақ, ол ортаның, Ленин айтқандай, айқын тенденциясы-демократиялық бағыт. Сол демократиялық бағыт-талабы бойынша ендігі салт ертегісі анық халықтық үлгісін алғанымызда ол үгіттік әдебиет бола келіп, еңбекші халықты қанаушы топтарына жиренішпен қарауға тәрбиелейді. Бұл жөнінде Горькийдің айтқан тағы бір пікірін еске аламыз: «Тап-

тық жиреніш тәрбиеленіп өсірілгенде, жауды ең төмен дәрежелі тип деп түсініп, бар қалпымен жирене жек көруден туу керек. Ал жаудың қаталдығы мен қаскөйлігінен қорқу түрінде ешбір таптық жиреніш тәрбиелеу дұрыс емес»¹.

Осы айтылған жайлармен қатар сыншы, мысқылшы, сатиралық шебер құрылған салт ертегісі анық шындыққа лайық жағдайда әрекет ететін жау таптар өкілдерін көрсетеді. Сонымен қатар, болып тұрған қоғамдық хал-жағдайды жарамсыз деп қатал сынап қарайды.

Енді осы айтылған тұрғылардан көз жіберіп, бір алуан ескі ертегілердің жаңғырып әңгімеленуін аңдасақ, тағы да хан-әділетсіз әкімдерді таптық тұрғыдан әшкерелеу ісі соншалық өткір, ащы сатира түрінде әңгімеленгенін көреміз. Бұның мысалы: «Ежігелді»¹, «Молданың үйінде оқыған бала»² сияқты ертегілердің мазмұнынан айқын көрінеді. «Ежігелді» әңгімесінде бұрынғы «Алдаркөсе» жайындағы әңгімелердің бір алуан жаңғырып айтылған қайталамасы білінеді. Бұндағы қоғамдық сатира, хан сияқты әкімдерге қарсы еңбек елінің жиренішін шарықтаған қалыпқа жеткізеді. Ханның әшкереленіп, маскаралануы соншалық, оның өз басы қорлық күйде, ұрлыққа түседі.

«Молданың үйінде оқыған бала» деген ертегіде жас буынның қанқор ханға ереуіл, қарсылығы, тартысы көрінеді. Ертегінің геройы болған баланың басын жоймаққа тырысқан ханды, өзге көп бала — оқушы балалар — қатты әшкерелеп, маскаралайды.

Салт ертегісінің ендігі бір үлгілері патриархалдық-феодалдық үй іші тұрмысының құрылыс негізіне қарсы арналған әңгімелер болады. «Өгей шеше қастығы»³, «Үш қыз»⁴ сияқты әңгімелер адамдық ауыр драмаларды халық романы ретінде қалыптап, сынап көрсетеді. Бұндай ертегілер тұсында, халықтың творчестволық өнері баспасөз, кітап, мектеп тәрізді тәрбие белгілері болмаған елде өзіндік зор сыншыл, тәрбиелік міндет атқарады.

Сонымен қатар әйелдің үй ішілік, қоғамдық тірліктегі зор орнын, еңбегін, тарихтық ролін бағалайтын салт ертегілері де осы дәуірде туады. Бұл алуандас ертегілер-

¹ А. М. Горький. О литературе, 1937 г.

² В. В. Радлов. «Образцы», часть III.

³ Сонда.

⁴ ТӘИ архивінен.

дің аса бір көркем үлгілері есебінде «Жұпар қорығы»¹, «Хан қатыны»² деген сияқты әңгімелерді еске алу қажет.

Екі ертегі де аса дана әйелдердің әрі ашалық, әрі әлеуметтік зор қаспнет қайратын баян етеді. «Жұпар қорығы» деген әңгімеде жұтап, ашығып, қырылып жатқан, шұбырып кеткен елдің ішінен шыққан саналы, қайратты ана — Жұпар жас жетім балаларын ажалдан, аштықтан қорғап, тірлік үшін, бақыт үшін өлермен еңбек етіп алысады да, дегеніне жетеді. Бар саласы тың, жана, мол елдік іргесін құрайды. Жұпар тапқан жер-мекен ырыс мекені, еңбек, дәулет, таныстық, татулық мекені болып, өзінше бір Асанқайғы таппаған «Жер үйекке» айналады. Ер таппаған жерді ақыл-дана, асыл-ана табады.

«Хан қатыны» деген ертегіде ерлер әмір-құдіреті мүлде жоқ, жойылған, оның орнына бар елдікті әкімдік шаруашылық, қоғамдық тірлікті көгертуші, өркендетуші тек қана әйелдер болады. Олар еңбектің, мінезділіктің үлкен бағалы, әділетті адамшылықтың жақсы үлгісін көрсетіп, өзгеше өмір кешеді.

Міне осы екі ертегінің екеуінің де негізінде жатқан ұғым-наным, тың көзқарас — еңбекші халық көзқарасын, малға сатылып нелер сорақы заңға бағынып, ақсақалдық-феодалдық ортаның орнатқан қорлық, күндік халінде жүрген әйел жынысына еңбек халқы ендігі заманда «ұстағанның қолында, жетектегеннің қосарында, ноқтасында кете барма» деген жаңалық, тарихтық талап, түсініктерін танытады.

Тағы бір топ халықтық салт ертегілері еңбекті ерекше қадірлеген халық түсінігін танытады. «Айлалы шал»³, «Кедейдің үш баласы»⁴, «Үш өсиет»⁵ сияқты әңгімелерде еңбекті қадірлеу өзгеше. Қажымас жігермен жол тапқан азаматтың бәрінің еңбегі жанып, дегені болады. «Айлалы шал» деген ертегіде шартты түрде он жылға дейін патша болып, кейін өлтірілуге көнген адамның бірі — осы ертегінің геройы; ақылды шал болады. Ол өзінің он жыл әмір-құдірет пәсі болған уағында шөл даланы көгертіп, су шығарып, құрғақшылықты жояды. Қала салады. Осындай еңбектерімен өшпес белгі қалдырып, өлмес аброй табады. Және ажалдан құтылып, хан-

¹ Ел аузынан.

² «Астраханский вестник», № 1316.

³ «Волжский вестник», 1895 г., № 219.

⁴ ТӘИ архивінен.

⁵ Сонда.

дық қалпында қалады. Бұл әңгіменің бір жағы, әкімшілік басында еңбек қадірін білетін, еңбектен жеміс, игілік туғыза білетін, көптің ырысын ойлайтын адам әкім болсын деген, шаруа елінің санасы көрінеді. Сонымен қатар, қолынан бар құдірет келіп отырса да, не жақсылықты, не ел-жұртқа деген игілікті ойламайтын арамтамақ хан, сұлтандарды сорақы санап, сынаған ой-сана, халық санасы көрінеді.

«Кедейдің үш баласы» деген ертегіде әрекетке, тартыс-таласқа тәуекелі мол, сын сапарға тартынбай барған ер кедейлердің жолы болып, қолы жеткені әңгімеленеді. «Үш өснет» деген әңгімесінде еңбекпен ішкен астың тәттілігі адам қауымында досты көбейтудің асылдығы және базарлы жердегі тынымсыз әрекет, қимыл — ерлер тіршілігінің сыны боп танылады. Базар жайында айтылған салт ертегілерінің үлгі, мысалдары осы дәуір әңгімелерінен көп жерде көрінеді. Солардың бір мысалы «Кәрі жілік»¹, «Сараң үш терек»² деген әңгімелерден байқалады.

Бұл әңгімелерде еңбекпен қатар ажуа боп халықтық сатираның өткір шанышпасына, сынына қомағай, жеміт сорақы мінездер ілінеді. Ендігі көпшілік тіршілігі базармен, саудамен ерікті, еріксіз күйде нық байланысты болғандықтан сол базарлы, саудалы жердегі ынсапсыз және айлакер, аяр кансорғыштар мінезі де халықтың қатал сынына ұшырап отырады. Бұндай әңгімелердің бір жағында әділ, дұрыс, момын адам қалпында көпшілік еңбекші ел өкілі жүреді де, сонымен қатар жаңағы аталғандай айналасын жалмағыш, құны жаман, қаны бұзық қанаушылар жүреді.

Осы аталған ертегілердің көбінде бір жағы ертегілік, екінші жағынан халықтық роман новелла сияқты көркем проза үлгілері де бар. Салт ертегілерінің бұл дәуірде осындай мәдени сапаға ауысуында орыс халқының жазбаша жарияланған ертегілерінің және сыншыл ойға толы, шыншыл реалистік көркем прозасының да әсері жоқ емес. Сондай әңгімелердің, мәдениетті үлгілердің реформадан соңғы қазақ салт ертегілеріне еткен әсерін зерттеу де ауыз әдебиетін ғылымдық тұрғыдан кең, терең талдаудың міндеті болмақшы.

Жалпы орыс баспасөзінің қазақ ертегісіне, халық әң-

¹ Тургайская газета, 1895 г., № 47.

² «Особое добавление к Акмолинским ведомостям». 1891 г., № 39.

гімесіне ететін әсерінен басқа, қазақ халқының ендігі айтатын ауызша әңгімелерінің арасында анық айқын орыс ертегісінің өздері де айтылып тарап жүретінін көреміз. Мысалы, қазақ ортасынан қазақ тілінде ертерек кезде Березин жазып алған материалдардың ішінде «Орыстың молдасы мен жалшысы»¹ деген анық орыс ертегісі де айтылып жүргенін көреміз. Бұл, атақты «Сказка о попе и его работнике Балде» дейтін әрі халықтың, әрі Пушкин ертегілеріне қосылған көпке мәлім әңгіменің қазақша айтылған қайталамасы болады.

Орыс халқының қалың крестьян тобының арасында туған попқа қарсы (антипопские) ертегілерінің қазақ халқының шаруа арасына сол халықтың өзіндегі молдақожалары ажуа, әзіл ететін шығармаларымен қатар тарап жүруі — өте елеулі мағыналы жайдың бірі.

Белинскийдің: «Россияда барлық орыстар үшін поп— мешкейліктің, сарандықтың, жағымпаздықтың, арыздықтың өкілі»² дейтін пікірі қазақ халқының өзіндегі дін басыларға қарсы арнаған сышында да дәл осылайша көрінетінін байқаймыз. Әсіресе осы ойдың дұрыстығын анықтау үшін реформадан соңғы дәуірде қазақ халқының қалың еңбекші көпшілігіне аса мол жайылған күлдіргі, ажуа, мысқыл, шанышпа, сайқымазақ, сатира әңгімелерін еске алуға болады.

Бұл қатарда біз көп елдер арасына аңыз болып кеткен, ел күлдіргілері, атақты Битан-Шитан қуларын, Қонтай-Тонтайды, Текебай қуды, Айдарбек, Торсықбай сияқты талай қазаққа аттары мен күлдіргі мінездері, мысқыл, ажуалары әйгілі болған адамдарды айту керек. Бұлардың істері мен мінездеріне, тапқыр сөздеріне байланысты туған ұзынды-қысқалы әңгімелер қазақтағы анекдот үлгілерін көрсетеді. Реформадан соңғы дәуірдегі халықтық юмор, қоғамдық иронияның жаңалап өскелеңдеген үлгілерін танытады.

Қонтайдың өлерінде: «Жазыла-жазыла қожа-молдандан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деп, дәл өлер минутінде де «жаназа шығарып мал аламын» деп адамның өмірінен жаназаның, ысқаттың болымсыз ақысын артық көрген дін басы атаулының арыз комағайлығы Белинский айтқан қалыпта әшкереленеді.

Торсықпайдың жалаңаш күйінде батпаққа аунап,

¹ Березин материалы.

² В. Г. Белинский. Письма.

өлген байдың моласының ішіне кіріп жатқан, содан әрі бата оқыр жасап келген байдың бәйбішесі, нөкерлері және әсіресе бай ауылының молдасы сияқты адамдардың бәрін көрден шыққан өлік болып, қорқытып мазақтауы, діншілдік ұғым-нанымдарға еңбекші халықтың санасы мен сыны мүлде бой ұсынбай, қарсылық жасай қарайтынын көрсетеді. Айдарбек сияқты күлдіргілер қазақ байларының салтындағы «Қыз ұзату, келін түсіру, немесе қыз алып қашып алу» сияқты сорақы әдет кезінде келіп, қыз орнына кемпір салып жіберіп, бай ауылын күлкі, мысқыл етіп өлтіре ажуалайды.

Бұл топ әңгімелердің қоғамдық жаңалық-өзгешеліктері, тіл мен түрлері де қазақ ауыз әдебиетін зерттеушілердің айрықша көңіл бөліп, қадала сынап, талдауын күтеді. Анық халықтық үлгілерін, шынайы халықтық күлкілерін орынды бағалауды талап етеді.

Осы алуандас реформадан соңғы дәуірде, кітап — баспасөз шыға бастауымен жалғаса көрші елдердің күлкі әңгімелерінен қазақ ортасына Қожанасыр әңгімелері көп тарады. Қожанасырдың өз басы қазақ емес. Және әңгімелері де әуелде қазақ ортасында туған әңгіме емес. Мұның жайындағы аңыздарды алсақ, барлығының ішінде кездесетін, базар, қазы (билік айтушы әкім), шәкірт сияқты белгілердің барлығы, ол әңгімелерді шығарған жағдай қазақ елінің бұрынғы ескілікті жағдайынан басқарак екенін көрсетеді. Әңгіме көбінесе Қожанасырдың шәһәрда тұратындығын айта отырады. Өзінің кейде шәкірттері де бар болып шығады Осының барлығына қарағанда Қожанасыр әңгімесін қазақ топырағында туып, тараған әңгіме деп ешкім де айта алмайды. Мұны тудырған жағдай отырықшы қалалы елдердің сауда-кәсіпті жағдайы болады. Сондай ортада туып, содан жайылған. Ол жағынан қарағанда Қожанасыр әңгімесі көршілес өзбектен ауысып келген деуге болады. Және көбінесе реформадан кейінгі дәуірде кітап, баспа арқылы татар тілінде әңгімелену жолымен де қазақ ішіне жайылған аңыздар деуге сияды. Бұл әңгімелер өзбек, татар, тәжік, қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақ — бәрінде де бар.

Қожанасыр әңгімесін айтушы елдер ол жайындағы естіген сөздерін ғана айтумен қанағат қылмай, әр кезде қазақтағы Алдаркөсе, Жиренше сияқты өз тұстарынан қосымша, үстеме әңгімелерді де жамап, молайтып айта

берген. Сонымен Қожанасыр жайындағы әңгімелердің ұшы-қиыры жоқ күлдіргі — анекдот әңгіменің бәрінің жиылатын жерінің осы бір Қожанасыр аты болып кетуі даусыз. Жалпы құрылыс, мазмұн жақтап алғанда Қожанасыр әңгімелері бір алуан күлдіргі, мысқыл ретінде туған әңгімелер. Мұның күлкісі өзіне бөлек күлкі. Көбінесе сырты аңқау келеді. Аңқаулығының өзі күлкі. Бірақ бұл сыртқы пішіні. Ал ішін, түбіп байқай келсек, ол аңқаулықтың астары үнемі ащы мазақ, шебер қулық болып шығады. Күлкісі әрдайым күтпеген жерден бұрқ етіп шыққан оқыс күлкі болады.

Әншейінде қабыспайтын ерсі жайларды, қайшы күйлерді алып, соларды оқыс араластырып отыру арқылы күлкі шығарады. Шынында, аңқаулық, нанғыштық еш-уақытта қулықпен жанаспайтын мінез сияқты. Қожанасыр көп әңгімесінде әрі аңқау, әрі кумын дегеннің бәрінің алдын орайтын, барып тұрған қу да болып шығады. Осындай күлкіні бір қолданса, Қожанасыр әңгімесінің, кейбірі таза аңқаулықтың өзінің де ең бір адам планғысыз түрін алып, сонымен де күлдіретін болады («Базардан май сатып алу» әңгімесі).

Солайша белгіленген күлкілерді заң етіп алады да, Қожанасыр әңгімесі талайды мазақ етеді. Парақор қазы, қомағай саудагер, тентек ұры, әзілқой шәкірттер, өз әйелі, жазықсыз бөгде адам болсын, барлығына да күлкісін жұмсай береді. Айтылған көп заман, көп орта, көп қоғамның тегіс қолданып, тегіс құрал етуіне байланысты кейде бөтен таптың халықтық образға, халық күлкісіне өз санасы, тап тілегі бойынша қосқаны да болады. Ондайларды шын Қожанасырға жатық жамау деп түсіну шарт.

Салт ертегілерінің жоғарғы кіріспеде аталған өзгешетің түрі — жұмысшылар ортасының аңыз ертегілері дедік. Бұл жөнде Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және Әдебиет институтының Қарағандыға жіберген экспедициясы жинап қайтқан бір топ әңгіме, аңыз-ертегілердің орны, мәні өзгеше. Ең әуелі мұнда жұмысшылар ортасында бұрын халық айтып келген салт ертегілерінің, тыңнап жаңғырып, өзгертіліп айтылған (переоформление) үлгілерін көреміз. Бұған мысал: «Қарынбай бай»¹, «Зар жылатқан Зарлықбай»² және «Төлебай»³

¹ Қарағанды экспедициясының материалы.

сияқты күлдіргі әңгімелері. Осы әңгіме, ертегілерге жұмысшы ортасы бұрынғы айтудан көп өзгерген қызықты тың жаңалықтар қосқанын көреміз.

Ал екінші бір алуан, бұрынғы казактың салт ертегілерінде болмаған жаңалық — шахтер, жұмысшылар жайынан туған нақылдар (сказы), өмірбаяндық әңгімелер — «Болғандар» (быль) үлгілері «Түсіп»⁴, «Өзгерген өмір»⁵ деген сияқты әңгімелер салт ертегілерінің мүлде тың бір алуанын танытады. Жұмысшылар арасындағы, жоғарыда аталған «Қарынбай бай» ертегісі ұрлықтың жазасын, жамандықтың сазасын тартқан керді көрсетеді. Арғы замандағы ғажайып сыры бар «сандық, қазан, шоқпар» сияқты ертегілік заттар жайы ендігі жаңа заман мораліне лайықталып әңгімеленеді.

Ал, «Зар жылатқан Зарлықбай» деген ертегі бай мен малай арасындағы бітімсіз жайды анық тап-тартысының қайшылығы түрінде, сәтпіра тілімен әңгіме етеді. Әсіресе өздері кешегі күнде бай ауылында батрак малай болып, еңбек тірлігін бастап, енді жұмысшы боп отырған шахтерлер арасындағы қомағай, Қаскөй байдан кегін алған ер кедей, гапқыр малай тақырыбы фольклордың қызық бір үлгісі болып шығады.

«Төлебай» салдыр байды мазақ еткен әңгімесі ертеде болған «Алдаркөсе», «Ежігелді» және беріде болған Тонтай, Текебай, Торсықбай сияқты ел күлдіргілерінің жүрістері, тартыстары тудыратын анекдот әңгімелердің жұмысшылар арасындағы тағы бір алуаны болады.

Ал «Түсіп» жайындағы әңгіме өмірбаяндық «болғандар» үлгісіндегі жаңа жанрдың енді туып, халық аузында әдебиеттік аңызға айналып келе жатқан бір саты қалпын білдіреді. Шахтерлер жайындағы «Өзгерген өмір» деген нақыл әңгімені алсақ, ол өзінше көркем, қызық әңгімеленген, тың жаңалық. Анық жұмысшылар ортасында ғана, соның ішінде казактың шахтер жұмысшылары жөнінде туған, әрі үлкен шындықпен байланысты, әрі оптимистік, халықтық зор болашақты аңғартқан, жарқын саналы, өресі зор әңгіме. Бұл нақыл жұмысшылар арасындағы ауыз әдебиет өрнегінің, соның ішінде салт ертегілерінің, аса бір бағалы тарихтық жаңалығы көркейіп, өскелеңдеп келе жатқанын аңғартады.

МАҚАЛАЛАР

I

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ САЛТ-САУЫҒЫ

Гүлденіп тарих, көркейіп өмір, дәурен жаңғырған заманда, сан алуан салт та жаңғырады. Өнер, білім тауып өскен елдің салтына да өнер, білім үлгісі, өрнегі кіреді. Бұл жөнде бұрынғы ауыл салтын санап, бүгінгі аулымыздың жаңалықтарын жалғастырып айтсақ, көп сөз болар еді. Жалпы салт дегеннің өзін де сансыз көп салаларға бөліп, таратып айтса, сөз ұзақ болады. Біз бұрынғымен салыстырмай-ақ сөйлейік. Салт деген ұғымның өзінің де кең мағынасындағы барлық бұйым-белгілерін, бар-тұрманын түгендеп тереміз демейік. Салтты біз екі жақтан сөз етпекпіз. Оның бірі — тұрмыс салты, екіншісі — сауық салты. Осы екі жай біздің бүгінгі өнерлі қаламыз бен өскелең колхоздарымызда қалай қалыптанып келеді, соны айтайық.

Тұрмыс салты дегеніміз — үй тұрмыста, қоғамдық тұрмыста және мемлекеттік дәстүрлерде көрінеді. Үй тұрмыс салтын алсақ жаңалаған дәуірінде: аталық пен аналық мінезінен, ер мен жар жарастығынан, балалық тәрбие-тәлімінен көрнек береді. Бізде бүгінгі ата мен ана үй тұрмыстың босағасы болғанда, тек сезіммен табысқандар. Бірін-бірі танып таңдаумен қосылғандар. Бұлар үшін білім-өнер, қызықты еңбек және бала тәрбиесі, өмірдің ең әсем көркі болып саналады. Еңбексіз ата-ана жоқ. Сонда көбінше аналықтың өзі, бізде аса қадірлі еңбектің зоры деп саналады. Біздің мемлекеттік жаңа дәстүріміз бойынша, көп баланын анасы, ең қадірлі құтпап ана саналады. Көп баланың анасы болған әйелге отан бәйгесі, үкімет сыйлығы беріледі. Оң баланың анасы болған әйел «Даңқты ана» (герой ана) деген атақ алады. Оның аты бір Қазақстан емес, бүкіл Одаққа ар-

дақты ат болып жарияланады. Оған орден мен атақ берудің үстіне, мемлекет қаржысынан ақша-мүлік сыйлары беріледі. Бұл тек он бала тапқан анаға ғана көрсетілетін сый емес, 6—7, 7—8, 8—9 бала тапқан аналарға да өз ордені, өз сыйлықтары болады.

Біздің өз тұрмыс салтымыз — қоғамдық жаңа дәстүріміз бойынша, бала қадірі, балалыққа беретін бейіліміз де бөлекше. Совет баласы біздегі бар буынның ішіндегі алақанға салып, аялап өсіретін бөбектеріміз, ең ардақты буынымыз, қазіргі совет аулында жас бала мектепте алатын тәрбиесінен бөлек сол мектеп жасына жеткенше де, өздерін күтетін арнаулы орындардың тәлім-тәрбиесін алады. Оларға арналған балалар бақшасы дейтін әсем күтім орындары бар. Онда үш-төрт жасар балалар айрықша тәжірибелі, өнерлі аналар, апалар қолында күндізгі уақыттарын өткізеді. Тәртіпті ойын, ән, өнер атаулыдан үйреніп, өзінің жас шамасына лайықты тәлім алады. Оларға арналған балалар театры, балалар киносы, балалардың ауруханасы, балалар тынығатын курорттарға шейін бар. Мектеп жасындағы балалардың жаз дем алатын мекендері өзіне бөлек. Осы істерді жеке әкелер міндетіне алып атқармайды. Біздегі жас буынның қамын мемлекеттік орындарымыз — ағартушы, тәрбиеші орындарымыз өзінің мемлекеттік міндетіне алады. Оқу жасына жеткен бала да осы күнгі қазақта оқу тәрбиесінен қақас қалатын ұл мен қыз мүлде жоқ.

Мектепті алсақ, оның қамы қай күнде болсын ең үлкен қам-қарекеттің бірі. Ол бар жағынан қамтамасыз етілген. Қоғам мен мемлекет ойынан бір шақ та, сәт те ұмытылмайтын өзгеше орын болады. Мұның белгісін жылда Қазақстандағы мектептерге шығарылатын қаражат молдығынан байқауға болады. Барлық советтік Қазақстанның жылдық, мемлекеттік қаржысының ең мол үлесі сол балалар оқитын мектептерге, ден саулық жұмысына, жалпы көркемөнер, өнерлі мәдениет дамытуға арналады.

Балаусалап тал өсед,
Балапандап төл өсед.

Біздің балапандап өсетін жас буынымыз өзінің ендігі өсіп ұлғайып, азаматтыққа жетуін саты-саты мектептер-

ден оқу тәрбие алып, өрлей беруімен өлшейді. Бастауыш оқуды ауылда оқыған бала, орта оқуды ауданда, Қазақстан қалаларында оқиды. Содан әрі өрге басқан ұл менен қыз, Алматыдай астанасында, немесе одан әрі одақтық зор мәдениет несі астанамыз Москва, Ленинградта жоғары дәрежелі білімдер алады. Осылайша күн шуақты, балауса атқан балалық жастықты қадірлеу, аялап өсіру, күту, біздің үй тұрмыстағы, қоғамдық құрылыстағы мемлекеттік жол-жорамыздағы ең асыл, айнымас салтымыз болған.

Тұрмыс салтының тағы бір жақсы дәстүрін ер мен жар болған жастар өмірінен де көреміз. Қазіргі қазақ елінде ер қуанышы, жар жарастығы аталық әмірі мен талабынан тумайды. Құдалық, қалың мал, баяғының ежеғабыл, бел құда, бесік құда сияқты салтын бүгінгі біздің жаңғырып өскен жаңа буын, жас төліміз мүлде білмейді. Айтсаңыз «ол немене?» деп, ұқпайды да. Бүгінгі екі жасты біріне-бірің дос етіп, қадірлі етіп табыстыратын салт-дәстүр мүлде басқа. Олар бірге оқыған оқуда, қатарласып қанат қаққан өнерде, қадірлейтін еңбекте табысады, сондайлық, өздерінің мінезде, адамгершілікте, азаматтық, сын-сипатта бір-бірінің жайларын жақсы біліскен жастар тең болып табысады. Сондықтан бүгінгі қазақтың жаңа үй тұрмысында еңбегі егіз жастар ер мен жар егіздігіне өзгеше нәр қосып қабысады. Ол кейде қатар өсіп келе жатқан ерлі-жарлы оқымысты ғалымдар болады, кейде қатар өрлеп келе жатқан советтік қызметкерлер болады. Кейде көрікті табыстарымен өз өмірлерін де, жұртшылық өнерін де көркейткен өнер қайраткерлері болады. Тең түрде кездесіп, асыл азамат қайратымен, еңбегімен сынасып табысқан ер мен жар, қазақтың бүгінгі советтік аулында, қалың колхозында, өрге басқан өндірісінде, жаңа елдіктің жаңа салтын орнатты. Жаңа тарихтың жаңғырған нәсілі орнатқан сапалы асыл салт.

Осылайша қысқа шолып айтсақ, совет елінің сауығы да өзгеріп, қызғылықты болып жаңғырған. Тегі сауық та салттың бір түрі. Салтсыз ел болмағандай, сауықсыз да ел болмайды. Бірақ, тарих жаңғырып өнер-білімі өсе келе, есейіп, мәдениеттенген жаңа буын, жаңа қоғам, өзінің сауығын да нәрлі, өнерлі етіп өзгертеді. Сол жөнмен қарасақ, біздің елімізде сауықты да жоғарыдағы тұрмыс салтын айтқандай, екі-үш түрге бөлуге бола-

ды. Ол: үй тұрмыста жеке адам, жеке үй ішінің қызығынан туатын сауық, қоғамдық сауық, мемлекеттік сауық-салт түрлеріне бөлінеді.

Үй тұрмыс сауығы қазақ халқының бұрынғы елдік дәстүрінен келе жатқан және барлық халықтардың бәріне ортақ себептерге арналған сауық. Ол бізде бала туғанда, екі жас үйленгенде, үй ішінің бір мүшесі, я азаматы, я анасы, не қызы бір үлкен мұрат, мақсатқа, табысқа жеткенде болатын — үй мерекесі. Бізде бұрынғы елдің салтында бала туса шілдехана, қынаменде болса, бұл күнде де бақытты советтік үй ішінде баланың туысы ата-ана, бауыр, туыс, дос-жаранның сауығын жасайды.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең»,— дегендей, ән-сауық, той-қуаныш, мез-мереке келеді.

Бұл жөніндегі біздің жаңа сауық-салтымыз, бала, балапанды қуанышпен қарсы алуымыз, баланың алғаш туған күнінде ғана болып қоймайды. Ол баланың туған күні келер жылда да, әр жыл сайын той болып отырады.

Екі жастың қуанышты, қызықты түрде табысқан жаңа тірлігін тойлауда үй ішілік үлкен мереке болады. Мұндай дағдылы, белгілі себептерден басқа, бала оқу бітіргенде, ұл менен қыз абырой тауып, атақ алғанда, үй ішінің қуанышы көптің қуанышына айналып та кетеді. Бір жастың табыс, талабын тойлау кейде бүтін колхоздың, көп қауымның сол жас қуанышына қоса қуанған той-мерекесіне айналады.

Қазақтың қазіргі советтік аулында, бұл тойларда отырып сауық ету, үйде сауық ету үстінде ән салу, би билеу, әсем өнерлі күй аспаптарымен баян, скрипка, күйсандық сияқтыларға қосылып, әнмен қоса сән түзеу болады. Айтыс та, әзіл-сауық та әсемденіп шығады. Осы қуаныш, мереке ат үсті сауыққа да айналады. Көкпар тарту, құнан шабу, балуан күресу, ат шабу, қыз қуу — халықтың бұрынғы ат үсті өнерімен байланысты түріне айналады.

Бұдан бөлек үй тұрмыстың мерекесінен басқа советтік ауылда қоғам сауығы бар. Ол қызыл отауда, мектепте, көпшілік сауығына арналған, әрбір колхозда, ауданда болатын ортақ үй, өнерлі үй-клубтар бар. Бұларда күндізгі еңбек соңынан кешкі демалыстарын көңілді, өнерлі түрде өткізу үшін кәрі-жас тегіс жиналып, неше алуан сауықтар жасайды. Жастардың ән-биі — талмас,

кажытпас қызығы. Мұнда тілеген жұрт газет-журнал, өлең кітаптар оқып тыңдайды. Өнерлі жастар күшімен қойылған театрлық сауық ойындар болады. Бұл клубтарда неше алуан киносурет көрсетіледі. Радио арқылы Қазақстанның және барлық одақтың үлкен қалаларында тартылып жатқан шебер күйлер, әсем әндер тыңдалады.

Дүние жүзінің шартарапынан хабарлар есітіп, ауыл адамдарының білімі, естігені, ұққаны көбейіп, жаңғырып отырады. Осындай қоғамның сауық орны да біздің қазіргі салтымызға соншалық жақсы орнаған, молынан енген күнделік тірлік тынысындай боп кеткен салтымыз, сауық салтымыз, шырайлы шыңдығымыз.

Осындай колхозды ауыл клубтарына, қызыл отауларына, облыстық қалалардан, астаналардан, басқа республикалардың туысқан өнерпаздарынан сый, қадірлі қонақтар келіп отырады. Олар совет аулының азаматтарына ән-күй, би өнерлерінің неше алуан көркем, әсем үлгілерін әкеп айтып береді. Халық артисі аталған қазақтың өнерпаздары өз өнерін ауылға, көпшілік халыққа жеткізуге өздерін міндетті санайды. Тек қазақ артистері емес, туысқан, бауырлас еліміз ұйғырдың әнші өнерпаздары, татардың, өзбектің, қырғыздың және әсіресе орыс халқының бізге аса қадірлі өнер, үлгілерін ауылға апарды. Сондай үлкен, кең қатынас, араластар арқылы қазіргі қазақ жастары бір қазақтың ән-күйі емес, жаңағы елдердің ән-күйі, билерін сүйеді, біледі, орындап та жүреді.

Бұдан да үлкен сауық-салтымыз — мемлекеттік үлкен сауыққа айналатын кездері бар. Олар жылдық зор мейрамдарымызда болады. Қазақтың еңбек елін бақытты шаттық дәуренге жеткізген Ұлы Октябрьдің мейрам күндері бір бөлек. Дүние жүзілік еңбек елінің ортақ тойы мереке күні — Май мейрамы бір бөлек. Қазақстанның өз алдына ерік алып советтік республика болған мереке күндері бір бөлек.

Қыста, жаңа жылдың келісі, балалардың қысқы оқуында болатын аз үзіліс, демалыс кезі — бәрі де мемлекеттік үлкен кең мереке болады. Ол күндерде бүкіл одақта, барлық Қазақстанда қалалар мен өндірістерде, колхоз аулында, мал өрісінде, отарында, демалысын, ел мерекесін қуанышпен өткізбейтін жан жоқ. Бұл күндер театрлар әдейі әзірлеген жаңа операларын, спектакльдерін қояды. Жаңа кино-суреттер жарыққа шыға-

ды. Әншілер топтары, қызыл-жасыл жарқырап, жаңа әндер жалын атады. Мемлекет қуаныш, сан алуан өнерпаздарды достық бәсекеге түсіреді. Өнер жарысы басталады. Көріктенген, мағыналы өнер жарысы. Бұл күндерде бар буынның барлығына арналған, өзіне бөлек сауықтары боп жатады. Мектеп жасына толмаған балалар сауығы, мектептегі балалар сән-сауығы өз театрларында, мектептерінде, бала бақшаларында өзінше буы аспанға атып, шат-шадыман болады.

Үлкендер, өз тілегі бойынша, біреулері филармонияда ән-күй тындайды, бір топтары операда жаңа спектакль көреді, тағы біреулері драмаға барып, ол театрдың мәнді, терең мазмұнды ойындарын қабылдайды. Күндізгі көрік, түні той жағалай жайнаған өнер-сауық шарқ ұрады. Бұл күндер, дене шынықтыру өнеріне шеберленген жігіттер, қыздар арнаулы үлкен алаңдарда, стадион, ипподром аталған, халық, ел жиналатын кең майдандарда өз өнерлерін көрсетеді.

Сауық күнінің сәнді киінген, рақатты қызық іздеген қалың топтары бес мың, он мың, жиырма, отыз мың жандар болып жиналып, күндіздің сауығында болады. Мұнда мықтыдан шыққан балуандар, шебер ойыншылар шығады. Үлкен бәсеке жарыс, бәйгелі жарыстар өткізеді. Доппен ойнайтын футболшылар бәйгесі болады. Жаяу жүйріктер жарысады. Велосипедшілер тызағай ойнайды. Ипподромдарда (кругте) қазақ халқының бұрынғы ат үсті, өнерлі-қайрат танытатын ойындары мыңдаған халықтың алдында, ер-азамат қайратын сарапқа салады. Серке тарту, додаға түсу, шабандоздар атағын асырады. Сайыс, бәйге аттар жарысы, жорға жарысы, қыз қуу сияқты, халықтың өнерлі қыз бен жігіті көрсететін, ат үсті ойындары көрнекке шығады. Бұл мерекелерде қазақтың аңшылары да, сол ипподромдарға келіп, талай мың жанның алдында өз өнерлерін көрсетеді. Ондаған бүркітшілер, тазы иті бар аңшылар келіп, тірідей ұстап әкелген түлкілерін, қасқырларын қашырып, соларға ит қосып, қыран бүркіттерін салып, олар да өзгеше өнерлерін танытады.

Міне, біздің мемлекеттік мерекелеріміздің осындай барлық халыққа ортақ, шексіз қызық сауық-салты бар. Мемлекет тойларында барлық қоғам қуанып тойлаумен бірге, әрбір жеке үй ішінің өз тойын, өз қызық сауық-сайраны қатарда жүріп жатады. Бұл күндерде шарық-

тап ән, сызылып күй, сәніменен бұрала ырғалып би-өнер атады.

Оқымысты қазақ қауымында қазір ән салмайтын, би билемейтін, күй қадірлемейтін жан жоқ. Өйткені, біздің жаңа салт пен сауығымызда, барлық азаматтық өзге қасиеттеріміздің қатарында сауық сәніміз, көркем өнеріміз аса қадірлі қасиетіміздің бірі саналады. Бү жәйді тек оқымысты, зиялылар ортасы ғана емес, бүгінгі советті ауылымыздағы барлық еліміздің ата-аналық, бала-бауырлық буындарының баршасы да толық түсінеді. Түгел сүйсіне қостайды.

Міне, біздің бүгінгі еліміздің салты мен сауығы осындай.

1948

ИГІЛІКТІ САПАР

Қазақ Совет әдебиетінің Москвада өтетін онкүндігі сүйікті астанамыздың және бүкіл Отанымыздың жұртшылығы алдына біздің социалистік мәдениетіміздің елеулі табыстарын тартады.

Бұл оқиға қазақ әдебиеті, мәдениетінің өсіп, даму жолындағы зор кезеңінің бірі: үлкен сын кезең. Онкүндікке, біз ерекше қолайлы, қуантарлық жағдайда келіп отырмыз. Ең әуелі бұл игі жағдайға партия мен үкіметіміздің Москвада қазақ совет әдебиетінің онкүндігін өткізу туралы қаулысы жасалды.

Екіншіден, бұл жауапты сапарға біздің әдебиеттік табыстарымыз ойдағыдай әзірлікпен баруына Қазақстан үкімет, партия басшылығының айырықша зор ықпалы және күнделік көп көмегі болды.

Үшіншіден, Бүкілодақтық Жазушылар одағының ұзақ уақыттық қолма-қол көмегі де ойдағыдай болып келді. Москвадағы орыс жазушыларының біздің шығармаларымызды орыс тіліне аударуда творчестволық, достық еңбектері де аз болған жоқ.

Москвадағы ірі әлеуметтік маңызы, даңқы бар баспасөз орындары онкүндік алдында қазақ совет әдебиетінің өсуіне, елеулі табыстарына арналған жеке кітаптар шығарды, мәні зор мақалалар жарияланды. Олар

одақтық жұртшылықтың назарын қазақ әдебиетіне молырақ аударуға көп тілеулестік, достық жағдайлар жасады.

Онкүндікке әзірлік ретінде Қазақстан мемлекеттік баспасында өзі сіңірген еңбек те өнімді болды деп айта аламыз. Орыс тілінде, аударма түрінде шыққан шығармалардан басқа, соңғы бірнеше ай бойында қазақ оқушы жұртшылығына арналған ана тіліміздегі кітаптардың да саны мол болды.

Міне, бұл саналған жағдайлардың барлығы онкүндікке әзірлік жолындағы көп күрделі істердің бастаушы, ұйымдастырушы, орындаушы мол әрекеттері еді.

Бұлардан тыс, онкүндіктің алдын ала болып өткен, қазақ совет әдебиеті үшін айырықша зор маңызы бар, тағы бірнеше жағдайларды еске алу керек. Оның ең елеулісі 1948 жылдың декабрь айында болған Бүкілодақтық Жазушылар одағының XII пленумы кезіндегі жаңалықтар еді. Пленум қазақ совет әдебиеті жөнінде арнаулы баяндама тыңдады. Одақтық аты, беделі бар және қазақ совет әдебиетіне үлкен достық, тілеулестік, сыншыл көмек көрсеткен жазушылар біздің әдебиетіміз туралы өнімді ойлар айтты. ССРО Жазушылары одағының бас секретары А. Фадеевтің қазақ совет әдебиеті туралы сол пленумда айтқан және бейбітшілікті жақтаушылардың Парижде өткен бүкіл дүниежүзілік конгресінде айтқан пікірлері — барлығы да ұмытылатын сөздер емес.

Жазушылармен қоса, Москваға искусство қайраткерлерінің де үлкен талантты, өнерпаз топтары бірге аттанып отыр. Бұл сапарда олар өздеріне арнаулы жеке міндет алмаса да, қазақ совет әдебиетінің, әсіресе поэзия түріндегі үлгілерін әсем әнге, көркем күйге бөлеп, жеткізу жолында бізге үлкен достық жәрдем көрсетпекші.

Міне, бұл сияқты істер де, онкүндіктің жақсы жағдайларын жарастыра, жайната түсетін қызғылықты шарттардың елеулісі.

Енді, онкүндіктің өзінен және оның нәтижесінен не күтетінімізді алдын-ала шолып өтсек, қандайлық занды, орынды ойлар оралады, үміттер туады? Соған аз аялдайық.

Онкүндіктің уақытында, біздің ең алдымен күтетініміз: одақтық жазушы, сыншы, дос жұртшылығымызға

бүгінгі әдебиетіміздегі барлық табыстарымыз тегісінен кең танылса екен. Жазушылармен жазушылар болып кездесетін талаптары зор жиналыстар түгел әдебиет үшін, жеке жазушылар үшін пайдалы үлкен ойларға сайса екен. Жалпы әдебиетіміздің әр жанрларындағы табыстар мен оққылықтарымыз, жеке жазушыларымыздың іздену, өсу жолындағы жетістіктері мен кемшілік жайлары ашылып айтылса, пайдалы, әділ, достық және талабы зор сынға қорытылса екен.

Осылайша көп кездесулерде туатын ой, пікірлер тек мәжілістерде сөйленіп қалмай, Қазақстанның барлық оқушы жұртшылығына мәлім және қадірлі орталық баспасөз орындары: «Правда», «Культура и жизнь», «Известия», «Литературная газета» сияқты баспа жүзінде қорытылып айтылған үлкен мәнді, нәрлі мақалалар тудырса дейміз. «Новый мир», «Октябрь», «Знамя», «Звезда», «Дружба народов» сияқты журналдарда одақтық аты, беделі, еңбегі үлкен басшы жазушылардың, ірі сыншылардың кең көлемді сыны, зерттеу мақалалары басылса дейміз.

Онкүндікте қазақ совет әдебиетінің басты-басты табыстары сыншылық, зерттеушілік ойларды қызықтырып тартуға жараса, жақын айлар ішінде біздің әдебиетіміздің өсу, даму жолындағы ізденулеріне арналған жеке кітаптар, мүмкін, монографиялар да туса екен...

Осылайша әдебиеттің қай жанрын болсын, қай ақын-жазушыны болсын бастап, қаруландырып, алдағы табысқа қарай қапағаттандыра жетектеп отыратын негізді, большевиктік жәрдемдер болса дейміз.

Сол жәрдемші, сыншы ойлар Қазақстандағы сын, әдебиет тану ғылымының, әдебиет тарихы ғылымының бұдан былай идеологиялық, методологиялық және ғылымдық жөнде, марксизм-ленинизм жүйелерін ойдағыдай, дұрыс қолданатын жоғары дәрежеге жетуіне себепші бола түссе дейміз.

Осындай шығармалық және ғылымдық іздену жолдарымыздағы одақтық жазушы, сыншы, жұртшылықтан алатын көп түрлі пайдалы көмек, жаңалық нәрлеріміз барлық жазушыларымызға үлкен жемісті жаңалықтар қосса екен. Сондай жолмен жаңа ойлармен, іздену, талаптанумен жаңғыра түскен әдебиетіміз, бүгінгі табысынан да ілгері ұзап басатын, жарқын өріске бет қойса

екен. Сондайлық үлкен ізденулер нәтижесінде, қазақстандық және бүкілодақтық оқушы жұртшылығына тағы да мол, зор жаңалық айтқандай еңбектер туғызсақ. Осындай іздену, өр талапқа басу, үлкен сапаны мұрат, мақсат ету белгісін, жемісті нәтижесін Қазақстанның 30 жылдық мерекесі қарсаңында, социалистік мәдениетіміздің мақтан табысы есебінде тарту етуге жетсек.

Онқүндікті өткізу үстінде, қазақ совет әдебиетіне шын тілеуестік, достық жәрдем еткен, іс жүзінде сыналған, атакты орыс жазушыларынан шыққан қымбат, қадырлы достарымыздың қатары бұрынғыдан да молая түссе екен.

Қазақ Совет әдебиетінің өз кадрларының қажырлы еңбек, талабымен және сенімді достар көмегімен ойдағыдай боп толысып туатын шығармалар молайсын!

1949

ЕҢБЕГІМ — ҰЛЫ ОТАНЫМДІКІ

Партия мен үкімет менің шағын еңбегімді мұншама жоғары бағалады. Турасын айтқанда, бұл қуанышты хабар мен үшін мүлде күтпеген жерден болды десем, оным дұрыс болмас еді. Өйткені мемлекеттік, қоғамдық өміріміздің қай саласында болсын, совет адамдарының еңбегі жемісті болып, көзге түскендей болса-ақ, ол еңбекті Отанымыздың қалай да бағаламай қоймайтыны сөзсіз. Бізді халқымыз, партиямыз, үкіметіміз осындай кәміл сенімге баулып, үйреткен. Сөйтсе де, әрбір жеке қуаныштың өзіндік сыры, әсері, өзіндік мағынасы болатыны анық. Осындай өзімше кейбір талдау жасай келіп, менікі өзімнің достарымның қуаныштарынан да біраз асып түсе ме деп таптым. Мен үшін, менің шағын еңбегімнің бағаланғанына қуанған достарымның саны өлшеусіз көп, олардың бәрінің есімі біреу — адал, таза жанды, туғаным совет халқы.

Бұл — біздің бәріміздің, — Қазақстанның және Совет Одағының жазушыларының да, республикамыздың ғылыми және искусство қайраткерлерінің де, мені тәрбиелеп өсіріп келе жатқан партия, қоғам ұйымдарының да ортақ қуанышы. Сол себепті де мен үшін бұл шатты

кезеңнің орны өзгеше. Дәл, осы шаттықтың үстінде мына ақиқатты әбден түсіндім, біздің елімізде қоғамның мақұлдауына жараған пайдалы еңбек бірден халықтың өзінің, бүкіл Ұлы Отанымыздың игілігіне айналады, ол еңбек үшін қам, жағдай жасайтын, оған мақтанып, қуанатын сол халықтың өзі болады. Осының өзі — біздің еліміздің социалистік мәдениетіміздің артықшылық қасиетінің бір сипаты. Сондықтан да, менің былай деп айтуға жеткілікті дәлелім бар: «Иә, бұл күнге дейін менің авторлығыммен аталып келген еңбек, енді туғаным совет халқы — сенікі! Өлшеусіз сүйікті, ұлы данқты Отаным — сенікі! Сенің тарихи, мәдени, материалдық табыстарың аса көп. Сол табыстар тізбегінің ұлы желісінің бір жерінен менің шағын еңбегім орын алуға жарамды болғандығынан да мен бақыттымын».

«Абай» романының сәтті болып шығуына себепші болған, көмектескен жағдайлар мен күштердің барлығына мың сан алғыс айтамын. Бұл істе маған дем берген, ақылшы, көмекші болған, жарық жұлдыздай жол көрсеткен, ең алдымен,— Владимир Ильич Лениннің Россиядағы тарихи даму жолдарын, патшалық Россияның отар аймақтарының тағдыры мен келешегін данышпандықпен көрсетіп берген ұлы еңбектері болды. Содан кейін мен БК(б)П Орталық Комитетінің идеология мәселелері жөніндегі тарихи қаулыларынан, Жданов жолдастың терең мазмұнды баяндамаларынан және біздің қателеріміз бен кемшіліктерімізді туралай көрсеткен ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулыларынан сабақ алдым. Мұның бәрі жауапты, қиын, тарихи тақырыпты көркем әдебиетте дұрыс алып шығуыма маған жол көрсетті.

Сонымен қатар, көркем шығарма жасау міндетін шешу үстінде орыс халқының классик әдебиет дәстүрінен, совет әдебиетінен үлгі-өнеге алып отырдым. Орыс халқының игілігі, ұлы мәдениетінің алдында мен өзімді қашан да борыштымын деп санаймын. Сол сияқты, өзімнің қаламдас жолдастарым — қазақ жазушыларының үлкенді-кішілі өкілдерінің жазған еңбектерінен деп көп пайдалы тәжірибелер алдым.

Бұдан былайғы уақытта да осындай достық көмектерге сүйене отырып, совет оқушыларының, Ұлы Отанымыздың өскен талабына сай етіп, қалауына жарарлық жаңа еңбектер берсем деген зор мақсатым бар. Өзімнің

барлық жігерімді, шеберлігімді, ой, білімімді көркем әдебиетте өзіміздің совет халқының бүгінгі ерлік істерінің, тамаша өмірінің бейнесін неғұрлым көбірек көрсетуге жұмсамақшымын. Бір тұтас үлкен еңбекте совет адамдарының образдарын көркемдік жағынан Абай образынан да толығырақ көрсетем деген,— менің келешек творчествомның биік мұраты.

Менің шағын еңбегімді жоғары бағалаған, мені өсіріп, тәрбиелеп, жазушы еткен большевиктік партияға, совет үкіметіне шын жүректен сансыз көп алғысымды айтамын.

1949

АҚЫННЫҢ ӨЗБЕК ӨНЕРİNДЕГІ БЕЙНЕСІ

Науан — данышпан ақын, философ, мемлекет қайраткері болудың үстіне, тағы талай өнердің шебері, жоқтаушысы, ұлы жәрдемшісі де болған. Ол музыка өнерінің көрнекті өнерпазы. Суретшілік өнерінің құмары, сәулет өнерінің (архитектураның) үлкен сыншы ұстазы. Және нақысты, әсем жазу — каллиграфияның білгіші, сыншысы болған. Осылардың үстіне, әр алуан ғылымға берілген білгіштердің көбіне ұстаздық ойымен басшылық бағыт берген, мол қасиет несі.

Науанге тетелес шыққан Захир ад-дин Бабурдың жазуы бойынша Әлішер шығарған күй мен әуен де көп болған. Ол түзеген мақамдар, күй ретінде шығарған нақыштар, үнмен айтатын нашыраздар ерекше көркем еді дейді Бабур. Ұлы ақынның замандастары атақты композитор Құл-Мухаммед Най, Хусанн Уди екеуі де өздерінің шығармаларында Әлішердің өсиетінен, сезім-санасынан әсер алып, көркем күйлер тудырған.

Сол заманның аса талантты, шебер суретші миниатюршы Бекзад Науандің әрі үлкен досы, әрі оның ой-сезімдерін, терең саналы бағыттарын сурет өнерінде іске асырушы серігі болған. Біздің заманымызға Әлішердің өз суретін қалдырып кеткен де сол Бекзад. Әлішер Бекзадтың өнеріне мол әсер еткен. Оның алған

тақырыбын мағыналандыру жолында, суретті зор идеяға арнап салу жолында басшылық етеді.

Архитектура өнерінде, ескі Гиратта және соның көп атраптарында Науайден қалған сәулет өнерінің мұрасы аса көп болған. Бұлардың талайын Әлішер өз пұлқаражатымен көпшілікке арнап салдырған.

Әлішер заманында хаттад өнерін зор биікке көтерген ірі өнерпаздардан Сұлтан-Али Мошхеди, дәруіш Мұхаммед, Мир-Али Қыл-қалам сияқты өнерпаздар болған.

Осылардың ішінде «Сұлтан-ул Хаттатан» (каллиграфтар патшасы) деген атақ алған Сұлтан-Али Мошхеди Әлішер кітаптарын өз қолымен нақыстап жазған. Бұл өнерпаздың аса шебер нұсқалары қазіргі күнде Англияда Британ музейінде, Париждың ұлттық кітапханасында, Вена шаһарында сақталады. Өзбекстанның Мемлекеттік кітапханасында да Сұлтан-Али қолымен жазылған Әлішердің бірнеше шығармалары бар.

Бұл алуандас өнерпаздардан басқа өзімен замандас бірнеше ірі тарихшылардың ғылымдық, тарихтық еңбегіне де Әлішердің әсері тиіп, ойының сәулесі, өнер бейнесі түскені бар. Тарихшы Мирхондтың атақты «Раузат-ас-Сафа» атты еңбек жазуында Әлішер көп басшылық ойлар айтады. Сол Мирхондтың немересі Ғиясаддин Хондемир Әлішердің өз тәрбиесінде өскен. Оның «Хабиб-ас сняр» атты кітабында, Науaidiң өзін сыпаттаған еңбегінде ұлы ақынның бейнесі аса құрметпен баян етілген. Әлішердің замандасы және бір атақты тарихшы Дәулетшаһ өзінің «Гәзқират-аш-шуара» деген еңбегін Науаиге арнап жазған.

Ірі мемуаршы, шебер ақын Захир ад-дин Бабур өзінің атақты «Бабур-нама» деген кітабында Әлішердің ақындық, өнерпаздық, мемлекеттік қайраткер, ұстаз есебіндегі әрекеттерін, мол бейнесін зор құрметпен баян етеді.

Қазақтың атақты классигі Абайдың Науаи қасиетін кеңінен тануына себепкер, бір жағынан Науaidiң өз шығармалары болса, екінші жағынан — осы Бабурдың берген бағалары болған. Абай үшін Науаи ерекше қадірлі классик болып еді.

Міне, сол арғы замандардан бастап кейін көп ғасырға созылатын өзбек халқының мәдениет тарихында бергі замандардың талай ірі ақындары да өз шығармала-

рында Науаи бейнесін көріктеп, жыр етуден айнымайды. Барлығы да өздерін Науаидың ақындық мектебінен үлгі алып өстік деп баян етеді.

Бірақ бұрыпғы мәдениет тарихында Науаи әсері мен бейнесін сақтаған жоғарыда айтылған мұралардың көбінің біздің заманға жетпей қалғаны бар. Әсіресе, заттық мәдениет белгілері, көпшілік халыққа кең түрде мәлім болып жеткен жоқ. Сәулет өнерінің мұралары заман тоздырып, ойран болған. Сурет, күй, нақыс жазулар да тозғындап, өшіп жоғалу қалпында болған еді. Тек жазуға — көркем әдебиет пен тарих кітаптарына түскен белгілер ғана сақталып келген еді. Бірақ олар да өзбек халқының қалың көпшілігіне мол жайыла алмаған болатын.

Өнер, білім қазынасында Науаидың шынымен бар қасиет-қадірі артып, қайта танылғаны тек Ұлы Октябрьден соң. Ленин бастаған социалистік ұлы мәдениеттің дәуірінде ғана Әлішер Науаи барлық өмір шындығымен, асыл еңбектерімен қайта туған дәуренге жетті. Бір ғана өзбек халқының ақын данасы болып қоймай, бауырласып табысқан бүкіл Одақ елдеріне бірдей ардақты классик болып, қайта туған дәуір, дәурені келді.

Бір Өзбекстан социалистік мәдениетінің өзін алғанда, соңғы жиырма-отыз жыл ішінде Науаиге бағыштанып істелген көркемөнер, көрікті әдебиет, ғылымдық зерттеу істерінің өзінің саны ұшан-теңіз деуге болады. Ендігі Науаиге арналған ескерткіштер айрықша екі үлкен салаға бөлінеді. Мұның бірі Науаи шығармаларының тақырып мазмұндарына туған ғажайып жаңалықтар. Екіншісі — Науаидің өз өмірі, өзінің ұлы бейнесі турасында жасалған өнер мұралары, ескерткіштері.

Жалпы алғанда, Науаи шығармалары мен өмірін искусствоға, әдебиетке, ғылымға мазмұн, арқау етіп жаңа еңбек туғызушылар тек өзбек халқының өзінен ғана шыққан өнерпаздар мен білімпаздар емес. Олармен қатар, орыс халқының атақты қайраткерлерінің де сіңіріп жатқан еңбегі мол.

Осындай топтардың біріккен күштерімен жасалған өнер туындыларын алсақ, сан салаға бөлуге болады. Бүгінгі советтік музыкада, театрда, суретшілікте, скульптурада, балетте, архитектурада түгелімен әр

алуан болып Науан шығармалары, Науандың өз бейнесі қалыптанады.

Өзбекстанның бүгінгі совет әдебиетінде, совет киносында Науан бейнесі ерекше орын алып, аса көркем дастан геройының бейнесіндей боп сыпатталады.

Өзіне бөлек аса бай, мол сала болып Науандың өнері мен еңбектерін зерттейтін ғылым әдебиет тарихы, мәдениет тарихының салалары туып отыр. Бұл жөнде де өзбек оқымыстылары мен орыс оқымыстыларының еңбегі, орны өзгеше.

Искусствода, совет дәуірінде өз тарихын бастаған өзбек театры ең алғашқы ірі табыстарының бірі есебінде Науандың «Фархад — Шырынын» музыкалы спектакль етіп қойды. Өзбектің Бүкіл Одаққа қадірлі, бұл-бұл үнді әншісі Халима Насырова өзінің алғашқы өнерлі талабын сол спектакльде Шырын образын ойнаудан бастаған еді. Бұл күнде совет композиторларының біріккен күштері туғызған «Ләйлі — Мәжнүн» операсы да Әлішердің мәңгілік қасиетін жоймас тамаша дастанынан нәр алған. Соңғы бір жыл ішінде Өзбекстан театрының сахнасына тағы бірнеше ірі шығармалар қосылды. Хамза атындағы академиялық драма театры «Әлішер Науаи» атты көркем спектакль қойды. Ташсовет атындағы Музыка театры «Сухейли уә Мехри» атты балет қойды. Мұның да мазмұны Әлішер шығармасы, «Сабаи Сайера» дастанындағы Жабир атты жолбасардың жайын баян еткен әңгімеден алынған.

Суретшілік өнерде, соңғы он жылдар бойында Науандың балалық шағынан бастап, ұлғайған кезіне дейінгі бейнесін сан ірі суретшілер үлкен ізденулермен көріктеп, бейнелеп жатыр. Бұл жөнінде Өзбекстанға еңбегі сіңген қайраткерлер Уфимцев, Орал Таңсықбаев істері айрықша бағаланады. Скульптура (кескін) өнерінде өнерпаз Дитрихтың жасаған бейнесі бойынша Ташкент қаласында Науаиге зор ескерткіш қойылғалы отыр.

Науан атына Өзбекстанның көркемөнері арнап тудырып жатқан ескерткіштердің арасында ертегідей сұлу, сән мұрасы боп Ташкент шаһарында Науан атындағы театр салынып отыр. Мұны салушы атақты академик Шусев пен өзбек халқының шебер ұсталары: Шырын Мұрадов, Қули Муразов, Балтаев, Таш-Пулат Ас-

ланқұловтар және безендіру өнеріне шеберленген жас суретші Шыңғыс Ахмаров та бар.

Советтік кино өнері бүкілодақтық зор табыстарының қатарына биыл Науаиге арналған тағы бір тың ескерткіш қосты. Ол «Әлішер Науаи» атты көркем кинофильм. Мұның сценарийін жазғандар Сұлтанов, Уйгун, Спешнев, Шкловский. Картинаны көркем етіп қоюшы режиссер Камил Ярматов. Онда Әлішер ролінде ойнаған Хамраев, Хусайып Байқара ролінде ойнаған Асфат Исмамовтар ерекше қадірлі өнер танытты.

Жоғарыдағы айтылған театрды салушы өнерпаздар мен кинокартинаны жасаушы режиссер және бас артистер мемлекеттік сыйлықты алды. Кинофильм «Әлішер Науаи» және Хамза атындағы театрда қойылған «Әлішер Науаи» атты драма (мұны жазған Иззат Сұлтанов, Уйгун), онан соң 1946 жылда Мемлекеттік бірінші дәрежелі сыйлық алған Өзбекстанның зор талантты жазушысы, ғалым Айбектің «Науаи» атты романы біздің заманда ұлы ақынға арналған ескерткіштердің ішіндегі ең ірілері, ең қадірлісі деуге болады.

Бұл соңғы үш шығармада Науаидың өз еңбектері емес, оның өз өмірі мен адамдық, азаматтық зор тұлғасы ұлы бейне болып сыпатталады. Осы шығармалардың үшеуі де Науаидың көркемөнердегі бейнесін бір өзбек халқы емес, бүкіл Одақ халықтарына, қала берсе, дүние жүзіне кең танылатын, аса қадірлі ескерткіштер.

Науаи туралы киносценарий мен драма ұлы ақынның өмір тартысын көрсетуде, оқиғалық құрылыстарында, жалпы көркемдік идеяларында біріне-бірі аса жақын. Жалғаса жасаған ұқсас желі — мазмұн бар.

Науаидың өміріне, заманына, бас қасиеттеріне, ұлы еңбектеріне арналып шыққан шығармалардың ең зоры — «Науаи» романы. Өзбекстанда Әлішер шығармаларын, оның заманын, өмір тағдырын, ең мол зерттеп, тегіс таныған, әрі үлкен талантты жазушы, әрі білгір, ізерлі ғалым Айбек бұл романында өзінің қанатын кең жайған. Социалистік реализм әдісін осы романды жазуда өзінің анық айқын арнасы етіп алған жазушы өзбек тарихында Герат мәдениетінің дәуірін кең ашып көрсетеді. Оқушыға мол білім береді. Адамдардың заманының, ортасының өзіне сәйкес тілімен сөйлетіп, ойымен ойлатып, көңілге қонымды сезімімен сезіндіре

біледі. Бұл романда әр түрлі қоғамдық орталардың көп өкілдері майданға шығады. Бір жағы халық, бір жағы патша сарайы, қанаушы топтардың саты-саты тартыстарын, Әлішер айналасындағы қоғамдық өмірдің бар қайшылықтарын ашады.

Мұнда адал еңбек соңындағы момындар, солардан шыққан адамдық қасиет несі ерлер, әйелдер көрінеді. Ауыр еңбек, үмітсіз бейнет басқан, жоқшылық жүдеткен жабайы көпшілік те түгел танылады. Мастыққа, азғындыққа ауысқан хан сарайында елді жеуден тояры, тынымы жоқ, жеміт уәзірлері таңбаланады. Ел басына солар салып жатқан соғыс, салық, зорлық, қиянат апаттары әйгіленеді. Осындай ортада ғылымның, өнердің, азаматтық сананың биік шыңындай боп, заманынан иығы асып жүрген халық қамқоры Науаи өз ортасымен тығыз байланыста алыс әрекет үстінде суреттеледі.

Бұл мақалада айтылған қысқаша шолуда біз Науаиға совет ақындары, өнерпаздары арнаған шығармалардың бәрін түгелдегіміз жоқ. Жалпылап айтсақ, бүгінгі өзбек ақын, жазушыларының Науаиға арнап шығарма жазбаған біреуі де жоқ деуге болады. Әрі ақын, әрі зерттеуші боп Науаи мұраларын жақсы таныған, танытқан жазушылардың алдыңғы қатарында Гафур Гулямды, Шейхзадени, тағы да көп ақындарды атауға керек.

Сол көп ақын, жазушылар, өнерпаздар еңбектері бүгінгі жұртшылыққа ұлы Науаиды анық тірі тұлғадай етіп отыр. Бүгінгі бақытты өзбек халқының дәл бүгінгі буындарымен бірге жасап келе жатқан адамдай етіп отыр.

Сол жәйді Мақсұд Шейхзаде «Ортақ Науаи» деген өрнекті балладасында өте дәл айтып:

Әй, ұрток Навон, зурсан, йириксан,
Қуп тирик шонрдан букуп тириксан,
Сен үзбек халкынинг ұлмас виджони,
Миннатдор элингниг соғ граждани -

дейді. Науаидың сол «көп тіриден де тірірек» өмір кешуіне зор себепкер де, медеткер тек біздің социалистік Ұлы Отан екені айқын.

ЖОЛЫ КЕҢ ЖАЗУШЫ

Қазақстан әдебиет жұртшылығы қазір қазақ әдебиетінің аға жазушысы Сәбит Мұқановтың жиырма бес жылдық еңбегін мерекелеп отыр. Әрі ақын, әрі ромانشы, әрі драматург және әдебиет тарихының зерттеушісі — Сәбиттің аты қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі. Оның аты бүкіл одақ елінің оқушысына да мәлім.

Сәбиттің өмірі мен еңбегі, жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір күрделі дәуірдің өскен жолын, ізденген мүддесін, жеткен өрісін де баян етеді. Сол себепті оның көрнекті, көркем шығармасының көпшілігі қазақтың бастауыш және орта мектебінің барлық оқу құралдарына кірген. Бүгінгі совет жұртшылығының бірнеше буындары өздерінің балалық, жастық шақтарындағы естегілері бойынша да, Сәбитті жете біліп жақсы көреді.

Ленин партиясы өсірген, еңбек елінің адал ұлы Сәбит — Қазақстандағы пролетариат әдебиетінің ең алғаш бастаушысының бірі. Бұл күнде Қазақстандағы совет жазушыларының алдыңғы буынындағы, ең алдыңғы қатар жазушысы. Ол өзінің еңбектерімен большевиктік, пролетариат салт-санаы жас буынға және жұмысшы, колхозшы көпшілікке кең танытуға себепкер болған жазушы. Кімде кімге Октябрьдің жеңісі мен жемісі қымбат болса, Ленин жүйесі қымбат болса, соның бәрі Сәбит өз еңбегімен көмектес болған жазушы. Ол және бүгінгі Қазақстанда қалыптанып, шынығып өскен қазақ жазушысының барлығына, жазушы болу жолында көп жәрдем еткен қайраткер. Әдебиет өнерінің өсер жолы, беттер өрісі туралы үнемі жауапты ойлар ойлап, дамылсыз еңбек ететін Сәбит, біздегі совет әдебиетінің ұйымдастырушысы есебінде де зор еңбегі бар адам.

Социалистік Қазақстанның әдебиет мәдениетін жетілдіріп, гүлдендіру туралы үнемсозар үрдіс әрекет еткен анық аға жазушы Сәбит дейміз. Сәбит өзінің жазушылық еңбегін 1920 жылы ақындықтан бастаған. Ол кезде де, одан бұрын да қазақ әдебиетіндегі мәлім, үстем әдебиет түрі поэзия (өлең) болатын. Көркем қара сөз жаңа ғана туып келе жатыр еді. Драматургия да аяғын апыл-тапыл басатын. Әдебиет тарихы мен сын

мәселелері ол кезде күн тәртібіне қойылған да жоқ-ты.

Әдебиетке ең алғаш ат салысып, араласқан шақтан бастап Сәбит әдебиет пен жазушының міндетін, қоғам үшін, жаңа тарих үшін алысу деп түсінеді. Ыстық отпен, жалынды екпінмен алысқанда өз халқының ендігі тарихы Ұлы Октябрь нұсқаған бетпен Ленин басшылығымен өркендесін деп алысады. Өзі ақын, өзі саяси қайраткер боп барлық өлең, дастандарының, мақалаларының тақырыбын — социалистік революцияның зор санасын үгіттеуге арнайды. Ол кезде аяқталып болмаған азамат соғысының жауынгерлік сарындарынан бастап ауылдың советтенуін, ұлтшыл-байшыл алашордашылармен алысуды ұран қып көтерді. Одан бері келе қайта құрылыс дәуірін, байларды конфискелеу науқанын, колхоздасу тақырыбын жыр етеді. Тағы бір кезек совет конституциясын жыр етіп Отан қорғаудың көркем жырларын туғызады. Сәбит ақындығының бұл саласы кешегі Ұлы Отан соғысында өз Отанын қаһармандықпен қорғаған жауынгерлерге арналған жалынды жырларына кеп соғады.

Осы аталған негізгі тақырыптардың ұзын санының өзі де, Сәбиттің өз дәуірімен қатар жүріп отырғанын танытады. Ақындық еңбегімен жаңа дүние үшін алысып, сонымен бірге жасап келгенін көрсетеді. Патшалық Ресейдің отары болған қараңғы өлкенің енді көп Ұлы Одақтағы теңдес, дос ұлттардың арасында алдыңғы қатарлы социалистік республикаға айналған жолы мен өткелдерін Сәбит өлеңдері, өзінше бір ақындық шежіре есебінде, кезең-кезең, жылма-жыл дәл елестетіп отырады.

Сәбит ақындығы бұл жағынан қарағанда, өз өлкесінің Октябрь жаңғыртқан жас тарихының құрдасы есепті. Бірақ ақын шығармалары тек қана Қазақстанда болған уақиғаларды жыр етіп қоймайды. Қазақ совет поэзиясының тақырыбын ұлттық шеңберден асырып, кең өріске беттеткен жазушының бірі де Сәбит. Челюскин жорығына арналған «Ақ аю» атты дастаны жалпы социалистік поэзияның кең толғауына сай болған, үлкен жауапты тақырыпты қозғайтын, күрделі еңбектің бірі. Бұл дастан терең ойлы, көркем шебер жырлы және философиялық ақындық түйіні ірі келген шығарма. Ондағы қара аю тұспал суретпен, адам өнеріне бағынған табиғат күшін суреттейді. Ақ аю болса, әлі адамға ба-

ғынып, бой сұнын болмаған жабайы, дүлей табиғат күшін бейнелейді.

Сәбиттің ақындық шығармаларының арасында, өткен заман тақырыбына, қазақ фольклорының сарынына ұштасып жазылғандары да бар. Көркемдік сапасы бойынша, аса ірі шыққан дастаны,— белгілі «Сұлушаш», халық аңызы мен жырының желісінен туған. Бірақ ақын сол әңгіменің өрісін ұлғайтып, өзгертіп, қоғамдық мазмұны зор драмаға айналдырып жыр етеді. Мұнда фольклор іргесін қаймағын бұзбай сақтап отырып, қайта жырлауды мақсат етпейді. Оның орнына барлық тартыстың қоғамдық, таптық терең тамырларын аша отырып, кейіпкерлерінің таптық мінез-бітімін айқындап суреттеу арқылы, халық аузындағы әңгімеге жаңа сырсымбат, жаңа сана-сапа бітіреді.

Сәбит қазақ поэзиясына жаңалықты тақырып жаңалығымен ғана енгізбейді, сонымен қатар дүниеге өз көзқарасын, өз сезімін өзіңше, жаңаша танытатын жаңа түр іздеумен де енгізеді. Қазақ өлеңін түрге байытып, жаңғырту, жасарту үшін тыңнан үлгі нақыс іздеу, бұл ақынның ең айқын, ең батыл шыққан ерекшелігі.

Ұлы орыс халқының революциялық поэзиясынан жақсы өрнек алып, Сәбит қазақ әдебиетіне жиын бейнемен ойдың уақиғасыз дастанын кіргізді. «Ақ аю», «Сөз — советтік армия», «Қолхозды ауыл осындай», «Майбұлақтан Мәскеуге» сияқты ұзақ жырларға Сәбит қазақтың бұрынғы әңгімелі өлеңінің, әнді-күйлі киссалау өлеңінің ырғағын әдейі жаңғыртып, өзгертеді. Қазақ поэзиясына сөйлеп толғап айтатын, еркін екпіні бар өлеңді кіргізеді. Бұрынғы буын санаған, баяу басқан, айнымас жәй ырғақты өлең жолын, желпініп сөйлейтін, жеңіл орамға жеткізуге тырысады. Шығармаларының барлық мұң-мұраты қалың елдің күнделік керегіне жарау болғандықтан, сол сыпатты жаңа мазмұн, жаңа түрді өзі туғызған. Ол түр, динамикалы, орамды және жеңіл түсінікті бір ырғаққа бөленеді.

Поэзиямен қатар Сәбит қазақтың көркем қара сөзіне де еңбек етеді. «Адасқандар», «Теміртас», «Жұмбақ жалау» сияқты романдар, «Есіл», «Менің мектебім», «Балуан Шолақ» сияқты ұзақ әңгіме (повестер), бұрын қазақ әдебиетінің тарихында болмаған көркем қара сөздің туғанын және кең өріспен дамығанын дәлелдейді.

Бір «Балуан Шолақ» болмаса, бұл шығармалардың бәрінің тақырыбы — бүгінгі совет дәуірінің тақырыбы.

Сәбиттің бұл шығармаларының бәрін де айрықша, тереңдеп зерттеу қажет. Қазақтың жаңа әдебиетінің өсу жолында, бүгін бір саласына, бүгін бір дәуіріне тарихтық табыс енгізген бұл шығармалар кең талқыланып, көп сөз етуді тілейді.

Газеттің қысқа мақаласында тек жалпы ұзын ырға пікір айтуға ғана болады. Сол ретте бұл шығармалар революция алдындағы дәуірмен, революциядан соңғы бірқатар жылдардағы қазақ халқының болмысынан, советтік құрылыстан, жас республиканың тірлігінен көп, кең суреттер көрсетеді дейміз.

Қазақ ауылының өзіндік тірлік қалпын қонымды қып суреттеуден басқа, сахра табиғатының мол көркем суреттерінен басқа, сол сахрадағы еңбек елінің неше-алуан кәсіп қайратын көрсетуден басқа, Сәбиттің бұл шығармаларындағы дұрыс кейіпкерінің бәрінде, бұрынғы мешеу болмыста өзгертем деген үлкен қайратты қажыр көрініп отырады... Жазушының біркелкі еңбекші кейіпкерлері тартыста табанды және революцияның туына барынша, шын жалынмен берілген адамдар болады. Ескі өмірден алған кейіпкерлерінде де жаңа дәурен таңын тосқан асыл сезімдер жүреді. Ауыл тірлігін революция жолымен жаңғыртам деп алысқан жеке-жеке адамдарының бәрінде үлкен оптимистік наным мол болады. Оларды осылай етіп суреттеу жазушының өз кеудесіндегі үлкен нанымнан туған. Ұлы жолдағы орыс пролетариатының қаһармандық табысына, өзінің талабы мен тағдырын қосқан еңбек елінің зор келешегіне шын ден қойған нанымнан туады.

Сәбиттің «Теміртас», «Жұмбақ жалау» сияқты кей романдарында әңгіме құрылысын босаңсытып, кейде әлсіретіп жіберетін ұзақтықтар болғанымен, бұл романдар сапа мен көркемдік жағынан, қазақ көркем қара сөзінің елеулі үлкен дәуірін танытады. Қазақ романының тарихында талантты өнімді жазушы Сәбиттің орны бірінші орын. Жазба әдебиетінің ең қиын, ең мәдениетті түрі бізде болмай тұрған кезде сол үлгіні ең алғаш бастағандықтан бірінші орынға ие болады.

Сәбит драма жазуға да қатынасады. Оның «Күрес күндері» деген пьесасы жалпы қазақстандық конкурсте екінші бәйге алған. Сәбит жазған либретто бойынша,

Қазақстанның көрнекті композиторы Брусиловский «Алтын астық», «Гвардия алға» деген советтік опералар жазып шығарды.

Ұлы Отан соғысы уақытында Пинчевскиймен бірлесіп, Сәбит «Жеңіс жыры» атты пьесасын жариялады.

Қазақстанның ғылым жұртшылығы мен жазушы жұртшылығына Сәбиттің әдебиет тарихын зерттеген еңбектері де мейлінше мәлім. Оның бүгінгі әдебиетті, 19-ғасыр әдебиетін зерттеген кітаптары және Абайдың өмірі мен еңбегін талдаған мол еңбегі — монографиясы — әдебиет тану ғылымының көп мерейіне жарайтын еңбектер. Бұлармен қатар, Сәбит көп кітаптарға кіріспе тексерулер жазған. Абай, Жамбыл шығармаларына жазған кіріспелері, фольклордың «Батырлар жыры» сияқты, «Айтыс» сияқты ғылымға жаңа тың түрлеріне жазған кіріспе тексерулері де елеулі жұмыстар.

Міне, қазақтың ең ірі, аға жазушысы Сәбиттің — жан-жақты, кең тынысты, еңбекке толы, өнімді жолы осындай кең жол боп келеді.

1946

ХАЛЫҚ АРТИСИ

Оның ол шақтағы атағы артист емес-ті. Өйткені мұның халқының тарихтық болмысында ондай кәсіп те жоқ, тілінде ондай атау да жоқ болатын. Бірақ Қарқаралының кедейінен шыққан жас жігіт Қалыбек Қуанышбаевтың сол кезде ел ішіндегі жуан шонжарға қарсы қолданылатып мірдің оғындай бір құралы бар-ды. Ол құрал — халық атаулының көп ғасырларда үнемі қолданып келген құралы, мұқалмас құрал болатын. Сол құралдың аты — халықтың күші, халықтың мысқыл, әжуасы елі.

Ол заман ел өнерпазына өгей заман болса да, тыңдаушы, қостаушысы ел болғандықтан Қалыбек өз құралын ескі ауылдың неше алуан мешеулігін шенеп, шарыққа жапығандай етіп, қайрап өсіріп жүрді. Әжуа етіп мысқылдайтындары:— пәлеқор болыстар, жеміт обырлар, паракор тілмаштар, мысық сопы молдалар,

алдампаз алып-сатарлар және неше алуан кертартпа қырсық заңдарды қорғайтын атқамінерлер болатын. Қысқасы Қалыбектің әжуалайтын адамы көп, бірақ Қалыбек өзі жапа-жалғыз. Сондықтан, ол да өзінің өнерін әралуан етіп көбейте бастайды. Өзі күлдіргі әңгіме шығарушы, өзі ақын, әнші, өзі домбырашы және өзі тамаша өнерлі орындаушы, айтулы болып алады. Сонда да мұның күлкі еткендерінің саны көп, ол өзі әлі жалғыз. Сол себепті Қалыбек енді бір өзі бірнеше кісіні қатар суреттейтін болады. Жапа-жалғыз отырып, екеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын бір өзі орындап береді.

Ендігі Қалыбекті көптің жиыны тындай бастайды. Қаланың базарында, Қояндының жәрменкесінде әлі артист аты қойылмаған, бірақ халықтың сыншы мысқылын ұстаған өнерпаз дами береді. Дамығанда, өзінің сезімтал жүрегіне айналадағы өмірдің көп әсерін жия жүріп, ұлғайып дамиды.

Сол заманда дерттей сіңген, неше текті, кәкір-шүкір күлкі күйлерді әжуаның айырына шаншыл алып әшке-релейді.

Бірақ күнделік өмір дағдыр күлегеш жігітке көп өшігеді. Тек жалғыз-ақ өшіге жүріп солар өзі Қалыбектің тәжірибесін, өнерін, өткірлігін асыра түсетіндігін аңдамайды.

Бірде бай аулының жұмысшысы, бірде жәрменкеге мал айдаушы болып жүріп, туған сахарасының құнарсыз калпына көзі жетіп, енді басқа түрлі еңбек, кәсіп іздеп Омбы қаласына кетеді. Қаланың байына жұмысшы болып қызмет етеді. Сонымен жүріп азапты жыл — 1916 жылда ел кедейімен бірге окопқа кетеді. Қарқаралының болыс, тілмашы Қалыбекті де қара жұмысқа айдайды.

Мойымас көптерілі Қалыбек олар сүйтті екен деп жасымайды. Ресейдің ұлан-ұзақ жолдарында болса да, Минск қаласының маңындағы окопта болса да ол өзінің күлдіргі әңгімелерін бұрынғыдан да молайтып, бұрынғыдан да тұздығын ашылай түсіп, айта береді. Бірге жүрген жұмысшы жерлестері болса мұның ел жуаны мен шонжарып масқаралап айтқан мысқылдарын енді әсіресе ентелей түсіп, түсіне тындайды. Өйткені ол жұмысшының көбі сол жуандардан әділетсіздік көріп, зығыр жеп, майданға аттанып еді.

Осындай қиын жол, қыспақ өмірдің бәрінен өткенде Қалыбек өмір дегеннің өзіне ойлы сыншы көзімен қарап өседі. Тәжірибесі артып, сана-сапасы ұлғаяды. Өзгеше, татымды өмірді көксеріп, ондай өмірдің ел тарихына келетініне сенімі ұлғаяды.

Қалыбек ауылды советтендіру жұмысына қатынасады. Сол кезде совет жолына қас ойлаған «Қарабай», «Сарыбай», «Шұбар байларды» өлтіре мысқыл етіп, ел кедейінің тап жауларын істікке шаншып, көзеп береді.

Енді халықтан шыққан артист Қалыбектің аты тұған сахарасынан гөрі кең атырапқа жайылады. Оны облыс біледі. Республика орталығы Қызылордаға шақыртады. Советтік жас өнер, көркемөнер дүниеге келіп, қазақтың мемлекеттік театры туады. Сол театрға ірге салған бір топ өнерлі ел артистерінің бірі болып Қалыбек Қуанышбаев араласады.

Сол театр 20 жасқа толды. Бүгінде ол еңсесі биік күмбездей болып өсіп, толып, Қазақстан көркемөнерінің ағасы — Академиялық театр болып отыр. Бұл театрдың осыншалық өсуіне еңбек еткен қазақ халқының ең талантты халық артистері мен республиканың еңбегі сіңген артистерінің арасында Қалыбек еңбегінің орны — ең алдыңғы орын.

Театр табыстарының, тарихының бойында талантты актердің ойлы ойыны, қызғылықты, елікті күлкісі өзі бір сәрі. Оның шеберлікке жету сатылары көрушілерді үнемі қуанытып отырады. Аз заман ішінде қазақтың советтік социалистік көркемөнерінің тарихы туғанда осы Қалыбек сияқты арқалы қайраткерлердің еңбегімен туды.

Соның орайына Қалыбектің өмірінің өзі де көркемөнерге түгел берілді. Көркемөнер оның өмірінің үлкен арқауы болып кетті. Әрбір еңбек таласы, әрбір қамқор ойы, әр сезімі республикасының көркемөнерімен туысып алған артистің бірі Қалыбек. Сол себепті өзінің социалистік отанының мәдениет майданындағы ұлы міндет, ұлы істері Қалыбек үшін оның өз басының ісінен әлдеқайда жоғары, бағалы орын алады.

Театр сахнасында Қалыбек жүздеген бас рольдерді ойнады. Кейде құлшына түсіп, құшырлана әшкерелеп хан, уәзірлерді, атқамінер алаяқтарды ойнайды, кейде халық қамқоры болған даңғал адамдарды ойнап, өзінің

көркем суретшілік өнерінің ерекше бір оқшау қасиеттерін де танытады.

Қалыбек соңғы жылдары қазақ халқының өз тіршілігінен алынған кейіпкер ішінде біріне-бірі мүлде ұқсамайтын бір үш адамды ойнап жүр. Ол үшеудің бірі — «Алдаркөседегі» мес-мешкей, жарым адам, жарым доңыз Шораяк. Екіншісі — «Ақан сері — Ақтоқтыдағы» таза жаны бар, бірақ сұмдық ауыр тағдыры бар, үнсіз мылқау малай. Үшіншісі — халықтың асыл шешені Абай.

Қалыбектің ойнауы арқылы Қазақстанның көркем өнері өзінің өсіп, піскендігін танытып, ұлы орыс халқының классикалық пьесаларын («Ревизор», «Мысыққа күнде той болмас») және советтік пьесаларды да талай көрсетті.

Қалыбек атакты Шекспирдің де Бранбанцио («Отелло»), Баптиста («Асауға тұсау») сияқты кейіпкерін келістіріп ойнап берді.

Міне, анық шеберлік жолын анық қадам басқан үлкен театрдың үлкен актерінің еңбек жолы осындай. Халық күлдіргісінен бастап мәдениетті өнердің биік шыңына кеп шығып отыр. Театрға, театр қызметкерлеріне берілген үкімет награды осы өрлеудің айғағы. Бұл жол Қалыбектің бір басының ғана жүріп өткен жолы емес. Ленин ұлт саясаты арқылы жаңарған еліміз мәдениетінің, жас қауым, жаңа буындарының да жүріп өткен жолы.

Барлық тірлік-табысы жөнінде үлкен қамқоры болған, тәрбиеші, жәрдемші болған ұлы большевик партиясына, совет мемлекетіне Қалыбек өзінің үнемі қарыздар екенін ұмытпайды. Сондықтан ол Ленин жүйесі белгілеген интернационалдық мәдениетті және совет халықтарының өзара достығын айрықша қадір тұтып, зор бағалайды. Осы бағытта ұлы орыс халқының өнерінен үлгі алып, үйренуді ол өз басының ғана борышы емес, республикамыздың мәдениет құрылысындағы тарихи зор міндеті деп ұғынады.

Қазақ жұртшылығының ең сүйікті актері Қалыбек, көркемөнер қауымының арасында көпшіліктің анық сүйетін, жақсы мінезді, қадірлі адамының бірі. Үлкенге дос, жасқа аға, көп мінезі айналасына үлгі болатын адам.

Үкімет пен партия Қалыбек еңбегін ірі бағалап,

1936-жылы қазақ көркемөнер табысын Москва жұртшылығына көрсеткенде «Құрмет белгісі» орденін берді.

Өз отанының адал азаматы Қалыбек ендігі өмірі мен еңбегін елінің келешегіне түгел, толық қосу үшін 1939 жылы ұлы Ленин партиясының қатарына кірді.

Туған республикасының социалистік көркемөнеріне сіңірген еңбегі үшін 1945 жылы Қалыбек Еңбек Қызыл ту орденін алды. Таяуда Ленин орденін алды.

Қалыбекке Отаны ерекше зор сенім, құрмет көрсетіп, оны ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаттығына сайлады.

Қалыбек өзіне көрсетілген зор сенімді жақсы түсінеді. Ол ұлы сенімді ақтау жолында жан-тәнімен аянбай қызмет етеді.

Міне, елінің қасиетті өнерін сақтап, ұлғайтқан қазақ халқының өнерпаз ұлы Қалыбек осындайлық кәдірі бар совет азаматы.

1946

ӘЛІШЕР НАУАИ

Өзбек халқының ұлы ақыны, ескі Шығыстың атақты зор ойшысы Әлішердің туғанына 500 жыл толып өтті.

Әлішердің шыққан заманы, бұның алдында 40—50 жыл бұрын болған Ақсақ Темір патшалығының екі жікке бөлінген кезі еді. Бір бөлігінің саяси, мәдени орталығы Ғират, екіншісінің орталығы Самарқан қаласы болатын.

Өз тұсында Алтынорда, Иран, Кіші Азия, Үндістанмен соғысқан, көп апаттар жасаған Ақсақ Темір бертін келе патшалығын Түркстан, Ауғанстан, Иран, Оңтүстік Кавказдан құрады. Талай жұрттың ескі мәдениетін ойрандап, ел-жұртын егер қып жүрген кезінде, Ақсақ Темір бар табысын Самарқанға тасыған. Халық үстіне ауыр-ауыр салық салып, Самарқан қаласын салтанатты сарайлармен, зор имараттармен безендірді. Жеңген елдердің көбінен имарат салатын ұсталар, оюшы суретшілер, дәрігер, білімпаздар сияқты талай жандарды сол Самарқанға жиды. Темірдің өз тілек-талабы ірі

феодалдар мен үлкен саудагер тобының мақсат-мүддесін көздеген болса да, халықтар тарихының кеңірек тілегімен қабысқан білім-өнерді, өз бетімен молырақ өндіре бастады.

Сүйтіп, бертін келе Самарқан қаласы көп білгір, шебер өнерпаздардың жиын орталығы болып алды. Ескі грек, рим мәдениеті, үнді, араб, парсы мәдениеттерінің неше алуан салалары Орта Азиядан кеп орын тебуге айналды. Өнер-білім тілі де жалғыз түрік елдерінің тілі боп қалған жоқ. Араб, парсы сияқты бұрын ысылған өскелең тілдер дендей бастады. Оқу-білім, жалғыз дін оқуы емес, философия, тарих, көркемөнер, география, есеп ғылымы, тіпті астрономия ғылымы сияқтыларға айналды. Темірдің бір немересі Ұлықбек Самарқанның патшасы болып отырып, астрономия ғылымына көп еңбек етті. Әлі күнге ғылымдық бағасын жоймаған «астрономия таблицасын» жасады.

Гиратта да, 15-ғасырдың орта кезі білім-өнердің бірталай өрістеген дәуірі болады.

Өнерлі елдердің үлгісіне қол артқан өзбек әдебиеті өз тілінде жаңа сапа таба бастайды. Иран, араб әдебиетінің мәдени эсерін ала отырып алға басады. Лутфи, Атаи, Сәккәки сияқты ақындар бастаған, өзбек тілінің көркем поэзиясы өркендейді. Араб, иран тіліндегі ірі шығармалар аударылады. Сол 15-ғасырдың 70-жылдарында Әлішер араласқан кездерде өзбек әдебиеті қаулап өседі.

Бұл кездер иран әдебиетінің де жемісті болған кезінің бірі еді. Жами, Исмат, Бухари, Хұсаин, Уаиз сияқты сұлу жырдың жыршылары осы заманда пайда болады.

Көркемөнер көлемінде де үлкен жаңалыққа жол бастаған музыкашылар шығады. Ірі суретші, өрнекші, миниатюрші және хұсний-хатқа (каллиграфияға) шебер өнерпаздар болады. Бейзад, Сұлтан-Әли, дәруіш Мұхаммед, Мир-Әли Қыл-қалам сияқты атақты суретшілер болады.

Бұрын барлығы әдебиет пен көркемөнердің дін ноктасынан босаңқырап, өмірге, күнделік шындыққа қарай жақындай бастағанын көрсетуші еді.

Тірлік-барлықты тануда бұл заманның софилық ағымы — нәқшбенділіктің өзі де дүниеден оншалық бе-

зіне алмады. Өзге замандарда аса қатал болған, дін фанатизмі бұл дәуірде бәсең болады. Осындай бір кезеңде еңбек еткен Әлішер софылық тұсауының босаң болған жағымен пайдаланып қалады. Патшалыққа, дін басыларына, шарифатқа қарсы беттеген өз жырларын батыл айтады. Шығыс әдебиетінде бұрыннан басымдап келе жатқан софылық ағымы әдебиетті де өмірден алыстатып, құдай жолына мүлгіте беруші еді. Әлішер тұсында адамның ой таланты, өнер еңбегі қоғамдық тірліктің пайдасына арналып, кеңірек өріс алады. Әлішерді шығарған заманның жалпы аңғары осындай еді.

Енді сондай дәуірде майданға шығып, адам баласының тарихына ұлы мұралар қалдырған Әлішердің өз өмірі мен ақындығы туралы біраз сөз айтайық.

Әлішер 1441 жылы 13 февральда, Ғират қаласында туған. Ата-аналары мен ағайын-туғандары сарай қызметінде жүретін ақсүйектер ішінен шығады. Өз әкесі Ғиясиддин кішкене Әбулқасым Бабирдің¹ сарай қызметкері болып жүріп, біраз уақыт жеке қалаларға әкім де болады.

Жас уағында Әлішер сарайдағы бек балаларымен бірге тәрбиеленеді. 1450 жылдарда, Қорасанда тұрып оқу оқиды. Парсы тілі бұл балаларға ана тілімен тең болған. Ерте кезде Сағдиде оқып өседі. Фәриддин Атардың «Мантхуттаир» (құстар сөзі) деген кітабы, Әлішердің аса құмартып оқыған кітабы болады. Бертін ұлғайып келген кезінде, Әлішер сол балалық шағында үлкен әсер еткен кітапты еске алып «Лисануттаир» деген кітап шығарған.

Ғиясиддин баласының оқу тәрбиесіне қатты зер салады, мықтап оқытады, әсіресе әдебиет пен көркемөнерді сүйгізуге тырысады. Әлішер Хожа Юсиф Бұрхан деген кісіден музыка оқуын оқиды. Хұснихатқа (каллиграфияға) машықтанады. Иран әдебиетімен түгел танысады. Заманының ғалымдарын, музыкашыларын, суретшілерін де тегіс біледі. Өз бойында ерте ояңған талант арқылы, жаңағы адамдардың барлығына сүйікті бола бастайды.

¹ Әбулқасым Бабир — Қорасанның патшасы, бір жағынан ақындығы бар болған адам. Бірақ, Шығысқа мәлім болған атақты ақын, мемуаршы Бабир бұл емес. Ол Захир ад-дин Мухаммед Бабур 1488 жылы туып, 1530 жылы өлген.

1453 жылы Әлішер Қорасан патшасы Әбулқасым Ба- бирге қызметке кіреді. Жырлар жаза бастайды. Бұл уақыттарда Әлішер жалғыз парсы емес, арабшаға да жетілген болатын. Алғашқы шығармаларын кейде пар- сы, кейде өзбек тілінде жазады. Парсыша өлеңдерін «Фани» атымен, өзбекшелерін — «Науан» атымен тара- тады. Бұл шығармалары, замандас жазушы, суретші- лер арасында жақсы бағаланады. Әлішерге «Зулли- саян» (екі тіл несі) деген ат беріседі.

1457 жылы Бабир өледі. Әлішер Қорасанның орта- лығы Мешхед қаласында тұрып қалады да, ғылым жо- лына беріледі. Осы жылдар философия, есеп ғылымы, дін кітабы сияқтыларды көп зерттейді. Жазушылыққа да анықтап бой ұрады. Бұл кездегі ынтық ақыны Хожа Хафиз Ширази болады.

Әлішер өзінен жасы үлкен, тәжірибесі мол ақындар- мен көп танысып, олармен кездесіп отырады.

1464 жылы Әлішер Фиратқа қайтады.

Фираттың ол күндегі патшасы Абусәид болатын. Бұ- ған қарсы, патшалық тағы үшін, Хұсаин Байқара алы- сып жүретін. Әлішердің екі нағашысы Хұсаин жаққа шыққандықтан оларды Абусәид өлтірткен еді. Әлішер- дің өзі де Хұсаинға тілеулес болған. Сол себепті Абу- сәид Әлішерді сенімсіз көріп, 1465 жылы оны Самар- қанға айдады.

Самарқанда Әлішер сол заманның үлкен ғалымы Хожа Жалалиддин Абулластың медресесінде оқыту- шы болады. Бір жақтан ақындық жолына беріледі. Те- гінде, Әлішердің жас кезінде жазған жырларының қол- жазбалары сақталмаған. Бірақ, кейбір диуандары (ұсақ өлең жинақтары) сол шақта жазылған болу керек.

1469 жылы, Абусәид өлген соң, Фират тағына Хұ- саин отырады да, Әлішер Фиратқа қайтады.

Әлішер жас балалық шағында (6 жасында) Хұсаин- мен бірге оқыған. Фиратқа келген соң, Хұсаинға арнап «Хилалня» деген қасида (жыр) жазады. Хұсаин қасида- ны ұнатып, Әлішерді сарайға тартады, мөршілік қызме- тін береді. Осыдан бастап Әлішер саясат жұмысына араласып, халық игілігіне пайдалы адам болмаққа тал- пынады. Сарайдың патша, уәзір бектерінен бөлек жол тұтып, аз уақыт ішінде әділ, абыройлы, әсерлі кісінің бі- рі болып алады.

1470 жылы Хұсаниға қарсы, Астрабадта, Ядғар Мұхаммедтың көтерілісі болады. Патша Әлішерді ертіп соғысқа кеткенде, Фират халқы көтеріліс жасайды. Бұл патшаның әмірлері мен бектеріне қарсы және салық саясатына қарсы шыққан қозғалыс еді. Хұсани осы жұмыс жөнінде Әлішерді жұмсайды. Әлішер бүлінген елдің ортасына келіп Хұсаниның бұйрығын білдіреді. Ол бұйрықта халық тілегінің біразына көну және соны іске асыру жолдары айтылған еді. Әлішер жұрт тілегін орындап, халыққа қатты қиянат еткен уәзір, төрелердің бірталайын орнынан түсіріп, қамауға алғызады. Және бірталай әмірмен бектерді жазаға тартуға патшаның бұйрығын жасатады. Осындайлық елге жаны ашыған істері үшін, Әлішер халық ортасында аса абройлы, мәлім кісі болады.

Бірақ, Әлішер сарай қызметінен босанып, жазуға берілмекші еді. Өз тілегі бойынша, мәршілік міндетінен босап алған кезінде, Хұсани бұған уәзірлікті ұсынады. Әлішер бұл орыннан қашса да, құтыла алмайды. 1472 жылы уәзір болады. Бірақ сол орынға келген күнінен бастап үлкен рудан шыққан уәзірдің көбі бұған қарсы қызғаныш ойлап, іштен түйіледі.

Әлішер оларға қарамайды, өзінше үлкен жолдармен іс етпек болады. Алдымен Фират қаласын зор мәдениеттің орталығы етуге кіріседі. Өз айналасына заманның ірі кісілерін — ғалым, суретші, музыкашы, архитектор, ақындарын жияды. Бәрін де мемлекет ісінің кеңесіне алады. Сол күндердің ең үлкен ақыны Абдурахман Жами және Саид Хасан Әрдашер сияқты ақындар Әлішердің ақылшылары болады. Жами, сарай маңынан алыста жүрсе де, барлық Орта Азияға мәлім еді. Ол Әлішерге ұстаздық етіп, ақыл көмегін көп беріп тұрады. Хұсани өзі де өлең жазушы еді. Ол Фиратты көркейту талабына қарсылық етпеді. Бірақ, аз заман ішінде ішкілікке беріліп кетеді. Оның жалғыз өзі емес, ұлдары, әскері — барлығы да соған салынады да, қазынаны құрта бастайды.

Осы кезде Әлішер басының бұлты қоюланып келе жатты. Жаулары мұның өзіне де, достарына да қарсы қимыл етіп жүреді. Бірақ, мемлекет ісінде жүргендердің ішінде, аз да болса, халық жайын ойлайтындар бар еді. Соларға сүйене жүріп, Әлішер өз істерін істей берді. Бір жағынан патшаның өзіне халық алдындағы мін-

детін айтып жүрді. Әлішердің өз басы, сарай былығынан күн санап жиреніш тартты.

Қолынан келгенше ол халыққа пайдалы әрекеттер істеді. Ғират қаласында бірнеше үлкен үйлер салғызып, медресе, кітапхана, аурухана, моншалар ашқызды. Мешхед қаласында да имараттар салғызды. Егіссіз шөлдерде, каналдар қазғызбақ боп, үлкен пландар жасайды. Бірнеше ғалым, ақын, тарихшыларға үлкен кітаптар жазғызады. Оларға үнемі жәрдем етіп отырып, өзі де үлкен еңбектер жазуға кіріседі. Әлішердің үміт талабы бұл айтқандардан да зор еді. Бірақ, Хұсаин сарайы мұндай жолдан қашықтай берді.

70-жылда, Әлішер жазаға ұшыратқан тентек, бүлікшіл сұмдар, енді күн санап бел ала бастады. Олар қанаттасып, бірлесіп ап, Әлішерді сарайдан абыройсыз етіп айдауға тырысты. Өсек шағымдарын патшаға жиі жолдайтын болды. Хұсаин да бұзыла бастады.

Әлішердің ендігі сөзін құлаққа ілмейтін болды. Осыны байқаған соң, Әлішер 1476-жылы уәзірліктен босап шықты. Содан кейін, он бір жыл бойында әкімшілік ісіне араласпады.

1476 жылы Жамиге бағыштап жазған парсыша кітабы «Тухфатул әкфар» да патша сарайына қатты наразы боп шыққанын ашық айтады. Ең үлкен қорытындысының бірінде: «патша — халық басындағы пәле» дейді. Тұспалдап сөйлеп кеп: «жерге әрекет етуде шошқа мен дихан екі басқа іс істейді. Дихан жаман жерді жақсы етсе, шошқа жақсы жерді жаман етеді», дейді.

Сарай бұл кезде, Әлішерге қатты сенімсіздік жасап, сыртынан тыңшы қояды. Әлішер, бұл күйді сезсе де, сыншы іркілмейді.

Әлішердің әкесінен қалған өз мүлкі бар еді. Соның да бірталайын кітапхана, монша, ауруханалар салуға жұмсайды. Ескі имараттарды түзеттіреді. Әлішер салғызған үйлердің бірталайы Ғиратта әлі күнге бар. Үлкен жолдар үстіне керуен сарайлар салғызады. Бұл реттегі, әсіресе көрнекті ісі — өлген ақындарға мазарлар салғызуы.

Әлішердің өз үйінен ылғи жақсылар жиі арылмайды, сол жиындарда айрықша әдебиет мәжілісі, сындар, айтыс-таластар болатын. Мұқтаждық көрген ақын, артистерге мол-мол сыйлар беріп тұрған. Өзбек тілінде үлкен шығармалар туғызуды қатты арман етеді. Осы

бетте кім, не жақсы еңбек тудырса алғашқы жәрдемді Әлішерден алушы еді.

Ақын Әлішердің, өз басының да үлкен, күрделі еңбектер берген жылдары осы мезгіл болады. Атақты «Хәмсә» (Бес кітап) дейтін шығармалары туады. Бұл бестің бірінші кітабы «Хайратул әббар» (жақсыларды таң қылу үшін) деген шығарма. Екіншісі — Ләйлі — Мәжнүн». Бұл дастан 7200 жолды, үлкен жыр. 1483 жылы жазылған. Ләйлі — Мәжнүннің ауызша әңгімесі арабан шыққан, XII ғасырда алғаш рет дастан етіп жазған кісі Әзербайжанның ұлы ақышы Низами Ганжеви еді. Иранда бұған еліктеген кісілер көп болды. Оны Хсрау Дехлеви, Абдрахман Жамилер де жазған еді. Әлішер бұл әңгімеге жаңа мазмұн, жаңа идея беріп, қайтадан жазды. Екі жастың қайғысынан қоғамдық мағына туғызып, байытып жазды.

Әлішердің үшінші дастаны «Фархад — Шырын». Бұл ең ірі кітабы, 11 мың 404 жол, 1484 жылы жазылған. Жырдың түп әңгімесі Ирандікі болатын. Ең әуел дастанға айналдырған Әбулқасым Фирдоуси еді. Кейін көп еңбек етіп, «Хсрау мен Шырын» деп жазған Низами. Содан бері «Хсрау — Шырын», «Шырын — Хсрау» деп жазғандар көп болды. Бірақ Әлішердің жазғаны өзгенің бәрінікінен бөлек боп шықты.

Хсрау Паруиз зорлықшыл патша еді. Соны өзгелердің мақтап жазғанын Науан қатты сынады да, Фархадты көтереді. Дастанның негізін достыққа, халықтар жарастығына құрады. Әділет, гуманизм идеяларын ардақтайды. Қытай жасы Фархадтың қасиетін ұлғайтып, геройлық, махаббат, достық сыйпаттарын береді. Талантты, білгіш, зор ақыл несі, идеал адам етеді.

«Жаһанда ғылым қалмай ол жетпеген,
Іс қалмай тәсілмен тербетпеген»,—

дейді.

Ерлігі ел жұрттың пайдасына жұмсалып алғыс әперсе, бұның махаббаты да адамды тазартатын махаббат болады. Сүюді білмеген жақсылық жоқ деген мағына туғызды. Махаббаттың өзін алғанда, ол достық, тұрақтылықпен өрімдес болсын дейді. Және бұрынғы софилықтың мистикасынан аулақтап шығып, шын «сүю өмірден бездірмеу керек, қайта тірлікті де сүйгізетін болсын» дейді. Мұндай сүю адамға батырлық, дана-

лық, сәулет бітіреді. Бірақ, бейнеті көп. Оған мықты, мінсіз адам ғана жарайды, дейді. Әлішердің әйелге деген көзқарасы да осы дастанда мол тапылады. Мұндағы әйелдер: ақылды, қабілетті және ерлермен тең, туыс келеді. Маһибану, Шырын сияқты әйелдер ең алдымен мәдениетті, ақылды және мемлекетті жақсы басқара алатын әділ, отанын жаудан ерше қорғай білетін мықты әйелдер, заманның алдыңғы адамдары өздері боп шығады.

Дастан ішінде осылардай жақсы, арлы, намыскер, таза адамдарға қарсы залым, әділетсіз адамдарды да көрсетеді. Әлішерде олардың өкілі боп, бұрынғы ақындар дәріптеген, Херау патша шығады.

Хәмсәнің төртінші кітабы—«Сәбғәй сәярә» (жеті планета). Ол 9 мың 710 жолды дастан, 1484 жылы жазылған. Әңгімесі Ирап патшасы Баһрамның басынан кешкен бір жайды баян етеді. Бұл тақырыпта Низами («Нафт пайкар»), Хераулар да жазған.

Әлішер өз жырында Баһрам жайына келгенде жаңағы екі ақынды сынайды. Бір маскүнем патшаны соншалық несіне жақтаған, «өз заманының тұрғысы болған екі шәйір сол надан үшін хәмсәлерін былғар ма?»—дейді. Әлішер жеті планеттің әңгімесін өзгертіп, өзінікі қып әкетеді.

Бесінші дастан—«Сәдди Искәндәри» (Ескендір дуалы). Бұл 14 мың 392 жолды, үлкен әңгімелі жыр, 1484—85 жылдарда жазылған. Бұрын осы тақырыпқа Низами, Хисрау, Жамилер де «Ескендір-нама» деп, әлденеше рет жазған болатын. Әлішер бұл әңгіменің туысында да бірталай жаңалықтар қосты. Кей кезде екі патшаның соғысын жиренішті қан төгіс түрінде көрсетіп кеп, өз тұсындағы патшасы Хұсанн Байқара туралы тұспал беретіні де бар.

Темір нәсілінің соңғы дәуірлері, тыныштықсыз, берекесіз өзара соғыстарға толып, ел мазасын қатты кетіріп еді. Әлішер мына дастанда кей-кейде соны тұспалдап, соны кіна қылады. «Хәмсәға» кірген бес кітаптың жайы осындай. Жалғыз өзбек әдебиеті емес, заманындағы барлық шығыс әдебиетінің биік шоқысы есепті болған «Хәмсәни» Жами сол жылдардың өзінде де қатты мақтаған еді.

Бірақ, патша сарайы Әлішердің атақты, абройлы кісі боп аман тұрғанын көтере алмады. Хұсанн Байқа-

ра астападан Әлішерді қумак болады. Қуғанда түп-тура айдап тастау оңай емес, ұлы ақынды сүйетін, кәдірлейтін жұрт көп. Сол себепті сылтау тауып Астрабадқа әкім етіп жібереді.

Әлішер аты ол жақта да мәлім екен. Астрабад үлкен құрметпен қарсы алады. Келген жолын құттықтап, білім нелері хаттар жазады, ақындар жырлар арнайды. Тіпті түркпен ханы Жақыпбек те сый жібереді. Жалғыз-ақ: әкімдер арасында парақорлық, зорлық дегендер аса күшті екен. Әлішер ел қамын ойлап, жаманшылықтармен алысуға кіріседі. Хұсаниға мемлекет қамын, парызын айтып, өзінің үлкен пікірлерін айқындап, толық хат жазады. Хатында жаңа тәртіптер туралы көп программалар аталған. Бұл хат Әлішер Науаидың мемлекет жөніндегі үлкен мұңдарының бір жақсы белгісі.

Астрабадта тұрған кезінде Әлішер өзінің ғазалдарын (лирика) және басқа жырларын молайтады. Барлық көркем ұсақ шығармаларын бір жинақ қып топтайды да, 45 мың жолдық «Хэзанин-улмианин» (мағыналар қазынасы) яки «Шардеуан») деген атақты кітабын әзір етеді. Әлішердің Ғиратқа қайтқысы келсе де, Хұсанин қайтармайды. Оның орнына, Әлішер басына қастық ойлап, бұрынғыдан да, өшігіп жүріп, бір уақыт, ішер асына у салғызып береді. Бірақ, Әлішер сезіктейін қалып, өзі ішпейді. Удың жайын анықтайды. Осы жөнде Хұсанинды ұялтып, кіналап отырып, хат жазады. Хұсанин Әлішер хатынан қысылып, ақталмақ болады. Амалсыздан, Әлішердің дегеніне көніп, Ғиратқа қайтуға рұхсат етеді.

Осыдан кейін бірталай заман Әлішерді Балхыда тұрғызады. Соңғы жылдарда, Хұсанинның өзімен Бәдиюззаман деген баласының арасында араздық басталып, ұзақ жаулық — соғыс боп кетеді. Әлішер бұл шатақтан халық ауыртпалығы артқанын көріп, әке мен баланы жарастырмақ болады. Бірақ ол дегеніне жете алмайды, тыныштық орната алмайды. Осы кезде Хұсанин маңайын тастап, басқа бір жұртқа кетуді де көп ойлайды.

Бірақ, жазушылық еңбегінен қол үзбейді. Жоғарыда айтылған ірі кітаптардан басқа Әлішердің «Мухаккаматуллағатаин» (тілдер таласы) деген аса бағалы ғылыми кітабы жазылады. Бұл кітапта өзбек тілін бұрынғы кітапшалардың асыра мақтай беретін парсы тілімен салыстырады. Өз елінің тілі анау сияқты өнерді, өске-

лең деген тілден тіпті де төмен емес, қайта байырақ екенін анық көрсетеді.

1498—99 жылдарда Әлішер «Лисануттаир» (кұстар тілі) деген кітабын жазады.

Өмірінің соңғы шағында, 1500 жылда жазған үлкен шығармасы «Мәхбұлбұл кулуб» (көңіл сүйгені) деген кітап. Мұнда өмірдің тәжірибесі, көрген-білген үлкен халдер, қоғамдық халдер туралы өзінің қорытынды пікірлерін айтады. Халық қамы мен патшалық ниетінің арасындағы бітімсіз жаулықты танытады. Елдің ыза-сын, жиренішін, қорлығын айтады. Жуандардың әділетсіз, залымдығын, жыртқыштығын таңбалайды. Жұрт мұңына соншалық жақын келген бұл шығармасының тілі де халық тіліне, халық шешендігіне, мақал-афоризмдеріне аса жақын, асыл, бай өрнектеп жазылған.

Әлішер, 1500 жылы ұзақ ауруға душар боп, көп заман төсек тартып жатады. Достары жиған дәрігерлер ем таба алмайды. Сүйтіп, 1501 жылы 12 январьда, ұлы ақын қайтыс болады.

Әлішердің өліміне қайғырған халық сансыз еді. Сол жұрт ішінде өз уайымын жырмен айтқан Әлішердің досы Маулен Саһиб Дара деген кісі, ол ерекше жоқтау жазды. Бұл жоқтаудың әр шумағынан Әлішердің туған жылы мен өлген жылы көрініп отыратын боп жазылған.

Артына ұшан теңіз мол мұра қалдырған Әлішер Науан жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Орта Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне үлкен әсер етті. Әзербайжан, түрікпен, татар, осман түріктерінің әдебиетіне тараған үлгісінен басқа, казак әдебиетіне де көп нәрлі жемістер берді. 19 ғасырдағы казак әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ — бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сарындарын сезіп отырамыз.

Өз дәуірінің мәдениет, әдебиетіне соншалық көп еңбек еткен және кейінгі ғасырларда көп халықтардың көп заман қадірлеген ұлы ақыны Әлішер Ұлы Октябрь революциясына шейін өз мұраларына лайықты бағаны ала алмай келіп еді.

Бақытты отанымызда ғана атақты Әлішер Науан

шын ардақты атқа ие боп отыр. Бұдан былай қазақ халқы үшін де Әлішер аты Пушкин, Шота, Шевченко, Абай, Низами, Фирдоуси, Мақтұмқули, Токтағұл сияқты қадірменді аттармен қатар аталатыны күмәпсіз.

Әлішерден қалған ақындық мұра ұшан теңіз. Қазақ оқушыларына, бір жыл ішінде барлық ірі шығармаларын аударып, басып танытып беру оңай емес. Біздің баспа өз оқушыларын өзбек халқының ұлы ақынымен аз да болса таныстыру үшін осы кітапты ұсынып отыр. Бұнда «Шардеуанға» кірген «ғазалдардың» (сыршыл жырлардың) үлгілері бар. Хәмсәнің ішінен «Фархад — Шырын» деген үлкен дастанынан үзінділер берілген.

Осы үлгілердің өздерімен де, түгел танысқан оқушы Әлішердің асыл қазынасынан, әсем өрпегінен толық әсер алады деп білеміз. Қазақстан баспасы Әлішер мұралары туралы осы бір кітаппен тоқтамақ емес, әлі де үлкен шығармаларын қазақ еліне таныстыра беруіне тілектеспіз.

1948

ҰЛЫ ОЙШЫЛ-СЫНШЫ

Июньнің 7-сі күні орыс халқының ұлы ойшыл философы, кеменгер сыншы әдебиетшісі және демократ революционері В. Г. Белинскийдің өлгеніне 100 жыл толады.

Белинский 37 жасында қайтыс болған. Саналы еңбек өмірі ұзақ дәурен кешпеген. Бірақ, аз жылдық қадырлы еңбек кезеңінде соншалық өнімді өмір кешіп өткен. Терендігі мен молдығын теңіздей еңбек деуге болады. Осы еңбегінің үш түрлі ерекшелік сыпаты бар еді. Ол: әлеуметшілік, ойшылдық, сыншылдық. Еңбектерінің барлығын халыққа пайда келтіріп, жәрдем ету үшін сарп еткен. Бұл бір сипаты. Әрбір еңбегін қоғам тартысына арналған акт, үлкен әрекет есебінде түсінген. Бұл жағынан өзі туралы «Мен бұл әлемде алысушымын» дегенді.

Екінші сипаты — үлкен ойшылдық қасиеті берік еді. Ол жазушылық, сыншылдық еңбектің барлығының негізінде терең ой, тұңғыш мол ой жатсын деген. Осы ретте өзі айтқан тағы бір нақылы еске келеді. «Көркем-өнер ойсыз болса, жансыз дене есепті, ол өлік», — деген.

Үшінші ерекше сипаты — өнімді ойды серік етіп алысушы болғанда халық үшін, халықтың азаттығы, болашақ бақыты үшін алысу шарт деп білген еді.

Біздің дәуір Белинскийді қадірлегенде осындай сипаттарының өзгешелігін еске ала отырып қадірлейді. Россия тарихында қоғамдық ойдың даму жолында Белинский үлкен бел, Ленин оның барлық еңбегінің нәтижесін қорыта келіп баға бергенде: «Біздің бостандық жолындағы қозғалысымызда крепостнойлық правоның тұсында-ақ бұқарашыл топтың өкілдері дворяндарды толығынан ығыстыруына жол салып берген Белинский болды», — деген.

Белинскийден қалған мол мұралардың ішінде отанын сүйгендік, орыстың халқын сүйгендік ерекше айқын орын алады. Өз отаныңды сүю сол отанды адам баласы арманының іске асуына бар ықыласыңды салып, қолыңнан келгенше соған көмектесу деген сөз. Осы жағынан алғанда Белинский көп ақынға, жазушыға тәрбие болатындай ақылдар айтқан. Сондай ой толғауының бірінде «ақын қандай болу керек» деген сөзге жауап беріп: «ақын барлық қоғамның ең қасиетті күйсандығы есебінде болсын. Қоғамның өзіне өзі соншалық анық емес қасиетті сырларының да үншісі болсын», — деген-ді. Бұл жөндегі Белинский қасиеті: Жданов жолдастың, «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы айтқан баяндамасында аталып еді. «Белинскийден бастап орыстың революцияшыл-демократияшыл интеллигенциясының тандаулы өкілдерінің бәрі «таза көркемөнер», «көркемөнер — көркемөнер үшін» деген нәрсені мойындаған емес. Олар халық үшін жасалатын көркемөнердің, оның идеясы және қоғамдық маңызы жоғары болуының жаршысы болады», — дейді. «Совет әдебиетінің ең жақсы дәстүрі XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің жақсы дәстүрінің жалғасы, біздің революцияшыл ұлы демократтарымыз — Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Салтыков-Щедрин жасаған, Плеханов ілгері бастырған, Ленин ғылыми жағынан шешіп, әбден негіздеп берген дәстүрдің жалғасы болып табылады», — дейді тағы да Жданов жолдас.

Белинский турасында осы айтылған ірі баға, үлкен сөздер оның қандай қасиеттерінен туған? Ең алдымен, Белинский орыс мәдениетінде азаттық қозғалыстың ең ірі өкілінің бірі болады. Бұл күнге дейін Белинскийді

тапу жөнінде жат сананың өкілдері ол туралы көп теріс сөздер айтып келген. Солардың көбінше қайталап айтатын теріс бір пікірлері — Белинскийдің ойшылдығы мен өсуі тек батыстың ойшылдарына кезекпе-кезек еліктеуден туған дейтін. Бір заман ол Шеллингтің эсеріне түсті, одан кейін Фикстенің, сонан әрі Гегельдің ізіне түсумен болам дейтін. Анығында, Белинскийдің ой-өрісінде іздеу жаңағылардың көзқарастарын қабылдау мен құптау емес болатын. Қайта оларды мақұлдамай сынап, идеалистік философияны мінеп, оған жеткенінен әрі асыра ой жүргізген. Олардың жолымен жүру емес, қайта сонымен алысу — Белинскийдің өсуіндегі ерекше қадірлі сипат еді.

Белинский Россияда марксизм дамымай тұрып дүниеден қайтты. Бірақ, Белинскийдің еңбегі арқылы Россиядағы әлеуметтік ой революциялық тартысқа, социализмнің санасына қарай анық ауысты. Осы жөнінде 1837 жылы 15 пюньде Белинскийдің Гогольге жазған хатын — оның революциялық программасының ең айқын, ең толық түрі деуге болады. Ленин бұл хатты Белинскийдің әдебиеттік еңбектерінің ең үлкен қорытындысы деп білген. Россиядағы цензура тұмшалап ұстаған баспасөздің ішінде патшалықпен, крепостнойлықпен алысқан ең бір асылы осы деп бағалаған.

Белинский халық атынан, қанауда жатқан санмиллион шаруа атынан ой жүргізген, тартыс басталған ірі әлеумет қайраткері еді. Осы жөнде Белинский заманындағы орыс әдебиетіне үнемі сын бере отырып, ұлы ой, ұлы арманға қарай бағыттап, бастады. Өзінің сынын, жаңа әдебиеттің қалыптануына, жаңа үлкен сипат тауып өрістеуіне жетекші етіп жұмсады.

Орыс әдебиетінің XVIII—XIX ғасырдағы бар жазушысын алсақ, солардың кейбіреулерін мақтап, кейбіреулерін мінеп сөйлеген Белинскийдің сөзі баршаға мәлім. Әсіресе, бағалы бір өзгешелігі — шығармаларды соншалық әділ, барынша шыншыл жүрекпен талдайтын. Ол Пушкиннің бар қасиетін танытып, орыстың жаңа әдебиетінің негізін салушы деген бағаны берді. Ол Грибоедовтың «Ақылдың қайғысы» деген шығармасын Россиядағы сол замандағы болмысқа қарсы наразылықтан туған ірі шығарма деп бағалады. Лермонтовтың жаратылысынан ол анық халық ақынының сипатын тапты. Идея жөнінде, көркемдік жөнінде, Белинский жаңа дамып

келе жатқан талай жазушыға жетекші болды. Некрасовтың, Тургеневтың, Гончаровтың ең алғашқы адымдарын аңыстан танып, ілгері қарай өнді басуына көмекші болды. Ең алғашқы бір әңгімесінен Достоевскийдің де үлкен жазушы болатынын айқын таныды.

Белинскийдің ең үлкен қасиеті — өзінің сыншылдық еңбегінің барлығын реалистік әдебиет туғызуға арнады. Қалың халық топтарына түсінікті, жақын боларлық және озат ойды танытатын көркем сапасы мен құлашы зор әдебиет үшін алысты. Бұл жағынан алғанда Белинский орыстың әдебиет тарихы мен сынының ғылымдық берік іргесін қалаушы деп танылады.

Ұлы сыншы «көркемөнер — көркемөнер үшін» деген бағыттың зияндығын да аша білді. Ол өмірге ден қоймаған, халық мүддесінен қашықтаған өзімшілдер түсетін жол екендігін ашып берді.

Әдебиетті ыстық жалынмен сүйген Белинский шын зор әдебиет — халықты тәрбиелейтін құрал болсын деді. Николай патша тұсындағы Россияның тарихы мен жағдайларын ойлай отырып, күйіне сөйлеген уақытта: «Халық орыс жазушыларына өзінің жапа-жалғыз көсеміндей, қорғаушысындай қарайды. Патшалықтың жауыздығынан құтқарушы деп санайды», — деген. Сол себепті жазушы, халық алдындағы өз жауаптылығын ұмытпайтын болсын дейді. Сондықтан да, Гогольдің қаталасқан шағында, оған өзінің атақты хатын жазады. Хатында қайнаған ызамен, халық үшін намыстанған зор ашумен, наразылықпен сөйлейді.

Әдебиеттің халықтық сипаты туралы да Белинский мәселені өз заманында жаңаша шешіп берген XIX ғасырда кейбіреулер жазған халықшылдық жолына түсіп, халық санасындағы патшалық дәуірдің таңбасы есебінде болған кейбір кертартпа жайларды мадақтаған еді. Патша әкімшілігіне бағынғыштық, діншілдік, жалған момындық халдері «халық сипаты» деп ұғындырушылар болып еді.

Белинский шын халықтық қасиеттің басқа екенін және оның өзінше, өзгеше сыры барын ашты. Әдебиеттегі халықшылдық азатшыл ойды көрсететін, оның жаңалық туғызар сипатын танытсын. Халық ішіндегі өршіл ой мен сенімінің барлық нұрселерін танытатын әдебиет болсын деді. Бұл жөнінде ол өзі туған орыс халқының бұрынғы тарихындағы геройлықты, халық бойындағы

ақылдың, таланттың молдығын анық көрді. Өзінің ұлы халқы бір заманда кең құлаш сөрмеп, дүниеде ең зор өріске жететініне барынша сенді. Россияның келешегін ойлағанда Европаның бар халқынан орыс халқы әлдеқайда ілгері келетінін таниды. Бүгінгі күні бізді таң қалдырарлық терең болжауларды келешек туралы айта келіп ұлы сыншы «Асылы, Россия Европаға қарағанда әлеуметтік мәселені әлдеқайда жақсы шешіп, капитализм мен жеке меншікті құртып жіберуі ықтимал»,— деген еді. Осы жағынан қарағанда Белинскийді біздің социалистік дәуіріміздегі идеологиялық ұлы мұрат тартысымыздың ерте күндегі серіктесі, әрі қайраткері деп танимыз.

Белинский тек әдебиет сыншысы, әдебиет тарихшысы ғана емес, ол социализмнің ұлы армандары үшін алысқан анық революционер-демократ. Россия халықтарының ойшылдығы мен санасы даму жолында оның еңбегі ұшан-теңіз. Ол халықтың санасын оятумен, өсірумен бірге әдебиетте әлденеше талантты жазушының, ойшылдардың тәрбиесін бастады. Әрбір жазушыға өзінің туған халқын сүйуді үйретті. Өзі орыс халқын жанындай сүйді. Орыс халқы туралы айтқан бір сөзінде: «Мен орыс халқын жаныммен сүйемін, оның намысы мен абыройы, атағы жолында қалың ел қатарында бір томар есебінде керегіне жарасам, бар арманым ақталады деп білемін»,— деген. Заманның қараңғылығын сынап, патшалық құрылыстың кері кеткен кесір-кескінін жиренішпен аластап: «Жасасын асыл ой, өшсін зұлмат қараңғылық» деген ұрачын тастап, дәуіріндегі зұлымдықты жою үшін тартысқан еді.

Сол қатарда Россияның жарыққа шығуы өнерде, білім мен үлкен гуманизмде деп білген. «Россияға дін үгітшісі қажет емес, оны ол аса көп тыңдаған-ды. Мінажат діндарлық қажет емес, оған намазды да көп оқытқан-ды. Біздің халқымызға оның адамдық қасиетін таныту — жазушы атаулының ең үлкен арманы болсын»,— деген. Осындай ұлы сипат, асыл қасиет несі, орыс ойшылы Белинский қазақ халқының есеюі тарихынан да өзінің ерекше орынын алады.

Қазақ халқының ХІХ ғасырда оянуы мен жаңғыруына басшы болған Шоқан, Ыбырай, Абайлар Белинский ойлары мен өсиеттерінен, үлкен сындарынан мол нәр тәрбие алған. Абай ыңғармаларындағы, Алтынсарин

өсиеттеріндегі халық қамын жейтін сан толғауларда Беллинский еңбектерінен ауысқан өнімді ойлар әсерін тану қиын емес.

Бір Абайдың өзінің мұраларына көз салсақ:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп бастаған сарында ел үшін ширғып сөйлеп жатқан сана сезілмей ме! Өнерді өнер үшін емес, ел керегіне жаратамын деген ойды білдірген де сол Абай:

Мен жазбаймын өленді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

десе және де Беллинскиймен туысып жатыр. Жас буын, келер ұрпақ адамгершілік, әлеуметтік сипатта жаңа қасиет тапсын деген үлкен ұран жатыр.

Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ,
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ,—

деген жолдарда талай терең әлеуметтік сырлар бар. Ақындық еңбекті әлеуметтік әрекет есебінде түсіну танылады.

Белинский эстетикасы бойынша, ақындық еңбекті бүкіл қазақ әдебиеті тарихында, өз дәуірінде, өзгеше жаңа сапаға бастаған Абай, поэзия тек өмірді танушы емес, оған үкім де айтушы деп білді. Сол үкім айтушы асыл еңбектің арман ететіні құр жылтыраған сырт келісім емес болатын. Өнер — өнер үшін деп, жырдың сылдыраған сырт сұлулығын Абай қостаған емес. «Іші алтын, сырты күміс сөз» дегенде Абайдың эстетикасы түрден мағына, мазмұнға ерекше артық баға беріп жатқаны көрінеді. Бұл жөнінде де қазақтың ұлы ақыны Абай орыс халқының революцияшыл-демократ, ойшылдары: Беллинский, Чернышевский, Добролюбовтармен іштей үлкен, терең түрде табысып, туысып жатқанын білдіреді.

Міне, осындай белгілерінің өзіне қарағанда, Беллинский мұралары жалғыз орыс жұртшылығы емес, бүкіл Россиядағы ерте оянған көп елдеріміздің көп классиктеріне анық жақын дос, қымбатты тәрбиеші, жетекші бол-

ғанын көреміз. Сол себепті, Беллинскийдің асыл мұралары бүгін социалистік мәдениеттің барлық табыстарына ұлы орыс халқымен бірге ортақ мұрагер болып отырған қазақ халқына да ерекше қымбат. Ол аса сүйікті. Біздің де социалистік буындарымыз терең түсініп, жете білуіне қажет қазына.

1948

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

Қазақ совет әдебиетінің тарихында көрнекті орынға ие болған ақын-жазушының бірі — Әбділда Тәжібаев. Ол Қазақстан оқушы жұртшылығына көптен мәлім. Оның шығармаларын идеялық мәні мен тақырыптарының күнделік, советтік құрылысқа аса жақын қабысқан өткірлігімен жұртшылық бағасын ерте алады. Ақындығы шеберлене бастаған кезде де Әбділда совет халқының ұлы құрылысының және өзіне де бақыт берген Отанын жыр етеді. Оның алғашқы кездегі қысқа өлеңдері күнделік іс пенен науқандарға қолма-қол байланысты болатын. Ол газет бетінде тез жарыққа шығып, шапшаң тарап отыратын саясаттық, үгіт өлеңдер еді. Кейін оның орнына көлемді, терең сезімді толғау жырлар жазды. Бұлары әрі күнделік тақырыптық жағынан, әрі идеялық, көркемдік, шеберлік жағынан сай келген, өскен өлеңдер болады.

Әбділда шығармаларының негізгі үлгісі, жанры — поэзия. Бұл жанрдың ішінде айқын ерекшелігі — оның сыршыл, лирик ақын болуында. Ақын еңбектері әуелі қысқа, көбінше саяси лирикадан басталады да, кейін лирикалық толғауларға, лирика сарыны мол романтикалық поэмаларға да ауысады.

Осы жолдағы ақынның көрнекті табыстарымен қатар айқын кемшілік, қайшылықтары да болды. Ескілікті тақырыптарға жазған «Мерген», «Кілемшілер туралы ертеке» деген поэмаларында социалистік реализм үлгісінде жазылатын поэмалардан басқарақ, жалпылаған сарындар бар. Ескі күйі, ескі аңызды тамашалау басым. Сыңсыз тамашалау сарыны үстемірек болады.

Отан соғысы кезінде жазылған «Толғау» атты үлкен жыры Әбділданың өз отанын барынша сүйген, шыншыл, терең сезімді, көркем өрнекті ақын екендігін танытады.

Әбділда тек қазақ тарихының көлемінен ғана тақырып алмайды. Советтік қазақ поэзиясына ол кіргізген интернационалдық ақындық мәдениет, іздену өрнектері де бар. Қазақ оқушысына Гейнениң, Шевченконың, Пушкиннің, Лермонтов шығармаларының нәр-нақыстарын әкеледі. Осы аталған классиктердің кейбір шығармаларын аударумен қатар, ақын оларды өзінің сыршылдық өлеңдерінің, толғауларының және кейбір («Екі жаһан», «Тарас») поэмаларының ішіне Гейне, Шевченко образдарын және Горький, Фурмановқа арналған ой-сезімдерін кіргізіп отырады.

Бұл алуандас ақындық ізденулер Әбділданың өнімді жолға, мәдениетті поэзия жолына беттегенін көрсетеді. Бұл — қазақ әдебиетін жаңа үлгіге бастаймын деген талап.

Осылайша, Әбділда, бір жағынан, Ұлы Октябрь жаңғыртқан өз халқының советтік дәуіріндегі жаңа тарих шындығынан бағыт, қуат алады. Жыл санап өнер арттырып, жазушылық мәдениетіне терең бойлап, қазақ совет поэзиясына қызықты жемістер беріп келеді. Әбділда талантты және өзіндік стилі, өзгешелігі бар күшті ақынның бірі деп саналады.

* * *

Әбділда 1909 жылы февраль айында туған. Туған жері Қызылорда (Ақмешіт) қаласы. Әкесі Тәжібай Қарымсақов жастай жетім қалып, көп өмірін жалшылықта өткізген. Қала бойының қора сыпырушысы болады. Одан кейін Шевков деген орыс учителінің ата айдаушысы болып қызмет етеді. Осы учитель — Тәжібайға орысша хат танытады. Сол азын-аулақ хат-шот білу себебінен Тәжібай кейін қала байларына жалдама қызмет істейтін приказчик болады. Әбділданың алғашқы жас балалық шағы қалада, ата-ана бауырында өткенмен, алты жасында әкесі өліп, жетім қалады. Ендігі тәрбиесі анасы Айманкүлдің қарамағында болады. Күнделікті еңбекпен тіршілік етіп отырған Тәжібай өлген соң Айманкүл жас баласымен мұқтаждық, жоқшылық күйге түс

Айманкүлдің нағашысы, Сыр бойының, ескі балықшысы, әрі егінші-диханы Далдабай деген қарт еді. Сол кісі жетім-жесір болып қалған Тәжібай үй-ішін өз қолына алады. Ендігі бірталай жыл Қараөзектегі сол Далдабайдың ауылында өтеді.

Далдабай өз баласы болмай, жиені Айманкүлді бесіктегі кезінде бала қылып, бауырына салып өсірген. Өзі мейірімді, есті әке болған. Айманкүлді 14 жасына шейін ауылдағы молладан оқытқан. Хатқа жүйрік, парсы, шағатай әдебиетіне өте таныс қанықты оқушы етіп өсірген еді. Айманкүлді оқытушы Ділдәхан молда Бұхарада отыз жыл оқып қайтқан, ескі медресе тәрбиесі бойынша, көп білім алған кісі деп саналатын. Сол молданың ықыласты шәкірті болып өскен Айманкүлді Далдабай ауылындағы кәрі-жастың көбі «молда қыз» деп атандырады. Далдабай қарттан бастап, ауылдағы үлкен аға, кәрі жеңгейлерге шағатай, парсы тіліндегі ақындық шығармаларды Айманкүл көп оқып береді. Өзі де көп кітапты біліп, айналасында жүргендерді шығыс әдебиет үлгілерімен мол таныстыра жүреді. Кішкене Әбділда Далдабай ауылына жетім бала болып барған шағында, анасының әрбір кештерде, жиын топқа нақыстап оқып отыратын қисса, дастандарын естиді. Шығыстың классик туралы әңгімелерін ұзақ кештер ықыласпен тындайды. Ақындықтың алғашқы әсерін болашақ ақын сондай балалық шағындағы аналық тәрбиеден алады.

Айманкүлдің кітап оқығыштық мінезін құптаған Ділдәхан молда өзі әбден қартайған шағында «ең жақсы шәкіртім осы» деп, бар кітапханасын Айманкүлге сыйлайды. Сол кітапханада Низами, Науаи, Хафиз, Сайқали, Бәділ шығармалары болады. Осы шығармаларды Айманкүл өзі оқып, жұртқа тындатумен қатар, баласының санасында ақындыққа құмарлықты еге жүреді. Тілі көпшілікке ұғымсыз болған шығармаларды қарттар мен балаларға оқып беруде Айманкүл шығыстың бәйіт оқитын нақысты, сұлу мақамдарымен жырлап жеткізеді. Онысы да тындаушыларына өз шамасынша көркемдік тәрбие беретін.

Тәжібайды жоқтап Айманкүл өз жанынан алғашқы мұн-шер өлеңдерін де жазады. Өз мұңын өз тілімен жазған жоқтауын ақындарының кітапша сөздерін араластыра айтады. Жыл бойында осы жоқтауын көп айтып, ке-

нейте жүріп, Айманкүл өзі мен баласының мұңды күйін ұзақ поэмаға айналдырады. Сол жоқтаудың ішінде:

Ашыла түсіп, гүл солды,
Жана бір түсіп от сөнді,—

деген арманды шер шерткен жолдары жас Әбділданың әкесі турасындағы мұңы болып жадында жүреді. Айманкүл баласын өзі оқытып, жеті жасқа толғанында толық хат танытады. Келесі жылдарда Далдабай ауылында Айманкүлдің айнымас тыңдаушысы болып алған қарттардың арасында шешесі оқитын қисса, ғазалдарды сол мақамдарымен бала Әбділда да көпшілікке оқып беріп жүретін болады. Осындай ескіше, мұсылманша оқу көлемінде алғашқы шәкірттік сауаты ашыла жүріп, Әбділда 20—21 жылдарға жетеді.

Бұл жылдары Сыр бойында көп жанның қазасына себеп болған оба науқасы шығады. Оған және жаппай сүзек ауруы қосылады. Осы жылда Әбділда мен шешесін асыраушы, қорған болып отырған нағашысы Далдабай қарт қайтыс болады да, ашаршылыққа ілінген ана мен бала Ақмешітке қайта көшіп келеді.

1922 жылы Әбділда жетім балалар интернатына түсіп, бір қыс шала-шарпы оқумен күні өтеді де, жаз шыға үш-төрт бала қосылып Ташкентке кетеді. Онда оқу іздеген балалар көп болып, бұлар орналаса алмайды. Қайта қайтуға қаражат болмай, енді анық панасыз балалардың өміріне көшеді. Көп айлардан соң әлі оқуға да, өмірге де орналасып жәй таба алмай жүрген панасыз бала Қызылордаға қайта келіп, Ленин атындағы интернатқа орналасады. Сөйтіп 1923 жылдың басында Әбділда совет мектебі тәрбиесіне ілінеді. Сан жетім панасыздарды жүздеп, мыңдап тәрбиесіне алып, адам етіп отырған советтік мектептің тәртіпті, ынталы шәкірті бола бастайды. Жақсы оқушы, үлгілі пионер болып, білімді азамат болуға қадам басады.

Бар ынтасын оқу мен ізденуге, жақсы азамат болу талабына берген бала бір қыста екі кластың оқуын бітіреді. Енді комсомолға да кіреді. Сол бірінші басқыш мектептің өзінің ең бақытты тәрбие орны деп бағалай білген жас талапкер интернатта шығатын қабырға газетінің редакторы болады. Бұл интернат балаларының ырысына Ташкенттен оқып келген Сәтбеков Қайырбек деген жақсы бейілді мұғалім ана тілінен өзі оқытушы

болады. Қазақ әдебиетін, әсіресе, Абай шығармалары мен сол кездегі газет, журналдарда шығатын советтік поэзиясының үлгілерін өзінің ынталы шәкірттеріне жақсылап ұғындырып, сүйдіре танытып жүреді. Шәкірттеріне «инша жазу» деген тәжірибелі жазу сабағында Абай өлеңдері мен совет ақындарының өлеңдеріне арналған тақырыптарды беріп, шығармалар жаздыруға баулиды. «Инша жазу» жарысынан туған шәкірттердің кей өлеңдерін қабырға газетіне бастыра бастайды. Әбділда 14 жасар кезінде осы мектепте өзінің ең алғашқы ақындық жас тәжірибесін бастайды. Қатар құрбыларынан артылта жазған көп өлеңдері қабырға газетіне жиі басылып тұрады. Ленин атындағы интернаттың талапкер жастары Қызылордада өнерлі, үлгілі совет жастарының үйірмесін құрады. Интернат жастардың күшімен қала халқына арнап, клубтар, сауық-кештерін де жиі ұйымдастырып жүретін болады. Сөйтіп, Ленин атындағы интернат болашақ ақынды әдебиетке, көркемөнерге анық, дұрыс бағытпен баулиды. Сапалы бағытқа жол ашқан асыл бесік, қадірлі, қымбат ұя болады.

1925 жылы Әбділда бірінші басқыш мектепті бітіріп, Шымкенттегі Мұратбаев Ғани атындағы жетіжылдық мектепке түседі. Әбділда бұл мектепте де әдебиетке, шығармалық тәжірибеге бұрынғыдан да артық ден қойып, зер салады. Мектепте комсомол ұясының және қабырға газетінің редакторы болып істейді. Сол газеттің бетінде «Комсомол», «Пионер», «Ленин өліміне», «Бірінші май», «Октябрь мейрамына» деген арнау өлеңдері басылып жүреді.

1927 жылы Әбділда жетіжылдық мектепті бітіріп Қызылордаға қайтады. Ендігі талабы — сол кездерде аты шығып жүрген қазақ совет ақындары Сәбит, Асқар, Қалмақандар сияқты өз күшін ақындықта сынап көру болады. Ол ақындардың «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Лениншіл жас», «Жұмысшы» деген газеттерде шығып тұратын өлеңдерін оқиды. Әбділданың енді қай бағытта, не тақырыпта жазуы керек екенін сол өлеңдер танытқандай болады. Алғашқы жетекші үлгі бола бастайды.

Әбділда әуелі газетте адрес жапсырушы, почта-газет тасушы болып жүріп, содан «Еңбекші қазаққа» корректор жәрдемшісі болады. Кейін «Еңбекші қазақ» редакциясында көшіруші болып істейді. Ең алғаш 1928 жылы май, июнь айларында «Жұмысшы газетінде» «Жұмыс-

шының азаны», «Жұмысшының балғасы» деген ұсақ өлеңдерімен жас ақын ең бірінші рет 19 жасында, баспасөз жүзіне шығады. Сол жылы байлар мен жарым феодалдар конфискесі болады. Революцияның қазақ ауылында жүргізген үлкен саясаттық шарасының бірі — конфиске туралы Әбділда көп ұсақ өлеңдер жазды. Бұлар әуелі «Лениншіл жасқа» шығып, содан «Еңбекші қазақта» да басылатын болады. Бір жаздың ішінде, сол 1928 жылдың күзінде, Әбділда «Еңбекші қазақ» бетінде үнемі жазып тұратын, көп өлең бастыратын совет жұртшылығы үшін жаңа туған, бірақ өнімді, отты, өршіл ақын болып тез танылады. Сол жылы қазақ пролетарнат жазушыларының ұйымына, КазАПП-қа мүшелікке өтеді. Газетпен қатар шығармалары журналға да басылатын болады. «Арыс тұзы», «Қазы күрт» деген өлеңдер сол уақыттағы оқушылардың ықыласын Әбділдаға мейлінше аударады. Кейін «Жаңа ырғақ» атты жинақта топталып басылған Әбділда өлеңдерінің көпшілігі сол жылдарда, ақынның 16—19 жастардағы жазған алғашқы талабының жемістері болады. Әбділда ақындығының алғашқы белесі, өмірдегі ақындық, азаматтық талап-мүдделерінің ең алғашқы адымдары осылай басталады.

1929—30—31 жылдарда Әбділда Алматыдағы педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетінде оқиды. Мұның үшінші курсына шыққанда Қарсақбайдағы аудандық газетке редактордың орынбасары болып орналасады. Содан 1933 жылы Алматыға келеді. Бұл жылдары жазған өлеңдері «Олқылық» деген жинақ болып шығады. 1933 жылы шығарған «Жаңа ырғақ» атты жинағынан кейін — «Олқылық» екінші кітабы болады. Бұл шығармаларының негізгі тақырыптары байларды конфискациялау туралы. Түрксіб шойын жолының салынуына, Қарсақбай сияқты өндірістік зор коллектив тіршілігін әр алуан үлгіде жазуға арналады. «Олқылық» атты жинақтың ішінен көп орын алатын сол «Олқылық» атты, өндіріс тақырыпты поэма болады.

Алматыға келген соң Әбділда «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары болады. Содан кейін Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болып істейді. 1934 жылдардан бастап Әбділда ақындығының екінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде сыршылдық, көркем сезімді, ұсақ өлеңдеріне Шевченко, Гейне сияқты ақындардан

үйрену, үлгі алу әсері араласады. «Тандамалы өлеңдер» деген атпен 1936 жылы және 1939 жылы екі рет жинақтары шығады. Осы кезеңде Әбділданың жаңа тақырыпқа жазған «Құтқару», «Екі жаһан» деген поэмалары туады. Әбділданың ендігі көп өлеңдерінің тақырыбы бауырлас, достас елдердің советтік жұртшылығына арнау түрінде айтқан толғаулары болады. «Орыс халқына», «Украинна» деген өлеңдері және пролетариаттың ұлы жазушысы Горькийге арналған, Фурмановқа арналған сыршыл өлеңдері Әбділда шығармаларының ішінен үлкен орын алады. Көп ізденіп, білім арнасы кеңейіп, ақындық шеберлігі өскендігінің нәтижесінде 1942 жылы Әбділданың «Перне» атты жинағы шығады. Бұл жинақ Отан соғысына арналған әсерлі, көркем «Біз жеңеміз», «Ленинград» атты шын патриоттық шығармаларымен қатар, тақырып жағынан әралуан болады. Қазақ фольклорындағы аңыздардың мазмұнынан құрылған «Мерген», «Толағай», «Кілемшілер туралы ертеке» тәрізді ертегілі поэмалар, «Аққу» сияқты драмалық дастан туады. Тарихи аңыз ретінде ескі күйші туралы «Абыл» атты поэма жазылады. Және интернационалдық тақырыпта жазылған «Катерина» поэмасы болады.

1938 жылдан бастап Әбділда драмалық еңбектер жазуға кіріседі. Мұхтар Әуезовпен бірігіп жазған «Ақ кайың» атты пьесасы, 1938 жылы Қазақстанда жарияланған пьесалар бәйгесінде алдыңғы қатар баға алып, екінші бәйгеге ілінеді. Кейін Г. Рошальмен бірге жазған «Жомарттың кілемі» атты пьесасы Қазақстан академия драма театрының репертуарына кіреді. Соңғы жылдарда Әбділда жазған «Көтерілген күмбез» атты өзбек халқының ескі тарихына арналған романтикалық пьеса өзбек театрларының репертуарына алынады.

Қазақ совет әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін Әбділда 1939 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. 1940—1943 жылдарда Әбділда Қазақстан совет Жазушылар одағының бастығы болып қызмет атқарады.

* * *

Әбділданың 34 жылдарға шейінгі ақындық шығармалары «Жаңа ырғақ» атты жинаққа топталған. Бұндағы өлеңдердің саналық, тақырыптық, мазмұн жағы жас ақынның өмір тартыстан алған жанды әсерін танытады.

Совет жасының, жас өнерпаздың қызулы екпіні мен іздену жолдарын көрсетеді. Бұл жиһаққа кірген «Айдалған бай», «Үлес үстінде» деген өлеңдері қазақ ауылында болған тап тартысты, өмірдегі әралуан өзгерістерді суреттейді. 1928 жылдарда саясаттық, шаруашылық маңызы зор оқиға — байларды конфискациялау жүреді. Ел кедейін ғасырлар бойы қанаумен, озбырлық етіп келген топтардан советтенген ауыл тап тартысы арқылы арыла бастайды. Бұл сияқты ірі әлеуметтік шараның арқасында ауылдың кедей-батырақтарының саяси санасы бұрынғыдан да ашылып, сенімді күш есебінде мемлекеттік құрылысқа белсене қатысып майданға шығады. Ел еңбекшілерінің санасы, күнделік тап тартысы үстінде айқын дамып, өсе бастайды. Қазақ ауылында болған сондайлық екі түрлі революциялық жаңалықтар жас ақын Әбділдаһның әдеби майданға шығуындағы ой-өрісін айқындаған жағдайдың бірі болды. Ауылдағы бұл жаңалықтарды жасауды үлкен қызулы екпінмен, өткір саяси жырлармен құптап, қостап қарсы алады. Үгіттік екпіні зор, шыншыл жалыны мол, жалынынан от ұшқындағандай саяси, өткір үгіт жырлар туғызады. Ақын қазақ еңбекшілерінің барлық қанаушылар тобына арналған, лағнетке толы жиренішін таптырады. Конфискеденген бай, шонжарларға арнаған қарғыстай қатал жырында:

Сұр жыландар, бұлар елді шаққандар
Күні кеше ақ патшаға жаққандар.
Шекпен киіп,
Шен тағынып,
Көп жағынып,
Езілген тап, еңбекші елді сатқандар,—

деп, ғасырлар бойы ата-тегімен елді сатқан, еңбекті қанағандарды, революция дұшпандарын табалайды.

1928 жылғы жазылған «Үлес үстінде» деген өлеңінде Әбділда кешегі батырақтардың айдалған бай мүліктеріне не болып, енді ұйымдасқан, жаңа қоғамдық тарих дәуірін бастаған күндерін суреттейді. Бұрынғы жалшылардың енді бас қосып, ұйымдасуына басшылық етіп жүрген Жайлаубектей коммунистің белсенділік қайратын сүйсінумен жырлайды. Жаңа ауылда партия басшылығын дұрыс жүргізе бастаған саналы қайраткер ақынның қадірлейтін досы, тілеулесі есебінде бейнеленеді.

«Батрақ Қобыланды» атты көлемді өлеңінде Әбділда қазақ батырағының енді-енді өнімді, сапалы еңбекке басқан жаңа тарихтық қарқынын танытады. Қобыланды бұрынғы «еңбегі еш, тұзы сор» бай жалшысы емес, жаңа адам. Ол Москва барып, астына трактордай алып тұлпар, көлік мініп қайтқан, Қазақстанның Сырдай, Алатаудай өңір, өлкелерін жаңа сапалы, өнерлі еңбек құралымен жаңғыртуға келе жатқан зор қайраткер. «Батрақ Қобыланды» бұл жағынан қарағанда жекеше ғана адам емес. Шаруашылық, саясаттық дәуіріне, үлкен ырыс күніне айналған қазақ шаруасының бейнесін көрсету тілегінен туған поэма деуге болады. Бірақ, ақын алдына қойған мақсатын толық орындап шыға алмаған. Бас қаһарманы жинақты образ бола алмай, жалаң, схемалық образ болып шыққан.

«Кімге кім» атты өлеңінде Әбділда ендігі ел тіршілігі еңбек майданында, жаңа сапалы зор майданда екенін үлкен сеніммен, мол қызумен жырлайды. Сол еңбек жаңа тарих асатын жолды нұсқайды:

Әне асатын асқар бел,
 Әне сулы жаңа көл,
 Қозғалды ауыл, бет бұрды,
 «Бәрекелді» дескендей:

.

Шаншылған туда бір жұлдыз,
 Шұбырған соған жалғыз із,
 Сол ізбен ел көшеді—

деумен ақын енді өз елінің тарихы жаңғырғанда социалистік құрылыстың мол қарқынды, ұлы бағытымен даму арқылы жаңғыратынын зор сеніммен жыр етеді.

«Құлғара», «Трактор күйімен» деген жырларында Әбділда белсене қайрат етіп, ұлы наныммен жаңа өмірді қалаушылардың образдарын береді. «Құлғара» атты поэма ауылдан шығып үлкен табысқа жеткен, мамандық білім алған қазақ жалшысының өсу жолын сипаттайды. Әуелгі жастық шағын, жігіттік кезін Құлғара құм кешуде, аш-жалаңаш тірлікте, Саурамбай дейтін байдың қойын бағып, ауыртпалықпен өткізеді. Кейін Жүсіпбай дейтін коммунистің бастауымен Құлғара фабрика-завод мектебіне түсіп маман-машинист болып шығады. Осы жылдардағы ақын тақырыбының екінші бір мол саласы — өндіріс. Әбділданың ақындық қиялын бұл кезеңде

өзіне ең көп тартқан өндіріс майданы, бірінші бесжылдықтың бірінші гиганты Түркістан-Сібір темір жолы. Жолдың бітуіне, соның ісінің алғашқы жылдар мүлтіксіз, мінсіз, өнімді болып кетуіне арналған өлеңдер жазылды. Жолдың салынуына арналған алғашқы өлеңдері: «Қарсы алғанда», «Айнабұлақ» деген шығармалар болады.

Жазық дала жанданды,
Жарқырап қатты ағын сел,
Жыбырлап мынау қарсы алған,
Жан-тәнімен еңбекші ел!—

деп, ақын жаңа жолдың ел игілігіне бастайтын жол екенін, қазақ еңбекшілерінің шат күйімен қарсы алады. Бұл жолдың салынуына отанмен бірге зор қуаныш еткен ақын да көп өлең жазады. Сол өлеңдер ішінде Әбділданың «Айнабұлақ» атты толғау жырынан үлкен сапа танылады. «Айнабұлақ» станциясы, Турксиб шойын жолының екі жағы түйіскен күндегі үлкен мерекеге куә болған жер еді. Ақын әуелі «Айнабұлақтың» бұрынғы күйін еске алады. Ол — шөл кешу, еңбек елі үшін өгейлікте болған, тұл тарихтың көп ғасырлық меңіреу куәсі болған орын еді. Енді сол Айнабұлақ — дүлей мекен емес, жаңа дәуірдің жаңа ұрпақтарының ырыс мекені.

Тап кеше Алатауға ағылып қол,
Асқардың асуынан салмаққа жол.
Гулетіп еңбек күйін дабылдатып,
Әидетіп, аршындатып төгілді мол,—

дейді.

Ақын совет адамдарының өр қайратын, жеңімпаз күресін шексіз шаттықпен мадақтайды. Бұл өлең мазмұны жағынан да, көркемдік күші жағынан да көрнекті шығарманың бірі болып саналады. Өлеңнің күйлілік құрылысы, тіл келісімі — нақты. Өлеңнің зор мазмұнына түрі де сай келіп, көркем, әсем тұтастық тудырады. Қазақ совет поэзиясындағы сол дәуірдегі өндірістік жана қарқын, сапаның кесек түйілген, шебер қорытындысының бірі Әбділданың осы «Айнабұлақ» өлеңі деуге болады.

Өндіріс тақырыбындағы Әбділда жырларының бір тобы темір жолдағы, немесе Қарсақбай сияқты еңбектің мол қазанындағы олқылықтарды өткір тілмен, шын

жігермен шенеп-мінеуіне арналады. Совет азаматтарын саналы жігермен қайрап, намысқа шақырады. «Олқылыққа орын жоқ», «Жуытпа» деген өлеңдер осы соңғы сарыннан туған шығармалар болады. Ақын Москваны жырлау, Қазақстанның онжылдық мерекесін жыр ету арқылы, жалпы одақтық және халықаралық уақиғаларды, тақырыптарды қамтып отырады. Бұл ретте Әбділда Горький, Маяковский бастаған Бүкілодақтық пролетариат поэзиясының ұлы отандық сарынына әрдайым үн қосып отырады.

1934 жылдарға дейін жазылған Әбділда өлеңдерінде үгіттік мотивтер басым болды. Әбділданың бұл өткен кезеңдеріндегі шығармалары шыншылдығымен, өткір қырағылығымен әсерлі болғанмен де, әлі тереңдеген жоқ еді. Нақтылы лирикаға да бойлай қоймайды. Шығармаларының үгіттік құны бағалы болғанмен, әлі ақындық түр жағынан, өнерлі үлгі, өрнек туғызу жағынан көбінесе, бірыңғай, сынаржақ, жұқалаң келеді. Бұл дәуірдегі Әбділда әлі ақындық жаңалықтар іздену жағынан үлкен мәдениетті орыс ақындарынан, әсіресе, орыстың, Еуропаның классик поэзиясынан көп өнеге алмаған және ізденіп жүрген күнделік өмір құрылыс, тартысына барлық бой мен ой-қуатын бір ғана екпінмен жұмсап жүрген жас ақын болады. Әлі өлеңнің түрінде, тіл байлығында, теңеу, бейнелеу сипаттарында ысылған шеберлікке жетпеген жастық жүреді. Бірақ барынша шыншыл, еңбек еліменен, сүйікті отанымен өзінің бар сезімін, жан тынысын, азаматтық, ақындық тағдырын нық байланыстырып, шын туыстырған ақын, сол қызу жанды жалынның өзімен де совет оқушысына сүйікті бола алады.

1934—1935 жылдардан бастап Әбділданың жазушылық, ақындық іздену жолдары кеңейеді. Бір жағынан ізденіп, оқып тереңдейді. Екінші жағынан ақындық өнері де шеберленіп, дами түседі. Әсіресе, қазақ әдебиетінен тыс, орыстың европалық өнерлі классик поэзиясына ден қойып тереңдеп, солардан үлгі ала бастайды. Осылай оқып, өсу арқылы жаңа сапаға, екінші, өнімді кезеңге ауыса бастайды. Енді, шығармаларында ақынның өзіндік жаңаша, жекелік стилі айқындала береді. Сол ерекшелігінің айқын бір бітімі Әбділданың сыршыл, лирик ақын болуымен байланысты. Осы лирика жанрын қазақ поэзиясында мәдениетті, әсерлі, көркем түрге ауыстыру жолында Әбділданың орны өзгеше. Соңғы 12—13 жыл

бойында Әбділданың ізденуі, өсуі жан-жақты, әралуан болумен қатар, лирикалық үлгі-өрнек, сарын-саз, оның өскелеңдеген ақындық тұлғасының пегізгі қасиеті есепті боп, үнемі сақталып отырады.

Көркем, күйлі құралған ұсақ сыршыл өлеңдермен қатар, Әбділда соңғы он жылдар ішінде поэмалар да жазады. Бұлардың бір тобы «Олқылық», «Екі жаһан», «Құтқару», «Оркестр», «Толғау» алуандас бүгінгі тақырыпқа арналған шығармалар. Поэмаларының екінші бір тобы — қазақ халқының фольклоры — ескілігіне, ауыз, аңыз-әңгімелеріне сүйенген көне тақырыпты: «Абыл», «Аққу», «Толғау», «Мерген», «Кілемшілер туралы ертең» тәрізді шығармалар болады.

Осы соңғы кезеңде Әбділда драматургияға көп зер салып, бір топ ескілі-жаңалы тақырыптарға пьесалар жазады. Бұлары «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез» және Шахматпен бірге жазған пьеса «Мәншүк».

Осындай бір жанрлы кең, көп тақырыпты шығармалар тудыру аралығында Әбділданы ерекше қадыр тұтып, көңіл аударатын Украинаның классик ақыны Тарас Шевченко туралы да «Тарас» атты дастан-драма (кіші драма) жазады. Сол Тарас жырын еске алып, Батыс Украинадағы халық қызы Катерина туралы саналы толғау түрінде тың тақырыпты поэма жазады.

Осымен соңғы кезеңдегі Әбділда тудырған шығармалардың жиынын үш айқын салаға бөлуге болады. Оның біріншісі — ұсақ түрдегі сыршыл өлеңдер. Екіншісі — поэмалар. Үшінші саласы — пьесалар болады. Біз, бұдан кейінгі тексеруді, осы үш салаға жеке-жеке тоқтап, ақынның табысы мен кемшіліктерін, елеулі қайшылықтарын талдауға арнаймыз.

Әбділданың лирикалық шығармаларына келсек, олар 1936, 1939 жылдарда басылған «Таңдамалы өлеңдер» жинақтарына және 1942 жылы шыққан «Перне» жинағына кіреді. Соңғы кезде, ең соңғы жылдарда жазылған лирикалық шығармаларынан Әбділда жаңа бір жинақ топтап, әзірлеп жүр. Лирикалық қысқа шығармаларының бұрын Әбділда жазып жүрген өлеңдерден шыққан жаңа өрнекті, сырлы, күйлі өлеңі «Сырдариядан» басталады дегуге болады. Бұл — ақынның өзі туған өлке, өзеніне — Сыр бойына арналған өлең. Сезіміне күйі сай, тақырыбына тілі сай, қысқа, әсем әндей шыққан анық көркем жыр. Бұл өлеңде Әбділда, орыс, Украина және

Европа ақындары: Пушкин, Шевченко, Гейне сияқты ұлы классик және шебер лирик ақындардың үлгісін алады. Солардың құлақ күйіне өзінің туған топырағынан сезімтал үн қосады. Осы шығармасының совет ақыны үшін ерекше ұнамды, орынды бір ерекшелігі — Әбділда мұнда құр сарыншыл, драмашыл сезім ішіне өзінің ортасынан жырылып, жекеше шомып кетпейді. Жаңағы классик ақындардың лирикасында ұдайы жүретін реалистік пейзаж, өмірмен нық қабысқан шыпшылдық және әсіресе бағалысы, әлеуметтік, өмірлік сарын ұдайы араласып отырады. Ақын өзі Шевченкодан үлгі алғапдай, Сыр суы да Днепрдің энергия қуатын беріп отырған жаңа сапасын тапсын дейді. Осы Днепрден өнеге алсын, советтік заманда, ұлы құрылыс дәуірінде өзгере жаңғырып жасасын дегенді програмдық талап етіп қояды. Бұл — лирик ақын үшін, оның революциялық мүдде-мұратын танытатын зор негізгі стильдік мәселе. Социалистік реализм стилінің сыршыл шығарма ішіндегі айқын өткен стилі боп сезіледі.

Жалғыз-ақ, ақынның бір ғапа дәл баспаған жаңсақтығын атауға болады. Днепр Шевченконың бесігіндегі болғанда, Гейнеге Рейн өзені әрдайым шабыт бергенде, Пушкин үшін Әбділданың ұлы орыс классигі үзбей жырлайтын Неваны шабыт арнасы етіп алмай, Еділді атауы ойдағыдай дәл шықпайды. Қонымды емес.

Сыршылдық шығармалардың Әбділда тудырған көркем өрнектері көп деуге болады. Бұған «Тараспен әңгіме», «Елден сәлем», «Күзет әні», «Ат үстінде», «Келішпекпен кеңес», «Қойшы жыры», «Достық жыры» және үлкен көркемдікпен қоса әлеуметтік сана-сезімін терең танытатын әрі күйлі нақысты, әрі толғаулы «Оркестрді» қосуға болады. Лирикалық шығармалардың соңғы бір кезеңінде, Әбділда ақындығының бұл жанрда үлкен шыпшылдық және шын шеберлікке жеткен сатысын танытатын жетім балалық шақты толғаған өлеңі болады.

Сыршылдық шығармалардағы «Сырдариядан» басталған нәзік сезімді, нақысты күйді, әлеуметтік үлкен армандармен біте қайнастырып отыратын, өнімді өлең құрылысы — Әбділданың жаңағы саналған сыршыл өлеңдерінің көбінде көрініп отырады. Ол еңбек адамдарының мал айналасында, сұлу табиғат арасындағы көңіл-күйін жырласа да, өзінің сыршылдығын әлеуметтік іргеден аулақтатпайды. Жеке даралық, мүлгуге, құр

тамашалау қалпына әкетпейді. Табиғат көрінісі, адам тірлігі, еңбек ролі әр кезде ақынның терең сезіммен сүйсініп шертетін саздары болып отырады.

Бұл жағынан қарағанда қазақтың күйі өнеріне арналған «Оркестр» атты ұзақ өлеңінде де бұрын жалғыз-жалғыз жүрген, адасып жүргендей болған жеке домбыра, жеке қобыздарға «күнің енді туды» дегендей болады. Бытырап жүрген кедейлердің ұсақ шаруалары енді жаңа дәуір туғанда бірігіп, берекелі өмір құрғанындай, үлкен сырлы, күйлі берекемен қосылған қобыз, домбыраларды да жаңағы колхоздасқан елдей қостап, сүйсініп құттықтап қарсылайды.

Сөйтіп «Сырдариядан» «Оркестрге» шейін, одан «Еске алуға» шейін созылған қадау-қадау сыршыл жырларының бәрінде де Әбділда өз лирикасының өзгеше өнімді бітімін айқын танытып отырады. Сыршылдық өлеңдерінің көпшілігі саяси өткір, жаңа санадан туған сыршылдық.

Қоғамдық тақырыптарды сезім, санаға әсерлі ырғактармен, күйлі сырдай жеткізіп беретіндіктен бұл алуандас саяси лириканың көпшілік санасына, сезіміне тез қонатын, сырластықтай өтімділік бағасы даусыз.

Көп сыршылдық жырларының ішінде Әбділданың «Тақ-тақ» атты бір өлеңінде ақынның жекелік, дарашылдық сезімі мен әлеуметтік қарызы арасында болған орынсыз, теріс қайшылық та көрінеді. Ол өлеңде ақын өмірлік құрылыстан, балға мен тастың шақылдағанынан мезі боп, құлақ басып қашқысы келеді. Бұнысында буржуазиялық романтика үлгісіндегі дарашылдық күйін күйлейтін сыршылдықтан, советтік поэзияға қонбайтын қияс, теріс елес, көрініс бар еді. Бірақ совет ақыны өзінің сол ағаттығын сәулетті өмір туғызып жатқан шебердің қасына барып, әнгімелесу арқылы аңғарады. Өзінің адасқанын танып, тұманды аулаққа тартқан, бұлдыр сағымнан айығады. Өз ақындығының қарызы өмірлік құрылысты құптауда, соған сүйсінуде, көмектесуде екенін ұғынып қайтады.

Бұл шығарманың Әбділда шығармасының ішінде кездесетін кейбір, құр ғана сезімшілдік, сарыншылдық мотивтерді сынап өту түрінде қалыптанған сыңшылдық срекшелігі бар.

Әбділда шығарған поэмаларға келсек, жаңа тақырыпты, Қазақстандық, Бүкілодақтық бүгінгі тақырыпқа

жазылған поэмаларды ақын ерте бастайды. Оның басы 34-жылы шыққан «Олқылық» поэмасы болады. Аралықта, 35-жылы «Құтқару» поэмасы, 37-жылы «Екі жаһан» атты үлкен поэма жазылады.

«Олқылық» — ақын өзі бірнеше жыл араласып көрген Қарсақбай өндірісіне арналған поэма. Бұл шығарманың сюжеттік арнасы Қанұлы Бердібай сияқты өндіріске арам иілетпен араласқан жауларды көрсетеді және оларға қарсы шыққан қажырлы, қырағы большевик Жәнібектердің жаулармен алысып, жеңгенін баян етеді. Поэма — саяси-әлеуметтік, үгіттік жағынан жұмысшы коллективін өткір қырағылық сезімге баулнымын деген тілекпен жазылған шығарма. Бірақ поэма жазу үлгісіне әлі төселіп жетпеген жазушы өзі алған тақырыбын, жаулардың зиянкестік істерін көрсету арқылы баяндайды. 1930 жылдарда көп жас жазушылардың шығармаларында жиі кездесетін кемшілік бұнда да айқын көрінеді. Саясаттық мәні өз уақыты үшін зор болса да, ақындық, көркемдік жағынан схемалық үстірттігі бар. Жаңаны көрсету аз, тек зиянкестік істерді өңгіме арқауы етіп алады. Ірі өндірістің, ұлы социалистік құрылыстағы үлкен сапалы, соқталы арнасын поэманың үлкен арқауы етіп ала алмаған. «Олқылық» поэмасы ақынның творчествосындағы үлкен олқылықтың бірі болды.

«Құтқару» поэмасы да тақырып жағынан қарағанда Бүкілодақтық совет әдебиетінің қызықты, қымбат саналған, геройлық тақырыбына жазылған. Бірақ поэма челюскиншілерді құтқарудың қаһармандық жорығына арналса да, сюжеттік, композициялық және көркемдік құрылыс жағынан сапалы шығарма бола алмаған. Мұнда ерлердің әлемге әйгілі болған қайраттарын көркем етіп көрсетудің орнына чукоттар жайы, лагерьде жас баланың туу жайы, Каманиннің әңгімесі деген және летчик пен жас қыз арасындағы бұл тақырыпқа қонымсыз махаббат мотиві, қысқасы қосымша, көлденең, бөгде тақырыпшалар көп орын алып кетеді. Нағыз ерлердің өз образдары, іс пенен мінез, әрекеттері де, адамгершілік, советтік қаһармандық бейнелері де айқын танылмай, қағас қалып отырады. Бұл поэмада ақын тақырыбының үлкен арқауын дәл баса алмай, сюжет құра алмай, жайылма, бытыраңқы, бөлшек уақиғаларға поэмасының құрылысын жеңдіріп, әлсіретіп алады.

«Екі жаһан» поэмасында ақынның іздену жолында өндіріп өскендігі алдыңғы поэмалардан сонауғұрлым айқын аңғарылады. Бұл шығарма — әрі одақтық, әрі бүкіл дүниелік үлкен тақырыпқа арналған поэма. Дүние жүзіндегі екі сананың тартысы баяндалады. Поэмада әлеуметтік, тарихтық, ой-саналық мінездер терең алынған. Бір сана — дүниеге қараңғы, қара түнек, тажал талабын әкеле жатқан, жиренішті фашистер санасы. Тағы бір сана — дүние жүзіндегі барлық азат ойды көксейтін, еңбек пәсілдерінің нұр күші, жарқын жаһан — Ленин бастаған социалистік отан санасы. Әбділда бақыт пен сордың, жарық пен қараңғылықтың, ақтық пен зұлыматтың қалып-тұлғасын — екі елді, екі жаһанды салыстырып көрсету арқылы танытады. Бір заманда Батыс Европада сыншыл ойдың әрі сыншыл, әрі өзі сыршыл жаршысы болған арлы ақын Гейнені қиялмен тірілтіп әкеп, соған бір жағынан Германиядағы фашистер істеп жатқан қанқор жауыздықтарды танытады. Екінші жағынан Совет Одағындағы сан елдердің көп буындары шаттықпен, ұлы сеніммен жасап жатқан жаһан жарқын көріністерін, дүниелік табыстарын танытады. Бұл поэма — ақынның ізденіп өсуінде шынымен көрнекті өрнек туғызған, сапалы жемісінің бірі.

Тек шығарма ішінде Гейне бейнесін, сезім, ойларын сипаттауда ақынның олақ соғып отыратын жерлері де жиі байқалады. Поэмаға қиялмен шартты түрде кіргізген Гейнені аса нақтылы етіп, шынымен қасында отырған күнделікті қонақтай етіп жиі ұсына береді. Және әсіресе, орынсыз боп білінетін бір кемшілік — Әбділда суреттеген Гейне үнемі дәл Гейненің өзіне ұқсай бермейді. Бір жағы әлемге белгілі сыршыл және сонымен қатар аса қырағы өткір көзді, ащы тілді сатирик Гейне, Әбділда поэмасында өзіне ұқсамай қалып отыратын жерлері көп кездеседі.

«Екі жаһан» поэмасы капиталистік өмір мен социалистік өмірді қарсыма-қарсы қойып, көп шындықтардың бетін ашқан елеулі поэма десек те, кей жерлерінде ойланбай айтыла салатын, өзіне-өзі қайшы келетін қаталықтар да ұшырап отырады. Ақын Гитлерді «күтырған ит», «адам етін жейтін қорқау», «малғұн» деп дұрыс суреттеп отырады да, екінші бір жерінде «осы күні екі адам бар» деп, алдыңғы өз пікіріне өзі қайшы келіп, оқушылардың ой-санасына бекіген Гитлердің жауыздық,

сұмырайлық бейнесін жете түсіндіруде олқы соғатын жерлері де бар. Осы тәрізді қаталық басқа адамдардың аттарымен байланысты ұшырап отырады. Бұлар — ақынның өз еңбегіне сын көзімен қарамаған, жауапсыздығынан кеткен қаталықтар.

«Толғау» қазақтың фольклорында кездесетін кең тынысты, жыраулық сарынымен, ерекше жыр өлшеуімен жазылған поэма. Бұнда, неміс тевтондарына ертеде соққы берген, орыс халқының қаһарман қолбасшысы Александр Невский образы мол кейінтеледі. Жырдың кіріспесі мен қортындысында Отан соғысы кезіндегі барлық бауырлас халықтардың және, әсіресе, ұлы орыс халқының баяғыдан бергі батырлық салтын бейнелейді. Халық әдебиетінің салтыша ауызша жыр нақысына түсіп, бүкіл Совет Одағынан аттанған батырлардың жорық салтанатын сыпаттайды. Совет батырларының және социалистік отан халқының жеңімпаз, отаншылдық бейнесін ірі намыскерлікпен, жалынды ызамен қажырланып жырлайды. Барлық отан ұлдарын әділ ашуға, кек сапарына ширықтыра аттандыратын тасқыны бар шын жалынды сөз шығады. Бұл поэмада ақын отандық көлемі бар аса зор маңызды тақырыпты алады. Александр Невскийді бір ғана орыс халқының отан қорғаушы ұлдары емес, бүкілодақтық көп ұлттардың майдандағы ұлдарына да үлгілі ер, жақын жан етіп танытады.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған: «Біз жеңеміз», «Ленинград» атты шығармалар және бұдан бұрынғы жылдарда ақын туғызған «Орыс халқына», «Грузия», «Украина» деген өлеңдер және осымен қатар Шевченконы, Горькийді, Фурмановты атап, арнап жыр еткен шығармалардың барлығы да Әбділда үшін кездейсоқ тақырыптар емес. Ол үшін, совет халықтарының достығы мен бауырлығы — тарихта да, сезім-санада да, көркем әдебиетте де және барлық отанның адал ұлдарына ортақ майданда да үнемі өзінің ардақтылығын, асыл қасиетін танытып отыратын, ең бір қадірлі тақырып болады.

Әбділданың Шевченко шығармаларын көп аударуы, Пушкиннің «Руслан мен Людмиласын», «Капитан қызын» аударуы да осы жаңағы бағыттағы қазына, мұра, ортақ ой-сана майданы мен білек майданы да барлық елдерімізге түгел ортақ деген, кең түсінік, мәдениеттілік санасынан туады.

Әбділданың тағы бір топ поэмасы тарихи тақырыптарға, тарихи аңызға сүйеніп жазылған: «Абыл», «Тарас», «Аққу». Соңғы екі шығармасын драмалық поэма деп атауға болады. Пушкиннің кіші трагедиялары деп аталатын шағын көлемді дастан-драмалары үлгісінде жазылған.

«Абыл» поэмасында тақырып қазақ өмірінен алынған және поэманың геройы қазақтың шын тарихында болған атақты Абыл күйші туралы. Бірақ, осылай болғанмен, бұл поэмада орыс классиктері — Пушкин, Лермонтовтардың романтикалық поэмаларына көп ұқсастық бар. Солар жырлап өткен Кавказ тұтқындарының үлгісіне жақын, өнеге алу, оқып өсу аңғары байқалады. Сонымен қатар белгілі тұтқындар тұрасындағы мәлім болған сюжеттік құрылыстарға оңай еліктеу де жоқ емес. Түрікпен ауылындағы кеш, әңгіме-дүкен құрған жанын қасында қол-аяғы байлаулы тұтқып, дәл сондай кеште шеркес ауылында, мойнына арқан тағылған офицер тұтқын, Пушкин тұтқынын еске түсіреді. Тек мұндағы тұтқын Абыл — үлкен өнер несі, атақты күйші. Пушкин поэмасында ерте күндегі халықтар жаулығының қатал өткелінен тұтқынды құтқарып, азаттыққа шығаратын — мәңгі қасиетті сезім махаббат болса, Әбділда поэмасында сол дәрежелес, бар халықтарға бұл да сондай қасиетті — күй өнері болады.

«Абыл» поэмасы — Әбділда жазған поэмалар ішінде анық романтикалық және құр сарындамшылық үлгісінде жазылмаған, оптимистік жарқын сезімді, әсем сырлы, көркем поэма.

Осы алуандас романтикалық және ішкі сезімдерге көп көңіл бөлініп жазылған мағыналы, ойлы драма-дастан «Тарас» болады. «Аққу» атты драмалық дастан да ақынның сырлы, күйлі етіп шығармақ болған қысқа шығармаларының бірі. Бұл поэмадағы адамдардың тартыстары мен тағдырлары аңыз дәрежесіндегі болмысқа, шындыққа сай суреттелгенмен, жазушы шын мәніндегі реализмге жетерлік терең өрісіне бара алмай қалған. Хан образы жеткілікті дәрежеде батыл сыналып, жиренішті жауыздықпен және шығыста болған тираниямен суреттелмейді. Қатал хан өзінің тоқалы Аққу үшін кек алушы ғана болып кейіптеледі. Ол істеген жауыздық, өмірлік салттық жағынан белгілі дәрежеде оны ақтауға болатындай халдарға, тартыстарға сайып отырады. Бұл

жай осы шығарманың идеялық, стильдік жағынан жетер өрісіне, революциялық романтика өрісіне толық жетпей, кемістік соққанын көрсетеді.

Идеялық мағына жағынан және көркемдік маңыз жағынан жалпы сапасы әлсіз шыққан Әбділда поэмаларының бір тобы — ертегілі аңыздар мотивіне құрылған: «Кілемшілер туралы ертегі», «Толағай», «Мерген» атты поэмалары. Бұл үш поэманың бәрінде де Әбділда халық әңгімесін революция ақыны болып қайта қорытып, қоғамдық, көркемдік сапасын ірі дәрежеге: құнды, ойлы шығарма дәрежесіне көтере алмаған. Романтикалық сюжеті бар поэмалар туғызу жолында бұл шығармалар ақынның ілгері дамып, өрлеуін дәлелдей алмайды. Қайта, өсу жолындағы жетіспеген олқылықты, қайшылықты аңғартады. Шынында халық аузында жүрген қысқа аңыздарды өз қалпында, өлеңмен шала сырлап, терең ойсыз құр ғапа әңгімелеп беру — социалистік реализм стилінен жаңылу болады. Революциялық романтика бағытында жазып келген ақынның бұрынғы өсу, өрлеу кезеңдерімен кейіндеп, кем соққанын байқатады. Бұл поэмаларда терең сырлы сезім де, адамды қоғамдық психологияға не сітіп мінездеу де жоқ. Табиғат көрінісі, тартыс, түйін құбылыстар да жай ғана сәл күйге қалыптанғандықтан поэмалардың өлеңдік шеберлігі де аса көрнекті көркемдікке жете алмайды. Көбінше бұрынғы ауызша поэзияда көп кездесетін қисса алуандас, натуралдық стилі басым сылдыр әңгіме, жеңіл поэмалар күйінде ғана қалады.

Осы поэмалар тұсында көрінген тақырыптық, сюжеттік және қоғамдық идея жағынан қарағанда айқын сезілетін кемшіліктер Әбділданың ескі тақырыпқа жазған бірнеше көлемді пьесаларынан да айқын байқалады.

Ежелдеп бергі барлық елдер фольклоры мен ескілікті әдебиеттерінде үнемі жүретін, жақсылық пен жауыздықтың алысуын — қиял тудырған жезтырнақтардай сұмырай тұлғамен сипаттау, ғажайып халдар мен құбылыстар арқылы ертегілік тартысты дамыту, Әбділда мен Рошаль жазған «Жомарттың кілемі» деген пьесада көрінеді. Пьеса оқиғалық жағынан қызықты тартыс құбылыстарға құрылғанмен, жалпы ой-санасы жағынан үлкен өнімді маңызы бар, көркем шығарма бола алмаған. Және фольклор көлемінде болатын, ертегілік стиліндегі заңдылықты бұзған қонымсыз жайлар да көп. Халық

әңгімелерінде бұрынғы заман шындығына сәйкес, қорлықпен тұтқын азапта болған әйелді ер, герой құтқару орынды болушы еді. Бұнда — жақсы қыз бен жауыз қыздың арасындағы тартыстың себепшісі, олжасы боп жігіт — Жомарт жүреді. Қазақ фольклорының материалына сәйкес жазылса, пьесада жезтырнақтар тек әйел болса керек еді. Ал пьесада жезтырнақтардың ең жәдігөйі, сұрқия залымы еркек. Аяз қалпында әрекет стеді. Бұл жайдың өрескелдігі даусыз. Халық қиялы еркектегі, әйелдегі жаманшылық, зұлымдық мінездерге өзінше, ертегілік шартты тұлға, маска береді. Жезтырнақ осы жағынан қарағанда тек әйелден шығады. Көбінесе сылдыраған келіншек кескінінде суреттеледі. Оны еркек етіп бейнелеу — орыс фольклорындағы ведьманы ақсақал етіп ауыстырумен барабар, үлкен орынсыз өрескел іс болады. Сүйтіп, фольклор тақырыбына баруда әрі фольклордың өз ерекшеліктерін жете ұғынбай бұзып алып, әрі совет жазушысы идеялық, қоғамдық жағынан өзінің совет әдебиетіндегі айқын бағытынан жаңсақ басады.

«Көтерілген күмбез» атты ескі аңыз негізіне құрылған пьесада жазушы бұрын «Аққу» атты дастан-драмада бір рет суреттеп өткен тақырыбын кеңейтіп алып, қайтадан күйлеп көреді. Бұнда хан жауыздығы шеттен келген басқыншылық варварлық-зұлымдық түрінде кеңірек алынған. Сәулет өнерінің асқан шебері Пәрман зор арманды, бірақ трагедиялық тағдыры бар, ірі суретші есебінде романтикалық стильмен бейнеленген. Бірақ пьесаның идеясында «искусство — искусство үшін» дегендей кемшілік бар. Монғол ханы ең өлкені қанға тоғытып, қара түнек орнатып жатқан заманда Пәрман сол хан мекен еткен орында өрен сәулетті ғымарат салуды өзіне мүдде, мақсат етіп қойып, сол жолында өзінің де, сүйгенінің де қанды қазасына жетеді. Бұл пьесада осындай қоғамдық көркемдік, идеялық санасы айқын, ашық — социалистік реализм арнасында болмағандықтан, үлкен даулы ойлар туғызады.

1946 жылы 26 августа БҚ(б)П Орталық Комитетінің «Драмалық театрлардың репертуары және оларды жақсарту шаралары туралы» деген қаулысында Әбділданың «Біз де қазақпыз» деген пьесасын қатты сынады. Пьеса үлкен саяси-идеялық қатасы бар шығарма болып танылды. Бұл пьесада Әбділданың ескі тақырыпқа жазылған

алдыңғы пьесаларының идеялық, қоғамдық және стильдік жағынан байқалып жүрген кемшілік, қаталықтары келіп, ірі саяси қаталыққа әкеліп соқты. «Біз де қазақпыз» пьесасында Әбділда батыстың Ибсен, Метерлиник сияқты декадент, кертартпа символизм стилімен жазған буржуазиялық бағыттағы жазушыларының ізіне түсіп кетті. Сыңсыз еліктеуді жол етіп, реалистік үлгіден жаңылды. Олардың шығармаларының сыртқы құрылысына, ішкі мистикалық нанымына, байшылдық, дара-шылдық санасына сәйкес келетін, революцияға жат, қарсы әдістерді Әбділда өз шығармасында мол түрде үлгі, өрнек етіп алды. Қоғам мен адам өмірін буржуазиялық символиктер кертартпа нанымдары, тұманды, бұлдыр әдістері бойынша өте шартты түрде, үстірт әсірелеп алады. Олардың адамы нақтылы жеке, шын тірі, бейнелі адам емес, тек нобаймен нұсқалап қана алынған сыңар-жақ, күдікті адам болатын. Сондықтан олардың ісі де, тартыс талабы да белгілі, тарихта, қоғамдық ортаға, арнаулы мезгілге байланыспайтын.

Әбділда пьесасында да дәл солар үлгісінде, геройдың аты «қазақ» аталып, тағы бір геройлар — Балғашы, Балталы, «Балалы әйел», «Ауру әйел», «Ауру еркек» деген сияқты бұлдыр болады. Кім екені белгісіз геройлардың мәлімсіз, тұманды бір жол кешкен, ұғымсыз жұмбақты арман қуып жүргені суреттеледі. Өте шартты, күнгірт түрдегі тартыстарға түскен адамдар өмірден, тарихтан жырақ бір кейіптер болып шығады. Пьесаның барлық саясаттық, идеялық қаталықтары жазушының іздену жолында өзінің социалистік реализм әдісін тастап, жалпы советтік әдебиет бағытына қарсы келетін бөтен жазушылардың үлгісіне қаталық түрде еліктеуінен туған. «Біз де қазақпыз» пьесасында бірнеше қазақтар күн іздесе, оларға екінші бір қазақ күн әкеледі. Мұндағы көрсетілетін қараңғылық, ауыр хал — патшалық, феодалдық ескі өмірдің бейнесі де, күн — социалистік Ұлы Октябрь революциясының бейнесі десек, жазушы Октябрь революциясына қатысушы кейбір қазақтардың ролін суреттемек болады. Бірақ оны өз шындығында дұрыс шеше алмай, ұлтшылдыққа аларып соғатын саяси қате жібереді. Өйткені, қазақты ауыр азаптан құтқарған да, оларға бостандық, теңдік әперіп, күн әкелген де — социалистік Ұлы Октябрь революциясы, Ленин бастаған Коммунист партиясы. Жазушы пьесасында бұл жағдай-

ларды ұмытып, буржуазиялық декадент, кертартпа символстардың жолына түсіп, БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысында көрсетілген саяси қатаға ұшыраған.

Әбділда осы тексерілген ескі тақырыпқа жазылған соңғы шығармаларында жасаған қаталықтарын қазір тереңдеп ұғынып, енді күрделі, көркем шығармаларымен сол қаталықтарын түзеу жолында еңбек етіп жүр.

Драмалық шығармалармен қатар Әбділда өзінің ең негізгі өнімді және бұл күнге шейін, жпырма шақты жыл бойына жазып келген поэзия жанрында да жаңа сана көрсетуі керек. Енді отанымыздың бүгінгі, нақтылы үлкен құрылыстары туралы шынайы, үлкен көркем, әрі терең ойлы, әрі саясаттық, идеялық жағынан жұртшылығымызға социалистік сананы зор қадірмен таныта білетін үлкен поэмалар беруге талпынуы қажет.

1949

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЗОР ҒАЛЫМЫ

(Қаныш Сәтбаевтың 50 жасқа толуына)

Қай халық болса да өз ортасынан ғалым өсірген дәрежеге жеткенде, жалпы мәдениет тарихына өзінің елдігі мен өсуі туралы тың жаңалық мәлім еткен халық болады.

Қазақ тарихында, қазақ ғалымдарының шыққандығы — тарихтық үлкен нышанның бірі. Барлық елдер сияқты, қазақ халқы да бұрынғы өткен дәуірінен өзінің елдігін қадірлейтін әр алуан асыл азаматын атай алады. Сол қатарда, ақын Абай, Жамбыл сияқты ел мақтаны болған азаматтарын айтады. Халық қамқоры, ел қайраткері Аманкелдіні айта алады. Орыс мәдениетінің қазақ сахарасына берген алғашқы жас балдырған жемісі — Шоқандай оқымыстыны, Ыбырайдай үлгілі еңбек иесі, білім, тәрбие қайраткерін айта алады.

Елдік қасиетті бойына жинаған шешен-ділмар, ағыл-тегіл ақындар, бармағынан бал тамған күйшілер, әсем сазды әншілер болғанын ескі тарихымыз да баян етеді.

Советтік Қазақстанның бүгінгі өнерлі жұртшылығы, бұрынғы мұралардың ең асылдарын, пайдалыларын өзінің жарқын жолды социалистік мәдениетінің қорына

қосып, бүгінгі керекке жаратады. Шын бағалы ардақтысын мақтан ете біледі.

Бірақ сол бұрынғы нелер жақсы деген қадірлі ұлдарының қатарында қазақ халқы бұрын атай алмайтын топтар болушы еді. Әрбір сапалы тарихпен, саналы елдіктің үлкен сыны болатын бір топтан құралақан болатын. Ол — өзінен шыққан үлкен оқымыстыны қатарға қосу, қадір тұту жайы. Баяғыдан бергі өткен сапсыз көп, шөл ғасырлар қазақтан оқымысты тудыру түгіл, бастауыш оқу, шала сауаттың шамасынан да құр қалдырып, өгей етіп келді. Тек, Ұлы Октябрь берген, Ленин Ұлт саясаты жеткізген социалистік мәдениет, коммунистік жаңа тәрбие ғана халқымыздың тарихтарын өзгертті. Жетпегенін жеткізіп, тумағанын тудырды. Бұрынғы замандарда болмақ түгіл, болжауға батыл бармас жаңа болмыс келтірді. Бұл күнде Советтік Қазақстан саясаттық, әлеуметтік тірлікте, шаруашылық, өнер табыста, мәдениеттік жарыста қай өнерлі халықтардан да қалыспайтын боп, алдыңғы қатарға ілесті.

Ұлы орыс халқының туысқандық басшылығымен, қазақтың социалистік жаңа ұрпақтары сан биік тұрғылардың көп өмір саласындағы көрнекті шыңдарының басына самғады. Бабындағы қырандай шарықтап, «Мені көр» дегендей танылып жатыр.

Данышпан Лениннің халықтар тарихына бас болған, бағыт айтқан ұлы пікірлерінің бірінде — «қазақ сияқты мәдениеттен бұрын кенже қалған, патшалық Россияда теңсіздікте келген елдер, капиталистік даму дәуіріне соқпай, социализмге төте өтеді» деп еді.

Осы ойдың өмір, тарихта толық орындалғанын Қазақстан тірлігі сан саласының өзі-ақ көрсетеді. Құм-шөлдерде туып, түрленген әлденеше қалалар, одақтық, дүниелік даңқы бар алып өндірістер, сансыз көп заводтар, егін далалары, жоғары мектептер, үлкен өнерлі театрлар, гүлденген әдебиет, музыка, — бәрі де зат байлығы мен интеллект байлығын таңытатын айғақтарымыз. Бүгінгі Қазақстан картасына, кең көлеміне көз тастасаңыз, бірінен-бірі қызғылықты боп, шарықтап өсіп жатқан табыстарымыз көп мұнарадай бой жасап тұрады.

Осы табыстар қатарында, бүгінгі гүлденген Қазақстанда ең алдымен аталатын анық асыл айғақ — соңғы жылдар туған Ғылым Академиясы. Тездігімен тарихтың өзін таңырқатқандай кереметтей табыстар арасында, со-

вет адамының өзі бір төбе. Оның өзгеше, жиын атының өзі «қасиет» деп аталғандай. Бар табыстың иесі — совет адамы, жаңа тарихтың жаңа бетін ашты.

Кеше, қырық жыл ғана шамасында, алғашқы бала-лық шақтағы көшпелі ауылда, оқу-білімсіз, қараңғы ата-ана қасында, мал соңында, бақташылар ортасында туып өскен бала, бұл күнде кім болып отыр? Сол бір адам, жеке адам (ұл болсын, қыз болсын) қазақ халқының жаңа нәсілінің үлгілі өкілі. Осындай білімді адамның шыққандығы — бақытты дәуірдің ең қызық, қымбат айғағы болды. Қазақтың советтік буындарының ел алдыңғы қатарында, жұртшылық мақтаны боп, толып өскен ғалым азаматтың ең алдыңғы сапында, қадырлы орын алатын кісінің бірі — Қаныш Сәтбаев.

Қаныш 1899 жылы көшпелі қазақ ауылында, бұрынғы Семей облысы, Павлодар уезі, Баянауыл ауданында, Ақкелін болысы, төртінші ауылда туған. Алғашқы бастауыш білімді аздап қазақша оқудан бастап, кейін ауылдық мектепте 1908 жылдан 1911 жылға шейін оқиды. Орысша оқуының басы осы мектепте басталған еді. 1911 жылы Павлодардағы екі класты «орысша — қазақша училищеге» түседі. Сол училищені бітірген соң, 1914 жылы Семей қаласындағы Учительская семинарияда оқыды. Революцияның алғашқы жылдарында Қаныш семинарияны бітіріп, мұғалімдер курсына оқытушы болады. Бір жағынан, өздігінен әзірленіп, жоғары дәрежелі инженерлік мектепке түсуге даярланып жүреді. Бірақ, 1919 жылы денсаулығы нашарлап, елде тұруға тура келеді.

Өзі туған Ақкелін болысына қайтып, сонда ауылдық мектепте оқытушы болады. Семей облысында Совет өкіметі орнаған кезде Павлодардың Уревкомы Қанышты Баянауылдағы оныншы учаске халық сотына председатель етіп сайлайды. Сөйтіп, Совет өкіметі орнасымен Қаныш совет қызметіне кірісті. 1921 жылдың күзіне шейін сол орында қызмет етіп, күздігүні Томскіге барып, көп жылдар арман еткен Технология институтына түседі. Сонымен, 1921 жылдан 1926 жылға шейін бар ынтасын салып, бір ғана оқу соңына беріледі. Талапты және талантты студенттің қызықты оқу жылдары өтеді.

Сол оқушылық жылдарында қазақ тіліне алгебралық оқу кітабын аударады. 1926 жылдың май айында институтта тау-кен факультетінің барлық дәрістерін бітіріп,

диплом қорғайды. Кейін Қазақстанның республикалық шаруашылық советі (ҚазВСНХ) жолдама беріп, Москвада Ақмоланың түсті металдары трестінің қызметіне кіреді. Ол трестің міндеті — Қарсақбай комбинатын салып бітіру және Орталық Қазақстанда Спасск комбинатын іске асыру еді. 1926 жылдан 1929 жылдың қысына дейін Москвада тұрып, жазғы айлардың барлығында Қаныш Жезқазғанда, Успен — Спасск ауданында геолог-зерттеуші қызметін атқарады. 1929 жылдың басында Қарсақбай комбинаты іске басып, қызу жұмыс басталғаннан кейін трест Москвадан Қарсақбайға көшеді.

Сол жылдан бастап, 1941 жылға дейін Қаныш Жезқазған ауданында үлкен жоспарлы ірі жұмыстар істейді. Жезқазған геолог-зерттеуші конторында кейде бас инженері болып, кейде начальнигі болып қызмет атқарады.

1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойында Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттейді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқаратын өнерпаз болумен қатар, Қаныш сол жылдардың өзінде де қазақ халқынан шыққан жас инженер-геологтарды баулып, өсіре жүреді.

Үлкен талантпен қапағаттанған талабының жемісі, өз республикасына да және Ұлы Отан көлемінде де таныла бастайды. Қызықты еңбегі өркештеңіп, Қаныш атын мол жұртшылыққа даңқтандырады.

Жік салмай, желісін үзбей, 15 жыл бойы оның зер салғаны бір мұрат еді. Сол ұзақ 15 жыл бойында бар еңбек, қайратын, барлық жиған білім құралын, бар өмірін, бір ғана жөнге жұмсады. Жұмсады да жеңіп шықты, жетіп шықты.

Бұрынғы көшпелі ел жайлаған далада, Сарыарқада, тек киіз үйлі ауылдар ғана мезгіл-мезгіл кезіп-өтіп жүрген бір түкпірге зер салған. Сол жерден әлем білмеген байлық табамын деген еді.

Ол өлке туралы осыдан 2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот бір сөз айтып кетіпті: «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген елдер бар. Қола мен жездің молы соларда. Өз жерлерінен қазып алады» деген. XIII ғасырда соғып өткен бір кезбе: «Мұнда байлық жатыр» деп кетіпті. Сол үлкен ата-қонысты мекен еткен өзіміздің Бағаналы жер атын — Жезқазған қойыпты. Қай атасы қазғаның кім білсін!

Қарсақбай, Жезқазғанды жалдамаға алып, өз меншігі еткен шетел байлары 1916—1917 жылдарда, жездің молдығын «пәлендей» деп, бір меже қойған. Жабыса жалмағаны жез еді. Бірақ, алғаны аз, тапқаны тамтық екен. 1917 жылы өзі де кетті.

Сол Жезқазғанда 1926 жылы қызу жұмыс басталды. Сарыарқаның өз баласы, беті-жүзі келбетті, жас шырайда жарқыраған көркі бар, білім-сапа нұры бар, жиырма жеті жасқа келген жігіт келді. Аз тобымен іске кірісті.

Еңсесін салған еңбекпен жыл өтті... Жігіт өсіп, жігіт ағасы бола бастады. Жым-жырт жатқан Жезқазған сол жаңа жылдардың ішінде қайта туа бастады. Жаңа жастық тапқандай. Оны көп жерде, көп жан білуге айналды. Бес жыл деген бел еді, ол өткен. Сол кезенге келгенде, шетел байлары мен мамандары межелеген кен байлығы мұнда қалды. Жігіт еңбегі жеңіп келеді екен. Алдыңғылар айтқан мөлшерден отыз есе артық кен қорын тауышты. Тапқанын тығып жатқан жоқ, бар Одаққа данк етіп білдіре түсіп, іздеп жатты. Ізденгенін ізерлеп, ғылымдық еңбек етіп жазып та жатты. Үздіксіз еңбек үстінде жігіт өсіп, ер-азамат болды. Тағы бес жыл кеткен еді. Енді, Жезқазған көп жұрт аузына ілінді. Шетел мамандары тапқан межеден кен мөлшерін алпыс есе асырды.

Тағы бес жыл өтті. Жігіт, жер ортасы жасқа қарай басты. Еңдеп кеткен еңбегінің 15 жылға толған шағы еді. Жезқазған жаһанға мәлім ат алды.

Қаныш жалғыз жезді зерттеп келген жоқ, сол 15 жыл ішінде арқаның Жезқазған, Қарсақбай атты атрабында талай да талай басқа қазна да ашты. Жезқазғанға темір жол келсін, үлкен завод орнасын, — бәріне де көмір керек, сол өлкеден Байқоңырдай, Қияқтыдай көмірді өзі тапты. Еспедей, елеусіз жерден есілген тағы талай қазна ошағын тапты. Қалың қатпар қорғасын мен күміс тапты. Болат заводқа мол қор болардай қара темір, марганец кенін ашты. Үй, дүкен салар тасты, топырақты заттын асылын, тағы талай бұйым тапты. Мыс қорытқанда қоспа боп, себеі тиетін тағы бірнеше қосымша кен затын тапты. Алтын мен молибден де бұғып қалған жоқ. Оны да ашты.

1940 жылы ел-Отаны ер еңбегін бағалап, Қанышқа Одақтың ең жоғарғы сыйы — Ленин орденін берді. 1942

жылы бүкіл Отандағы білгіштердің ғылымдық табыстарын бағалаған қорытынды болып еді. Сонда «Жезқазғанның мыс кендері» деген кітабы үшін Қанышқа лауреат атағы берілді. 1943 жылы Совет Одағының зор ғылым ордасы — Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі деген үлкен ғылымдық атақ тағы алды.

Бұл жылдарда Қаныш Алматыға ауысқан еді. Көп тәжірибелі ғалым, мойымас қажыр, қайрат иесі, басшы қызметкер Қаныштың ендігі еңбегі өзінің сүйікті республикасының астанасында өтуі шарт еді. Соны ескеріп, республиканың партия, үкімет басшылығы оны Алматыға ауыстырғанда, Бүкілодақтық Академияның Қазақстандық филиалына бастық етті. Сонымен қатар геология институтының директоры болып істеп тұрды.

Қазақ халқының абройын асырып, совет елінің мактаны болған асыл азамат Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жаңағы орынға келісімен Қазақстан жеріндегі кен байлықтарының бәрін зерттеп, табысқа табыс жалғап, молайтумен болды. Әсіресе ел-жұрттың жауыз-дұшпаны — неміс басқыншыларымен болған Ұлы Отан соғысы шағында, Қаныш бастаған ғылым орындарының көмегі аса зор болды. Майданға керек болған кен қазнаның бәрін тез тапқызып, мол алғызып отырды.

Самғағыш самолет, тозбас танк, мойымас мылтық, өрттей оқ жасауға керек заттың бәрін беруде Қаныштың әрі отаншыл басшылығы, әрі білгір мамандығы, жіті қырағылығы, қажымас еңбегі өзгеше орын алды. Осындай еңбектерінің халық үшін қадірі артқандықтан, 1945 жылы Одақтағы Ғылым Академиясының тарихи ұлы мерекесі болған күндерде, Қаныш екінші рет Ленин орденін алды. Сол жылы Бүкілодақтық Ғылым Академиясының толық мүшесі болып сайланады.

Әрі ғылым қызметкері есебінде, әрі сол ғылыми қызметін басқара білетін талантты ұйымдастырушы ретінде, Қаныш еңбегі республикада және Одақ көлемінде айқын көрініп, үлкен баға ала бастады.

Халқымыз өзінің сүйікті ұлы Қаныш Сәтбаевты 1946 жылы СССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайлады.

Қазақстанның Одақ көлеміндегі тарихи дамуы неше алуан еді. Шаруашылық жөніндегі ұлы өсулер, ғылым, мәдениеттің өркендеуі және әсіресе, әр ғылымның саласында үлкен өріске жетіп піскен, өскен ғылым қайрат-

керлері қазақтың өзінен шығып, ғалым-мамандардың көбеюі байқалып еді. Осы жылдарда Одақтық Ғылым Академиясы болсын, Қазақстан партия, совет басшылығы болсын, енді қолда бар ғылымдық, мәдениеттік күш-қуатты таяныш етіп отырып, Қазақстанның өзіне арналған зор ғылым ордасын орнатуды талап етті.

Қазақстанда Ғылым Академиясы орнап, өркендеген екен деген асыл мұрат алға қойылып еді. Тәжірибеге қарағанда, ондай Академиялардың жасалуына негізгі шарт — кадрлар. Өзіне бөлек Академияны ойдағыдай жүргізіп кетуге жарайтын ұйымдастырушы керек. Ғылымдық терең зерттеу ісіне тәжірибесі жеткілікті, ойшалымы, басшылық, білім, өнері жеткілікті, үлкен сенімді қайраткер керек еді. Әрі өзі ғалым, әрі ғылым басшысы, соқталы азамат керек болды.

Одақ Ғылым Академиясының сол кездегі президенті академик Комаров, қазіргі президенті академик Вавилов сияқты адамдар Қазақстанда Ғылым Академиясын ашу деген ойды қуаттап, Қазақстанда өз Академиясын ашарлық оқымыстылардың жалпы әзірлігі жеткілікті деді. Қазақстандағы Академияның жақсы бастап жүргізіп кете аларлық өнеріне де, берік, сенімді болысты.

Қазақстанның партия, совет басшылығы, барлық мәдениет қайраткерлері, соның ішінде әсіресе, ғылым қызметкерлері, қазақ Академиясы ашылатын болса, оның бірден-бір сенімді басшысы Сәтбаев қана бола алатындығына толық сенімді болысты.

Сонымен, 1946 жылдың июнь айында Советтік Қазақстан тарихында мәңгілік орын алатын өзгеше дәуір белгісіндей, советтік буындардың, ұрпақтардың мақтаны боларлық бір жаңа туыс пайда болды. Ол — Қазақстан Ғылым академиясының жасалуы еді. Бұрынғы еңбектерінің барлығы Қазақстан жұртшылығына үлкен сенім білдіріп, қадірлі болған Сәтбаев осы Академияның ең қалаулы, ең таңдаулы басшысы болып сайланды.

Содан бері Қаныш Сәтбаев Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып істеп келеді. Сонымен, ғылымдағы үлкен еңбек нәтижесінде зор бедел, абырой, сенім тапқан Қаныш, қазіргі күндерде Қазақстанның жас Академиясының қайраткері болып, талмай басшылық етіп келеді.

Қаныштың Қазақ Ғылым Академиясындағы президенттік қасиеттерінің ең зоры — ол аса талантты және

қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы. Бұл жөнде, Қаныш өзі, геология сияқты үлкен күрделі ғылымның терек білімді маманы болғандықтан, ұйымдастырушылық, басшылық істі үнемі ғылымдық жолмен жүргізеді. Сан ғылымының басы қосылған күрделі еңбек үстінде өсіп келе жатқан Академияның ісін, ғылымдық жолдармен, сан саламен өрбітіп, гүлдендіре білу — кімге де болсын оңай жұмыс емес. Аса жауапты жұмыс болуының үстіне, сан сала білімнен көп дерегі, білімі бар адам болуы керек. Қаныштың бір үлкен ерекшелігі — ол халықпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылым тіліне сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Және сол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ішкілік те бар. Өз басының білімін өсіруде жан-жақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ ізденуші Қаныш, Қазақстан Ғылым Академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш.

Ғылымдағы ұйымдастырушылық талантының тағы бір өзгешелігі — кадрларды өсіру жолындағы талап-қайратынан аса айқын көрінеді.

Әрбір ғылым сапасында жаңа туып келе жатқан ғылымдық талап соңында жүрген азамат болса, оқып жүрген жақсы зейінді ұл-қыз болса, — бұлардың Қазақ Ғылым Академиясының президенті Сәтбаевтан ақыл алмай, достық көрмей, көмегіне сүйенбей жүргендері жоқ деуге болады. Жылдан жылға қанат жайып, өрлеп өсіп келе жатқан Қазақстан ғылым қызметкерлерінің докторлары, кандидаттары, аспиранттары, — барлығы да өздерінің өсіп, қалыптасу кезеңдерін алғанда, олардың ғылымдық еңбектерінің нәтижелі болып шығуы дәуіріндегі саты-саты ізденулерін алғанда, Қаныштан басшылық көмектің қайсысын болса да алып отырады.

Ал, ғылымдық дәрежелерін алып, Академияның арнаулы институттарында, секторларында, филиалы мен базаларында немесе ғылымдық экспедицияларында алған білім, мамандығын іс жүзінде сарапқа салатын болғанда, Қаныштан олар алатын үлгі-өнегесі де көп.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанның соғысқа керек болатын көп қорларын кен іздеп, мол табуына

басшылық еткен Академия қазірде де жылдан-жылға етек алып, ендеп, күрделі еңбек ордасы болып келе жатыр.

Қаныш басқарған Ғылым Академиясы — Ұлы Отанның, соның ішінде Қазақстанның ауылшаруашылығы, өндіріс, ғылым, мәдениеті өркендеуіне, ең алдымен қажет болатын жайларды зерттеп, ізденуші ойға үшемі басшылық ете білді. Бүкіл Академияның жанын еңбегі, қадірлі отанымызға арналған қасиетті еңбек болатын болса, көп тарамдары арқылы сол Отанмен нық қайнасып, берік байланысып өсіп келе жатқан советтік ғалымдардың бойындағы отаншылдық қасиетті Қазақ Ғылым Академиясының президенті Қаныш Сәтбаев әрдайым айнымастан биік көтеріп ұстап келе жатыр. Қадірлі еңбек туы, қасиетті азаматтық туы! Осы сипаттары арқылы Қаныштың Академия ішінде барлық үлкенді-кішілі қызметкерлерге қадірі, бедел, абройы да зор. Ол өзі де Академияның барлық ірі қызметкерлерінен бастап, жас мамандарына дейін, жай қатардағы қызметкерлеріне дейін, маман емес адамдарына дейін, — барлығының да қызмет жайын, еңбек бағасын орын-орнымен өте жете біледі. Қызметкерлердің ғылым жолында өсуіне көмектесуден басқа, олардың күнделікті жай, жеке тұрмысының өзі туралы да көп қамқорлық етеді. Бұл да, советтік басшы адамның адамгершілік, шынайы жақсылық қасиетін асыра түсіретін сипат.

Міне, осындай ірі ғылымдық басшылықта, әрі адамгершілік істерінде озық біткен асыл сипаттары бар Қаныш, Советтік Қазақстан ұрпақтарының ішінде Совет дәуірінің ардақты тәрбиесін алып, мемлекет қайраткері дәрежесіне жетті, ең үлгілі, ең асыл азаматының бірі болды. Жұртшылық оның елу жасқа толғанын шын еміреніп, аса бағалап қадірлеп қарсы алды.

1949

БАҒАЛЫ ЕҢБЕК

Қазақтың Академиялық театры бпылғы сезонын Әлжаппар Әбішевтің соңғы пьесасы «Бір семьяны» қоюмен аяқтады. Советтік репертуар жасауда қазақ драматург-

тері мен драмалық театрлар соңғы жылдар ішінде ұдайы олжылықта келген еді. «Бір семья» спектаклі жұртшылықтың жақсы бағасын аларлық толық сапасы бар, нәрлі табыс боп шықты. Реалистік сипаты келісті шыққан пьеса, Академиялық драма театрының сахнасында көптен күтілген, талап етілген, бірақ қолдан келмей жүрген анық маңызды, реалистік спектакль туғызуға себепші болды.

«Бір семья» пьесасын жазушы жұртшылығы алғашқы варпаптынан-ақ тәуір бағалаған еді. Драматургияның табыстары аздығын айтқанда Әлжаппардың «Достық пен махаббаты» және осы «Бір семьясы» көрнекті жаңалықтай ауызға алынып келген-ді. Өткен қыстағы Жазушылар одағы пленумында, жақында болып өткен қазақ әдебиетінің онкүндігінде Қазақстан жазушылары жасаған баяндамалардың бәріңде осы соңғы пьесаға жақсы үміт артылған-ды.

Бірақ сахна — сыншы. Театр — таразы. Соңғы сөз театрда соңғы шымылдық жабыла бере айтылады. Оқушының көзінен көрушінің көзі көреген келеді. Сөйтіп пьесаның байлаулы бағасы, спектакльмен қабат айтыла жүретін дағды бар. Мынау пьеса жөнінде сол алдыңғы үміт пен соңғы сын қабысқандай. Ол «Бір семья» пьесаның ой қозғарлық маңызынан туып отыр.

Пьесаның қасиеті реалистік толық нәрінен тарайды. Идея мен образдар бұл пьесада жалған тартыспен, үстірт бояумен суреттелмеген. Ізденгіш ойлар жаңаша өрістеп, өрлейді. Социалистік реализм — өмір, еңбек, талаптың үлкен арнасымен қадам басқан совет адамын бейнелеуді тілейді. Ол үлкен арна: партия ұранына, социалистік құрылыс мүддесіне өзінің өнерін, қайратын адамгершілік қасиет, қабілетін молынан жұмсаған жандардың тартысынан туады.

«Бір семьяда» тартыстың екі арнасы бар. Ұлы арна мен қосалқы арналар. Драмалық шығармаға заңды, келісті бітім беретін қос арна. Бұндағы басты геройлар: Айдос, Жанар, Қремлев, Богдановтар зор мүдделі, ауыр салмақты, әлеумет ісінде сыналып, шыңдалады. Еңбекпен сыналады. Пьесаның үлкен тартысы мен асыл арманы осында. Және де сол адамдар, өмірлік шындық, тартыс талқысында өздерінің адамдық сипаттарын танытады. Партия тәрбиесінен, отаншылдық дәстүрден көп үлгі, өнеге алып, жаңғырып өскен жаңа адамның ішкі

бейнесі көрінеді. Пьесаның өндіріске арналған еңбек арқауы — теңіз жасауда. Оған қайрат ететіндер: Айдос, Богданов, Жанар және көп көмекші достар, оның үстіне көп халық. Кремлев доктор сол құрылыс қайраткерлерінің зор көмекшісі, емші қамқоры. Айдос — үлкен қайрат, берік мінез толық білім иесі. Ол соғыс арқылы өмірдің ауыртпалығын қатты татқан адам. Көп жапа шеккеп жап. Жақындары үшін оның тағдыры бір жара болса, өзі бейбітшілік тірлікке де ауыр жарамен қайтқан адам. Бірақ ол сымбаған, күйремеген. Сау сапа, сергек қуаты бар істің адамы боп, алдыңызға шығады. Үлкен қайраткер тұлғасын көрсетеді. Осы Айдос пен Жанар, Кремлев үшеуінің арасы пьесадағы үлкен тартыспен, еңбек тартысымен қатар жүретін екінші бір адамдық тартысты көрсетеді. Пьесаның екінші арқауы осыдан туады.

Жанар да сыр-сымбатқа, азаматтық қасиетке толы адам. Ол колхозшы жұршылықтың таңдап тауып, жауапты орынға лайығымен көтерген адамы. Сол жауаптылығына сай оның істе, өндірісте үлкен ерлігі бар. Партия басшылығының (Богдановтың) тапсыруы бойынша, оның колхозы 30 мыңдаған колхозшының көсем тобы болады. Үлгілі, қажырлы, басшы топқа айналады. Пьесаның басынан аяғына шейін сол өскелең жеңімпаздық қалпынан Жанар төмендемейді. Бұл оның совет азаматы болған әлеуметтік сыпаты.

Кремлев — орыс халқының тәрбиелі адал, әділ, білімпаз ұлы. Ол совет адамдары арасындағы бар мінезде жаңа дәстүрде, өмір шындығында барынша жарқырап табылатын адам. Жайдары, досжар жүрегі бар зор қасиет иесі. Өзі білгіш және еңбек елінің үлкен тартыс (соғыс, құрылыс) үстіндегі айнымас жәрдемшісі, қажымас досы. Ары таза, арқалығы биік біткен бейне.

Осы үш адам әрі үлкен өндірісте өздерінің білім, қажымайтын азаматтығын жақсы алып жүріп, әрі сонымен қатар үшеуінің арасына түскен бір жарықшақ жөнінде іштерін ашу шарт. Пьесаның негізгі екі арқауы сайып келгенде осы үшеуіне тіреледі. Ал араларындағы сол жарықшақ турасында бұл үшеуі айыпты ма? Айдос өзі келмес бұрын болған халге мүлде айыпты емес. Бұрын бір хал — Кремлев пен Жанар арасында болғаны анық. Бірақ ол серттен аспаған сыр еді. Кінәлі жол мен жүрек, сезім кірлеткен адамдар бұл екеуі емес-ті. «Айдос өлді» деген хабардың соңынан туған табиғи хал есепті

болатын. Жақсы адамдар арасындағы жақсы бір қадір-лестік, дос сыйластық қалпынан аспаған үлкен серт — өмірлік серт еді.

Бұл жөнде Жапарды да, Кремлевті де мінді адамдар деп айту қиын. Әйтсе де осыдан туған түйін бар. Ол арзан тартыс емес. Жақсы, адал, ақкөңіл, ірі бітімді адамдар арасында туған түйткіл-түйін болғандықтан — әсіресе арзан емес-ті. Советтің жақсы үй ішінде, жарқын достарының арасында үлкен шыншылдық, турашылдық бар. Қалтқысыз ашық, айқын достық бар. Оның бәрі ақаусыз, сызатсыз болсын. Белгілі адам, білгілі үй іші ойдағыдай нәрлі күйде болуы үшін айнадай тазалық болсын. Ол тазалық бәрі бағалансын, зор қасиет деп аталсын. Бұл, совет адамдарының моралі. Және бұрынғы үй іштері білмеген қасиет, социалистік қарым-қатынастың жана адам пәсілін жаңаша қалыптауынан туған зор тазалық. Бұлар істері лас, айыптары үлкен болғандықтан азапқа түскен адамдар емес. Ішкі қасиет пен талаптары, адамгершіліктері бойынша өздеріне өздері қоятын шарттары, ар қарыздары мол болғандықтан туған ауыр күй, қиын тартыс бар. Осы алуандас өзгеше халді Әлжаппар анық ойлы жазушы боп, шеберлігі өскен, реалистік шындықпен көрсете білген.

Ол пьесаның үш адам арасына арналған көріністерінің көбі психологиялық шебер түйіндерге соғады. Көңілге қонымды, болмысқа дәл үйлесетін тартыстар тудырып отырады.

Адам психологиясы бар да, бірақ күйректікке түскен психологизм жоқ. Бұлардың арасында дарашылдықтан туған ұсақ менменшілдіктен пайда болған міндер, мінездер жоқ. Бәрі кесек адамгершілік үшін алысатын болғандықтан өздерін кей мінездер тұсында сүрінгендей санайды. Айдос тірі боп қайтқан соң, Жапар Кремлевке берген серті арқылы сондай сүрінген адам қалпында жүреді. Өзін өзі ойда жоқ ауыртпалыққа шырмал алғандай қиналады. Толғануда, толқуда жүреді. Бұның жүрегіңде, сол қалпының өзінде де мол ұялаған жақсылық, тазалық бар екені байқалады. Адамшылығына кір жұқтырған, арының ақауы бар адамдар бұлар емес. Жаратылысында мінді, жарықшағы бар жандар емес. Драманы анық міні бар жандардың тартысына құрса, жазушы теріс жолға түскен болар еді. Мынада біз кейбір өмір талқысы қиындыққа салған жақсы адамдарды көре-

міз. Және әсіресе сол қиындықты бұларға жеңгізуге себепші болған. Осы адамдардың жүрегіндегі, мінезіндегі советтік тәрбиенің жақсы сыпаттарын тани түсеміз. Олардың арасын шатастырған халде жайшылықтағы бейбіт өмірдің күндегі болмысы емес. Кешегі қанды жолдан, жау салған әлектен туған қиындық. Жаралы, өлмелі боп қайтқан Айдос жүрегінде «мені сақтаса нетті» деген жазықсыз наз болуы заңды. Бірақ ол белгілі, мөлшерлі кезге шейін ғана заңды.

Жанар болса, Айдос қаза тапты деген хабарға көп қайғыра жүріп, оны ұмытпай жалын жұта жүріп-ақ, ол қазаның шындығына иланғандығынан жазықты. Өз жүрегінен Айдостың бейнесін, елесін бірде-бір өшірген Жанар жоқ еді. Ал Кремлев Айдос алдында мүлде жазықты емес.

Үшеуі де іші жазықты кісілер емес. Бірақ сыртқы қарым-қатынастарында бастарына қиын салмақ түскен кісілер болады. Осылардың арасындағы хал анық драма екені даусыз. Пьеса көруге қызықты болғанда, осындай өмір шындығынан туған драмалық конфликті айқын болғандықтан қызықты.

Сонымен қатар бұл пьесаның тағы бір қасиеті, осы адамдар арасындағы драманы дауасы жоқ түйін етіп жасамаған. Буржуазиялық драманың шешілмес түйініне душар болған, тағдыры тапталған, дарашыл жандар драмасы бұнда жоқ. Бұл жасанды драма да емес, өмір шындығы басым көрінген тартыс бар. Советтік пьесаның реалистік дәлелді тартысы өрбиді. Жасанды драмадан реалистік шығарма тумайды. Жалған тартыс, жалған психология, адам нанбас мінез — схема туады.

Әлжаппар пьесасының қасиеті, көңілге қонымды шындығында. Бұл түйін осы геройлардың бас қосып отырып, бір сөйлесуімен шешілмейтін түйін. Сөзбен ұшықтап, жадыратып жіберетін арзан, жалған күдіктер емес. Мезгіл емдеп, еңбек адамгершілік қасиеттер ашыла түсу арқылы ұзақ барып шешіле түсетін түйіндер деп тану керек.

Пьесада осы адамдардың бас өмірінен өздеріне қымбаттырақ көрінетін қоғамдық, отандық еңбектері бар. Сол биіктеп өсіп, өз мұратына жеткенде бұл адамдар өздері де іштен түлеп, өзгеріп, асылданып, жаңғыра береді. Өзінше асылдың шыныққанындай сыпаттар табылады. Түлеп өскен қалпында бұлардың арасында жүрген

жаралары сол түлеген терімен бірге түскендей болады. Мезгіл емдейді, адамгершілік қасиет бір кезде жаңсақ басылған аяқтың қаталығын түзейді.

Осы тартыстар бойында бұл адамдар үнемі қатесіз боп отырмайды. Психологиялық, реалистік дәрежеде көңілге қонымды болып ашыла отырып, кейбіреулерінің сәл адасқан қателіктері көрінеді. Мысалы, Айдос ең соңғы сәтке шейін Жанарды кінәлаған өкіміне сын жасай алмай келеді. Жанар Кремлевтің Айдосқа операция жасауын көпке шейін мақұл көрмей келеді. Бұл екеуінің осы жаңылыс қателіктері де оларды айыпты ететін мінездер емес. Екеуінің де сол күндерде, сол халдер мен іс-мінездер үстіндегі өзіндік ерекше психологияларынан туатын қателесуі болады.

Осы адамдарды үлкен еңбекке, оптимистік қажырлы тартысқа, сезімталдық, көрегендікпен бастай білген партия басшылығы енді екеуінің жаңағы жаңсақ түсініктерін де түзейді. Үлкен арнадағы еңбек жеңіп шыққанда пьесаның екінші арқауы да шешіліп, жадырайды. Сөйтіп пьесаның бар тартысы бастан-аяқ өзінше дәлелді байланыстармен келісті боп құралған шебер композицияны көрсетеді. Бір арқау ілгері, бір арқау кейін жатқан олпы-солпылық жоқ.

Реалистік пьесаның тілі де, әр адамға берілген сөз, мінездемесі де, ой-сезімдері тегіс жағымды, қонымды жазылған.

Әлжаппар «Бір семья» пьесасымен қазақ совет әдебиетінің соңғы жылдардағы өсуіне, жаңалық табыстарына елеулі еңбек қосты. Жаңа тақырыпты жақсы меңгерді. Ұлы еңбек майданында партия басшылығымен ұлы қасиеттер көрсетіп жатқан совет қайраткерлерінің үлгілі бейнесін көрсетуде «Бір семья» пьесасын анық бағалы табыстың бірі деп санай аламыз. Барлық көркем әдебиетке шарт болған социалистік реализм әдісін жазушының терең түсініп, жақсы қолданып өскенін көреміз. Бұл еңбекте ізденумен өскен өнімді ойлар бар. Пьеса — ойлы, саналы пьеса. Сол себепті «Бір семья» пьесасы әлі де ойдағыдай тола түсу үшін, кейбір даулы жайларын, кемшіліктерін де айта кету керек.

Ең алдымен, пьесаның композициялық құрылысында, тартыстың өсіп жеткен шырқау сатысында, дау айтқызатын бір жай бар. Ол — Кремлев, Жанар, Айдос үшеуінің арасындағы халды операция столында шешу. Осы пьеса

көлемінде бұл халдер осылайша шешілуге тиіс болғанмен де, дәл осындай драмалық түйін бұрын советтік бірнеше пьесада болып өткен еді. Ең әуелі сондай хал Корнейчуктің «Платон Кречетінде» жазылған. Кейін Гусевтің «Слава» деген пьесасында осы хал қайталанғанда сын пікірлер сол қайталауды «еліктеу» деп, мінеп сөйлеген болатын.

Әлжаппардың өз шығармаларында да геройлар арасындағы кей тартысты осылайша шешкен мысалдар бар еді. Сондықтан мынандай тың тақырыпты жаңа талаппен, жанаша, соны жолмен шешемін деген творчестволық іздену үстінде бұрын бірнеше рет кәдеге жараған, бірақ өзінше схема боп қалған әдісті қайталау керек емес еді.

Еліктеу — үйренудің, үлгі алудың шебер жолы емес, оңай сатысы. Ол — соқпаққа түсу. Әр соқпақ жазушы үшін — қайталау. Аз ізденудің айғағындай болады. Оған соңғы кемшілік: екінші қатардағы кейіпкерлер жөнінде байқалады. Бұлардың ішінде толық жетіліп болмаған, босаң бейнеленген адамдар бар. Сол қатарда Дәурен, Құлпан, Балқия образдарын атауға болады. Бұларға жас пәсілдің өкілдері болғандықтан, жаңа мінез, қызықты сипаттар бере түсу шарт еді.

Жақсылардың жақсылықтары да әр алуан болу керек. Шынайы толық қанды, реалистік шығарманың бар түйіні де, тіпті түймесі де өзінше толық қалыптанып. Жақсы Таусоғар, жақсы ана бейнелерімен қатар Айдос, Богдановтар образдарымен қатар мынау жастардың жақсылықтары өздеріне тәп, асыл пышап көрсетсін. Жаңа буынның жаналық лебі аңқып, танылып тұрса келісе түсер еді.

Қоқым сияқты адамның да суреттелуінде олқылық бар. Ол алғашқы перденің бойында жағымсыз кейіпкер болып, маскүнемдікке салынады. Бытқыма берекесіз боп жүреді. Жақсылық пен жамандықтың екі аралығында «тен тарта» жүрген, құнарсыз адам. Кейін сол Қоқым жақсы адам болып шығады. Бірақ Қоқым образы сөзде, драмалық мінезде, типтік айқындықта қай кезеңінде қызықты десеңіз, өкінішті болса да, жазушыға жәйсіз қорытынды жасатады. Сахналық, драмалық сипаты жағынан алғанда, жазушының бояуды мәнерлеп, қызықты етіп беру жағынан қарағанда алғашқы пердедегі жағымсыз Қоқым кейінгі түзелген Қоқымнан әлдеқайда айқын, есте

қалғыш боп суреттелген. Түзеліп, жақсылыққа бейімделген Қоқым күлдіргі сөзден, өзгеше мінезден тегіс ажырап, образ болмай құр ғана бір сұлдер боп қалады.

Әлжаппарда жақсы мысқыл да бар. Өзіндік өзгешелігімен жасаған кейіпкерлеріне әзіл-мысқылды әдемі қонымды, тиімді етіп бере алады. Бұл жағынан қарағанда, Жаңыл образы бастан-аяқ толықша сыпатталған деуге болады.

Жалпы алғанда, «Бір семья» пьесасы жаңағы саналған кейбір кемшіліктеріне қарамастан Қазақстанның советтік драматургиясының өсу жолында, көп жағынан көркемдік тауып жақсы қалыптанған, бағалы табысының бірі деп саналу керек.

Академиялық драма театры коллективіне жаңа тақырыпты, татымды шығармалар беру жөнінде біздің көбіміз мол қарыздармыз.

Жақсы пьесаны жұртшылықпен қоса, достық пейілмен аңсап, тілейтін біздің академиялық театрдың коллективі қолына тиген пьесаның бағалы сапасы болса, оны биік өріске көтере түсіп көрсетуге театрдың барын салатыны мәлім.

«Бір семья» пьесасын жалпы алғанда театр коллективі толық көріктеп көрсетуге тырысқан. Суретші жасаған декорацияда ұқыпты, жинақты көріктілік бардай, спектакльдің барлық элементтерінде осындай біркелкі, тұтас, көркем бітім бар. Бытыранды, құрама, аламаштық жоқ. Спектакльдің композициясы да пьесаның өзекті ой-сезімдерімен үнемі үндес, үйлес шыққан. Автор мен театр бір-біріне жақсы түрде нық сүйескені байқалады, ұғысқаны сезіледі. Театр коллективі пьесаның сахнаға толыса түсіп, шынығып шығуына да еңбек еткен. «Бір семья» автор мен театрдың бірігіп іздену, толғануы нәтижесінде туған табыс.

Спектакльді қоюшы Дьяков жолдас реалистік спектакль жасау жөнінде көркем шындықты көп іздегенге ұқсайды. Спектакльдің жұртшылық бағасына татырлық, көркем қызықты боп шығуы да сол ізденудің көп талабы табылғанын байқатады.

Жанар ролінде Римова жауапты еңбекке жаңа шыққан болса да, қолынан елеулі өнер келетін қайраткер екенін көрсетті. Оның дауысында, жүзінде көп сезімдік, сипаттарында — көрушіні иландырып тартатын шындық бар. Жасандылық аз. Қонымды әрекеттері реалистік

пъесанын негізгі, мағналы бояуларын көңілге сенімді етіп жеткізеді. Осындай мінез, әрекет Айдостың роліндегі Өгізбаев бейнесінен де айқын, әсерлі боп көрінеді.

Кремлев ролінде Әділшинов спектакльдің көрікті бояуын көтеріп сүйеуге жараған еңбек көрсетті деуге болады. Өз образдарының көлемінде Елебекова (ана), Жандарбекова (Балқия), Мойшыбаева (Жаңыл) сенімді түрде ойнап, көрушіге рольдегі бар сипатты толық жеткізе білді.

Таусоғар роліндегі Толыбаев туралы да осыны айтуға болады. «Бір семья» спектаклінде ойнап жүрген образдарымен әлі қабысып, үйлесіп болмаған, сол себепті ол образдардың пьесадағы салмағына сай әрекет көрсете алмай жүрген екі актер бар. Ол — Богданов роліндегі Сыздықов, Мәжел роліндегі Сәлменов. Телғараевқа Қоқым образының өзі екі ұдай болғандықтан әзірше қояр кінә да жоқ.

Қорыта келгенде, Академиялық драма театры келесі сезонын бастағанда «Бір семья» спектаклін үлкен ықылас бейілмен тағы да толық еңбек қоса түсіп, биік дәрежеде қолға алуына керек. «Бір семья» спектаклі қоюшы режиссердің де, ойнаушы барлық актерлердің де өсіре еңбек етуіне татитын спектакль екенін ұмытпау керек.

Соңғы жылдардың репертуарына кіріп жүрген қазақша пьесалардың көбінің қатарынан «Бір семья» сияқты спектакльді жоғары бағалау шарт. Оны көп еңбек сіңіріп, жаңғыртып өсіре түсу — автордың да, театр коллективінің де міндеті.

1949

КЕЙБІР ҰЛТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ РОМАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Социалистік мазмұндағы ұлттық түр — көп ұлтты сан-алуан әдебиеттерге байланысты аса кең көлемді мәселе. Әрбір ұлт жағдайында бұл мәселе санқилы көп жүйелерге бөлініп, әрқайсысы бүтін бір социалистік мәдениет ұғымын береді. (Мәселен, әдебиет, музыка, театр искусствосы).

Біз бұл мақаламызда, шығармаларын түпнұсқала-

рынан оқуымызға мүмкіншілік болған ұлт жазушыларының бірнеше романдары жөнінде ішінара пікір айтпақпыз. Осы шығармаларды түпнұсқаларына сүйене отырып, нақтылы, дәл және дұрыс қорытынды шығаруға болады деп білеміз. Неге десеңіз, тіпті, поэзияны былай қоя тұрып, кілең прозаны алып қарайтын болсақ та, олардың аудармалары, көбінесе, сол шығармалардың түпнұсқасындағы ерекшеліктерді, құнды жақтары мен елеулі кемшіліктерін дәлме-дәл жеткізіп бере алмай жүр.

Бұл мақаламызда еліміздегі бес халықтың тілінде жазылған романдарды, дәлірек айтқанда, татар жазушысы Башировтың «Намыс» романын, өзбек жазушысы Айбектің «Алтын атыраптан ескен желдер» романын, қазақ жазушысы Мұстафиннің «Миллионер» романын, қырғыз жазушысы Сыдықбековтың «Біздің заманың адамдары» романын әдейі таңдап алдық. Осы романдарға байланысты С. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», «Жер бетіндегі жарық» романдарын да қысқаша шолмақпыз.

Бұл романдар мезгіл жөнінен бір кезде шыққандықтан, тақырыптары бір болғандықтан өзара бірлестік тапқан, бірыңғай шығармалар. Бұл шығармалар социалистік деревняның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы («Намыс», «Біздің заманның адамдары»), немесе соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы хал-жайларын («Алтын жұлдызды жігіт», «Жер бетіндегі жарық», «Миллионер», «Алтын атыраптан ескен желдер») көркем әдебиетте көрсетуге арналған. Бұл шығармалардың барлығы да соңғы жылдарда жазылды. «Миллионер», «Біздің заманның адамдары», «Алтын жұлдызды жігіт» 1948 жылы жазылды. «Жер бетіндегі жарық» және «Алтын атыраптан ескен желдер» 1949 жылы жазылды. Республикаларымызда болсын, бүкіл одақта болсын жоғарыда аталған шығармаларды әдебиет оқушылары жоғары бағалап, құп көріп қабыл алды. «Миллионер», «Намыс» және «Біздің заманның адамдары» романдары орыс тіліне аударылды. «Алтын атыраптан ескен желдер» романы аударылып жатыр.

Бір елеулі мәселені сөз арасында атап айтқымыз келеді: ұлт жазушысының романын орыс тіліне аударудың тарихи маңызы ерекше зор. Өйткені, шығарманың авторы, сонымен қатар, қазіргі дәуірде өркендеп отырған

ұлт республикасының бүкіл әдебиеті сол аударма арқылы бүкіл одақтың сынына түседі, шеберлікке жетілгені жөнінде емтиханнан өтеді. Солай бола тұрса да, осы романдардың көпшілігінің көлемі шағындалып, көркемдік-стильдері түгел сақталмай, одақтық әдебиет оқушыларына шала-жансар күйде ұсынылып жүр. Мәселен, Сыдықбековтың «Біздің заманның адамдары» романы түпнұсқасында 21,5 баспа табақ болса, аудармасы небары 15 баспа табақ болып шықты. Романның алты баспа табағы қысқарып қалған.

Ірі шығармаларды журналдардың лажсыздан қысқартатын бір жағдайы бар. Мұны да еске алуымыз керек. Ірі шығармаларды қысқартып, шағындауға келгенде әсіресе жылына 6 рет шығатын «Дружба народов» альманағының қаламы тым ұшқыр. Туысқан халықтар әдебиетінің жетістіктерін жұртшылыққа жариялап отырған альманахтың бұл әдетіне қыпжылмасқа болмайды. Алайда, бұл альманах ірі шығарманы екі санына бөліп баса алмайтын болғандықтан, біржола сиғызуды көздейді де, шығарманы шағындап, қысқартып басады. Б. Кербабаевтың «Шешуші қадам» романының түпнұсқасы 40 баспа табақ еді, ал, альманахта небары 10 баспа табақ көлемінде басылды. Башировтың «Намыс» романының көлемі 31 баспа табақ еді, альманахта 10 баспа табақ көлемінде қысқарып шықты.

Оқтын-оқтын шығып тұратын журналдар мен альманахтардың ерекше жағдайларымен санасып, ұлт авторларының шығармаларын өз бойларына шақтап басқанына лажсыз көнелікші; тіпті, балаларға арналып шығарылатын ерекше нұсқаларын өзгеше өңдеп, көркем аударманың құнын сақтай отырып қысқартып, балаларға лайықтап басуды да заңды, орынды іс делік. Ал енді, «Мемлекеттік көркем әдебиет» баспасы, «Совет жазушысы» және басқа беделді баспа орындары кейбір ұлт жазушыларының шығармаларын құлдырата қысқартып, автордың да, оның шығармасының да шынайы сипатын одақтық әдебиет оқушыларына жете таныта алмауы жағымсыз, жаман әдет. Мәселен, С. Мұқановтың 45 баспа табақ «Жұмбақ жалау» романы орысша аудармасында «Ботагөз» деген атпен 25 баспа табақ көлемде басылып шықты.

Бұдан шығатын қорытынды қандай болмақ? Ең алдымен, әлгі жал-құйрығы күзеліп, құнарлы қыртысынан

жұрдай болып басылған сыла шығармамен бірден танысқан совет оқушысы сол кітапты оқығанда да, тіпті, сын мақалалары мен рецензиялар арқылы да ойдағыдай таныса алмайды. Немесе 6, 10, 20 баспа табағы қысқарған роман өзінің мазмұны мен көркемдік құны жөнінен қыруар шығынға ұшырайды; оның бер жағында, бір романға яки бір повестке бодау боларлық көлемін жорай, немесе лажсыздап сылып тастаған шығарманы оқушы, бас-аяғы толық және түпнұсқасында шала-жансар жазылған әлсіз шығарма екен деп білетін болады. Демек, бұрынғы заманда проза жанры болмай келген өз ұлтының әдебиетінде көбінесе жаңашыл болып көзге түсіп, оза шауып, жүлде алып жүрген ұлт авторы — прозаик, көркем сөздің шебері болу мәселесіне жеткілікті көңіл бөлмейді екен, өз шығармасының мазмұны мен идеясын сомдап соғатын түр жөніндегі жауапкершілігін онша елемейді екен деген жаңсақ ұғым туады.

«Адам жанының ишженері» болу дегеніміз, — дейді Жданов жолдас, — тілдің мәдениетті болуы үшін, шығармалардың сапасы үшін белсене күресу болып табылады... Бізге аса шебер жазылған көркем шығармалар керек... Аса шебер жазылған, жоғары идеялы, көркем мазмұнды шығармалар жасаңыздар!»

Москвадағы баспа орындары ұлт авторлары шығармаларының жолма-жол аудармасымен жете танысып, кітаптың көркемдік жөнінен кемшін соғатын жерлері болса, түпнұсқасы бойынша автордың өзіне жетілдіруге тиіс. Өйткені аудармашының міндеті қосалқы автор болу емес, аудару ғана ғой! Орыс тілінде басылуға ұйғарылған ірі шығармалардың романға, яки повестке бодау болғандай көлемін қысқартқанда, әр жерін сызып, бөліп алып тастамай, сол шығарманың тексті қалай болса солай игеріп, өз беттерімен кетеді, тіпті дәлме-дәл аудару дегенді естен шығарып, ондаған беттерін сықпалап әкеліп, аядай жерге сыйғызып жібереді...

Ендігі бір міндет — шеберлік мәселесіне, социалистік реализм шарттарына сай келетін қатаң түр мәселесіне ұлт республикаларының Жазушылар одақтары, олардың баспа орындары және шығармалардың редакторлары талапты күшейтуге тиіс. Өйткені, бұл талаптар аса шеберлікпен ғана орындалмақ.

Алайда, жаңағы айтылған азды-көпті пікіріміз, ұлттық түр проблемасының өзекті саласы емес екенін ескер-

те кеткіміз келеді, өйткені шығарманың жосықсыз ұзақ болуы, сюжетінің ойлы-қырлы, кедір-бұдыр болуы, немесе шығарманың көркемдігі ойдағыдай болып шықпауы, жеке бір әдебиеттің өзіне ғана тән ерекшелігі де емес, болмаса ұлттық сипаты да емес. Бұл секілді кемшіліктер қай тілде жазылған шығармалардан болса да кездесуі ықтимал. Мұндай кемшіліктер әлгі өзіміз атап өткен шығармалардың бәрінен де бар. Шығарманың шұбалаңқылығы тұрғысынан алып қарайтын болсақ, ондай кемшіліктерден С. Бабаевскийдің романдары да құралақан емес. Оның бұл кемшілігін сыншылар да кезінде атап көрсеткен болатын.

Біз, өз пікірімізді жоғарыда көрсетілген кемшіліктерден бастадық, өйткені осы жағымсыз әдеттің өзі әдебиетіміздің сапа жағынан өсуіне зиян тигізеді. Бұл кемшілік бізде үлкен орын алып келді, сондықтан да оған күнбе-күнгі жұмысымызда, творчестволық аудармалық ісінде және баспа орындарының қызметінде жұртшылық сынының назарын аударудың маңызы аса зор.

Жоғарыда аталған кемшіліктер ұлттық түрдің айрықша проблемасы болмағанымен, әрбір жеке ұлт әдебиетінің жағдайында елеулі олқылықты аңғартып, осы әдебиеттердің проза жаңры тиісті сатыға көтеріле алмағанын, шеберлікке әлі де жетіле алмағанын көрсетеді. Сондықтан да осы кемшіліктерді жоюдың өзі — әрбір ұлт әдебиетінде социалистік реализм әдісін толық меңгеру жолындағы басты міндеттің бірі болып табылады.

Аттары аталған романдарды талдауға кіріселік.

Ең алдымен, осы романдарды жұртшылығымыздың жоғары бағалап, сүйіспеншілікпен қарсы алуына себепші болған негізгі, шешуші «ортақ» жағдайлар қандай? Оның жауабы мынадай болуға керек: біздің совет жазушыларының таңдаулы романдарының, оның ішінде біз сөз етіп отырған романдардың құнды шығарма болуына көмектескен — бүкіл совет әдебиетінің өресін бүкіл әлем әдебиетінен бийік дәрежеге көтерген социалистік мазмұн деп білуіміз керек.

Бұл романдардың әрқайсысы бір-біріне тәуелді болмай, жеке-жеке жазылған шығармалар. Бұларда біріне-бірі еліктеу де кездеспейді. Алайда олардың әрқайсысы өзінің ұлттық әдебиеті арпасында, соны және күшті шығарма болып шықты. Дегенмен, оларда идеялық тұтас-

тық, іштей байланыс бар, олардағы кейіпкерлердің сана-сезімі, ой-пікірі, күресі мен тағдыры бір-біріне ұқсастық тауып отырады. Лениндік достық күннің нұр шұғыласына бөленіп, еркін, бақытты өмірде жарастықты ынтымақпен дәурен сүрген халықтарымыздың өмірі, жетістіктері мен жеңістері, бүгінгісі мен болашағы өзара бекем бірлікте болғандығынан туады бұл жағдай.

Бұл романдарды оқып отырғанда орыс, өзбек, қазақ, татар және қырғыз тілінде құдіретті үнмен шырқалған бақытты Отан гимнін, совет заманының гимнін тыңдағандай әсер аламыз; топталып, бір жерден шырқалған гимн хорының алуан дауыстарын Кубаньға, Еділге, Қарағанды даласына, Ферғанаға және орталық Тянь-Шаньға әдейі бөліп қойғандай болады. Алты айшылық алыс жолдар қысқарып, талай ғасырлар бойы орын тепкен мешеулік, басқа ұлтты жатырқау, шеттету қамалдары ойран болды; адам, семья және мемлекет дейтін ұғымдар өзгеріп, ұлғайып кетті. Кубань жігіттері Сергей Тутаринов пен Кондратьевтің, татардың «Шолпан» колхозында Мансуров, Хайдар, Нафиса, Өзбектің «Қаһарман», «Элабад» колхоздарында Уктам, Мирхайдар, Камла, қазақтың «Аманкелді» колхозында Жомарт, Жаннат, қырғыздың «Б» колхозында Шарғын, Ақи сияқты аға-інілері, апа-қарындастары бар. Олар — коммунистік тәрбие, Отанға деген шексіз сүйіспеншілік жөнінен, жанқиярлық еңбек жөнінен, құрылыстың барлық салаларында және өздерінің ортақ Отанының жауларына қарсы майдандарда жеңіске жету жолындағы күресте бір мақсат, бір тілекте болуларымен, бір атадан, бір ападан өрбігендей туыстар екенін сипаттайды.

Олардың досты риясыз сүюі де, дұшпанды мейлінше жек көруі де бірінен-бірі айнымайтын ұқсастықта болып отырады. Тіпті, олардың еңбек жорықтары және өз қолдарымен жасап алған материалдық-техникалық бағалы мүліктері де ортақ дүние сияқты. Сондықтан да олар бір тілек, бір мақсатта өзара ұйымдасып, болашақ коммунизм қоғамын орнату жолында үдере жол тартып бара жатқан елімізде саналуан жаңалықтар ашып, Отан игілігі үшін жан аямай еңбек етіп жүрген озат адамдар. Сондықтан да, мақта даласындағы жүз процентші Таңсықтың кетпені Еділ қызы Нафиса орағының қасында жалтылдап тұрғандай әсер аласыз. Кубань станицаларында Тутаринов тартқан электр тогі, Аргрәс арқылы

«Аманкелді» колхозының фермалары мен ұсталық дүкендеріне жарық беріп тұрғандай болады. Бұл романдардағы жеңістер жайы әрқилы, яғни, біреулердің «бүгін» қолы жеткен, кемеліне келіп, халықты кенелткен жаңалықтары, енді бір романдарда «ертен» қол жететін алдағы іс болып отырады. Алайда, осы табыстар бәріне де ортақ, өйткені, Отан дәулетіне бәріміз де ортақпыз, еншілеспіз деп біледі олар.

Бұл романдардың кейіпкерлері өзінің жерін, оның көркем табиғатын сүйе отырып, бүкіл Отанын, барша совет халықтарын шексіз сүйеді, адамзаттың асқан кемеңгері Ленинді ардақтайды, өз халықтарының ұлы адамдары — Горький, Маяковский, Науан, Абай, Ғабдолла Тоқай, Вильямс, Мичуриндерді мақтаныш етіп, қадір тұтады. Бойға біткен ізгі сипаттар, зор арман, жеңіске жетуге ұмтылған өршіл адамдарға тән қажымас жігер-қайрат және болашаққа зор сеніммен қарайтын игі мінез олардың алуан түрде суреттелген жарқын, тамаша образдарының басты қасиеттері.

Мұндай қасиетті оларға біздің заманымыз берді, бұл — совет адамының бойына біткен ізгі қасиет. Ленин партиясының данышпандық басшылығы арқасында жүргізілген барлық істерінде болып өткен, қазіргі күндерде болып жатқан таңғажайып ұлы істерінде, өздерінің ой-армандарында совет адамдары осы артықша қасиетін бар тұлғасымен көрсетуде. Идеялық көркемдігі жөнінен аса құнды, тәлім-тәрбие жөнінен оқушыларымызға үлгі боларлық осындай шығармалар жазуға біздің жазушыларымызды шабыттандырып, дем берген марксизм-ленинизм ілімі. Сонымен қатар, сәтті шығарма жазып, жұртшылығымыздың ойлаған жерінен шыққан жазушыларымыз совет адамына да қарыздар, өйткені, олар мұндай адамды ойдан шығарып, қиял дүниесінен алып суреттей салған жоқ, олар совет адамының образын біртұтас коммунистік биік моральдің пен ортасынан даяр күйінде алып, оның жаңа дүниесін, артықша асыл қасиеттерін көркем сөзбен суреттеп берді.

Жазушылар өз шығармасын құп көріп қабыл алып, олқы жері болса, ойша толықтырған совет оқушыларына да қарыздар. Өйткені, оқушылар сол кітаптардағы адамдарды суреттеуде жетіңкіремей жатқан, олқы соғып тұрған жерлерін лезде тауып алып, жазушыларымызға ылғи пайдалы кеңес беріп отырады.

«Алмақтың да салмағы бар» деп халық бекер айтпаған. Жұртшылық құп көріп қабылдаса, аса зор баға беріп жазушыны қадірлесе, жазушының оған қайтарар есесі де сай болмақ керек. Әсіресе, бұл талап жазушыға социалистік реализм әдісін ойдағыдай меңгеру, ұлттық түрді социалистік мазмұнмен тығыз ұштастыру тұрғысынан қойылады.

Социалистік шындығымыздың сопы, тың, құнды материалдарымен әрбір ұлт әдебиетін байытуға тиісті болған көркемдік сапа жөнінен алып қарағанда аталған романдар не күйде?

Адамдарды, олардың еңбегі мен жетістіктерін суреттеу жөнінде ұлт жазушысының шығармасы толық бағалы болып шықты ма?

Совет адамы және оның қаһармандық керемет істері биік дәрежелі көркем шығармаларда орындалатын басқа міндеттердің бәрінен де жоғары тұрады. Ұлттық түр дегеніміз — бұлжымай, өзгермей, бір орында тұрып қалатын бірнәрсе емес екенін естен шығаруға болмайды. Ұлттық түр дегеніміз — өткен заманалар бойына тарихи жағдайда қалыптасып, халықтың жаңа дәуірде мәдени-тарихи дамуымен байланысты үнемі соны қасиеттер, жетістіктер тауып, өркендеп, байып отырады. Біздің социалистік творчествомыздағы ұлттық түр — өз шеңберінен шыға алмай, өзімен-өзі ғана болатын нәрсе емес, халықтың қажетін өтейтін, керегіне жарайтын күшті құрал. Оған уақытша, өткінші категориялар арқылы шек қойылуына қарап, дамымайтын, өзгермейтін нәрсе деп қарау дұрыс болмайды.

Сондықтан, ұлттық түр аралуан искусствоның ерекшеліктеріне қарай, мәдени өмірімізге әрдайым қатынасып отырады. Бір халықтың дәстүріне жатпайтын, ал жаңадан дамып өркендеген халықтардың гүлденіп өскен тың, жаңа қасиеті ретінде пайдаланылған нәрсенің өзі кейде, тіпті көп жағдайларда ұлттық түрге айналады.

Роман жанры, жалпы алғанда көркем проза дегеніміз революцияға шейін өзбек, қазақ, қырғыз халықтарында атымен болған емес. Татар әдебиетінің тарихында ғана аз да болса жеміс берген шамалы мезгілде (небары он бес жыл) проза жанры өркендей бастап еді. Октябрь революциясынан кейін осы халықтардың социалистік мәдениетінің кең арнасында роман жанры пайда болды. Проза жанры — бұл күнде классикалық шығармалар-

дың және орыс совет жазушылары аудармаларымен қатар өзбек, қазақ т. б. халықтар әдебиетінің пағыз сүйікті, қадірлі саласы болып отыр.

Алайда, бұл жаңа түрдің өзі, әрбір шығармада көп ұлттық қасиеттерді, тіпті, шешуші қасиеттерді өз бойына мол сіңіруде. Роман әр халықтың өз тілінде жазылады, демек, сөз — суреттеу құралы ретінде өз халқының әдебиет тілінің қазнасын барынша пайдаланады; фольклорда, поэзияда қалыптасқан көркем сөз мәдениетінің жақсы үлгілерін — әр халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің үлгілі нұсқаларын іске жаратады. Сонымен қатар, ұлт жазушыларының қай романы болса да орыс және дүниежүзі классиктерінің, алдыңғы қатарлы орыс совет жазушыларының жақсы дәстүрлерінен алған үлгінің жемісі деп білуіміз керек.

Дәлірек талдап, аударара қарап, ақтара тексерсеңіз, ұлттық түр проблемасы — әрбір ұлт әдебиетінде, оның бер жағында төрт аяғынан тең басқан әрбір жақсы шығармада жан-жақты және әралуан тарауларға бөлінетін ұшан-теңіз зор мәселе. Біз, осы шағын мақаламыздағы шолуымызда талданатын романдардың материалдарына сүйеніп, әлгі айтылған проблеманы ішінара қарастырып өтпекпіз. Сөйтіп, осы романдардың жетістіктерін айтумен бірге ұлттық түрді шеберлікпен орынды қолданбағандықтан, — оның өзі, ұлт жазушыларының социалистік реализмді меңгеру жолындағы игі талабына тұсау, кедергі болып кетуінен туатын елеулі кемшіліктерге де тоқталмақпыз. Біздің жазушыларымыз, совет адамдарың қалай көрсетуі керек деген тұрғыдан қойылатын талаптардың орындалуын анықтау үшін, романның кейіпкерлерін және олардың коллективтік ортасын, сол сияқты, осы адамдардың жігер-қайраты мен талап-мақсаттарын суреттеудегі жазушының қолданған әдіс-тәсілі мен құралын әдейі талдамақпыз.

Әр жазушы аса мән беріп, дұрыс көтерген бір тақырыпқа — әлем әдебиетінің ішінде біздің совет әдебиетінде ғана қолға алынып, ойдағыдай дәрежеге көтерілген халықтар достығы тақырыбына осы шолуымызда аз да болса көңіл бөлуді орынды деп білеміз.

Халықтар достығы тақырыбы қалай суреттелгенін көру үшін жеке романдарды қарастырып өтейік. Халықтар достығы идеясы бұл шығармаларда орыс адамының образы арқылы беріледі («Біздің заманның адамдары»,

«Алтын атыраптан ескен желдер», «Намыс» романдарында).

Бұл жөнде ұлы орыс мәдениетін, ұлы орыс халқын, оның өткен замандағы, осы күнгі атақты адамдарын сыйлап, қадірлеу сүйсінерлік жағдай. Осы идеялық-творчестволық тұрғыдан қарап, жазушылардың барлығы да орыс адамын жағымды кейіпте суреттейді.

Орыс адамдарының образын жасауда екі түрлі жол, екі жүйелі тәсіл-әдіс бар екені байқалады. Біріншісі — көпшілікке кең таралғанымен, талас туғызатын даулы әдіс. Бұл әдіс бойынша суреттелген орыс адамы — өзінің ұлттық сипаттарынан жұрдай болып, басқа ұлттың адамына айналады. Орыс адамының бұлай суреттелуін — осы тілін, әдет-ғұрпын мүлтіксіз білуі сияқты себептермен халықтың арасында көп жылдан бері қарай өмір сүруі дәлелдейді. Осындай ерекшеліктің салдарынан орыс адамы — өзінің жүріс-тұрысында, мінез-құлқында, ой-санасында және сөйлеген сөзінде өзінің ежелгі ұлттық сипаттарынан мүлде айырылып қалады.

Сыдықбековтың «Біздің заманның адамдары» романындағы Дмитрий ұста, оның әйелі Надежда Сергеевна, балалары Сергей мен Мария — айна-қатесіз қырғыз болып шыққан. Мұны өрескел кемшілік деуге болмайды, бірақ, осы сияқты жеңіл-желпі тәсілмен суреттеп, жазушы орыс адамын көрсетудің қиын әдісінен, біздің ойымызша, игі міндеттен — орыс адамын орыс қалпында, ішкі дүниесіндегі, мінез-құлқындағы өзіне тән мол қасиеттерімен орыс халқының бойына біткен ерекше асыл сипаттарымен суреттеп беру міндетінен қашқақтап, бой тартқан. Анығырақ айтқанда, жазушы орыс адамын өз халқының адамдарымен аралас суреттеп, өзінің жаңа кейіпкерлерін шартты түрде оңай бейнелейді, сөйтін, романдағы қырғыздың санын көбейтумен тынады. Халықтарымыздың арасындағы орыс адамы — жоғары дәрежелі озық, мәдениет пен үлгі-өнеге боларлық алдыңғы қатарлы дәстүрлерді халыққа тарататын бейне екенін естен шығаруға болмайды.

Орыс адамын «өңін айналдырып» суреттеу Сыдықбековтен басқа жазушыларда да жоқ емес. Өзінің «Сырдария» романының алғашқы нұсқасында Сәбит Мұқанов Анатолийді дәл солай суреттейді. Бұл романда Анатолий ұлт айырмашылығынан жым-жылас айырылып, бүтіндей өзгеріп кетеді, өзбек қызына үйленіп, қызы Гүлнар-

ды қазақ салтымен өсіреді. Бұл образдың бір жағымды жері — Анатолий қазаққа айналып кеткенімен орыс халқының ұлы мәдениетін таратушы, уағыздаушы адам қалпында қалады, егістік жерді суландырушы маман ретінде шөл далада суды молайтуға бастаушы болады.

«Шығанақ Берснев» романының (қазақ тіліндегі нұсқасы) кейіпкері Иванды Мұстафин де дәл осылай суреттеген. Роман орысша аударылғанда Мұстафин бұл кейіпкеріне қазақша ат қойып, оп-оңай қазаққа айналдырды.

Басқа ұлтпен бірге өсіп, біте қайнаған орыс адамын суреттеуде Айбек өзінің «Алтын атыраптан ескен желдер» романында дұрыс әдіс тапқан. «Намыс» романында Баширов та біраз дұрыс суреттеген.

Орыс агротехнигі Акаскинді, суландырушы-инженер Астаховты, оның әйелі Галяны, олардың жүз процентші-мақташы өзбек қыздарымен қарым-қатнасын шынайы суреттеумен Айбек ысылған, мәдениетті шебер жазушы екенін танытты. Акаскин де өзбек арасында он төрт жыл тұрып, өзбек тіліне әбден жетілген адам. Алайда, жүз процентші өзбек қыздарына тәжірибелі, ақылгөй аға, жанашыр дос болып жүріп-ақ мінез-құлқында болсын, адамдармен сөйлескенде болсын, ол өзінің орыстық қасиетін сақтайды. Саксоната сықылды өзбек шалдары, бүкіл өзбек жастары Акаскинді де, Астаховты да осындай тамаша қасиеттері үшін аса ардақтап, қатты сыйлайды.

Творчестволық жолда ізденбей, даяр тұрған шалажансар кейіпкерді қалқита қоятын ұлт жазушыларына Айбектің творчестволық жетістігі өнеге болуға тиісті.

Басқа совет халықтарының адамдарын көрсетуде орыс романдары мен пьесаларында да істің жайы онша емес екенін атап айтуға тиістіміз. Халық арасына көп таралған, совет оқушылары жақсы қарсы алып жүрген типтер бар екені де рас. Әңгіме, өзіне лайықты, өзгеше сөз ырғағы, орыс сөзін өзінше мәнерлеп сөйлейтін ерекшелігі бар, оңтүстік халықтарына тән қызу қанды мінезі бар, кавказдық дербес типтер жайында болып отыр. Бірақ, амал қанша, Ажаевтың «Москвадан алыста» атты талантты романының өзінде де инженер Беридзе (аты-жөніне қарағанда грузин болуға тиіс) жағымды мінезді совет маманы болғанымен, оның ой-пікірінде, сезім дүңгесінде, тіпті, әркезде сөйлеген еске алу сөздерінде өз ұл-

тының бір сырлы, сегіз қырлы рухани байлығы мен асыл мінезінің ұшығы да жоқ. Ал, қазақ образын беру жөніндегі мысалға Корнейчуктің «Майдан» пьесасы мен Қазақевичтің «Жапаңдағы екі жігіт» повесін алсақ та жеткілікті. Пьесадағы Шаяхметов пен повестегі Жорабай ақыл-парасатқа жарлы, жеңілқолды адамдар. Жоғарыда аталған кейіпкерлердің екеуі де, өздерінің атқаратын қызметі бойынша, әлгі айтылған екі шығарманың алдына қойылған міндетіне сай, сөз жоқ, жағымды типтер болуға лайықталған. Бірақ, әсіресе, Қазақевич повесіндегі қазақ құр сұлдер, қуыс қурай, немесе темірден жалған қуыршақ адам болып шыққан.

Шығармаларындағы басқа халықтар кейіпкерлерін өз қалпында, яғни, ұлттық қасиетін сақтай отырып, өңін айналдырмай, қолдан орысқа айналдырып жібермей, дұрыс көрсетуге тырысушылық бар екені де рас. Мұны игі талап деп білуіміз керек.

Осы шолу мақаламызда айта кетуге тиісті негізгі бір мәселе — совет халықтарының өкілдерін — басты кейіпкерлерді және олардың төңірегіндегі адамдарды көрсету жайы еді.

Сөз болып отырған романдардағы бір ерекше қасиет — оларда совет адамдары социалистік деревняның таңдаулы өкілдері ретінде, коммунизмнің биік саналы құрылысшысы ретінде суреттеледі. Олардың өзгеріп, жаңарған психологиясы, мінез-құлықтары, партия ісі үшін күресу жолындағы отаншылдық керемет істері, көздеген игі мақсаттары, бұл романдарда жақсы көрсетілгенін атап айтуға тиіспіз. Бұл романдарды Ұлы Отан соғысы кезіндегі оқиғалар бірсыпыра мол суреттелген, социалистік дәуірде советтік шығыс әйелдерінің атқаратын қызметі мен алатын орны төрден орын алған.

Бұл романдарда отаншыл әйелдер ерлермен тең праволы болып, бірдей қызмет атқарады. Олар еңбекте де ерлермен тең жүреді. Еңбек — әйелдерінің игі мінездерін, ішкі дүниесінің керемет жақсы қасиеттерін ашады. Татар қызы Нафиса, өзбек қызы Камила, қырғыз қызы Ақия, қазақ қызы Жанат, тағы басқалар осындай әйелдер. Бұл романдарда олар өздерінің жеке басы мәселелеріне байланысты іштей толғану, сүйген жарға және еңбек пен қоғамдық ерлік істердегі жолдас-жораларына деген кіршіксіз таза махаббаттары арқылы көрінеді. Әйелдерді жаңаша суреттеп көрсету — ұлт әдебиетінің

дәстүрін социалистік мазмұнмен, совет әдебиетінің биік идеясымен, көркемдік мәдениетімен байыту, молықтыру болып табылады.

«Алтын атыраптан ескен желдер», «Намыс» романдарындағы кейіпкер әйелдер білімдерін молайтуға талаптанады. Олар колхоз жерінде істей жүріп, бір жағынан ұдайы кітап оқып, өздерінің білімдерін көтереді, мәдениеттіліктерін арттырады.

Сөз болып отырған романдардың бәрінде де мосқал әйелдер — аналар образы шынайы түрде жақсы көрсетілген. Өзбек, татар романдарында да, қырғыз, қазақ романдарында да мейірбауды ананың асыл мінезі, жасы кішілерге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы жақсы көрсетіледі. Сонымен қатар, олардың санасындағы ескі ұғымдар жайы да әр романда түрліше суреттеледі.

Басты кейіпкерлерді іс үстінде көрсету жөнінде Мұстафиннің «Миллионер» романында, Айбектің «Алтын атыраптан ескен желдер» романында қолданылған тәсілдер, біздің ойымызша талас туғызады. Осы романдардың басынан-ақ талапкер, жаңашыл адамдар болып көрініп, колхозға келген Жомарт та, Уктам да шығарманың өнбойында еңбекке қолма-қол араласпайды. Олардың істері мен жігер-қайраттары өздері басшылық еткен ұшан теңіз көп істердің арасында бытырап кетіп, көріңбей қалады. Олар талай істерді қолға алады, бірақ, айта қаларлықтай берекелі ештеңе істей алмайды.

Мұстафин романында бай колхоздың жаңа бастығы Жомарт небары он ай уақыттың ішінде түрлі кереметтер жасайды. Автордың көрсетуі бойынша агроном Жомарт, колхозды өркендетіп, мәдениетін өсіру жөнінде жоспар жасап, оны аудандық партия комитеті мен колхозшылар мақұлдайды. Осындай жағдайларға сүйеніп, автор, бұдай былайғы жердегі істердің бәрін тез, оңай шешеді. Тұрмыста кездесетін табиғи қиыншылықтар, кедергі-кеселдер, оларды жеңу жолындағы Жомарттың жұмсаған жігер-қайраты мен білгірлігін романдан көре алмаймыз. Басталған игі талап бар да, оның орындалуы тым оңай көрсетіледі. От дарияларынан, ит тұмсығы өтпейтін ғажайып қалың ормандардан оңай өте шығатын, самұрық құстың қанатына мініп, бүкіл жер жүзін аралайтын ескі фольклор дәстүрінің әсері бұл. Мұның өзі — қарқынды еңбектің күші мен поэзиясын жалықпай, нақтылы процесс есебінде терең суреттеу

қажеттігі осы әдебиеттің салтына әлі кірмегенін дәлелдейді.

Еңбек процесін көрсету жөнінде, колхоз деревнясы жайында жазылған жақсы романдардың бірі — «Алтын жұлдызды жігіт» романында және оның жалғасы — «Жер бетіндегі жарық» романында жақсы үлгі көрсетілген. Бабаевский романынан біз қажымай-талмай, белгілі мақсатпен үдетілген еңбекті көреміз. Осы қарқынды еңбек романының бір кітабынан екінші кітабына ұштасып, басты кейіпкерлердің қажырлы күресіне айналады. Романының басты кейіпкері Сергей Тутаринов колхозшыларды, аудан басшылары, бүкіл аудан халқын таяныш етіп, өз төңірегіне еңбек қауымын топтастырады да, оны бірте-бірте ұлғайта береді. Басты кейіпкер Тутаринов еңбек қауымымен қоян-қолтық араласып, бірте-бірте өсіп, үнемі ілгері басумен болады.

Романдағы басты кейіпкерлердің бірі — аудандық партия комитетінің секретары Кондратьев бір игі іс жайын ойлағанда да, біреудің кемшілігіне сын айтқанда да, барлық істерде де, жаза баспайтып, асқан ақыл несі, таңдаулы партия қызметкері. Кондратьев, көбінесе, бүгінгі күннің фактілері мен міндеттерінен озып, болашаққа көз жібереді. Колхоздың мал шаруашылығын қайта ұйымдастырып, жақсарту жөнінде маңызды, соны пікірлер айтқызады автор оған. Жазушы өзінің романы арқылы партия мен халыққа көмектеседі, өз шығармасын қоғамдық көрініс дәрежесінде ғана қалдырмай, сол арқылы өз халқының тұрмысын қайта құру ісіне белсене қатнасады. Мысалы, Кондратьев таудағы малшыларға барып қайтқаннан кейін, өзіне ешкім арыз-өтініш айтпаса да, малшылардың тұрмысы жөнінде терең ойға кетеді.

Бір жағдай оған ұнамады — малшылар станциядан қашықта жатыр. Оларға газет сирек келеді, кино да, радио да жоқ, еліміздің өміріндегі аса маңызды жаңалық хабарлардың өзі малшыларға екі апта, тіпті, үш апта кешігіп жетеді. — «Газетгі күн сайын жеткізіп тұру керек, — деп ойлады ол, ат үстінде шайқалып, бар денесі ауырып келе жатып. — Ертең почтамен сөйлесемін... Ең болмағанда, салт атпен адам бөлерміз. Радиоторап орнатсақ... Оларға лектор жіберу керек. Кімді жіберсек екен? Кунницын мен Сагайдачнийдың қайсысын жібереміз? Пысық, жас жігіт қой, Кунницынды-ақ, жіберейікші, оларға керекті сондай жігіт». Бұдан кейін Кондратьев

малшыларға жылжымалы киноаппарат жіберуді, көшпелі кітапхана ұйымдастыру жайын ойлады. Кілең мал шаруашылығымен шұғылданатын аудан жайын суреттейтін жазушы болмаса да, Бабаевский совет прозасында бірінші болып, бүкіл елімізде мал шаруашылығымен шұғылданатын, оған қолма-қол басшылық ететін адамдардың алдына үлкен проблемалы мәселе қойды. Ал, «Миллионер», «Біздің заманның адамдары» романдарының авторлары — жуықта ғана кілең мал шаруашылығымен кәсіп еткен, бұл күнде де халқының басым көпшілігі мал шаруашылығымен шұғылданып отырған қазақ, қырғыз колхозшыларының өмірін көрсетіп отырып, өз кітаптарында осы маңызды мәселені ескермейді. Сыдықбековтың совхоздағы кейіпкері семіз жылқыларды көріп, сүйінумен болады да, адамдарға, олардың тұрмыс күйіне назар аудармайды. Мұстафиннің Жомарты құмда бағылып жатқан он мыңнан астам колхоз малы бар екенін есіне түсіріп, малшылардың тұрмыс-күйін жақсарту керек деп, сөз арасында айтады да, іс жүзінде ештеңе істемейді.

Бұдан біз, өзі суреттеп отырған өмір мен ортаны сипаттаудағы жауапкершілігін әр жазушы әрқилы ұғыпатынын көреміз. Ұлт жазушысы профессионалдық шеберлікке жетілумен бірге, өмірге белсене араласып, оны тезірек қайта құру жолында күресуге тиісті.

Кейіпкер бүкіл халықтық еңбек майданына араласу үшін, еңбектің әр саласын бес саусағындай жақсы білуге тиіс. Демек роман кейіпкерлері де оқып, өз білімдерін молайтуы керек. Сондықтан да жасалған жаңа жоспарлар бойынша іске асырылатын жаңалықтарға күнбұрыш жетілдіру үшін, кадрларды даярлау мәселесін авторлар мықтап ойланғаны жөн. Бұл мәселеге өз романдарында Бабаевский мықтап көңіл бөлгенін және бұл мәселе оның романдарының ұзына бойына жүріп отыратынын көреміз. Ал, Мұстафин мен Сыдықбеков өз кейіпкерлеріне жаңалық тапқызуды ойлағанымен, сол жаңалықты табуға оларды күнбұрын даярлауды, яғни, кейіпкерлердің білімін, мәдениетін көтеруді ескермейді.

Осы тұрғыдан қарағанда, Айбек, Баширов романдарында істің жайы басқаша екенін көреміз. Бұл романдардың кейіпкерлері агробиология, агротехника және басқа мамандықтар жөніндегі кітаптарды ұдайы оқып, білімдерін толықтырады.

Бұдан ұлттық түр мәдениетін байытуға тиісті болған авторлар да өз білімін көтеру керек деген заңды талап келіп шығады, өйткені, орыс әдебиетінің жақсы үлгілерін үйрену — ұлт әдебиеттерінің бұдан былай да өркендей беруінің негізгі бір шарты болып табылады.

Бабаевский романдарындағы басты кейіпкерлердің әлгі біз атап өткен табанды, үздіксіз күресін Баширов романының кейіпкері Нафиса жөнінде де айту керек болады. Нафиса образы қаһармандық еңбек арқылы барлық жағынан толық берілген.

Мұстафин мен Айбектің кейіпкерлері Жомарт пен Уктам оған керісінше көрсетілген. Олар творчестволық нақтылы еңбек арқылы бірте-бірте өсіп жетілмей, романның бастапқы кезіндегі қалпында қалып қойған. Олар, көбінесе, үй ішінде, яғни, өздерінің қарабасына байланысты сүйіспеншілікте ғана басым көрсетілген. Сонымен қатар, Уктам колхоз өмірінен, колхозшылар тұрмысынан ауыл шаруашылығы коллективті еңбегінің сан алуан мәселелерінен және аздап болса да қала өмірінен толып жатқан мәселелермен шұғылданады. Бірақ, осы мәселелерден оның жеріне жеткізе тындырғаны өте аз болып шығады. Мысалға оның Ташкентке бару сапарын алайық. Ташкентке бара жатып, Уктам университетті, Ташкенттегі жаңа салынған Навои көшесін еске түсіреді, одан әрі комсомол көлі орнатылған Беш-Ағашты еске алады. Бұл қала күн сымбатты Өзбекстанның социалистік мәдениетінің ордасы ғой. Сондықтан да оның Уктамға берері көп еді. Романның басқа кейіпкерлерімен араласып, қарым-қатнас жасағанда Уктам Горькийді, Маяковскийді, Толстойды жиі-жиі айтып, еске түсіреді, әртүрлі адамдар орыс романдарын, оның ішінде «Жас гвардия» романын оқиды. Бірақ бұл жәйттердің бәрі де әншейін сөз, еске түсіру арқылы ғана беріледі. Мұндай фактілерді авторға өмірдің өзі айтып отыр ғой. Өмір фактілерін романда көрсету теріс емес. Алайда, өзі көрген-білген, ойлаған, сезген фактілерді кейіпкер немесе автор қалай іске асырды? Бұл сауалдың жауабын романнан таба алмаймыз. Демек, ол фактілер тек атүсті ойланып айтылған күйінде қала берген. Аудандық партия комитетінің секретары Сайрамов образының тым сайыз болып шығуы да осы кемшіліктің салдары. Автор, Сайрамовты іс үстіңде, нақтылы өмір шындығы арқылы көрсетпей сөз арасында, адамдармен әр кезде кездескен-

де азды-көпті сөйлестірумен ғана жұқалап суреттеп өте шығады. Бұл арада Белинскийдің бір сөзі еске түседі: «Қайнар бұлақтың астында жатқан тарихи факті тас пен кірпіш сияқты». Бұл материалдан суретші ғана әдемі үй жасай алады. Амал қанша, Мұстафин мен Айбек өз кейіпкерлері Жомарт пен Уктамның еңбектегі қызметтерін суреттегенде, романдағы шикі материалдарды өңдеп, әдемі үй жасамай, көбінесе, шикі күйінде берген.

Бұл жағдай Баширов романында біраз жақсы көрсетілген. «Намыс» романындағы аудандық партия комитетінің секретары Мансуров — аса білімді партия қызметкері. Мансуровтың дәрігер әйелі майдапта болады, қызы сурет өнері академиясында оқып жүреді. Мансуров үйінің қабырғасында Еділдің табиғаты бейнеленген әдемі сурет ілулі тұрады. Романның кейіпкерлері ғылым мен искусствоның міндеттері жайында қатты ойланады. Әдебиет пен искусствоның атқаратын қызметі жайында, Нафисаның еңбегін бұдан да жемісті ету мәселесі жайында олар келелі пікірлер айтады. Нафисаның өмір жолындағы күресі романда шынайы күйде қиындатылып суреттелген. Нафиса төңірегінде, оның мінез-құлқында және қызметінде не түрлі қиын тартыстар болып жатады. Нафисаның ерінің өлімі, әуел баста сүйген жігіті Зиннатқа деген махаббаты, оның бер жағында, Хайдарды сүйсе де, қоғамдағы өз жауапкершілігін ұғынып, Хайдардан бой тартуы — романның реалистік әдіспен суреттелген, шынайы қалыпта берілген өзекті желісі болып табылады. Қайтыс болған ерінің үйіндегі қиыншылықтарға байланысты, жекеменшіктілік психологиясынан әлі арылмаған, өзіміш қатал әкенің Нафисадан безуіне байланысты — Нафисаның тіршілік жағдайы романда өте шпеленістіріліп беріледі.

Сонымен қатар, Нафиса басқарған еңбек қосының күресі де тарихи шындық. Бұ да Сталинград қаласын жаудан қорғау күресі. Қолхозшылардың еңбек майданындағы күресі сол қаланы жаудан қорғау жолындағы қаһармандық айқас кезінде — сол жазда, сол күзде, сол Еділ өзенінің жағасында жүргізіледі. Роман композициясын тартқан сымдай тұтас құру жөнінде Баширов жақсы үлгі көрсетті. Башировтың кейіпкерлері алуан түрлі күреске бірден назар аударып, өздерінің жігер-қайратын жай-жаққа бытыратып жібермейді. Бұл романда жеке адамның өз істері мен қоғамдық істер бірімен-бірі мық-

тап ұштасып, роман бөлімдерінің ұзына бойына аралас жүріп отырады. Сондықтан да, романдағы тартыстар шынайы түрде суреттелген.

Сөз болып отырған романдарда, негізгі тақырыптармен қатар қосалқы тақырып, яғни, талас-тартыссыз интрига тақырыбы бар. Алайда, осы талас-тартыссыз интрига деп шартты түрде атаған тақырыбымыз жоғарыда аталған романдардың бәріне де өзекті, негізгі мәселелердің бірі ретінде келіп отырады. Әңгіме, басты кейіпкерлер — Сергей мен Ирина арасындағы, Уктам мен Қамила арасындағы, Нафиса мен Хайдар арасындағы, Шарғын мен Бәтінш арасындағы сүйіспеншілік жайында болып отыр. Бұларға Мұстафин романындағы Жомарт, Жанат, Алмалардың сүйіспеншілік мәселелері келіп ұштасады.

Романдардың авторлары сүйіспеншілік мәселесін кітаптарының басынан аяғына шейін созады. Тегінде, сүйіспеншілік романдардағы ең қызықты, лирикалы оқиға болып кеткенге ұқсайды. Айта кетуіміз керек, Бабаевский мен Айбек, біздің ойымызша, сүйіспеншілік мәселесін біраз жасанды қалыпта суреттейді. Бабаевский романының олқы жері де осы сүйіспеншілік мәселесінде деп білеміз. Сергей мен Ирина арасындағы қарым-қатнасты автор қай-қайдағы бір ұғыныспаушылықтың айналасынан, жақсылап сөйлескен сәтте-ақ жойылып кетуге тиісті шатақтардың айналасынан шығарады. Ұғыныспаушылықтан пайда болған жеңіл-желпі шатақтарды автор жасанды қалыпта ұзаққа созады. Бұл тартыссыз интриганы автор кейіпкерлердің тартысы арқылы, оларды қиындыққа ұшырататын шым-шытырық жағдайлар арқылы шешпейді.

Ал, Айбектің кейіпкерлері Уктам мен Қамила романының басынан аяғына шейін әй-шай деспей, үнемі бір ниет, бір тілекте болады да отырады. Олардың арасында қырғиқабақ реніш деген атымен болмайды. Өздерін қоршаған өмірде де оларға ешбір қиыншылық кездеспейді. Алайда, осындай сүйіспеншілік интригасын автор ұзаққа созып, романды көп орып берген. Мейлінше ұзартылып, көбінесе, романның қоғамдық-идеялық негізін бүркеп кеткен осы «жеке бас» мәселесі автордың негізгі нысанасына, психология арқылы өмірде кездесетін шындық сыпаттармен дәлелденбеген негізсіз нысанаға айналған. Ендігі бір айта кететін негізгі мәселе — осы

сүйіспеншілік жолында роман кейіпкерлері рухани жағынан өспейді, өздерінің моральдық сапасын молайтпайды. Сөйтін, автор өз кейіпкерлерінің жеке басына байланысты мәселелерді, от басындағы елеусіз, ұсақ мәселелерді суреттеумен көбірек шұғылданады да, олардың Ташкентке барып қайту сапарындағы аса маңызды мәселелерді ескермейді. Олар Ташкентке барып қайтқанда өздерінің ойға алған игі мақсаттарына сен болғандай жаңа ойлар таппай, құралақан қайтады. Ұшан-теңіз мәдениеттің ордасы болған тамаша астанасы. Уктам мен Камиланың қоғамдық ой-саналарының молаюына тиімдей де әсер етпейді.

Өзбектің классикалық поэзиясында әйелдер талас-тартыстың себепшісі болып суреттелетін. Айбек бұл дәстүрден біржола безіп, рухани жөнінен азат болған совет әйелі Камиланың образын шынайы суреттейді. Алайда, автор Камиланы жалпыға ортақ типтік жағдайда көрсетпей, шектен тыс романтикалық дәрежеге көтеріп жіберген.

Баширов, романында өткен замандағы татар әдебиетінің әсерінен туған екі түрлі кемшілік бар деп білеміз: оның бірі Нафиса мен Хайдар арасындағы сүйіспеншілік мәселесін суреттеуде кездеседі. Олардың арасындағы сүйіспеншілік те жөнсіз ұзаққа созылып кеткен. Романда Нафиса өр қайрат несі, іскер әйел болып көрінеді. Нафиса ысылған, қазіргі заманда өсіп, жетілген, халықтан шыққан алдыңғы қатарлы совет әйелі. Сондықтан да, өзінің жеке басына қатысы бар күйініш, қуаныш кезінде Нафисаның өте нәзік мінез көрсетуі тым оғаш көрініп тұрады.

Осы жерде айта кететін бір жағдай — Баширов романына революциядан бұрынғы кездегі татар әдебиетінің екі түрлі сипаты әсер еткен. Бірінші — мелодрама-тизмге бойұрушылық (аудандық партия комитетінің секретары Мансуровтың туысқандарының өлімін суреттеген жерінде осы әсер бар. Дұрысында, мұның өзі реалистік әдіспен басқаша суреттелуге тиісті қаһармандық шағын тақырып еді), екінші әсер — кейіпкерлердің жүрек сырларын суреттегенде әсем романтизмге бойұрушылық. Мұның өзі — өткен замандағы буржуазиялық-романтикалық әдебиеттің дәстүрі болатын. Ендеше, бұл советтік татар елінің моральдық биік дәрежеге көтерілген жас адамының ішкі дүниесін ашуға ешқан-

дай қажетсіз әдіс және ұлттық әдебиеттің ортақ қасиеті бола алмайтын, жаңа заман адамдарын суреттеуге қолайсыз ұшқары әдіс.

Енді, осы романдардағы екінші қатардағы кейіпкерлер қаншалықты дараланып көрсетілді, жан-жақты болып толық шықты ма? Осы мәселеге қысқаша тоқталайық. Мұндай кейіпкерлер Сыдықбеков романында толық айқындалмағанын атап айтуға тура келеді. Басты екі-үш кейіпкері мен жағымсыз кейіпкерлерінен басқалары бір-бірінен жөнді ерекшеленбегендіктен, олар тобымен бірөңкей суреттелген. Басқа колхозшылар шалдар мен жастар болып екі топқа бөлінеді. Осы топтардың ішінде де ерекшелік тым аз.

Айбек пен Мұстафин романдарында екінші қатардағы кейіпкерлерді даралау жағы әлдеқайда жоғары. Адамдардың сипатын беру жағы Баширов романында одан да терең, айқынырақ болып шыққан. Авторлар екінші қатардағы кейіпкерлерді көрсетуде фольклор мен классикалық жазба поэзияның жағымсыз дәстүрінен безіп, жаңаша көрсеткен. Мұны игілікті табыс деп білуіміз керек. Фольклор мен классикалық жазба поэзияның дәстүрінде екінші қатардағы кейіпкерлер жосықсыз адамдардың тізбегі, біртектес адамдардың сыртқы дәнекері ғана деп саналып, оларға өте аз көңіл бөлінетін.

Классикалық орыс әдебиетінің таңдаулы реалистік дәстүрлері жоғарыда аталған романдардың бәріне де әсер еткен. Мұны айта қалғандай жетістік деуге болады. Бұл романдардың авторлары француз романдарындағыдай қызғылықты сюжеттің жетегіне еріп кетпей, адамдарының психологиялық және ішкендік сипаттарын яғни, адамдардың ортақ (типтік) сипаттарын, олардың өмірдегі нақтылы істерімен байланыстырып көрсетеді.

Аталған романдар авторларының қай-қайсысы болса да орыс классиктері мен орыс совет жазушыларынан үлгі-өнеге алып, үйренгендіктерін көрсетті. Мұны біз, табиғат көріністерін шынайы суреттеуден, сюжет құрылысынан және біздің биік мәртебелі жарқын өмірімізді басты кейіпкерлер арқылы, олардың өмір сүріп отырған ортасы арқылы, өмірдегі жағымсыз көріністерге өткен заманның сарқыншақтарына қарсы қою жағдайларынан күтеміз.

Жағымсыз адамдар Айбек романында Ашқармат, оның баласы Бақижан сияқты еңбекті сүймейтін, жатып-

Ішерлер образы арқылы көрсетілген. «Намыс» романындағы Әлипа. «Біздің заманның адамдары» романындағы Қақылдақ, Шегіртке образы да нанымды түрде жақсы шыққан.

Өткен заманның көркем прозасындағы дәстүрлер мен әдістерге бойұрып кеткендіктен туған сәтсіздік те жоқ емес бұл романдарда. Бұған Мұстафиннің «Миллионер» романында тауып алған күнделік дәптерді қолдануы мысал бола алады. Жомарт, Жанат, Алмалар арасындағы қарым-қатынастың шимай-шатақтарын автор бір сөз Жанаттың күнделік дәптері арқылы шешпек болады. Бұл — әбден болған, қаусап тозығы жеткен, атамзаманғы әдіс екенін Мұстафиннің өзі де жақсы біледі. Осы әдісті Искандердің талғамай қолданғанына қыпжылып, Белинский былай деген болатын: «Романдардағы әйел кейіпкерлерді, олардың жазу дәптерлері арқылы оқушыға таныстыру әдісі — әбден тозығы жеткен, істен шығып қалған жалған әдіс — Любоньканың дәптерге жазған сөздерінде біраз жалғандық бар, оларды әйел жазды дегенге жұрттың бәрі нана қоймайды... Тегінде, автор бұл жерде өз талантының шеңберінен шығып кеткен екен». Белинскийдің осы сөздерін Мұстафин кездескен сәтсіздік жөнінде де айтуға болады.

Шолуымыздың ақырында, осы романдардың тілі, жаңа сөз мәдениеті жайында толық тоқталуымыз керек еді. Алайда, бұл мәселе осы романдардан көптеген мысалдар келтіріп, сөз образы қалай сақталғаны жөнінде кең тоқталуды керек етеді. Сонымен қатар ұлттық түрдің аса маңызды саласы болғандықтан, бұл мәселе толық талдауды және өз алдына жеке мақала жазуды тілейтін зор тақырып. Сондықтан да, біз бұл жерде осы талданып отырған романдардың тіліндегі аса қызғылықты жаңа бір жәйтті ғана атап өтпекпіз. Бұл романдардың сөз құрылысы екі жүйеге бөлінеді — қарапайым, астарсыз айқын түрде тым жатық келіп отырады. Сондықтан да, сөздері оқушыларға өте ұғымды келеді, халықтың сөз қазнасын мол пайдаланып айтылған ғибрат, нақыл сөздер де жиі кездеседі. Мұстафин мен Сыдықбеков романдарының тілі осындай. Сонымен қатар, бірсыпыра жазушыларда ұғынуға қиын соғатын шұбалаңқы ауыр сөздер жасауға талпынушылық бар. Мұның өзі — айтыс, талас туғызатын тақырып. Айбек шығармаларындағы күрделі қиын сөздер жайында өзбек бас-

пасөзінде мәселе көтерілді. Сөзді қиындатып құру жөнінде Башировтың тапқан жаңалығы ойлы жазушының көркем прозаға қосқан тың үлесі деп білеміз.

Бұл ретте де біздің жазушыларымыз орыс классиктерінен, осы күнгі совет прозашыларынан үйренуі керек. Күрделі сөйлем жүйелері, мінсіз жасалған сөз тізбектері, алдыңғы қатарлы классиктерден үйрену арқылы жаңарып, молайып отыруға тиіс. Сондықтан да, Мұстафиннің айналасы теп-тегіс жұмыр келген, мінсіз жатық сөздеріне тәнті бола отырып, біз оның шебер құралған әдемі сөздерді үздік шыққан жеке дара деп те айта алмаймыз, я болмаса, советтік ұлт прозасының әбден кемеліне келіп, жетіліп болған сөз — стиль түрі деуге де тиісті емеспіз.

Аталған маңызды мәселелерді толық қамтыдық дей алмаймыз. Романдары мен түпнұсқаларынан танысуға мүмкіндік болған авторлардың шығармаларын шолған мақаламызды осымен аяқтағымыз келеді.

1950

ӨНЕР ӨРІНДЕ

(Жазушы Габиден Мұстафиннің 50 жылдығына)

Жазушылық еңбек пен оған берілген өнердің әралуан талайы мен тағдыры бар. Кейбір творчестволық тәжірибені болжасаң, жазушы өзіне лайықты, шамасы толық құлаш сермеп шығатын тақырыбын таппай жүретіні болады. Кең өмірде көлдей пен, тамаша тақырыптар арасында көп тұртініп, өнімсіз жүріп қалады.

Ірі жазушы болып, үлкен шығарма беріп, кемеліне келгенше көп жазушылықтың алғашқы сапары көбінше осылай келеді. Сәтімен өз арнасын табу — алтын кенін қазушылар арасындағы старательдер артелінің жаңа бір алтын желісін (жиласын) тапқанымен бір теңдес. Талапты табады, табады жеңеді. Бірде көп ізденумен, кейде сәтімен аз іздену соңынан да өзіне бейім, бой тартқан тақырыбын тапқанда жазушы өнері қанағаттанады. Бойдағы барлық таланты жігері ұшқындай түсіп нұр шашады. Жазушы еңбегі бел-биіктен аса беріп,

бұрын оқушысы да, өзі де аңдамаған, іркіліп жүрген асылын ашады.

Ойлап, барлап қарасак, өзіміз білген, бүгінгі жүрген жазушылардың көпшілігінде осындай екі алуан күйлері бары сезіледі.

Сол қатарда Ғабиденді ауызға алсақ, бұл жазушының жолында үлкен бір ырысты сәттілік бар екендігі байқалады. Осы айтқанды анықтау үшін Ғабиденнің жазушылық жолындағы соңғы 13—14 жылды барлап, болжап өтейік. Ең әуелі бұл 13—14 жыл оның жазушылығының ең өнімді, ең көрнекті, жемісті жылдары. Осы жылдар ішінде Ғабиден төрт роман жазыпты. Ол төрт кітаптың алғашқысынан бастап, соңғысына дейін бәрі де өз уақытында қазақ совет әдебиетінде және соңғы үш романы бүкіл одақ әдебиеті көлемінде қатардағы шығармалар ғана емес, елеулі, бағалы үлкен еңбектер боп қалыптанды. Осындай бағаны жазушы ортасы ғана емес және бір қазақ оқушысы ғана емес, бүкіл одақ көлеміндегі одақтық оқушы айтты. Төрт романның және бәріне ортақ қымбат қасиеті — мұның бәрі де бүгінгі тақырыпқа арналған, социализмді жасаушылардың, коммунизм үшін күресушілердің үлгілі өмірін, өр өнерін, ер еңбегін баян ететін шығармалар. Сонымен Ғабиден өзінің жазушылық еңбегінің әр кезінде, бүкіл совет әдебиетінде совет халқы қойған, социалистік Отан атаған Ленин партиясы белгілеген ардақты міндеттерді орындау жолында күресіп келеді.

Оның бар тақырыбы бүгінгі күн, оның барлық жағымды образдары жарқын келешек үшін, айқын ертеңгі үшін күрескен совет азаматтары. Ғабиден романдарының геройлары коммунизмнің мәңгілік болашағын өздеріне ұлы арман еткен адамдар болып танылады. Олардың бәрі де біздің оқушыға жырақ, жұмбақ жандар емес, қайта барлық қимыл, құбылыс әрекеттерімен, бар сезім-санасымен, әрбір үмі, дем-тынысымен қалың жұртшылығымызға қымбат, жақын жандар.

Осылардың арасында жақсыларын іріктегенде, жас буындардың өз ағасы есепті Бораштар, Шығанақтар, Жақыптар, Щербакөвтар, Еремектер оқушының қымбат, ыстық көретін жандары. Сондай-ақ жаңа тарих тудырған Еркін, Жомарт, Мейрам сияқты жаңа сапалы жас буын, бірақ жас та болса жаңа нәсілдің төл басы есепті жандар, барлық іс-әрекеті ғана емес, іштегі саналуан

сезім толқындарымен де, неше алуан ым-емеурінімен де бүгінгі оқушыға өз сырласындай, егіз-екі сыңарындай жақыны.

Жазушының ең үлкен жұбапшысы, оның шығармаларындағы геройлардың бүгінгі оқушыға соншалық ет-бауыр жақындай боп, таныса табысып кетуінде. Әдебиеттің мұндай образдары мәдениеттенген совет адамдарының ұдайы есінде жүретін жақышындай болса, қымбаты, қимасы боп кетсе, жазушыға одан үлкен мұрат, мақтан жоқ.

Ғабиден шығармаларында осындайлық совет оқушыларына қымбатты болған табыстар бар.

Міне, осындай табыстар жайын ойлау тұсында жоғарыдағы айтылған бір халды еріксіз ескергендейміз. Ғабиден жазушылығының ерекшелігі — ол ең алғашқы жауапты қадамынан бастап арнасын, өз тақырыбын талғап талқан жазушы. Ол өзінің тәуір шығармаларымен бүгінгі күндегі өмір-тарихтың, ардақты халықтың және ұлы ұстазымыз Ленин партиясының талаптарына сәуір бағалы жауаптар беріп келеді деп айта аламыз.

Бұл тұста Ғабиденнің кейбір шығармаларына үңіліп, қарай түсейік. Сонымен қатар жазушы шығармаларындағы көрсетілетін, суреттелетін ортамен, өмір тартысымен, жазушының өз өмірінің тартыс-табысын, іздену жолдарын қатар еске алу керек. Сонда осы жайда да біраз жазушыға ой салғандай мәнді, нәрлі ерекшеліктер бар екенін көреміз.

Жазушылық жолында өз арнасын тапқан Ғабиденнің өмір жолында да жазушылығына жетекші, себепші болған шындық, болмыс, тәрбие-тәлім бар. Мұнда да өмірден жазушылыққа, жазушылықтан өмірге ауысып араласып жатқан қосөрім байқалады. Нақтылап айтпағымыз: жазушының романдарын оқып кеп, өз өмірбаянын аңдап барлағанда, романдардағы кейбір ортадан жазушының өзі туып жатқаны сезіледі. Және де жазушының өз өмірі бірталай елеулі үлкен шындығы, талабы, табысымен романдар ішіндегі геройлардың сезіміне, сөзіне, іс-әрекетіне ұдайы араласып жатқандай байқалады.

Сондықтан да кейде, жазушы өзі жазған кітабының бетінен көп жайымен көрінгендей болады. Ол романдар автобиографиялық (өмірбаяндық роман) болмаса да, жазушының өзі көп сезімімен, ойымен, талай тағдыры-

мен, өмірдегі алғашқы адым, өсу жолы, соңғы табыстармен ап-айқын сезіліп жүргендей.

Енді осы аталған жалпы ойлар мен жайларды Фабиденнің ең соңғы үлкен шығармасы «Қарағанды» романына қарап отырып, аңғарып көрейік. Сол «Қарағанды» романы мен жазушының өз өмірінің болмыстары арасындағы шындықтарға кезек көз сала отырып, танып талғайық.

«Қарағанды» романының алғашқы беттері және бірінші тарауы бесжылдық жоспар бойынша, бүкіл отандық ұлы өндіріс ошағына айналғалы отырған Қарағандыға мол күштер жұмылдырып, мол қаражат жұмсау кезеңіне арналады. Сол Қарағанды ошағына жан-жақтан ағылып келіп жатқан жұмысшылар жайы баян етіледі. Көп суреттер Орталық Россиядан, Донбастан келген маман жұмысшылардың жайына арналады және әсіресе, жазушының ерекше көңіл, бейіл бергені — ұлы өндіріс арнасына қазақ кедейлерінің жаңа құрылысшылар есебінде, жан-жақтан ағылып келіп жатқан күйіне арналады.

Бұлар Қарағанды айналасындағы жақын аудандардан шартпен келіп жатқан бұрынғы ауыл кедейлері. Көпшілігі жаман үй, жарты лашықтарымен, бірен-саран күш-көлігі, сауынымен, азын-аулақ қой-тұяқ, ешкі-лақ дегендерін де ала келген көшпелі ауыл, әлі қоныстанып болмаған аудандардың кедей шаруалары. Осылардан Қарағандыдай үлкен өндіріс ошағының саналы жұмысшылары, өнерлі қайраткерлері, сапалы азаматтары, қысқасы тарихының жаңа дәуірін тапқан, бақыт шағына жеткен, социалистік ұлттың советтік жұмысшы табы қалыптанады. Роман бойында сол ел кедейлерінен ірі маман жұмысшылар, зор саналы азаматтар, үлкен өндіріс командирлері, партия, совет орындарының білікті, сапалы басшы азаматтары, ірі инженерлері өсіп шығып жатқандарын көреміз.

Міне, осы адамдардың көпшілігі Қарағандыға жақып отырған елдерден шыққан қазақтар болатын. Сол түрде Қарағандыға келген бірталай жұмысшылар, қартаң әйелдер, жігерлі жастар атаулының талайы дәл Фабиден Мұстафиннің өзі туып-өскен елден, бала күннен өзі өмір кешкен жерлерден келген. Көпшілігі тіпті жазушыға туыс-таныс адамдар болатын.

Фабиденнің өзі де жаңағы аталған жақын елдердің

арасынан шыққан Қарағандының қасындағы, осы күні Каргрэс орнаған Нұраның бойы бұл елдердің қыс — қыстау, жаз — жайлау дейтіндей ежелгі қоныс мекені.

Бұл өлкедегі елге бұрын ағылшып билеген Қарағандының жай-күйі, Ұлы Октябрь революциясының алдындағы Қарағанды мен Спасс, Нілді сияқты болымсыз шұқанақ өндіріссымақтардың жайлары, тарихы да аса мәлім еді. Сол өлкенің кәрі-жасына, тек совет дәуірінде аз заман ішінде дүрілден өскен, нұр жайнаған алып Қарағандының тарихы, қазіргі Теміртаудың да үдеп өрлеген қысқа ғана табыс, жеңіс тарихы соншалық айқын.

Осыдан 12—13 жыл бұрын жазылып басылған ең алғашқы құнарлы еңбегі «Өмір не өлім» романында жаңағы айтқандай көз алдынан кешіп өткен, бар бөгетті басып өскен Қарағанды алыбының жайын Ғабиден алғаш сөз қылған еді. Енді мынау соңғы үлкен романы кең көлемде көсіліп, өскен Қарағанды жайын дастан етеді. Бұл екі романның кей адамдарының өмір жайында, тартыс-жеңістерінде, іс-мінездерінде ұқсастық бар екені даусыз. Ол ұқсастық ең әуелі, екі романның да бір Қарағандының жайына арналғандығынан туған. Мұнда таңданарлық та, немесе, мін тағарлық та өрескелдік жоқ. Қайта жауапты, ойлы жазушының өзі таңдап алған өмірлік тақырыбының өзгеше жайларына жаңа дәуірде, жаңа сапада, өзіне-өзі қойған жаңа өскелең талаппен қайта оралғанын көреміз.

Осы сөздің басында айтылған, жазушының сәтімен тапқан өз арнасы дейтіміз де осы. Соңғы оралуында алғашқы соғудан әлдеқайда жоғары, салмақты, биік салада еңбек еткен, елеулі үлкен табыс танылады. Әуелгі роман мен соңғы романның екі арасында жазушының өзінің де көп үдеп өскен сыпаты көрініп отыр. Ойы тереңдеген, білімі молайған, шеберлігі молыға түскен, жазушылық мәдениеті көп көтерілген жап-жақты сап-сапаны сеземіз. Бұл да өзінше тақырыбы мен жазушының арасындағы жіпсіз және үздіксіз мол, мығым байланысты байкатады.

Совет дәуірінде ең алғаш қолға алына бастаған Қарағанды мен енді бүгінгі күндерде ұшап-теңіз шалқып өскен Қарағандының арасындағы айырмысқа түгелімен сай болса да, сыбайлас жатқан, желілес ұқсастықты байқаймыз.

Романының құрылыс арнасы Қарағандының өсу арнасымен үнемі астарлас, желілес болғандықтан жазушының өсуінің өзінде Қарағандының өсуі, нақтылап айтқанда, өмір тарихын өзінің дамып үдеп өсуі бастап, ақтап отырғандай болады. Мұнда роман мен жазушының арасы, дәлдеп айтқанда, романның өзегі болған көп адамдардың өмір шындығы мен жазушы өмірінің шындығы үнемі жанасып, нық байланысып, айқыш-ұйқыш араласып жатқанын көреміз.

Әуелі тарихтық шындықты роман шындығымен жалғастыратын өмірлік, адамдық фактілерді алайық, содан соң осы жайлар мен жазушының өз өмірінің қос өрімдей қосыла араласқан жайын атаймыз.

Алғашқы аталған халдің мысалына «Өмір не өлімдегі» Борақты, «Қарағандыдағы» Ермекті алуға болады. Осы екеуінің Қарағанды жұмысшыларының ішінде анық нақтылы, тарихтық кейпі бар. Ол адам бізге мәлім. Сөйтіп кейбір өзгеріс, өскелең сипаттар қосылумен соңғы «Қарағанды» романында үлгілі образ болған Ермектің де өмірлік прототипі бар дейміз. Сол сияқты Жанабіл екі романда бірдей осы атпен жүргенмен, тірлікте анық өзіне жақын, егіз сыңары бар образ екенін білеміз. Сондайлық Боқай, Сейтқали сияқты адамдардың бәрінің де, жазушы аттарын атап, әйгілеп бере алатын, өмірлік тарихтық прототиптері бар. Осылайша роман ішіне араласқан орыс адамдарының жағымды кейіпкерінің, әсіресе, нақтылы өмірлік дәл егізсыңарлары бар. Бұл ретте Щербаков образы ерте кездерде Қарағандының алғашқы құрылыс дәуірлерінде барлық жұмысшы жұртшылық атаулының бәріне де аса қымбат, қадірлі, сүйікті болған Горбачев өмірімен, бейнесімен шендес келеді. Мехцехта механиктің көмекшісі болған Чирьев романдағы сол орындағы Лапшиннің егізсыңары. Қозлов, жай қадірлі қарт, дәл осы Қозлов атымен Қарағандыда нақтылы болған адам. Қысқасы романдағы басшы кейіпкер, қазақ пен орыс адамдарының көптен-көбінің іс еңбегі, мінезі, түр-қалпы, сөз салты, әдег-машығы қысқасы көптен-көп сипаттары өмірдің өзінен алынған.

Енді жазушы өмірінің осы ортаға, осы арнаға қосылған ағымын алсақ, онда да ескермеуге болмайтын аса елеулі және ерекше тарихтық, әдебиеттік өзгеше жайлар танылады. Әуелі әдебиеттік еңбекке жас шағында біраз берілген және алғашқы әңгімелер жазып,

«Ер — Шойын» атты бір жинағын шығарған Фабиден, дәл осы «Қарағанды» романында өзі сипаттап отырған жылдар кезеңінде, өндіріс ошағына қайта оралып келеді. Бірнеше жыл бойында Қарағандыда қара жұмысшы боп істейді. Сонда ол екі жыл бойында маман жұмысшы Боранбаймен бірге болады. Мехцехта Лапшин, Қозловтардың ағалық, достық ұстаздығын көріп өскен Жанабілдің күйіндей күйлердің талайын өзі де басынан атқарады. Чирьев сияқты механиктің көмекшісі, қазақшаға судай, үлкен мастер, бұның үйретушісі болады. Кейін Фабиден слесарьдің шәкірті боп істейді. Тағы бір кезек темір арқанды есетін бригаданың (по переменке стального каната) ішінде еңбек етеді. Бұл жерде, осы кезеңде, болашақ роман жазушысының өзі де, болашақ геройы Жанабілдің істегенін істейді. Осыдан кейін өзі де мастер болып шығады.

Сол кезде мұның қатарында істеген Бәйкен сияқты анық өмірде болған нақтылы адам, роман ішінде Бәйтен бейнесінде қалыптанады. Бертінде жаңағы темір арқанды Донбасс даяр түрде бере бастаған соң Фабиден машинист болуға ден қояды. Кейін біраз уақыт үйреніп ысылған соң, сол кезде мұнай двигателінің толық машинисі болып шығады. Одан бір кезекті бұл орыпға екі жас қызды үйретіп, баулып, өзі тағы да екінші бір жұмысшылық мамандыққа ден қояды. Токарлық өнерге қызығып, үш ай бойында шәкірт болып істеп, кейін анық шеберленген токарь болып шығады.

Сөйтіп, Қарағанды ұлы құрылысының бірнеше жылғы тарихында өзінің жұмысшылық еңбегімен ат салысып, араласқан азаматтық еңбекті көреміз. Мұның өзі, өмірі де, кешегі көшпелі ауылдан өндіріс ошағына келіп, сонда қара жұмысшыдан бастап, маман жұмысшыға жеткен еңбекші өмір жолын таптырады. Сол сипатында ол өз романдарының кейбір жас жұмыскер геройларындай Қарағанды өндірісінің сол кездегі басшысы болған Горбачев сияқты (романда Щербаков сияқты) адаммен жақсы біліскен. Горбачевті өзі жақсы біліп, өте жақсы көргенде, бұның өзін де ынталы, ұғымпаз, талапкер жас жұмыскер сипатында Горбачев та жақсы біліп, жақсы көрген.

Міне, осы айтылған нақтылы, деректі жайлардың тұсында, тарихтық болмыспен, жеке өмірбаяндық шындықпен және содан әрі екінші, өзгеше сапада туған көр-

кем шығармадағы шындықтың араларында қандайлық занды, терең тамырлы, күрделі байланыстар жатқанын елемеуге болмайды. Сонда және бұл жазушы өмірден оқыған жазушы боп аңғарылатыны ерекше бір жақсы сипат, аса бағалы шындық. Жазушы кейін өзі жазған романдардың кей ұзақ беттерінен; тарауларынан айқын көрініп, өсіп, толысып, қалыптанған тәрізденеді.

Сондықтан да бұл жазушы өз өмірін романның ішіне бір өрім етіп қосқанда әсірелемейді. Қылғынып отырып, қиналып та жазбайды және өзінің менмендігін, көріне өзімшілдікпен тықпаламайды. Қайта өз өмірінің көп болмысы мен тынысы, ыстық демі, жан-жігері аралас жүрсе де, сол жайларын үлкен ұстамды мінезділікпен, сабырлы-салмақпен, объективтік суретшінің бояуымен бере біледі. Романның бар материалында автордың өз өмірі, сезімдері, қайрат тартысы, арын-арманы мол араласып отырғанын өзге жайдан аңғармайсың да, тек сол өндірістің бар шындығын аса жақсы білетін тапыстығынан, сол ортаға өте жақын жанасып барып баяндап отырған көркемдік шындығына аңғарасың. Сөйтіп роман өмір шындығынан туғанда, жазушының өзі де басынан кешірген шындықтан қоса туып, өзгеше сыр-сыпат табады.

Бұл айтылған жайлардың бәрі де, жазушы Ғабиденнің соңғы елеулі еңбегі «Қарағанды» романының әр тарап қасиеттерін өсіре түсуге көп көмекші болған жайлар. Қарағанды өндірісінің және сол атыраптағы өмір өлке жаңғырысының әралуан табыс, туыс шақтарын өзінің жазушылық еңбегіне ұзақ арқау еткен Ғабиден, бұл тұсқа жеткен қалпындай, енді бұдан былай жазушылық еңбегінде де сол арнамен бара бермек. Үлкен тақырыбының таңдаулы тармақтарын ілгері тартып жаза бермек.

Сондықтан да қазір ол Қарағандының қасындағы, кешегі өзі балалық, жастық шағын кешірген Қожыр мен Жауыр жапына орнаған, аса бір қызықты, жаңа дүниелікті жазуға бейімделіп жүр. Ол — жас қала, тамаша өнер, еңбек қаласы — Теміртау тақырыбын қолға алмақшы. Қазір сол тақырыпқа Ғабиден кино-әңгіме жазу талабында. Әрине, бұл жөнде жаза келе іздену, ізерлеу ойлар кеңейіп жазыла, созыла келе бұл жазушы тек кино-әңгімемен қалмай, тағы да тың роман жазуға ауысуы аса орынды және мүмкін сияқтапады.

Сол өзі жақсы білген Орталық Қазақстан өмір шындығынан, тарих табысынан деректер жинап, нәр алып

Ғабиден өзінің колхозды Қазақстан жөніндегі жақсы повесі — «Миллионерді» де жазған болатын. «Миллионер» колхозының адамдары арасында болған кей әңгімелер ішінде «Қарағанды Теміртау жақын тұста, қасымызда» десіп отыратын сөздер бар. Бұған қарағанда «Миллионер» колхозының суреттері, өмір шындықтары жазушылық қиялмен іренделіп, өсіріліп алынса да, сол Орталық Қазақстанның, Қарағанды облысының шындығынан туған шығарма екендігі аңғарылады.

Тақырып, материал жөнінде Ғабиден шығармаларының ішінде басқа облыс, Қазақстанның өзге бір өлкесі — Ақтөбе облысының дәл деректерінен туып, көркем етіліп жазылған шығарма — «Шығанақ» романы. Ол романда да автор өмір жайын, әсіресе өнімді еңбек жайын, өнерлі еңбек туғыза білген, өмір құра білген асыл жандар жайып барынша жақсы ізерлеп, өмірлік көп білім материалдар жиып барып жазғанды. Бұл романда жазушының жоғарыда айтқандай, өз өмірінің арнасымен араласқан шындықтар болмаса да, советтік дәуірде жабайы табиғатты үлкен өнерлі жігермен жаңғыртып отырған Советтік Қазақстан шаруалары көрінеді. Сондай еңбек ерлерінің жайын жазуда Ғабиден бүгінгі өмір тақырыптарын алуға бейімделген өткір талантын танытады, шабытты шындығын табады.

Бұл тақырыпта да, оның еңбекшілдікке, ізденгіштікке бейім таланты, өзінің сүйкімі мен икемін, оқушыларына ыстық етіп, тартымды етіп таныта білген деуге болады.

Бүгін 50 жасқа толған, ер ортаны дегендей межеге жеткен кезеңінде Ғабиденнің соңғы беріп отырған ең бағалы шығармасы «Қарағанды» романына аз тоқтап өтейік.

Ірілеп өсіп келе жатқан көрнекті прозаниміз Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романы оның бұрынғы шығармалар жөнінен және де өрлеп, биіктей түсіп тағы бір биік белге шыққанын танытады. Бұл роман тек Қарағанды жайына құрылып, сол өндірістің болымсыздан өсіп жеткенін ғана көрсетіп қоймайды. Сол арқылы капитализм дәуірін аттап өтіп, социализмге жеткен Қазақстанның және кәсіпелі жабайылық күйден, жоқшылық, қорлық, надаңдықтан — коммунизмді жасаушылардың алдыңғы қатарына жеткен социалистік ұлттың жаңа ұрнақтарын көрсетеді. Бір өндірістің тақырыбы

барлық индустрияланған Қазақстанның ұлы тарихтық жолын танытады.

Сол себепті роман тек Қарағанды жайын ғана емес, социалистік дәуірдегі қазақ сахарасының жаңғырысын суреттейді. Ғылым, техника қуатына мол сүйенген, индустриялану майданында айқышырақ көрінген жаңалықтарды үлкен жинақтау ретінде береді.

Бұл жағынан шолғанда, Мейрамнан бастап, қарт Маусымбайға шейін, жас мамандарға шейін, қартаң ана Шекерден Ардаққа шейін созылып жатқан қалың қатар адам тағдырлары, тартыстары, өсіп-ұлғаюлары — анық шебер жазушылықтың, көңілге қонымды шыншыл образдарды жақсы бейнелей білгендігін танытады.

Романда жеңіл өмір жолы жоқ. Әр адамның басында келелі ой, қиын қысталаң, кейде кейіс, реніш және олақтық қателіктер де бола жүреді. Бірақ, анық советтік жақсы адамдар осындай тартыстың, құрылыстың, бас тірліктің ыстық-суығына кезек шомып, бір ысып, бір тона жүріп: үдеп, өрлеп өсе береді. Азаматтық сана да өседі. Еңбекте, коллектив қазанында жаңғырады. Білім, техникада, басшылық тәжірибеде өседі. Романда осылай өрлейтін совет адамдары әр жас, әр буыннан шыққан. Бұлардың сандары да көп, саналары да әралуан. Әсіресе, мінез-мерзімдері, жекеше кескіндері біріне-бірі ұқсатылмай заңды түрде, жекешелік қалыптарымен алуан-алуан алынған. Және осы топтың бәріне ортақ ерекше қадірлі қасиет — бәрі де өмірді ашық қабақпен, сергек сезіммен, үлкен үмітті оптимистікпен, жарқын жүзбен сезініп, кешіріп отырады.

Бұлар үнемі осылай өрлеумен болғанда, халық ісіне қастық ойлаған арамза топтар, анық ел бойындағы паразиттердей боп айқындала, таныла, тоза берді. Ақыры бәрі де ит өлімімен өмірлерін тауысады.

Қарағанды алыбын ұлғайтып, ұлы дәрежеге өсірген үлкен күштің молы — орыс халқының жұмысшылары, құрылыс басшылары, тәжірибелі совет мамандары болатын. Романның ішінде Щербаков, Лапшин, Козлов, Чуйков сияқты және басқа да көп, ірі адамдар образдары жақсы іс-мінезбен қонымды суреттелген.

Ғабиденнің бұл шығармасының тағы бір көзге түсетін ерекше қасиеті — тіл шеберлігінде. Әсіресе Ғабиден диалогке (адамдарын сөйлестіруге) жүйрік. Жанабил, Ардақ сияқты геройларының сөз тапқырлығы және бас-

қа орыс, қазақ адамдарының көңілді қалжың, терен сезім, толғаулы ой, немесе таласқан қағажу сөздерге ұсталықтары оқушыны қатты сүйсіндіреді.

«Қарағанды» романы туралы толық тексеру, көлемді, кенеулі сыпмеш таныстыру сөздер әлі де сан рет айтылатын болады. Қазақ совет әдебиетінен жұртшылығымыз талап етіп отырған бүгінгі күн тақырыбына жазылған бұл роман жаңағы айтқандай үлкен ойлы сындар, сапалы сындарды талап ететініне күмән жоқ.

Әрине, осы айтылған жайлармен қатар бүгінгідей мереке кезінің өзінде де Фабидендей жазушының өнерлі еңбегі ойдағыдай үдеп өсе беру үшін сын талаптарды қоса айту керек. Сол ретте жоғарыда осы мақалада саналған, аталған төрт романның төртеуіне де оқушы жұртшылықтың орнымен айтқан, үлкенді-кішілі талаптары болатын. Бұл жөнде әсіресе, көп сынға ұшыраған және орнымен сыналған роман «Өмір не өлім» деуге болады. Ол роман өзі мақсат еткен идеясын, тақырыбын өрістетуде едәуір олқылықтар байқатқанды. Әсіресе орыс адамдарының образдары, өздерінің Қарағанды жөніндегі тарихтық орнына, еңбегіне сай болып суреттелмеген. Жаулар жағын бейнелеуде олардың істерін суреттеп, схемалық түрде әсірелеу көбірек болған. Және соған орай, соққы бере тартысатын совет адамдарының ірі әрекет қимылдары кең көлемде қызықты оқиғалы халдермен таратылмаған. Адамның ішін, ісін көрсетуде де ол романның алғашқы күрделі шығарма есебінде өсіп-пісіп жетпеген, олқылық кемшіліктері болғанды.

Фабиденнің келесі романы «Шығанақ» жалғыз қазақ оқушысы емес, орыс тіліне аударылып, одақтық оқушының да көңілін аударған, көпшілікке ұнаған көрпекті роман болды. Мұнда жазушының тілі, адамның іші-тысын көрсете білетін шеберлігі, алғашқы романға қарағанда әлдеқайда үдеп, дамып, өрлей түскені көрініп еді. Сонымен қатар Қазақстанның оқушы жұртшылығы бұл романның да кемшіліктерін орнымен әділ атап өткенді. Сол ретте әсіресе, романның басты геройы болмаса да, оқиғаға араласа айтылғандықтан обком секретары Василий Антоновичтің бейнесі кемшін кейіптелгені әділ айтылған болатын.

Фабиденнің үшінші романы «Миллионер», ерекше көп тараған және көп ой бөліп, көп үлкенді-кішілі пікірлер айтқызыған шығарма болды. Ең алдымен «Милли-

нер» жөнінде орыс тілінде бүкілодақтық орталық баспасөздер жүзінде көп сапалы, елеулі пікірлер айтылды. Бұл роман туралы «Правда», «Известия», «Литературная газета», «Культура и жизнь» газеттері мен бірнеше орталық үлкен журналдар да көп пікірлер айтты. Тегі «Шығанақ» романынан бастап, Ғабиден шығармалары ірі мәдениетті орыс оқушыларының сыншы, жазушыларының пікірлерін айтқыза бастайды. Бұл ретте Ғабиден қазіргі қазақ совет жазушыларының ішінде одақтық оқушыға көп танылған, ең алдыңғы қатарлы қазақ жазушыларының бірі болды. Соның үстіне «Миллионер» көп елдер тілдеріне де аударылды. Одақ көлеміндегі туысқан елдер тілдерінен басқа, халықтық демократия елдері халықтарының біраз тілдеріне аударылды. «Миллионер» жайын Парижде совет әдебиеті жөнінде сөйлеген сөзінде Бүкілодақтық жазушылар ұйымының бастығы жолдас А. А. Фадеев те жоғары бағалады. Міне, осы айтылғандай, біздің жазушының романынан романға қарай өрлеп келе жатқан өнері, өсіп келе жатқан даңқы, абройымен қатар жұртшылық сыны да жүре отырады. Бұл жөнінде «Миллионер» де бірнеше тараптан сыналған болатын. Онда әсіресе, Жомарттай оқымысты колхоз бастығы келген соңғы колхоздағы тірлік, тартыс, табыстар тереңдеп көрсетілмейді. Жаңалықтың, жақсылықтың барлығы да өздігінен бола салғандай, оңайлықпен орнайды. Және романның бірнеше басты адамдары арасындағы махаббат, достық сезім жайлар кейде даулы түрде шешіледі деген сияқты бірнеше елеулі, салмақты сындар болған-ды.

Әлі баспа жүзінде жарыққа шығып жарияланбаса да біраз сын талаптар орынды, маңызды түрде көрсетілген кемшіліктер ең соңғы роман «Қарағанды» жөнінде де айтылып жүр. Бұл романның журналда басылған қалпымен, соңғы кітап боп жақында шыққан толық варианттының арасында көп айырмыс бар. Журналда көркемдік, тарихтық және әсіресе идеялық жағынан олқылық, кемшіліктер байқатқан шалағайлық бар еді. Сол ретте ең алдымен орыс адамдарының бейнесін, еңбегін қазақ халқымен достығын кең көрсету жетіспеген деген дұрыс сын болды. Жаулар әрекеті, соның ішінде Әлібек істері мен қаскөйлік мінездеріне, жаулық айла-амалына романда көп орын берілген. Және қазақ қызметкерлерімен, жұмысшыларымен орыс халқынан шыққан қызмет-

керлер, жұмысшылар арасындағы байланыс, жалғастық жайлар жеткілікті суреттелмеген дегендей елеулі сын талаптар болған еді.

Сол сындарға көп ілтифат етіп мойындап, бірталай елеулі жайларды қайта ескеріп, тереңдеп қарап, көп-көп еңбек етіп Ғабиден өз романының соңғы вариантын орысша, қазақша бірдей бастырып шығарып отыр. Романның соңғы редакциясын жаңғыртып, толықтырып, түзеп жазу жолында Ғабиден Москвадағы орыс жазушылары мен сыншыларының кеңестерінен көп пайдаланды. Солармен ақылдаса отырып түзеу ретінде қазір орыс тілінде, «Дружба народов» альманағының 4—5 сандарында басылып отырған ең соңғы вариант туды.

Әрине, бұл соңғы қалпында да романның сын айтарлық кемшін жайлары жоқ емес. Әлі де адам образдарын алғанда басты геройлар: Мейрам жөнінде (оның әсіресе үй іші мәселесіндегі мінезі жөнінде), Щербаковты іс-мінезбен бейнелеуде және осы екі басты адамның кейбір қарым-қатынастары жөнінде орынды сындар айтуға болады. Және әсіресе, Мейрам мен Ардақ арасын суреттеуде, онан соң кейбір орыс адамдарын өз шындық қалпымен бейнелеуде даулы жайлар, немесе теріс, қолайсыз дейтін күйлер де жоқ емес. Мысалы, осы қатардағы кемшіліктерінің ішінде жазушының әлі де шеберлігі мен жауаптылығын және творчестволық мәдениетін талап ететін бір жайлар: бірінші, орыс адамын ойланту, сездіру әсіресе сөйлету ретінде қазақшыландырып әкетпей анық орыс халқының өз адамы етіп бере білу шарт еді.

Екінші, махаббат, достық жайын Мейрам, Ардақ арасына үлкен күрделі және жолы қиын дәнекер етіп алғанда, сол сезімнің екі кеудедегі психологиясын бере түсу қажет еді.

Үшінші, романда Қарағандыны қоршаған табиғаттың күндізі, түні, таңы, кеші, қысы-жазы сияқты көрініс кескіні, пейзажды адам күйімен аралас, көбірек берілу қажет болар еді.

Төртінші, Қарағандының өндіріс өмірін жақсы біліп, мол көрсету ісімен қатар, сол өндірістік өмірді, толып жатқан процестерді, кеңес ойласуларды, романдық талапқа сай, қызықты етіп, үнемі тартымды етіп көрсете білу шарт.

Бесінші, романның қазақша баспасында кейбір геройлардың бірен-саран сөзінде және жазушының өзінен жазылған бірер тұста екі ұдай ұғым тудыратын, немесе оң-терістігі күдікті дүдәмал көрінетін жерлер бар.

Міне, роман жөнінде, осы ауландас және өзге де сыншы адамдар әділ көңілмен, достық бейілмен айтатын сын талаптар әлі де болуға мүмкін. Әрине оның барлығын бірден болмаса да, бірталай басты жайларын Ғабидендей іздесгіш, еңбекші, жауапты жазушы бұдан былайғы баспаларында ескеретін болар деп есептейміз.

Қазіргі сөзді қорыта келе айтарымыз: Ғабиденнің творчестволық жолына көз салып болжағанда, көңілге жақсы жұбанышты ой салатын үлкен елеулі бір жай бар. Онысы ең алдымен, бұл жазушының айнымастан, ұдайы бүгінгі күнгі үлкен өмірмен нық байланысты еңбек етуінде. Романдан романға, тақырыптан тақырыпқа ауысқан сайын Ғабиден сол үлкен арнасын сүйе түсіп, бар жігерін сала түсіп, өсіре суреттеп келе жатқаны байқалады. Бұл суреттеген өмір де, барған сайын жазушының романдарында кеңейіп, күрделі бола түсіп нұрлана толысып келе жатады. Сол суреттеген болмысы мен шындығына орай және соның жыл санап үдеп өрлеуіне қарай, жазушының өз қуаты да қанаты бекіп, қуантарлық қарқын тауып келеді. Бұл жазушы, қай жағынан алғанда да, өнерінің өрінде, ұмтыла басып, биіктеп бара жатқан жазушы екенінде күмән жоқ.

МӘҢГІЛІК КЕПІЛІ

Тарихта адамзаттың бақытына туып, мәңгі өлмес мұра қалдыратын қайраткерлер болатыны мәлім. Олар жарық жұлдыздай әр заманға, әр ұрпаққа сапар жолын дұрыс мезгемек. Әрбір халықтың рухани өміріне мол жарасып, өз қазынасымен байытып отырмақ. Ұлттық ортадан шығып, Белинскийдің сөзімен айтқанда, «күллі әлемнің азаматы» бола білген данышпан қайраткерлер бар халықтың санасына сіңіп келетіні де осыдан.

Бұндай ұлы азаматтар адам баласының өмірімен бірге мәңгі жасайды. Қаншама ғасыр өтсе де ұмыт болмай, жаңа даңққа, қадір-құрметке бөлене береді.

Бірақ, Владимир Ильич Ленинше адамдардың, қо-

ғамдардың, халықтар мен мемлекеттердің тағдырына тікелей қатынасып, соншалық мол ықпал жасаған қайраткер бүкіл әлем тарихында болып көрген емес. Ленин жүздеген миллион адамның тағдырына тың бағыт сілтеді. Әрқайсымыздың өмірімізге нақты, зор қамқорлық жасады. Ленин бейнесі әрқашан көз алдымызға адам парасатының асқан биігі, мейірімділіктің мұхиты болып елестейді. Халықтың сәулелі арманының куәсі ретінде ғасырлар бойы ертегі жырларда өмір сүрген самұрық құс есімізге түседі. Алып самұрық — адамзаттың досы еді. Ол шексіз дала, қиырсыз теңіз үстімен талмай ұшып, бейбітшілік адамын арман еткен жағалауына алып барған еді.

Советтік шығыс халықтарының бір өзінің ғапа өткені мен бүгінгісін мысалға алып қарайтын болсақ, сол халықтардың, олардың ұрпақтарының тағдырын, өмірін, бүкіл тарих болмысын, тұрмысын жаңартуға Лениннің алып парасат-жігері қаншалықты қызмет атқарғанын тарих айқын көрсетті. Бүгінгі шындық та соны күн сайын дәлелдейді.

Лениннің жаңа ілім жасаушы ұстаздық, көсемдік, мемлекетке басшылық ролі советтік шығыс халықтары өмірінің барлық саласынан, жаңа сипатты жай-күйінен, мол мағынасынан, тың арнасынан айрықша көрініп отыр. Россия халықтарының қайта туған бақытты дәуірінің азғана жылдарының өзінде Ленин ілімінен тыныс алып, нәрленіп өскен ғажап жаңалықтардың ұшы-қиыры жоқ.

Тарих көлемінде, тарих қарқыны тұрғысында ойланатын болсақ, біздің көптеген халықтар дапышпан көсеміміз айтқандай капитализмге, оның шатқалына соқпай бүгінгі күніне төте тартқанын аңғарамыз.

Бұл оқиғаның ұлылығын халықтар мәдениетінің түрлі-түрлі салаларында да байқауға болады. Бұнда бір жай әсіресе есте болуы шарт. Совет Одағының көп-көп халықтары социализмге көшерде капитализмнің дамыған сатысының өзіне соқпай өткеніне шүбә жоқ. Тіпті бұрынғы Россияның белгілі дәрежеде мәдениетті, отар халықтары туралы да осыны айту керек. Бұл халықтар алдыңғы қатарлы орыс халқының, орыс қоғамының бастан кешірген капиталистік даму сатысын да көрген жоқты. Қазіргі біздің қоғамның Октябрь тұсындағы 18—20 жасар мүшесі сонау керенау заманнан жүрдек жиырма-

сыншы ғасырдың орталық шеніне шейін, азиялық орта ғасырлықтан социализм құрылысына шейін көзбен көріп, өз замандастарының, өз халқының тарихи жорығына бастан-аяқ қатынасып отыр. Тең мәртебелі, бауырлас халықтар құрамында коммунизм орнату үшін атсалысып отыр. Социализм тұсында тың сапамен өркендеудің лениндік қағидасы мәдениеттің барлық саласында мүлтіксіз жүзеге асуда. Ленин ілімі сарқылмас бай, асқан ғибадатты ілім екенін өмір көрсетуде.

Көп ғасырлар бойына орын тепкен керенаулықтан, бөлініп қалған кепжеліктен, мардымсыздықтан, батыл, шұғыл қол үзін, дін шырмауынан, әдеттің, шарифаттың, ескі тұрмыстың кертартпа заңдарынан, қауымды билеп-төстеуші дүмділердің түрлі сұмдықтарынан құтылып шығуға Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты ғана мол мүмкіншілік туғызды.

Бұл халықтар Октябрьге әртүрлі дәрежеде келіп жетті. Өткенде бай мәдениеті бар халықтар болды. Ежелгі даңқты мәдениетін сол күйінде мұраланатын халықтар да бар-ды. Ондай халықтар кейін неше ғасыр бойына бір орында шыркөбелек айналып, құлазыған керенаулықтан, жансыз схоластикадан шыға алмай қойған.

Өткен ғасырлары аңырап, ешқандай із қалдырмаған, ғылым мен мәдениеттің әліппесін де қимаған халықтар да болды.

Ал, социализм құрылысы жылдарында ондай халықтардың ғылымы, искусствосы, әдебиеті заңды шәкірттік сатыдан өтіп қапа қоймай, бүкілодақтық, тіпті, бүкіл дүниежүзілік қазналарға іркілмей қосылатын шығармалар, биік ескерткіштер жасады.

Оқу-ағарту саласында, халықтар шабандап өсу дәуірінің бүтін ғасырлары бойында арман ете алмайтын жұмыстар істелді. Октябрьге дейін сауатты жандары екі-үш-ақ процент шамасында болған халықтар үшін сауатсыздықты жоюдың мәні қаншама еді десеңізші! Діни медреселерден басқа жөні түзу мектебі болмаған шығыс елдерінде қазір оқу жасындағы балаларды түгел қамтитын орта мектептің барлық түрлері бар. Бұған ондаған жоғары дәрежелі оқу орындары, республикалық астаналардағы мемлекеттік университеттерді қоссақ өзгерістердің салмағы мен көлемі айқындала түседі. Бұл республикаларда ғылым академиялары да бүгін құры-

лып отырған жоқ. Ондаған ғылыми-зерттеу институты бар академияларда туысқан халықтардың ғалымдары өнер-білімнің алуан тарауларына құнарлы жаңалықтар ашып келеді.

Сол ғалымдардың творчестволық ой-қиялын, ынта-жігерін, шабытын Ленин ілімі қанаттандырып, Ленин ілімі жемісті етіп отыр. Нұр астында еңбек өнімді болмақ.

Біздің шығыс халықтары искусствосының халықтық формалары әлі этнографиялық ерекшеліктен қара үзіп кете алмаған, кенжелік, баяулық дәуірде еді. Рас, үлкен мәдениет жасарлық бай нышаны да бартұғын. Бірақ, сол нышандар заман күңгірттігінен бой жаза алмағанды. Енді искусство теориясын терең ұғынудың, озық орыс мәдениетінен үйренудің нәтижесінде біздің халықтық искусство жап-жақты дамыған шын мәдениетті искусствоның санатына қосылды. Мәдениетті музыкамыз, театрымыз, сурет өнеріміз, архитектурамыз, скульптурамыз қаулап өсуде.

Қазіргі кезде қазақтың, өзбектің, тәжіктің, түрікменнің, қырғыздың ұлттық опералары, хореографиясы бар. Ұлттық оркестрі, ансамбльдері, филармониялары бар, бұл елдердің синтетикалық музыкасы Еуропаның музыкалық мәдениетінің барлық формаларын меңгерді. Өзінің халықтық рухын, ұлттық дербестігін тереңдете, байыта түсті.

Біздің республикаларда драмалық театрлар туғанына да көп жыл болды. Бұның мәні өте зор еді. Есімі жұртшылыққа түгел мәлім артистер, режиссерлер ұлттық театрдың төл спектакльдерімен қатар орыстың, дүние жүзінің классикалық драматургиясы үлгілерін игеру үстінде өсіп жетілді.

Озат орыс искусствосының нәрлі әсерімен гүл-гүл жайнап өсіп отырған көп ұлттық искусствоны маркстік-лениндік өміршіл эстетика негізінде туған социалистік искусство, революциялық искусство деп мақтаныш ете аламыз.

Өркені өскен көркем әдебиетіміздің советтік ұрпақ үшін маңызы ерекше екенін айтпасқа болмайды.

Октябрьге дейін шығыс халықтары әдебиетінде фольклор басым еді. Бұл халықтардың қайсы бір жазулық жағынан әлі сәбилік дәуірде болатын. Ал, ежелден жазба өнері бар, тіптен бір кезде классикалық үлкен мұрасы болған кейбір халықтар феодалдық тоқырауға

сырларында алға қарай жылжи алмаған-ды. Соның салдарынан ондай әдебиеттер революция жылдарына поэзиямен сыңар келеді. Октябрьден кейін ғана әдебиет әр жанрда жап-жақты жылдам өсе бастады. Бертін келе көркемдігі жоғары шығармалар пайда болды. Прозаның, драматургияның, әдебиет тарихы мен теориясының, журналистиканың тың түрлері шықты.

Біздің туысқан әдебиеттер социалистік реализм әдісін, көркем творчествоның маркстік-лениндік принциптерін меңгеру негізінде қарыштап өсіп келеді.

Ұлттық совет жазушысы теориялық, идеялық, рухани жағынан маркстік-лениндік іліммен қаруланбаса әртүрлі декаденттік ағымдарға, жалған жаңашыл «пэмдерге» ұрынбай өте алмас еді. Ал, бұның өзі жас әдебиеттің өрісін тарылтып, өкпесін қысуға әкеліп соғар еді.

Идеялық-саяси айқындықтың, революциялық творчествоның мол келешегін қырағы болжап, дұрыс түсіне білудің арқасында ғана әдебиетші-художниктеріміз социалистік реализм әдісі мен дәстүрлерін өз топырағында шебер қолданып, аса құнды шығармалар жасап отыр.

Совет мемлекетін, Коммунистік партияны құрушы данышпан Ленин барлық халықтардың көп-көп ұрпақтарының бақытында, зор жеңісінде, игі еңбегінде өмір сүріп келді және өмір сүре береді де. Коммунизмнің толық салтанатын аңсаған жеңісті сапарда бүкіл алдыңғы қатарлы адам баласы Ленинді ұдайы көңілінде, жүрегінде сақтайды. Социалистік ұлттардың күн сайынғы зор табыстарында Ленин ойының, Ленин идеясының салтанаты жатыр. Бұл — Ленин мәңгілігінің кепілі.

1955

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИНГЕ ЖАУАП ХАТ

Қадірлі Мәлік!

Біздегі поэзияның бүгінгі жайынан пікір алысуға шақырдыңыз. Екі мәселені хатыңыздың басында айыра атай пұсқапсыз. Біреуі — ұлттық характер, екіншісі — поэзияға кірген жаңалық пен оның барысы жөнінде. Мақалаңыз осылай басталғанмен, кейін тағы бір топ ілеспе қосымша жайларды да атап арнап еске алыпсыз.

Айып етпеңіз, бірге отырып кенесуге шақырған кейбір жайларыңыз менің көңіліме бытыраңқы шыққандай көрінеді. Сұрауларыңыз бытыраңқы болғандықтан менің жауаптарым да бытыраңқы шықса, ғажап емес.

Алайда, сіз көтерген аса елеулі мәселелерді өзімше топтап отырып, нақтылы жауап беруге тырысамын. Сонымен қатар әдебиетіміздің ең кең өрісті, ең мол мұралы қадірлі жанры — поэзия жайы сөз болған соң сіздің сұрауыңыздан басқа да, ойға орала жүретін тағы біраз жайларды қолға ала қозғай өтпекпін.

Нақтылы жайларға туралай беттеуден бұрын сіздің хатыңызда «өздігінен де түсінікті» дегендей жалпылай ауызға алып, нұсқай өткен аса бір мәнді жайды арнап ауызға алайық. Оным, ең әуелі, біздің поэзияның даусыз үлкен табыстары жайындағы сөз. Хатыңыздан айқын аңғарылады, сіз әрине бізде бүгін поэзия жоқ та, әлсіз де демейсіз. Шығармаларды атамасаңыз да бір топ табысы мол ақындарды еске алып, жақсы жеміс бергендерін ескеріп өттіңіз. Дамып, өрлеп келе жатқан поэзиямыз жайын еске алдыңыз. Түрге, мазмұнға түгел толысып, биікке басып келе жатқан, маңғұстап өскен тарихтық табыстарды атадыңыз деп білеміз. Қысқасы поэзияның жайынан шынға сынды жалғай отырып ойлағанда: топшыңызға толы табыстарды жастана отырып, сын пікірлер, сұрақ ойлар атадыңыз. Мен де солай ойлап, солай ұғынатын адаммын.

Әдебиет туралы шынайы жауапты ойлары бар, әділ, адал өзекті ойы бар адам олай болмасқа мүмкін емес. Қысқа ғана, үстірт қана шолып өтейікші. Біздің поэзиямыз 20-шы жылдардан 30-шы жылдарға басқанда бір он жыл емес, талай он жылдар сапалы сапарын кешіп өтті. Одан әрі 40-шы жылдарға, қан сапырылған қатал жылдарға жалғаса тағы да өскелең қанат қақты. Қара үзіп, аса түсті. Қазір міне 50-ші жылдардың орта деңгейіне жетіп отырмыз. Бүгінгі поэзия қыркыншы жылдардікі де емес. Аса өскен мәдениетімен, ізденгіш өнерімен, әр сипат нәрімен де, барымен де үлгілі поэзия ерісін тауып отыр. Саты-саты, қат-қаты қаснеті танылады. Сондықтан да ақын емес екеуміз, сіз бен біз өзімізге әрі қызықты, әрі өзгеше қымбат, асыл қазынамыз — поэзияны сүйгендіктен, оған сүйсіне қарағандықтан сөз еткелі отырмыз.

Әдебиет жайын, әсіресе Ұлы Октябрь жемісі болған

мол мәдениетіміздің мақтанышы әдебиет жайын сөз қылсақ, біз ең әуелі қазақ совет поэзиясының барлық жиын қазынасына бас неміз. Ол поэзияның жиың табыстарын алғанда, біздің тарихтық мақтанымыз дейміз. Себебі, ол барлық творчестволық ой мәдениетіміздің ішіндегі ең күрескері, ең сергек сезімталы, ең қырағы көрегені, сапалы революцияшылы, өзі және мол жемісті өркендеген өнеріміз. Социалистік халықтық, партиялық табыстарымыздың да көптеген мозаикалық көркем тұлғасы поэзиямызда.

Қазақ совет республикасының революциялық әдебиеттік шежіресі (летописі) сол. Көп жылдарға созыла келген көрікті де көреген өнеріміз. Оның айнасына түспеген халқымыздың, Отанымыздың бірде-бір ұраны жоқ. Ол бармаған майдан, ол араласпаған құрылыс, үлкен іс өзекті ой мен қуаныш, ұлы ыза мен жиреніш жоқ деуге болады. Отанымызда халқымыздың ой-сана ішінде қазақ совет поэзиясы араласпаған асу мен айдын жоқ! Партияның, революцияның, отаншыл халықтың әрдайым сын айқас кезеңдерінде ең бұрын суырылатын семсері сол. Ең бұрын от алатын бронь бұзар снаряды поэзия. Жаза баспай, бұлтармай соғатын снайперлік оғы да поэзия. Тағы бір шындықты ашып айта кетейік. Дәл қазақ совет әдебиетінің майданында 40 шақты жылға қадам басып қалған жасамыз поэзиямыз болмаса бүгінгі мақтаныш прозаның өзі де бүгінгісіндей бола алмас еді.

Қаншалық көлемді, терең, ылғалы мол болса да, прозалық шығармалар мен пьесалар ешуақытта поэзияның көп тілмен, көп үнмен қамтыған бар өмір жайын түгендеп, бас-басына, сала-саласына бірден жетіп, қапысыз қамти алмайды. Әрине жекелеп алған әрекетін дәуірлік сипатта поэзиядан басқаша кемерлей, тереңдей түсетін құдірет прозаның күш сипаты екені рас. Бірақ бар өмірдің барша саласына поэзия барғандай проза мен драматургия бара алмайды. Біздегі сондайлық барды түгел сынап өту газет мақаласының көлемінде мүмкін емес, қажет те емес болар! «Мен мұндалап» тұрғандай арғы мен бергідегі қадау-қадау ғана еңбектерді атап қана еске сала кетейік.

Мысалы Сәбиттің 1919 жылғы «Босғандық» атты өлеңінен бастап 1930 жылдар ішінде жеткен өрісі, биігін атаймыз, Содан бергі көп жылдарда тарихтық, табыс-

тық көрнекті даталардай әр шоқы-бніктер бар. Олар кешкі кең сахраның алысынан берісіне қарай, әр тұстағы кешкі жайлау отындай жарқырай түсіп, көз тартып тұрған көрікті өлеңдер қатарлары. Бұнда қырғи тілді Асқардан, сыршыл үнді Әбділдадан, майда қоңыр Ғалидан, басым сөзді Тайырдан, күйлі-мұңды Қасымнан, ізденгіш те, тапқыш Хамиттен, өзіне бөлек сырлы сазды Сырбайдан, салқын ойлы Саиннан, тағы талай үлкендікішілі ақындарымыздан көңіл медеу етерлік көп шығармаларды атай аламыз.

Ең бергі шеті жақында соққан лебімен ыстық тартып тұрған ең кенже жаңалық — екі шығарманы атаумен бұл сөзді бір сағаға саяр еді. Біздің поэзияның соңғы айлардағы ең жақсы табысы деп Қалижан поэмасы «Мариям Жагор қызының» соңғы вариантын атар ем.

Және, Мәлік, сіз жеке жолдарын сынағанмен, әңгіме желісін де қабылдамағаныңызбен, мен өзім тың табыс деп, жас Тоқаштың жаңа поэмасы «Мен өмір сүремінді» атар ем. Ол поэманың сіз сынаған кейбір ақындық тәңеуінің жайына кейін тоқтаймыз.

Жаңағы аталып өткен ақындардың бәрінің де поэзияға келісінде өте шыншыл, анық өз тағдыр талайынан туған жыр баса бар. Көбінің жаныңды шарпыр жас сырлары болған-ды. Жетім тайлақтың табаны құмға мөрдей басылып, алдағы күніне қарай алабұртып келе жатқан Тайыр үні қандай-ды. Арық байталын ыққа қағып, алдағы күнге ол да бет бағып, келе жатқан бала Ғали бастауы қандай еді? Жетімдіктің жыртық тонын тастап, Совет-ана бауырына келе жатқан Қасым сыры қаншалық еді. Осылар да, осылардан басқалар да поэзияға барынша шынымен, анық жан тебіреніп оттай ыстық өксігімен келген-ді. Тек қана шыны мен сырын бала өнерінің қанаты етіп әдебиетімізге әкелген-ді. Бұлар да, осыларға ұқсаған өзгелер де, осындай шымыраған шынайы өлеңдерімен бағы заманынан бергі қазақ поэзиясы айтып, тындап көрмеген сыпатта келді.

Олар бейне бір өз анасынан ажырап, ел енесінің баурына келе жатқан құлыншақтай. Әлі өнер шынын, сырын аңдап көрмеген жас жеткіншек, өздеріне жарастықты күйлі, мұңды шындықтармен келген.

Жас ақындар өзгеше шыншыл бала тілімен балдырласа да, ақын бала жанын аңғартқан. Тамылжыған тәт-

ті күймен келісті. Ақындықтың болайын деп тұрған бал-бөпесі. Осы күнге шейін сол өлеңдерін оқысаң көзіңе жас оралғандай боп балқытады. Шыншыл демдері жаныңды жалындай шарпиды.

Мен бұл жерде Тайырдың «Алғашқы адымын», Қасымның «Советтік менің өз елім» және Ғалидің оқуға алғаш келе жатқандағы өлеңін еске алдым. Осындай батыл Жұмағалида, басқа да бар ақындарда әр кезде әркезек табылатынын білеміз. Міне, осылай үстірттеу, аттамалау айтылса да поэзия жөніндегі шыншыл және сыншыл достық сөздерін айтардан бұрын жаңағы жайларды атап өту шарт деп білдік.

Енді осы алуандас жалпы жайдың бірі поэзия айналасындағы мінездеріміз жөнінде. Біздің кей ақындар, менің байқауымша, осы шақтарда кейде жеңіл жарақаттанғыш келеді. Сын алдында орыпсыз сынғақ болғыштары байқалады. Бұл жайды, поэзия жөнін еркін, кең сөйлесу үшін, дос талапты қатаң айту үстінде әдейі еске аламыз.

Кейбір ақындар поэзияны бейнебір оларға ғана қас мүліктей тар таниды. Күндегі кей мінезде, кейбір орайда бар ойыңды таратпай-ақ поэзияға деген қадір, құрметіңді танытпай-ақ жалпылай ғана, бірер сөйлем айта қалсаң да біраз ақындарымыз анттарыла қалады. Содан әрі, емен-жарқы жарым сөздің өзін айтқызбай-ақ, жарғыласа қалғандай болады. Кей ақынымыз поэзия жайы сөз болса, бейне жас жарынып қызғаншақ ғашығы сияқты өзге ауыздан, көлденеңнің аузынан жаңағы жарының атын есітсе тұтана қалғыш келеді.

Сонымен қатар кейде көпке тарап түсетін топтан айтқан және әсіресе бар әдебиетке жалпылай аталған сын сөз болса да, соңғы поэзияға қарай оқтаулы мылтық кезегендей көре қалу бар. Ең алдымен осы алуандас орынсыз «қытыққылдық» керек емес. Ол ақындарға біз айтар ек: «Ең әуелі поэзия сіздің ғана мүлкіңіз емес. Ал егер ол шынымен сіздікі ғана болса, ол тегі шынайы мүлік те емес».

«Егер поэзияны ақындар ғана түсінеді, солар ғана біліп бағалайды» десеңіздер, қасыңызда жүрген, қатарыңызда келе жатқан прозаиктер және әсіресе сыншылар танымайды десеңіз, ол да теріс! Себебі: қасыңыздағы біз түсінбесек, жан түсінбес.

Тағы бір ескерте кетер жай бар,

Мысалы прозаиктердің поэзияға мүлде қатнасы жоқ па екен? Сол прозаның өзінде тегі поэзия аз ба? Сіздер іздейтін сан сезімдер поэзиясы, бейнелі образды сөздер, ырғақты шешен де шебер сөз құрамдары, теңеулер, өрнектер аз ба прозада? Еміренген сезім мен тебіренген сырлар ретінде: табиғат, махаббат тағы талай армандар прозада болмай ма екен? Онда поэзиядағы кейбір өлең қатарындай келісімдер, құйылыстар, сиқырлы сөз құбылыстары аз кездесе ме? Ендеше прозаиктердің ізденуі өздеріңіздің ізденулеріңіздей емес пе? Қатарында, қасында келе жатқан жоқ па? Иық сүйесің, бірге ізде-сің, қатар табысып келе жатқамыз жоқ па?

Сопдықтан поэзияның сөзін, оның намысы мен абройы, атағын жақтаушы жалғыз ғана ақындар тәрізді түсіну жарамсыз шалағайлық, үстірттік! Бұл тұстағы жаңағы аталған «қытықшылдықты», біздегі көп ақынның сын көрмегендігінен деп білеміз. Мысалы осы ретте біздің поэзияда 20—25 жылдар жазып келе жатқан ақындардың шын сынды көрмегендері бар. Әзілдей айтқанда «қарын шашы алыпбағаны да» бар деуге болады. Соңғы жылдарға шейін сондай сын көрмей келгеннің бірі біздің Тайыр ақынымыз. Оның өлеңінің идеясы мен мағынасы дұрыстығына қарап кейбір үстірттікке, кейбір өлең қатарында оқта-текте кездесетін ойсыраған олқылықтарға кешірім жасағыштық көп болған. Образда логикалық образдың аздығы, кей-кейде сөз тізбегінің аңқыған сыртқы ағымын қуғыштық, ойлы образ орнына сөздің тасыр-тұсыры, арыс-гүрсі өрекипі көп болатыны бар. Мысалы, мағына, тартысы, адам тағдырлары, жеке оқиға түйіндері орынды келе тұрса да «Тасқында» осындай кейбір ой-шұқыр оқаптар болғаны рас. Әрине, бұлар, бірақ Тайырдың әдебиетте алған үлкен орны «лайықсыз» дегізбейді. «Талантты ақын, қанатты поэзияның шабытты жыршысы» деген бағаны кемітпейді. «Жананды орман жаңғыртты» деген сияқты поэмалы жырлары, «Миллион» сияқты қызықты, түр тапқыш шеберлігін жойғызбайды. Осыларының бәрін тани тұра, көптен еленбей келе жатқан, тек бірде білініп қалған кемшіліктері болса, оны айтқан дұрыс дейміз. Бұл ретте мысалы Тәкен Әлімқұловтың мақаласы сөз болса, мен ол мақаланың негізгі ойларын, әділ сындарын, нақтылы айқын мінді көрсеткен анық даусыз жерлерін дұрыс дер едім. Бірақ ол мақаланың жарамсыз бір жағы бар. Оны-

сы — мазакқа жуық сықаққа бой ұрып кету. Тегінде мақұлды мазакқа, сынды сықаққа алмастырмау керек. Бұнысы Тайырға арналатын тон емес. Міне, осындай, Тайырдың өзіндегі және оған сындағы кемшіліктерді айта отыра, жаңағы атағандай «тез секем алғыш», тез күйінгіш мінездер ақындардан арыла жүрсе жақсы болар еді дейміз. Болмаса мүлде сауырын сипатпай, құлағына кол жуытпай мөккіп тұра қалатын ақыннан сып ойлар, шын ойлар қашаң соғып, қақас қалуы мүмкін.

Енді жоғарыда айтқандай табысымызды тани отыра, ойға оралатын бірталай олқылықтарды псэзиямыз жөнінен айту борыш деп білеміз.

Жолдас Мәлік! Әрине, газет бетіндегі шақ көлемді сұрақ хатта біздегі мол дүние, кең поэзияның бар түйінді мәселесін сіздің көтеруіңізге мүмкіндік болмады. Дәл сондай мен де поэзия жайындағы ойдағы талай түбірлі проблеманы бұл жауап хат көлемінде қозғай алам, таратып айта алам демеймін.

Әуелі, еналдымен сіз атаған «ұлттық характер» проблемасына сәл тоқтайық. Менің ойымша бұл жайды ұлттық характер деп алмай, ұлттық традиция (қазақша дәстүр) деп алғанымыз мақұл. Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен осу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік-күй мәселесі — бәрі де түгел кіреді. Бұл сөз ғылымдық жағынан апығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады.

Осылайша «ұлттық традицияны поэзиямыздың бүгінгі калпында қалай тұр» деп ой жүргізсек, қысқаша түйгенде, ол жағынан көңіл жұбанар кенеулі бір шындықты батыл айта аламыз. Біздің поэзия өзінің өткен тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет боп кеткен жоқ! Халықтың асыл мұрасының үлкен арнасын анық саналы мұрагер есебінде, үлкен көлемімен ілгері қарай жақсы дамытып, асырып өсіріп келеді.

Санада, сапада, түр-көрікте түгел солай. Екінші бір жай, ұлттық традиция мәңгі-бақи бір орында сілейіп қатып тұратын қалып емес. Ол үнемі қозғалыста, өзгерісте. Маркстік-лениндік эстетика бойынша біздің социалистік поэзиямызда ұлттық дәстүр тек бұрынғымен ғана байланыста емес. Қазақ әдебиет мәдениетінің өзінің ғана көлемінде, өрісінде қалуда емес. Қайта, әсіресе айналасынан, дос айналасынан ұдайы үлгі алып үйрене өсуде.

Міне, осы жағынан алғанда біздің поэзия және де ұлттық дәстүрді жаңа табыстармен байыта дамытып, жаңа дәстүрлер тудыра отырып үдеп келе жатқан әдебиет саламыз. Бұны бар ақындардың барша ірі табыс мысалдарынан дәлелдеу қиын емес. Абайдың өзін алғанда да, Пушкиннің аудару үстінде шалыс ұйқасты тапты. Ақындық іздену талаптарының соңында сегіз жолды шумақ, алты жолды шумақ, төрт буынды өлең жолын, алты буынды өлең жолын немесе он төрт жолды шумақты да тудырады. Соның бәрі нәтижеде шебер ақынның қонымды етіп беру себептерінен халықтың дәстүріне қонды да, қиоласып қабысып, ұлттық дәстүрдің өз тәні боп кетті.

Рас, Абай бұл жөнінде аз еңбек еткен жоқ. Ол төрт буынды «Бойы бұлғаңға», алты жолды шумақпен келген «Қор болды жанымаға», алты буынды «Көзімнің қарасы», «Сен мені петесіңге», сегіз жолды шумақ «Алыстан сермепке», тағы талай сондай өзі еккен поэзия плантациясына композитор болып арнаулы әндер шығарды. Жаңағы өлеңдік, соны түрді тыңдаушысына, халқына, кәрі-жасына еріксіз жаттатты, жадына сіңірді Сол арқылы Абай мұрасымен байланысты, жоғарыда айтқандай, ұлттық дәстүрдің сол кезеңде бізде қатты байып, өскелеңдеп қалғанын білеміз.

Бұл сипаттар Абайдың, Сәбиттің, Қасымның, Хамит пен Тайырдың жаңалықтарын айтсақ — бәрі сол ұлттық дәстүрдің сүбе мәселелері. Бірақ прозадан мысал келтіргенде, Мәлік, сіздің бір сөйлеміңізде мен құптай алмайтын жаңсақ бір ойыңыз бар.

Сіз «Құнанбай мен Игілік, Абай мен Асқар, Олжабектер образынан қазақ халқының өкілдерін, олардың өздеріне ғана тән ұлттық характерін, ұлттық ерекшеліктерін, көреміз» дегенсіз.

Жолай айта кетейік: Абай, Асқарлар халық өкілі болғанмен, Құнанбай, Игіліктер халықтың өкілдері емес. Олар азғана топ, қанаушы шоғырдың өкілдері болғандықтан сол өз ортасының өкілі деп аталу керек. Типтік образдар десеніз, бір сәрі.

Ұлттық дәстүрді дамыту, байыту керек дедік. Бұның сын-сипаттарының өзінен туатын үздіксіз мол көп саласында проблемалары бар Поэзияға арнай сөйлесек, мысалы, ол өлеңдік түрді байыту, көркейте байыту про-

блемасы. Тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы көркейте өсіре түсу проблемасы да бар.

Орыстың классикалық әдебиеті мен совет әдебиетінен және басқа туысқан достас елдеріміз поэзиясынан елеулі үлгі, өрнек ала отырып, қазақ поэзиясын тұрғыдан тұрғыға асыра, өсіре беру шарт. Осы ретте, мысалы, біз Пушкинді, Некрасовты, Маяковскийді немесе бүгінгі Исаковскийді, Твардовскийлерді қазақшаға аударғаның өзінде де, сол екі сала үлкен мәнді мәселені қатарынан зор табыспен, келісті көрікпен баурай білуіміз керек. Не соларды аударайық, не солар дәстүрінше жазайық, әр кезде жаңағы аталған аргы-бергі шып шебер ақындардың бәріне барғанда мерзім алған, даңғыл болған тек өз өлең түрімізбен, өлшеуімізбен бару дұрыс емес. Сол ақындардың бәрінің басқа-басқа түр өзгешеліктерін даралап алу орнынан үйреншікті төрт жолды ош бір буынды шумақпен немесе жеті-сегіз буынды ырғақпен, қазақ поэзиясының көлеміне ауыстыра беру мүлде дұрыс емес.

Пушкинді — Пушкинше, Маяковскийді — Маяковскийше ала білсек қана, біз жоғарыдағы аталған ұлттық дәстүрді дамыта байытамыз. Түр-өрнек үлгісін кейін өз өлеңімізге де қанықты, заңды үлгіміз, дәстүріміз есебінде мейлінше пайдалана аламыз. Осы жөннен сөйлегенде, біздің ақындарымызда іздену көп болғанмен, түрді байыту мол болмай баяу келеді, аз болып жатыр.

Сол дәстүр мен түрдің сөз мәдениетіндегі тағы бір ең үлкен күдіретті элементі — тіл. Ол тілдің де жайып, жөнін жаңағы ұлттық дәстүр турасында сөйлегендей, өткеннің мол қазынасын мейлінше баурап ілгері қарай дамыта байыту міндетімен қатар алсақ, біздің көп ақындардың тілі де маған бай көрінбейді.

Тіл жөнінде бұрынғының қорынан қарбытып алып отыратын, анық асыл тіл байлығы бар екі ақынды бөліп айтар едік, олар Асқар мен Ғали. Ал соңғы кезде әсіресе, «Мариям Жагор қызы» поэмасының соңғы вариантын оқығалы, тіл жөнінде мен Қалижанның қатты іздену, табуы бар екенін сүйсіне аңдадым. Ақындық тәжірибесінде мол пайдаланбаса да фельетон, әзіл-ажуа түріне ауысып, сол кішкене көркем жанрда өз өнерін өткірлеп, айқындап ашып келе жатқан С. Адамбековтың тілі де сүйсінердей нәр танытты. Тіл жөнінде біздің көп ақын-

ның «сөздік қоры онша мол емес-ау, шағын-ау» деген наразы ой көңлімізге көп орала береді.

Біздің бір топ ақындар тіпті осы күнгі қазақ әдебиетінің өзінде жүрген барлық пен байлықтарды да сонша көп елемейді, пайдаланбайды ғой деп ойлайсың.

Тіл — сөз қорына қарап, біздің біраз ақындар арасында осы күнгі қазақтың тәуір аталып жүрген роман, драмалардың өздерін де оқымайтындары бар ма деп ойлайсың. Бұл әрине, көңіл қаларлық шабандық пен бойкүйездік.

Біздің ақындарымыз алдында ұдайы тұратын поэзияның бір өзгеше жауапты жайы және бар. Ол — көп қысқа өлеңдердің тірліктен алатын, күндегі болмыстан: отан, тарих, халық шындығынан алатын ортақ тақырыптарының көптігі. Сол тақырып ортақ болғандығы әр ақынның жұрт айтпағанды айта білетін өздігін, ақындық даралығын, өз үнін және осылардың бәріне шын көмекші өзіне тән тіл сөздігін, ақындық сөздігін шарт, міндет еткізеді. Ал осы жайға келгенде, біздің ақындарымыздың өлең түрлері мен тіл сөздігі, ойлары, шамашарқы қаралас, тіркес болғандықтан, амалсыздан бір көңілсіз көрініс туады.

Жаңағы аталған көпке ортақ және өзі аса қадірлі, қасиетті тақырыптардың талайының тұсында өлеңдер көңіл қалдырарлықтай, қарын ашырарлықтай боп, біріне-бірі аса ұқсас шығады. Бірін-бірі қайталаушы тәрізденген ақын тобы қоюлап кетеді. Өлең сандары тұтас бір бояулы, бір ағын сияқтанады. Бұл, әрине, өкінішті хал! Осыны — көптен байкалып жүрген, көп оқушы аузынан жиі естілетін, шынайы орны да бар наразылық себебі деуге керек. Ал осы ретте жоғарыда атаған ұлттық дәстүр дегеніміздің тағы бір үлкен шарты бар. Бұл поэзияның аса ділгір асыл бір элементі. Атағалы отырғанымыз ақындық шығармадағы тіл теңеуі, ақындық образ жайы.

Осы образ жөнін біраз айта түсу қажет. Біздің поэзияның 30-шы жылдардан бергі өсу қалпымен қатар, дәл образ жөнінде тағы да қатаң талап қойғызарлық олқылықтары да байқалады. Көп ақынның көп өлеңі образсыз қисын-құйылысқа бой ұрғыш боп барады. Образ жөнінде жалаңдық пен ерекше бір сарандық, немесе кешірілмес салақтық сияқты жайлар бар. Рас, кейбір ақындар тұрасында бұл көңілсіз жайдың себебі де ойға

келеді. Мысалы, Сәбит 30-шы жылдардың аяғына шейін реалистік дәстүрді көп өлеңімен көрікті етіп баурап, дамытып келіп еді. Оның бұрынғы қазақ поэзиясы айтып көрмеген, және айтуына мүмкін де болмаған аса қызықты тапқыр да, тың да тенеулері көп еді. Ал бертін келе Сәбит прозаға көбірек ден қоюмен қатар өлеңін де керексіз прозаизмге жеңдіріп алды.

Сәбиттің бергі кездегі өлеңдері тек ақылға, орамды шешендікке құрылады. Ал ақылға баратын болсақ, көпке мәлім шындықты орташа, тақ-тақ шағын ойлармен айту өлеңге қанағат та, қуаныш та емес. Рас, поэзия тегі ақылдылықтан әсте жүдемейді. Қайта ақындық терең философиямен ұласып жатса, ол да сан лирикадан сапасы кем түспейтін, сап таза келісім болар еді.

Арабтың арыдағы соқыр ақын философы Абул Ғала Мағриден, Гетеден кешегі Уитменге дейін, өзінше бөлек ерек созыла келетін философияға толы поэзияны еске алыңыз. Бара алсақ, сондай терең ойлы өлең өріне барып бағайық. Мұндай мол ылғалды философиялық қоммақтау болмаса біздің шақ қана құрғақ ақылға құрған көп өлеңіміз орташа жортақы шамада қалады. Қанатсыз, шарасыз жырлар санын ғана молайтады.

Сөйтіп тақырыбы ортақ, әрі өлең етер түрі ортақ, әрі айтар тыңдығы аз, күндегі көп қолданып жүретін ұғымдар, образсыз ұғымдар болғандықтан көп ақынымыздың көптеген өлеңдері біріне-бірі қатты ұқсас шығады. Біздің бүгінгі поэзиямыздағы көңілсіз жайдың бірі осында. Сол жайды сейілту үшін тым құрса образ іздену күшейсе екен.

Біз Хамиттен арқауы қатаң ақылды шабыт, алғыр шабыт жырларын мейлінше мол тосуға болады деп білеміз. Ол ізденгіш те және көбінше тапқыр да. Әсіресе реалистік дәстүрдегі нақтылық (конкретность) Хамиттің үлкенді-кішілі шығармаларынан жақсы көрінеді. Қуантарлық жаңалықтарды көп сезесің. Бірақ сол Хамиттің таңдамалы шығармаларындағы көп өлеңінен образды теңеуі мол өлеңдерді аз кездестірдік. Ал сол өлеңдер арасында «Қырғыз досыма» деген өте көркем өлеңде оригиналдық ой да бар, тамаша табыстай қуантарлық образ да мол. Сондай теңеуі мол образдық, жақында шыққан Құрманғазының балалығы жөніндегі өлеңінде де айқын, әсем байқалады. Бірақ көпшілік өлеңі жаңағы айтқандай образ жағынан жалаң жатыр. Бұны,

кейбір ұғымсыз қатарлары жөнінде, Мәлік, сіз әрынды көрсеткен міндерге жалғай айтамыз. Хамиттің кемшілігіне, салқындығына, ұқыпсыздығына қоса тіркеп айтарық мін деп санаймыз.

Образдардың аздығын көп ақынның көп өлеңінен сездестіру жиілеп кетті. Осының бір себебі мынадан ба іейміз. Бір кезде, әсіресе, 40-шы жылдарға кіре бере, біз өзіміздің поэзиямызға «фольклорға бағынысты байтанысы, жалғасы үзілмей қойды», деп сындар айтып, синалар тағатынбыз. Содан жалт бұрылған біраз ақындар бұрын фольклор айтатын және өздері де қолдана беретін бірталай: ай мен күн, аспан-көк, жұлдыз бен кел, жүрек пен жан, найза мен семсер, болат пен гүл, аяз бен түн тәрізді теңеулік компоненттің көбінен қашықтап жүрді.

Тек, бірақ, сол ай мен күнсіз жер баласының, біздің планета ақындарының тіршілігі, тынысы бар ма?! Әңгіме соларды теңеуге алуда емес, қалай алуда емес пе? Айды әзіл, мысқыл ретінде Маяковский де айтады. Онан соң қалық поэзиясы үлгісінде айтылған образдың бәрі бірдей тек сары жұрт қана ма екен? Бұрынғы қазақ ақындарының өздері де тегінде: «Өзгенің айтпағанын, айта алмағанын өзімше айтамын» деп теңеу сөзді тотыдай гүрлендіріп, өзінше дамыта айтпаушы ма еді?

Өзіме аты белгісіз бір ғана ақынның адам мінезі жөнінде айтқан бір-ақ ауыз өлеңін келтірейін:

Жігітке мінез керек қырық құраудай,
Мысалы асыл мінез май сылаудай,
Желдетпей, дауылдатпай, борандатпай,
Табаннан өту керек боз қыраудай,—

дейді.

Осы өлеңде қаншалық көп теңеу бар: бұнда қырауда, май сылауда, желдету, борандату, дауылдату, тіпті габан да, бозқырауда — бәрі құйылып тұрған образдар. Осында аталған бір зат та дәл өз мағнасында жұмсалған емес. Бейне тілінде арнауы басқа, нысанасы оқшау жатқан сөздер. Және бір қасиеті, бұл өлең ешкімді де қайталамайды, ешбір фольклордың тапталған ізін тағы баспайды.

Сондықтан образды сөз айтсақ, фольклорға кетеді екенбіз дегендей, әсіресе оның ішінде: «Ай, жұлдызды, жан-жүректі атасақ өнерлі ақындарымызға нұқсан келер-ау» деген ойдан аулақ болу керек.

Әңгіме ұлттық дәстүрді, ақындық түрді бар элементі жағынан байыта, дамыта айтуда.

Образ іздену жөнінде батылдық керек. Жолдас Мәлік, бұл жөнде сіздің Тоқаш Бердияров поэмасына жалпы берген бағаңыз мен үшін түгелімен даулы. Сіздің сыныңыз бұл жөнінде әділ емес. Әсіресе оның «темір ми» деген теңеуінен үркіңіз және де жол емес. Достоевский прозаның өзінде «Қарамазовтың арының мандайы жез еді» дейді. Ардың мандайы боп, оның жез болғанын неше атадан көріп ек? Образ жөніндегі және түр тұсындағы ізденулерге соққанда, тегі біздің сыншылар, әсіресе әдебиет сабағын жүргізетін оқытушыларымыз үйреншіктіден басқаны жатырқағыш мінезді аз қолдану керек. Орыс әдебиет сыны көлемінде ондайды «академизм» деп атайды.

Біздің поэзияға, төрт жолды он бір буынды өлшеуден, өлендік түрден, ұйқасты ырғақтан басқарақ та түрлер, жаналықтар іздену керек дейміз. Сонда мысалы, сөйлеу интонациясына құрылған «ақ өлең» (белый стих) үлгісін де еске алу шарт. Бұл ретте Пабло Неруда, Назым Хикмет тәжірибелерін атай кетер ек! Ал біздің сөйлеу интонациясына құрылған басня (мысал) үлгісінің өзін де менгере алмағанымыз мәлім.

Пушкин, Лермонтовты жақсы аударған Абай да Крыловтың басняларын басня түрінде аударма алған жоқ. Қазақша өлең етіп аударды.

Әрине, жоғарыдағы тіл мен теңеу, түр мен дәстүр жөніндегі айтқан ойларымыздың бәрі де, поэзия көлемінде, көңілге дұрыс көрінгенмен, көбінесе шартты түрде ғана айтылатын шындықтар. Өлең тек образдан ғана жақсы болады деп мүлде кесіп айту және де жөн емес. Бір ақын жөнінде, не болмаса бүгінгі бар поэзиямыз жайында ойлай шолу, сынап шолу пікірлерін айтқанымызда бар өлең бар ақында түгелімен төрт аяғын тап басқан ылғи ғана тұлпар туысты бола қалмады деп кінә тақпаймыз. Ол болмаса поэзиямыз өспеген, жетіспеген шалағай деп, шалғай пікір түймейміз.

Ақын да тегінде исламның алласы емес. Сілтегені перизат, сермегені кем қойғанда адамзат болып жаратыла қала бермейді. Жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын қалам жоқ дер едік. Әр поэзияда әр елде де жақсы да бар, олқы да бар. Біздің де әр ақында табыс

та бар, мін де бар. Сын ойларды, «табыс атаулы алыс өрісіне қарай маңа берсін, өрлей, мезгей берсін» деген дос көңілімен айтамыз. Сондайда ұдайы тенеумен тізілмей-ақ жақсы біткен өлеңдеріміз де аз емес дейміз. Мен өзім прозаик бола тұра, лирикаға көбірек ынттықпын. Сондықтан да біздің бүгінгі ақындар арасында Ғалидың, Қасымның, Әбділданың, Сырбайдың қысқа қайрылған сыршыл өлеңдеріне көп қызығып ден қоямын.

Рас, бұл қатарда, Әбділданың лирикасындағы оригиналдық тапқырлығын танумен қатар, кейде ойша дау айтатынымыз болады. Әсіресе, оның кейбір лирикалық шебер толғауларының адресі оның үй-ішінің мүшелеріне арнала беруі көңілге жағымды, жатымды көрінбейді. Бұл жайда, сыршыл емес Тайырдың бір өлеңін бір жинағында «Мүнираға» деп тұрып бадырайтып, атап арнағаны, соншалық нәзік сыпайы дәстүрге жата бермейтін тәрізді.

Ал жаңағы аталған лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе, қысқа қайрылған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде, бабына жетіп, балқып толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді.

Сондай өлеңдерде қызықты қысқалық, қымбат өзгешелікке жете алған. Өздерінде жоғарыда біз талап еткен образдар да көп емес. Сонысына қарамай, өте ыстық өлеңдер андайсыз. Шын ақындық орамы мен ырғағы, тірліктің шынайы болмысынан туған сезім мен шымырауы бар. Сол сырлары әсерлі асыл өлең тудыруға себеп болған.

Бұл жауап хатта, жоғарыда айтқандай, поэзияның бар мәселесін қамту түгіл, талай-талай үлкен проблемаларын ауызға да ала алмай қалғанымыз бар. Сол ретте, мысалы, поэмаларды айрықша сөз ету керек еді. Оған мақала көлемі әзір ырық бермеді. Оның үстіне шығармаларын біле тұра әралуан күйде бағалай да сынай жүре, ссте тұтатын талай ересек және жас ақындарымыз бар. Олар жайындағы сөзді де келер бір кезекке қалдырмасқа шарамыз болмады.

Ал осында аттары аталған ақындардың жазушылық өнеріне тек қысқа өлең тудырған жөнінен ғана соғып өттік. Бірақ бұл бір топ ақындарымыздың ақындықпен

қатар танытып жүрген басқа жанрдағы еңбектері тағы бар.

Бар жанрда жазатын Сәбитті еске алумен қатар, фельетон, сықақ, зайқымазаққа шеберленген Асқарды атау керек. Прозадан әралуан үлгіде жақсы өнер танытып келе жатқан Ғалиды да еске алмай болмайды. Ақындық өнеріне драматургиядағы көп іздену еңбегін қосып келе жатқан Әбділданы және бөлекше атау жөн.

Соңғы жыл ішінде «Қазақ әдебиеті» газеті шығуымен қатар әдебиеттік сын, ой-толғауларға өнімді түрде араласып, өз таланттарының тағы бір қырларын жақсы көрсетіп келе жатқан: Қалижанды, Хамитті, Жұбанды, Сырбайды, Аманжолды әдейілеп атай кетуді қажет деп білемін. Себебі бұл ақындар поэзияның өзіне ақындық еңбек сіңіруімен қатар, енді сол поэзия туралы сыншы ойларды зерлеп, өз жанрларының жауапты жайларына үңіле қарай, толғанып ойлай бастағанды байқатады.

Поэзияның жауапты адамдары неғұрлым сол өз саласындағы жауапты ойларға тереңдеп, шома бастаса, соның өзі де жаңа сапа іздеу мен табудың кепілінің бірі.

Міне, осымен біздегі поэзияның әлі аталмаған, бұл жолы біз аша алмаған талай сыры мен шыны қалды дейміз. Соған мойындай отырып, әдебиетіміздің ұлы саласы поэзияның бүгінгі керегіне жарарлық біраз жайлардың бір ғана шетін ашуға жарасақ, осы сұрақ хат пен жауап хаттың алғашқы міндеті ада болуға жарарғаны дер едік.

1955

ӨМІР МЕН ШЫҒАРМА

Партияның XX съезі біздің әдебиет үшін аса мол, құнарлы ойлар қалдырды. Қазір сол ойлар үстінде әдебиетшілер мен жазушы ұйымдары көп мәселені зерлей толғап жүр. Тегінде әдебиетке көптен көп жайлардың қатынасы бар. Сондықтан да XX съездің қорытындыларына байланысты әдебиет міндеттерін ойлаушының бәрі де әдебиетке тікелей қатынасы бар мәселелер мен жанай қатнасы бар жайларды да кең түрде тереңдей түсінгісі келеді.

Съезде күмәнсіз әділ, даусыз дұрыс шындық ретінде әдебиет пен өмірдің байланысы сөз болды. Сол байла-

ныс ойдағыдай болса, өмірді білу қанықты, терең болмақ. Тек сондай білімге сүйенген творчестволық ой ғана дегеніне жетеді. Енді осы өмірді тану, білудің біздің болмысымыздағы түрлері қандай? Талдап көрейік. Сол білудің ең мол бір түрі бар. Мұнда жазушы өзі бейнелейтін адамдарының жайын өз көзімен көріп біледі. Болашақ геройларын еңбекте, жай тірлікте, мысалы, тынығу шағында, көңіл көтеру кезінде, кейде жол үстінде, тағы бір шақ қонақта, әлде басқа бір ермекте де сол жандарды көріп, танып білетін болады. Геройдың дос-жараны, қыр адамдары, айналасы, ортасы дегендерді де таниды.

Бірақ осылай бола тұрса да, жазушы сол геройының өмір сүрген, еңбек еткен ортасымен тікелей байланысты емес. Сол себепті, мысалы, оның махаббаты, кейіс-күйігі тәрізді жайларының бәрі де геройдың ортасына қатыспайды.

Осындай жөнмен өмірді білу, жазушының ақылмен, зерттеумен ғана білген жайына барабар дер едік. Мұнда белгілі дәрежеде өмірді білу, тану жағдайлары болғанымен де жазушы үшін, мейлінше жеткілікті фактор сай болды деп айта алмаймыз. Себебі өмір фактісін білу бар да, тереңдей ұғыну бар.

Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптың тамыр, төркіні ең алдымен жазушының өзінің жанынан терең орын алған күйлерден туады. Адам тағдыры мен тартысының барлық шақтарына өзінің ішкі-сыртқы болмысымен нақтылы түгел шомған жазушының көңілінен ғана көңілдегідей тұлға туады. Жүрек қанымен жазылғандай әдебиет шығармасы өзі де — сүйген, өзі де — жиренген жаннан шығады. Бірде достасып, біресе алысқан, кейде қуанып, күліп, мез-мереке көрген немесе ащы күйік, ыстық жас төгіп өкінген, жеңілу мен ұтылу жазасын шеккен, болмаса жеңіс, табыс пен қуаныш, шаттық тапқан қысқасы бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады.

Совет жазушыларының да ең жақсы шығармалары анық өмір қазанына автордың өзі қоса қайнап жүрген көзімен байланысты туған. Болмаса, олардың жай өмірде, белгілі адам ортасын көлденеңнен ғана көріп жүрген айларынан, жылдарынан да жанды шығарма туа қоймайтын. Бұлай болса кей жерлерге барып, кейбір

өмір материалын зерттеп, бірталай тірлік фактілерінің білгір адамы бола тұрып та сол дүниенің шын сырына, бар жаратылысымен терең бойламай қайтуға болады. Мұндайда және де шығарманың ойдағыдай, көңілдегідей шығуына мүмкіндік жоқ. Болса орташа ғана, өзінше дұрыс қана шығарма шығуға мүмкін. Бірақ бұл мақсат емес.

Жазушы неге нашар жазды? Мұның себебі біреу ғана емес. Ең әуелі өмірді нашар білу бар. Жазам деген ортадан сыртқары тұрып жазуға болмайды. Өзің талдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялап та іштен кешіру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл терең сенімді суреттер сай келеді.

Ал енді осы айтқанмен қатар біздің творчестволық тіршілігімізде тағы бір мәні аса зор екінші жай бар.

Көп уақытта біз өмірді біле тұра да, көркем шығармаға керек шындықтың көбін жазбайтынымыз болады. Бұл мәселе өте маңызды тезистің бірі болғандықтан сәл таратып айтайық. Әдебиет, адамды тану өнері деп танылғанда, әр. шақта, әр дәуірде адамды оның жан дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеу керек болатын. Бұлай болса, махаббат та бар шырқау барған шағымен алынады. Ерлік, батылдық та, кек пен өштік те, құрбандық пен тайталас та, қастасу мен ұстасу да ең төргі өрісіне жету шарт. Мұндай кездерде адам өзін-өзі ұмытар халге жететіні болады. Дағдылы, мерзімді қалпынан мүлде өзгеріп, өсіп кететіні бар. Сондай күйден ғана терең шындық шағармасы туады. Ендеше ең үлкен шарт не? Шарт, саяз қалқымау, шала қарпымау! Болмаса шала шалағайдан не тумaq? Қорік те, бөрік те жоқ, ши-шырпы ғана туады.

Тірлікке терең шомып, ой ұрығын терең көміп іздену қажет. Сонда ғана шығарма шынарын, еңбек еменін өсірсе болар. Біздің бұл атаған шартты жайларымыздың тұсында көздің жасы да, көңілдің өкініші де, ащы азап, ауыр қайғы толқыны да болады. Адам басынан бір кешсе де бірегей боп өлім шағына дейін ұмытылмай кететін кейбір өмір әсері де бар.

Көркемөнердің өткен тарихын алсақ, барлық адам драмасы, трагедиясы, тартысы мен жеңісі — баршасы

да осындай сезімдер мен сырларға толы болғанын көреміз. Тіпті ертегілер мен эпостарды алсақ та, халықтар қиялдары сюжет жасау әдісін, тартыс асылын адамдық материалдың жаңағыдай жайларына ғана құрған. Егер Тристан мен Изольда, Ромео мен Джульетта, Ләйлі мен Мәжнүн және Анна Каренина тәрізді жандардың өлім қазасы болмаса, солар жайында поэма, трагедия, роман да тумас еді.

Затында қылмысты қанішер емес Раскольников кісі өлтірмесе, психологиялық романның үлкен арқауы құрылмас еді. Наполеонның шабуылы болмай, Россия тарихтық толғаққа, Отан жүрегі Москва жау қолына түспесе, «Война и мир» де тумас еді. Оның барлық құрылысының ең қатты серпер пружинасы болмаған болар еді.

Дәл осындай жайды біз советтік шығармалардың асыл үлгілерінен де көреміз. «Любовь Яроваяның» ең мығым, ең қатқыл іргесі қызылдардың қаладан айрылып қалу әңгімесінде. Бұл өлкенің коммунистері жаумен ашық, айқын өлім, өмір бәйгесінде айқасады. Дәл Вулканның қайнар қазанының ернеуінде пьеса геройларының бар өмірі мен тірлігінің тартысы жүріп жатады. Сонау Кошкин, Швандя, Любовь Яровая тайып кетсе, төменгі жағы жұтқалы тұрған ажал шыңырауы. «Не өмір, не өлім» аталатын өткір қылыш жүзіне бұлардың табан басқан жайы бар. Дәл сондай күй «Разлом», «Разгром», «Бронепоезд» геройларының да басында болады.

Соңғы пьесада жау қолында бронепоезд болғанда, совет партизандарының батыл жүрек, құралсыз құр қолынан басқа түгі жоқ. Сондықтан тартыстың бар тәсілі біткен шақта, сол геройлардың кейбірі жау бронепоезінің дөңгелегі астына, шойын жол рельсіне өздерінің басын төсейді. Ерлердің қажыры, адамдық қасиеті сондайлық шың басына шырқап шыққандай. Мұнда да тартыс ажал шыңырауының дәл аузында жүріп жатыр. Әрине осындай шақтағы драма тартысы жасанды да, жалған да емес және жалтартпастай міндетті тартыс боп шығады.

Міне, осы аталған жайлардың бәрінде де өмірді құр ғана көрсету емес, мұндағы, орысша айтқанда, «отражение», біздің білуімізше Ленин талап еткен көркем-өнер шарты — анық отражение осындайда ақталады.

Шынайы күрделі, қиын қақтығыстар тұсында ғана адам сезімінің, талайының, талабының, мінез-нәрінің, тағдырдың барының баршасы түгел ашылып, тартыс қатал айқасқа айналады. Осындай ғана қақтығыстар барлық повесть, роман, драма атаулының ең сенімді қаңқасын, арқа сүйер тұлғасын тұрғызады.

Адам мен адам арасындағы терең жардай, өткелсіз шыңырау қарсылықтары әр жаратылыстың барынша терең шыңын түгел ашады. Сол шыңнан: шынайы көздің жасы да, сағыныш, өкініш те, қам-қайғы қасірет те, трагедиялық айрылыс, үзіліс те және неше-алуан моральдық жан-тән катастрофасы қаза да, саза да туады. Осындай күйлер кездесіп, геройдың өзі де ойламаған, сезбеген сыры мен шыны ашылатын шақтар болмаса, оның жаны бар қуатын барынша ашпаса, көркемөнердің терең шындығы шықпай жатады. Анық терең шындық болмаған күйде, адам жаны бар түкпірімен түгел ашылмаған халде, анық шабытты жазылған шынайы көркем роман да, драма да тумайды.

Жаңағыдай көңіл жайына, шырқау шегіне жетпеген герой көп кезде бойында тек көп сыры қалған, көп қымбат мүмкіншілігі жүрген адам болады да қояды. Бар мүмкіншілігі ашылмай қалған жан болады. Ендеше ол тереңіне жетіп, түгел ілген, танылған жан да болмайды. Біз кейбір жағымды геройымызды тіпті үлкен жауапты адамымыздың бірі болса да, соны кейде ерекше қиналған, қапа-қайғыға түскен, көз жасын төккен халге жеткізіп неге жазбаймыз? Немесе оның жарқын көңілмен, қуаныш, бақыт тапқан шағын неге жаңағыдай айқын, терең шырқай ашып танытпаймыз.

Біздің зор қасиетті тамаша асыл адамдарымыз талай-талай олқылық пен кемшіліктердің себебімен қайғырып, қиалатын шақтар болмай ма! Әсіресе іс жүзіндегі еңбек тіршілігін алсақ, қызмет бабынан да қынжылатын шақтар болады. Үй іші тірліктен де, бас сезімі жағынан да кейіс-реніш болмай ма екен! Кейде, мысалы, ерлі-зайып тіршіліктерінен, тағы бірде достықтап және бір шақта аталық пен аналықтың қамынан, сүю мен жирену шағынан, дос пен қас тарапынан тататын ащы мен тұщы аз бола ма! Ал біздің повесть, роман, әсіресе, пьеса атаулымыз да жаңағыдай адам шындығының орнына, көбінше жалған драма, жалған тартыс түседі.

Осы жалған тартыстар шығармаларымызда шын тартыстың төлеуіне жүріп кетіп, конфликтсіз құрылыс деп аталды. Барлық жанрдағы шығармаларда сондай жасанды жалған құрылыстар мол орын алғандықтан арзан колды шығармалар молайды.

Тағы бір сұрақ бойынша тақырыптық материалды, шығармалық ортаны қайдан іздеу керек деген сөз туады. Біздің ойымызша оларды совет адамы еңбек еткен жер мен жайдың бәрінен іздеу керек. Тегінде тартымсыз тақырып жоқ. Қандай ауданы аз орта, шамасы шағын әрекет жайындағы кез келген тақырыпты алсақ та, баршасында атом қуатындай қайрат бар. Бірақ сол қуатты тауып ашып, шынын шешіп көрсете білу шарт. Былайша айтқанда, совет адамының сондай қасиетті жанын: аталық, аналық, балалық сипатын да бар қуатымен таныта білу міндет. Бұл жағынан қарағанда, бар тақырып таңдаулы тақырып саналуға лайық. Ешбір окшау тұратын осал тақырып жоқ деуге болады. Себебі бар жерде ең алдыңғы ойдағымыз адам болса, ол социализмді жасаушы совет адамы болса, оны бойындағы жан қуатының, азаматтық, адамдық сипатының бар қасиеті жағынан таныту өнер зоры.

Міне, осы сипат ретінен қарағанда, оқиғаның жүретін ортасы қала ма, село ма, аудан ба, разъезд бе, мұның парқы аз болатын жайы да бар. Әрине, қай шақта болса да, жазушы өз геройының өзіндік ортасын терең де түгел, жан-жақты тегіс танып білу шарт. Сол үшін баратын жеріне барып, тұратын жайында тұру да соншалық қажет. Осы ретте, әрине, дау жоқ, ауданда, колхозда қалың еңбек елінің тірлігін мейлінше жақын тұрып, жақсы білу керек. Және сонымен қатар әлдеқайда ұзақ уақыт тереңдей тануды қаланың өзі де қажет етеді.

Жалпы алғанда жазушылар біздің тірлік пен тарихтың көп-көп саласының бәріне де қарыздар. Сол қарыздың үлкені колхоз жөнінде, жұмысшылар тұрасында және басқа да социализмді жасаушы көп жандар алдында түгелімен атқарылмай тұр. Ал енді осы аталған көп қарыздар ішінде дәл осы тұста айрықша бөліп атап айтар бір қарыз бар десек, ең алдымен Москваның өзінің алдындағы қарызды атар едік. Әдебиеттің бар жанрында Москва шындығын, жалпы Москва жайын жазу

соншалық қызғылықты, тартымды тақырып. Барынша күй салып, қызықтырып тұратын тақырып болар еді.

Мысалы біздің туысқан елдер әдебиетінің шығармаларында Москва ең биік таразы қазы есепті танылар еді. Мұнда жеңістің бағасы, таланттың танылуы, әділдің ақталуы, қатенің жазалануы, дұрыстың үстемдік алуы, даулар шешілуі, княздар іске асуы — бәрі де бір Москвада жай табады. Міне дәл осындай Москва туралы сан эпопея жазса да болар еді. Сол тәрізді жалғыз Москва емес, біздің көп-көп басқа мәдениет орталықтарымыз мысалы, республикалардың, облыстардың орталықтары да мол тірлігімен талай терең де тың тақырыптар тудыра алар еді.

Мысалға Қазақстанның өзін алсақ та, Алматы, Қарағанды, Семей, Шымкент тәрізді талай үлкенді-кішілі мәні зор мәдениетті орталықтар туралы романдар, пьесалар, повестер жазса олқы соғар ма еді! Осы тұста, әсіресе, Қазақстанның кешегі шөл ғасырларында белгі-бұдырсыз, елсіз құлазып тұрған жайларға орнаған жас қала, өңшең тамаша ғажайып дүниелер: Лениногор, Балқаш, Жезқазған, Текелі, Қентау, Теміртау тағы толып жатқан өзгеше өндіріс ұялары бар жанрда сан алуан эпопея туғызбас па еді.

Жалғыз-ақ осы жайлардың бәрін сондай орталардан алып жазғанда, барынша терең, шыншыл, толық қанды реалистік әдіспен жазу керек. Бұл үшін эстетикалық идеялық биік мұратты ойға алу керек те, біздің адамдардың ғажайып зор, тамаша сұлу болмысын биік дәрежеде ірілете көрсету керек. Сонымен қатар оңайлықпен жойылмай жатқан бұрынғы замандарда батпандап кірген, кейбір ауыр қалдықтарды да тереңдеп ашып батыл жазу шарт.

Сол үшін біздің адамдардың күншуақ шұғылалы жайларын өз шындығымен кең ашудың қатарында сол көңілдердегі кейбір кейісті те көрсету шарт. Ол бірде аталық, бірде аналық күдік уайымы болуға мүмкін. Тағы бір шақта біздің қоғамның сау денесіне жабысып келе жатқан әлдебір қалдық элементтер біраз жандардың мінезінде, әдет-машығында, шала тәрбиесінде кейде қызғаныш, кейде арзан-наразылық, тағы бірде мансап-қорлық, интрига құмарлық түрінде де қалыспай жүруге мүмкін. Тегінде осыған ұқсаған тағы талай түрлі қалдықтар біздің тарихымызда, әділ сыншыл бағамызда,

қалдық деп аталғанымен олардың кесел-кесірі жеңілмейді. Қайта кейбір жеке адамдар тағдырына сол қалдықтардың аса ауыр әсер ететіні де бар. Және мұндай жайлар, комедия, трагикомедия, болмаса гротеск тәрізді ғана көрінбей, көп өмірлікте нелер қайғыға соғатыны да болады. Бұл қалдықтардың кейбір бұзар, азғын түрлері талай жанның әлі де көз жасын, көңіл шерін, кейде тіпті жазықсыз жандардың қазасын туғызып жүргендері де бар.

Тегі психофизикалық жаратылысы жағынан адам атаулы әралуан келеді. Л. Н. Толстой соған қарап әрбір жеке жан «әсте қайталамайтын комбинация» деген. Жақсылықта да, жамандықта да әр адам өз жаратылысын өзінше аңғартады.

Әрине, бұған қарап адам арасындағы көпке, топқа ортақ тұтас бітім жоқ деген ой тумайды және тек қана жеке даралық қалпы өзгеше сипатталған бейнелер ғана шындыққа жуық деген де қорытынды жасалмайды. Бұл жайды, кейде адам сезімдерін, еркін ой жүйесін үйреншікті бір ғана арнада стандарттық түрде суреттеудің орынсыз екенін аңғарту үшін айтамыз.

Мінекей, біздің заманның орталықтағы, жер-көктегі коллектив пен семьялық, жекелік өмірін әр алуан тұрғыдан көрсеткенде, шамасы осы айтылғандай отражение болса екен дейміз. Сонымен өмір мен көркем шығарма бірін-бірі нақтылы, шынайы күйде өздерінің анық, берік нықтарымен жанасып, сүйеніссе екен дейміз. Осындай талаптарға жауап ұра жазылған шығармалар партияның XX съезі атаған алға қойған зор тарихтық міндеттердің аңғарынан шығар деп үміт етуге болар еді.

1956

ЛУЧШИЙ ДРУГ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЛИТЕРАТУР

Невыразимой скорбью полны сердца казахских писателей, всех деятелей культуры казахского народа. Ушел от нас гигант художественного слова, пламенный руководитель расцветающих литератур многонациональной нашей Родины,

Ни одна фигура писателя-художника не вырисовывается в течение долгой творческой жизни таким отточенно ясным оружием против мерзостей буржуазного мира, как величайшая фигура Алексея Максимовича. И чем яснее была эта сущность его жизни и деятельности для врагов трудящихся, тем ближе, роднее становился Горький для всех угнетенных наций земного шара, для всего трудового человечества.

Еще задолго до революции, в 1902 году, в связи с огромным успехом пьесы «На дне» монархический журнал «Русский вестник», призывая буржуазное общество опомниться и не признавать Горького, писал: «Горький Максим ударами пера, как ударами лома, рушит и самую почву, на которой стоит это общество. Какой вредный писатель! Какие слепые поклонники, читатели, зрители».

А. М. Горький был непримиримым врагом буржуазии и, невзирая ни на что, выкладывал перед ней горькую правду жизни, не скрывая никогда своей классовой ненависти и презрения к ней. В 1906 году в одной из статей, озаглавленной «Господам журналистам Франции», он писал: «Господа, искренне говорю вам — честному писателю и социалисту глубоко оскорбительна любовь буржуа». И не на основе частичных, единичных фактов, а на основе глубокого знания и одобрения всего смысла деятельности А. М. Горького Ленин в 1909 году говорил: «Товарищ Горький слишком крепко связал себя своими великими художественными произведениями с рабочим движением России и всего мира, чтобы ответить им (буржуа.— М. А.) иначе, как презрением»¹.

Даже полемизируя иногда с Горьким-публицистом, Ленин никогда не переставал высоко оценивать Горького-художника: «Нет сомнения, что Горький — громадный художественный талант, который принес и принесет много пользы всемирному пролетарскому движению»².

¹ В. И. Ленин. Полн. собр. соч., изд. 5-е, т. 19, стр. 153

² Там же, т. 31, с. 48—49.

Так, последовательно и стойко определившийся славный путь художника-борца, все расширяясь масштабно-исторически за все годы его деятельности, превратился в мощный поток с творчески наполненными берегами подлинно величайших произведений его гения. Художник орлиного горизонта, он дерзновенной песней о буре известнике внушал страх врагам революции. Враги видели в этой призывной песне восходящего класса грозное для них знамение времени. Подлинно горьким и горчайшим был он для буржуазии всех мастей всего мира. Это было на заре революционных лет. Но и тридцать лет спустя, накануне возвращения Алексея Максимовича в Советский Союз из Италии, капиталистический мир убедительно выразил свое отношение к Горькому воем влиятельной буржуазной газеты «Германия»: «Западная культура безнаказанно допускает, что Горький становится тараном большевизма против этой культуры».

Возглавляя передовые шеренги атакующего класса, Алексей Максимович на съезде писателей убедительно и вдохновенно штурмовал последнюю твердыню буржуазии, оспаривая и отнимая у нее роль «стража цивилизации», обогатителя культурных ценностей человечества, создателя лучших произведений искусства. Все подлинно мудрое и долговечно ценное он объявил произведениями гения народа, трудового человечества, а не паразитических классов.

Признанный своей родной страной трудящихся как великий писатель, М. Горький на остервенелый вой врагов ответил удесятеренной энергией испытанного, старого бойца. Его инициатива в деле постановки и фактического разрешения многих культурных проблем стала буквально неисчерпаемой, его деятельность удивительно разносторонней. Он основывает и возглавляет журналы «Наши достижения», «За рубежом», «Литературная учеба», «СССР на стройке» и другие. По его инициативе выходят серии книг «История молодого человека XIX сто-

летия», «Библиотека поэта», «Жизнь замечательных людей». Ему обязаны своим возникновением такие замечательные издания, как «История фабрик и заводов», «История гражданской войны». Он же является одним из организаторов антивоенного конгресса и членом бюро международного антивоенного комитета. Немало сделано им по привлечению лучшей части европейской интеллигенции к борьбе с хищническими, захватническими стремлениями империалистов, к борьбе против фашизма в железных рядах народного фронта.

Но эти общеизвестные, ставшие достоянием истории факты из жизни и деятельности Алексея Максимовича далеко не исчерпывают, конечно, всего яркого жизненного пути великого русского писателя.

Огромна ведущая роль и влияние Горького на рост и формирование писателей и целых литературных эпох многих ранее отсталых национальностей Советского Союза. В частности, важно подчеркнуть огромное его влияние на ход развития казахской советской литературы.

Это влияние сказывалось и сказывается весьма многосторонне. Примеров непосредственного влияния творчества М. Горького на растущую казахскую литературу и отдельных казахских писателей можно привести много. Взять хотя бы серию рассказов Мусрепова «Ана» («Мать»), где Мусрепов художественно правдиво и убедительно обрисовывает муки и страдания женщины казахского аула, забитой и задавленной байской кабалой. Непосредственное влияние оказала также одна из замечательных автобиографических повестей Алексея Максимовича «Мои университеты» на новое произведение С. Муканова «Мои школы». Этот роман не только по названию, но и по содержанию своему будет иметь много общих моментов. Сам Муканов прошел, начиная с раннего детства, тяжелый жизненный путь батрака.

Большое творческое влияние оказал и оказывает М. Горький на прозу Б. Майлина. Б. Майлин своими но-

веллами, своей правдивой реалистической обрисовкой горьких истин людских отношений в дореволюционном ауле так близко напоминает ранние рассказы А. М. Горького. Писатель И. Джансугуров, который прекрасно перевел «Буревестника» на казахский язык, в своем новом романе «Джолдастар» старается воспроизвести на материале дореволюционного Казахстана глубокую правдивость метода Алексея Максимовича в показе темного быта «уездной России», в показе жизни и тяжелых условий труда грузчиков, мастеровых и других выходцев из забитой нуждой деревни. В его романе (выходящем в ближайшее время в свет) можно обнаружить немало сходных образных линий с горьковским «Городком Окуровым», немало общего в описании тягостного и темного быта прошлого.

В творчестве С. Сейфуллина, в его революционно-романтической поэзии, есть также немало мотивов, близких таким гениальным романтическим произведениям Горького, как «Буревестник» и «Песня о Соколе».

Из своих личных ранних читательских впечатлений мне, как писателю, помимо остального, запомнилась колоссальная сила воздействия бесподобно мастерских пейзажей А. М. Горького. Не знаю ни одного иного писателя-классика западноевропейской или русской литературы, пейзажи которого были бы в какой-либо мере сравнимы для меня с горьковскими. Побережье ли это Черного моря, или картины юга России, или берега и пристани Волги — эти пейзажи превращали меня, читателя, в зрителя явственных живых картин природы. Они каждый раз становились пространственно, объемно ощутимыми настолько, что порою даже казалось, что чувствуешь их воздух. И всегда бывало приятно чувствовать величие художника даже в побочном, казалось бы, подсобном, второстепенном материале его произведений.

Из образно сюжетных построений Горького я помню

в своей творческой практике огромное влияние повести «Челкаш» на обрисовку характера и социального окружения моего героя Бахтыгула из повести «Караш-Караш».

Таковы отдельные факты огромного многостороннего влияния Горького на ход развития нашей казахской литературы. Но мы одновременно не должны забывать и о том, что сделано в этом направлении далеко еще недостаточно. Учась мастерству у величайшего художника, мы обязаны создавать вещи, достойные оригинала, а не ограничиваться сходством статистически взятых моментов произведений.

Сознание необходимости именно такого освоения классика русской литературы должно нас вести прежде всего к глубокому, детальному изучению всего огромного литературного наследия Горького. По праву можно сказать, что его наследие принадлежит литературам всех народов земного шара. В нашу прямую обязанность входит также обеспечить хорошие переводы всех выходящих на казахском языке произведений гениального писателя.

Мы обязаны также не только изучать сами и переводить его произведения, но и широко знакомить наших читателей с его жизнью и деятельностью, изучить весь его славный путь борца и строителя новой жизни. В достойных переводах мы обязаны довести до широчайшего круга читателей казахского народа не только произведения Горького, но и все высказывания Ленина об Алексее Максимовиче, чтобы подчеркнуть, как высоко ценила и ценит партия и все трудящееся человечество своего великого, гениального писателя.

1936

ЗА БОЛЬШИЕ ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОБОБЩЕНИЯ

Наша казахская литература еще весьма бедна обобщениями, которые были бы даны не публицистически, а языком искусства. Художественное обобщение очень далеко отстоит от пезамысловатой фиксации виденного. Оно является синтезом, «куском жизни» исторических материалов и документов, вымысла и фантазии философски и художественно обоснованным.

Значительный образ есть выражение значительной обобщающей мысли. Вот почему я считаю, что новым социальным обобщением (в противовес многовековой истории прежде отсталых национальностей Союза) является для нас образ стахановца. Ведь его путь, в среднем 30—40-летней жизни, есть путь колоссальных сдвигов и изменений. Диапазон виденного и пережитого им, начиная от капиталистического гнета бая и феодала, беспощадной эксплуатации капиталиста и кончая дружеским пожатием сталинской руки в Кремле, где он присутствует, как Герой Социалистического Труда — есть небывало огромный диапазон для жизни одного поколения!

И сам советский писатель прежде отсталой национальности тоже прошел за короткий срок такой же длинный, изумительный путь. Часто выросший в полигамной семье, в условиях господства обычного права с платой пенн (кун) за убитого, с умыканием невесты, с аменгерством (институтом левирата), как багажом детских или юношеских впечатлений, теперь этот писатель выступает на творческую арену, вооруженный учением Маркса — Ленина, обладающий запасом различных знаний. Этот писатель стоит на грани двух культур — старой народной (эпос, фольклор) и советской социалистической культуры, росту которой он содействует и через которую приобщается к мировой классике.

Однако культурный уровень нашей продукции еще

недостаточно высок. Стахановец-казах выдвинулся на базе освоения им высокой техники, а писатель, долженствующий овладеть высоким мастерством своего искусства, еще не окреп, не вышел на передовые позиции союзной арены, как наш стахановец. Мы еще не дали того, что могли бы дать.

Я объяснил бы это прежде всего тем, что мы работаем без должного внутреннего напряжения мыслей и чувств. «Муки творчества» еще мало изведены нами. Мы часто успокаиваемся на первоначально достигнутой невысокой технике изготовления вещи. Все мы не лишены элементов формализма.

Отсюда развитие многих из нас идет не вглубь, авширь, за счет количества однотипных произведений, повторяющихся положений, с повторяющимися, не запоминающимися, не волнующими средними людьми — персонажами наших вещей. Поэтому даже самые интересные, самые лучшие люди нашего строительства, настоящие герои его — в жизни гораздо интереснее, ярче и красочнее, чем на страницах наших книг.

Техника писательского мастерства — одна из важнейших проблемных задач нашего роста. Мы должны решать ее, учась как у классиков, так и у передовых художников нашего Союза. Сейчас, на данном этапе, наибольшим неизжитым пороком является для нас натурализм. Это объясняется тем, что над нами довлечет низкий культурный уровень литературы прошлого. Ведь при всех недостатках современной нашей литературы она, несомненно, представляет собой наивысший в своем развитии этап.

Эпос и фольклор прошлого ценны для нашего сегодня не сами по себе, а как предпосылка к тому, чтобы на их основе, используя все ценное, что в них есть, мы создали творчески и художественно преодолевшую их новую литературу. А между тем, пользуясь эпосом и фольклором, мы зачастую берем оттуда и свойственные им отрицательные черты. Например, натурализм, присущий прош-

лым литературным произведениям, мы легко можем обнаружить в нашей сегодняшней литературе. Мы, например, часто наблюдаем странное уживанье двух крайностей — формализма и натурализма — в одном и том же произведении. Натуралистически незатейливое содержание и схематические образы людей облекаются в нарочитую, надуманную, неоправданную форму стиха, поэмы, рассказа и драмы.

Продумывая и осозная эти общие недостатки нашей литературы, я отчетливо представляю неудачи как отдельных своих произведений, так и произведений моих товарищей. Начну со своей пьесы «Тас-Тулук». В ней я односторонне увлекся только линией развития группы своих персонажей. Вопрос о том, «кем они были и кем стали», определил собою всю схему сюжетного построения пьесы. Очевидно, одним этим моментом пьеса импонировала нашему молодежному зрителю. Но гениально исчерпывающая формула Энгельса о типических характерах среди типических обстоятельств не нашла здесь своего достаточного отражения по одному тому, что характеры здесь оказались оторванными от конкретных исторических обстоятельств.

Период конфискации имущества баев-полуфеодалов, период индустриализации и период памятных перегибов, из которых каждый в отдельности являлся огромным событием в нашей истории,— сведены в пьесе только к фону, на котором действовали герои. От этого схематического показа истории страдает схематизмом вся основа пьесы, все типические обстоятельства. Кроме того обнаружилось недостаточное знание мною будней, частных сторон жизни нашей молодежи. Учитывая эти неудачи, я приостановил пока работу над новой пьесой «Яблоневый сад» (тоже о молодежи), чтобы не допустить в ней ошибок предыдущей пьесы.

Несмотря на все недостатки нашей казахской лите-

ратуры, мы все же имеем в ней образцы действительно художественных обобщений.

Поэма «Кзыл-ат» вся построена на образно-поэтическом обобщении, где конь «Кзыл-ат» является воплощением животноводческого Казахстана. Этот сгущенно и удачно взятый образ поднимает поэму до уровня значительного произведения. К сожалению, поэма не везде тщательно отделана.

Одно из крупных явлений в нашей поэзии — поэма «Степь» Джансугурова, не в пример его неудачной полунатуралистической поэме «Жолык», является действительно талантливым и глубоким историческим обобщением.

Касаясь творчества писателя Майлина, нельзя согласиться с некоторыми нашими критиками, которые считают, что максимум мастерства он проявил 18 лет назад, создав рассказ «Шуга», уже не говоря о крупных, далеко превосходящих «Шугу» романах и повестях — «Дочь казаха», «Консылар» и другие. Майлин создал незабываемую и подлинно мастерскую пьесу «Майдан», отображающую начальный период коллективизации в Казахстане.

Писатель огромных возможностей, широкого кругозора и безусловно способный на большие художественные обобщения — Сабит Муканов страдает явной спешкой в своей работе. Этот недостаток отражается не только на внешней стороне его вещей (язык, стиль), но на обрисовке характеров в его романах.

Статьи «Правды», большой разворот творческой дискуссии в Москве и других крупнейших центрах Союза, дискуссия, которая только что закончилась у нас, все это должно помочь нашему литературному движению, должно содействовать тому, что казахская литература в ближайшем будущем создаст произведения, достойные нашей великой эпохи.

1936

ДЖАМБУЛ И НАРОДНЫЕ АКЫНЫ

Смело и верно сравнил великий пролетарский писатель А. М. Горький народного поэта Сулеймана Стальского с Гомером. Если имя Гомера является собирательным именем целых поколений народных поэтов, создавших в веках замечательный греческий эпос, то такими же обобщенными и синтезирующими именами народного творчества последних эпох являются имена ашуга Стальского, акына Джамбула и других им подобных представителей народной поэзии. У всех народов мира существовали поэты, создатели шедевров мирового эпоса и фольклора, но они прошли в историях в роли безымянных аэдов, рапсодов, баянов, бардов, акынов, жирши. Только в наши дни — в советскую эпоху высокой и глубокой оценки произведений народного гения — обрели имена эти творцы перлов народного творчества. Обрели имена в лице орденосных ашугов, акынов, гафизов, бахши, сказителей, сказительниц и джомокчи среди всех раскрепощенных и возрожденных народов великого Союза.

Выяснение сути их творческого облика и историко-литературное изучение произведений не должны сводиться к пониманию их, как изолированных объектов исторического исследования. Ленинское понимание и оценка эпох, истории народов и народных культур учит нас анализу явлений в их преемственной связи, органическом единстве исторических процессов.

И произведения народных поэтов в виде подлинно народных творений должны изучаться с точки зрения взаимосвязей в прошлом и взаимопроникновений в настоящем. Нет племенных культур по происхождению, а есть культура человечества определенных стадий развития — вот основное положение советской фольклористики, которое поможет нам ценить Джамбула со всем его творческим окружением не в изолированном виде, а в глубинных органических и почвенных связях с далеким прош-

лым и с настоящим, так же и в преемственной связи с историей духовной культуры не только казахского народа, но и всех других народов.

Исторические, идейные корни и основные мотивы творчества Джамбула кроются не только в поэзии его непосредственных предшественников, как Махамбет, Суымбай и так далее, а гораздо шире и глубже — в сказах, эпосе, исторических песнях, легендах и преданиях самой седой древности многих веков и столь многих народов. Известны весьма характерные и отчетливо вырисовывающиеся два главных раздела в мировом фольклоре прошлого. Первый из них выражает неудовлетворенность народа существовавшим социально-политическим укладом, выражает, по определению Ленина, «вековые усилия в борьбе со своими угнетателями». Яркими показателями являются подлинные шедевры мирового фольклора и эпоса, как «Тысяча и одна ночь», «Тристан и Изольда», древнеперсидское сказание «О Зухаке и Жамшиде», азербайджанская сказка «Бахтияр», казахское «Сказание о Жиренше» и тому подобное. Здесь то индоевропейски в лице «сфинкса» (Эдип) или в лице чудовища-дракона (в «Тристане»), то прямо в лице чудовищного царя повелителя Зухака, в лице царя из «Тысячи и одной ночи», или в лице коварного хана-шаха в «Бахтияре», а также в «Сказании о Жиренше» представлены воплощенные образы тирании или отдельных тиранов-угнетателей, причиняющих неисчислимы бедствия или целой стране, или городу, или же безвинным одаренным личностям, любимым представителям народа. Poleмике и борьбе с этой злой, но властной волей посвящены все упомянутые выше выдающиеся памятники мирового фольклора.

Другой основной раздел в мировом фольклоре всех народов, всех времен посвящен мечте и чаяниям о будущем, о желанном. Это подлинно золотые сны колыбельного периода человечества. Неудовлетворенная своим

временем фантазия человека уносит его в безвестные края, в неведомые дали стран и времен. Здесь мир реальный и мир воображаемый рисуются в каком-то согласном, слитом единстве, и в таких творениях народы выступают великими оптимистами. Совершенно верно подчеркнул эту характерную особенность народного творчества — присущий народу оптимизм — А. М. Горький. Примеры таких видов народного творчества многочисленны и представлены самыми лучшими образцами мирового фольклора. Все сказки, героический и лирический эпос, сказания, легенды, предания многих и многих народов говорят о некоей обетованной стране, о ковче-самолете, о жар-птице, о волшебном коне, наконец, о подводном, о подземном царствах. Неудовлетворенные своими днями мысли и чувства, мечты и фантазия народа уходят в эти выси и дали, причем не для бесплодных блужданий, а выражая опять-таки вековые усилия в поисках лучшего, достойного и особенно полноценного смысла и условий существования человека.

Вот эти основные две струи народного творчества определяют собою содержание, весь облик и поэзии Джамбула за долгие годы его деятельности до Октября. Репертуар и жанр отличали этого акыпа от единичных акынов-попрошак, прихлебателей у манапов и торе. Неудовлетворенный и прошлой историей народа в период владычества ханов, торе и беков, непримиримый и с правлением ставленников кокандского ханства — датха, кази — Джамбул также оставался долго желчным прямолинейным изобличителем пороков всех сатрапов царизма, находившим поддержку в народе. Обрушившись всею тяжестью своих гневных, едких и справедливых обвинений-импровизаций на тягостные поборы, на неправый суд, на искусственные раздоры и распри между племенами и народами, посеянные чиновниками, манапами, беками, баями, он одновременно вместе с народом создавал чудесные песни мечты и надежды об обетованной

стране, о легендарном батыре-печальнике и заступнике народа. В создании обоих видов песен акын следовал наилучшим традициям предшественников народных акынов. Подлинную народность своей творческой сути нашел он в глубинных связях с вековыми неугасимыми и неуязвимыми мотивами борющейся за правду и ищущей правды народной поэзии народов и оптимистически устремленных поколений. Эта прогрессивная жизнеутверждающая сущность народной поэзии лежит в основе творчества народного акына Джамбула. И в этом смысле цикл созданных Джамбулом эпических песен — «Об Утегене», «О Суранчи», «О Саурыке», «О Жапаре» и другие — составляет репертуар определенной программно-целевой идеи народа. Герои этих песен — полулегендарные батыры-заступники обиженных племен и народов и искатели счастья для них.

Другой основной жанр в импровизаторском творчестве Джамбула — айтыс — являлся для него самой излюбленной формой изобличительной поэзии. Джамбулакын формировался по преимуществу на этом жанре. Признание дарования акына приходило по традиции через успешные состязания с каким-нибудь популярным общепризнанным акыном. Быстрое и острое парирование ударов противника в этом творческом поединке, словесно-поэтическом турнире являлось исполнительско-творческим актом. Элементы театрального действия включали в себя эти айтысы при многочисленной аудитории слушателей, наблюдавших и оценивавших одновременно непосредственно и акт зарождения песни. Тренировка и экзамен на поэтическую зрелость в этом поединке формирует особенным образом навыки и дарования поэта-акына. Он по преимуществу импровизатор, создатель экспромтов, логически отточенных мыслей, изощренно-тонких полемических выпадов и неожиданных острот. А так как исход борьбы решают все же не только большое количество и красота спетых песен, а как во всякой оратор-

ской речи и полемике — изворотливость ума, сила логических связей сказанного, то жанр айтыса требовал от поэтов огромных знаний, осведомленности во всем и готовых зрелых ответов на все явления окружающей действительности. Помимо, безусловно обильного, репертуара разнообразных видов народных творений акыны обязаны были иметь широкие познания в области истории народов, родов, в области географии и еще во многом другом.

Чуткость, осведомленность и отзывчивость на все явления жизни воспитали в акынах живую и широкую связь с прошлым и с настоящим. Все, что было известно его народу, его среде, должен знать и запомнить акын. Он — живая энциклопедия знаний, доступных его времени, его народу. Характерный айтыс бытовал в одно время в прежней Джетысуйской области на родине Джамбула в виде «Тау-Олен», «Су-Олен», «Жер-Олен». Это — состязание акынов на узкую тему в порядке проверки их познаний в области географии. Перечисления с подробными поэтическими описаниями известных каждому рек, гор, стран и земель составляли предмет состязаний между акынами. В этом же одна замечательная особенность народной основы, помогающая подлинному представителю народной поэзии — Джамбулу не замыкаться в пределах узкой, знакомой ему национальной среды, а стремиться на основе лучшей традиции народного творчества шире раздвинуть рамки и сферу своей поэтической деятельности в наши дни до подлинной интернациональной широты горизонтов в масштабе всего нашего великого Союза.

Другая исключительная особенность народной поэзии, помогающая нам скорее понять отдельные черты акына Джамбула, заключается в том, что творчество народа зачастую является результатом моментального отклика на всякие значительные явления окружающей жизни. Народное творчество не отстает от жизни, а идет

рука об руку с нею. И народный акын реагирует на все события гораздо быстрее, чем поэт индивидуальный. Народная поэзия более оперативна. Таковы ее традиции. В прошлом у всех народов песни сопровождали и бедствия, и войны, и восстания, и обряды, и быт, и всякие увеселения. Все эти события требовали от акына — участника или очевидца — создания песни тут же. Да и сам акын, верный обычаям народной поэзии, не мог бы умолчать о виденном. Быстрая творческая реакция, моментальный отклик на все услышанные им факты многосторонней жизни нашего Союза составляют исключительную особенность, характеризующую народность творческого облика Джамбула. Но тип народного акына вообще многообразен. Репертуар, жанр и профессионально-творческие навыки одной группы акынов совершенно отличны от всего этого у акынов другой группы. Есть народные поэты-эпики (типа Марабая); есть певцы-лирики (типа Биржана, Ахана, Жаяу-Мусы); есть импровизаторы — акыны только айтысов (типа Шоже, Кулмамбета); есть также поэты — печальники народа (типа Асана-Кайгы). Очень популярны также поэты — слагатели исторических песен и призывных песен к сопротивлению, борьбе с ханами и ставленниками царизма. Каждый из крупных поэтов и акынов — носителей любого из указанных жанров в своей среде — в свою эпоху в числе образцов народного творчества осуществлял преимущественное господство именно своего жанра и отсюда и господство своего типа акына.

Яркая отличительная и безусловно положительная особенность Джамбула в том, что он был шире многих акынов-предшественников и по репертуару и по жанрам, в пределах которых он слагал песни. В нем сошлись и эпик, и акын айтыса, и поэт гражданских мотивов. Как всякое большое, значительное явление в индивидуальной литературе рождает за собой подражательную литературу, эпигонскую школу и тем формирует себе среду, так

и большой поэт, акын в народной поэзии тоже формирует себе поэтическую среду в лице школы последователей, учеников своих. Джембул по творческому своему облику и сути очень родствен и близок своему непосредственному предшественнику, учителю — Суюмбаю. А младшие поэты-акыны из ближайшего окружения Джембула и сейчас в своем творчестве, в общем импровизаторско-поэтическом и репертуарно-жанровом облике близки и сходны с Джембулом. Существует очень много параллелей таких закономерно-исторических явлений во всей мировой литературе и фольклоре. Бывали целые фамилии поэтов-эпиков, утвердивших традиции заучивания, унаследования эпической старины из поколения в поколение. Акыны айтысов — импровизаций и экспромтов появлялись целыми группами, плеядами в среде тех или иных родов вслед за какой-нибудь знаменитостью. Так, например, во время своего долгого странствования по казахским степям однажды среди рода Сыбан вступил в состязание с семнадцатую поэтами-акынами знаменитый поэт XIX столетия акын Жанак. А в памятный для Джембула день его встречи-состязания с Кулан-Аяком Кулмамбетом тут же сидели, сложив свои домбры, побежденные прославленным акыном девять акынов только одного рода Албан. А малочисленный род Экей, род Джембула, не считая умерших поэтов-акынов (в том числе и талантливого сына Джембула), сейчас насчитывает акынов-поэтов обоего пола около двух десятков.

Интересна и возрастная их градация. Начиная с девяностотрехлетнего Джембула, непрерывная живая цепь поэтов-акынов доходит до школьников тринадцати — пятнадцати лет. Причем, приблизительно, на каждое десятилетие приходится по одному или по несколько акынов. Джембул — многоветвистое дерево народной поэзии не только своими собственными произведениями, а также еще и целой плеядой возвращенных им поэтов и поэтесс. Народный акын Джембул — огромное явление не только

по своим произведениям, а также по своему оригинальному незаурядному облику и в исследовательском, историко-литературном отношении. Он разрушает привычные представления буржуазной фольклористики, направленной к принижению фольклора, как творческого достояния анонимных певцов, создателей этих образцов. Он разрушает также привычные историко-литературные деления на устную и письменную, индивидуальную поэзию. Не подходят привычные нормы этой науки, приуроченные к индивидуальному поэту,— Джамбул не пишет, а поет. С другой стороны, он воплощает в себе, на внешний взгляд, архаический вид синкретического искусства. В том, что орудие его поэтического производства — домбра — сопутствует его импровизации — песне, есть и элементы театрального действия. А наряду со всем этим, самое главное, он, Джамбул, является творцом высокохудожественной политической поэзии наших великих дней. Это самый ярчайший и даровитый певец пафоса побед и достижений нашей культурной социалистической эпохи. Он — полное олицетворение той немеркнувшей правды, за которую боролся, которую смутно чувствовали только в сновидениях поколения и народы с самого колыбельного периода человечества. Мощная творческая струя, вносимая народными поэтами — акынами, ашугами, бахши и другими — в передовую советскую социалистическую поэзию, подтверждает всеми своими очевидными данными безусловную культурно-историческую продуктивность развития истории многих народов Союза, миновавших стадию капитализма. Нет разрыва между народной, основной, не угасшей, а наоборот, расцветающей духовной культурой самого народа и передовой культурой индивидуальной поэзии революционной литературы, создаваемой и процветающей также для этого великого народа — строителя единой социалистической культуры. И все бессмертное и все драгоценное народное в нашем Союзе по старым руслам разобщенных прежде историей народов

влилось в наше сегодня, в единую культуру нашей великой Родины, влилось разнообразными мощными многоцветными струями в лице творческой продукции наших акынов, ашугов — джамбулов, стальских и других.

Сказанные здесь основные положения о народных корнях, о сути поэзии и обо всем творческом облике Джамбула относятся целиком и ко всем остальным народным поэтам. Как раньше отражали в своем творчестве явное влияние Джамбула все акыны ближайшего окружения его, так сейчас с выходом в свет новых произведений старого акына его большое влияние испытывают на себе все акыны старших и младших поколений во всех и даже отдаленных областях и районах Казахстана. Естественно, иначе и не могло быть. Ведь почти все эти акыны представители ближайшего Джамбулу поколения, начиная со старых — Омурзаха, Орумбая, Естая, Арапа, Оспантая — и кончая более молодыми акынами — учениками Джамбула из Кастекского района — Утепом, Саядилем и другими, — сознают прекрасно, какую беспросветную тьму и тюрьму для народов представляла старая колонизаторская Россия и также патриархально-феодалная бескультурная история ханско-бийского владычества. Все эти акыны без исключения являются выходцами из толщи народной, из трудовых, беднейших слоев населения. И для них было органически близким, кровно-родным все истинно народное. Их песня о героической борьбе народа с царизмом, песни о стонах народных в тот памятный 1916 год становились знаменем, лозунгом борьбы. Много, страстно и самоотверженно пели они в эти годы. И не случайно верненский губернатор согнал всех акынов того времени во главе с Джамбулом и запер на много дней в конюшню и категорически запретил им петь песни народные впредь, допустив только песни религиозных поучительных виршей. Эти акыны, выросшие из глубинных народных корней, получившие боевое крещение в суровых событиях 1916 года и по-

стигшие великую Ленинскую правду о жизни общества и всего человечества, в годы еще более ожесточенной классовой борьбы — в эпоху гражданской войны, советизации аула — пришли, влились в революционную народную поэзию тем же логически осмысленным, органическим путем, каким пришел в советскую поэзию их старый и мудрый предшественник, учитель — Джамбул. Естественно поэтому, что центральной и главенствующей темой их творчества, как и творчества всех народных поэтов нашего Союза, стали образы, имена великих заступников народа, имена подлинных героев, принесших жизнь и свет народам. Так, немаловажное место в творчестве всех акынов занимают песни о Красной Армии, о равноправии и братстве ранее разобщенных народов, о земле и труде на свое благо, о колхозе, о машинах, о просвещении, о соцсоревновании и в последние годы — о Великом Законе и обороне своего беспрдельно любимого Отечества.

Необходимо особо подчеркнуть при этом огромную разницу восприятия и ощущения акынами наших культурно-технических достижений с восприятием их индивидуальными поэтами. В отношении остроты, свежести и максимально действенного чувствования этих новых для них жизненных явлений акыны находятся в более выгодных, близко и глубоко роднящих поэзию с жизнью условиях. Они со всех сторон гораздо ближе индивидуальным поэтам к первоисточнику их вдохновения, они находятся на самой границе героической преобразующей облик земли и общества жизненной действительности и поэзии этой действительности. У них непосредственное, глубже и почвеннее чувство жизни. Поэтому они просты. Они самые мудрые, непосредственные и оперативные в своих моментальных реакциях на все жизненные явления. Безусловно, что все эти особенности, темы и суть творчества народных акынов присущи не только казахским акынам, а свойственны и общи также и для всех

представителей народной поэзии Союза Поэтов, изучая их историческое возникновение на народной почве с точки зрения взаимосвязи в прошлом, сегодня мы должны изучать наших современников народных поэтов главным образом с точки зрения взаимопроникновения, единства интернационально-народных черт и интернационального взаимодействия почвенно-народных культур (пример Джамбула поучителен для всех). Наряду с этим необходимо конкретное изучение творчества и особенностей каждого акына в отдельности. Из учеников Джамбула, например, мы знаем помимо Умбеталы с его остроумными быстрыми песенными импровизациями (напоминающими раннее песнетворчество Джамбула) еще и таких акынов, как Утеп и Саядилъ,— продолжающих традицию Джамбула уже в создании сюжетных поэм и исторических песен. Весьма важно и исключительно ценно одновременно с преобладающими сейчас в творчестве наших акынов малыми формами устной поэзии, чтобы процветали и иные, большие жанры традиционного народного творчества. Акыны, как и прежде, должны создавать сказки, легенды, предания, исторические песни, поэмы о героизме гражданской войны, о героических событиях и образах героев наших дней. Руководство Союза писателей должно творчески помогать, направлять их деятельность в выполнении таких поэтических задач. А для этого необходимо всячески способствовать расширению кругозора, общих познаний акынов. Безусловно, необходимо пойти навстречу единодушным заявлениям кастекских акынов об организации для них литературного кружка, где бы, как говорят сами, они прежде всего учились освоению основ большевизма. Одновременно нужно умело помогать акынам в создании ими поэм, народных романов. Нужно поощрять существующие места айтасы между бригадами, колхозами. Способствовать большему внедрению в массы произведений акынов: их песенных импровизаций о соцсоревно-

вании, стахановском труде, о задачах пятилеток, о планах соцстроительства. Необходимо быть порою творчески конкретнее и самим акынам у себя в районе, колхозе.

В значительной мере в основе их творчества-импровизации должны лежать темы труда и будней своего колхоза, района, совхоза и т. д. Живой отклик отточенными стихами-песнями на значительные явления жизни района должен превращаться в оперативно-деловую помощь партийно-советскому строительству в районе. Помня замечательные, поучительные примеры великана советской народной поэзии Джамбула, необходимо акынам на местах учить массы бдительности, воспитывать в них патриотические чувства, беспредельную любовь к Родине и готовность к обороне своего Отечества. Необходимо также создавать песни гнева, ненависти к врагам, песни, помогающие самокритике, и т. д. Вот благодарные исторические революционные задачи, стоящие перед народными акынами Советской страны. А сегодня самое главное — участвовать в выборах в Верховный Совет.

И по своему возникновению, и по жизнестроящим функциям советский фольклор не является только объектом историко-литературного изучения, он давно уже и совершенно верно понимается нашей общественностью, как одно из самых действенных орудий художественно-воспитательного воздействия на массы. И не случайно, что интернациональный дружный хор народных акынов, ашугов, бахши — всех народов великого Союза — поет мощную песню народов, поет в ритм биений пульса всей нашей страны. И в центре этого хора один из ведущих — старый мудрый великан народной поэзии Джамбул, несущий золотую струю подлинно народных творений из середины прошлого столетия, из недр и глубин народного творчества.

МУДРЫЙ ПЕВЕЦ, НАШЕДШИЙ ЮНОСТЬ СВОЮ

Среди опубликованных биографических данных о раннем детстве знаменитого акыпа отсутствуют сведения об одной весьма значительной полосе. Речь идет о кровопролитных событиях в тогдашнем Кокандском ханстве, этом воплощенном носителе тирании и порабощения племен и народов.

Впечатлительному мальчику, будущему певцу, было пять лет, когда разыгралась тяжелая драма — грабежи, насилия и набеги ханских сатрапов на мирные аулы. Разгорелась борьба в центре самого ханства, затеянная беками, манапами, родоначальниками, — борьба за гегемонию отдельных групп внутри ханства. Было время выступления небезызвестного авантюриста, интригана Мусульманкул-Чолака — главаря кипчаков, шурина и регента слабовольного дегенерата Худояр-хана. В этой борьбе сложились два враждующих лагеря: один представляли степные кипчаки во главе с Мусульманкулом, другой — горожане: беки, купцы и духовенство.

Борьба этих двух групп феодальных верхов была ненавистна народу. Много отдельных племен, в том числе и родные аулы Джамбула, категорически отказались от участия в интриганских затеях Мусульманкула, стремившегося завербовать их на свою сторону. Отказ народа идти в лагерь Мусульманкула повлек за собой карательные набеги на непокорные аулы.

Джамбул родился в самом начале этих событий, когда аулы с боем отступали в глубь чуйских-балхашских степей, спасаясь от преследований ханских войск. Злопамятный ханский двор не мог забыть гневного сопротивления народа и в течение долгих лет не переставал обрушивать беды за бедами на племя чапрашты, откуда происходит Джамбул.

Аулы решили уйти из пределов ненавистного ханства. Они снялись с пасажных мест, откочевали далеко в

верховья Или, в пределы Китая, в тщетных поисках лучшей жизни.

Но ханские войска настигли их и здесь, застали аулы врасплох. И тогда началась беспощадная расправа. Беглецов погнали обратно, уже как пленников-рабов.

Месяцами длилось это бедственное, трагическое шествие плененных детей, престарелых отцов и матерей в глубь ханства. С верховьев Или они дошли до реки Чу. По замыслу Кокандского ханства предполагалось распылить непокорное племя, часть людей отдать в неволю для каторжного труда на плантациях ханской знати.

Но на берегу реки Чу пришло этому народу спасение от позорного плена и рабства. Явился смелый и сильный заступник его, сын этого народа Суранчи-батыр, собравший вокруг себя все силы своих аулов. В жестоком бою близ нынешнего Курдая он разбил ханские войска и вырвал родные аулы из когтей хищника-тирана. Этот прославленный в народных легендах батыр Суранчи воспет Джамбулом в его недавно законченной исторической поэме «Суранчи-батыр».

Вот эти суровые, казалось бы, столь далекие факты раннего детства нашего акына проливают свет на истоки его творчества.

Песни матери, песни, проникнутые горем и тревогой за беззащитную жизнь, слышал он над своей колыбелью. Горе народное изливали стонущие струны кобыза его родного дяди, знаменитого кобызши Канадана. Песни-плачи престарелых матерей над сыновними могилами слышал он. Песни разлуки и горестной утраты возлюбленных слышал он после набегов ханских палачей. Изобличительную гневную песню о зверях-поработителях, о продажных беках и баях пел Суюмбаи. Песни прощания с родными берегами пел народ, уходя от набегов в неведомые дали, на чужбину. Ребенком Джамбул слышал и красивые песни, песни-мечты об избавлении от рабства.

Порывы к лучшим, иным дням, мечту, ведущую к обетованным краям, впитал он в себя еще младенцем. Стон народный, а также песни гнева и проклятий ханам и бекам стали питательными соками его творчества. Будучи отроком, он вбирал с особенной жадностью все виденное и слышанное, обогащался, рос в своем импровизаторском творчестве.

В годы, когда народ-творец в традиционных песнях пел о своем горе, о тягостных днях и о стремлении к светлому будущему, он — юный, пламенный сын народа быстро рос и мужал духовно.

И с тех пор до самой счастливой старости своей он пронес через долгую, мудрую жизнь два огромных чувства. Это выношенные десятилетиями два зрелых плода.

Один плод горький — это сгущенное воплощение горькой действительности мрачных времен; плод ненависти против мира зла и насилия.

А другой — плод неугасимой любви и надежды, ожидания и веры в лучезарное будущее. Плод жизни, символ неистребимой воли народа к жизни и расцвету.

Это — олицетворение двух миров: мира сурового, реального и мира еще тогда воображаемого, желанного. Это — два полюса, как дряхлость и юность, как ненастная, долгая осенняя ночь и весеннее лучезарное утро.

Второй плод был прометеевым огнем, из которого черпал жар и веру подлинный поэт народа. А народ-оптимист, в свою очередь, растил в нем свой плод будущей жизни для благодатной нивы новой, невиданной доселе истории.

Это и было то, бессмертное, неуываемое зерно, бережливо хранимое всеми народами, всем прогрессивным человечеством, зерно, живущее в заветных песнях, преданиях, легендах, в героических порывах народов и запечатленное в их бессмертных творениях.

В этом зерне — сила жизни и нашего Джамбула, акына-великана. Яркий расцвет в наши дни творчества

прославленного акына красочно подтверждает, что поэт, верный этому пути, духовно не старится никогда.

Джамбул стал пламенным певцом солнца и радости наших великих дней. Нынешняя солнечная юность поэта и есть пышный расцвет того чудесного плода жизни, который так долго нес, берег в своем сердце народ и его певец. И вот теперь счастливый и радостный, поющий дивную песню, он сам представляется нам героем какого-то замечательного лиро-эпоса, героем доселе незатронутой еще темы социалистической эпопеи о песнетворце сроднившихся народов, о песнетворце, нашедшем в счастливый век новую юность — завидную, радужную и искрометную...

Звучна и полнокровна возрожденная чудесная песня на ладах его домбры. Дивить и волновать эта песнь будет нас постоянно.

Песни Джамбула это замечательное воплощение мудрости народной, гения народного.

ТҮСІНІКТЕРІ

Орыс классиктері мен Абай

Мұхтар Әуезовтің зерттеушілік жолында айрықша мән бере тереңдей қарастырған бұл еңбегі «Абай» романының екінші кітабын даярлау процесімен бір шамада жазылған болатын. Мұның себебі романның екінші кітабында суреттелетін Абайдың Пушкинмен творчестволық рухани байланысы бүкіл қазақ даласын Татьяна әнінің сазымен тербеген күйді баяндау процесіне орай, екі ұлы ақын арасындағы рухани туыстықты да тереңдей зерттеп білу мақсаты да алға қойылған еді. Бұған қоса Абайдың жүз жылдық мерекесінің жақындап келуі де, мұндай мақаланың жазылу қажеттілігі де алға қойылған еді.

М. Әуезов осы мақаласында орыс классиктері мен Абай арасындағы творчестволық қарым-қатынастардың айтарлықтай ерекшеліктерін бойлай ашып, сұғына зерттеуге мән бере қараған. Өйткені Абай орыс классиктерін аудару арқылы бір жағынан олардың шығармаларын терең барлай түсініп жаңа рухани әлемге молькса, екінші жағынан, өзінің ақындық өнерінің жетілуіне де игі ықпал әсерлерді мол сезініп сіңіріп алуы арқылы ақындық мәдениетін жоғары дәрежеге көтере алды.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала 1944 жылы СССР Ғылым Академиясының қазақ филиалының Хабарларында Тіл және әдебиет сериясы, бірінші кітаптың 3—15-беттерінде жарияланған нұсқасы негізінде еш өзгеріссіз сол калпында жіберілді.

И. А. Крылов

Бұл мақала орыстың ұлы ақыны И. А. Крыловтың қайтыс болуына жүз жыл толу қарсаңында жазылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 21 ноябрьдегі санында және 1944 жылы

өз алдына жеке кітап боп басылған «Мысалдар» жинағына алғы сөз ретінде жарияланды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

Абай елінде өткізілген мереке

Бұл мақалада М Әуезов Семей облысының Абай ауданында өтілетін ұлы ақынның жүз жылдық тойына арнайы барған сапарында өзі көріп сезінген жайлардан туған ойларын жазған. Мақала сол тұста шығып тұрған «Қазақ елі» деп аталатын журналдың 1945 жылғы 3—4 санында жарияланған.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Қазақ елі» журналында жарық көрген нұсқасы негізінде ешқандай өзгеріссіз қаз қалпында жіберілді.

Көрген, сезген жайлардан

Мақала 1943 жылы Мұхтар Әуезовтің Абай романының екінші кітабын жазу үстінде романға керекті материалдар іздеп, Абай өмір кешкен ата мекені Шыңғыстауға арнайы сапармен барған тұсында жазылып, Абай ауданының «Социалистік малшаруашылығы» деп аталатын аудандық газеттің 1943 жылғы 17 августағы санында жарияланған. Кейін бұл мақала осы атпен «Совхоз туы» (Абай ауданы) газетінің 1967 жылы 13 июньдегі санында жазушының 70 жылдық юбилейіне орай екінші рет жарияланды. Бұл мақала автордың 1945 жылғы «Ақын елінде» деп жарияланған очеркінің бір қырынан мағлұмат беруімен де ерекшеленеді.

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Көрген, сезген жайлардан» деген атауымен 1943 жылы «Социалистік малшаруашылығы» газетінде жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз ендірілді.

Абай еңбектерінің биік нысанасы

Мұхтар Әуезов абайтапу саласындағы зерттеу еңбектерінде ұлы ақын мұрасының рухани нәр алған қайнарлары туралы аса күрделі мәселеге 1934 жылдан бастап айрықша назар аудара бастаған еді. Осы мақсат тұрғысынан зерттеуші қаламынан туындаған: «Абай ақындығының айналасы» (1934), «Абайдың мәдени ізденістері» (1937), «Абайдың мәдени идеялық ізденістері» (1937), «Идейно-культурные искания Абая» (1939), «Абайдың өмірі мен ақынды-

ғы» (1945) деп аталатын зерттеу еңбектерінің бәрі де негізінен осы проблема айналасында ой толғап, пікір қозғайды. Аса күрделі де қиын ғылыми проблемаға өзінің бұрын-соңды айтылған ой-толғаныстарын қорытындылау іспетіндегі елеулі еңбегі — «Абай еңбектерінің биік нысанасы» деп аталатын зерттеу характеріндегі терең мәнді мақаласы алғаш рет 1945 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 18 августағы санында жүз жылдық Абай мерекесіне орай жазылып, жарияланған болатын. Осымен қатарласа әрі бұл мақала «Ленин туы» (1945, 28 август), «Алтай большевигі» (1945, 26 август), кейінірек жазушының «Әр жылдар ойлары» (Алматы, 1959, 206—212 б.), Абай Құнанбаев» (Алматы, 1967, 267—275 б.) деп аталатын жинақтарында да жарық көрді.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына тұңғыш рет еніп отырған бұл мақала жазушының «Әр жылдар ойлары» (Алматы, 1959, 206—212 б.) кітабында «Абай еңбектерінің биік нысанасы» деген тақырыппен жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз сол калпында жіберілді

Қазақ халқының ұлы ақыны

Мұхтар Әуезов бұл мақаланы қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына орай жазып, «Әдебиет және искусство» журналының 1954 жылғы № 9 санында жариялаған. Әрі осы мақаланың орысша нұсқасы «Жизнь и творчество Абая» деген атпен Москваның «Знание» баспасында жеке кітапша ретінде және «Новый мир» журналының 1954 жылғы 7 санында жарық көрді.

«Қазақ халқының ұлы ақыны» деп аталатын мақалада ғалым, негізінен Абайдың өмірі мен творчествосы жайындағы ойларын ортаға салып, әсіресе Абай мұрасын зерттеудегі міндеттерге айрықша назар аударып өтеді.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағына бұл мақала 1945 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 9 санында жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

Абайдың өмірбаяны

XX ғасырдың ұлы туындысы «Абай жолы» эпопеясын жазуға қадам басқан күннен-ақ Мұхтар Әуезовтің алдында Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу, оған қажетті әдеби, тарихи деректер көзін іздестіріп, жаңадан табылған ауызша немесе архивтік мағлұматтарды талдап қорыту, бір ізге түсіру міндеті алға қойылды. Екінші жағынан, осы салада өзі танып білген, ойда қорытқан өмір

шындығын көркемдік шындыққа айналдырып, эпопея желісіне сіндіру сияқты аса күрделі творчестволық мақсат та тұрды. Жазушының осы екі саладағы ғылыми-творчестволық ізденістері бірін-бірі жақсы толықтырып отырды. Бұл әрекет негізінен отызыншы жылдардың ортасында қызу қолға алынып, әсіресе алдымен абайтанудың іргелі саласына айналып отырған Абайдың ғылыми өмірбаянын мейлінше жетілдіріп, қорландырып екшей жазуға елеулі мән берді.

Осы себептерге байланысты болса керек, Абай өмірбаянын көптеген оқулықтарға лайықтап жазуды былай қойғанда, тек Абайдың ғылыми өмірбаянын толықтырып жазуға төрт рет қайта айналып, түбірлі өзгерістер ендіріп жетілдіре түсуінде көп нәрсенің сыры жатса керек-ті. Өйткені ақын өмірбаяны жайлы жаңа деректер көзінің қорлануына орай қайталап қайтара жазып отыру әрекетіне тоқтала келіп: «Менің тарапымнан Абай өмірбаянының төрт нұсқасы жазылды: біріншісі, 1933 жылы Абай шығармаларын бастыру үшін; екіншісі, 1940 жылғы басылым үшін; үшіншісі, 1945 жылы жазылған, бірақ жарияланбаған нұсқасы. Ең соңғы яғни төртінші нұсқасы 1950 жылы жазылды. Осыны қазіргі күнде екінші рет редакциялау үстіндемін» (Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің архиві, № 201 папкі, 7-бет),— деп арнайы түрде ескертіп өтетіні де бар.

Абай өмірбаянына оқтын-оқтын белгілі бір уақыт өтісімен қайта үңіліп қайтара жазуға отыруының елеулі де өзекті себептері бар болатынды. М. Әуезовтің ақын өмірбаянын толық танып білуге айрықша мән бере жазуында Абай мұрасының сырына неғұрлым тереңдеп енген сайын, ақын өмір кешкен әлеуметтік ортаның шындығына қанған сайын ақын творчествосына, ондағы ақын дүниетанымының өзекті қан тамырларын дәл танып, жете танып білуге әкеледі деген берік сенім жатыр. Өйткені Абай өзі тікелей араласқан саяси-әлеуметтік мәні үлкен тарихи оқиғалардың қыры мен сырына, ірім бұлтарыстарына, яғни осындай заман шындығына орайлас туған ақын шығармаларындағы басты сарындарымен өзектес жатқан құбылыстарды дәл тауып білуге әкелетінін кімнен болса да терең сезінеді. Сезінген сайын творчестволық шабытпен Абай өмірбаянын қайта-қайта қарастырып жетілдіруге құлшына кірісті.

Міне, осы себептерге байланысты үшінші рет түбірлі түрде 1944 жылы қайта жазылып, кезінде жарияланбай қалған «Абайдың өмірбаяны» (Қазқ ССР Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапханасы қорындағы № 594 қолжазба, көлемі 109 бет) деп аталатын қолжазбаның түпнұсқасы айрықша назар аударуды тілейтін аса құнды дерек. Бұл ақын өмірбаянының үшінші нұсқасы 1945 жылғы Абайдың жүз жылдық юбилейі қарсаңында жазылды. Тіпті, 1945 жылы жарияланатын Абай шығармаларының академиялық

толық жинағына басылатындығы жайлы осы басылымның жауапты редакторы: «Бекітілді. Жауапты редактор проф. Н. Сауранбаев. 12 декабрь 1944 жыл» (ҚазССР ҒА ОҒҚ қоры, № 594-іс, 3-бет),— деп ресми түрде қолжазба нұсқасына қол қойып бекіткен де екен. Бірақ беймәлім бір себептерге байланысты Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы өз кезінде жарияланбай архив мүлгі ретінде сақталып қалған. Кезінде осы Абай өмірбаянының үшінші нұсқасына бөлекше мән бере қараған М. Әуезов: «Осы баспада беріліп отырған өмірбаяны да бұрынғы жазылған сөздерден молайып ұлғая түсті» (ҚазССР ҒА ОҒҚ қоры, 594-іс, 135-б.),— деп осы нұсқаға тыңнан қосылған жаңа деректер көзіне көңіл аударар ескертуінің белгілі түрде негізі бар да еді. Өйткені биограф Абай еліне ақын өмірі мен творчествосынан жаңа деректер жию мақсатымен жасалған екі экспедицияға да (1943, 1944 жылғы) өзі тікелей қатысып, осы сапарда жинастырылған аса құнды мағлұматтарды Абай өмірбаянын толықтырып әрі «Абай» романының екінші кітабында творчестволық тұрғыдан мықтап пайдаланған. Мұны тіпті жазушының осы сапарын арнайы баяндайтын «Ақын елінде» деп аталған очеркінен де көреміз. Жазушы бұл очеркін о баста «Романға деректер іздеу жолында»,— (ӘӘММ архиві, № 353-папкі, 1—19-бет) деп атаса да, оны баспаға ұсынғанда «Ақын елінде» деп өзгерткен («Социалистік Қазақстан», 1943, 17 октябрь).

Ұлы ақынның жақындап келе жатқан жүз жылдық юбилейіне орай даярлық жұмысына М. Әуезов 1940 жылдан бастап-ақ қызу араласты. Дәл осы жылы-ақ М. Әуезов тарапынан Абайдың жүз жылдық мерекесінде атқарылар жұмыстардың көлемі мен мазмұнын анықталып, алғашқы жоба-жоспарының негізі де жазылып қалған еді (ӘӘММ архиві, № 239-папкі, 29—34-бет). Осы келер мереке тұсында М. Әуезов тарапынан атқарылар жұмыстардың үш салаға бөлінетінін, олардың ішіндегі ең өзекті саласы да Абайдың өмірі мен творчествосы жөнінде соны деректер жию мен ақын өмірбаянының толықтырылып жетілдірілген түрдегі үшінші нұсқасын жазуға кеп тірелетін-ді.

1945 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Абайдың жүз жылдық юбилейіне арналған салтанатты пленумында: «Абайдың өмірі мен еңбегі» (ӘӘММ архиві) деген тақырыпта баяндама жасайды. Әрі 1945 жылы Абай өмірі мен ақындық өнеріне арналған көрнекті ғалымдардың еңбегінен тұратын арнайы ғылыми жинақты құрастырып (ӘӘММ архиві, № 498-папкі, 1—350-бет) жариялау әрекетіне кіріседі. Бірақ бұл игі мақсат орындалмай, жинақтың қолжазба нұсқасы 14 баспа табақ көлемінде жазушы архивінде сақталып қалады. Бұл жинаққа М. Әуезов өз тарапынан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904) өмірі мен творчествосы»

(ӘӘММ архиві, № 498-папкі, 300—350-бет) деп аталатын көлемді мақаласы жазылып, ұсынылған еді. Осылармен қатар жазушы, ғалым М. Әуезов алғаш рет жоғары оқу орнында Абайтанудан арнайы курс, арнайы семинар жүргізу үстінде өзінің өмір бойы жинап, қорландырып келе жатқан ой толғаныстарын тағы да соны дерек, мағлұматтармен байытып толықтыра түсу жұмыстарымен қатар «Абай» романының екінші кітабын жазу процесі де бір мезгілде жүргізіліп отырады.

Міне, Абайдың ғылыми өмірбаянының үшінші нұсқасы биограф тарапынан жоғарыда қысқаша түрде аталып өтілгендей жалықпай іздену, зерттеу, творчестволық ой толғаныстардың небір түрлерін бастан өткеру үстінде жазылып біткен еді. Бұл еңбектің төлнұсқасы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасы қорында (№ 594-іс) сақталып қалған. Кейінірек бұл қолжазба нұсқаны ретке келтіріп, өз алдына жеке кітап етіп қайта түптеу тұсында шеттері кесіліп, автордың қолжазба шетіне жазылған қосымша пікірлері мен кейбір күрделі ойлары түсіп қалып отырған. Бұл қалпында түсіп қалған автордың ой-пікірлерін бастапқы қалпына келтіру мүмкін емес. Бұларды орнына келтіріп, асыл төлнұсқаны бастапқы қаз-қалпына түсіру үшін көмекші деректер көзін іздестіру керек болды. Бізді бұл тұйықтан шығарған да биографтың өзі болды. Абай өмірбаянының ҚазССР ҒА ОҒК қорында сақталған төлнұсқасын және оның үстіне өз қолымен жазған қосымша пікірлерін қайтадан машинкаға бастырған жалғыз бір ғана данасы жазушының өз архивінен табылды (ӘӘММ архиві, № 197-папкі). Бірақ биограф. 1950 жылы Абай өмірбаянының төртінші нұсқасын қайтадан жазып, жетілдіру мақсатымен әлгі атап өткен үшінші нұсқаның жалғыз данасының үстінен қысқартып, сызып, қайта жөндеп редакциялап, көптеген деректерді алып қалып, оның үстіне жаңа дерек, ой-пікірлер қосу арқылы барынша шимайлаған. Өшірілген, сызылған және үстінен қайта жазылған тұстарын ажыратып алудың өзі екі талайға түсті. Міне, осы редакцияланған нұсқа мен ОҒК қорындағы нұсқаны шолып, жолма-жол салыстыру арқылы кесіліп түсіп қалған жерлері бастапқы қалпына әрең дегенде келтірілді.

Мұның үстіне биограф Абай өмірбаянының үшінші нұсқасын жазуға даярлану үстінде 1940 жылғы жарияланған кітаптағы (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. II том, Алматы, 1940 жыл) ақын өмірбаянының екінші нұсқасы үстінен де өз қолымен күлгін сиямен біршама қайта редакциялаған немесе жаңадан қосылған қосымша деректер мен соны танымдарын, жаңа ой-пікірлерін де кітап бетіне түсіріп отырған. Кей жерлерін елеулі түрде қысқартқан да. Әрі бұған қоса өзі редакциялап, өңдеген үстіне әр тұста цифрлар арқылы 16 жерге қадау-қадау айқын белгілер қойып, өз ойының жаңадан

пайда болған өзекті желілерін кеңейтіп жаңадан соны деректер қосатынын аңғартқан. Бұл іспеттес биограф зерттеуіндегі әдіс-тәсілдер, өзіндік жеке творчестволық ерекшеліктер тіпті 1933 жылы алғаш рет жарияланған кітап үстінен жүргізген өзгертулер мен қысқартуларда, түбірлі редакциялау үстінде қосылған көлемді түрдегі жаңа қосымша қолжазба ой-пікірлерінде де ұшырасады. Мұнда да биограф тарапынан қойылған ерекше түрдегі цифрлық белгілердегі автор ой желісінің төркіндерін танып білмейінше, Абай өмірбаяны жайлы зерттеу жүргізудің өзі қиынға соғады.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, биографтың өз кітапханасында сақталып келген 1940 жылғы Абай өмірбаяны жарияланған кітап бетіне қойылған цифрлық белгілердің (жалпы саны 16) қойылуында елеулі мән-мағына жатыр. Өйткені 1940 жылғы кітап бетінің әр тұсына қойылған бұл цифрлық белгілер орнына 1945 жылғы Абай өмірбаянының үшінші нұсқасын жазу үстінде соны деректер мен жаңа ой-пікірлердің көптен қосылып отырғанын мыналардан көреміз.

1945 жылғы өмірбаянның жарияланбаған үшінші нұсқасында жоғарыда көрсетілген 16 жердегі цифрлық белгілердің орнына жаңадан қосылған қосымша деректер мына беттерде ұшырасады: 1—3, 3—4, 5—7, 7—12, 14, 26, 31—33, 54—56, 58—62, 63—64, 65—68, 69—73, 80—81, 82—83, 85, 96—107-беттер. Бұлардың жалпы көлемі екі баспа табақтай. Бірақ бұл қолжазбаның асыл түпнұсқасы яғни автор қолжазбасы сақталмаған. Бірақ бұларды, яғни 1940 жылғы кітапқа қойылған 16 жердегі цифрлық белгілердің орнын, жазушы архивіндегі № 197-папкімен салыстырып барып айқындап отырмыз.

Қазіргі күнде Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасы қорында сақталып отырған № 594-қолжазба Абай өмірбаянының 1945 жылы жаңадан жазылған үшінші нұсқасының төлнұсқасы ретінде бағаланып отыр. Бұл нұсқа машинкаға басылған, бірақ оның 44, 47, 60—61, 63, 68—69, 78, 83—84, 112—113, 127, 143-беттерінде бірде аз, бірде көлемді түрде жаңадан автор қолымен жазылған қосымша қолтаңбалар да бар. Олардың көлемі бір баспа табаққа жуық. Бұл әрекет биографтың үшінші нұсқаны машинкаға бастырып, соңғы нүктесін қоюмен тынбай, тағы да қолжазба үстінен қайта қарастырып, тыңнан табылған деректер мен ой-пікірлерін тағы да үстемелеп қосып, толықтырған тынымсыз ізденісін аңғартқандай.

Мысалға алсақ, бұрынғы жазылған Абай өмірбаяны нұсқаларында ұшыраспайтын Балта ақын мен Құнанбайдың сөзбен қағысуын мына түрде берген: «Ол түсімнің аты — пара. Сол жайда Балта ақынның бір сөзін мысал етуге болады.

Балта акынға бір кездескенде Құнанбай:

Алейкүмәссәләм, акын Балта,
Болып сен жаралдың ғой шараң орта.
Шаншар менен Бопанның құртын ұрлап,
Салдырдың оң жағына майлы қалта,—

депті. Сонда Балта:

Шарам орта болды ғой шараңыздан,
Есіркесең бөліп бер қараңыздан.
Мен ұрласам құрт пенен май ұрлаппын,
Сіздің жеген арам ба параңыздан».

Биограф бұл жаңа деректі Құнанбайды марапаттап, оны көтермелеп көрсетуге тырысатын пікірдің терістігін көрсету үшін әдейі келтіріп отыр. Мұндай пікірді М. Әуезов тіпті кейінгі кезде жазылған Әрхам Ысқақовтың қолжазбасына білдірген көлденен пікірінде де қайталап сынға алатын жерлері ұшырасады (ӘӘММ архиві).

Немесе 1945 жылғы қолжазба нұсқаның ең соңына Зейнелгабиден ибн-Һамре әл-Жауһари әл-Омскаунидің 1909 жылы Уфада басылған «Насихат-Қазақия» деп аталатын рисаласында жарияланған Абайдың «Қартайсаң қайғы ойлайсың, ұйқы сергек» деп басылған 22 жол өлеңін қоса беруінде де мән бар. Өйткені «Насихат-Қазақия» рисаласында «Тобықты Ибраһим» деген тақырыппен жарияланған бір топ өлеңдерінің ішінен «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап», «Қартайсаң қайғы ойлайсың, ұйқы сергек» деген атпен басылған екі өлеңді өз қолымен көшіріп, оларды біріктіріп, көп жолдарын қалдырып, іріктеп 1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағына ендіруді мақсат еткен. Бірақ беймәлім себепке байланысты бұл өлең жарық көрмей қалған:

Қартайсаң қайғы ойлайсың, ұйқы сергек,
Ашуын ашытады, ойын кермек..
Ел жылар сайлау болса ет берем деп,
Кезінде сен мендік бол деп берем деп,
Мың теңге алып уағыда кылып кетсе,
Қайта айналып ойламай бет көрем деп..
Ғай шаһылар орыңсызға бектенем деп
Ысырап малын ойламай сектенем деп.
Қайыр, зекет, садақа, қаж сәлауат
Шарифат турасымен тексерем деп.
Жақсы орынға бір қара жан шыққандай,
Сүндетсізге байқұмар көп берем деп
Бір қараға, екі жүз аларман бар..
Ми қатар бас-аяғын тексерем деп.
Ал енді жақсы дейміз кімді қалап,
Ар, намыс, ақыл, білім, сабыр талап
Асанқайғы сықылды адам болса,

Бір сөзін тыңдар едік мыңға балап...
...Ғадалат тоғрилықты іздемейді,
Өсекті, өтірікті жүңдей сабап...
Мансап, атак ғақылды бекте, бірдей.
Жұрт кісісі болады жұртқа бірдей.
Рас-терісін айтады жайқарсымай.
Халаллықты сипаттар ерікке жүрмей.

«Насихат Қазақия», 1909 жылы Уфада басылған.

Абай өмірбаянының үшінші нұсқасы деп табылған бұл қолжазбаның асыл төлнұсқасы (Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапхана қорында сақталып қалған № 594-папкі, машинкаға басылған әрі үстінен автор қолымен редакция жүргізіліп азды-көпті қосымшалар ендірген нұсқасы) осы басылымда негізге алынып отыр.

Осы нұсқа жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына ешқандай өзгеріссіз өз калпында алғаш рет жарияланып отыр.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев

(1845—1904)

Ұлы ақынның туғанына жүз жыл толу мерекесі қарсаңында Абайдың әдеби мұрасы жөнінде алдын ала қамданып, әр түрлі салада атқарылар жұмыстардың жөн-жобасы анықтала бастады. Бұл іспеттес жүзеге асар ойға алған жұмыстардың бір саласына ақын мұрасы жайлы жазылар ғылыми зерттеу еңбектері де кіретін-ді. Мұндай ізгі талап ретінде Абай өмірі мен творчествосы туралы жазылған көптеген ғылыми зерттеу мақалаларын жинастырып, өз алдына жеке жинақ етіп бастыру мақсаты да алға қойылды. Абайға арналған мұндай ғылыми жинаққа атсалысар авторлар құрамы да анықталып қалды. Коллективті бұл жинақтың жалпы көлемі 350 бет боп, оны жазуға Мұхтар Әуезов бастаған көрнекті әдебиетшілер: Е. Ысмайылов, М. С. Сильченко, Б. Кейжебаев, Н. С. Смирнова, І. Омаров, А. Машанов, Б. Шалабаевтар қатынасты және Абайдың досы Көкпай Жанатаевтің ақын өмірі жайлы естелігі де қоса берілді. Бірақ ғылыми бұл жинақтың қамтыр тақырыбы мен мазмұны нақтылы анықталып даяр болғанымен, неге екені белгісіз жарық көрмей қалған.

Осы аталмыш ғылыми жинаққа М. Әуезов өзінің көлөмі екі баспа табақтай «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деп аталатын ғылыми зерттеу еңбегін ұсынған (ӘӘММ архиві, № 498 папкі, 300—350 бет.). Мақала қолжазбаның соңғы бөлігіне орналасқан, күлгін сиямен бөгде кісінің қолымен көшірілгені байқалып тұр. Авторы про-

фессор Мұхтар Әуезов деп көрсетілген. Осы мақаладағы өзекті ойлар желісі М. Әуезовтің 1945 жылдары жарияланған «Абайдың еңбектері» (Социалды құрылыс, 1945, 8 август), «Қазақ халқының ұлы ақыны» (Социалистік Қазақстан, 1945, 15 маі), және проф. Қенжебаевпен бірігіп жазған «Абай» (Алматы, 1945) деп аталатын кітапшасында біршама айтылуы себепті, бұл аталмыш мақала зерттеулерді жазушының 18-томына ендірмедік.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының осы томына алғаш рет ендіріліп отырған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904)» деп аталатын зерттеушілік характері басым мақаласы Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалды музейі архивіндегі № 498-папкінің 300—350-беттеріндегі қолжазба нұсқасы негізге алынды. 18-томға бұл мақала осы қолжазба бойынша ешқандай өзгеріссіз сол қалпында жіберіліп отыр.

Халықтың ғасырлық жыры

Халық поэзиясының ұлы ақыны Жамбылдың қайтыс болуына орай жазылған Мұхтар Әуезовтің «Халықтың ғасырлық жыры» деп аталатын мақаласы 1946 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 24 июньдегі санында жарияланды. Мақаланың түпнұсқасы жазушы архивінде сақталмаған.

М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала осы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген нұсқасы негізінде сол қалпында өзгеріссіз жіберілді.

Жамбылдың айтыстағы өнері

М. Әуезовтің «Жамбылдың айтыстағы өнері» деп аталатын бұл қолжазбасы халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың (1846—1946) жүз жылдық мерекесінде жасаған баяндамасының баспаға даярлаған нұсқасы. Бұл баяндаманың тексті Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында (ЦНБ АН ҚазССР, дело № 93) сақталып қалған. Автор баяндама текстің үстінен қайта қарап, біраз жеріне өз қолымен қысқартулар жасап, кей жерлерін өңдеп, баспаға даярлағаны көрініп тұр.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл баяндама «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген атпен Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақталып тұрған № 93 қолжазба түпнұсқаның негізінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

«Ертегілер»

Ертегілер жөнінде М. Әуезов ерте кездің өзінен бастап-ақ зерттеулер жүргізіп келгені белгілі. Ол туралы алғаш рет сонау 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабында, одан кейін отызыншы жылдар ішіндегі әдебиет оқулықтары мен хрестоматияларында сөз болды. Бұл жөніндегі ойлары мен пайымдауларын әсіресе қырқыншы жылдары одан да әрі дамытып, тереңдетіп әкетті. Бұған әр кез, әр уақыт қайта-қайта айналып соғып отырғанына өз архивындағы (ӘӘММ. Қпр-1, п. № 186, 187, 188, 189, 484, 516) мол жазбалар толық көз жеткізе алады, осыларды тағы да басқа халықтар әдебиетіндегі толып жатқан еңбектерге көп үңіліп, көп ден қойғандағы және марксизм-ленинизм классиктерінен, белгілі фольклор зерттеушілер ой-пікірлерінен жазып алған үзік-үзік үзінділер де толықтыра түседі. Мұның бәрі үлкен дайындықтың, жан-жақты ізденістердің белгісі болса, жазар алдында жасаған үлкенді-кішілі жоспар, эскиздері аз емес. Соның кейбірі мына төмендегідей болып келеді:

«План.

1. Ертегі не? Не деген сөз?

2. Қазақ ертегісі қандайлық? Кімдер жиган? Зерттеудің өзі бар ма?

3. Ертекті ғылым жолымен зерттеуде қандай міндеттер тұр? Қалай жазылу, жиналу керек? Өз топтары болуы керек еді, бізде аралас.

4. Ертектің проблемасы. Ертектің орны туралы. Қандай ертектілер болады. Ертегінің стилі ертектімен байланысты. Бізде әсіресе бүгінгі жиылып жазылған қалпы нашар. Фальсификация (орыста) болмау керек, жинаушының өз сөзімен жазылғаны бұзылғаны. Жинаушы — өзі ғалым (орыста).

5. Ертегі жайындағы ғылым нені көрсетеді, нені шарт етеді. Халықтар ертегілерінің араластығы және әр халықтағы өздігі. Ертектілерді топтау-танудағы зерттегіш пікірлер. Сюжет араласы ұқсастығы — ертектілердегі қайталамалар. Сол арқылы ертектілердің саны көп болғанмен түрлерін жиып, санаулы, тұрақты мөлшерде разрядқа бөлу мүмкіндігі Ахрис Андреев үлгісі.

Айтушыға қарап жіктеу... Орыста жайылған үлгі... Толық қолдануға бізде болмайды. Қелешекте осы да үлкен орын алу керек.

6. Біздегі бар ертектілермен ғылыми зерттеуді бастауға болады. Ең әуелі негізгі түрлері туралы. Төрт түр (?). Араб, парсы ертектілері бізге сіңгендері біздің қор, қазына болып саналады. Кемшін мағлұматтар бар. Бірақ әзірі, қолда бары да бірталай негіз құруға мүмкіндік береді.

7. Қазақ ертегілерінің жіктері. I. Қиял-фантастика. II. Хайуандар туралы ертегілер. III. Салт ертегісі. IV. Ертегі-легендалар, тарихпен байланысты әңгімелер. Күй легендалары.

8. Қиял-фантастика ертегілері. Бұлар ең көбі емес. Үйткені көнерек, көбірек өзгеріс көрген. Өзінің ең алғашқы қалпынан бұзылуы көп... өзге ертектерге бытырап шашылып, қосылып кетуі көп. Фантастикалы ер, қалыпты сюжет өресі. Үнемі жүретін өзгеше персонаждар, герой, оған қас, дос ғажайып күштер — жалмауыз, пері, алып дыю, қара құс, айдаһар, көмекші заттар — кілем, асжаулық, жүзік, айна, мысық, ит. Ертегі құбылыстар. Тау болу, әпсін оқу, құбылып түс өзгертіп қашу, құбылып қуу, герой мұраты, ертегі түйіні. Жұмбақ жар, оның құбылысы, дос жар, қас жар, пері жар — тартыс бетін өзгертеді. Өлім тетігі, жау жаны сандықта, балықта, киікте... танып табудағы әрекеттер, қыз көмекші. Табылған жанмен іс ету... Алысу. Жау еркек — жалмауыз, мыстан, жалмауыз кемпір, қазық аяқ, қара тұмсық, жезтырнақ.

Фантастика ертегілеріндегі дүние жаратылысы. От пен судың орны. Дүниенің біреу емес бірнешелігі. Жер асты, көктегі пері мекені. Су асты... от дариясының ар жағы. Күн астында Күнікей сұлу мекені. Жер тоқымдай. Басы алтын киік... Басы алтын балық...

Фантастика ер. заттары — салт ертегілеріне, тарихи әңгімелерге араласып әсерін тарататыны... Бұл түрдің көп екенін көрсетеді.

Фантастика ерт. стилі... өзгеше бастау, өзінше аяқтау... арада машықты жерде желдірту... өлеңдету... айнымас заттар... қыбылаға қарап, екі етегін белге түріп, темір етік, үш тарау жол... қара құлақтай аңдар — жоқ аңдар. Тіл бітетін ат, сөйлейтін құс — самұрық... киік, балық...

Герой кейде бірнешеу. Бір мұратқа бет қою. Өнер жарыстырып іс көрсету... сегіз ағайынды жігіт алып қара құстан қызды айырады. Кімге бұйырады? Жұмбақ ертең... Қызық өзгеше ертең.

Айуандар туралы (бұл аз түр) батыста көп. Типичный образдары — түлкі, қасқыр. Мотив встречи, повторяемости, форма диалогическая по композиции, комюлятивные — цепевидные — котыр торғай (коза за орехами).

Новелистич. план бытовой сказки (реалистич. сказки). Темы быт. сказок: женитьба героя, исправление мужем строптивой или ленивой жены, темы о добрых, благоразумных советах, об умном юноше или девушке, темы о судьбе и счастье, о разбойниках, ворах. «Идейные проблемы» — соц. неравенства, противопоставление — богатства... бедности, счастья и неудачи, добра и зла, ума и глупости, вопросы брака (верность, измена, обман). Контрастность в композиции и обрисовке героев.

Анекдоты и бытовые сказки имеют полную общность тематики,

только в анекдоте еще больше реализма и бытовизма, больше соц. классовая заостренность и сатира, сюжетов о ловких ворах в русской сказке много, случайный отгадчик (знахарь-жучок) во всем мире и у казахов..» деп жалғасып кете береді.

М. Әуезов бұл еңбектерін де орыс, қазақ тілінде бірдей жазған. Оның бірнеше нұсқалары бар, бір-екі варианты машинкада басылып, түптелген. Одан кейін де көптеген косымшалармен толықтырып түзеткен, жетілдірген.

«Ертегілер»— 1948, 1961 жылдарда шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» (Бірінші кітап) енді, 1956 жылы «Әдебиет және искусство» журналының екі санында жарияланды, 1957 жылы «Мектеп» баспасынан жеке кітап болып басылып шықты және «Әр жылдар ойлары» (1959 ж.) мен жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 11-томында да жарық көрді. Енді аздаған түзетулермен сол он екі томдықтағы басылымы ұсынылып отыр.

Біздің елдің салт-сауығы

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1940 жылдың орта шенінде Шығыс Түркістан (Шинжаң) қазақтары үшін Алматыда әуелі «Қазақ елі» (кейінірек «Жаңа өмір» деген атпен қазақ, ұйғыр тілінде шыққан) журналының 1948 жылғы № 3 санында жарияланған. Жазушының аталмыш мақаласы одан кейін қайта басылған жоқ. Қолжазбасы сақталмаған. Сол журнал нұсқасы тұңғыш рет жиырма томдығына кіріп отыр.

Игілікті сапар

Москвада қазақ совет әдебиетінің онкүндігінің өтуіне байланысты жазылған бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 жылы 10 майдағы санында жарияланды. Енді сол басылым өзгеріссіз қалпында жиырма томдыққа енгізіліп отыр.

Еңбегім — Ұлы Отанымдікі

Бұл мақала СССР Мемлекеттік сыйлығы берілген тұста жазылды, «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 жылы 29 апрельдегі нұсқасы ешқандай өзгеріссіз жиырма томдыққа енгізілді.

Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі

Өзбек әдебиетінің ұлы классигі Науандің бүгінгі өзбек совет өнеріндегі бейнесі туралы арнайы сөз ететін бұл мақала алғаш

рет қазақ тілінде «Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі» деген атпен 1948 жылы 15 майдағы «Социалистік Қазақстан» және орыс тілінде «Казахстанская правда» газеттерінде қатар жарық көрді. Орыс тіліндегісі «Живой Навои» деген тақырыппен жарияланған болатын.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына тұңғыш рет ендіріліп отырған бұл мақала «Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі» деген атаумен 1948 жылы 15 майдағы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген нұсқасы негізінде өзгеріссіз ендіріліп отыр.

Жолы кең жазушы

Бұл мақала жазушы Сәбит Мұқановтың творчестволық еңбегіне 25 жыл толу қарсаңында жазылып, «Жолы кең жазушы» деген тақырыппен 1946 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 27 январьдағы санында және 1946 жылы «Лениншіл жас» газетінің 1 февральдағы санында «Жалынды жазушы» деген атпен жарияланған.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына бұл мақаланы М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында (1969, 11-том, 257—261-бет.) жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

Халық артисі

Мақала 1946 жылы СССР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың жүлдегері Қалыбек Қуанышбаевтың СССР Жоғарғы Советіне депутат боп сайлануына орай жазылып, сол жылы «Халық артисі» деген атпен «Социалистік Қазақстан» газетінің 2-апрельдегі санында және «Депутат Қуанышбайұлы» деген тақырыппен Қытайдағы қазақтарға арналып шығарылатын «Қазақ елі» журналының № 12 санында және 1962 жылы мақалалар жинағы ретінде жарық көрген «Уақыт және әдебиет» (1962 ж. 301—304-б.) басылымында жарияланды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Халық артисі» деген атпен жарияланған М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының негізінде (1969, 11-том, 254—257-бет.) сой қалпында өзгеріссіз жіберілді.

• Әлішер Науаи

Мақала өзбек елінің ұлы ойшыл ақыны Әлішер Науаидың туғанына 500 жыл толу мерекесіне орай жазылып, 1948 жылы басыл-

ған «Әлішер Науаи» жинағына алғы сөз (5—17-бет) ретінде жарияланды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Әлішер Науаи» деген атпен М. Әуезовтің ілгерідегі 12 томдық шығармалар жинағында (1969, 11-том, 276—284-бет) жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз басылып отыр.

Ұлы ойшыл-сыншы

Орыстың ұлы сыншысы, атакты революционер-демократ В. Г. Белинскийдің қайтыс болуына жүз жыл толуына орай жазылған бұл мақала 1948 жылы алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінің 6 июньдегі санында жарияланған болатын. Жазушының архивінде бұл мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған.

Осы себепті М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде жарық көрген нұсқасы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

Әбділда Тәжібаев

М. Әуезов бұл зерттеуін «Қазақ совет әдебиеті тарихының» (1949 ж.) очеркіне орай жеке монографиялық тарау ретінде жазған еді. Кейінірек жазушының «Уақыт және әдебиет» (1962 ж.) деп аталған мақала-зерттеулер жинағында басылды.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 18-томына «Әбділда Тәжібаев» деп аталатын зерттеуі М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында (1969, 12-том, 35—54-бет) жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз сол қалпында жіберілді.

Қазақ халқының зор ғалымы

Мақала 1949 жылы СССР Ғылым академиясының академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың елу жасқа толу юбилейіне орай жазылып, «Әдебиет және искусство» журналының сол жылғы № 5 санында жарияланған болатын.

«Қазақ халқының зор ғалымы» деп аталатын бұл мақаланы жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында (1969, 12-том, 7—15-бет) жарияланған нұсқасы негізінде жіберілді.

Бағалы еңбек

Жазушы, драматург Әлжаппар Әбішевтің «Бір семья» атты пьесасының Қазақтың академиялық мемлекеттік драма театрында

қойылуына орай жазылған бұл мақала әуелі «Социалистік Қазақстан» (1949 ж. 14 август) газетінде жарияланды. Одан кейін жазушының «Уақыт және әдебиет» жинағы мен он екі томдық шығармалар жинағының он бірінші томында (1969 ж., 413—420-б.) жарық көрді. Осы басылымдар салыстырылып, аздаған түзетулермен жинарма томдыққа жіберіліп отыр.

Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы

Мұхтар Әуезов — туысқан халықтар әдебиетінің дамып өркендеуін үнемі қадағалап, көңіл аударып отырған жазушы. Оның осы қасиетінің бір мысалы ретіндегі бұл мақала алғаш рет 1950 жылы «Әдебиет және искусство» (№ 8, 71—79 б.) журналында жарияланды. Онда татар жазушысы Башировтың «Намыс», өзбек жазушысы Айбектің «Алтын атраптан ескен желдер», қазақ жазушысы Мұстафиннің «Миллионер», қырғыз жазушысы Сыдықбековтің «Біздің заманның адамдары», украин жазушысы Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігіт», «Жер бетіндегі жарық» романдары бірімен-бірі салыстырыла әңгіме болады. Жан-жақты талдауда құнды пікір, ой, топшылау-байламдарымен көрінген. Мақала «Уақыт және әдебиет» (1962 ж.) және он екі томдық шығармалар жинағында (1960, 12 том, 15—35-б.) жарық көрді.

Өнер өрінде

Мақала алғаш рет «Әдебиет және искусство» журналында (1952, № 12) жарық көрді. Бұдан кейін «Уақыт және әдебиет» (1962, 337—349-б.), он екі томдық шығармалар жинағының он екінші томына да енді. Бұл басылымға бірлі-жарым түзетулермен жіберіліп отыр.

Мәңгілік кепілі

Жазушының бұл мақаласы В. И. Лениннің туғанына 85 жыл толуына байланысты жазылып, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1955 жылғы 22 апрельдегі санында жарияланды. «Уақыт және әдебиет» (1962, 247—250-б.) жинағы мен он екі томдықта да басылып шықты.

Мәлік Ғабдуллинге жауап хат

Қазақ поэзиясының соңғы жылдардағы хал-күйі туралы ойларын ортаға салады. Жетістік-кемістіктері жөніндегі өзінің көзқарасын

тарын білдірумен қатар кейбір ұсыныс, тілектерін де айтады. Мақала алғаш рет «Қазақ әдебиеті» (1956, 11 ноябрь) газетінде жарияланды. «Уақыт және әдебиет» (1962, 371—381-б.), он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (1969, 137—150-б.) да жарық көрді. Бұл басылымға кейбір түзетулермен жіберіліп отыр.

Өмір мен шығарма

Бұл мақала «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 27 апрельдегі санында, «Уақыт және әдебиет» (1962, 394—400-б.) жинағында, жазушының он екі томдығында (1969, 12-том, 150—156-б.) жарияланды. Жиырма томдыққа бірлі-жарым түзетулермен соңғы басылым жіберіліп отыр.

Лучший друг национальных литератур

А. М. Горькийдің қайтыс болуына орай 1936 жылы жазылып, алғаш рет 20 июнде «Қазақстанская правда» газетінде жарық көрді.

М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала жазушының Москвада орыс тілінде басылған бес томдық шығармалар жинағының 1975 жылы шыққан 5-томда басылған нұсқасы негізінде өзгеріссіз ендіріліп отыр.

За большие художественные обобщения

Мақала қазақ жазушыларының көркемдік шеберлікті меңгеру жолдары жөніндегі аса күрделі әдеби ой-пікірлерге арналып, 1936 жылы алғаш рет орыс тілінде жарық көрген.

Мұхтар Әуезовтің 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «За большие художественные обобщения» деген атпен 1936 жылы 18 апрельдегі санында «Қазақстанская правда» газетінде басылған нұсқасы негізінде өзгеріссіз жіберілді.

Джамбул и народные акыны

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласының түп нұсқасы 1938 жылы орыс тілінде жазылып, әуелі «Литературный Казахстан» альма-нағының 1938 жылғы 6 санында (83—92-б.) жарияланды. Кейінірек, яғни 1961 жылы жазушының «Мысли разных лет» деп аталатын кітабында (66—75-б.) екінші рет жарық көрді.

Халық поэзиясының алыбы Жамбылдың 125 жылдық мерекесіне орай бұл мақаланы белгілі әдебиетші Баламер Сахариев қазақ-

шаға аударып, «Лениншіл жас» газетінің 1972 жылғы 24 майдағы санына жариялатты.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала М. Әуезовтің орыс тілінде Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 5-томында (1975, 18—27-б.) басылған нұсқасы негізінде жіберілді.

Мудрый певец, нашедший юность свою

Мақала Жамбылдың ақындық өнеріне 75 жыл толу қарсаңында жазылып, 1938 жылы «Қазақстанская правда» газетінде алғаш рет жарық көрді.

Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 18-томына бұл мақала «Мудрый певец, нашедший юность свою» деген тақырыппен 1938 жылы 23 декабрьде «Қазақстанская правда» газетінде жарияланған нұсқасы негізінде өзгеріссіз жарияланып отыр.

МАЗМҰНЫ

ЗЕРТТЕУЛЕР

Орыс классиктері және Абай	5
И. А. Крылов	24
Абай елінде өткізілген мереке	29
Көрген, сезген жайлардан	32
Абай еңбектерінің биік нысанасы	34
Қазақ халқының ұлы ақыны	42
Абайдың өмірбаяны	63
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904)	143
Халықтың ғасырлық жыры	173
Жамбылдың айтыстағы өнері	176
Ертегілер	189

МАҚАЛАЛАР

Біздің елдің салт-сауығы	266
Ігілікті сапар	272
Еңбегім — Ұлы Отанымдікі	275
Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі	277
Жолы кең жазушы	283
Халық артисі	287
Әлішер Науаи	291
Ұлы ойшыл-сыншы	301
Әбділда Тәжібаев	307
Қазақ халқының зор ғалымы	328
Бағалы еңбек	336
Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы	344
Өнер өрінде	365
Мәңгілік кепілі	378
Мәлік Ғабдуллинге жауап хат	382
Өмір мен шығарма	396
Лучший друг национальных литератур	403
За больше художественные обобщения	409
Джамбул и народные акыны	413
Мудрый певец, нашедший юность свою	425
Түсініктері	429

Мухтар Омарханович Ауэзов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

Том восемнадцатый

Исследования и статьи

(На казахском и русском языках)

Редакторы *К. Узақбаева, В. Полевская*
Художник *Т. Мухатов*
Художественный редактор *Б. Маширапов*
Технический редактор *Н. Галицкая*
Корректоры *Г. Омирзакова, Г. Руднева*

ИБ 2832

Теруге 22.02.85 жіберілді. Басуға 11.07.85 қол қойылды. УГ 17378. Қалпы 84×108¹/₃₂. № 1 баспа қағаз. Қарін түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 23,5+0,3 вкл. Шартты бояу көлемі 23,7+0,3 вкл. Есепті баспа табағы 24,3. Тиражы 20 000 дана. Заказ № 2128. Бағасы 2 с. 40 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспектісі, 93-үй.



М. Əйезов демалыс сәттерінде



Студенты 1-го курса факультета химии в аудитории
и профессорско-преподавательский состав
с. 1940-1941 г.





М. Өзезов жазушылар арасында



М. Ғуезов музейінде. Л. Мұхтарқызы, Ө. Тәжібаев, Л. Соболев